



ОРТАЛЫҚ АЗИЯ УНИВЕРСИТЕТІ

ЖОҒАРЫ ДАМУ МЕКТЕБІ

Ага Ханның «Адамтану» жобасы

АДАМТАНУҒА КІРІСПЕ



ОРТАЛЫҚ АЗИЯ УНИВЕРСИТЕТІ

АДАМТАНУҒА КІРІСПЕ

Ага Ханның «Адамтану» жобасы

БШКЕК, ДУШАНБЕ, АЛМАТЫ

2023

Кешавджи Рафик	Антропология (АҚШ)	Наботов Зайниддин	Теология (Тәжікстан)
Алибай Шираз	Архитектура (АҚШ)	Назариёв Рамазан	философия тарихы (Тәжікстан)
Абдуллаев Камол	Тарих (Тәжікстан)	О'Коннел Джон	Музыкатану (Ұлыбритания)
Авербуш Брайн	Таяу Шығыс тілдері және өркениет (АҚШ)	Олимов Кароматулло	Шығыс философиялық дәстүрлері (Тәжікстан)
Алимардонов Амрияздон	Шығыстану (Тәжікстан)	Паринова Ольга	Филология (Тәжікстан)
Алимбаев Абдурахман	Әдебиет (Қырғызстан)	Пауел Шарон	Халықаралық білім (АҚШ)
Ахтамова Мунира	Филология (Тәжікстан)	Пулатова Лола	Өнер – музыка (Тәжікстан)
Аюпов Нурмагамбет	Философия (Қазақстан)	Рахимов Мұхсин	Философия және психология (Тәжікстан)
Бекер Норма Джо	Әлеуметтік және саяси ғылымдар (АҚШ)	Рахимов Садулло	Киноведение(Тәжікстан)
Бекзода Комил	Философия (Тәжікстан)	Рузадоров Мухаббатшо	Әлеуметтану (Тәжікстан)
Биялова Гульмира	Философия, дін (Қазақстан)	Саъдуллоев Мадисо	Философия (Тәжікстан)
Биман Виллиам	Антропология (АҚШ)	Содатсайров Эрадж	Саяси ғылымдар (Тәжікстан)
Ватаншоев Олимшо	Халықаралық білім және даму (Тәжікстан)	Спектор Александра	Филология (Тәжікстан)
Гиёев Курбон	Әлеуметтік ғылымдар (Тәжікстан)	Степанянц Мариэтта	Кеңесші, Шығыс философиялық дәстүрлері (Ресей)
Джонбобоев Сунатулло	Философия (Тәжікстан)	Сулайманов Жоомарт	Философия және экология (Қырғызстан)
Джураев Абдурахим	Мәдениеттану (Тәжікстан)	Таджиматов Санджарбек	Этнология және этнография (Қырғызстан)
Диноршоев Мусо	Консультант, философия (Тәжікстан)	Томсон Чад	Әлеуметтік және саяси ғылымдар (Канада)
Доолбекова Жылдыз	(Саясаттану) (Қырғызстан)	Турсун-заде Фируза	Эстетика (Тәжікстан)
Зиёев Хуршед	Философия тарихы (Тәжікстан)	Файзуллаева Мохира	Саяси ғылымдар (Тәжікстан)
Иваненко Виктория	Ағылшын тілі оқытушысы (Тәжікстан)	Халилов Мердан	Экономика және бизнес (Түркіменстан)
Идиев Хайриддин	Әлеуметтік ғылымдар (Тәжікстан)	Хамон Макс	Тарих (Канада)
Имомов Шарофиддин	Тарих және әлеуметтік қатынастар (Тәжікстан)	Хафизова Наталья	Саяси ғылымдар (Тәжікстан)
Кармали Сакина	Этика (Ұлыбритания)	Холл Майкл	Исламтану (АҚШ)
Киш Аннамария	Әлеуметтік антропология (Венгрия)	Шамолов Абдувахид	Философия (Тәжікстан)
Курбонхонов Обидхон	Социология (Тәжікстан)	Шарипов Мехмоншо	Исламование (Тәжікстан)
Лоди Ясмин	Саяси философия (Үндістан)	Шозимов Пулат	Әлеуметтік ғылымдар (Тәжікстан)
Мамадамбарова Шарофат	Әдебиет және ассесмент (Тәжікстан)	Шоисматуллаев Шоназар	Әлеуметтану (Тәжікстан)
Махкамова Светлана	Әдебиет (Тәжікстан)	Эльбоев Хамза	Мәдениеттану (Тәжікстан)
Махмаджанова Фируза	Философия (Тәжікстан)	Рахимова Самира	Адам құқықтары (Тәжікстан)
Махмадхаджаев Ахмаджан	Философия (Тәжікстан)	Душанбиева Мавджигул	Антропология және мәдениет (Тәжікстан)
Межуев Вадим	Кеңесші, Мәдениет философиясы (Ресей)	Алифбекова Марифат	Білім (Тәжікстан)
Миршакар Акмал	Өнер – майлы бояу (Тәжікстан)	Калонов Аджамшо	Саяси ғылымдар (Тәжікстан)
Музаффар Мухаммад Али	Антропология және психология (Тәжікстан)	Ибодов Махмадулло	Философия (Тәжікстан)
Мухаматкулов Ақрам	Саяси ғылымдар (Өзбекстан)		

Мұқабадағы Иллюстрация: «Наурыз» (суретші Рахим Сафаров)

Жоба курсының қазақ тіліндегі нұсқасын қайта өңдеп құрастырушы: Исаева Нұржауар Сейілбековна
дизайнер Айгүл Алдашева

Осы оқулықта баяндалған идеялар үшін жауапкершілік тек оның авторларына жүктеледі,
ал оларды жариялау Орталық Азия университетінің жауапкершілігін білдірмейді.

Ақпаратты автоматты іздеу жүйесі бойынша немесе баспа құқығы иесінің рұқсатынсыз
басқа құралдардың көмегімен кез келген жарияланған материалдарды көбейтуге
және беруге тыйым салынады

АЛҒЫСӨЗ

Қазіргі уақыт – Орталық Азия мемлекеттерінің терең мәдени өзгерістерге ұшырау дәуірі. Жақында ғана тәуелсіздік алған мемлекеттер дербестік жолында жаһандық экономикалық және саяси қиындықтарға тап болуда және осы жағдай олардың дамуы үшін жаңа негіздердің пайда болуына ықпал етуде. Бұл үдеріс бір жағынан Орталық Азия халықтарының өз өткенінен шабыт алуымен, ал екінші жағынан осы бай дәстүрлерге негізделетін жаңа құндылықтар жүйесін құруға талпынысымен сипатталады.

Осы орайда ғалымдар мен оқытушылар әлеуметтік дамуда қоғам алдында тұрған этикалық мәселелерді және моральдық таңдау мәселелерін терең түсіну бойынша бастамалардың өткір қажеттігін сезіне алғанын айта кету орынды. Сондықтан осы қажеттіліктерге жауап ретінде Ага Ханның Мәдениет жөніндегі Трасты (қоры) 1997 жылы Ага Хан «Адамтану» жобасын (АХАЖ) құрды. 2007 жылы АХАЖ Орталық Азия университетінің (ОАУ) құрамына кірді. Ал құрылтайшылары Қазақстан Республикасы, Қырғызстан және Тәжікстан, сондай-ақ мәртебелі Ага Хан IV болып табылатын ОАУ 2000 жылы халықаралық білім беру ұйымы ретінде құрылған болатын.

Ага Ханның «Адамтану» жобасы гуманитарлық ғылымдар бойынша студенттерге бағдарланған пәнаралық материалдарды әзірлеу мен енгізуді бастама ретінде көтере отырып, Орталық Азия университеттері оқытушыларының педагогикалық және кәсіби шеберлік дағдыларын дамытуды және қоғамдық әлеуметтік-бағдарланған жобаларды қолға алып, халықтық идеялар мен мәдениеттер арасындағы плюрализмді дамытады. АХАЖ Орталық Азия аймағындағы қауымдастықтар мен қоғамдар арасында байланыс көпірін орнатып Орталық Азия азаматтарына өз дәстүрлерін таратуға, насихаттауға және сыртқы әлеммен қарым-қатынас орнатуға көмектеседі.

Өзінің мәдени мұрасының құндылығын мойындау және кең ауқымын түсіну Орталық Азия халықтарына жылдам орын алып жатқан өзгерістерге бейімделуге мүмкіндік беретін жағдайларды анықтауға көмектеседі. Орталық Азияға көптеген мәдениеттер әсер еткені белгілі, соның ішінде буддистер, Қытай, Грек, Үнді, ежелгі Иран, Ислам, еврей, моңғол, орыс, түрік және зороастрлық мәдениеттер ерекше. Құндылықтар мен өзіндік сана қалыптастыруда кешегі кеңестік тәжірибенің әсерін де бағаламауға болмайды. Осының барлығы, студенттердің сыни ойлау дағдыларын дамытуына және олардың әр түрлі мәдениеттегі ерекшеліктер мен ұқсастықтарды түсінулеріне көмектесетіні сөзсіз.

Жоба барысында Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан серіктес университеттерінің оқытушылары жоба курстарын өткізу, оқу материалдарын бағалау, студенттік жобаларды үйлестіру және оқытушыларға арналған тренингтерді өткізу әдістерінен арнайы оқытудан өтті. Ал студенттер белсенді оқытуды жүзеге асыру үшін әзірленген, негізгі мәселелерді сыни әрі терең түсінуге көмектесетін дереккөздермен және жанрлармен сабақтарда ұйымдастырылатын әртүрлі әдістер арқылы танысады.

АХАЖ оқу материалдары он жыл ішінде әзірленді, сыннан өтті және түзетілді. Оқу материалдарын апробациялау әртүрлі оқыту әдісін қолдана отырып, серіктес университеттердің аудиторияларында студенттердің қатысуымен жүргізілді. Нәтижесінде еңбекті халықаралық деңгейдегі ғалымдардың екі тобы қарап, 2008 жылы олардың ұсыныстары ескеріле отырып аяқталды.

АХАЖ оқу материалын құрайтын сегіз курстың соңғы нұсқасы университеттер арасында кеңінен таратылады. Курстар өте икемді, оларды әртүрлі жағдайларда жүзеге асыруға болады. Олар пилоттық жоба басталған орта білім беру мектептерінде де қолданылуы мүмкін және жоғары сынып оқушылары осы курстарға қатыса алады. Әрбір оқу орнының өз сұраныстары мен талаптары болғандықтан, біз оқытушыларға курс материалдарын аудиторияның ерекшеліктері мен студенттердің талаптарына сәйкес бейімдеуді ұсынамыз. Мұндай шығармашылық бейімделу Орталық Азия студенттерін өз өңірлерінің проблемаларын шешуге тартудағы маңызды қадам бола отырып, сыни ойлауды дамытуға негізделген білім беру үшін бастапқы қадам болары анық.

МАЗМҰНЫ

Алғысөз	3
Кіріспе.....	7
БІРІНШІ ТАРАУ	
4 ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ: АЙЫРМАШЫЛЫҚ ПЕН ОНЫ ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК	11
Кейс-стади	
Фланнери О’Коннор. Ауылдың жақсы адамдары	13
Сыни ойлау дағдыларын дамыту	
Концептуалдық карталар жасау	31
Тәмсіл	
Джалалиддин Руми. Піл туралы дау	33
Мәтіндер	
Амин Маалұф. Бальтасардың саяхаты.....	35
Халиде Эдип Адывар. Түркия батысты қарсы алады	39
Вирджиния Вулф. Өз бөлмем	45
Маша Гессен. Менің әжем – цензор	51
Тимур Зульфикаров: Омар Хайямның «Сыр ақтару» кітабы.....	57
Талдау сұрақтары.....	62
ЕКІНШІ ТАРАУ	
МӘДЕНИЕТ, САЯСАТ ЖӘНЕ ЖЫНЫСЫ ТҰРҒЫСЫНАН «ӨЗГЕЛЕРДІ» ТҮСІНУ	63
Кейс-стади	
Владимир Мотыльдің «Шөл даланың ақ күні» фильмі.....	65
Мәтін мазмұнын бағалау	
Мотыль фильмінің мазмұнын бағалау.....	66
Тәмсіл	
Джалалиддин Руми. Жүзім туралы.....	68
Мәтіндер	
Эдвард Саид. Ориентализм	71
Лео Африканус. «Африканың сипаттамасынан» алынған Тимбуктудың сипаттамасы (1526).....	77
Усама ибн Мунқыз. Өмірбаян (франктер туралы үзінділер).....	81
Редьярд Киплинг. Ақ адамның жүгі.....	85
Князь Горчаков. Ресей империясының экспансиясы.....	87
Жүсіп Баласағұн. Құтты білік	91
Олжас Сүлейменов. Жүректі қайтіп жұбатам? (1962 ж.).....	97
Президент Насер. Каналды пайдаланушылар қауымдастығын құру туралы ұсынысты сынап-мінеу.....	101
Иван Клима. Америка туралы не ойлаймыз	105
Мурад Калам. Ол жақта	109
Талдауға арналған сұрақтар	113

ҮШІНШІ ТАРАУ

МӘТІНДЕР ТҮСІНДІРМЕСІ (ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ) 115

Кейс-стади

Мұхаммед Аркун. Қазіргі ислам: дәстүрге бет бұру 117

Сыни ойлау дағдыларын дамыту

Сыни тұрғысынан оқу 143

Сыни тұрғыдан ойлау..... 144

Мәтіндер

Мартин Лютер. Латын жұмыстарына кіріспе 147

Михаил Бакунин. Бостандық, марксизм және мемлекеттілік..... 153

Ватикан шіркеуі. Папаның күнәһар болмайтыны туралы қаулы..... 157

Владимир Ильич Ленин. Не істеу керек?..... 161

Абдулла Буби. Иджтиһадтың заманы өтті ме?..... 165

Әзім Нанджи. Құдайдың заңы / Құдайдың еркі: батыс дәстүріндегі этика негіздері:
мұсылмандық көзқарас 169

Талдау сұрақтары..... 178

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

КЕҢІСТІК ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ 179

Кейс-стади

«Империя сарайының аулалары» презентациясы..... 181

Сыни ойлау дағдыларын дамыту

Идеялардың дамуы мен ұйымдастырылуы..... 183

Мәтіндер

Чарльз Корреа. Үшінші әлем елдеріндегі қала салу ісі: сәулетшінің рөлі 185

Джон Ф.Ч. Тернер. Баспанамен қамтамасыз ету: басқа бағыттағы дамуы 189

Ле Корбюзье. Жаңа архитектураға..... 211

Билл Брайсон. Кішкентай аралдан алынған жазбалар 215

Азиз Несин. Нейтрон бомбасы өркениетті құтқарады 219

Марта Колбурн. Ауған көшпенділерінің тұрғын үйлері 221

Джейсон Ф. Макленнан. Өнімділік және әл-ауқат 223

Талқылауға арналған сұрақтар..... 234

БЕСІНШІ ТАРАУ

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТІ ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАУ 235

Кейс-стади

Славенка Дракулич. Шығыс Еуропа қабырғаларындағы бояудың сапасы туралы 237

Сыни ойлау дағдыларын дамыту

Идеяларды дамыту мен ұйымдастыру 245

Мәтіндер

Анри Лефевр. Кеңістік өндірісі 247

Аристотель. Саясат..... 251

Халил Инальчик. Оттоман империясы: классикалық ғасыр 253

Орхан Памук. Менің атым Қызыл 257

Алексис де Токвиль. Америкадағы демократия 259

Филипп Мансел. Константинополь..... 263

Джордж Оруэлл. 1984 267

Талдауға арналған сұрақтар..... 270

АЛТЫНШЫ ТАРАУ

ТАРИХ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ (ТАРИХТЫ ТҮСІНДІРУ)..... 271

Кейс-стади

Әзіз Исмайл. Неліктен тарих? 273

Жан-Жак Руссо. Ғылым мен өнер туралы пайымдау 283

Сыни ойлау дағдыларын дамыту

6 Дәлелді эссені (аргументті эссені) қалай жазуға болады?..... 305

Тезис дайындауға байланысты жаттығулар 307

Плагиат 311

Мәтіндер

Бозэций. Философиямен жұбану (үзінділер) 315

Огюст Конт. Позитивизмге жалпы шолу 319

Чолпан. Дәрігер Мұхаммед-Яр 323

Томас Элиот. Қуыс кеуде жандар 333

Талдлауға арналған сұрақтар 335

ИЛЛЮСТРАЦИЯЛАР ТІЗІМІ..... 336

КІРІСПЕ

**Бар адамзат қауымы – бір дене, бір жаратылыс
Топырақтан жаралған ғой ол адами болмыс
Ауырсынса титтей ғана бір мүше
Бүкіл тәнің сырқырайды тауып тынбай арпалыс
Өзгелердің мұңын ұға алмасаң
Қажеті не, болса егер шын адамдықтың ауылы сенен алыс?**

7

*Саади Ширази (1292 ж.ж.) «Гүлістан»¹
(орысша К. Липскерова аудармасынан АХАЖ аудармасы)*

Адам үшін өзін және өзгелерді тануға ұмтылу – тыныс алу қажеттілігі сияқты табиғи құбылыс. Біздің өзімізді, басқаларды және адамзатты тануға деген талпыныстарымыз көптеген ғасырлар бойы ұлы ойшылдардың ғана емес, қарапайым адамдардың да қызығушылық нысаны болып келді. Бұл әрекеттер мен талпыныстар таңданысқа лайық түрлі көріністер мен нысандарда бейнеленіп, «Адамтану» ғылымы деген ортақ атауға ие.

«Адамтану» – бұл қандай да бір өз алдына дербес пән емес, «Адамтану» философия және кино, дін, қоғам, әдебиет пен поэзия, тарих пен мәдениет сияқты бірнеше пәндер тоғысуынан қалыптасады. Аталмыш пәндердің тізімі мұнан бірнеше есе көп және ол бізді тұлға ретінде қалыптастыратын түрлі бағыттар мен осы бағыттардағы еңбектердің таңғажайып алуан түрлілігінен тұрады.

Сіз осы курсты оқу барысында өзіңізді бірнеше рет толғандырған көптеген сұрақтардың мәтіндерде көрініс тапқанын көріп таң қалуыңыз ғажап емес. Бұл сізді кез-келген күмән, сұрақтар, пікірталастар, тіпті өзіңізге және басқаларға қатысты келіспеушіліктер туындаған кезде, сіздің де Адамтанудың асыл дәстүрімен бір толқында екеніңізге сенім ұялатары сөзсіз. Бұл сонымен қатар сіздің көптеген күмәндарыңыз бен сұрақтарыңыз тек сіздікі ғана емес, ол сөзсіз «жалпы адамдық» мәселелер екенін білдіреді. Сондай-ақ, күнделікті тәжірибе барысында өмірге, қоғамға немесе мәдениетке қатысты ой түйіндеу қажеттігі туған жағдайларда да Адамды түсінуге деген қызығушылық пен ықыласыңыз арта түсері хақ.

Ары қарай идеяларды байсалды да жүйелі тану, күмәндар мен толғаныс жолында бола отырып, сіз Адамтану зерттеулерімен айналысатыныңыз күмәнсіз. Осының негізінде біз сізді басқа оқырмандармен бірге өткенге сүңгіп және болашаққа қадам жасап, «Адамтануға кіріспе» мәтіні бойынша саяхат жасауға шақырамыз. Әрине, осы бір ғана кітап сізді гуманитарлық ғылымның кең санатындағы барлық ықтимал тақырыптармен және мәселелермен таныстыра алмайды. Бірақ біз осы кітап беттерінде ұсынған материалдар сізге өз жеке идеяларыңызды қалыптастыруға, оларды дамытуға серпін береді және осы зерттеулерді өз бетіңізше ары қарай жалғастыруға шабыттандырады деп үміттенеміз.

Кітап алты тарауға бөлінген. Әрбір тарау «жеке жағдайды зерттеуден» басталады, яғни, очерк, фильм, әңгіме немесе слайд-таныстырылым, содан кейін қысқа жазбалар немесе «мәтіндер» талқылауға ұсынылған. Олар тараудың негізгі тақырыбы бойынша мүмкін болатын өртүр-

¹ Саади Ширази – 13 ғасырдағы парсы ақыны, ойшыл, практикалық, тұрмыстық сопылықтың өкілі, классикалық парсы әдебиетіндегі ірі тұлғалардың бірі. Оның шығармашылығының өн бойындағы негізгі пафос – жақынға жанашырлық, көмек көрсетуге негізделген белсенді гуманизмді («адамдық», адамиатты) уағыздау.

лі көзқарастарды қамти дайындалған және Орталық Азия мәдениетін қалыптастырған мәдени дәстүрлерден және оған ықпал етуші жағдайларды суреттеген еуропалық, исламдық, коммунистік және посткоммунистік жазушылардың еңбектерінен алынған.

Бірақ сіз ашатын бір ортақ ақиқат бар, яғни «дәстүрлер» кейде біз ойлағандай қарапайым болмауы мүмкін. Олардың кез келгенінің арасынан сіз сан түрлі көзқарастарды таба аласыз. Тіпті, кейде автордың қай «дәстүрге» жататыны белгісіз болып қалуы да мүмкін. Одан әрі АХАЖ курстарына жалпы Орталық Азияның қалыптасуына әсер еткен басқа мәдениеттерден, Шығыс Азия мен Оңтүстік Азиядан алынған дереккөздер де енген.

Құрметті оқырман! Мәтінді оқу үдерісінде жеке емес, көпше түрдегі «мәдениеттер» туралы ойланыңыз. Өйткені бір ғана ислам мәдениеті немесе жеке еуропалық мәдениет жоқ. Бұл оқу құралында сіз өткен, қазіргі, тіпті ойдан шығарылған, шынайы емес мәдениеттерді де қарастырасыз; олардың уақыт ішінде, кеңістікте, адамдар арасында қалай өзгергенін немесе өзгеріссіз сол қалпында қалғанын анықтауға тырысыңыз. Біз сізден осы салыстыруларға үнемі ой жүгіртіп, жеке жағдайлар мен мәтіндерді зерттеуде ортақтықтар мен айырмашылықтар орын алуы туралы ойлануыңызды сұраймыз. Ұсынылған салыстыруларды жай тыңдап қоймай, бұл ұқсастықтар мен айырмашылықтар себебін және олар нені білдіруі мүмкін екенін ойлап көріңіз. Ал тарау соңында, әрбір жағдайды, мәтінді зерттегеннен кейін осы салыстыруларды жүргізуге және мәселелердің ықтимал әртүрлілігі туралы көзқарасыңызды дамытуға ықпал ететін түрлі сұрақтар беріледі.

Сіз «интерпретация» («түсіндіру») терминінің мағынасы туралы ойласаңыз, бұның өзі оны түсінудің кілті болып табылады. Себебі осында ұсынылған мәтіндердің ешқайсысы да бір ғана мағына бермеуі мүмкін. Олар әр түрлі адамдар үшін әр түрлі кезеңде басқа-басқа заттарды білдіруі мүмкін.

Оқыған кезде сіз әрқашан барлық мүмкін түсіндірулер туралы ойлануыңыз керек: сіз оқығаныңызды қалай түсінесіз? Оны басқа адамдар қалай түсінуі мүмкін? Сіз оны басқаша түсіндіруге қалай қарайсыз? Сондықтан бірінші тарау интерпретация (түсіндіру) тақырыбына арналған. Оқулықты оқи отырып сіз және басқалар мәтіндер мен мысалдарды қалай түсінетінін және түсіндіретінін ой елегінен өткізіңіз.

Бұл мәселеде сізге кейбір «сөзбе-сөз» «ортодоксалды», «еркін» және «радикал» анықтамалар көмектеседі және олар интерпретацияны сипаттауда қолданылады. Оларды зерттеп, олардың бірін немесе екіншісін қашан пайдалану керектігін анықтауға тырысыңыз. Жалпы, сөзбе-сөз түсіндіру мағынаның минимуммен шектелетінін көрсетеді, ал ортодоксалды түсіндірме дәстүрлі түрде қабылданған мағынаны қолдануды ұсынады. Еркін түсіндірме мағынаның әдеттен тыс кең екенін көрсетеді; ал радикал түсіндірме, керісінше, басқа құндылықтарға негізделген түрде толық қайта түсіндіруді ұсынады. Олай болса, осы үлгілердің әрқайсысының бірнеше мысалдарын қарастырайық.

Сөзбе-сөз түсіндірмеге суретші Рене Магриттің флейта бейнеленген картинасы жақсы мысал бола алады. Магрит оған былай деп жазды: «Бұл флейта емес». Оның ұсынатыны – өзі салған сыбызғы, бұл сыбызғының суреті, бірақ сыбызғының өзі емес. Ол көрермендерден оның суретін түсіну үшін сөзбе-сөз түсіндірмені қолдануды сұрайды. Ортодоксалды түсіндірмелерді мемлекеттік діндер жиі қолданады.

Исламда шариғат (заңы) түсініктері төрт мектеп бойынша шектелген болатын. Ұзақ уақыт басқаша түсіндірмелерге ислам мемлекеттерінде рұқсат етілмеді. Осы төрт мектеп исламдық құқықтың ресми яғни ортодоксалды формасы болып табылады. Исламдық ойлау жаңашылдары осы төрт ресми ортодоксалдық түсіндірмелерді исламдық құқықты шектеу деген көзқараста болып, оның түсінік аясын ұлғайтуды ұсынады. Содан болар, көптеген ислам мемлекеттері шариғаттың жаңашылданған түсіндірмелерін енгізді. Қалғандары діни наным-сенімдегі түсініктің шеңберінде қалуды жөн санады. Еркін түсіндірмелер әдетте идеяны мейлінше мағынасын бұр-

маламай кеңейтуге тырысады. Екі жүз жыл бұрын адам құқықтары жөніндегі француз декларациясын түсіндірушілер бұндай құқықтардың әйел адамдар арасына да таралуы керектігі жайында тартысты. Ал бүгін бұл ортодоксалды түсіндірме болып саналады.


Радикалды түсіндірмелер кез келген саланың түйінінде дамуы мүмкін. Ол экстремалды консервативті және экстермалды прогрессивті болуы мүмкін. Оған бір мысал ретінде мұсылман әйелдерінің бетперде (Бурга) киюін келтірсек болады. Құранда мұсылмандарды тобыққа дейін жабық киюге үндейді. Бірқатар ортодоксалды мұсылман әйелдер оны хиджаб киіп, бірақ бетін ашық қалдыруға болады деп түсіндіреді. Ал радикал фундаменталистер оны барлық жерді, яғни бетін де «Бурга» кию арқылы жауып алу қажет деп түсіндіреді.

9

Осы зерттеуде сізге әрі қарай көмектесу үшін әр тарауда сыни дағдыларды дамыту бөлімі бар: олардағы әр түрлі тапсырмалар сұрақ қою, сыни оқу және ойлау, мәтіндегі фактілерді анықтау, ойларыңызды тұжырымдау қабілеттеріңізді қалыптастырады және соңында сізден өз дәлелдеріңізді жазбаша түрде білдіруді сұрайды. Осы қалыптасатын дағдылардың барлығын түрлі салада, яғни кітапта қарастырылатын немесе күнделікті өміріңізде кездесетін жағдайларда өз көзқарасыңызды дамыту үшін қолдануға болады. Басқа АХАЖ курстары Сізге Адамтану аясында жекелеген тұлғалар мен қоғамның қарым-қатынасы; дәстүр және өзгеріс; өнер; музыка және тарих; адам табиғаты; әлеуметтік әділеттілік; азаматтық қоғам сияқты жеке тақырыптар бойынша түсінігіңізді кеңейту мүмкіндігін береді.

Барлық курстар мен мәтіндер – бұл өзіңізді, басқаларды және сіз өмір сүріп жатқан әлемді жан-жақты түсінудің тағы бір мүмкіндігі. Өйткені адамзат тарихындағы әлемнің түкпір-түкпіріндегі адамдар ұсынған барлық идеялар, дәстүрлер мен түрлі тілдердегі шығармалар сіздің де зияткерлік мұраңыз. Олардың ешқайсысы да сіздің өмірлік тәжірибеңізге жат болуы мүмкін емес. Әр автор сізбен сөйлесіп, басқалардың өмірге көзқарасы туралы қысқаша ақпарат береді. Бұл идеялардың кейбірі сіздің ұстамыңызбен сәйкес болса, енді бірі мүлдем басқаша болуы мүмкін. Дегенмен, сіз оларды сыни тұрғыдан бағалап, дұрыс қолдана алсаңыз, олардың барлығы таңғажайып білім байлығына жол ашып, сіздің ақылыңыз бен тәжірибеңіздің темірқазығына айналары сөзсіз.

Егер сіз осы кітапта көтерілген қиын сұрақтардың кез келгеніне «дұрыс» жауап табуды мақсат етсеңіз, ол орындала қоймайды. Тараулардың ешқайсысы да көтерілген мәселенің жалғыз нақты шешімін ұсынбайды. Ал сіздің міндетіңіз – түрлі мәдениеттердің ішкі және мәдениетаралық мүмкіндіктерінің жан-жақтылығын санаға салу және өз тұжырымыңызды жасау. Адамзаттың тарихи жолда ұсынған түрлі дүниетанымдары мен түсініктері – Адамтанудың ең маңызды аспектісі. Осы әртүрлілікті түсіну Орталық Азияның бүгінгі таңдағы мүмкіндіктері туралы дүниетанымыңызды дамытудың алғашқы қадамы болып табылады.

**СОКРАТТЫҢ БАСЫ.**

II ғасырдың римдік көшірмесі.

Б. з. д. IV ғасырдың үшінші ширегінің грек түпнұсқасы бойынша.

Мүсінші Лисиппа. Мемлекеттік Эрмитаж, Санкт-Петербург

БІРІНШІ ТАРАУ

ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ: АЙЫРМАШЫЛЫҚ ПЕН ОНЫ ҚАБЫЛДАУ

ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

КІРІСПЕ

Бірінші тарауда интерпретация тақырыбы қарастырылған. Зерттеуіміздегі басты бағыт пен ерекше назар аударылатын тақырып – өз-өзімізді қабылдау. Бұл жерде жынысы, діні немесе жалпы шыққан тегі жағынан бізге ұқсайтын адамдарға қатынасымызды қарастырамыз. Қарастырылып отырған топқа жататын адамдардың түсінігі біздікіне келе ме, әлде «бөтендердің» жағдайын дәлірек түсінеміз бе? Өзімізге ұқсайтын адамдарды қабылдауға, қарсы алуға және қорғауға дайынбыз ба?

Бірінші тарауда әртүрлі авторлардың (ерлердің де, әйелдердің де) жұмыстары берілген. Бұл жұмыстар оқырманға мәдениет дамып, уақыт өте келе әйелдерді қалай қабылдағаны туралы түсінік алуға мүмкіндік береді. Әдетте әйелдің пікірі есепке алына ма, жоқ па, сол туралы ойланыңыз. Сіз және сіз өмір сүріп жатқан қоғамның ерлер мен әйелдерге қалай қарайтынын және сіз оқыған кітаптарда ерлер мен әйелдердің қалай бейнеленгені туралы ойланыңыз. Ал бұл сипаттаулар қаншалықты ерекшеленеді, олар қаншалықты дұрыс және осы айырмашылықтар мен ұқсастықтарға қатысты сіздің көзқарасыңыз қандай?

Бірінші тарауда біз көркем әдебиетті пайдаланамыз. Оқырман көркем шығармалардың бізге нақты әлемді түсінуге көмектесетінін түсініп, қабылдауы керек. Осы шығармалардың кейіпкерлері біздің күнделікті өмірімізде кездесетін мәселелерді түсінуге қалай көмектесетіні туралы ойланыңыз. Осындай шығармалар қаншалықты құнды болса да, оқиғаның өзі бізге ұнайтынын немесе ұнамайтынын есепке алмағанда, жалпы оларды оқуға неге қызығушылық танытуымыз керек?

Осы оқулық беретін жалпы ақпаратты қабылдауға көмектесу үшін 1-тараудың «Сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыту» тарауында концептуалдық карта жасау жаттығуы беріледі. Бұл картаны қолданғанда оқыған әрбір тарауды түсінуге тырысыңыз. Бұл тараулар сізге негізгі идеяларды түсінуге көмектесе ме және басқа идеялармен байланысы бар ма, соны ойлегінен өткізіңіз.



ГРАНТ ВУД. АМЕРИКАНДЫҚ ГОТИКА

ФЛАННЕРИ О'КОННОР АУЫЛДЫҢ ЖАҚСЫ АДАМДАРЫ

Фланнери О'Коннор (1925-1964) Саваннада (Джорджия, АҚШ) дүниеге келеді, католиктік отбасындағы жалғыз бала болады. Ол туған мекен «Оңтүстік Киелі кітап белдеуі» деп аталып, Иса Мәсіхтен нәр алған готикалық дәстүрімен танымал еді. О'Коннордың шығармалары комедияны трагедиямен және зорлық-зомбылықпен үйлестіре отырып, осы дәстүрді орнатуға көмектесті. О'Коннордың әңгімелеріндегі готика мистикалық және қорқынышты аспектілерге баса назар аудара отырып, күйреген әрі шерлі өмірді қарастырады. О'Коннордың шығармаларының саны көп емес. Бар болғаны отыз бір әңгіме, екі повесть, бірнеше қағазға түскен сөзі мен хаттар ғана. Төменде келтірілген «Ауылдың жақсы адамдары» әңгімесінен үзіндіде басты кейіпкер Джой Хоупвел есімді жас әйел болады, бұл жас келіншек өзін өзгелерден моральдық әрі зияткерлік тұрғыда жоғары сезінеді, бірақ уайым-қайғысы да бар. Джой аңға шыққанда аяғынан айрылып, аяғына протез киіп жүреді. Ол сұлулықтың кез келген түріне кінәлай қарап, керісінше ауру мен қарғыс туралы көбірек ойлауды жөн көреді. Философия бойынша докторлық дәрежесін алады да, атын Джойдан Хульгаға ауыстырады (өйткені әдемі емес деп ойлайды). Джой-Хульга Киелі кітап сататын қарапайым ауыл баласын азғыруға тырысады. Алайда, бұл жігіттің өзі алаяқ болып шығады да, Джой-Хульганың протезін ұрлап кетеді. О'Коннор адамдардың басқаларды қалай қабылдайтынын және олардың өзгелер туралы ойларының мүлдем қате болуы мүмкін екенін анық көрсете алды.



Фриман ханым жалғыз қалған сәттерінде барлық нәрсеге бейжай күй танытатын, басқа адамдармен қарым-қатынас кезінде оның жүзінен тек қыңырлық пен қарсылық көруге болатын еді. Оның жүзіндегі қыңырлық үлкен жүк көлігінің қозғалысы сияқты тұрақты еді және де еш өзгермейтін. Ал көздері ешқашан оңға немесе солға бұрылмайтын, тек әңгімелесуші оқиға бағытын өзгерткен кезде ғана басқа жаққа қарайтын, осылайша оның көздері үнемі жолдың ортасындағы ақ жолақты ғана аңдып тұрғандай әсер қалдыратын. Оның бет әлпетінен басқа белгіні өте сирек көруге болады, өйткені оған ойды түсіну маңызды емес, ал тыңдап отырғаны маңызды бола бастағанда беті бірден тоқтап қалады да, ары қарай қара көздері байқалмайтын тоқтаусыз қозғалысқа түсіп, кішірейе бастағандай болатын еді. Осыдан кейін бақылаушы Фриман ханымның ол жерде мүлдем болмағандай әсер қалдыратынын байқайтын. Бірақ оның сол жерде болғаны сонда жатқан бірнеше қадақ бидайдай анық әрі ақиқат еді. Хоупвел ханым оны бір нәрсеге сендіруден үмітін үзді. Оған бір нәрсені дәлелдеу дегеніміз қабырғаны маңдайыңмен ұрғанмен бірдей болатын. Фриман ханымға оның қателескенін дәлелдеу мүмкін емес еді. Ол ойына келген кез келген нәрсені дәлелдеп, растай алатын. Кейде былай дейтін: «Бұны олай деп айтпас едім, бірақ олай емес деп те айта алмаймын». Оған ас үйдегі шаң басқан ыдыс-аяқ толған ең жоғарғы сөрені тазалауды сұрағанда, «Былтыр жазда жапқан інжірді көп жемеген сияқтысыңдар ғой» деп жауап беретін.

Таңғы ас үстінде олар ең маңызды мәселелерді талқылайтын. Күнде таңертең Хоупвел ханым сағат жетіде тұрып, өзінің газ плитасы мен

Джойдың пешін қосатын. Джой – оның қызы, аяғында протезі бар үлкен аққұба қыз. Джой отыз екі жаста және жақсы білім алған болса да, Хоупвел ханым оны әлі де бала көрді. Анасы таңғы асын ішіп, жуынатын бөлмеге сылти басып кіріп, есікті тарс жапқанда, Джой ұйқысынан оянатын. Көп ұзамай артқы есіктен Фриман ханым кіретін. Джой анасының: «Кір» дегенін еститін, ары қарай екеуінің ақырын сөйлесетіні сонша, ваннадан оларды есту мүмкін емес болатын. Джой ваннадан шыққанда, олар ауа райы болжамын талқылауды аяқтап, Фриман ханымның екі қызын – Глинез немесе Карамаяны сөз етуді бастайтын. Джой болса оларды жай ғана Глицерин мен Карамель дейтін. Жирен шашты Глинез он сегіз жаста, оған ғашық болып, сөз салатын жігіт көп. Ал аққұба келген сары шашты Карамая небәрі он бес жаста, бірақ ол ерте тұрмысқа шығып, қазір жүкті. Ішкен-жегенінің бәрін лақылдатып құсатын. Фриман ханым күн сайын таңертең Хоупвел ханымға осы қызы туралы соңғы әңгімеден бері қызы қанша рет құсқанын жыр қылып айтып отыратын.

Хоупвел адамдарға Глинез мен Карамаяның өзі білетін адамдардың ішіндегі ең жақсы қыздар екенін, ал Фриман ханымның нағыз ханым екенін, оны өзімен бірге ертіп жүруге, кімге болса да оны таныстыруға ұялмайтынын айтқанды ұнататын. Ол сондай-ақ Фримандарды алғаш рет қалай жалдағаны, оларды оған құдайдың өзі қалай жібергені және төрт жыл бойы олардың оған қалай жұмыс істегені туралы айтатын. Олардың өзіне ұзақ уақыт бойы жұмыс істеуінің себебі олар тоғышар емес еді деп түсіндіретін. Олар ауылдан шыққан қарапайым жақсы адамдар болды. Хоупвел ханым Хоупдарға жақсы мінездеме бере алады деп көрсетілген алдыңғы жұмыс берушіге қоңырау шалады. Ол Хоупвел ханымға Фриман мырзаның жақсы фермер болғанын, бірақ оның әйелі жер шарындағы ең өсекші әйел екенін айтады. «Ол әйел бәрін білмесе, басы ауырады», – дейді. «Мәселен, ол әйел үй ішіндегі тозаң жерге түскенше келмесе, оның өлгеніне бәс тігуге болады. Өйткені ол сен туралы бәрін білгісі келеді». «Маған ол отбасының отағасы шынымен ұнайды, бірақ мен де, әйелім де бұл әйелге енді бір минутқа да шыдай алмаймыз» – деп жауап берді. Бұл әңгімеден кейін Хоупвел ханым бірнеше күн көңілсіз жүрді.

Ақыры жұмысқа алатын басқа ешкімді таппаған соң, бұл әйелмен қалай жұмыс істеуге болатынын ойластырып алып, оларды жұмысқа алды. Фриман ханым бәрін білгісі келіп тұратын адам болғандықтан, Хоупвел оған бәрін білуге және барлық шаруаға қатысуға мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен бірге оны осылардың бәріне жауапты етіп қояды. Хоупвел ханымның өзінде жаман қасиет жоқ еді, бірақ ол басқалардың жаман қасиеттерін олардың өздеріне қарсы шебер қолдана білгені соншалық, Фримандарды төрт жыл бойы қиналмай-ақ өзіне жұмыс істете алды.

Хоупвел ханымның жақсы көретін сөздерінің бірі – «Ештеңе мінсіз емес» болды. Тағы бір сөзі: «Өмір деген осындай!» Тағы бір маңызды сөзі: «Басқа адамдардың да өз пікірі бар» еді. Ол әдетте үстел басында бұл сөзді жұмсақ үнмен, бірақ табанды түрде, бұл туралы бұрын соңды ешкім білмегендей қайталайтын. Жүзіндегі наразылықтан ішінде не болып жатқанын білуге болмайтын ірі әрі қолапайсыз Джойға суық көк көзін қадап қарайтын. Ол болса өз еркімен соқыр болып, одан ары да соқыр болып қала бергісі келетін кейіп танытатын.

Хоупвел ханым Фриман ханымға «Өмір деген осындай» деп айтқанда, Фриман ханым: «Мен де соны айтамын», – деп жауап береді. Фриман ханым жауап бергенше басқалардың ойына ештеңе келмейтін де еді. Ол Фриман мырзаға қарағанда жылдамырақ болды. Әдетте олар діттеген жерлеріне жеткен соң Хоупвел ханым оған: «Білесің бе, сен дөңгелектің екіншісі сияқтысың», – деп көзін қысады, Фриман ханым болса: «Білемін. Мен әрқашан жылдам едім. Кейбір адамдар әрқашан басқаларға қарағанда жылдамырақ болады».

- Адамдар әртүрлі, – дейді Хоупвел ханым.
- Иә, негізінен, бәрі, – деп жауап береді Фриман ханым.
- Әлемге бәріміз де керекпіз.
- Мен де дәл соны айтамын.

Қыз таңғы ас пен түскі ас кезінде мұндай диалогтың ылғи болатынына үйренген; кейде бұл диалог кешкі ас кезінде де жалғасатын. Қонақ жоқта олар асүйде тамақтанатын, өйткені солай ыңғайлы болатын. Фриман ханым әрқашан тамақ уақытында келіп, олардың тамақ ішу сәтін қалай аяқтайтынын бақылайтын. Жазда ол есік алдындағы табалдырықта тұратын, ал қыста тоңазытқышқа бір шынтағымен сүйеніп, оларға жоғарыдан қарайтын немесе белдемшесінің етегін арт жағынан сәл көтеріп, газ жылытқыштың қасына тұра қалатын. Кейде ол қабырғаға тақалып тұрып, басын екі жаққа кезек шайқайтын. Ешқашан кетуге асықпайтын. Хоупвел ханымға мұның бәрі ұнамайтын, бірақ ол шыдамды әйел болатын. Ол дүниеде ештеңенің мінсіз емес екенін, Фримандардың ауылдан шыққан жақсы адамдар екенін, егер бүгінде ауылдан шыққан қарапайым адамдарды кездестірген болсаңыз, онда олардан айрылмау керек екенін түсінді.

Оның тоғышарлармен жұмыс істеуде тәжірибесі мол болды. Фримандарға дейін ол жылына орта есеппен бір рет жаңа отбасын жалдайтын еді. Бұл фермерлердің әйелдері қасында тым ұзақ отырғын келмейтін әйелдердің қатарынан болды. Ұзақ уақыт бойы ажырасып, жалғыз тұрып жатқан Хоупвел ханымға далада қасында бірге жүретін адам керек еді. Ол Джойдан бірге қыдыруды сұрағанда, ол әдетте сондай ренжіп, бет-жүзі ашуын жасыра алмай қалатын, ондай кезде Хоупвел ханым: «Егер бірге қыдыруға ниетің болмаса, онда мен сені мүлдем көргім келмейді», – дейтін. Бұған бойжеткен бойын түзеп, иығын көтеріп, басын кегжитіп: «Егер сенімен бірге қыдырсын десең, міне, барым осы – Дәл осы қалпымда қабылда мені», – деп жауап беретін.

Хоупвел ханым қызының бұл қылығын аяғына қарап (Джой он жасында аңға шыққанда абайсызда аяғына оқ тиеді) кешіретін. Хоупвел ханымға баласының отыз екі жаста екенін және жиырма жылдан астам уақыт оның аяқсыз екенін мойындау қиын болды. Ол қызын әлі де бала деп ойлап, ешқашан билемеген және басқа еш нәрсеге қызықпайтын бейшара толық

қызын ойлағанда жүрегі жарылардай болатын еді. Оның шын есімі Джой болды, бірақ ол жиырма бір жасында заңды түрде есімін өзгертті. Хоупвел ханым қызының кез келген тілде ең ұсқынсыз есімді тапқанша ұзақ ойланып, анасына айтпай әдемі Джой деген есімін өзгерткеніне сенімді болды. Оның қазіргі құжат бойынша ресми аты Хульга болды.

Хоупвел ханым Хульга есімін естігенде әрқашан әскери кемеңіз кең, бос корпусын елестететін. Ол бұл атты атап қызын ешқашан шақырмайтын. Ол қызын бұрынғыдай Джой деп атай берді, ал қызы үйренген есімін атағанда жауап беретін.

Хульга Фриман ханымға ашуланбауды үйренді, өйткені ол оны анасымен бірге қыдырудан құтқарды. Тіпті Глинез бен Карамая да анасының назарын өздеріне аудартып, пайдалы болды. Басында ол Фриман ханымға шыдай алмаймын деп ойлады, өйткені оған дәрекі қылық көрсету мүмкін емес еді. Фриман ханым жиі ренжіп, бірнеше күн бойы мұңайып жүрді, бірақ оның ренішінің себептері түсініксіз болды. Оны ешқашан тікелей өзіне тиісу де, менсінбей қарау да ренжіткен емес. Бір күні ол Джойды ескертусіз Хульга деп атай бастады.

Ол оны Хоупвел ханымның көзінше Хульга деп атамайтын, өйткені анасы қатты ашуланатын еді, бірақ екеуі үйдің сыртында жалғыз қалғанда, ол әрбір сөйлемнің соңына Хульга есімін қойып сөйлей бастады. Бұған көзіне үлкен көзілдірік киген Джой-Хульга қызарып, біреу оның жеке өміріне қол сұққандай әсерде болып, қабағын түйіп алатын. Себебі оған есімін өзгелердің атағаны ұнамады. Алғашында оған есімінің қаншалықты ұсқынсыз естілетіні ғана қызық болды, бірақ көп ұзамай ол өзіне жаңа есімінің қаншалықты сәйкес келетініне таң қалды. Ол бұл есімді әрқашан пештің жанында жатып, шақырған сайын құдай анасы келетін терлегіш Вулканмен байланыстырды. Ол өзінің осы есімді алуын ең жақсы ісі деп есептеді. Оның басты артықшылығының бірі – анасы баласын енді Джой деп атай алмайтын, сонымен қатар ол өзін Хульга жасай алды. Алайда, Фриман ханымның оны Хульга деп атағаны оның тек ашуына тиді. Өйткені Фриман ханым өзінің қатал, моншақтай көздерімен оның жанының тереңіне, ең құпия сырларының тереңіне үңіліп тұрғандай әсер қалдыратын. Ол өзінде Фриман ханымды қызықтыратын бір нәрсе бар екенін білді. Бір күні Хульга Фриман ханымды өзінің ағаш аяғы қызықтыратынын түсінді. Фриман ханымға бәрінен де құпия жұқпалы аурулар мен балаларға жасалған шабуылдар туралы жасырын ақпарат туралы білген ұнайтын. Ол аурулардың барлығының ішінен өлімге әкелетін немесе емделмейтін дерт туралы көбірек естіп-білгенді ұнататын. Хульга анасының аңға шыққанда болған жағдайды егжей-тегжей, қызының аяғының қалай атылғанын және оның бір сәтке де есінен танбағанын әңгімелеп бергенін естіді. Фриман ханым болса, бұл әңгімені кез келген уақытта бірнеше қайтара тыңдай беретін еді.

Таңертең Хульга ас үйге кірген кезде (аяғымен жерді қатты тарсылдатып ұрмай жүре алатын, бірақ әдейі тарсылдататын, ал Хоупвел ханым бұл дыбыстың қорқынышты екеніне сенімді болды), ол екеуіне бір көз тастап, бірақ ештеңе айтпайтын.

Хоупвел ханым әдеттегідей қызыл кимоносын киіп, шашына лента байлап отыратын. Ол үстел басында отырып таңғы ас ішуді аяқтап, ал Фриман ханым болса, тоңазытқышқа сүйеніп, екі көзін үстелге қадап

тұрды. Хульга бұл кезде әрқашан пештің үстіне қайнаған жұмыртқа қойып, одан кейін жай ғана үстелдің басында қолын алдына қайырып тұрады, ал Хоупвел ханым болса Фриман ханымға қарап, егер қызы кішкене болса да өзіне қамқор болса ғой, соншалықты нашар көрінбес еді деп ойлайтын. Қызының жүзінде оның ажарын бұзатындай аса сүйкімсіз ештеңе жоқ еді. Сондықтан да Хоупвел ханым әр нәрсеге мейіріммен қарайтын адамдар әдемі болмаса да, әдемі болып көрінетінін айтатын.

Ол қызы Джойға қараған сайын баласының докторлық дәрежесін алмағаны дұрыс болар еді деген ойға қалатын. Бұл докторлық оған еш көмектеспеді, тіпті қазір осы дәрежеге ие болғандықтан да, оның қайтадан жоғары оқу орнына баруына ешқандай себеп жоқ. Хоупвел ханым қыздар үшін оқыған деген өте жақсы деп ойлады, бірақ Джой бұл кезеңдердің бәрінен де өтті. Қалай болғанда да, қайтадан оқуға оның денсаулығы жарамады. Дәрігерлер Хоупвел ханымға Джой жақсылап күтінгеннің өзінде қырық бес жасқа дейін өмір сүретінін айтты. Оның жүрегі әлсіз еді. Джой осы бір жағдай болмағанда, мына қызыл шоқылардан да, жақсы ауыл адамдарынан да алыс болатынын білдіретін еді. Университетте бұның не айтып жатқанын түсінетін өзі сияқты білімді адамдарға сабақ беретін еді. Ал Хоупвел ханым Джойдың сол жерде адам қорқатындай кейіпте болып, бір тақырыпты қайталап дәріс оқитынын елестететін. Себебі Джой үйінде күнде баяғы алты жыл киген белдемшесі мен ат үстінде отырған ковбойы бар өңі кеткен сары жемпірін тастамай киіп жүретін. Джойға осы киімі ұнайтын, ал Хоупвел ханым мұны ақымақтық деп ойлап, қызына осы себепті де әлі бала ғой деп қарайтын. Ол өте ақылды, бірақ оның бойында парасат жоқ. Хоупвел ханымға жыл өткен сайын қызы басқаларға азырақ ұқсап, керісінше дене бітімі қолапайсыз әрі дерекі, ал көзі қисайып бара жатқандай болды: Ол кейде біртүрлі сөйлейтін! Кешкі ас кезінде орындықтан секіріп тұрып, жүзі түнеріп, аузы тамаққа толып өз анасына былай деді: «Ей, әйел! Сен тым құрығанда бір рет жан дүниеме үңіліп көрдің бе? Не нәрсенің болса да түбіне үңіліп, өзіңнің ешкім емес екеніңді түсіне аласың ба? О, құдайым-ай!». Артынан орындығына қайта отыра қалып, ыдысына қадала қарап жылап қалды. «Мальбранш дұрыс айтқан: біз өзіміз үшін шамшырақ емеспіз. Біз өзіміз үшін шамшырақ емеспіз!». Осы уақытқа дейін Хоупвел ханым қызы неге мұндай қылық көрсеткенін түсіне алмады. Ол Джой оны тыңдайды деп үміттеніп, күлімсіреу ешкімге ешқашан зиян келтірмейтінін айтты. Бұл қыз философиядан докторлық қорғаған, содан да Хоупвел ханым не істерін білмей қалды.

«Қызым – медбике», «Қызым – мұғалім», тіпті «Қызым – инженер-химик» деп айтуға болады. Бірақ: «Менің қызым философ» деп айта алмайсың ғой. Бұл ежелгі гректер мен римдіктермен бірге өлген бір ғылым ғой. Күні бойы Джой өз креслосында отырып, кітап оқиды. Кейде серуендеуге шығатын,

бірақ иттерді де, мысықтарды да, құстарды да, гүлдерді де, табиғатты да, әдемі жігіттерді де ұнатпайтын. Ол жас жігіттерге олардан ақымақтықтың иісі аңқып тұрғандай қарайтын.

Бір күні Хоупвел ханым қызының оқып отырған кітаптарының бірінің бетін ашты да, ашылған бірінші беттен мына сөйлемдерді оқыды: «Тағы бір жағынан алғанда, ғылым әр жолы өзінің маңыздылығы мен байыптылығын дәлелдеп отыруы керек, сондай-ақ жалпы оның мүддесі не екенін айтуы керек. Бұдан өзгенің бәрі де ғылым үшін масқара болуы мүмкін емес пе? Егер ғылым ақиқат болса, онда ол әрқашан тұрақты: ғылым ештеңеге қарамастан ештеңе білгісі келмейді. Өйткені ештеңеге деген қатаң ғылыми көзқарас дегеніміздің өзі осы. Біз бұл туралы білеміз, сондықтан да біз ештеңе жайында ештеңе білгіміз келмейді». Ашық көк түсті қарындашпен қоршалған бұл сөздер Хоупвел ханымға қарғыс сияқты әсер етті. Содан ол бұл бөлмеде тоңып қалғандай болып, кітап бетін тез жауып, шығып кетті.

Ал бүгін таңертең бұл қыз ас үйге кіргенде, Фриман ханым Карамая туралы айтып отыр екен. «Ол кешегі кешкі астан кейін төрт рет құсты – деді ол: «Түнде екі рет және таңғы үштен кейін тағы бір рет. Кеше тіпті ештеңе істеген жоқ, тек сандықты ақтарып отырды. Оның кеше бар істегені осы. Сол жерде тапжылмай тұрып, қайтадан құсатын уақытын күтті.

– Оған тамақ ішу керек, – деп сыбырлады Хоупвел ханым, пештің жанында тұрған Джойға қарап, кофесін жұтып отырып. Оған Джойдың Киелі кітап сатушымен не туралы сөйлескені қызық болды. Ол тіпті екеуінің бір-бірімен не туралы сөйлесетінін елестете алмады.

Бұл жігіт кеше оларға Киелі кітап сатуға келген ұзын бойлы, арық жас жігіт еді. Есік алдына үлкен қара шабаданын көтеріп келген оның қолындағысының ауырлығы сонша, екінші жағымен есікке сүйеніп тұрды. Құлап кете жаздап әрең тұрғандай көрінді, бірақ өте көңілді дауыспен:

–Қайырлы таң, Сидарс ханым! – деп дауыстап, шабаданын төсеніш үстіне қойды. Үстінде өңі ескілеу келген көгілдір костюм мен толық тартып кимеген сары шұлық болса да өзі жинақы болып көрінді. Жүзі бал-бұл жанып, маңдайына түскен шашы қобырап, өзіне жарасып-ақ тұрды.

– Мен Хоупвел ханыммын, – деді ол.

– А, солай ма! – деп жауап берді ол таңданған сыңай танытып, бірақ көздері әлі де жарқырап тұрды, – пошта жәшігінде «Сидарс» деп жазылған екен, сондықтан да сізді Сидарс ханым деп ойлады! – деп жасқана күлді. Шабаданын алды да, күрсініп алып, дәлізді бойлай жүріп кетті. Шабадан бірінші өзі жүріп, артынан иесін өзімен бірге тартып бара жатқандай көрінді. Бір кезде ол шабаданын қолына алды да,

–Хоупвел ханым! Күйлі-қуаттысыз деп үміттенемін! – деді ол оның қолынан ұстап. Күлгендей болды, бірақ безірейіп қалды. Тоқтап барып, оған байыппен көз тастап:

– Ханым, мен сізбен маңызды бір нәрсе туралы сөйлесуге келдім» – деді.

–Жарайды, жарайды, – деп күбірледі ол, бірақ аса қуана қоймады, өйткені оның түскі асы дайын болып қалған еді. Ол қонақ бөлмеге кіріп, арқасы түзу орындықтың шетіне отырды.

Қолындағы шабаданын аяғының арасына қойды да, бөлмеге қарап үй иесінің жағдайын байыптағысы келгендей барлығына мұқият көз тастады.

Екі шкаф сөресіндегі хрусталь ыдыс-аяқ жарқырап, көздің жауын алды.

Хоупвел ханым оның сонша аңтарыла қарағанына қарап, бұрын бұндай сәнді үй көрмеген болар деп топшылады.

– Хоупвел ханым, – деді ол сыбырлай үн қатып, – мен сіздің хрустиандық жоралғыларға сенетініңізді білем. *(Автор кейіпкердің сауатсыздығын көрсетіп тұр. – редакциядан)*

– Иә, солай, – деді Хоупвел ханым.

– Достарым маған сізді айбынды да көреген әйел деп айтты, – деп, басын бір иығына қарай қисайтты.

Хоупвел ханым өзін ақымақ жасағанды ұнатпайтын.

– Не сатасың? – деп сұрады бірден.

– Киелі кітап, – деп жауап берді ол, көзі бөлмені тағы да аралап кетті, – қонақ бөлмеңізде Киелі кітап жоқ екен, мына жерге дәл сол нәрсе жетіспей тұрған сияқты, – деді. Хоупвел ханым:

– Менің қызым атеист, сондықтан қонақ бөлмеге Киелі кітап қоюға рұқсат бермейді, – деп айта алмады. Сондықтан екіұшты жауап берді: Менің Киелі кітабым төсегімнің жанында, – деді. Бұл айтқаны өтірік еді. Киелі кітап шатырдың бір жерінде жатқан болатын.

– Ханым, – деді ол, – Құдай сөзі қонақ бөлмеде болуы керек.

– Менің ойымша, бұл кімнің нені таңдайтынында, – деп Хоупвел ханым бастады да, – Менің ойымша– деп тоқтап қалды.

– Ханым, – деп сөзін бөлді ол, – Құдай сөзі христиан әйелдің жүрегінде ғана емес, үйінің әр бөлмесінде болуы керек. Мен сіздің христиан екеніңізді білемін, оны жүзіңізден оқып тұрмын. Хоупвел ханым орнынан тұрып:

– Жарайды, жас жігіт, маған жаңа Киелі кітап керек емес, оның үстіне түскі ас та күйіп барады, – деді. Ол орнынан қозғалмады. Оның орнына саусақтарын сықырлатып бүгіп, ақырын былай деді:

– Шынымды айтсам, ханым, бүгінде Киелі кітапты көп адам алмайды. Оның үстіне өзімнің өте қарапайым екенімді білемін. Мен бір нәрсе туралы қалай дұрыстап айту керегін де білмеймін. Мен қарапайым ауыл баласымын. Ол Хоупвел ханымның қатал жүзіне қарап:

– Сіз сияқтылар мен сияқты адамдармен сөйлескісі да келмейді.

– Неге олай дейсің! – деп айқайлады Хоупвел ханым, – Ауылдың жақсы адамдары – дүниенің тірегі! Сондай-ақ, біз бәріміз әртүрліміз және мына ғалам үшін бәріміз де керекпіз. Өйткені өмір осылай!

– Осы сөзіңізбен көп нәрсені аңғарттыңыз, – деп жауап берді ол.

– Неге, менің ойымша, әлемде ауылдың жақсы адамдары өте аз қалды, – деді Хоупвел ханым сәл ойланып барып, – Менің ойымша, бүкіл мәселе осында жатыр. Оның жүзі жарқырап кетті.

– Мен өзімді таныстырған жоқпын, – деді ол. Мен Вилохобиге жақын ауылдан келген Манли Пойнтермін, Вилохобидің өзінен емес, жақын маңынан боламын.

– Бір минут күте тұршы, – деді ол, – түскі асым не болып жатқанын көріп келейін. Ас үйге кірген ол Джойдың есік алдында тұрып еңгіменің бәрін тыңдап тұрғанын көрді.

– Сонша неге жабысып тұрсың, кешкі ас ішейік, – деді.

Хоупвел ханым оған шаршаған көзбен қарады да, тамақтың отын азайтты. «Мен жан баласына дәрекілік көрсете алмаймын», – деп сыбырлады да, қонақ бөлмеге кіріп кетті. Ол шабаданын ашып, екі тізесіне Киелі кітапты қойып отырды.

– Мен сіздің адалдығыңызды бағалаймын, – деді ол. Бүгінде ауылдан басқа жерден адал адамдарды табу қиын.

– Білемін, – деп жауап берді Хоупвел ханым, – шынымен, тамаша адамдар. Ашық есіктен ыңыранған дауысты естіп қалды.

– Сізге білім алу үшін ақша тапқысы келетінін айтатын жастар жиі келетін шығар, – деп сөзін жалғастырды ол, – бірақ мен олай демеймін. Колледжге оқуға барғым да келмейді. Мен өмірімді христиандыққа арнағым келеді. Түсінесіз бе, – деді ол даусын бәсеңдетіп, – менің жүрегім ауырады, ұзақ өмір сүрмейтін де шығармын. Егер сізде қандай да бір дерт бар екенін білсеңіз және жақын арада өліп қалуыңыз мүмкін болса, онда, ханым..., – деп ол бірнеше секундқа тоқтап, Хоупвел ханымға аузын ашып қарап қалды.

Мәссаған, Джой екеуінің жағдайы бірдей! Джойдың көзі жасқа толып қалды, бірақ ол тезірек есін жинап алып, күбірлеп:

– Түскі асқа қалғың келе ме? Біз өте қуанып қалар едік, – деді. Бірақ бұл сөздерді айта сала, бірден өкініп қалды.

– Иә, ханым, – деді ол ұялған дауыспен, – қуанып қалар едім!

Джой оған онымен танысқанда бір қарады да қойды, бірақ ас үстінде қайта қарамады. Ол Джойға қарап бірнеше рет бірдеңелер айтып көрді, бірақ Джой оны естімегендей кейіп танытты. Хоупвел ханым қызымен бірге тұрса да, оның әдейі жасаған дәрекілігін түсіне алмай, Джойдың мына дәрекілігінің орнын толтыру үшін ерекше қонақжай болуым керек деп есептеді. Одан өзі туралы айтуды сұрады. Ол он екі баланың жетіншісі екенін, сегіз жасында әкесін құлаған ағаш басып қалғанын айтты. Ағаш әкесін басып қалғанда, денесі екіге бөлініп, тіпті оны тану мүмкін болмағанын, кейін анасының өте ауыр жұмыс істеп, содан олар осы күнге жете алғандарын айтып берді. Сондай-ақ анасы әрқашан барлық баласының жексенбілік мектептен қалмай, кешкі уақытта Киелі кітап оқуын қадағалады. Ал қазір ол он тоғыз жаста және төрт айдан бері Киелі кітап сатып жүр. Осы уақыт ішінде ол жетпіс жеті Киелі кітап сатты, ал бір адам тағы екеуін сатып аламын деп уәде берді. Ол миссионер болғысы келді, өйткені ол адамдарға көмектесудің жалғыз жолы осы деп ойлады. «Өмірінен айрылған адам қайта өмір сүре алады», – деді ол және осы кезде қарапайым әрі шынайы болғаны сонша, Хоупвел ханым ешқашан бұндай сөзге тіпті де күлмес еді. Үстел басында бір үзім нанмен табақтан құлап бара жатқан асбұршақты ұстап қалды, артынан сол нан үзімімен тарелкесін сүртіп, бәрін де жалап-жұқтап жеп қойды. Сондай-ақ Хоупвел ханым Джойдың оның пышақ пен шанышқыны

қалай ұстағанын көзінің қиығымен бақылап отырғанын байқады. Ал жас жігіт қыздың назарын өзіне аударғысы келгендей бірнеше минут сайын қызға тесіліп, сүйсінген көзбен қарай беретінін байқады.

Тамақтан кейін Джой дастарқанды жинап, Хоупвел ханым мен жігітті қалдырып, шығып кетті. Жігіт болса, өзінің балалық шағы мен әкесінің басынан өткен апатты, сондай-ақ басқа жайттарды тағы да айтып берді. Ал Хоупвел ханым әрбір бес минут сайын есіней бастады. Қалада кездесуім бар болғандықтан, кетуім керек деп, тұрып кеткенше тағы екі сағаттай отырды. Жігіт Киелі кітаптарын жинап, оған алғысын білдіріп кеткелі жатып, есік алдында кілт тоқтады да, ханымның қолын қысып, мұндай мейірімді ханымды ешқашан көрмегенін айты, тағы да бір келуге бола ма деп сұрады. Ал ханым болса, оны қайта көруге әрқашан қуанышты болатынын айтты.

Ол шабаданының салмағынан алға еңкейіп, баспалдақпен түсіп бара жатқанда, Джой оның жолында тұрып, алысқа көз тастады. Жігіт оның алдына тоқтап, бетіне қарады. Хоупвел ханым оның не айтқанын естіген жоқ, бірақ Джойдың оған не айтқанын ойлап, дірілдеп кетті. Хоупвел ханым Джойдың оған бірдеңе деп жауап бергеннен кейін бірер минуттан кейін бос қолымен шаттана ымдап, қайта бірдеңе дегенін көрді. Сосын Хоупвел ханым олардың бірге қақпаға бара жатқанын көрді. Джой оның артынан қақпаға дейін барды, ал Хоупвел ханым олардың не туралы айтып жатқанын түсіне алмады, бірақ сұрауға да батылы жетпеді.

Фриман ханым Хоупвел ханыммен сөйлескісі келді. Ол тоңазытқыштан жылытқышқа қарай жылжып тұрды, бұл кезде Хоупвел ханым оны тыңдап тұрған болса, басын оған қарай бұруға мәжбүр болады.

– Глинез кеше түнде тағы да Харви Хилмен бірге болды. Оған теріскен шықты, – деді.

–Хил», – деп қайталады Хоупвел ханым ақырын ғана, – бұл көлік жөндейтін шеберханада жұмыс істейтін адам емес пе?.

–Жоқ. **Кайропрактика** мектебінде оқитын адам, – деп жауап берді Фриман ханым, – сонымен, оған теріскен шықты. Екі күн бұрын. Ол кеше үйге келгенде, жігіттің оған «Теріскенді маған емдеуге рұқсат етіңіз» дегенін айтты. Ол одан: «Қандай жолмен?» деп сұраған екен. Ол: «Көліктің артқы орындығына жатшы, қалай болатынын көрсетемін» деп жауап берген екен. Ол оның айтқанын істеген екен. Жігіт оның мойнынан ұрғылай бастап, қызым оны тоқтатқанша ұрғылаған екен. Бүгін таңертең, – деп жалғастырды Фриман ханым, – теріскен жоқ, тіпті ізі де жоқ.

– Мен бұндай әдіс туралы бұрын ешқашан естіген емеспін, – деді Хоупвел ханым.

– Ол одан азаматтық некемен тұрмысқа шығуын сұрапты, – деп жалғастырды Фриман ханым, – бірақ қызым оған мынадай кеңседе тұрмысқа шықпайтынын айтыпты.

– Иә, Глинез тамаша қыз, – деді Хоупвел ханым, – Глинез бен Карамая екеуі де керемет қыздар.

– Карамая күйеуге шыққанда күйеуі Лиман оған өзін құдайдың батасын алғандай сезінгенін айтқан екен. Ол тағы да тіпті бес жүз доллар болса да, шіркеуде нике қидырғаннан бас тартпайтынын айтыпты.

– Ал сонда ол қанша доллар болса, бас тартатын еді? – деп сұрады үстідегі қыз.

– Ол бес жүз долларға да келісетінін айтты, – деп қайталады Фриман ханым.

– Жарайды, бәрімізге жұмысқа кірісу керек, – деді Хоупвел ханым.

– Лиман бұл ол үшін қасиетті деп айтты, – деді Фриман ханым, – дәрігер Қарамаяға дәрінің орнына қара өрік жеген дұрыс екенін айтты. Оның айтуынша, ауру қан қысымынан болады. Ал менің ойымша, бұл ауру неден екенін айтайын ба?.

– Бірнеше аптадан кейін жағдайы жақсы болады, – деп жауап берді Хоупуэлл ханым.

– Түтіктерінде», – деп жалғастырды Фриман ханым, – әйтпесе, ол мұндай ауырмас еді.

Хульга қабығы аршылған екі піскен жұмыртқаны табаққа салып, үстелге бір шыныаяқ кофе қойды. Қойған сұрақтары кетіп бара жатқан Фриман ханымды тоқтатады деп үміттеніп, абайлап отырып, тамағын іше бастады. Ол анасының өзіне қарап тұрғанын сезе қойды. Сұрақтардың бірінші бөлігі Киелі кітап сатушы туралы болған еді, бірақ ол оларға жауап бергісі келмеді. Сондықтан оның өзіне:

– Ол оның мойнынан қалай ұрды? – деп сұрақ қойды.

Фриман ханым қызының мойнын қалай ұрғылағанын сипаттап айта бастады. Ол оның **55-маркалы Меркурийі** бар екенін айтты, бірақ Глинез шіркеуде некеге тұруға келісетін және **36-маркалы Плимут** көлігі бар адамға тұрмысқа шығуды жөн көретінін айтты. Джой егер ол адамда 32-маркалы Плимут болса, не болатынын сұрады, оған Фриман ханым Глинез тек 36-марканы ұнатады деп жауап берді.

Хоупвел ханым қыздардың көбі Глинез сияқты парасатты ойлай алмайтынын атап өтті. Ал бұл қыздардың парасаттылығына тәнті екенін айтты. Оның айтуынша, олар оған кеше өздеріне келген тамаша қонақты, Киелі кітап сататын жас жігітті еске түсіреді.

– Құдайым-ай, – деді ол, – мен одан сондай жалығып кеттім, бірақ ол соншалықты шынайы әрі қарапайым, сондықтан оған дәрекілік көрсете алмадым. Ол жай ғана ауылдан шыққан мейірімді бала, білесің бе, ол керемет жігіт, – деп жалғастырды сөзін.

– Мен оның кетіп бара жатқанын көрдім, – деп атап өтті Фриман ханым, – кейін мен оның есіктен шығып бара жатқанын да көрдім, ал Хульга оның даусының сәл өзгергенін байқады, оның жалғыз кетпегенін меңзеп тұрғандай болды. Оның бетінен еш өзгеріс байқалмады, бірақ піскен жұмыртқаға тұншығып қалғандай, мойны қызарып кетті. Ал Фриман ханым оған екеуіне ортақ бір құпияны білетіндей қарады.

– Бұл әлемге әртүрлі адамдар керек, – деді Хоупвел ханым, – Біздің бір-бірімізге ұқсамайтынымыз қандай жақсы!.

– Кейбір адамдар бір-біріне ұқсайды, – деді Фриман ханым.

55-ші маркалы» Меркурий » – 1955 жылғы американдық автомобиль маркасы

36-шы маркалы» Плимут » – 1936 жылғы американдық автомобиль бренді

Хульга орнынан тұрып, аяғын қатты тарсылдатып өз бөлмесіне кірді де, есікті артынан құлыптап алды. Сағат онда ол Киелі кітап сатушыны қақпа алдында қарсы алуы керек еді. Ол түні бойы осы кездесу туралы ойлады. Мұның бәрі оған басында қалжың сияқты көрінген еді, бірақ уақыт өте келе ол бұл кездесу туралы көбірек ойлай бастады.

Джой төсегінде жатып алып екеуінің арасында болған диалог туралы ойлай бастады. Бұл диалог бастапқыда ақымақтық болып көрінгенімен, сондай терең еді, тіпті бір де бір Киелі кітап сатушы оларды түсіне алмас еді. Кешегі әңгіме де сондай болды.

Ол тоқтап, оның алдына тұра қалды. Оның жақ сүйегі шығыңқы беті тершіп, бірақ нұрланып тұрды, сүйірлеу мұрны түскі ас кезіндегіден мүлде басқаша болып көрінді. Ол қызға хайуанаттар бағында ғажайып жануарды бақылап отырған баладай қуана қызығып қарап, қуып жету үшін көп жүгіргендей еңтігіп дем алды. Оның көзқарасы сондай таныс, бірақ қыз оны бұрын қай жерде көргенін есіне түсіре алмады. Толық бір минутқа жуық уақыт ол үнсіз тұрды. Сосын терең дем алып сыбырлай сөйледі:

– Екі күндік балапанның дәмін татып көрген бе едіңіз? Қыз оған таңдана қарады. Оның бұл сұрағын философтар қауымдастығының отырысында қарастыруға болар еді.

– Иә, – деп бұл жауапты бұрыннан ойлағандай жауап берді қыз біраз уақыттан кейін.

– Ол өте кішкентай болады, – деді ол салтанатты түрде және қатты қызарып, дірілдей күлді; оның көзқарасынан үлкен таңданыс байқалды, ал қыздың жүзінен бірдеңе байқау мүмкін емес еді.

– Жасыңыз нешеде? – ол сұрады жігіт. Қыз оның сұрағына жауап бермес бұрын сәл кідірді. Сосын сабырлы түрде:

– Он жетіде, – деді. Жас жігіт күлкісін тыя алмады.

– Мен сенің аяғыңның ағаш екенін байқадым, – деді ол. – Менің ойымша, сіз өте батылсыз әрі сүйкімдісіз. Бойжеткен оның сөзіне еш жауап қатпай, үнсіз, сабырлы күй сақтады.

– Менімен бірге қақпаға дейін жүріңізші, – деді ол, – сіз өте батыл, сондай сүйкімді әрі кішкентайсыз, мен сізді есіктен кірген бойда бірден ұнатып қалдым, – деп тағы қосты ол. Хульга алға жүрді.

– Сіздің атыңыз кім? – деп сұрады ол қыздың бетіне күлімдей қарап.

– Хульга, – деп жауап берді ол. «Хульга» деп күбірледі жас жігіт.

– Хульга. Хульга. Мен Хульга деген есімді ешкімді бұған дейін кездестірмедім. Сіз ұялып тұрсыз ба, Хульга? Қыз оның үлкен қызыл шабаданының тұтқасына қарап басын изеді.

– Маған көзілдірік тағатын қыздар ұнайды, – деді ол. – Мен көп ойланамын. Мен бір ақылды ой ойлай алмайтындардың қатарынан емеспін. Бірақ мен жақында өліп қалуым мүмкін.

– Менің де өліп кетуім мүмкін, – деді кенет қыз оған қарап. Оның өте кішкентай қой көзі жарқ-жұрқ етті.

– Тыңдаңызшы, – деді ол, – кейбіреулерде ортақ қасиет болғаны үшін тағдырлас деп ойламайсыз ба? Мысалы, егер екеуі де маңызды нәрсе туралы ойласа ше? Ол шабаданды екінші қолына алды, қызға жақын қолы босап қалды.

– Мен сенбіде жұмыс істемеймін, – деді ол, – орманда серуендегенді ұнатамын, Табиғат-ананы тамашалап, көкжиекке көз тігіп қараған да ұнайды. Табиғатқа шыққан да маған ұнайды.

– Ертең табиғатта демалуға барсақ бола ма? Келісіңізші, Хульга, – деді де, жан дүниесінде бірдеңе төңкеріліп түскендей аянышты көзбен қызға қарады. Ол тіпті қыздың үстіне сәл иілгендей болды.

Түнде Хульга оны еліктіріп, екеуі ең шеткі қамбаға қалай жететіндерін елестетті, ары қарай жігітті оп-оңай жолдан тайдырып, одан ары оның күнәлі іске өкінішін тыңдайтынын ойлады. Нағыз данышпан тіпті ең артта қалған санаға да идеяларды енгізе алады. Хульга оның өкініш-тәубесін қолына алып, өмір туралы терең-терең ойға қалай айналдырғанын елестетті. Ал оның барлық ар-ұятын алып, пайдалы нәрсеге айналдырады.

Қыз Хоупвел ханымның назарын аудармайын деп, сағат ондарда бірден қақпаға қарай беттеді. Әдетте табиғатқа демалуға адамдар өздерімен бірге тамақ алып шығатынын ұмытып, ештеңе алған жоқ. Үстіне кірлеген жеңіл ақ көйлек пен шалбар киіп, әтірі жоқ болғандықтан, жағасының астына Вапекс салып алды. Қақпаға жетіп жан-жағына қараса, ешкім жоқ.

Хульга бос жолға қарап, алданғанын және жігіттің жай ғана онымен бірге қақпаға дейін жүргенін қалағанын түсінді. Бірақ кенеттен, күтпеген жерден жолдың арғы жағындағы бұталардың артынан бойшаң жігіт көрінді. Жігіт жымып, кең жиекті жаңа қалпағын көтерді. Кеше бұндай қалпағы жоқ еді ғой, Хульга бұл қалпақты тек осы кездесу үшін сатып алған ба деп ойлады. Қалпақтың түсі қуырылған нанның түсіндей, қызыл және ақ жолақтары бар әрі жігіттің басына тым үлкен болды. Ол жол жиегіндегі ағаштың арасынан шықты, қолында сол қара шабаданы болды. Сол баяғы костюм мен аяғына оралған шұлығын киіп жүрді. Ол жолды кесіп өтіп:

– Мен сіздің келетініңізді білдім! – деді. Қыз мұны оның біле алмайтынын мысқылдап өтті. Оның шабаданын көрсетіп:

– Неге өзіңізбен бірге Киелі кітаптарды тасып жүрсіз? – деп сұрады. Жігіт өзін тоқтата алмағандай күлімсіреуді жалғастырып, қыздың шынтағынан ұстады.

– Құдай сөзі сізге қашан қажет болатынын ешқашан білмейсіз, Хульга, – деп жауап берді ол. Бір кездері Хульгаға болып жатқан жағдай мүмкін емес сияқты көрінді, бірақ олар көп ұзамай жоғары көтеріле бастады. Олар мал жайылымын басып өтіп, орманға қарай жүрді. Жігіт аяғының ұшымен секіріп, қыздың жанында ақырын жүріп отырды. Тіпті шабаданы да бүгін сондай ауыр емес болып көрінді, тіпті оны ары-бері сермеп бұлғап қойды. Екеуі үнсіз жайылымның жартысын кесіп өтті, бірақ көп ұзамай жігіт оны ақырын құшақтап: – Ағаш аяғың қай жерден жалғанған? – деп сұрады.

Хульга қатты қызарып кетті, жігітке ызалы көз тастай қарады, бұл көзқарастан жігіт жасқанып қалды.

– Мен сізді ренжіткім келген жоқ, – деді ол, – Мен тек сіздің соншалықты батыл екеніңізді айттым. Менің ойымша, Құдай сізді сақтайды.

– Жоқ, – деді Хульга алға қарай одан да тезірек жүріп, – Мен тіпті Құдайға сенбеймін. Осы жерде жігіт тоқтай қалып, ысқырып жіберіп: «Жоқ!» – деп таңырқағаны сонша, басқа ештеңе айта алмағандай состиып тұрып қалды.

Хульга тоқтамай жүре берді, ал бірер секундтан кейін ол тағы да қалпағын желпілдетіп, қызбен қатарласуға тырысты. «Бұл қыз өте ерекше», – деді іштей оған көзінің қиығымен қарап. Олар орманның шетіне жеткенде, ол тағы да оны арқасынан құшақтап, үнсіз өзіне тартып, сүйді.

Эмоциядан гөрі күш басым болған сүйіс қыздың бойында қосымша адреналин тудырды, бұл адреналин адамдарға күш береді, ал бұл жағдайда күш миға құйылып кетті. Жігіт оны жібермей тұрып-ақ, онсыз да ап-анық әрі суық және иронияға толы миы оны алыстан, белгілі бір мысқылмен, бірде өкінішпен сынап тексере бастады. Қыз бұрын ешкіммен сүйісіп көрмеген еді, ал қазір бұл сүйісті мидың бақылай алатынына риза болды. Кейбір адамдарға ағын суды арақ десе, суға рахаттана қарауы мүмкін. Жігіт бірдеңені босқа күткендей, оны ақырын босатқанда, қыз бұрылып, ештеңе айтпастан, мұның бәрі ол үшін қалыпты нәрсе сияқты алға жүре берді.

Жігіт пысылдап қызды қуып жетіп, шалынып қалуы мүмкін үлкен тамырды көріп, сүйемелдеуге тырысып, қатарласа жүрді. Қыз өтіп кеткенше, тербелген жабайы жүзім бұтағын ұстап тұрды. Қыз жігітті жетектегендей болды, ол ауыр дем алып, оның соңынан ерді де отырды. Содан кейін олар төбенің күн сәулесі түсіп тұрған беткейіне шықты, күн сәулесі бұл беткейден ары қарай басқа кішірек төбеге ауысты. Оның арғы жағында шөп сақтайтын ескі қораның тот басқан шатыры көрінді. Төбе кішкентай қызғылт гүлдерге толы екен. Кенет ол тоқтап:

– Сонда сен құтқарылмайсың ба? – деп сұрады. Қыз күлді. Оның көзінше алғаш рет күлді.

– Менің құндылықтарымның арқасында, – деді ол, – маған қауіп жоқ, ал сені қарғыс атқан, бірақ саған айтқанымдай, мен Құдайға сенбеймін.

Жас жігіттің шаттыққа толы көзқарасына ешкім кедергі келтірмейтін сияқты. Енді ол қызға хайуанаттар бағының біртүрлі жануары аяғын тордан шығарып, оны кеудесінен табанымен сүйіспеншілікпен итеріп жібергендей болды.

Ал қызға ол оны қайтадан сүйгісі келетін сияқты көрінді, сондықтан тез басып алға жүріп кетті.

– Аздап дамылдайтын жер жоқ па? – деп міңгірледі ол сөзінің соңына қарай даусын жұмсартып.

– Ана жақтағы қамбада, – деп жауап берді қыз. Ол қамба бұлардан пойыз сияқты алыстап кететіндей, олар оған асығыс жақындады. Бұл

іші қараңғы, екі қабатты үлкен қамба болатын. Жігіт шатырға апаратын баспалдақты нұсқап:

– Жоғарыға шыға алмайтынымыз өкінішті, – деді.

– Неге? – деп сұрады қыз.

– Сіздің аяғыңыз, – деді ол ақырын ғана.

Қыз мысқылдай бір қарады да, екі қолымен баспалдақтан ұстап, жоғары көтеріле бастады, ал ол төменде таң-тамаша болып тұрып қалғандай болды. Ол саңылаудан еппен өтіп, оған жоғарыдан қарап:

– Егер әлі де көтерілгің келсе, шық, – деді. Жігіт болса, шабаданын артына ебедейсіз сүйреп, баспалдақпен көтерілді.

– Бізге Киелі кітап қажет бола қоймас, – деді қыз.

– Кім білген, – деп жауап берді ол терең тыныстап. Шатырға көтерілген соң бірнеше секунд демалып алды. Ал қыз үйілген сабанға отырды. Іші тозаңға толған күн сәулесінің үлкен бір жолағы оның жүзіне қиғаш түсті. Ол бума шөпке сүйеніп, бетін басқа жаққа бұрып, қамбаның кіреберісіне қарады, сол жерден шөпті шатырға кіргізеді. Орманның қараңғы жотасына қарама-қарсы қызғылт беткейлі екі төбе жатыр. Аспан бұлтсыз әрі суық көк түсті болып тұрды. Жас жігіт жанына отырды да, бір қолын қыздың астына қойды, ал екіншісімен оны жоғарыдан құшақтап, балық құсап үнсіз бетінен сүйе бастады. Бас киімін кедергі болмас үшін артқа ысырып жіберді. Қыздың көзілдірігі кедергі жасай бастағанда, шешіп, қалтасына салды.

Қыз оның сүйісіне алғашында жауап қайтармады, бірақ көп ұзамай оны өзі сүйе бастады, бетінен бірнеше рет сүйген жігіттің ернін тауып, аш кенеше жабысып, жігіттің барлық демін сорып алғысы келгендей қайта-қайта сүйді. Жас жігіттің демі баланың деміндей таза, төтті еді, ал сүйісі баланың сүйгеніндей жылбысқы болды. Ол қызды бір көргеннен сүйіп қалғаны туралы бірдеңелерді күбірледі, бірақ бұл анасы ұйықтатып жатқан ерке баланың ұйқылы-ояу күбірі сияқты болды. Осы уақыт бойы Хульганың санасы бір сәтке де өшіп, сезімнің буына мас болмады:

– Сен маған сүйетініңді айтпадың, – деп ақырын қызды өзінен сәл итеріп сыбырлады, – Айтсаңшы.

Қыз жігіттен көзін тайдырып ашық аспанға, төмендегі қара жотаға, одан да төменірек жатқан екі жап-жасыл көлге қарады. Джой көзілдірігін оның шешіп алғанын аңғармады, бірақ қалай болғанда да бұл оған еш оғаш көрінбеді, өйткені ол айналасына өте сирек қарайтын еді.

– Айтшы, – деп қадала түсті жігіт, – мені жақсы көретініңді айт. Қыз өзінің кез келген нәрсеге деген ықыласын көрсетуге келгенде әрқашан аса мұқият еді.

– Бір жағынан, – деп бастады сөзін, – егер бұл сөзді кең мағынада қолдансақ, солай деуге де болады. Бірақ мен бұл сөзді қолданбаймын. Менде ешқандай иллюзия жоқ. Мен ештеңе көрмейтін және сезінбейтін адамдар қатарына жатамын.

Жігіт қабағын түйді.

– Жақсы көретініңді айту керек. Мен айттым, сен де айтуың керек, – деді.

Қыз оған мейірлене қарады. «Байғұс бала» деп күбірледі.

– Түсінбегендіктен ғой, – деп мойнын тартып, басын иығына қойды. Біздің бәрімізді қарғыс атқан, – деді қыз, – бірақ кейбіреуіміз көзімізді жауып тұрған таңғыштарымызды шешкенде көретін де ештеңе жоқ екенін көрдік. Бұл құтқарылудың бір түрі. Жігіттің таңырқаған көздері қызға үңіле қарады.

– Жарайды, – деп жылай жаздап келісті ол, – бірақ сен мені сүйесің бе, жоқ па?

– Иә», – деді қыз, – қандай да бір мағынада иә деуге болады. Бірақ мен саған бір нәрсе айтуым керек. Арамызда арамдық болмауы керек. Қыз жігіттің басын көтеріп, көзіне қарады. Менің жасым отызда, – деді ол, – менің бірнеше дипломым бар.

Жас жігіттің көзқарасынан ашу ұшқыны байқалды, бірақ тап-таза еді.

– Маған бәрібір, – деп жауап берді ол, – маған сенің немен айналысатының бәрібір. Мен жай ғана сенің мені жақсы көретініңді білгім келеді?. Ол қызды өзіне тартып, «иә, иә» дегенше бетінен құмарта сүйді.

– Жарайды, – деді ол қызды босатып, – онда дәлелде.

Қыз көз ұшында бұлдырап жатқан пейзажға ойлы түрде қарап күлді. Ол жігітті ойланбай-ақ азғырып алды.

– Қалай? – деп сұрады қыз, жігітті бір сәтке тоқтата тұру керек екенін сезіп. Ол еңкейіп, қыздың құлағына сыбырлады:

– Ағаш аяғың денеңмен қай жерде қосылатынын көрсетші.

Қыз әлсіз әрі ақырын айқайлады, беті қызарып кетті. Қызды таң қалдырғаны – бұл ұсыныстың ұятсыздығы емес еді. Кішкентай кезінде ол қатты ұялатын, бірақ алған білімі жақсы хирург қатерлі ісікті алып тастайтыны секілді оны да ұят деген нәрседен арылтты. Жігіттің өтініші оның Киелі кітапқа сенімі сияқты оны түк те ренжітпеді. Бірақ қыз өзінің жасанды аяғын тауыс құйрығындай мәпелейтін. Оның аяғына өзінен басқа ешкім қол тигізген емес. Қыз да аяғына жанын таза ұстауға тырысқан өзге біреудей қамқор болды.

– Жоқ, – деп жауап берді қыз.

– Білген едім, – деп сыбырлады ол орнынан отырып, – сіз үшін мен жай ғана жас баламын!

– Жоқ, жоқ, тіпті де олай емес! – деп қыз даусын көтере сөйледі, – ол тізеге бекітілген. Неге оны көргің келеді?

Жігіт оған ұзақ, тесіліп қарады.

– Өйткені, – деді ол, – сенің бәрінен ерекшелейтін де осы аяғың. Сен басқалар сияқты емессің.

Қыз жігітке қадалып қарап отырды. Оның жүзі мен дөңгелек, суық көк көздерінде бұл сөздердің оған қаншалықты әсер еткенін көрсететін еш белгі болған жоқ. Бірақ іштей жүрегі тоқтап қалып, ағзасындағы бүкіл қанды ми айдап жатқандай сезім болды. Қыз өмірінде алғаш рет шынайы

тазалықпен бетпе-бет келдім деп шешті. Парасатқа жетелейтін түйсігі бар бұл жігіт өзі сияқты бұның жанын түсіне білген. Бірер минуттан кейін қыз қарлыққан дауыспен:

– Жақсы! – деді. Қыз оған толығымен мойынсұнғандай болды. Ол өмірін жоғалтып алып, оны қандай да бір жұмбақ жолмен қайта өз қолына алғандай болды.

Ол қыздың жаралы аяғын байыппен ақырын ашты. Ақ шұлық пен жалпақ қоңыр етік киген жасанды аяқ кенеп тәрізді созылатын материалдан жасалған екен және қыздың аяғына ебедейсіз бекітілген болып шықты. Толық ашып:

– Енді қалай шешіп, аяғыңа бекітетініңді көрсет, – деген жас жігіттің жүзі де, даусы да құрметке толы еді. Қыз өзі протезді шешіп, қайта киді, артынан жігіт протезді өзі шешіп алды, оны нағыз аяқ сияқты әлпештеп ұстады.

– Қарашы! – деді ол қуанышты жүзбен, – енді өзім шешіп-кигізе аламын!

– Аяғымды орнына сал! – деді қыз. Қыз жігітпен бірге үйден қалай әр түн қашып кететінін, оның протезін шешіп таңертең қайта кигізетінін елестетті, – аяғымды орнына сал! – деп қайталады ол.

– Қазір емес, – деп күбірледі жігіт қыздың аяғын арырақ ысырып, – бірнеше минут шешсең, түк етпейді. Оның орнына сенде мен бармын ғой.

Ол айқайлап жіберіп, жігітке күдіктене қарады, бірақ жігіт оны артқа итеріп, қайтадан сүйе бастады. Аяғы жоқ қыз өзін оған толық тәуелді сезінді. Қыздың миы ойлауды мүлдем тоқтатып, шамасы келмейтін басқа рөлді атқара бастады. Қыздың жүзі өзгере берді. Жігіттің темір шегедей екі көзі үнемі артқа, аяқ жатқан жаққа қараумен болды. Ақыры қыз оны итеріп жіберді де:

– Дәл қазір қайта орнына сал деймін, – деп айқайлап жіберді.

– Күте тұр, – деп жауап берді жігіт. Екінші жаққа еңкейіп, шабаданды өзіне қарай тартып ашты. Тысы ашық көк түспен қапталған шабаданның ішінде екі ғана Киелі кітап болды. Біреуін алып, мұқабасын ашты. Киелі кітаптың іші бос еді, оның ішінде қалтаға салатын виски құтысы, карта мен суреті бар кішкентай көк жәшік болды. Ол ғибадатханада құдайдың алдына құрбандық ұсынғандай қылып бірінен соң бірін қыздың алдына тізіп қойды. Ал қолына көк жәшік берді. «БҰЛ ӨНІМДІ ТЕК АУРУДЫҢ АЛДЫН АЛУ ҮШІН ҚОЛДАНУ КЕРЕК», – дегенді оқыған қыз оны еденге тастай салды. Осы кезде жігіт құтының қақпағын ашты. Бір сәт тоқтады да, күлімсіреп, қызға бір бума карта көрсетті. Бұл карталардың сыртында әдепсіз суреттер бейнеленген еді. «Бір жұтып ал» деп қолындағы құтыны қызға ұсынды. Бірақ қыз гипноздалғандай сілейіп, орнынан қозғалмады. Есін жиған қыздың:

– Сен... сен жай ғана ауылдың жақсы адамдарының бірісің ғой? – деген жалынышты үні естілді. Жігіт бойын түзеп алды. Ол қыз өзін төмендеткісі келген болуы мүмкін екенін енді ғана түсінгендей болды.

– Иә, бірақ бұл мені тоқтата қоймас. Мен де сен сияқты әртүрлімін, аптаның әр күніндей кереметпін, – деді.

– Аяғымды бер, – деді қыз. Ол аяғымен протезді одан әрі қарай теуіп жіберді.

– Неге сонша асып-сасасың, одан да көңіл көтерейік. Біз әлі бір-біріміз туралы көп нәрсе білмейміз, – деп иландыруға тырысты.

– Аяғымды бер! – деп қыз айқайлап, протезге қол созбақ болды, бірақ жігіт оны артқа итеріп жіберді.

– Саған сонша не болды? – деп сұрады жігіт қабағын түйіп, құтының қақпағын тез бұрап, Киелі кітапқа қайта салып, – Алдында ғана ештеңеге сенбейтініңді айттың. Мен сені ерекше қыз деп ойласам! Қыздың беті қызарып кетті.

– Сен христиансың ғой! – деп ашуға булығып сыбырлай сөйледі, – сен басқалар сияқты керемет христиансың! Сен де басқалар сияқтысың. Айтатындарың мен істейтіндерің екі басқа. Сен христианның керемет үлгісің, сен...Жігіттің аузы ашудан қисайып:

– Сен мені де солардың қатарынан деп ойламайды деп үміттенемін, – деді ашуға толы дауыспен, – Мені осы шатпақтың бәріне сенеді деп ойлайсың ба сонда сен?! Киелі кітап сатсам да, сондай аңқау емеспін, дүниеге кеше келген жоқпын!

– Аяғымды бер! – деп айқайлады қыз. Жігіттің орнынан тез секіргені сонша, оның шашылып жатқан карталар мен көк жәшікті қалай тез жинап, Киелі кітапқа салып, шабаданға лақтырып жібергенін қыз байқамай қалды. Қыз оның протезді жылдам ұстап алып, екі жағына екі Киелі кітап салынған шабаданға қиғаш қылып салғанын көріп қалды. Жігіт дереу шабаданды тарс жауып, қолына ұстап, тесіктен өткізіп алып, артынан өзі төмен түсе бастады. Басы ғана көрінетін болған кезде бұрынғы ықылас пен сүйініштің белгісі де жоқ көзбен қызға бір көз салды.

– Менде қызық зат көп, – деді ол, – бірде дәл осылай бір әйелдің шыны көзін алып алғанмын. Мені тауып аламын деп ойлама да, өйткені менің атым Пойнтер емес. Мен әр жерде әртүрлі атпен жүремін және ешқашан бір жерде ұзақ аялдамаймын. Тағы бір нәрсе, Хульга, – деді ол қыздың атын жақтырмаған сыңаймен айтып, – Сен онша ақылды қыз емессің. Мен туғалы бері ештеңеге сенбеймін!. Сосын қуырылған нан түстес қалпақ саңылауға сіңіп кетті де, қыз күннің шаңды сәулесіне қарап шөп үстінде отырып қалды. Бір кезде қыз қораның есігіне бетін бұрып қараған кезде оның алыстағы бейнесінің көл жағалап кетіп бара жатқанын көрді.

Осы кезде бақшада пияз қазып, әлек болған Хоупвел ханым мен Фриман ханым жігіттің біраз уақыттан кейін орманнан шығып, шалғынды кесіп өтіп, жолға қарай бет алғанын көрді.

– Бұл кеше маған Киелі кітап сатқысы келген жақсы, ауылдан шыққан жас жігіт емес пе? – деп сұрады Хоупвел ханым көзін сығырайта қарап, – Қаранәсілділерге сатқан сияқты ғой. Өзі сондай қарапайым еді, бәріміз ол сияқты қарапайым болсақ, әлем бұдан жақсырақ болар ма еді, – деді ойлана қарап.

Фриман ханым оны көзімен сонау алысқа ұзатып тұрғанда, ол төбені айналып көз ұшынан ғайып болды. Осыдан кейін оның назары қайтадан жерден жұлып жатқан пиязға ауды.

– Адамдардың барлығы соншалықты қарапайым бола алмайды. Дәл мен енді ондай қарапайым бола алмас едім, – деді ол.

АХАЖ аудармасы – ОАУ, Душанбе, 2004.

Дереккөз: О’Коннор, Фланнери. Ауылдың жақсы адамдары // Өңгімелер жинағы. – Нью-Йорк: Фаррар, Штраус пен Гироукс, 1971. 271-291 б.

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР¹:

1. «Ауылдың жақсы адамдары» әңгімесі бірнеше ұзақ азатжолдан басталады, бірақ әңгіме диалог түрінде өтеді. Нәліктен автор оқиғаны осылай бастады?
2. Фриман ханымға кімнің көзімен қараймыз? Хоупвел ханымға ше? Сіздің ойыңызша, баяндаушының бұл кейіпкерлерге деген көзқарасы қандай?
3. Хульганы автор аздап ұнамды етіп бейнелеген бе? Кімнің көзқарасы бойынша? Әңгімедегі басқа кейіпкерлердің оған деген көзқарасы мен біздің, оқырмандардың оны қабылдауында қандай да бір айырмашылық бар ма? Пойнтер оны қорада алдап, протезін ұрлағанда, бұл көрініс бізге күлкілі болды ма?
4. Әңгіме Хоупвел ханым мен Фриман ханымның басқалардың «қарапайымдылығы» туралы қысқаша тұжырым жасауымен аяқталады. Олардың «сүйкімді, бірақ іш пыстырып жіберетін жас жігіт» туралы түсінігі дұрыс па? Олардың өздерін түсінуі дұрыс па? Нәліктен О’Коннор әңгімесін осы екі әйелдің сөздерімен аяқтайды?

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Әңгіменің соңында Хульга Пойнтердің мысалын көре отырып, христиандар мен ауыл тұрғындарының бәрі шын мәнінде шыншыл ері қайырымды адамдар емес екеніне таң қалды. «Басқаларды» бұлай қабылдау мен олардың кей қылықтарына таң қалу сіздің «басқалармен» араласудағы жеке тәжірибеңізден қалай ерекшеленеді немесе ұқсай ма?

¹ Сұрақтар Фланнери О’Коннор шығармаларынан алынды (ред. Брюс Микельсон), Америка әдебиетінің Нортон желілік жинағы (Иллинойс: Иллинойс университеті) сайтынан алынған. Мәтін 2004 жылы 31 мамырда табылған. URL: <http://www.wwnorton.com/college/english/naal5/explore/oconnor.htm>

КОНЦЕПТУАЛДЫҚ КАРТАЛАР ЖАСАУ

Біздің көбіміз зерттеу ақпаратымызды сызба түрінде келесі жолмен көрсетуді үйрендік:

- I. Бірінші тақырып
- II. Екінші тақырып
 - A) тақырыпша
 - B) тақырыпша
 1. тақырыпша
 2. тақырыпша
- V. Үшінші тақырып

Ақпаратты сызба түрінде берудің баламасы – **концептуалдық** карта жасау.

Картаны қалай жасай аламын?

- Алдымен мәтіндегі сөйлемдерді қолданатын сызба немесе параграфтар туралы ұмытыңыз.
- Тек кілт сөздер немесе символдар аясында ойланыңыз.

Не қажет:


- Қарындаш (өйткені жазғандарыңыздың көбін өшіруге тура келеді) және таза үлкен қағаз.
- Тақта мен түрлі-түсті борлар немесе маркерлер.
- Кішкентай қағаз бөліктері.

Беттің тура ортасына
мәтіндегі негізгі сөз не-
месе тіркесті жазыңыз

«Ауылдың
жақсы
адамдары»

«Ауылдың жақсы адамдары» әңгімесі бойынша карта құрастыру үлгісі

Ең маңызды сөздің айналасында басқа маңызды кейіпкер есімдерін, идеялар немесе көзқарастар жазыңыз. Осы терминдердің орталықтағы ең маңызды терминмен байланысын мұқият ойластырыңыз. Соңында маңыздырақ сөздерді ортаға жақынырақ қайта жазыңыз. Бір-бірімен байланысатын идеяларды біріктіріңіз.



Бұл карта Хоупвел ханымның «ауылдың жақсы адамдарын» қалай қабылдағанын көрсетеді. Картаңызды басқа орталық идеямен, мысалы ортасына Хульганы қойып жасауға тырысыңыз және осы есімнің жанындағы дөңгелекшелер ішіндегі сөздерді ойластырыңыз.

ДЖАЛАЛИДДИН РУМИ

ПІЛ ТУРАЛЫ ДАУ

Піл деген бір ғажап жануар,
Жеткізіпті оны алыс елден адамдар.

Үндістаннан келе сала сол пілді,
Тас қараңғы қораға біреу қамаған.

Қарауылға ақшасын төлеген жан,
Қораға кіріп амалдаған.

Қараңғыда түк көрмей,
Қолмен ғана сипалаған.

Бұл өлкеде бұрындары болмаған піл,
Туды содан дау-дамай піл туралы.

Тұмсығын көрген біреу,
Мынауың тура құбыр ғой (деді).

Құлағын ұстап енді біреу,
Соқпа өтірікті, бұл нағыз желпуіш қой (деді).

Үшінші біреу аяғын пілдің сипады,
Мынау нағыз бөрене деп жар салды.

Арқасын сипап енді біреу,
Дауласпаңдар, бұл тақта ғой (деді).

Көрмеген соң көзбенен,
Сипаттады әркім сөзбенен.

Сан пікір мен дау-дамай,
Білместіктен туғаны-ай.

Шырақ жақса егер біреу сол кезде,
Болмас еді мұншалықты дау-дамай

ДЕРЕККӨЗ: Поэзия жұлдыздары. Парсы тілінен аударылған, Душанбе, «Адиб», 1988, 256-б. Қазақ тіліне АХАЖ аудармасы.



Балтасарьдың саяхаты

АМИН МААЛУФ. БАЛЬТАСАРДЫҢ саяхаты

Амин Маалуф 1949 жылы Бейрутте (Ливан) дүниеге келеді. Араб католигі болғандықтан, ол Бейруттегі иезуит мектебінде оқыды. Әлеуметтану мен экономиканы оқығаннан кейін журналист болды. 1975 жылы азаматтық соғыс Ливандағы тыныштықты бұзып, Маалуф отбасымен Францияға қоныс аударды. Маалуфтың бірінші кітабы «Крест жорықтары арабтың көзімен» (1983) болды, шығарма ескі тақырыпқа жаңа көзқараспен қарап, XI-XIV ғасырлардағы Шығыс пен Батыс мәдениеттерінің арасындағы қақтығысты сипаттайды. Көрнекті әңгімеші әрі кәсіби тарихшы Маалуфтың еңбектері әлемнің 20-дан астам тіліне аударылады. «Бальтасардың саяхаты» кітабында XVII ғасырдағы италиялық кітап сатушы Балтасар Эмбриаконның өмірін суреттейді. Бальтасар – католик, бірақ кез келген дінге күмәнмен қарайды, оның ойлары мен көзқарастары оны заманауи зиялыға ұқсатады. Өткен тарихты ұсына отырып, Маалуф қазіргі әлемді жақсырақ түсінуге тырысады, ол, әсіресе, Шығыс пен Батыстың түп-тамырын, айырмашылықтары мен ұқсастықтарын қабылдауды талқылауға қызығушылық танытқан жазушы.

Мен **Генуяны** алғаш көргенде жылап жіберемін деп ойлайтынмын, бірақ ол жерге келу себебім мен ойлағаннан айтарлықтай өзгеше болды. Шынында да, мен осы қалада дүниеге келмей тұрып-ақ туғанмын, бұрын бұл қаланы көрмегенім жүрегімдегі оның орнын одан сайын қымбаттатып жіберді, мен оны кешірім алу үшін одан бетер жақсы көріп тастап кеткен сияқтымын.

Ешкім Генуяны шығыстан келген генуялықтар сияқты жақсы көрмейді. Олар оны бәрінен артық жақсы көреді. Генуя құлап қалса да, олар үшін қала бәрібір тұрар еді. Ескіріп, ажарынан айрылса да, олар үшін ол бәрібір ең әдемі болып қала береді. Тіпті қирап, талан-таражға түссе де, олар қаланы мақтан көретін еді. **Корсика** және теңіз жағалауындағы шағын республикада әрбір үй бір-бірімен қас, әр отбасы басқаларына оба тілеп, бүкіл халық католик патшаны қарғайды, бірақ оның рақымын алу үшін немесе ықпалын іздеп, келген өкілдерін салтанатпен қарсы алады. Дегенмен, бірі-біріне жау болған генуялықтар арасында **Каффа**, **Тана**, **Ялта** секілді есімдер Мавоцстро, Фамагуста, Тенедос Фосея, Перанда Галата, Самотраса, Кассандрия, Лесбос, Лемнос, Самос, Икария, Хиос және Гибелет сияқты есімдер Құс жолы галактикасының жұлдыздары сияқты самсап тұр.

Әкем маған біздің Отанымыз қазіргі Генуя емес, бұрынғы Генуя екенін үнемі айтып отыратын. Бірақ ол сондай-ақ кешегі Генуямен қазіргі Генуя қанша жерден екі бөлек болса да, бұл атты асқақтатуым керек дейтін. Мен тіпті бұл қаланы қартайған әрі әлсіз анам сияқты жүдеген күйінде де жақсы көруім керек болды. Әкем маған туған жерімізге барсам, ол мені танымаса да, жақсы көруім керек екенін айтты. Ол кезде тым жас едім, оның не айтпақ болғанын дұрыс түсінбеппін.

Генуя –

Жерорта теңізі портына апаратын Италияның солтүстік-батысындағы қала

Корсика –

Арал, Жерорта теңізіндегі Францияның оңтүстік-шығыс аймағы

Каффа –

қазіргі уақытта Қара теңізде жатқан Теодосия қаласы

Ялта –

Қырымның оңтүстік жағалауындағы қала

Генуя мені қалай таниды немесе танымай ма? Алайда соңғы рет теңізге шыққан күннің таңында алыста жатқан қаланы көрдім – оның биік әрі үшкір шатырлары, тар терезелері, әсіресе, дөңгелек, төртбұрыш, айқын мұнаралары, біздің отбасының атымен аталатын бір мұнарасы – бәрі де мені тартып тұрғандай болды. Генуя маған қарап тұрғанын ойламай тұра алмадым. Қала мені танып, қабылдар ма екен, маған сол қызық.

Капитан Доменико мені танымады. Мен оған өзімді таныстырсам, ол танымағандай кейіп танытты. Ол Эмбриако әулеті туралы, олардың крест жорықтарындағы рөлі немесе Гибелеттегі сеньеорлігі туралы ешқашан естімеген сияқты. Ал енді ол маған өзінің контрабандалық ерліктері туралы сенім артып айтса, бұл тек мен Генуялық болғандықтан және мені Хиостан қуып жібергеніне көз жеткізгендіктен болды, ол мені енді ешқашан ол жаққа аяқ баспайды деп ойлады. Бірақ жүкті қабылдауға келген генуялық серіктесі, Грегорио Мангиавачамен мүлдем басқаша сөйлесті. Бұл тотықустың қауырсынындай түрлі-түсті киім киген, қызыл сақалды адам еді. Дәл соның менің атымды естігендегі мені қабылдауы ешқашан есімнен кетпейді. Тіпті бұл туралы қазір ойласам да, қолым дірілдеп, көзіме жас келеді.

Біз әлі жағаға шыққан жоқпыз, Мангиавача клиенттерімен бірге палубаға келді. Мен өзімді Гибелеттік Бальтасар Эмбриако деп таныстырып, кемеге қалай тап болғанымды түсіндірмек болып жатқанда, ол сөзімді бұзып, иығымнан ұстап, сілкілеп жіберді.

– Бальтасар Эмбриако кімнің ұлы?

– Томмасо Эмбриаконың ұлы.

– Томассо Эмбриако кімнің ұлы?

– Бартоломеоның ұлы, – дедім мен күліп жібермеуге тырысып.

– Бартоломеоның ұлы Эмбриако, оның ұлы, Бартоломеоның ұлы, Анзальдоның ұлы, Петроның ұлы...

Ол менің бүкіл шежіремді тоғызыншы атама дейін санамалап берді. Мен мұны өзім қайталай алмас едім.

– Сен менің барлық ата-бабамды қайдан білесің? –деп сұрадым. Ол жауап берудің орнына қолымды алып:

– Сіз бір түн менің қонағым болып, маған құрмет көрсете аласыз ба? – деді.

Не ақшам, не баратын жерім болмағандықтан, генуялықтарға болсын, османдықтарға болсын қонаққа бару тағдырдың сыйы болды. Мен тіпті сыпайылық танытып, бас тартуды немесе ұялуды естен шығардым. Менің Грегорио шебердің үйінде сыйлы қонақ болатыным анық еді. Тіпті ол ғасырлар бойы Генуя айлағында тұрып, менің қайтуымды күтіп тұрғандай сезімде болдым.

Ол өзінің екі адамын шақырып алып, атымды ерекше атап, мені таныстырды. Олар қалпақтарын шешіп, алдымда еңкейіп тағзым етті, содан кейін ол оларға маған ілтипат көрсетіп, құрметпен қарауды, жүгімді алуды тапсырды. Осының бәрін бақылап тұрған капитан Доменико бортында осындай мәртебелі жолаушы болғанын мақтан етті, бірақ менің есіміме о бастан аса қатты мән бермегеніне қысылып, ақырын ғана мені **янычарлар** күштеп қуып шыққандықтан ешқандай жүгім болмағанын түсіндірді.

Бұны өзінше түсінген Грегорио шебер менің текті де асыл қаныма сүйсінгенін білдіртті. Ол өз адамдарына және бірнеше жүз қадамдағылардың

бәріне опасыз сұлтанның заңын бұзып, оның түрмесінің ауыр қақпасын еңсерген батыр екенімді айтты. Мен сияқты батырлар әдеттегі антиквариат сатушылар сияқты кемеде шабадан тасып жүрмейді.

АХАЖ аудармасы – ОАУ, Душанбе, 2004.

Дереккөз: Маалуф, Амин. Бальтасардың саяхаты / француз тілінен аударған Барбара Брей. Харвил Пресс: Лондон, 2000 ж.

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Бальтасардың «Шығыстағы генуялықтар сияқты Генуяны ешкім жақсы көрмейді» деген сөзіне қалай қарайсыз? Ол шындығында не айтқысы келді?
2. Шығыстан келген генуялықтар Генуяны қалай қабылдайды? Бірнеше ғасыр туған жерден тыс жерде өмір сүрген олардың оған деген сезімдері мен көзқарастары өзгерді ме, жоқ па?
3. Бальтасар Генуяға оралғанда не күтті? Ол жерде ешқашан болмағанына қарамастан, ол неге оған соншалықты қымбат?
4. Неліктен генуялық Грегорио Мангиавача Бальтасарға құрметпен қарады? [Ол өзі крест жорықтарын басқарған жоқ, жай антиквариат сатушы болғанын еске түсіріңіз] Бальтасарды соншалықты ерекше ететін не? Бальтасар мен Мангиавака арасындағы қысқа диалогтан Эмбриако отбасы туралы не білуге болады?
5. Грегорио Осман түріктері мен оларға қарсы соғысқан генуялықтар туралы не ойлады?

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Айырмашылықтарды көрсете отырып, Генуядан шыққан генуялықтар мен шығыстық генуялықтардың көзқарастарын салыстыра аласыз ба?
2. «Ауылдың жақсы адамдары» және «Бальтасардың саяхаты» әңгімелеріндегі «өзгелерді» қабылдау адамдардың бөгде адамдарға деген көзқарасын қалай береді?



Каир университетінде оқып жүргенде дәстүрлі киім киген мұсылман әйелдер

ХАЛИДЕ ЭДИП АДЫВАР. ТҮРКИЯ БАТЫСТЫ ҚАРСЫ АЛАДЫ

Халиде Эдип Адывар (1882-1964) Стамбулда (Түркия) дүниеге келген. Ол алдымен дәстүрлі бастауыш білім алады да, содан кейін Стамбулдағы миссионерлік мектеп – америкалық қыздар колледжінде білім алған алғашқы мұсылман болды. Мұнда ол бірқатар еуропалық авторлармен танысып, кейін көптеген романдарды түрік тіліне аударды. Халиде 16 жасында пурдаға – әйелді еркектердің көзінен жасыруды бұйыратын мұсылмандық дәстүрге қарсы полемикалық кітап жазды. 1921 жылға қарай ол әйелдер бригадасын ұйымдастырып, қазіргі ислам әлеміндегі алғашқы жазушылар мен белсенді әйелдердің бірі ретінде әлемге танымал болды. Ұлтшылдық пен либералдық реформаларға қызығушылық танытқан ол түрік әдебиеті мен қоғамын насихаттауда және пантүркілік қозғалыста маңызды рөл атқарды. Еуропаның исламға қарсы көзқарасына наразылық білдірген ол жалынды ұлтшыл болды. Алайда оның Ататүріктің (Мұстафа Кемал, 1881-1938) президенттікке келуіне қарсылығы оны Түркиядан кетіп, 1924-1939 жылдар аралығында шетелде тұруға мәжбүр етті. Осы уақыт ішінде ол Еуропада, Үндістанда және Америкада ағылшын тілінде дәріс оқыды. Түркияға оралған ол Стамбул университетінің ағылшын әдебиеті кафедрасын басқарды. Төменде Эдип дін мен мемлекеттің бөлінуі Түркияны да, исламды да жасартады деген пікірге қарсы шыққан Үндістанда оқыған дәрісінен үзінді берілген. Бұнда ер адамдар үстемдік ететін қоғамдағы «басқаның» типтік үлгісі ретінде көрінетін әйелдердің рөлі діни және зайырлы қоғам контекстінде талқыланады. Эдип әйелдердің рөлі қалай қалыптасатынын және оның либералдық қоғамның прогрессивті дамуы үшін қаншалықты маңызды екендігі туралы өзіндік көзқарас ұсынады.

Түрік өз саясатында ешқашан ұлтшыл болмаған деуге болады. Империя құрушылардың ұлтшылдығы – сирек болатын құбылыс. Олардың саясаттағы түпкі және ең жоғары идеалы демократияның қандай да бір түрі болып саналады. Түрік мұсылмандықты қабылдаған кезде оның болмысының демократиялық жағы нығая түсті, өйткені демократия – исламның басым аспектісі. Батыс идеализмінің адамдар арасындағы теңдікті уағыздайтын бөлігі Осман империясының ақыл-ойын тез жеңді. Бірақ Осман түріктері батыс идеализмінің ұлтшылдық жағын, атап айтқанда, кейінірек шағын мемлекеттердің құрылуына әкелетін шағын топтарға бөлінуін түсіне алмады. Бұл салада бұрындары түсінігі болмағандықтан, түріктер Таяу Шығыстағы Батыс идеалдарынан басқа кез келген халыққа қарағанда көбірек зардап шекті.

Танзимат уақытында [19 ғасырдағы Осман империясының әкімшілік реформасы] түріктер мұсылмандар саяси жағынан тең бола алады деп сенген. Танзимат кезінде олар саяси жағынан барлық адам тең болуы мүмкін және тең болуы керек деп санай бастады және бұл принцип аралас адамдар қоғамына қолданылғанда, олар саяси дезинтеграцияның себептерін түсіне алмады. Бұл оларда ішкі түсініктің жоқтығынан еді.

Батыстық идеалдардың пайда болуымен бірге маңызды сұрақ та туындады. Ислам қоғамы Батыс қоғамынан біршама ерекшеленді. Ислам қоғамының болмысын өзгертпей, батыстық идеалдарды кеңінен тарату мүмкін

Танзимат –
Осман империясындағы
XIX ғасырдағы әкімшілік
реформалар

бола ма? Мұсылман мемлекеті өз әскерін заманауи стандарттарға сай реформалай алады, өркениеттің механикалық даму жағын ала алады, көлікке қатысты, белгілі бір кәсіп пен өнер бойынша мамандар дайындайтын арнайы мектептер ашуы да мүмкін, тіпті мұсылмандардың және мұсылман еместердің теңдігін жариялай алады. Ислам мың жыл бұрын әртүрлі адамдардың құқықтарының теңдігін жариялаған болатын. Бірақ исламның өзін өзгертпей, ислам қоғамының болмысын өзгерту мүмкін болды ма? Ал ішкі «батыстануға» жол бермейтін исламдық пен батыстық қоғамдар арасындағы басым айырмашылық неде болды? Бұл айырмашылық ислам заңдарында болды. Өзгерістердің оған қатысы болмады. Ислам қоғамындағы ғұламалар (**улемдер**) ұстанған қасиетті заң өзгерістерге жол бермеді. Сондықтан, бір қарағанда, түріктер шығармашылық, сыншылдық қабілеті жағынан батыс халықтарынан әлдеқайда артта қалғандай көрінді. Бірақ мұсылман түрік қоғамы басқа мұсылман қоғамдары сияқты дамудан кенже қалды ма? Дамуға кедергі келтіретін нәрсені жеңуге немесе жоюға тырысатын көзге көрінбейтін объективті психология болған жоқ па? Қазіргі Түркиядағы өзгерістер туралы сұраққа дұрыс жауапты, өзін танытуға ұзақ талпыныс кезіндегі діни ортодоксальдылық пен еркін, маңыздырақ ұлттық инстинкт арасындағы күреске тап болған түрік жанын зерттеп қана таба аламыз. Үстіңгі өзгеріссіз тыныштықты ашып көретін болсақ, олардың исламдық орта ғасырлардағы қатал араб рационализмінен қалай құтылғанын және ежелгі және рухани жат ойлау формаларын қайталауға мәжбүр еткен парсы рухының озбырлығына қалай тойтарыс бергенін байқаған кезде мұсылмандардың – түріктер мен әлемнің басқа мұсылмандары арасындағы айырмашылықты анық байқай аламыз.

Исламдағы өмірдің ең статикалық аспектісі оның заңы және бұл діни заң түрік исламдық қоғамына өзіндік сипаты мен ерекшеліктерін енгізді. Бірақ түріктер Исламды қабылдап, Алла заңын бұзбас үшін ғұламалар тобын (улемдер) құрған сәттен бастап, олар санасыз түрде өзгерістерге қарай қадам баса бастады. Бүкіл әлем тұрғысынан алғанда, қазіргі Түркия жақында ғана зайырлы мемлекетке айналды және кез келген бақылаушыға өзгерістерді террористік үкімет бір түнде бір жарлықтың күшімен түріктерге күштеп таңғандай көрінеді. Бірақ Түркия бір күнде теократиядан зайырлы мемлекетке айналған жоқ. Өтпелі кезең логикалық шарықтау шегі және даму процесіндегі біртіндеп жүріп отырған өзгерістердің нәтижесі болды. Бірақ бұл өзгеріс әлі де аяқталған жоқ. **Секуляризацияның** (шіркеудің ықпалынан шығудың) соңғы және қорытынды кезеңін Осман империясындағы ғасырлар бойғы өзгерістер аясында ғана түсінуге болады.

Сүлеймен заманында түрік заңнамасына «шарифат» (Алланың заңы) сөзімен бірге «канун» (адам заңы) сөзі енді. Канун алғашында онша беделді емес еді, бірақ бірте-бірте күш-қуатқа ие болғаны сонша, шарифаттан да асып түсе бастады.

«Канун» деген атаудың өзі о баста ортодоксальды принциптерге қарсы заң ретінде қолданылған, сол уақытта басқа мұсылман елдері ішінде тек Осман империясында болды.

1926 жылы исламдық отбасы заңын алмастырған Швейцария кодексінің қабылдануы неғұрлым күрделі реформа болды. Мұндай өзгеріс

Улемалар –
діни ғалымдар мен
заңгерлер

Секуляризация
(лат. saecularis-зайырлы)
– шіркеу ықпалынан босату

өткір сынға ұшырағанына қарамастан, мәжбүрлеусіз де жүзеге асырылуы мүмкін еді.

Сұлтанат таратылғаннан кейін бір жыл өткен соң (1922 ж.) Константинопольде (Стамбул) 1916 жылы сұлтан күшін жойған 1919 жылғы отбасылық заңды қайта қалпына келтіру керек пе деген күрделі пікірталас басталды. 1924 жылы Ұлттық Ассамблея бұл мәселені қарастыра бастады, бұл, әсіресе, қалалардың, атап айтқанда, Константинополь әйелдерінің арасында үлкен қызығушылық тудырды. Ұлтшылдар клубындағы әйелдердің үлкен жиналысында жағдайды зерттеп, Ұлттық жиналысқа петиция жіберу үшін әйелдер комитеті таңдалды. Комитет Швецияның, Францияның, Англияның және Ресейдің отбасы заңдарының ішінен Швейцария заңын ең қолайлы деп қабылдап, осы заңның аударылған көшірмесін петициямен бірге Ұлттық жиналысқа жіберді. Бірақ ол кезде петиция нақты нәтиже шығармайтын. Бірақ 1916 жылғы қайта қаралған отбасылық заңды қалпына келтірудің орнына Батыс кодексін қабылдауды жақтаған өте мүдделі жас депутаттар тобы болды. 1925 жылы Әділет министрі болып тағайындалған Смирнаның (Измирдің) жас депутаты Махмұт Эсат Бей (Бозқұрт, 1892-1943) осы қозғалыс жетекшілерінің бірі болды. 1926 жылы Швейцария кодексіне сәйкес отбасы құқығы туралы заң қабылданды. Бұл оқиғаны диктатура кезеңіндегі ең маңызды әрі қажет екі өзгерістің бірі деп санауға болады. Дәл осы заң түріктердің еуропалық елдердің отбасыларымен бірігуінің символына айналады, түрік отбасына отбасының батыстық идеалына айналған тұрақтылықты алып келеді.

Исламдық отбасы құқығын қайта қарау мен өзгертудің орнына, некенің еркін немесе тұрақты емес институтқа айналуына мүмкіндік беретін және ресейлік отбасы заңына ұқсас, толығымен батыстық Швейцария заңының қабылдануы Батыс идеалдарының Түркиядағы Шығыс идеалдарын тағы бір жеңуі болды. Сондай-ақ бұл жағдай қазіргіге қарағанда ұзақ мерзімді өзгерістің басы болды.

Түрік әйелдерінің білім алу құқығына тіпті ең аз саяси топтар да күмәнмен қарамайды, ал бұдан ары әйелдердің жұмыс істеу аясы кеңейе береді. Сол уақытта әйелдердің сайлау құқығын алмауы да өзінше бір жақсылық болған еді.

Осы жағдай оларды әртүрлі саяси партиялармен ассоциация құру қаупінен құтқарды. Ал ол партиялардың кейбір іс-әрекеттері саясат шеңберінде ғана жүргізілген жоқ.

Отбасында түрік әйелдері отбасының берекесін сақтаушы болып қала береді, өйткені басқа нәрселермен қатар, олардың көбі өз жұмыстарымен отбасын қамтамасыз етуге үлес қосады. Қазіргі уақытта қалалардағы кеңселер, фабрикалар мен дүкендерде жұмысшы әйелдер көп жұмыс істейді; отбасын асырауға үлес қосып отыр. Кейде жұмысынан бөлек қоғамдағы

басқа әлсіз топтардағы балалардың әл-ауқаты, олардың тазалығы мен денсаулығы, кедей әйелдерге кесте тігу, тоқу және т.б. үйрететін шағын бірлестіктер ұйымдастыруға да көмектеседі. Бүгінде түрік әйелдерінің ұстаздық еткеннен кейінгі сүйікті қызмет саласы – медицина. Мұның бәрі қалалық аспекті деуге болады. Ауылдық жерлерде жағдай басқаша, әйелдер бұрынғы сол ауыр жұмысты істеп жүр, шалғай аймақтарда заманауи ауылшаруашылық жүйесі енгізілгенше және бастауыш білім берілмейінше, түрік әйелдері осындай жағдайда өмір сүре бермек. Түрік әйелдерінің 90 пайызы өте еңбекқор десек, артық айтқандық болмас. Мәселе оларды қалай жұмыспен қамтамасыз етуде емес, оларды жұмысқа қалай жақсы дайындауда, оларға көбірек бос уақыт беруде болып отыр. Істерге жұмысы жоқ байлардың аз ғана пайызы (басқа елдерге қарағанда Түркияда аз) басқа елдердегі байларға еліктейді. Өкініштісі, Түркияны саяхатшылар бірден көзге түсетін осы байлардың өмірі арқылы бағалайды, бірақ еңбекқор көпшілік назардан тыс қалады.

Жалпы алғанда, Түркиядағы әйелдер соңғы жиырма жылда болып жатқан өзгерістерден басқа елдердегі сияқты ерлерге қарағанда көбірек пайда көрді. Түркияның бақытына орай, әйелдердің эмансипациясы әйелдер мен ерлер арасындағы күрестің нәтижесі емес, саяси партиялардың бағдарламаларының нәтижесі болды. Түркия Республикасының жаңа азаматтық кодексті енгізе отырып, әйелдердің әлеуметтік **эмансипациясына** қосқан үлесі қозғалысты өзінің ең жоғары әрі ең тарихи кезеңіне жеткізді. Бірақ нәтижесі айқын көрінуі үшін кем дегенде бір ұрпақ өзгеруі керек. «Батыстандырумен» бірге Батыстың зұлымдығы мен азғындығы да түрік қоғамына енді деген қоғамдық сын онша маңызды емес. Батыстың жаман тұстары қолы бос байлардың шағын тобына әсер етеді, ал жақсы әрі дамуға қажет тұстарын көпшілік халық баяу болса да қабылдап жатыр.

Мемлекет діни бақылаудан толық арылған қазіргі уақытта ол енді Исламды да жайына қалдыруы керек. «Түркияның әрбір азаматы өзі қалаған дінді қабылдай алады» деп қана қоймай, мұсылман қоғамының жастарына дінді танып-қабылдауға мүмкіндік жасау керек. Енді мектептер дін негіздерін оқытпайтын болғандықтан әрі діни институттарға тыйым салынғандықтан, ал ислам қоғамы бұдан ары діни қоғам болып қала берсе, онда қоғам діни білім берудің өзіндік әдістерін, сондай-ақ өзінің моральдық және рухани санкцияларын құруы керек. Сондай-ақ діни ғұрыптар мен негіздерге сәйкес бүгінде түрік мұсылмандары арасында өзгеріс болуы мүмкін. Мұндай өзгерістерге мемлекет араласпауы керек.

Университет профессорларынан Исламға салт-дәстүрдің жаңа түрлерін енгізу туралы ішінара түсіп тұратын ұсыныстарды, мысалы, органдық музыканы вокалдық музыкамен алмастыру туралы, мешітке аяқ киімін шешпей кіру туралы, дінге бет бұрғандар отырып намаз оқи алатындай орындықтар орнату және намаз оқу кезіндегі кейбір қажетсіз деп есептелетін қозғалыстарды жою туралы ұсыныстарды қоғам ашу-ызамен қарсы алды. Бұл өзгерістердің барлығы халықтың келісімімен болуы мүмкін, бірақ мемлекеттің осы ең қасиетті адам құқықтарына араласуы қауіпті прецеденттерді тудыруы мүмкін. Басқаша айтқанда, бұл ұсыныстар түріктердің діни өмірін шектеп, дінге саясатты араластыруы мүмкін. Секуляризацияның ең ұзақ және ең қызық кезеңдерінің басты мәні – түрік психологиясы бұл дүни-

ені келесі дүниеден ажыратады. Мемлекеттің дінге қатысты билігін сақтай отырып, дінді саясаттан шеттетуге соңғы кезеңнің даулы аспектісі, сондықтан оны түзету қажет.

Түркияда ғана емес, дін мен билік тоғысқан барлық жерде бұл бейбітшілік пен түсіністік жолындағы кедергі болады. Дегенмен, әрбір діннің негізгі доктринасы – бейбітшілік пен адамдардың барлығының бауырластығы идеясы. Егер әлемдегі барлық дін саяси ықпалдан құтылса, әртүрлі діни сенімдегі адамдар арасындағы алшақтықтар біз ойлағаннан де тезірек жойылар еді.

АХАЖ аудармасы – ОАУ, Душанбе, 2004.

Дереккөз: Адывар, Халиде Эдип. Түркия Батысты қарсы алады: жақында болған өзгерістер мен олардың шығу тегіне түрік көзқарасы. – Нью-Хевен, Конн.: Ейл университети Пресс, 1930 ж., 76-82 б., 226-232 б. / Сукру Ханиоглу баяндамасы «Модерндік ислам, 1840-1940», Чарльз Курцман ред. – Оксфорд: Оксфорд Университети Пресс, 2002, 215-219 б.

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Адывардың «демократия – исламның басым аспектісі» деген сөзі туралы не ойлайсыз?
2. Түрік мұсылмандары әлемдегі басқа мұсылмандардан несімен ерекшеленеді? Адывардың пікірінше, түріктердің [басқа мұсылмандардан] қандай негізгі ерекшелігі оларға құқықтық және діни реформаларды үлкен ынтамен қарсы алуға мүмкіндік берді? Адывар басқа мұсылмандар туралы не ойлайды?
3. Адывардың пікірінше, Осман империясын ислам әлемінде ерекше еткен не? Осман түріктеріне ортодоксальды мұсылман заңы – шариғаттың қолданылуын түбегейлі өзгертуге не себеп болды? Бұл түріктер нағыз мұсылман емес дегенді білдіре ме?
4. Адывардың көзқарасы бойынша неліктен түріктер, әсіресе, түрік әйелдері отбасы заңын қайта қарағысы келді? Олар еуропалық құқықтық кодекстерге неге қызықты деп ойлайсыз?
5. Түрік әйелдері заң реформаларынан қандай пайда көрді? Адывардың батыстық отбасы идеалдарына және онда әйелдерге қалай қарайтынына көзқарасы қандай?
6. Адывар діннің мемлекеттегі рөлі туралы не ойлайды? Үкіметтің араласуынсыз Ислам қалай өмір сүре алады? Түркиядағы мемлекет пен дін істерінде әлі де қандай түйткілді мәселелер бар?

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. «Ауылдың жақсы адамдары» әңгімесінде Хоупвел ханым қызын университеттегі профессор ретінде ғана көре алады. Адывар болса, Түркиядағы әйелдердің сүйікті мамандығы оқытушылық екені туралы айтады. Осы сәйкестіктерді түсіндіріп көріңізші.
2. Сіздің ойыңызша, Маалуф Калам айтқан айырмашылықтар идеясына Адывардың түрік мұсылмандары мен ислам әлемінің басқа мұсылмандары арасындағы айырмашылық туралы идеялары ұқсас па? Неге екенін түсіндіріп көріңіз.

ВИРДЖИНИЯ ВУЛФ. ӨЗ БӨЛМЕМ

XX ғасырдың басында Англияда өркендеген феминистік қозғалысты қос қолдап қолдайтын әйелдердің арасында роман жазушы Вирджиния Вулф (1882-1941) та бар. Вулф дауыс беру құқығына қарағанда білім мен экономикалық өркендеуге тең мүмкіндік берудің аса маңызды екенін дәлелдеді. Вулф өз романдары мен эсселерінде әйелдердің еркектен қаржылай әрі психологиялық тұрғыдан азат болғанда ғана билікке қол жеткізе алатынын баяндайды. Вулф еркіндіктің шығармашылық күштің алғышарты екенін дәлелдеді. Әйелге өзінің шығармашылық еркіндігін сақтап қалу үшін мол қаражат пен «өз бөлмесі» керек. Вулф «Өз бөлме» атты феминистік бағыттағы эссесінде (1929) дін қызметшісінің бірде-бір әйелдің көмеңгер Вильям Шекспирмен иық тіресе алмайды деген жазбасына жауап береді. Төмендегі үзіндіде Вулф он алтыншы ғасырда өмір сүрген Шекспирдің ойдан шығарылған Юдит есімді қарындасын сипаттайды. Ол әйелдердің шығармашылық күшінің психологиялық аспектісіне қатысты бірнеше толғандыратын сауал қою үшін осы көркемдік кейіпкерді қолданады.



...Нақты деректер табу қиын, сондықтан Шекспирдің Юдит есімді керемет дарынды қарындасы болғанда не боларын елестетіп көруіме мүмкіндік беріңіздер. Шекспир латын тілін, **Овидийді, Вергилий мен Горацийді**, грамматика мен логика ережелерін қоса оқытатын мектепке барған секілді, өйткені оның анасы мол мұраның иесі болған. Оның қояндарды заңсыз аулап, тіпті өлікті атуға қолы барған, әрі уақытынан бұрын көрші әйелге үйленіп, ол әйелден ерте сәби сүйген жабайы бала болғаны бәріне мәлім. Бұл қылығы оны табысқа жету үшін Лондонға аттануға мәжбүрледі. Театр оның жанына жақын болған сияқты; ол қызметтік жолын театр алдындағы жылқыларға күтім жасаудан бастады. Кейін ол театрға жұмысқа орналасып, табысты актерге айналып, кездесуден бас көтермей, өнерін сахнада шыңдаса, тапқырлығын көшеде жаттықтырып, тіпті патшайымның сарайына жұмысқа қабылданды. Ал оның дарынды қарындасы осы кезде үйінде қалды деп топшылайық. Ол да батыл, қиялы ұшқыр болды, оның да әлемді шарлауға деген ниеті басым еді. Бірақ оны мектепке бермеді. Гораций мен Вергилийдің жырларын оқуды айтпағанда, оның тіпті грамматиканы немесе логиканы оқуға мүмкіндігі болмады. Кейде ол бауырының кітабын алып, бірнеше бетін оқып шығатын. Кейін ата-анасы келіп, оған кітап пен қағазға уақытын зая кетірмей, шұлығын жамап беруін немесе бұқтырылған етті көріп қоюын өтініп тапсыратын. Олар оған қаталдық танытса да, мейірімге толы дауыспен сөйлейтін, себебі олар қыз тағдырын білетін әрі қызын жақсы көретін салиқалы адамдар еді, тіпті ол әкесінің сүйікті қызы болған секілді.

Юдиттің шатырда бірнеше бетті жасырын жазуы да әбден мүмкін, бірақ оларды мұқият жасырған не өртеп жіберген. Кейін жиырмаға толлар-толмастан ол көрші жүн иірушінің ұлымен атастырылады. Ол жылап-сықтап, тұрмысқа шыққысы келмейтінін айтқаны сол-ақ екен, әкесі-

Овид

(б. з. д. 43 – б. з. 18 ж.) –
Ежелгі Рим ақыны

Вергилий

(б. з. д. 70-19) – Ежелгі Рим
ақыны

Гораций

(б. з. д. 65-8) – Ежелгі Рим
ақыны



ВИРДЖИНИЯ ВУЛФ.

Ванесса Белл, майлы бояу, картон,
1911–1912

нен оңбай таяқ жейді. Сосын әкесі қызына жекіруді тоқтатады. Ол қызынан өзіне кесірін тигізбеуін әрі қарабет қылмауын жалынып сұрайды. Қызына моншақ пен әдемі белдемше алып беретінін айтып, уәде бергенде әкесінің көзіне жас үйірілді. Ол қалай әкесінің сөзін екі етті? Қалай ғана жанына жара салды? Оны мұндай әрекетке талантының күші ғана итермелей алатын еді. Жаздың бір түнінде киімдерін шүберекке түйіп, арқанмен сырғып төменге түсіп, Лондонға жол тартты. Әлі он жетіге де толмаған шағы еді. Қала сыртынан естілген құстардың өні оның өні секілді әуезді емес еді.

Оның қиялы ұшқыр болатын, ал сөзге ән жазуда оның қабілеті бауырына жетеқабыл еді. Ол да бауыры секілді театрға қызықты. Сөйтіп, театр есігінің алдынан бір-ақ шықты; ол сахнада ойнағысы келетінін айтты. Еркектер оны мазақ қылды. Директор – семіз, қалың ерінді еркек қарқылдап күлді. Ол қанден иттердің биі мен сахнадағы әйелдер туралы бірдеңе айтып, міңгірледі. Ол еркек: «Бірде-бір әйел актриса бола алмайды!» – деді. Оның қызға нені тұспалдап жеткізгісі келгенін өздеріңіз де түсінген шығарыздар. Бойжеткен қалаған мамандығын оқи алмады. Сонда ол нәпақасын тавернадан іздей ме, әлде түннің бір уағында қаланың көшелерін кезуі керек пе? Алайда, ол әдебиет саласынан мықты еді әрі ерлер мен әйелдер, олардың өмірі туралы білімге құштар еді. Актер әрі директор Ник Грин ақыры оған оң қабақ танытты, өйткені ол жап-жас әрі қасы-көзі қиылып, ақын Шекспирдің аузынан түсіп қалғандай келбетті еді. Ол осы мырзадан бала көтеріп қалады, сондықтан да болар, ақынның шабыты мен жанының күйзелісін кім түсінген дейсіз, ал шабыт әйел бойынан табылып, тұншығып қалса, тіпті жаман, сонымен ол қыстың бір түні өзіне қол салды, ал оның денесі қазір автобус тоқтайтын қиылыстың біріне қойылған еді.

...Он алтыншы ғасырда дүниеге келген кез келген дарынды әйелдің есі ауысып, өзін өзі атып жіберуі не соңғы күндерін ауыл сыртындағы үйшікте бәрі қорқатын әрі келеке ететін мыстан, сиқыршы кейпінде өткізері сөзсіз. Поэзиядан өз орнын іздеп аласұрған талантты қыздың іштей өзін-өзі мүжіп, қамығып, әбден титықтап, осындай қиындықтан кейін ауырып қалуы не есінен адасуы әбден мүмкін екенін нық сеніммен айту үшін психологияны жете білудің еш қажеті жоқ. Ол сияқты ешбір қыз басын қатерге тікпей әрі жанына жара салмай, Лондонға келіп, сахнаға шығып, өзіне директордың назарын аударуға тырыспас еді, бұл тиімсіз болар еді, өйткені оның соңы белгісіз, соған қарамастан, шарасыздықтан ойлап табылған **фетишке** (бас ию нысанына) айналар еді.

Ол кездері қазіргідей әйелдің пәктігі дін тұрғысынан маңызды еді, ал мұның жүйкеге тиіп, жанды жегідей жегені соншалық, одан құтылып шығу кей әйелдің бойынан ғана табылатын батылдықты қажет етті. Ақын әрі драматург болған әйелдер үшін он алтыншы ғасырда Лондонда еркін өмір сүру күйзеліс пен дилемманы білдіреді, оның өмірмен қоштасуының себебі де осы болуы мүмкін. Егер ол аман қалса, оның шиеленісті әрі сезімтал қиялынан туған еңбегінің бәрі бұрмаланып, шындыққа жанаспайтын еді. Содан мен әйелдер жазған пьеса көрінбейтін сәреге көз жүгіртіп тұрып, оның еңбегінің де қолтаңбасыз қаларына еш күмәнданбадым. Әрине, ол тығы-

Фетиш –

ғибадат нысаны

рықтан шығар жолды іздер еді. Сол бір кіршіксіз таза сезімнен қалыптасқан имену он тоғызыншы ғасырдың өзінде әйелдерден құпия боп қалуды талап етті. **Каррер Белл, Джордж Элиот, Жорж Санд** – бәрі ішкі тартыстың құрбаны, жазған еңбектерінен байқағанымыздай, олардың еңбектерін ерлердің есімімен жариялауы да бос әурешілік. Олар осы ісімен нәзік жанды болмағанда қоғамда лайықты құрметке ие болатынын дәлелдеді (Перикл: «әйел өсекке ілінбесе ғана абыройын сақтайды», – деген, бірақ өзі ешкімнің аузынан түспеген); елдің аузында жүретін әйел жексұрын сияқты. Құпия қалу оларға қанмен берілген....

Сонымен, он алтыншы ғасырда бойындағы ақындық қабілетімен дүниеге келген осы әйел бақытсыз болды әрі өзімен өзі арпалысып өтті. Оның тұрмыстық жағдайы да, ішкі түйсігі де миына келген нәрсенің бәрінен құтылуға қажет дүниеге тән емес еді. Содан мен оның шығармашылық қызметімен үйлесетін ойы қандай деген сауал қойдым. Алға жетелеп, осы рухани оғаш шығармашылықтың мүмкіндігін табатын күйді біреуіңіз түсіне аласыз ба? Осы жерде мен Шекспирдің трагедиялары жазылған томның бетін парақтадым. Мысалы Шекспир «Лир», «Антоний мен Клеопатра» атты туындыларын жазғанда, оның жан-дүниесі қандай күйде болды? Оның бұл күйі сол заманның ғажап поэзиясын жазуға қолайлы болғаны анық. Бірақ Шекспирдің өзі бұған қатысты ештеңе айтпаған. Әдетте біз білетін немесе кездейсоқ біліп қалған нәрсе – «Шекспир шығармасының бірде-бір жолын ешқашан өшірмеген». Сонымен бірге он сегізінші ғасырға дейін ешбір ақын жан-дүние туралы сөз қозғамады. Мұны алғаш болып **Руссо** қолға алған сияқты. Сонда да он тоғызыншы ғасырға қарай сананың дамығаны соншалық, ақындардың өз ойын күнделікке немесе өмірбаянға түсіруі әдетке айналды. Олардың өлімінен кейін өмірі сипатталып, хаттары жарық көрді. Сондықтан да біз Шекспирдің «Лирді» жазғанда басынан қандай жағдайды өткергенін білмейміз.

Біз **Карлейльдің** «Француз революциясын»; Флобердің «Мадам Бовариді» жазғанда қандай күйде болғанын білеміз; біз **Китстің** таяп қалған ажал мен соғысқа деген немқұрайдылыққа қарсы өлең жазуға тырысқанда қандай жағдайға тап болғанын білеміз.

Қазіргі әдебиет саласының қоғам мойындап, өзіндік талдаудан өткен осы үлкен саласынан тағылымы мол жұмыс жазудың әрдайым үлкен қиындықты еңсерудің нәтижесі екенін растайтын дәлел табуға болады. Мұның бәрі жазушының ой-өрісінен бастау алады деген болжамды жоққа шығаруды көздейді. Негізгі материалдық жағдай бұған қайшы келеді. Ит үреді; адамдар сөзіңді бөледі; жұмыс істеп, табыс табу керек; денсаулығыңнан айырыласың. Сонымен бірге әлемнің немқұрайдылығы осы қиындықтарды одан әрі ушықтырып, бұдан да күрделі жаңа қиындық тудырудан көрініс

Каррер Белл

(1816-1855) – ағылшын ақыны, романист Шарлотта Бронтеңің бүркеншік аты

Джордж Элиот

(1819-1880) – ағылшын жазушысы Мэри Энн Эванстың бүркеншік аты

Джордж Санд

(1804-1876) – француз романист жазушысы Аврора Дюпиннің бүркеншік аты

Руссо, Жан-Жак

(1712-1778) – француз философы, жазушысы

Карлайл, Томас

(1795-1881) – ағылшын жазушысы, тарихшы

Китс, Джон

(1795-1821) – ағылшын ақыны

табады. Ол адамдардан поэма, роман мен оқиға жазуды сұрамайды; ол бұған мұқтаж емес. Флобердің дұрыс сөзді таңдауы не Карлейльдің қандай да бір деректің анық-қанығын тексеруі оны қызықтырмайды. Әлбетте, ол қалауына ақы төлемейді. Сондықтан да шығармашылық қабілеті жанып тұрған жастық шақта Китс, Флобер, Карлейль және басқа жазушы ойын бөлетін кез келген істен және түңілуден зардап шекті. Осындай талдау әрі қадір-құрмет баяндалған кітаптардан қарғыс, ішкі арпалыс байқалады. «Ұлы ақындар – қайғысының құрбаны», – олардың шығармашылығына түскен ауыртпалық осы. Егер, осының бәріне қарамастан нәтиже шықса, онда бұл ғажап, өйткені бірде-бір кітап басталған күйі дүниеге келмегені анық.

Бірақ мен бос сөреден көзімді алмай, әйелдер үшін бұл қиындықтың зор қауіп төндіргенін топшыладым. Біріншіден, тыныш не дыбыс өтпейтін бөлмені айтпағанда, он тоғызыншы ғасырдың басына дейін оның «өз бөлмесі» болғанын елестету де мүмкін емес, әрине, егер оның ата-анасы ауқатты не атақты адамдар болмаса. Оның әкесі қалауына қарай беретін ақша киімге зорға жететін, ол тіпті Китс, Теннисонн немесе Карлейль секілді өте кедей адамдар өмір сүрген жағдайдан да айырылды. Олар баспанасы болмаса да серуендеп, Францияға аз уақытқа саяхатқа шығатын, олардың кедейлігіне қарамастан бұл оларды отбасының талабы мен қаталдығынан қорғады. Осындай материалдық қиындықтар қауіп төндірді, бірақ материалдық емес қиындықтар бұдан да қауіпті болды. Китс, Флобер мен өзге данышпан ерлер көтере алмаған әлемнің немқұрайдылығы оның жағдайында өштеуге әкеліп соқты. Әлем оған басқаларға айтқандай: «Қаласаң жаз, маған бәрібір!» – демеді. Әлем оны мазақ қылып, былай деген: «Жазу дейсің бе? Сенің жазғаныңнан не қайыр?».

АХАЖ аудармасы – ОАУ, Душанбе, 2004.

Дереккөз: Вулф, Вирджиния. Өз бөлмем // Гуманитарлық дәстүр. Ред. Глория А. Фиеро, 3-басылым. Макгро-Хилл, 1998. 114-116 б.

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Шекспирдің ойдан шығарылған қарындасы Юдиттің қандай ерекшелігі бар? Вулф олардың тәрбиесіндегі қандай өзгешеліктерге тоқталады? Юдитке әкесі қалай қарайды? Вулф Юдиттің оқиғасы арқылы нені жеткізгісі келеді?
2. Қыздар өмірден өз орнын табу үшін қандай қиындықты еңсеруі керек? Вулфтың айтуынша, ақындық қабілеті бар әйелдер нәліктен осындай эмоциялық қамығу мен кемсітушілікке тап болған?
3. Мына тұжырымға қандай ой қосар едіңіз: «...Жұрттың аузындағы әйел жексұрын сияқты. Құпия қалу оларға қанмен берілген...»? Неге нәзік жанды ақындар өз есімін ерлердің есімімен бүркемелеуге мәжбүр болды?
4. Вулфтың айтуынша, адамның ойы оның поэзиясын немесе прозасын айқындай ала ма?

5. Вулф неліктен ерлерге қарағанда әйел жазушылар мен ақындар көп қиындыққа тап болады деп санайды? «Әлем» нәзік жанды жазушыларды қалай қабылдайды? Вулфтың айтуына қарағанда, әйел жазушының шығарма жазу кезінде өзін еркін әрі жайлы сезінуіне не кедергі келтіреді?

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:


1. Адывар мен Вулфтың жұмыстарына сүйене отырып, әр мәдениеттің әйелдерге деген көзқарасынан қандай ұқсастықтарды келтіруге болады? Адывардың әйелдерді азат ету мен олардың өміріне қатысты көзқарасының Вирджини Вулфтың көзқарасымен қандай ұқсастығы бар? Неге олар қоғамның әйелдер туралы ойын қайта қарау керек деген ұстанымынан таймайды?
2. Хульгидің (О' Коннордың «Ауылдың жақсы адамдары» атты өңгімесінен) «өз бөлмесі» болды ма? Хоупвел ханымның қиялындағы әйелдерге қоятын талаптардың қоғамның Шекспирдің ойдан шығарылған қарындасына қойған талаптарымен қандай ұқсастығы бар?

Copyrighted Material

ESTER and RUZYA



How My Grandmothers
Survived Hitler's War and
Stalin's Peace



МАША ГЕССЕН. МЕНИҢ ӘЖЕМ – ЦЕНЗОР

1967 жылы Ресейде дүниеге келген Маша Гессен 1981 жылы отбасымен бірге мемлекеттік антисемитизмнен қашып, Құрама Штаттарға қоныс аударды. Ол 1991 жылы Мәскеуге оралып, орыс және ағылшын тілдерінде шығатын баспада журналист болып істеді. Гессен кеңестік және посткеңестік мәдениет пен қоғамға қызығатын жазушы ретінде бірнеше кітап жазды, оның ішінде «Права лесбиянок и гомосексуалистов в Российской Федерации» (1993), «Снова умершие: российская интеллигенция после коммунизма» (1993) атты шығармалар бар. «Гранта» интернет-кітапханасынан алған «Менің әжем -цензор» атты әңгімесінде соғыстан кейін 11 жыл бойы кеңестік цензор болып істеген «жылы жүзді қарт еврей әйел», яғни әжесі Рузаның бастан кешкен оқиғасын баяндайды, бұл кездері жетістікке жету үшін әрі күнкөрістің қамымен коммунистік партияға мүше болу маңызды еді.



Мен қапалымын. Менің Балқан түбегіндегі баяндамамнан кейін Мәскеуге келген бетім осы. Қазір 1993 жыл. Мен америка журналистімін, бірақ соңғы жылдары көп уақытымды туған қалам Мәскеуде өткізіп жатырмын. 1981 жылы он төрт жасымда отбасым Құрама Штаттарға көшкен кезде осында қалған әжелерім туралы мол мәліметке қанық болып жатырмын...

Әжем Розалияның, мен үшін – Рузя әжейдің Коммунистік партия мүшесі болғанын білдім. Шамамен он жасар кезімде мен мектепте оқытатын жиренішті әрі тартымды эстетика мен ата-анамның көңілге қонымды диссиденттік таңдауының екі ортасында қалдым, Рузя әжемнің партияға мүше екенін анам айтты. Еврей зиялыларының ортасында тәрбиеленген мен тағы кімнің партия мүшесі болғанынан бейхабар едім.

– Әже, – дедім бірде мен, – сен неге партияға мүше болдың?

– Себебі мен партияның мақсаты мен мұратына сендім, – деп байыппен әрі сақтықпен жауап берді әжем.

Мен оның өткен шақта сөйлегеніне немесе сақтық танытқанына аса мән бермей, жауапқа қанағаттанбаған күйі бұрылып, шығып кеттім, себебі ол оқулық бетіндегі жаттанды сөз секілді көрінді. Менің нақты білгім келген нәрсемнің бұл әңгімеге еш қатысы жоқ. Бар болғаны қызыл пионер галстугын алған күннің нәліктен мен үшін ең қуанышты күн болғанын білгім келді. Тіпті мен **Солженицынды** оқып шықсам да? Бірақ бұл өмірлік ұстанымға қатысты мәселе еді, ал әжелерімнің әңгімесі барлық мәселені қамтыса да, бұл мәселеге қатысы жоқ еді.

Мен тағы бір нәрсені білдім. Шамамен 1970 жылдардың соңында анам **Джордж Оруэлдің** «1984» атты кітабының көшірмесін тауып алды. Ол осы кітаптан дәйексөз келтіруден жалықпайтын. Кітаптың үзіндісін айтқанда, бұл оқиғалар шынайы өмірден алынғандай болып көрінетін. Бірде дастарқан басында ол Ақиқат министрлігі туралы айтып, қатты күлді, өздеріңіз елестетіп көріңіздерші!

Солженицын, Александр
(1918-2008) – орыс жазушысы

Оруэлл, Джордж
(1903-1950) – ағылшын жазушысы, публицист



СТАЛИН

Күнделікті жаңалықтар идеологиялық желіге сай көшіріліп шығарылатын жерді де елестетіңіздерші.

«Мені Әдебиет басқармасында немен айналысты деп ойлайсың?» – деп сұрады Рузя әжем сол байсалды әрі сақ күйінен танбай.

Басәдеб. «Бас – басты. «Әдеб» – әдебиет. Басты әдебиет басқармасы дегенді білдіреді. Автобустан түскеннен кейін серуендеу кезінде Рузя әжем маған ол жерде немен айналысқанын айтып береді. Басында ол үш жыл бойы бәрімізге таныс Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын бақылау бөлімінде жұмыс істеген. Кітаптарға, журналдарға және қағаз бетіне шыққан дүниенің бәріне шегарадан асқанда бақылау жүргізіледі. Пошта осындай жөнелтілімдерді Әдебиет басқармасына жіберіп отырады, мұнда «саяси редакторлар» ретінде танымал оқырмандар тобы шыққан әдебиеттен антикеңестік ескерту белгілерін тексереді, кейін олардың зейнеткерлік кітапшасына «цензор» деген жазба түсті.

«Кейде біз оларға «Рұқсат» деген мөр қоятынбыз, осыдан кейін ғана олар кітапханалар мен дүкендерге жөнелтілетін», – деді әжем. – Бірақ бұл анда-санда болатын. Көбіне біз «Ішкі қолданыс үшін» деген мөр қоятынбыз. Демек, кейде бірнеше бетін жұлып алуға болатын, бірақ біз оған тыйым салдық. Себебі ешбір журнал бетінде Кеңес Одағын қаралайтын дүние жариялана бермейтін. Адамдар Шекспирді не **Диккенсті** шетелге жіберген жоқ қой. Олар қазіргі заман әдебиетін жіберетін. Арнаулы кітапхана деген атақ алу үшін «тіпті Кеңес Одағы секілді демократиялық емес қоғам» деген секілді фразаның өзі жеткілікті.

Өзге елдің тілшісі аккредиттеуден өткен сайын әжем сол тілді тез меңгеріп алуға міндетті. Ол неміс, француз және ағылшын тілдерін білетін. Италия, чех, румын, поляк тілдері де қиындық тудырмайтын. Ал венгер тілін қанша үйренуге тырысса да, сөздіктен аса алмады...

Ол кейбір дүниелерді ешқашан ұмытпайды. Кей журналистерді де. **АҚШ АА-дан** келген Вальтер Кронкайт – көп әңгіме жазған, бірақ оның бәрі жұтаң әрі қызықсыз, «тым зеріктілерлік» болды. Бірақ «*Нью-Йорк Таймста*» жұмыс істеген Макс Франкел ерекше жазушы еді. «Түсінесің бе, оның өз ойы болды, әрі оны батылдықпен тура жеткізе білетін». Ол оның мақалаларын сөзбе-сөз аударып, оны Сталиннің хатшысына шабарман арқылы жіберіп отырды. Оның Франкель «түзеген» көшірмесі бірнеше сағат ішінде Нью-Йоркке телеграфпен жіберілді. Әдетте таңертең аяқталатын ауысым сайын ол Сталиннің кабинетіне жіберілетін күнделікті жаңалықтар жинағын дайындайтын, себебі жөнелтілімнің басым бөлігі түнде жіберілетін, бұл шетелдік тілшілердің кеңес газеттерінің бетінен алған дүниені орыс тіліне аударуға үздіксіз жаттығудың зор мүмкіндігі еді, көбіне кеңестік оқиғаларды баяндауға ғана рұқсат етілетін. «Жалпы алғанда мен Әдебиет басқармасында он бес жылдай жұмыс істедім, осы он бес жыл ішінде аудармадан бірде-бір қате жіберген емеспін». Мен оған сендім. Өйткені ол қате жіберсе, оны білер еді. Жіберген қатенің жазасы ауыр болды.

Ол кей сәттерді ешқашан ұмытпайды. Мысалы, «Дәрігерлер ісі».

Диккенс, Чарльз
(1812-1870) – ағылшын жазушысы

АҚШ АА –
«United Press International»
– АҚШ ақпарат агенттігі

«Дәрігерлер ісі» 1952 жылы басталды. Ол бұл оқиғаны алғаш рет кабинеттегі машинистен естіді. Бірақ ол кезде Рузяның жұмысынан айырылып қалудан қалай қорыққанын білуге тиіссіздер. Космополитизмге қарсы науқанның бесінші жылы басталды, қарқынды ресми **антисемитизмнің** бесінші жылы, еврейлер жұмыс таба алмай не университеттегі орнынан айырылып сенделген бесінші жыл. Жұмыссыз қалса, Рузя мен баласының жағдайы мүшкіл болар еді. Оның бөлімдегі шетелдік тілшілерді бақылайтын жалғыз еврей болғанын әрі ұжымдағы партияға мүше болмаған жалғыз адамның да әжем екеніне назар аударсаңыздар. Бұл кезде оның жұмыстан айырылудан қорыққаны соншалық, ол партияға кіруге де дайын еді, бірақ еврей болғандықтан мұны істей алмады. Содан машинист былай деді: «Олардың еврейлерді Сібірге жер аударуды жоспарлап жатқанын білесің бе?».

Осыдан кейін тілшілер де осыны растайтын мақалалар жаза бастады. Расында осылай болары анық еді. Сталин өзге этностың өкілдерін толық жер аударды: ол шешендер мен ингуштарды Кавказдан, татарларды Қырымнан және немістерді Волгадан Қазақстанға айдап жіберді; ал енді еврейлер ұлттың «күнәһар текесіне» айналғанда ойланбастан жер аударар еді. Космополитизмге қарсы драма ушығып тұрған кез еді, барлық газетке еврей дәрігерлерінің күнәсіз кеңес азаматтарын өлтіру туралы қастандығы баяндалған сұмдық оқиға – «Дәрігерлер ісі» жөнінде жарыса жазылды. Оларды «ақ халатты әзірейілдер» деп атады. Тарихқа сүйенсек, үлгі сот процестері өткізілді, Қызыл алаңда дарға асып, ел ішіне бүлік салды. Сосын қайырымды үкімет еврейлерді құтқару үшін бәрін Сібірге айдап жіберер еді.

Тілшілер оқиғаның осындай желісі орын алуы мүмкін екенін жазуын тоқтатпады, ал әжем оларды сызып тастаудан жалықпады. Ол мұның бәрі ақиқат екенін білді, бірақ ол бұл ақпараттың жарыққа шығуына жол бере алмады, себебі оның өнімді жұмыс атқарған әрбір күні айдауға жібермеу мүмкіндігін арттырды. Ал тілшілер кейде оған түн сайын алда не күтіп тұрғанын ескертіп, жазудан жалықпады.

Цензорлардың шетелдік тілшілермен араласуына тыйым салынды, бірақ олар әжемді бірнеше рет көрген. Бөлімдегі жас әрі әдемі әйел болғандықтан, оны әрдайым кеңес тілшісі ретінде баспасөз конференцияларына жіберетін..

Тілшілерді цензордың жеке басына қатысты мәлімет қатты қызықтыратын (олардың бәрі жолдауларын бір адам оқиды деп ойлайтын). Олар тіпті дауласып та қалатын. Кейде олар цензорды қарындашпен үлкен белгі қоятын еңгезердей ер адам етіп елестетін.

Мен 1997 жылы Мәскеуде Халықаралық жастар және студенттер конференциясының қырық жылдығына қатысты құжатпен танысу барысында

Антисемитизм –
еврейлерге деген
жеккөрушілік және
әділетсіз көзқарас

Патриарх –
бұл жерде мағынасы: «кез-
келген қызметтің ең көне
өкілі»

Си-Ви-Эс –
американдық телеарна

америка радиосының комментатор-патриархы Даниел Шордың 1956-1957 жылдары **Си-Би-Эстің** Мәскеудегі тілшісі болғанын білдім.

«Мұны білу сіз үшін әлі ерте болар, – деді маған Шор телефонмен, – алайда ол кезде Кеңес Одағында шетелдік тілшілер цензурасы болды».

Мен білетінімді айттым. Мен тым жас емеспін әрі цензордың немересімін. Мен оған цензордың қарт, келбетті еврей әйел екенін айттым. Тіпті мен оған Мәскеуге ат басын бұрып жатса, бетпе-бет кездесуді ұсындым. Ол мені түскі асқа шақырады.

Сіздің ойыңыздағы нәрсені бүкпесіз айта алатыныңыз, бірақ қандай да бір себептермен айтпай қалатыныңыз, кейін есіңізге түскенде онымен бөлісетініңіз тәуелсіз журналистік қызметтің басымдығының біріне жатады. Біз бір аптадан кейін Вашингтонда мейрамханада кездескенде Даниел Шор маған Ұлттық қоғамдық радиоға қатысты сұхбатының мәтінін көрсетті, мұнда ол менімен әңгімелесуін «бетперде киген өзیرهйілмен кездесуге» теңейді. Әңгіме барысында мен оған әжеммен кездесуді ұсынамын, бұған ол қырық жыл бойы еңгезердей ер адамды жек көргеннен кейін жылы шырайлы әжейдің бетіне тура қарай алмаймын деп жауап қатты. Ол: «Әжеңізге сәлем айтыңыз, оған соңғы жолдаудың өшірілгенін жеткізіңіз», – деді.

Мен бұл сәлемдемені әжеме қалай жеткізетінімді ойлап, алаңдап отырмын, ал ол риза. Әжем Рузаның қалай күлетінін әрі оның күлкісінің сыңғыры мен орыстың «р» әрпімен үйлесімін міндетті түрде естуге тиіссіз.

«Мен кей жігіттерге хабарласып, бәрін айтып бердім, – деді Даниэл Шор ас үстінде. Сіз қарсы емес шығарсыз». Ол сексенде.

Бір жылдан кейін «жігіттердің» бірі хабарласты. Мартин Калб – Гарвардтың жанындағы бұқаралық ақпарат құралдары орталығының басшысы, ол 1959 жылы қызмет еткен Мәскеуге келгелі жатқанын, әрі әжеммен кездескісі келетінін де айтты. Мен кешірім сұрап, әжемнің ол кісінің жұмысын тексермегенін, бұл кезде оның жұмыстан шығып кеткенін жеткіздім. Ол бәрібір кездескісі келетінін білдірді.

Әжем осы кездесуді күткенде қатты қобалжыды. Оның барлық құпияны білгісі келе ме? Бұл дұрыс емес: ол құпияны ашпауға уәде берген. Ол әжемнің өміріне қызығушылық таныта ма? Оған мұның не керегі бар?

Ол Калб пен әйелі сөзін бөлгенше тоқтамастан өз оқиғасын баяндады, себебі оларды автобус Кремльге апаруы керек еді. Ол маған осы оқиғаны дәлелдеп, сәті түскенде өзінің Әдебиет басқармасынан қалай кеткенін Калбқа айтып бергісі келетінін жеткізді. «Ол сондай сымбатты», – деп күлімдеді әжем.

Бірнеше аптадан кейін мен Калбтан хат алдым, мұнда ол кездесуге алғыс білдіріп, оның орталығынан шәкіртақы алуға өтінім беруді ұсынады. Әжемнің цензорлық қызметі Гарвардта оқуға шәкіртақы алуыма септігін тигізеді деген ой маған қызық көрінсе де, мен оған жауап бермедім, себебі мен берекесіз әрі жалқау жанмын.

Оның Әдебиет басқармасынан кету оқиғасы айтуға тұрарлықтай емес. «Дәрігерлер ісі» аяқталған соң ол ақыры партияға мүше болады. Сосын Хрущев Сталиннің жеке басына табынумен күресті бастағаннан кейін 1956 жылы Әдебиет басқармасының басшылығы ауысып, тазартулар жүргізіліп, оны кәсіподақ жиналысында тоқыма тоқып отырғаны үшін жұмыстан қуып жібереді.

Ол өмірінде бірде-бір зат тоқыған емес, әлдекімнің оны жазалағысы келгені анық.

Біраз уақыттан кейін ол **Руаль Амундсен** мен **Жак Кустоның** саяхат пен зерттеулер туралы кітаптарын аударуды қолға алды. Қазір жетпіс сегіз жасында ол махаббат романдарын аударып, нәпақасын тауып отыр. Ол машиналардың кейбір бөлшектеріне, кейде тіпті анайы терминологияға қақтысты менімен кеңеседі.

АХАЖ аудармасы – ОАУ, Душанбе, 2004.

Дереккөз: Гессен, Маша. Моя бабушка – цензор// Интернет. Гранта 64: Ресей: Жабайы Шығыс. URL: [www.granta.com/extracts/655], 2004 жылғы 28 мамырдағы соңғы жолдау.

Амундсен, Руаль
(1872-1928) – норвегиялық
полярлық саяхатшы және
зерттеуші
Кусто, Жак-Ив
(1910-1997) – Француз
океанологы

ТАЛҚЫЛАНАТЫН СҰРАҚТАР:

1. Баяндаушының шыққан тегі қандай? Мұның баяндау тақырыбына қандай қатысы бар?
2. Әжесі Коммунистік партия мүшесі болғанына қарамастан автордың ата-анасы неліктен «өзгеше ойлайтын» коммунистік идеологияның Рузя әжейдің өміріндегі орны қандай? Рузя әжейдің кеңес билігі туралы түсінігін зерделеп көріңдер. Оның Әдебиет басқармасындағы жұмысы саяси көзқарасын қалай өзгертті?
3. Рузя әжей мемлекеттік цензор бола тұра өз балаларына нағыз цензор бола алды ма? Машаның ата-анасы неге Ресейден көшіп кетті? Машаның ата-анасы қандай жағдайда өсті?
4. Рузя әжейдің жұмысына қатысты ойы қандай? Ол беделді, дұрыс жұмыс таңдадым деп ойлады ма?
5. Ресейге Сталин билік еткен жылдары еврейлерге қалай қарады? Рузя әжей неден қорықты?

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Америка журналистерінің цензордың жеке басына қатысты пікірінің «ауылдың жақсы адамдарының» көзқарасынан айырмашылығы қандай?
2. Америкалық журналистің бірі цензордың әйел адам болғанын білгенде неге таңғалды? Мұның Адивар мен Вулф талқылаған әйелдерге қойылатын талаптар мен көзқарасқа қандай қатысы бар?



"ТҮН ТҮНЕГИНЕ КЕТКЕНДЕР". Суретші Бабыр Исмаилов (Ўзбекстан)

ТИМУР ЗУЛЬФИКАРОВ: ОМАР ХАЙЯМНЫҢ «СЫР АҚТАРУ» КІТАБЫ

Тимур Қасымұлы Зулфиқаров – ақын, прозаик, сценарист әрі драматург. 1936 жылы Душанбе қаласында дүниеге келген. М. Горький атындағы Әдебиет институтын бітірген (Мәскеу, Ресей). 30 «Бірегей, үздік проза мен поэзия» кітабының авторы, бұлардың таралымы миллион данадан асқан. Аты аңызға айналған Қожа Насреддин, Омар Хайям, Иван Грозный, Әмір Темір туралы романдары мен «Ақынның жердегі және көктегі саяхаты» атты қазіргі ақынның қазіргі өмірі мен о дүниедегі өмірі туралы монументалды хикаясы кең танымалдыққа ие болды.



Мен, Имам Гияс ад-Дин Әбу-л-Фатх Омар ибн Ибрахим, бүгін «Сыр ақтару» кітабын сөйлетемін.

Өз өмірімнің Кітабын оқып беремін.

Бір алла өзің жар бол, жәрдем ет!

Ана жаққа аттанар алдындағы әлсіз қолымнан ұста!

Мұздаған суық тілімді ұста!

Қорасан мешіттерінің көне мұнараларындай құлаған тілімді ұста! Жамиа әл-Хуляф Халифаларының Бағдат мешітінің Ұлы мұнарасы сияқты сансырап құлаған тілімді ұста!

Нишапурдағы Укаил мешітінің бөтен далалық селжүктердің қоршауында қалып қисайған Ұлы Мұнарасындай тілімді сақта... Олар жабылып мешіт қабырғаларын Мекке қылышымен шауып жатыр! Мешіттерді тып-типыл қылып қиратып жатыр!..

Аллам өзің жар болшы!?

Көмектесесің бе маған?..

Аллам, таңмен таласа тұрып бауыздалған өтештей өн салдым.

Қырылдап. Үзіп-үзіп. Құпия...

Бірақ өнімді үзбедім.

Төгілген ащы қаныма тұншығып, демігіп салдым өнімді...

Бірақ мен мылқау да кеше империяға өн салдым ... Келімсек **селжүктердің** империясына арнап өнімді айттым ...

Өнімді айттым. Жаратқан!..

Бірақ!..

... Енді селжүктердің заманы келді (селжүктер билейтін заман келді).

Оған қоса мылқау муадзиндердің уақыты келді (мылқау муадзиндердің дәурені келді).

Бауыздалған тамағын қырнап өн салатын өтештердің уақыты келді (бұл уақыт та келіп қалды).

Селжүктер –
Сырдария ауданында
тұратын оғыз – түрікмен
тармағы

Міне мылқау көмейдің заманы келді... мылқаулардың уақыты... ажал жебесін шақыратын ауыздардың ән салатын заманы... қисық, керең, қарлыққан көмейдің уақыты (келді!).

...Сонда ата жебесін ұмыттың ба?

Сонда әлгі ата жебесі ұмыт болды ма?

Сонда сен әлгі жебені үнсіздер елі халифатындағы империяда ұмыттың ба?

Сонда соңғы мұнараны да ұмытқаның ба? Солай ма, ата? иә ма ?..

Бірақ!

...Ата, ата, оян, ата, оян, оян, ата, тұр!..

Бұл менмін, балаң Омар Омар, оян ата!..

Тұр ата!.. мен Омармын, Омармын, Омармын... сенің ұлық, ата... сенің Омарың ... шашы тақырлап алынған, сенікі сияқты қара, Хераттың толық алхорысындай қара көзді менмін бұл... көзім жасқа шыланып .. тұр, оян, оян, ата, ата, ата ... жақыным ... муадзин .. мылқау, даусы қарлығып ән салған, көмейіне құм құйылған әнші кекілігіңмін мен сенің!..

Ата, әке, оянсаңдаршы...

Ұлым, ұлым, Омар, Омар ақын... неге... неге... неге мылқау әтеш түн қараңғысында шақырады, неге ақын өлімді жеңген жебелер империясында, өлім мен ажал империясында қалды? .

Ұлым, ұлым Омаржан, Омаржан, мен сенімен біргемін, мен ажалы жеткендер үйіріндемін қазір, мынау менің тозған жасыл Бұқар шапанымның жеңін шайнап тұрған қошқар көзді Әзірейіл періште...

Бірақ, бірақ, бірақ, ұлым Омаржан, көршім Учкун-Мырзаға (ол азаптың тұтқынында, балам!) айт, мен сол бір кездегі мұнарадағы масайраған жебені кешіремін...

Бар да, айт, Омар!..

Пайғамбарымыз мінберден сөйлеген соңғы сөзінде былай деп айтты: О, мұсылмандар, қайбіріңе қол көтерген адамға, міне менің арқам, мені де ұрсын ...

Егер біреу маған ренжісе – сол ренішін мені ренжітіп қайтарсын ...

біреуге арналған қайырлы затты алып қойған болсам – оны қайтарып алсын менен ...

Менің қаһарыма ұшыраудан қорықпа – менің табиғатымда қаһар жоқ ...

...Бірақ соңғы Өмір тақтасында, жаназадағы соңғы жуындыру тақтасында, мен Қожа Имам Омар ибн Ибрахиммін, маған иіліп жолдас болған сүйікті достарыма айтамын ... Музаф-фар әл Исфазари, Қори-Мансур құмырашы, Әбу-л Хасан әл Бай-хаки менің ертеректе бай әрі бал дастарқанға бірге отырып, дос-жар болған үзеңгілестерім... Мұхаммед әл Бағдади — математика маманы, алыс әпкем Муниффа-апаның күйеуі, жездем ...

. . Муниффа апа, әпке, қолыңды маған анау жақтан, күзгі шабындықтың дымқыл шөбі жиналған жақтан бұлғайсың ба...

Қол бұлғап тұрсың ба? Шақырып жатырсың ба?.. апа... қол бұлғайсың...

Күйіп қалмайсың ба? ыстық па?.. апа, алақаныңда қайнап жатқан Хиссардың қазанынан жаңа алған қатпарлы самса от болып жанып тұр ғой...

Маған оны бересің бе?.. апа, әпке, маған бересің бе... бала кездегідей ме...

Шақырасың ба? қол бұлғап тұрсың ба?.. шақырып жатырсың ба?..

Жақында келемін! Аз қалды

Жақында боламын, апа... самсаң суып та үлгермейді, алақаның да суымайды... ақпандағы **Ветла** сияқты дірілдеген арық қолыңдағы самбуса суымайды, ... самбусаң әлі суып үлгермейді, жарқыным... қайнап жатқан самбуса әлі суымайды... қолың да күйіп үлгермейді...

Мен жақында келемін! Жақында... аз қалды... жарқыным ... апам...

Бірақ қолың менен сондай алыс!.. Сен қол бұлғайсың... шақырасың... бірақ алдап-арбамайсың

сол жақтан... ана жерден...

Алыстан!..

Міне қолың сенің жақындады маған...

Енді міне жаназадағы соңғы жуындыру тақтасында (бірақ оны тәнім менің сезер ме, ал жаным шығып үлгере ме) үңіліп бетіме қараған жақындарыма айтамын, сүйіктілерім менің, соңғы көрген адамдарым, данышпан бірақ көздері мұңға толған ардақтыларым менің...

Сендерге айтамын!..

Әлі саз халифатында айтамын, жылы өлі саз бен қыш империясында айтамын!.. Бөтендер империясында, селжүктер халифатында, Жебелер империясын тіміскілеген аңшылар империясында айтамын...

Мен айтамын...

Жақындады! Тақуалар өздерінің тақуа екенін, ал күнәһарлар өздерінің күнәһар екенін білмейтін уақыт таяп қалды...

Өйткені өзі еркін... өзі сұм жандардың жүрегінде құдай болмайды...

Шегара да болмайды, талай адам жан дүниенің шегарасынан шығып кетеді...

Түнекте тозақтан жұмаққа, жұмақтан тозаққа тентіреп жүретін тобырдың заманы келеді!..

Ал ол заман жақын! Бұл күндер менің соңғы жуыну тақтам сияқты жақындап қалды, Ибрагим атаның Дамаск құмғанынында жерлеу суы бар... міне, ол менің басымда тұр... дайындалып жатыр...

...Міне, енді қараңдар, мына құмғанда жаңа ғана тіршілік қайнап, шарап құйылып тұрған еді, ал енді бұл құмғанда өлілер суы... молаға арналған... өзі мылқау!..

... Бірақ сендер бәрің ол заман жақын қалды дейсіңдер, басқаны үміт етесіңдер, бірақ ол уақыт келіп қойды емес пе?!... келді міне...

О заман келді, ... бұдан да қиын кездер келеді....

Өмір өзен ағады, ағады, ағады, ағады...

Бірақ ол мәңгілікке жоғалмайды, жоғалмайды, жоғалмайды

...

Жаратқан!...

.. Аса мейірімді, ерекше рақымшыл Құдайдың атымен бастаймын! ..

Пайғамбарымыз Мұхаммедке Алла разы болсын!

Лә-иллаһә ил-Аллаһу Мухаммад Расулуллаһ!

Лә-илләһа ил-Аллаһу Мухаммад Расулуллаһ!..

Аллаһтан басқа тәңір жоқ және Мұхаммед оның елшісі!.. Иә!..

Фатиханы оқыдым!!

Мен Имам Ғияс ад-Дин Әбу-л-Фатх Омар ибн Ибраһиммін. Мен Сыр ақтару кітабын жаздым.

Мен өмірімнің кітабын айтып бердім.

Мен өлімімнің кітабын айтып бердім.

... Кетпе, кетпе, толқын, толқын, құдіретті толқын!..

Құдіретті толқын кетпе!..

Ол кетпейді де...

Кетіп барады, кетіп барады...

Жаратқан!...

1973 ж.

[**Дереккөз:** Зульфикаров Т. – Омар Хайямның Сыр ақтару кітабы / Көк пен жер патшалары. – М.: Худож. лит., 2009. – 335 -354 беттер]

ТАЛҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

61

1. Тимур Зульфикаровтың шығармашылығындағы ақын Омар Хайямды не толғандырады?
2. Омар Хайямның тарих туралы сырлары бүгінгі күнмен қаншалықты үндестікте?
3. Сіздің ойыңызша, О .Хайямның жан сырының негізінде не жатыр: тарихи ескерту, кек, адамгершілік, жанашырлық па, әлде басқа нәрсе ме?
4. Тарихи дағдарыс кезеңдерінде ақынға қандай жауапкершілік жүктелген?
5. Омар Хайям көзқарасы бойынша ең тарихи қажеттіліктен қандай құндылық жоғары тұрады?

ТАЛДАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. «Айырмашылық» және «қабылдау» ұғымдарының бір-бірінен айырмашылығы неде? О.Коннор, Вулф, Гессен Адывар және Зульфикаров шығармаларындағы «басқаларды» қабылдауды еске түсіріңіз,
2. Сіз өз қоғамыңызда немес қауымдастықта кімді «басқалар» деп атайтын едіңіз? Бұл тарауда қабылдау туралы не білдіңіз?
3. Бұл тарауда біз әйелдердің әр түрлі уақыттағы әртүрлі көзқарастарын оқып талқыладық. Қазіргі заманғы әйелдерге сіздің қоғамдағы көзқарас қандай? Сіздің ойыңызша, әйелдің рөлі ерлердің рөлімен тең бе? Неге иә? Неге жоқ?
4. Біз «біз» және «олар» шеңберіндегі басқалар туралы ойлау әрқашан дұрыс па? Басқаларға қойылатын талаптар адамдардың белгілі бір топтарға қалай қарайтынына әсер ете ме? Хопуэлл ханым мен Фриман ханымның көзқарасын еске түсіріңіз. «Жақсы ауыл адамдарын» Вольфтың «Өз бөлмесі» жұмысымен салыстырыңыз.
5. «Басқаларды» түсіну қоғамда белгілі бір топтар үшін өмірді қалай қиындатады? Гессеннің тарихы аясында
6. Сталиндік Ресейдегі еврейлерге деген қатынас пен Вольфтың әйелдер туралы эсселері шеңберінде қарастырыңыз.
7. Осы жазушылардың «басқаларды» бөліп көрсету туралы алаңдаушылығын салыстырыңыз.
8. Тимур Зульфикаровтың шығармасында адамзаттың жеке және әмбебап құндылықтарының қарым-қатынасы аясында ақынның өзімен және «басқалармен» рухани диалогы қалай жүзеге асырылады? Осы бөлімнің қай авторлары Тимур Зульфикаровтың идеяларымен үндеседі?

ЕКІНШІ ТАРАУ

МӘДЕНИЕТ, САЯСАТ ЖӘНЕ ЖЫНЫСЫ ТҰРҒЫСЫНАН «ӨЗГЕЛЕРДІ» ТҮСІНУ

КІРІСПЕ

Екінші тарауда біз мәтіндерді не объектілерді интерпретациялаудан адамдарды интерпретациялауға көшеміз. Оқырманға адамдардың әлемге көбіне «біз» және «өзгелер» тұрғысынан қарау идеясы ұсынылады. Біз «біз» ұғымын абсолюттік тұрғыдан емес, керісінше біздің қарым-қатынасымыз бен көбіне басымдық пен артта қалушылық ұғымдарына негізделген «өзгелерден» ерекшелігіміз тұрғысынан айқындаймыз. Оқырман осындай жіктеудің өзгелердің ниетін, іс-әрекетін, құндылықтарды, сөзі мен еңбегін интерпретациялау әдістеріне, сондай-ақ мұндай қабылдаудың өзара қарым-қатынасқа қалай әсер ететінін назардан тыс қалдырмауы керек. Сонымен бірге оқырман біздің қабылдауымыздың нақты болмай қалуы жөнінде ойланады, себебі ол көбіне біздің басқа тұлғалармен қатынасымыздың нақты тәжірибесіне емес, адамдар тобы қабылдаған жалпылама түсінікке негізделген.

Әдетте бұл тақырып негізінен шығыстану ғылымына сілтеме жасау үшін қолданылатын ориентализм термині туралы пікірсайыстың аясында қарастырылады. Алайда, соңғы жылдары бұл сөздің мағынасы кеңейді. Қазір «ориентализм» ақиқатқа қарағанда жалған сенім мен құмарлыққа негізделген Шығысқа деген көзқарастың қалыптасқан түрі. Осы саланың көрнекті ғалымы Эдвард Саид Шығысқа деген осындай көзқарасты айырмашылықтарды әсірелегені және әлем мәдениеттері арасында қажетсіз әрі жалған бөліністер қалыптастырғаны үшін сынға алады. Мотыльдің «Белое солнце пустыни» фильмінде Батыстың Шығысты қалай бейнелейтініне лайықты мысал келтіреді.

Осы жұмыстарды оқып шығып, фильмді көрген соң әр автордың не режиссердің өзі жазған не фильм түсірген топқа деген көзқарасын анықтауға тырысыңыз. Жазушылардың ұлтына, жынысына және дініне байланысты қате түсінігінің «өзгелер» түсінігіне қалай әсер еткенін анықтаңыз. Тым болмағанда өзіңізге осы жазушының біреуі өз түсінігін елемей, «өзгелерге» артта қалған, әпенді не бізден ерекше адамдарға деген көзқарастан басқаша қарап көрді ме деген сауал қойыңыз. Бұл жазушылар «өзгелерді» қарастыру арқылы өзін жақсы түсіне алды ма, осыған ой жүгіртіп көріңіздер.

Екінші тараудағы сындарлы ойлауды дамыту жөніндегі бөлім студенттерге ақпарат көздерін бағалауға көмек көрсетуге арналады. Мәтіндегі ақпараттың дұрыстығын әрі шындығын қалай анықтар едіңіз? Осы тарауда ұсынылған жаттығу бұл сұрақтың жауабын көрсетеді.



ҚЫЗЫЛ АРМИЯШЫ СУХОВ.

"Шөл даланың ақ күні «фильмінің басты кейіпкері

ВЛАДИМИР МОТЫЛЬДІҢ «Шөл даланың ақ күні» фильмі

Владимир Мотыльдің «Шөл даланың ақ күні» (Белое солнце пустыни) (1969) фильмі – кеңес киноиндустриясының жауһарларының бірі. Анатолий Кузнецов, Павел Луспекаев, Спартак Мишулин деген актерлер ауыр жағдайда жұмыс істеді, себебі фильм Орталық Азиядағы Арал теңізінің маңындағы шөлді жерде түсірілді. Үйіне оралуды армандаған сарбаз Сухов Түркістандағы Қызыл Әскерде қызмет етеді әрі басмашылармен күреседі. Сухов өзіне артылған Кеңес Республикасын дамыту әрі қорғау міндетін атқара жүріп, шығыс әйелдерінің гаремін басмашылар қолбасшысының қолынан құтқарып қалады. «Белое солнце пустыни» фильмінің кеңес халқының арасындағы танымалдығы мен атағына қарамастан, кеңес билігі Мотыльді ұнатпайтын әрі тағдырдың төлкегімен Мотыль Кеңес Одағында лайықты құрметке ие болмады. Фильмді көрген кезде қай кейіпкерлердің жағымды, ал қай кейіпкерлердің жағымсыз екенін, олардың қайсысы өркениеттен хабардар, ал кімнің өркениеттен ада екенін, кімді картинаның басты кейіпкері, ал кімді қосалқы кейіпкер деп атауға болатынын ойлап көріңіз.

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. «Шығыс – ерекше нәзік іс» цитатасын қалай түсінесіз?
2. Сухов қиялындағы әйелімен болған әңгімесінде ол өзінің азаттық алу кезеңінде өмір сүріп жатқанын атап өтеді. Сухов Орталық Азия халқын неден азат етеді?
3. Басмашылардың қолбасшысы Абдулла мен оның жақтастарының бейнесі осы фильмдегі Суховтың, Петруханың және Верещагиннің бейнесінен қалай ерекшеленеді? Қалай ойлайсыз, Мотыльдің сізге ұнағысы келе ме және неліктен олай істейді?
4. Суховтың қиялындағы әйелімен әңгімелесуі кезінде пайда болатын кейіпкерлер орталық Азия мен Ресейдің әйелдерге деген көзқарасының арасындағы қандай айырмашылықты көрсетеді?
5. Абдулла мен Саидтың әңгімесін еске түсіріңіздер. Абдулланың тәрбиесінің мақсаты қандай? Басмашылар кім болды? Мотыль фильм кейіпкерлерін бейнелеуде әділ ме әлде оның өз түсінігі бар ма? Жауаптарыңызды дәлелдеңіздер.
6. Суховтың Орталық Азияның әйелдеріне деген көзқарасы қандай? Мотыльдің кеңес дәуіріне дейінгі кезеңде Орталық Азияның әйелдерге деген көзқарасына қатысты не айтқысы келді? «Шығыстың тәуелсіз әйелдерінің жатақханасы» туралы үзінді мен Абдулланың гаремін қалай қайтарғаны туралы үзіндіні еске түсіріңіздер. Абдулла әйелдеріне Сухов пен Верещагин секілді адамгершілікпен әрі сыпайы қарай ма?
7. Мотыльдің «Белое солнце пустыни» фильміндегі Орталық Азия әйелдерінің бейнесін В. Вулф қалай қабылдар еді?
8. Верещагиннің мінезін қалай түсінесіз? Оның шыққан тегі қандай?

Неге ол Суховқа көтерілісшілердің жеңуіне көмектесу игі іс деп ойлайды? Верещагинді бұл іске не итермелейді? Оның үйінің қабырғасына салынған суреттерді, бейнелер мен картиналарды еске түсіріп көріңіздер.

9. Мотыльдің фильмінде Орталық Азия қалай бейнеленеді? Бүкіл Орталық Азия осындай болды ма, қалай ойлайсыз? Мотыль Шығысты бейнелеуде жалпылама бейнелерді қолдана ма? Жауабыңызды негіздеңіз.
10. Кейбір жергілікті тұрғындар, мысалы, Саид секілді адамдар Абдуллаға қарсы күресте Суховқа көмек қолын созуға дайын еді. Бұл достық ниетті білдіре ме, сіз қалай ойлайсыз? Неліктен иә немесе жоқ дедіңіз?
11. Кеңес дәуіріндегі адамдардың көбі «Белое солнце пустыни» фильмі қиындықтарды ұмыттырып, ауруларды емдеп, денсаулықты нығайтып, көңіл күйді көтереді деп санаған. Бұл фильмнің танымалдығы соншалық, оны тіпті мемлекеттік мереке кезінде кеңес телеарналарынан көрсеткен, қалай ойлайсыз, неге олай?

МӘТІННІҢ МАЗМҰНЫН БАҒАЛАУ¹

МӘТІН МАЗМҰНЫН БАҒАЛАУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ:

1. Кіріспені оқыңыз. Автордың мақсаты қандай? Ол әлденеге көзіңізді жеткізуге, әлденені анықтауға не растауға немесе сізге ұнауға тырыса ма?

¹ *Сұрақтар «Мәтіннің мазмұнын бағалау» ОВЛ Пурдудан алынды Оул Онлайн Райтинг Лэб. Вест Лафайтте: Пурду Университи, 2003. URL: http://owl.english.purdue.edu/handouts/research/r_evalsource3.html, 2004 ж. 31 мамырда соңғы кіру.



Абдулла — басмашылардың жол көрсетушісі

2. Автордың шығу тегіне және наным-сеніміне назар аударыңыз.
3. Берілген ақпараттың дұрыстығын растау үшін басқа дереккөздерді тексеріңіз.
4. Мақсатты аудиторияны анықтаңыз. Сіз осы аудиторияға жатасыз ба?
5. Ақпараттың ретін, стилін, бұрмалану деңгейін және дереккөз жариялаған уақытты қараңыз.

Фильмнің мазмұнын бағалау

1. Мыналарды анықтауға тырысыңыз:

- а) Мотыль фильмінің мазмұнында нақты деректер мен пікірлер берілген бе әлде насихат жүргізіле ме, сіз қалай ойлайсыз?
- б) Мотыль жеткілікті дәлел келтіре ме? Ол Орталық Азияның бейнесін толық қамти ала ма?
- в) Мотыльдің кейіпкерлері сөйлейтін тіл объективті ме әлде эмоциялық па? Бұл фильмде адамдар мен мәдениеттің жалпылама бейнесі қолданыла ма?
- г) Фильм мазмұнын жеткізуде автор, яғни кеңес фильмінің режиссері Владимир Мотыль сенімді әрі әділ ме?

2. Дұрыстығын тексеріңіз:

- а) Бұл фильм заманға сай ма? Ол 30 жыл кешігіп түсірілді ме? Жаңа зерттеулер шыға сала кейбір ақпарат ескіреді, алайда басқа ақпарат көздері шыққан соң бірнеше жыл өтсе де ол кәдеге жарауы мүмкін.
- б) Сіз Мотыльдің Орталық Азия туралы көзқарасын растайтын не жоққа шығара алатын басқа ақпаратты таба аласыз ба?
- в) Бұл фильм шындыққа жанаса ма? Осы фильм түсірілген киностудия туралы не білесіз? Кеңес Одағында киностудиялар тәуелсіз болды ма? Кеңес Одағындағы тәуелсіз және тәуелді киностудиялардың қызметінің нәтижесі қандай болды?
- г) Бұл фильмде дәлелденбеген маңызды не маңызды емес түсініктер бар ма?
- д) Осы фильмнің дәлелдері біржақты ма? Олар басқа көзқарасты мойындай ма? Егер мойындаса, ол қандай дәлелдер қандай және олар фильмнің мазмұнына қалай әсер етеді?

ДЖАЛАЛИДДИН РУМИ

ЖҮЗІМ ТУРАЛЫ

Кейде түсінбестіктің салдары
Досты дұшпанға да айналдырады,

Әр тілде айтылатын жалғыз-ақ нәрсе,
Жүректерде ыза отын жандырады.

Бірде түрік, парсы, араб пен грек келе жатып
Мейірімді адамды жолықтырыпты.

Ол тарту еткен теңге-тиын,
Араға жік салды, болыпты қиын.

Сонда парсы былай деді:
«Базарға барайық, ангур^{*1} сатып алайық!»

«Олай емес, – деді оған араб,
- Маған жүзім керек емес! Керек эйнаб!»

Араларына түрік килікті:
«Бұл не шу, достарым? Бәрінен артығы – узум!»

«Қандай адамсыңдар! – деді грек,
Алайықшы стафиль, дәмі оның ерек!»

Осылай олар мәмілеге келе алмай,
Бір-бірімен төбелесіп тарады-ай.

Бір жүзімді атаса да түрліше,
Білмеді олар, түсінді оны өзінше.

Надандық зұлымдықтың отын жақты,
Тістер мен қабырғалар сынып жатты.

Жүз тілді білсе біреу егер,
Бір-ақ сөзбен оларды бітістірер еді.

¹ Ангур – жүзім. Бұл тәмсілде дауласушылар жүзімді әрқайсы өз тілінде атайды (эйнаб – арабша, узум – түрікше, стафиль – грекше)

«Ақшаңызға, – дер еді ол,
Төртеуіңе керекті әперемін.

Тиындарыңызды төрт есеге арттырып,
Достықтарыңызды нығайта да түсер ем!

Бөлместен оны, төртке арттырармын,
Қалауыңызды орындап көңілдеріңізді де шат қылармын!

Сөз мағынасын түсінбесе дау болар
Ал түсінген – бейбіт күнге жол салар».

Дереккөз: Поэзия жұлдыздары. Парсы (тәжік) тілінен аударылған Душанбе, «Адиб», 1988, 249 бет.

Қазақша АХАЖ аудармасы



АРАБ ӘЙЕЛІ

Француз суретшісі Жан-Леон Жером (1824-1904) бейнелеген араб әйелі «Алмех» секілді «мұндай картиналарда көбіне ләззат алуға құмарлық бейнеленеді...». Батыстың шығыс әйелдеріне көзқарасы мен оларды «ориентализм» тұрғысынан жазғыруы.

ЭДВАРД САИД ОРИЕНТАЛИЗМ

Эдвард Саид (1937-2003) Ұлыбритания Палестинаны басып алған жылдары Иерусалимде дүниеге келді. Ол Құрама Штаттардың беделді университеттерінен білім алды. Өмірінің соңғы күніне дейін, яғни 2003 жылға дейін Нью-Йорктегі Колабия университеті жанындағы салыстырмалы әдебиет бойынша докторлық бағдарламаның деканы және университет профессоры болып жұмыс істеді. Оның жұмыстары әр елде он екі тілге аударылды. Ол – The New York Times, The Wall Street Journal, Le Monde Diplomatique, The Times, The Observer, El Pais секілді басылымдардан шыққан көптеген мақаланың авторы. Саид Палестина ісіне көрсеткен қолдауы мен Таяу Шығыстағы Американың сыртқы саясатына қатысты оппозициялық ұстанымымен танымал болды, осы арқылы оның көп дұшпаны да пайда болды. Оның ең ықпалды кітабы – «Ориентализм» (1978), мұнда Саид «ориентализм» құру арқылы отарлаудың ақиқаты не табиғаты туралы айтқаннан гөрі, басқыншылар мен олардың ессіз ниеті туралы көбірек айту идеясын ұсынады.



Мен сөзімді Шығыс табиғаттың инертті факторына жатпайды деген болжамнан бастадым. Батыстың өздігінен тіршілік етпеуі секілді ол да құр тіршілік етпейді. Біз **Виконың** тарихты, сосын білімді қалыптастыру адамдардың өз қолында деген керемет пайымдауына мән беріп, осы ойды жағрафияда қолдануға тиіспіз: тарихи мұраны айтпағанда, Шығыс пен Батыс жерлері, өңірлері мен географиялық секторлары секілді географиялық әрі мәдени мұраларға адамзат қалай қол жеткізді? Сондықтан да Шығыс та Батыс секілді өз тарихы мен салт-дәстүрі бар идея, оның ойы, қиялы мен сөздік қоры оны ақиқатқа айналдырып, Батыста және Батыс үшін бар екенін дәлелдеді. Осы екі географиялық элемент бір-бірін қолдайды, тіпті бейнелейді десек те болады.

Мұндай мәлімдемеден кейін ақылға қонымды дәлелдер келтіру керек. Біріншіден, Шығыс өзіне тән ақиқаттан тыс құрылған идея деген қорытынды жасау қате болар еді. **Дизраэли** өзінің «Танкред» атты романында Шығыстың мансабына қатысы болғанын жазғанда, Батыстың ақылды жастары үшін Шығысқа деген қызығушылық құмарлыққа айналғанын айтпақ болды. Дизраэли Шығысты Батыс жастарының мансапқа жететін орны ретінде сипаттайтын адам ретінде қабылданбауы керек. Шығыстан бастау алған мәдениеттер мен халықтар болған және әлі бар, олардың өмірі, тарихы мен салт-дәстүрі Батысқа қатысты айтылған пікірлерге қарағанда ұлы сипатқа ие. Осы ориентализм ғылымы бұл деректі үнсіз қабылдаудан басқа ештеңе алып-қоса алмайды. Алайда, осы жұмыстан түсінгенімдей, ориентализм идеясы Шығыс пен ориентализмді үйлестіру емес, ориентализмнің ішкі тұрақтылығы мен оның Шығыс туралы ішкі идеяларынан тұрады (Шығыс мансап жолы ретінде), оның «нағыз» Шығыспен сәйкестігі не сәйкессіздігі ескерілмейді. Менің ойымша, Дизраэлидің Шығыс туралы пікірі, **Уоллес Стивенс** айтып кеткендей, Шығы-

Вико, Джамбаттиста
(1668-1744) – итальяндық
философ және тарихшы

Дизраэли, Бенджамин
(1804-1881) – ағылшын
сенаторы және жазушысы

стың шынайы өміріне емес, қалыптасқан тұрақтылыққа, атақты Шығыс туралы идеяларға қатысты.

Идеялардың, мәдениет пен тарихтың күшін, немесе, нақтырақ айтсам, олардың билігінің құрылымын зерделемей тұрып, олардың байыппен қабылдана не зерттеле алмайтыны ойға қонатын екінші дәлел болды. Шығыстың жаратылуына сену – немесе, мен айтқандай, «ориентализация» – қиял секілді шынайы емес. Батыс пен Шығыстың қарым-қатынасы күштің, үстемдіктің және есептік гегемонияның түрлі дәрежедегі арақатынасына негізделген, мұны **К.М.Паниккар** «Азия және Батыстың үстемдігі»¹ атты классикалық еңбегінің кіріспесінде нақты атап өткен. Он тоғызыншы ғасырда Еуропаның қарапайым азаматы мұның бәрін шығыс үлгісіне ұқсатқандықтан, оны Шығысқа айналдыру мүмкіндігі болды, содан шығыс «шығыстанды». Мысалы, **Флобердің** египет **куртизанкасымен** кездесуі шығыс әйелінің кеңінен таралған бейнесін қалыптастырды деген дерекпен келіспейтін тұсым көп. Әйел ешқашан өзі туралы айтпайтын, ешқашан эмоциясын көрсетпейтін, өзінің бар екенін де білдірмейтін, тарихынан да сыр шертпейтін. Ол осы әйелдің атынан сөйлеп, оның мүддесін қорғады. Ол бөтен, ауқатты ер адам еді, бұл оның **Кучук Ханемді** (бұл жерде «**кіші ханым**» деген мағынада – аудармашыдан) физикалық тұрғыдан иеленіп қана қоймай, оның атынан сөйлеп, оқырманға «шығысқа тән» қасиетті нұсқайтындай басымдық беретін өктемдіктің тарихи дәлелі болды. Мен Флобердің Кучук Ханымға билік ету үлгісі кездейсоқ емес деп ойлаймын. Бұл Шығыс пен Батыстың арасындағы тұрақтылықты жақсы көрсетіп, Шығыс туралы ой толғауға мүмкіндік береді.

Бұл бізді үшінші ақылға қонымды пайымдауға итермелейді. Ориентализмнің құрылымы кейін жойылып кететін өтіріктің не аңыздың құрылымынан басқа ештеңе емес деп болжауға болмайды. Мен ориентализмнің ерекше құндылығын мұндағы Шығыстағы еуропалық-атлантикалық үстемдіктің нышанынан байқадым, бұған оның Шығысты шынайы талқылауының еш қатысы жоқ (ол академиялық немесе ғылыми нысанда қабылданатын күйі). Алайда біз ориенталистік пайымдаудың айқын біріктірілген қарқынын, оның әлеуметтік-экономикалық және саяси ұйымдарға тигізетін әсерін, сонымен бірге құрметке лайық төзімділігін құрметтеуге әрі түсінуге тиіспіз. Кез келген идеялар жүйесі 1840-шы жылдардың соңындағы **Эрнест Ренанның** дәуірінен бастап қазіргі кезге дейінгі даналықтың элементі ретінде өзгеріссіз қалуы керек (академиялық әлемде, кітаптарда, конгрестерде, университеттерде, шетелдік ұйымдарда), өтіріктер топтамасына қарағанда қомақты дүние болуы қажет. Сондықтан еуропаның Шығыс елдері туралы бос қиялы емес, керісінше ұрпақтан ұрпаққа жеткен материалдың едәуір мөлшері жұмсалған теория мен практиканың қалыптасқан ағзасы десек болады. Үздіксіз жұмыс ориентализмді Шығыс туралы білімдер жүйесінен Шығысты батыс түсінігіне сай електен өткізу үшін жалпыға ортақ кестеге айналдырды. Өнімді жұмыс көлемінің ұлғаюына қарай тұжырымдар ориентализмге ғана емес, ортақ мәдениетке де қолданыла бастады.

Грамши азаматтық және саяси қоғам арасындағы айырмашылық туралы маңызды тұжырым жасады, мұнда алғашқысы мектеп, отбасы мен одақтар секілді ерікті (немесе, тым болмағанда, тиімді әрі мәжбүрлі

Уоллес, Стивенс
(1879-1955) – американдық ақын

Паниккар, Кавалам
(1895 -1963) – Үнді тарихшысы, мемлекет қайраткері

Флобер, Гюстав
(1821-1880) – француз жазушысы

куртизанка - биші, жеңіл мінезді әйел

Ренан, Эрнест
(1823-1892) – француз тарихшысы, жазушы

Грамши, Антонио
(1891 -1937) – итальян саяси көшбасшысы, және теоретик

Хэй, Денис
(1915-1994) – британ тарихшысы

¹ Паниккар К.М. Азия және Батыстың үстемдігі. (Лондон: Джордж Аллен & урвин, 1959).

емес) мекемелерден құралса, соңғысы мемлекеттік ұйымдардан (өскер, милиция, орталық бюрократия) тұрады, оның мемлекет алдындағы рөлі үстемдігіне байланысты. Әрине, азаматтық қоғамда мәдениет маңызды рөл атқарады, мұнда идеялардың, мекемелер мен өзге адамдар қызметінің ықпалы мәжбүрлі түрде жүргізіледі, ал Грамшидің айтуы бойынша, жалпыға ортақ келісімге негізделеді. Сонымен, тоталитарлық емес кез келген қоғамда бір мәдениетке екінші түрі үстемдік етеді. Грамши осындай мәдени үстемдіктің түрін гегемония деп атады, индустриалды Батыстың мәдени өмірін түсіну үшін таптырмайтын сөз. Гегемония, немесе, дәлірек айтсақ, мәдени гегемонияның нәтижесі ориентализмге мен айтқан төзім мен күш береді. **Денис Хэй** ориентализмді Еуропаның идеясы² деп атаса да, «бізді» – еуропалықтарды, «олардан» – еуропалық еместерден бөліп тұрған ұжымдық түсінік жойылып кетпеді. Сонымен бірге еуропа мәдениетінің Еуропада, оның аумағынан тыс жерде үстемдікке ие болуына мүмкіндік берген нәрсені оның негізгі компонентіне жатқызуға болады, бұл еуропа азаматының еуропадан басқа барлық ұлт пен мәдениетке үстемдік ету идеясы. Сонымен бірге еуропаның Шығыс туралы түсінігінің гегемониясы бар, ол Еуропаның басқа Шығыс елдерінен басымдығын растайды әрі тәуелсіз не бәріне күмәнмен қарайтын ойшылдың бұған қатысты өз түсінігі болуы мүмкін деген тұжырымды жоққа шығарады.

Ориентализмнің тұрақты көрінісі Батыс азаматына өз үстемдігін жоғалтпай-ақ Шығыспен қарым-қатынас орнатудың бірқатар мүмкіндігін беретін стратегияны қамтиды. Ал ол неге басқаша болуы керек, әсіресе кейінгі Ренессанстан бастап қазіргі кезге дейінгі Еуропаның ерекше қуатты ықпалы күшінде болған кезде? Ғалым, білімді адам, миссионер, саудагер немесе сарбаз осында болды не Шығысты ойлады, содан XVIII ғасырдың соңынан басталатын кезеңдегі батыстың Шығысқа үстемдігінің астарынан академияға оқуға, мұражайда көрсетуге, отаршыл ведомствода қайта құруға, адамзат пен Жаратушы туралы антропологиялық, биологиялық, лингвистикалық, нәсілдік және тарихи тезистерді теориялық тұрғыдан сипаттауға жарамды Шығыс кешені пайда болады, мысалы, даму, мәдени тұлға туралы экологиялық және әлеуметтік, ұлттық не діни сипаттағы теориялар, сондай-ақ Шығыстың қиялдағы зерттеуі батыстың тәуелсіз түсінігіне негізделді, ал бұдан тыс жерде, ең алдымен, кімнің әлде ненің шығыстан шыққаны туралы басты идеяға, содан кейін эмпирикалық қызметпен ғана емес, нақты басқару логикасына, ниетіне, басымдығына, қосқан үлесі мен жобаларға сәйкес еш күмән тудырмайтын шығыс әлемі пайда болды. Егер біз ұлы ғалым Сильвестре де Сакюдің «Араб хрестоматиясы» не Эдвард Уильям Лейннің «Қазіргі египеттіктердің әдебі мен салт-дәстүрі» атты ұлы ориенталистік еңбектеріне сүйенетін болсақ, Ренан мен Гобино-

² Денис Хэй. Европа: рождение идеи. 2-е изд. (Эдинбург: Эдинбург Университи Пресс, 1968).

ны да атап өту керек, себебі олардың нәсілдік идеялары Виктория дәуірінің көптеген ұлы порнографиялық романдары секілді осындай күштен бастау алады (Стивен Маркустың «Нәпсіқұмар түрік» атты жұмысына жүргізілген зерттеуді қарап шығыңыз).

Сондай-ақ әлдекім өзіне бірнеше рет мынадай сауал қоюы мүмкін: ориентализмнің кейбір мәселелері көп материалды назардан тыс қалдыратын идеялардың басты тобының өзі, олардың әртүрлі еуропалық үстемдіктің, нәсілшілдіктің, империализмнің доктриналарына қанық әрі «Шығысты» мінсіз әрі өзгеріссіз абстракцияның түрі ретінде қабылдайтын догматикалық көзқарасқа ұқсас деген пікірді, немесе кейбір жандар авторлардың Шығысқа қатысты жеке талаптары ретінде қабылдайтын сансыз жеке жазушының қаламынан шыққан көп жұмысты кім жоққа шығара алады? Жалпы әрі нақты деген екі баламасының осы материалдағы екі нақты келешегі екені белгілі. Қос талапта да әлдекім Уильям Джонс секілді ізашарлармен, Нерваль мен Флобер секілді ұлы суретшілермен істес болуы тиіс еді. Ал осы екі мүмкіндікті неге бірге не бір-бірінен кейін қабылдауға болмайды? Мұнда айқын бұрмалау қаупі жоқ па (әрдайым әлденеге бейім академиялық ориентализмнің нақты үлгісі), сипаттаудың қандай да бір басты немесе спецификалық деңгейі жүйелі түрде сақтала ма?

Мен бұрмалау мен дәлсіздіктен, нақты айтсам, тым догматикалық жалпылаудан және позитивтік тұрғыдан оқшауланған мақсаттан туындайтын дәлсіздіктен қорқақтаймын. Осы мәселелермен күрескен кезде мен өзім атап өткен әдіснамалық немесе келешектегі қиындықтардан арылу тәсілін нұсқайтын қазіргі үш негізгі аспектімен жұмыс істедім. Бұл қиындықтар алғашқы сәттің өзінде осындай дәрежі жалпылама деңгейде өрескел полемика жазуға итермелеуі мүмкін, нәтижесінде бұл жұмыс оқуға лайық болмайды. Содан кейін бұл қиындықтар нақты әрі атомдық талдаулар сериясын жазуға түрткі болады, олардың айрықша сенімділігін ескере келе, осы білім саласында мәжбүрлі түрде ақпарат берудің ортақ белгілері жойылады. Сонда біз дара қасиетті танып, мәнмәтіннің пассив не диктаторлық, жалпыға ортақ үстемдігімен емес, оны зиялылықпен қалай өлшей аламыз?

АХАЖ аудармасы – ОАУ, Душанбе, 2004.

Дереккөз: Саид, Эдвард В. Ориентализм. – Нью-Йорк: Витэйж Букс Эдишн, 1979. 4-9 бет.

ТАЛҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Эдвард Саидтың Шығыс туралы түсінігін өз сөздеріңмен түсіндіріңдер.
2. Саид қалыптасқан ориентализм туралы идея мен шығыстану идеясын пысықтайды ма? Бұл кітапта Саидты қатты алаңдататын не бар?
3. Саидтың айтуынша, ориентализмнің шығу тегі қандай? «Ориентализм» термині қалай пайда болды? Шығыс қалай «шығыстанды»?
4. Неге Саид ориентализмді қолдан жасалған құбылыс деп санайды? Неге ол шығыстануға қатысты пікірлерді негізсіз деп қабылдамайды?

5. Саидтың айтуына қарағанда біз ориентализмді Шығыс туралы білім мен ғылым ағзасы ретінде қабылдауға тиіспіз бе? Неліктен иә немесе жоқ дедіңіз?

75

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Саид өз кітабында Шығыс пен Батыстың қарым-қатынасын күрделі гегемония немесе Батыстың үстемдігі деп атайды. Ол Мотыльдің фильмінен байқала ма? Мотыль «Белое солнце пустыни» фильміндегі азиялықтар мен орыс сержанты Суховтың қарым-қатынасын гегемония мен үстемдік түрінде бейнелей ме? Жауабыңызды дәлелдеу үшін фильмнен алынған мысалдарға жүгініңіздер.
2. Эдвард Саид Шығыстың артта қалуы мен еуропа мәдениетінің басымдығын талқылайды. Ол Мотыльдің фильмінен байқала ма? Суховтың әйелдерге деген көзқарасы Шығыстың артта қалғанын дәлелдей ала ма? Сіз қалай ойлайсыз, бұл фильмде еуропалықтардың «біз» түсінігі мен азиялықтардың «олар» түсінігінің еуропалық мәдениеттің үстемдігі тұрғысынан айырмашылығы бейнеленген бе?
3. Саид Флобердің египеттік куртизанка Кучук Ханем туралы оқиғасын қолданып, үстемдік етуге мысал келтіреді. Қалай ойлайсыздар, «Белое солнце пустыни» фильміндегі Орталық Азия әйелдерінің «кәдімгі шығыстың» әйелі ретіндегі бейнесі Флобердің бейнелеуіндегі әйелдерге ұқсай ма?



ТИМБУКТУДАҒЫ ДЖИНГАРЕЙБЕР МЕШІТІ

ЛЕО АФРИКАНУС. «АФРИКАНЫҢ СИПАТТАМАСЫНАН» АЛЫНҒАН ТИМБУКТУДЫҢ СИПАТТАМАСЫ (1526)

Лео Африканус – шын есімі Эл Хасан ибн Мухаммед эл-Веззаз аль-Фази (1485-1554) Гренадада (Испания) туған. Ол жетіге толғанда Фердинанд патша мен Изабелла патшайым басқа мыңдаған мұсылманмен бірге оның да отбасын елден қуып жібереді. Олар Солтүстік Африкаға тұрақтап қалған соң ол Фесде оқып, кейін ағасы Солтүстік Африкаға және суб-Сахаралық Гана патшалығына дипломатиялық мақсатта барғанда оған ілесіп жүрді. Кейін оны христиан қарақшылары тұтқынға алып, Қайта өркендеу дәуірінің ұлы Папасы Оныншы Левке ғалым құл ретінде ұсынылды. Лев X оған Иоханис Лео де Медичи деген жаңа ат қойып, босатады және оған Африкаға толық шолу жасап, қағаз бетіне түсіруді тапсырады, осыдан кейін ол Лео Африканус деген лақап атқа ие болады. Бұл сипаттама еуропалықтар үшін бірнеше ғасыр бойы Африка туралы жалғыз ақпарат көзі болды. Келесі бөлімде Ганадағы Тимбукту қаласы сипатталады. Тимбукту еуропадағы жету жолы ауыр қаланың нышанына айналды, ал Лео Африканус бұл қалаға келгенде ол африкалық тауарлар мен кітаптар саудасы қызып жатқан орталық болды. Осы «басқа» қаланың сипаттамасына бөтен адам ретінде Лео Африканустың ұстанымы қалай әсер еткенін ойлап көріңіздерші.

Бұл патшалықтың атауы заманға сай әрі ол **хижраның** 610 жылы (шығыс күнтізбесі бойынша 1232 жыл) **Манс Сүлеймен** патша **Нигер өзенінің** айрығынан шамамен он екі миль арақашықтықта салған қаланың құрметіне таңдалды.

Тимбуктудің халқы шарбақтан тұрғызылып, батпақпен сыланған және төбесі шатырдың орнына жаппа сабанмен жабылған лашықтарда тұрды. Қаланың ортасында сәулетші **Гранатаның** жетекшілігімен тас пен цемент ерітіндісінен салынған үлкен шіркеу тұр. Сонымен бірге мұнда осы сәулетші жобалаған үлкен сарай тұр, мұнда патша тұрады. Қолөнершілердің, көпестердің, әсіресе, мақта иірушілердің көп дүкені бар. Материалды еуропадан Тимбуктуға **Бербер** көпестері импорттайды.

Тамақ сататын күн әйелдерден басқа қалалық әйелдер бетін жауып жүреді. Тұрғындар, әсіресе сырттан келіп, елге тұрақтап қалғандар өте ауқатты, тіпті патшаның өзі екі қызын ағайынды екі бизнесменге берген, себебі олар өте бай еді. Тимбуктуда тәтті су шығатын құдық көп, сонымен бірге Нигердің суы көтерілгенде, су қалаға арық арқылы жеткізіледі. Дәнді дақылдар мен аңдар да көп, сондықтан тұрғындар сүт пен майды көп тұтынады. Алайда тұзды жеуге шектеу қойылған, себебі оны Тегаздан жеткізеді, ол Тимбуктудан шамамен 500 миль жерде орналасқан. Мен Тимбуктуда болғанда бір уыс тұз 80 **дукатқа** сатылатын. Патшаның қазынасы мол, мұнда монеталар мен алтын құймасы бар. Бұл құйманың біреуінің салмағы 970 фунтты¹ құрайды.

Манса Сүлейман –
1336-1359 жылдары
Тимбукту корольдігін
басқарды.

Хижра –
622 жылы Мұхаммед пен
оның жақтастарының
Меккеден Мединаға
қоныс аударуы. Халифа
Омар I (634 – 344) кезінде
хижра жылы мұсылман
шежіресінің басталуы деп
жарияланды

Нигер өзені –
Батыс Африкадағы өзен

Гарната –
Исхак ас Сахили Аль
Гарнати, оны Манса
Сүлейман Тимбуктуға
алып келді

Берберлік –
исламды қабылдаған
Солтүстік Африканың
байырғы тұрғындары

Дукат–
Ганадағы ақша бірлігі

¹ Араб жазушылары Африка туралы жазғанда осындай ғажап құймаларды жиі атайды. Алайда олардың өлшемін асырып айтқан секілді.

Патша ауласы ғажап әрі бәрі ойластырылған. Патша бір қаладан басқа қалаға түйемен көшкенде ауласын өзімен бірге алып жүреді, ал оның аттарын уәзірлері жүгенінен жетелеп жүреді. Шайқас кезінде қызметшілер түйеге, ал сарбаздар атқа отырады. Кімде-кім патшамен тілдескісі келсе, бұл адам тізерлеп тұрып, патшаға иілуі керек. Алайда бұл қағидаға елшілер мен ешқашан патшамен тілдесіп көрмеген адамдар ғана бағынуы керек. Патшаның шамамен 3000 кавалериясы мен сансыз жаяу әскері бар, олар жабайы фенхельден жасалған садақпен қаруланған, оны улы жебемен ату үшін қолданады. Патша көршілес дұшпандарымен ғана немесе оған алым төлегісі келмейтін елдермен соғысады. Ол жеңіске жеткенде тұтқынға алған адамның бәрін, тіпті балаларды да Тимбукту базарында сатады.

Бұл елде кішкентай әрі сиықсыз аттар ғана туылады. Көпестер оларды саяхатқа шыққанда, ал сарай маңындағылар қалада жүріп-тұру үшін пайдаланады. Алайда жақсы аттар **Бербериядан** жеткізіледі. Оларды керуенмен жеткізеді, жеткізгеннен кейін 10-12 күн өткен соң оларды таңдап, өзіне керек аттың құнын төлейтін иесіне апарды.

Патша – еврейлердің қас жауы. Ол бірде-бір еврейдің қалада тұруына рұқсат бермейді. Егер ол берберлік көпестің оларға жиі барып, олармен саудаласқанын білсе, ол осы көпестің барлық тауарын тәркілейді. Тимбуктуда патша арнайы тағайындаған сот, оқытушы мен дін қызметшісі көп. Ол білімді жоғары бағалайды. Мұнда сондай-ақ Бербериядан әкелінген қолжазба кітаптар көп сатылады. Бұл саудадан түскен пайда қандай да бір басқа тауардан түскен кірістен асып түседі.

Мұнда нақышталған монетаның орнына саф алтын қолданылады, ал кішігірім сауда жасау үшін адамдар Парсы елінен әкелінген **кауриді** (қабыршақты) қолданады, оның 400-і бір дукатқа тең. Олардың дукатының алтауы мен үштен екі бөлігі алтынның бір рим унциясына тең.

Тимбукту халқы бейбіт. Кешкі сағат 10-нан түнгі бірге дейін кешкі серуендеу олардың дәстүріне айналған, серуендеу кезінде музыкалық аспаптар ойнап, халық би билейді. Әр тұрғынға көп қызметші қызмет етеді, олар әйел де, ер адам да болуы мүмкін.

Қала тез өртеніп кетеді. Тимбуктуға екінші рет саяхаттап барғанымда (шамамен 1512 жыл болар) бес сағат ішінде қаланың жартысы өртеніп кетті. Сонымен қатар сол күні желдің қатты соққаны соншалық, қаланың екінші бөлігінің тұрғындары өрттен қорқып, мүлкін көшіре бастады.

Тимбукту айналасында бау-бақша жоқ.

АХАЖ аудармасы – ОАУ, Душанбе, 2004.

Дереккөз: Лео Африканус. Тимбукту сипаттамасы. Әлем туралы оқу / Ред. Паул Брайнс және басқалары – Харпер Коллинс Кастом, Букс. 72. Тарих бойынша интернеттегі анықтамалық URL: http://www.fordham.edu/halsall/med/leo_afri.html.



Қазіргі заманғы
Тимбукту. Мали

Берберия –

Жерорта теңізі жағалауы мен Сахара арасындағы Африканың солтүстік-батыс аймағы

каури –

Азия мен Африканың кейбір бөліктеріндегі ақшаны алмастыратын раковина

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

79

1. Лео Африканустың Тимбуктудың саяси, әлеуметтік және экономикалық құрылымы туралы сипаттамасы бізге қандай ақпарат береді? Тимбуктудың экономикалық тұрақтылығына не ықпал етеді?
2. Егер Лео Африканус Африкадан шыққан болса, оның сипаттамасында қандай ерекшелік болар еді?
3. Сіз Тимбуктумен салыстыруға келетін басқа орта азиялық қаланың сипаттамасын білесіз бе?

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Саид өз кітабында айтып өткен шығыстану ұғымын басқа тұрғыдан қарастырғанда «Тимбукту сипаттамасын» қалай қолдануға болады?
2. Саидтың айтуынша, шығыстану шығыстың артта қалуынан еуропаның үстемдігі туралы идеяны енгізеді. Сауда-саттық, даму және білім саласына қатысты ол туралы біз білетін ақпаратқа сүйенсек, Тимбукту қаласы қалай шығыстың өркендеуінің сәтті үлгісі ретінде қарастырылады?



БАЛДАН ДЭРІ ДАЙЫНДАУ.

Араб қолжазбасынан. Педаний Диоскорид (1 ғ.)

УСАМА ИБН МУНҚЫЗ. ӨМІРБАЯН (ФРАНКТЕР ТУРАЛЫ ҮЗІНДІЛЕР)

Усама ибн Мунқыз (1095-1188) – Араб дипломаты және сарбазы, крест жорықтары кезінде (XI-XIV ғасырлардағы бірқатар соғыстар) еуропалық христиандар қасиетті жерді жаулап алуға тырысқан кезде шығармаларын жазған. Ол Сирияның солтүстігінде орналасқан Шайзирдің ақсүйектер отбасынан шыққан. Жергілікті үкіметке қауіп төндірген ол 1138 жылы Шайзерден қуылды және Египеттегі Фатимидтер империясынан он жылға жуық, яғни оның меценатын өлтіру үшін қастандық жасады деген айып тағылғанға дейін пана тапты. Кейін бұл жағдай оны тағы да қашуға мәжбүр етті. 1174 жылы ол Саладин жағында христиандарға қарсы соғысқан, оның христиандармен немесе Усама деп аталатын франктармен байланысы оған олардың дәстүрлері мен мәдениетін тануға мүмкіндік берді. Франктер оған ерсі болып көрінді және ол олардың жабайы өмір салты туралы мазақпен және қорқынышпен баяндады. Тек қана оған ұнаған нәрсе, бұл христиандық жауынгерлердің ерлігі болды. Ал оның өмірбаянының келесі парағы – мұсылмандардың бірі христиан мәдениетін қалай қабылдайтыны туралы.

Жаратушының, бар әлемнің Жаратушысының барлық жаратылысы жұмбақ! Франктер туралы айтқанда, Алланы мадақтамау және Оған құрбан шалмау мүмкін емес (иә, Оған шексіз мадақ болсын!), өйткені Ол олардың жануарларға ғана тән айбынды күшпен жүк ауыртпалығын көтере білу қабілетін байқайды. Осы орайда олардың іс-әрекеттері мен менталитетінің қызықты белгілері туралы мысалдар келтіріп кетейін.

Король **Фулктың** ұлы Фулктың әскерінде қасиетті қажылық жасап үйге оралу үшін осы жерге келген франк ақсүйегі болған рыцарь қызмет етті. Біздің тығыз қарым-қатынаста болғанымыз сонша, ол мені аға деп атай бастады. Біздің арамызда өзара достық пен келісім сезімі орын алған еді. Бірде ол үйіне теңіз арқылы оралуды шешіп, маған былай деді:

– Аға, мен өз еліме ораламын, және менімен бірге ұлыңызды (он төрт жаста болған ұлым сол кезде менің қасымда болған) менің еліме жібергеніңізді қалаймын, онда ол рыцарлармен танысып, олардың ақылын тыңдайды және рыцарлықты үйренеді. Ол қайтып келгенде, ол нағыз дана адам болады.

Осылайша, маған ақылды адамның ешқашан аузына түспейтін ұсыныстың салмағы түсті, өйткені менің ұлымның тұтқындалуының өзі оған франктер еліне сапардан гөрі көп зиян келтіре алмас еді. Алайда мен бұл адамға былай жауап бердім:

– Сіздің қауіпсіздігіңіз үшін мен де осындай пікірдемін. Бірақ мені бұл ойды жүзеге асырудан тоқтататын жалғыз нәрсе бар, ол – оның әжесі, менің анам. Тіпті бүгіннің өзінде оны менімен жібергісі келмей, қайтарамын деген уәдемді алып әрең көндіргенмін.

Осыдан кейін ол менен сұрады:

Крест жорықтары – қасиетті жерді мұсылмандардан босату мақсатында Еуропалық христиандар қабылдаған XI-XV ғасырлардағы діни әскери жорықтар сериясы

Фулк патша – Иерусалим патшасы (1131-1143)

- Анаң әлі де тірі ме?
- Иә, – деп жауап бердім.
- Болса ше, – деді ол, – оны тыңдама.

Міне, олардың қызықты медицинасын көрсететін мысал. Соны айтып берейін.

Лорд Әл-Мунаятир ағама оның бірнеше науқастарына дәрігер жіберуді сұрап хат жазды. Менің ағам оған Табиб деп аталатын христиан дәрігерін жіберді. Табиб он күннен соң оралды. Біз оған: «Сіз науқастарыңызды қаншалықты тез емдедіңіз!» – деп таңданысымызды білдірдік.

Ол бұған былай жауап берді:

– Олар маған аяғында ірің пайда болған рыцарь мен ақыл-есі кем әйелді алып келді. Мен рыцарьдың аяғына ірің ашылып, жоғалғанға дейін кішкене дәке қойдым, ал әйелді диетаға отырғызып, оның көңіл-күйін көтердім. Содан кейін франк дәрігері оларға келіп: «Бұл адам емдеу туралы ештеңе білмейді», – деді. Содан кейін ол рыцарьға: «Сіз нені көбірек қалайсыз? – бір аяғыңызбен өмір сүресіз бе немесе екеуімен бірге өлесіз бе? – деді. Рыцарь: «бір аяқты өмір», – деп жауап берді. Дәрігер: «Маған өткір балта мен мықты рыцарь әкел», – деп бұйырды. Рыцарь өткір балтамен келді. Мен жақын тұрдым. Дәрігер науқастың аяғын ағаштың кесегіне қойып, рыцарьға бұл аяқты балтамен бір соққымен кесуді бұйырды. Рыцарь бір соққы жасады, мен оның артында тұрып бақыладым, науқастың аяғы әлі де денеге салбырап жабысып тұрды. Ол екінші рет балтамен соқты, сонда науқастың аяғы ұшып кетіп, науқас сол жерде қайтыс болды. Содан кейін дәрігер әйелді тексеріп: «Әйелдің басына шайтан кіріп алған. Шашын алыңыз», – деді. Сонан соң әйелдің шашы тықырланып алынды, және оған сарымсақ пен қыша бар майсыз тамақ жеуге рұқсат берді. Бірақ әйелдің жағдайы нашарлай бастады. Дәрігер бұған былай жауап берді: «шайтан оған басынан кірген». Сондықтан ол ұстара алып, басына крест тәрізді кесу жасап, бас сүйегі көрінгенге дейін бүкіл терісін кесіп, бас сүйегін тұзбен ысқылай бастады. Әйел сол сәтте қайтыс болды. Осыдан кейін мен олардан әлі де менің көмегіме мұқтаж ба екенін сұрадым, ал теріс жауап алғаннан кейін мен олардың медицинасы туралы бұрын білмеген нәрселерімді біліп, үйге оралдым.

Алайда, маған алдыңғы медицинадан өзгеше медицинаның тағы бір мысалы туралы куәлік етуге тура келді.

Франктардың патшасында қазынашы-рыцарь Бернар деген болды, ол (оған Алланың лағнеті болсын!) ең жауыз және зұлым франктердің бірі болды. Бірде ат оның аяғына жатып, оның қабынуын тудырды және жаралар әр түрлі орындардан он төрт рет ашылды. Бір жара жазылса, екіншісі пайда болды. Мұның бәрі мен оны қарғап дұға еткен кезде болды. Франк дәрігері барған кезде, ол бұрын қолданылған барлық майларды оның аяғынан алып тастап, жараларды күшті сірке суымен шаюға кірісті. Бұл емдеу әдісі барлық жаралардың жазылуына және сол адамның қалпына келуіне ықпал етті. Ол тағы да зұлымға айналды. Олардың қызықты медицинасын суреттейтін тағы бір мысал: Шайзарда бір кездері скрофуламен ұлы ауырған қолөнерші Абу Аль-Фас өмір сүріпті. Скрофула жарасының бір бөлігі сауығып кеткен сайын, оның екінші бөлігі қайта ашыла беріпті. Бірде бұл қолөнерші ұлымен бірге бір шаруаларымен Антиохада

болады. Бір франк баланың ауруын байқап, ол туралы әкесінен сұрады. Әбу әл-Фас: «Бұл менің ұлым», - деп жауап берді. Содан кейін франк оған: «Егер мен сізге ұлыңызды емдейтін рецепт берсем, оны сатпаймын деп өз дініңізбен ант бересіз бе? Содан кейін Мен сізге осы рецепт беремін», - деді. Қолөнерші ант берді. Франк: «**солеростың** сынбаған жапырақтарын алып, оларды ертеп, күлді зәйтүн майы мен күшті сірке суына батырыңыз. Мұны скрофула жарасына ол жойылғанша жағыңыз. Содан кейін алдыңғы күлді тұшытылған майға батырып, жара орналасқан жерге жағыңыз. Бұл оны емдейді», - деді. Әкесі бұл рецепті қолданып, бала емделді. Жаралар жазылып, бала қайтадан сауықты. Мен өзім бұл рецепті ауруды емдеу үшін қолдандым және ол әрқашан көмектесті.

Бірде мен Әл-Амир Му'ин Әл-Динмен бірге Иерусалимде жүрдім (Алланың оған шапағаты болсын!). Біз Наблуста тоқтадық. Сонда әл-Амирдің алдында оған жеміс әкелген жас, жақсы киінген мұсылман жігіт пайда болып, Дамаскідегі оның күзеті құрамына кіруге рұқсат сұрады. Әмір келісті. Алайда мен бұл адам туралы сұрастырып, оның анасының өзі тұрмысқа шыққан франкты өлтіргенін, ұлы франк қажыларына қарсы барлық амалдарды жасап, анасына оларды өлтіруге көмектескенін білдім. Ақыр соңында осы жағдайларды білген соң, франктер оған қарсы айып тағып, оны франктердің сот рәсімдеріне сәйкес соттады.

Олар суға толы үлкен бөшкелерді қойып, оған қарама-қарсы ағаш тақта орнатты. Содан кейін олар сотталушының қолын, иығын арқанмен байлап, бөшкеге батырды. Олар егер ол кінәсіз болса, оның денесі түбіне батады деп сенді және арқанның көмегімен ол өлмеуі үшін оны судан шығарып аламыз деп ойлады. Егер ол кінәлі болса, онда оның денесі түбіне жетпейді. Бұл адам денесінің су түбіне жетуіне көп күш жұмсады, бірақ бұл болмады. Сондықтан ол олардың үкіміне бағынуы керек еді. Франктар оның көзін ыстық біз тығып ағызып жіберді.

Кейін бұл адам Дамаскіге келді. Әл-Әмір Му'ин әл-Дин (Алланың оған шапағаты болсын!) оған барлық шығындарын өтеу үшін жеткілікті ақы тағайындады және құлына: «Оны Бурхан әл-Дин әл-Балкиге апарыңыз (Алланың оған шапағаты болсын!) және менің атымнан осы адамға Құран мен мұсылман Заңын үйретуді сұраңыз», - деп тапсырыпты.

Мұны естіген соқыр адам: «Саған даңқ пен жеңістер болсын! Бірақ мен бұл туралы ешқашан ойламаппын...»

«Ал, сен не істейді деп ойладың?» - деп сұрады Му'ин аль-Дин. Соқыр жауап берді: «Сіз маған жылқы, қашыр, қару-жарақ беріп, мені жауынгер етесіз деп ойладым».

Бұл сөзге Муин аль-Дин: «Мен соқыр адам жауынгер бола алады деп ешқашан ойламаппын», - деп жауап берді.

солерос –
жапырақтары шыны жасау
үшін қолданылатын бір
жылдық шөптесін өсімдік

Аударма АХАЖ-ОАУ, Душанбе, 2004.

Дереккөз: Ибн Мунқыз, Усама. Франк туралы үзінділер // Өмірбаян. – Фордхам: интернеттегі орта ғасыр анықтамалығы, 1998.URL: [<http://www.forham.edu/halsall/source/usamah2.html>], соңғы кіруі 31 мамыр 2004 ж.

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

84

1. Мунқыздың мұсылмандар мен крест жорықтары арасындағы қарым-қатынас туралы әңгімелері бізге нені түсіндіреді?
2. Франк медицинасы туралы жағымсыз оқиғалардың болуын ескере отырып, Мунқыздың осы медицина өнері туралы жалпы әсері қандай деп ойлайсыз? Жергілікті мұсылмандарға франк медицинасынан қандай пайда болды?
3. Франк өмір салтының басқа қандай элементтері Мунқызды ерекше таң қалдырды? Неліктен Мунқыз франк соттау мен жазалау процедураларын мазақ етеді?
4. Неліктен мұсылмандар ерте жорықтардағы франктарға қарағанда кейінірек келген франктарға басқаша қарайды?
5. Ибн Мунқыздың крест жорықтары туралы жалпы әсері қандай деп ойлайсыз?

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Лео Африкиус пен Ибн Мунқызды салыстырыңыз. Еуропалықтардың Шығысты қабылдауы мен мұсылмандардың франктерді қабылдауының айырмашылығы неде? Бұл айырмашылықтар Эдвард Саидтің ориентализм туралы ойларымен қалай байланысты?
2. Мотыльдің фильмінде сіз жергілікті азиялықтар мен орыс сержанды Сухов ұсынған бөгде адамдар арасындағы достықты көре аласыз. Бұл достықтың Ибн Мунқыз бейнелеген франктер мен мұсылмандардың достығынан айырмашылығы неде?

РЕДЬЯРД КИПЛИНГ. АҚ АДАМНЫҢ ЖҮГІ

Рудьярд Киплинг (1865-1936) британдық Үндістанда дүниеге келген. Ол Англияда білім алып, 1882 жылы Үндістанға оралды. Британдық империализмнің өкілі болса да, Киплинг Үнді мәдениетіне терең өніп кетті. «Империализм, империяны қалыптастыру және басқару – бүгінде сәннен шыққан саясат, өйткені бұл бір ұлттың екіншісіне әскери және мәдени үстемдігін білдіреді», – дейді Киплинг. 1890 жылдың аяғында Редьярд бұрын Үндістаннан тыс жерде белгісіз болған 80-ге жуық әңгімелер мен балладаларын ағылшын тілінде жариялады. 1892 жылдан 1896 жылға дейін ол Америка Құрама Штаттарында өмір сүріп, әйгілі «Джунгли кітабын» жазды. 1899 жылы Англияға оралғаннан кейін ол «Ақ адамның ауыртпалығы» үндеуін, яғни, АҚШ-қа жақында испан-америка соғысында жаулап алынған Филиппинді дамыту міндетін қабылдауға үндеу жариялады. Империалистердің менмендігі туралы бұл өлең Америкада да, Еуропада да үлкен пікірталас тудырды.



Сенің пешенең – Ақ адамның жүгі!
Қара нәсілге қызмет етуге
Ұлдарыңды жібер қуғынға айдап,
Қатыгездік жайлаған ақымақ тобырды
Ауыр еңбек етіп сабырмен билеп
Басқару олардың борышы, міндет.

Сенің пешенең – Ақ адамның жүгі!
Орнына көрмесең де ешқандай құрмет
Қорқыту мен қорлауды көтеру міндет
Надан болып түсінбесе де
Санасына жетпей, ұғынбай сөзді
Жүз рет қайталауға
Сабыр мен төзім табуың керек.

Сенің пешенең – Ақ адамның жүгі!
Бейбіт өмір соғыстан ауыр
Аштарды тойдырып індетті қу
Пұтқа табынған тобыр өзгермес,
Әрқашан сақ болып мақсатыңды біл!

Сенің пешенең – Ақ адамның жүгі!
Әлсіздік танытпа бостандық деп ұрандап
Мойымастан көтер оны ту қылып
Сылтау емес шаршағаның да
Иығыңда осы міндет тұрғанда

Өйткені сол қара тобыр Құдайды
Мойындар сенің ісің үлгі боп.

Сенің пешенең – Ақ адамның жүгі!
Бірақ бұл – тақ емес, бұл – ауыр еңбек,
Ластанған киім, ауырсыну мен қақсау
Арқылы жол салу – бұл саған міндет
Жат жерде сүйегің қалса-дағы
Ұрпақ үшін, келешек үшін
Жаңа өмір баста ерінбей етіп еңбек.

Сенің пешенең – Ақ адамның жүгі!
Сенің марапатың өзгеше болар
Отаның да сені түсінбей қалар
Жайылған тобырдың ашуы, ол бар
Алайда сен жағып шырағын нұрлы ақылдың
«Мысыр түнегі артық» деушілер сөзіне қарсы
Бір керемет толқын ұшырып барып!

Сенің пешенең – Ақ адамның жүгі.
Даңққа қол жеткізу жылдам жолдарын
Ұмыт сен, балалық арманды,
Ол бос қиялы ғой сол зұлым уақыттың.
Ал енді мылқау жылдар ағынында
Ерлердің сынына жарайтын
Азамат бола біл, жарқыным!

Империализм –
бір елдің саясат,
экономика және мәдениет
арқылы басқаларды
бақылауы



Ақтардың дәурені.

Киплингтің империализмді сынауы

Дереккөз: Киплинг Р. Таңдамалы / ағылшын тілінен орысшаға аударылған. Құраст., кіріс. ст., ескерту. Н.Дьяконова және А. Долинин. Аударған В. Топоров. – Л.: Суретші.лит., 1980. Б.469-470.

Қазақ тіліне АХАЖ аудармасы.

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР¹:

1. «Ақ адамның жүгін» қалай түсінесіз?
2. Киплингтің айтуынша, ақ адам қандай мақсатқа қызмет етеді?
3. Киплинг ақ адамды батыстық болмаған әлеммен өркениетті қарым-қатынасқа түсуге ынталандыру үшін қандай дәлелдер ұсынады? Олар рұқсат етілген бе?
4. Киплинг тұрғысынан ақ емес адамдар туралы қандай тұжырым жасауға болады?
5. Неліктен Киплингтің өлеңі империализмнің әнұраны болып саналады?

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Эдвард Саид өзінің кітабында шығыстану (ориентализм) мен Шығыс туралы «мансап»ретінде айтады. Өлеңді қалай түсіндіруге болады деп ойлайсыз?
2. Киплингтің «ақ адамның жүгі» мансап ретінде ме? Бұл мансап қандай? Өз жауабыңызды дәлелдеңіз.
3. Мотыльдің фильмінде «ақ» кім және Киплингтің сөздерін қолданған «тұтқын» кім? Жауабыңызды түсіндіріңіз. Мұндай салыстыруға құқығымыз бар ма?
4. Тимбукту сипаттамасын Саидтың «Ориентализм» кітабындағы және Киплингтің «Ақ адамның жүгі» өлеңіндегі Шығысты түсінумен қандай салыстыру мүмкін?

¹ Сұрақтар. Андре Дж. Альфред пен Джеймса Оверфилдің «Гуманитарные записи: источники истории мира с 1500 года» (Глава 8. Бремя империализма) кітабынан алынды. 2-ші баспа., 2 т. (Хоугтон Маффлин, 1994), Б. 3057

КНЯЗЬ ГОРЧАКОВ. РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ЭКСПАНСИЯСЫ

Александр Михайлович Горчаков (1798-1883) – 1856 жылдан 1882 жылға дейін Николай I және Александр II патшалар кезінде Ресейдің Сыртқы істер министрі болған. Сонымен қатар, Горчаков Отто фон Бисмарктың («темір канцлер») жақсы досы болды. Горчаков көптеген еуропалық және әлемдік саяси шайқастарға қатысты. 1870 жылы саясаткерлер Қырым соғысын аяқтауға мұрындық болған Париж келісімінің қалыптасқан қарым-қатынасын үзді және осы Қара теңіз келісімі бойынша бапты жойды. Сыртқы істер министрі «Ұлы ойын» деп аталатын кезеңде ол ауыр рөл атқарды, оның ойыншылары Ресей және Британ империялары болды, олардың әрқайсысы Кавказдан Қытайға дейін созылған аумақты бақылауға тырысты. Көздегені – Азияның байлығы болды. Ресей империясының Британдық Үндістан шекарасына дейін кеңеюі кезеңінде Англия Үндістанның солтүстігінде орналасқан аумақтарды отарлаудың жаңа жолдарын іздей бастады. Төмендегі хабарлама князь Горчаков тарапынан жазылып орыс елшілері арқылы шет аумақтарда таралды. Мұның өзі Сыртқы Істер министрінің Ресей империясының жауапкершілігін қалай түсінгенін көрсететін дәлел. Горчаковтың «басқаларға», Орта Азиялықтарға деген көзқарасын қарастырып, оның еуропалық билікке осындай хабарлама жіберуінің себебін анықтаңыз



... Ресейдің Орта Азиядағы ұстанымы тұрақты әлеуметтік ұйымы жоқ жартылай жабайы, көшпелі халықтармен ынтымақтасуға мәжбүр болған барлық өркениетті мемлекеттердің ұстанымына ұқсайды.

Мұндай жағдайларда, өз шекараларының қауіпсіздігі үшін және коммерциялық себептер бойынша, өркениетті мемлекеттер осындай ерекше өмір сүретін және отырықшы болмаған өмір салты арқылы өздерін қажет емес көршілерге айналдырған адамдарға әрқашан билік жүргізуге мәжбүр болады.

Біріншіден, біз шабуылдар мен тонауды басуымыз керек. Мұны тоқтату үшін шекарада тұратын тайпаларды аздап болса да реттелген бағыну жүйесі бар мемлекетке қосу керек. Бұл міндет атқарылған соң бұл тайпалар жуаси бастайды, бірақ олар да өз кезегінде алыс ұлыстардың шабуылдау қаупіне ұшырай бастайды.

Мемлекет оларды осындай тонаудан қорғауға міндетті және оны жасағандарды жазалауы керек. Бұл міндет жауға қарсы алыс, қымбат және мерзімді экспедицияларды қажет етеді. Егер қарақшылар жазаланса, экспедициялар тоқтап, бұл жағдайлар көп ұзамай ұмытылады. Осылайша экспедицияларды тоқтату біздің әлсіздігімізге айналады. Алайда, азиялықтарға тән қасиет – олар көрінетін және сезілетін Күштерден басқа ештеңені құрметтемейді, ақыл-ойдың сенімді дәлелдері мен өркениетті мүдделері оларға әлі де әсер етпейді. Сондықтан біз мұнда жұмысты қайтадан бастауымыз керек.

Осы тұрақты тәртіпсіздік жағдайын тоқтату үшін, өштескен тайпалардың ортасына бекіністер орнатылды, бұл осы топтарға айтарлықтай әсер етеді және билікті азая түсетін жеңіл күштермен бағындыруға мүмкіндік

береді. Бірақ көп ұзамай одан да алыс тайпалар осы екінші қорғаныс сызығына қауіп төндіре бастайды және оларды да осылайша бағындырудың бірдей әдістерінің қажеттілігіне назар аударады. Сондықтан мемлекет екі баламаның бірін таңдауға мәжбүр: біріншіден тоқтату, бұл шексіз еңбек, бұл шекараны мәңгілік қауіп күйінде қалдыру, барлық жетістіктерден, қауіпсіздік пен өркениеттен бас тарту немесе екінші жағынан, қиындықтары мен шығындары әр қадам сайын артып келе жатқан варварлық елдерге барған сайын тереңірек ене бастау.

Мұндай жағдайға тап болған әрбір мемлекеттің тағдыры осындай. Америкадағы Америка Құрама Штаттары, Алжирдегі Франция, Голландия, оның колониялары, Үндістандағы Англия – олардың барлығы өздерінің амбицияларына байланысты емес, керісінше, шұғыл қажеттілікке байланысты бұл шеруге қатысуға мәжбүр болды, оның ең басты қиындығы – қашан тоқтау керектігін білу...

Нәтижесінде келесі принциптер белгіленді:

1. Көшпенділер жазасыз түрде қарақшылықтар мен тонауды жүзеге асыра алмайтындай етіп біздің екі нығайтылған шекара сызығымызды – біреуі Қытайдан Ыстықкөл көліне дейін, екіншісі Арал теңізінен Сырдария жағалауы бойымен – біздің барлық ұстанымдарымыз өзара қолдау жағдайында болатындай арнайы нығайтылған пункттермен біріктіру қажеттігі туралы шешім қабылданды.
2. Біздің бекіністеріміздің үздіксіз желісі азық-түлікпен қамтамасыз етілуін қамтамасыз ету үшін ғана емес, сонымен бірге тұрақты отарлау процесіне ықпал ету үшін жеткілікті құнарлы аумақта орналасуы керек. Бұл өз кезегінде көрші халықтарды өркениетті өмірге келтіру арқылы басып алынған елдің болашақ тұрақтылығы мен гүлденуіне әкелетін жалғыз фактор.
3. Ақыр соңында, репрессиялық іс-шаралар кезінде аса беріліп кету қаупін болдырмау үшін дереу түпкілікті нақты шекараны белгілеу қажет. Өйткені кең аумақтарда оның мүмкіндігі үлкен.

Бұған қол жеткізу үшін икемді болуы мүмкін негізге ғана емес, сонымен бірге тұрақты және өзгермейтін географиялық және саяси жағдайларға да байланысты жүйені құру қажет.

Бұл жүйе бізге өте қарапайым факт, ұзақ тәжірибенің нәтижесінде ұсынылды, өйткені, көшпелі тайпалар ұстап алуға да, жазалауға да, тәртіптен ұстауға да болмайтын біздің ең ыңғайсыз көршіміз болып табылады. Ал ауыл шаруашылығымен және саудамен айналысатын, белгілі бір аумаққа байланған және дамыған әлеуметтік ұйымы бар адамдар бізбен жақын қарым-қатынасты дамыта алатын жақын көршілеріміз болу мүмкіндіктерін береді.

Осылайша, біздің шекара сызығымыз біріншісін қамтып, екіншісінің аумағына жақын жерде тоқтауы керек.

Осы үш қағида Орта Азиядағы соңғы әскери операциямыздың нақты, табиғи және логикалық түсіндірмесін ұсынады.

Осы орайда айтарым, Ресейдің қызығушылығы өз аумағын кеңейтуде емес, ол керісінше оның ішкі дамуын қиындатуы және тоқтатуы мүмкін болып, оның шекараларында ұлғайып келе жатқан шиеленісті болдырмау үшін екенін атап өтудің қажеті жоқ болар.

Мен ұсынған бағдарлама осы мүдделерге сәйкес келеді.

Соңғы бірнеше жыл ішінде Ресейдің Азия құрлығындағы көршілері болып табылатын бұл мемлекеттердің өркениеті көбінесе Ресейдің арнайы миссиясы ретінде жиі қарастырылуда.

Патша Кабинеті осы тапсырманы өз міндетіне ала отырып, Ресейдің мүдделерін негізге алады. Алайда, ол сонымен бірге адамзат пен өркениеттің дамуына осы миссияның ықпал ететініне сенеді. Сондықтан оның таңдаған тактикасы мен принциптері әділ және шын жүректен бағаланады деп үміттенуге толық негіз бар.

АХАЖ АУДАРМАСЫ – ОАУ, Душанбе, 2004.

Дереккөз: Князь Горчаков. Шетелдегі орыс өкілдеріне арналған дөңгелек депеша / / елдер мен империялар: Еуропа тарихы туралы құжаттар және оның әлеммен қарым-қатынасы. / Ред. р. с. Бриджес және басқалар – Лондон: Макмиллан, Сент-Мартинс Пресс, 1969. С. 168-170. «Мозаика» URL мекен-жайында қол жетімді:

[<http://college.hmco.com/history/west/mosaic/chapter14/source424.html>], соңғы үндеуі 3 маусым 2004 жыл.

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Князь Горчаковтың пікірінше «өркениетті ұлт» деген нені білдіреді?
2. Горчаковтың айтуынша, еуропалықтарды азиялықтардан гөрі қандай сипаттары өркениетті етеді? Неліктен Горчаков Азия халқы күштен басқа ештеңе түсінбейді деп мәлімдейді?
3. Горчаков Шығыс туралы өзінің идеясын неге негіздейді?
4. Сіз Горчаковпен орыстардың Орта Азия аумағына келуіне дейін ешқандай цивилизация болмағандығымен келісесіз бе?
5. Горчаковтың принциптері Ресейдің Орта Азияны жаулап алуын ақтай ма? Неліктен иә немесе неге жоқ?
6. Сіз Ресейдің Орта Азияға басып кіруі адамгершілікпен және өркениетті болды деп ойлайсыз ба? Горчаковтың Орталық Азия аумағын басып алуы Ресей империясының өз аумағының көлемін ұлғайту мақсаты емес, тек қана өз шекараларында қауіпсіздік орнатуға деген ұмтылысына негізделген дегенге сенесіз бе?

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Қалай ойлайсыз, Мотыльдің фильмі Князь Горчаков ұсынған идеяларға сәйкес келе ме? Жауабыңызды түсіндіріңіз.
2. Киплингтің империализм туралы пікірін князь Горчаковтың және «Шөл даланың ақ күні» фильмінің мотивтерімен қалай салыстыруға болады? Горчаковтың идеялары Киплинг идеяларына ұқсас деп ойлайсыз ба? Неліктен иә немесе неге жоқ?
3. Саидтің фильмге және Князь Горчаковтың идеяларына жауабы қандай болар еді деп ойлайсыз?
4. Сіздің ойыңызша, Горчаковтың лейтмотивтері Киплингтің лейтмотивтеріне ұқсас па немесе олардан өзгеше ме? Неліктен екеуі де «ақ адам» Шығыстың жабайы халықтарын «өркениетті» етуі керек деп сенді?

ЖҮСІП БАЛАСАҒҰН: ҚҰТТЫ БІЛІК

Жүсіп (Юсуф) Баласағұн бір кездері Отырар (Фараб), Шаш (Ташкент), Тараз, Шу алқабы, Ыстықкөл өңірі, Ферғана, Қашқарды қамтыған белгілі бір мәдени өрі саяси аймақтан шыққан. Жүсіп Баласағұн білімін Фараб, Қашқар, Бұхара қалаларындағы сол кездегі танымал мәдени орталықтардан алған. Араб және парсы тілдерін жетік меңгерген ол білімнің әртүрлі салаларында философиялық және ғылыми еңбектер жазған. Ол замандардағы зайырлы адамдар философия мен ғылымды, поэзия мен саясатты қатар алып жүрген, шахмат ойнап, жан-жақтылығымен ерекшеленген. Жан-жақты білімді, өмірлік тәжірибесімен даналыққа жеткен ол Қашқарға келіп, он сегіз ай бойы тынымсыз еңбек етіп, үлкен поэтикалық шығарма жазады.

Бұл «Құтты білік» поэмасынан ұсынылған үзіндіде автор ислам дүниетанымын жергілікті тарихи-мәдени контекст негізінде түсіндіреді. Ж. Баласағұнның мәтіні студенттерге исламның жергілікті түсіндірмесімен танысуға мүмкіндік береді.



Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын

Әзіз уа ұлы Тәңірдің құдіреттілігі айтылады

Алла атымен бастадым сөз әлібін,
Жарылқаған, жаратқан бір тәңірім!

Шексіз құрмет, шүкіршілік мың да бір,
Ол ажалсыз, хаққа лайық кіл қадір...

Жаратты ол: жасыл көк, ай, күн, түнді,
Қара жер, ел, заман, уақыт, бұл күнді.

Тіледі де, жаратты бар болмысты,
«Бол!» — деді де, бірден бәрін болғызды.

Жаралғанның бәрі мұңлық, мұңы көп,
Ием ғана жалғыз шері, мұңы жоқ.

Ей, ерікті, күшті, мұңсыз құдайым,
Бұл ат жалғыз саған ғана лайық!

Ұлылық — сен, биік құдірет-күш еңсөң,
Сенен бөлек жоқ өзіңмен түсер тең!

Саған өзге кіріге алмас, дарасың,
Әуелгі де, соңғы да өзің, сарасың.

Жалғыздығың қосылмайды еш санаққа —
Еркің жетті күллі нәрсе, тарапқа.

Күмәнсіз, хақ, мәңгілік сен, бір ғана,
Санақтан тыс, қатынассыз, бір дара!

Рахымды ием Пайғамбарын жіберді,
Кісі ізгісі, ел сарасы жігерлі.

Түнек түнде шамы болды халықтың,
Саған, жұртқа нұрын шашты ол жарықтың!



Төрт сахабаның қасиеттері, құдіреті туралы айтылады

Төрт серігі бар еді оның сенетін,
Бірге тұрып ақыл-кеңес беретін.

Қайын ата — екеу, екі күйеу баласы,
Игісі елдің, кісілердің сарасы.

Бәрінен де Атық* ұлы, ірі де,
Хаққа түзу көңілі де, ділі де!

Төрік қылды, мал, жан-тәнін, жүдеді,
Тек пайғамбар сүйінішін тіледі.
Сонсоң , Фаруқ* еді кісі сарасы,
Тіл-ділі сай, халықтың ең данасы.

Діннің көркі, жәрдемші еді асқан ол,
Бет пердесін шариғаттың ашқан сол*.

Үшіншісі — Осман, жомарт, ақылды,
Таңдаулы ер, сақи, кең-мол, асыл-ды.

Пида қылды: барша малын, қосты өзін,
Пайғамбар да оған берді қос қызын.

Әли — сонсоң, жігерлі, мәрт, сері ер-ді,
Жүректі, отты, ақыл-ойы кемел-ді.

Қолы ашық, сара-таза жүрегі,
Білімді, есті, даңқты әрі ірі еді.

Бұлар діннің, шариғаттың тұғыры,
Тартқызды азап көпір, дінсіз қылығы

Көкіш*, тырна қиқу салып үзіліп,
Ұшты көкте түйелердей тізіліп.

Серігін іздеп үн шығарып ұлар құс
Аңсағанын шақырғандай гөзәл қыз!

Қасы — қара, қандай қызыл тамағы,
Көкілік сайрап, күліп-күліп алады.

Қара шымшық шықылықтап баурайды,
Үні ерке қыз үнінен аумайды!

Шешектерге төгер бұлбұл мың үнін,
Оқығандай сүресін күні-түн.

(Гүлзарда мың құйқылжиды сандуғаш,
Күні-түні сайраса, үні талдырмас!)

Елік-айран гүл үстінде ойнайды,
Арқар, киік жұптаса өріп тоймайды.

Қабак түйіп, аспан жасын селдетті,
Гүл жүз ашып, күлімдетті жер-көкті.

Өзі-өзіне қарап жаһан бұл шақта,
Қуанып, сүйіп толды ғажап нұр-баққа.

Жеті планета мен он екі зодиак

Кешірімді ием, жаратқан һәм өсірген,
Сөз бастадым Алла атымен өзім мен.

Күллі әлемді қалауынша ол жаратты,
Күн мен Айды жағып, нұрын таратты.

Жаратты, көр, шыр айналған ғарышты,
Бірге онымен тағдыр тынбай жарысты.

Жасыл көкке шоқ жұлдыздар қадапты,
Қара түнді, жарық күнді жаратты.

Зер сияқты көкте олардың қайбірі,
Бірі — жолбасшы, шолғыншыдан ал бірі.

Халайыққа жарық берер жарасып,
Жол көрсетер кейі, кетсең адасып.

(Бірқаншасы, біл, халайық — шырағың,
Бірқаншасы, жолдан шықсаң — құлабыз*.)

Қайсысы — бері, жоғарыда — қайбірі,
Бірі — жарық, көмескілеу — қайбірі.

Секәңтір* бәрін ең үстінен айналар,
Бір бұрұжда екі жыл, сегіз ай қалар.

Сонсоң Оңай* болар екінші орында,
Он және екі ай уақыты бар оның да.

Үшіншісі — Күрүд*, көк мұз қасарған,
Жақындасса — құрыр, жасап, жасарған.

Төртінші — Күн жарық шашқан ғаламға,
Жылу, жарық төгер жақындағанға.

Бесінші — Сәбит*, нұрлы жүзін бұрғанда,
Сүйінерсің, тыншып қандай мұңнан да!

Одан кейін Арзу*, тілек келеді,
Жақындаса, тілегіңді береді.

Бұлардың алдын Иалшық* жүріп, шолады,
Күнмен қарсы келсе, жайнап толады.

Бұдан басқа он екі Өкәк* көрінер,
Бірі жұп боп, бірі тақ боп бөлінер:

Жаз жұлдызы — Қозы*, сонсоң Үд* келер,
Өрәндір*, Құшық* жақын, жуық жіктелер.

(Жаз жұлдызы — Қозы, сонсоң Үд тұрар,
Өрәндізбен Құшық бірге жұп құрар.)

Арыстанмен* Бұғдай басы* қос болар,
Сонсоң Үлгі*, Шадан*, Иа* дос болар.

Келер сонсоң Оғлақ*, Көнәк* һәм Балық*,
Олар туса, болар көгің жап-жарық.

Үші — көктем, үші — күздің жұлдызы,
Үші — қыстың, үші — жаздың жұлдызы.

Үшеуі — су, үшеуі — жел, үшеуі — от,
Үш топырақ; жаһан туған түгел боп!

ТАЛҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Ж. Баласағұн шығармасы мәтінінде ислам дінінің қандай құндылықтары мен негіздері туралы айтылған?
2. Бұл мәтін Құран аудармасы немесе оның жергілікті бейімделген нұсқасы ма?
3. Мәтінде Алла Тағаланың қандай қасиеттері сипатталған?
4. Мәтінде әмбебап не бар?
5. Ж. Баласағұнның пікірінше, «рақым» және «бір құдайға табыну» ұғымдары өзара қалай байланысты?
6. Бүгінгі таңда Орталық Азия мен жалпы әлемде қасиетті мәтіндерді дәстүрлі түсіндіру (дәстүрлі тәпсір) қаншалықты өзекті? Құран Кәрім жағдайында ше?

олжас сулейменов



Книга
благодаря
человеческому

Д. м. Сулейменов

ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ. ЖҮРЕКТІ ҚАЙТІП ЖҰБАТАМ? (1962 Ж.)

Олжас Сүлейменов (1936 ж.) — қазақстандық ақын, жазушы, қоғам және саяси қайраткер. Соңғы жарты ғасырда Олжас Сүлейменовтің шығармалары жақын шетел халықтарының барлық дерлік тілдеріне аударылды. Алыс шет елдерде О. Сүлейменовтің шығармашылығы да өте танымал, оның өлеңдері мен поэмалары ағылшын, француз, неміс, испан, чех, поляк, словак, болгар, венгр, моңғол және түрік тілдеріне аударылған.



*Біздің тарих – тастүнек түнгі даладағы бірнеше жарқыл сөкілді.
... Керенау даланың көзіне күйік болып қанша қала көтерілді, қанша
шаһар сүйенішсіз шәһит болды.
... Жапанмен жағаласу үшін туған қала баласымын мен.
Қалай қаусап, қалай күйреді екен көне кенттерім.
Кәрі құлақ кәриялар-ау, менің соны білгім келеді ғой.*

Толқынын айдап Сырдария
керенау ғана ағады.
Ақ орда болған Отырар,
Жұрт сені қайдан табады?!
От болып жанған ер қала пергілеп жауды маңдайдан,
Екі жүз тәулік бойына созылған мұнда қан майдан.

Бір үзім нансыз, – жан үшін,
Бір ұрттам сусыз, – қала үшін,
Шайқасып баққан кенттіктер,
Жидіген ет жеп,
Қан ішіп.
Өлікке бөгіп арықтар, жабысып елге сор-кесел,
Отырар ойран болар ма ед,
Бір сатқын жығып бермесе!?

Әйелге ғана болмаса,
Бермеді дұшпан сауға түк.
Олардың өзін қорлады,
Қан сіңген күлге аунатып.
Тұншығып жатып қыз-қырқын астында қасап қан қолдың,
Қадады талай қанжарды кеңірдегіне моңғолдың.
Түбінде Шығыс жоқтайтын,
Ертеңге жетпей ерте өліп.
Лапылдап жатты кітаптар,
Лапылдап жатты өртеніп.
Адаммен бірге ақыл да көмілді бірге қабірге.
Болашақ бұғып жатты бір жалаңаштанған тамырда.

Ақ орда күлге айналып,
 Арықтар кепті.
 Құм басты.
 Осының бәрін жоқтаған
 Өксігі елдің тынбас-ты.
 Талай да талай нәрсені алғызған еске елжіреп.
 Қайткенде сені жұбатам,
 Қуантам сені, сұм жүрек?!

Кім болар едім, жиренім,
 Ертерек белді буғанда?
 Кім болар едім, Юрий,
 Он ғасыр бұрын туғанды?
 Қызыл қан, қырғын, Ұр, қане!
 Жауыңды жайрат, бір сал да!
 Қас батыр болар едім мен қыраулы темір құрсаңған.

Қаһарлы қолдың алдында қасқайып келе жатар ем,
 Қаусаған қала, жалынды жаныма менің батар ең.
 Шіріген жалғыз жұмыртқа есепті көптің ішінде,
 Өлер ем сонда, сол кезде, ұлы бір мақсат үшін де.

Содан соң дінсіз неме деп, тепкілеп көміп кетер-ді,
 Мәскеуге менің моламның үстінен басып өтер-ді.
 Қарғысын жазып
 Басыма
 Құлпытас қойып кетер-ді.
 Айтпасты айтып батырлар жер-жебіріме жетер-ді.

Құлпытас сол бір тұрар-ды кекті бір көздер кемірген.
 Әйтсе де менің ақ жырым өшпес-ті мына өмірден.
 Тау шегіп, құмға айналар сонау бір қырғын, жұт шақта.
 Пушкин кеп тұрар басымда,
 Басымда тұрар қыпшақтар!

Тауларға асыл даламның көңілі түсіп көрмеген,
 Бауларға жасыл даламның көңілі түсіп көрмеген.
 Он ғасыр бұрын соныңды санаған едім мен өлім.
 Қазағым менің қыр құмар,
 Жас елім менің,
 Көне елім!

Далаға тартқан бабамыз,
 Бойлары содан аласа,
 Көздері содан сықсиып,
 Күлімдеп тұрар балада.
 Дүрсілдеп соққан жүрегі,
 Мұнда да үлкен мән бар-ды.
 Сүймеген дала
 Сүйекті
 Бойлары биік жандарды.

Көнгісі жоқты аяусыз көміп-ақ салған,
Басқа ұрып.
Тастаған сосын моласын
Биік бір таспен бастырып.
Жатаған перзент өсіріп,
Жыр қылған соны қашаннан,
Бойлары биік басқадан
Кездесе кетсе, өш алған.

Жатаған атқа отырып,
Жеңіспен қайтқан жорықтан.
Ханыңның өзі еңселі қорғаннан әсте қорыққан.
Көрініп түбі жататын шілдеде, аптап тамызда
Даланың дарқан өзені өзгедей емес тайыздау.

...Дұға оқи келіп тұрғаным –
Ежелгі ердің моласы. –
Африканың әулеті.
Көкшіл көз қыздың баласы.
Думандас досы Париждің,
Өртенген испан бауыры.
Төрінде Мәскеу жерінің
Сияқты женшень тамыры.

Солай да болғам бір кезде,
Болғанмын үнді дагоры.
Шоқан да болғам.
Блок та,
Конфуций,
Тіпті Тагорың!
Сэссю да,
Шаман Савл да,
Будда да болғам,
Басынба!
Осылай үнсіз тұра алам
Туысқан зират басында!
Қу бас та болам,
Несі бар,
Біреулер қылыш болған да...

.....

Туасы асқақ жандармыз,
 Тұрамыз асқақ қорғанда!
 Қиыла келсең – өлеңмін,
 Бұйыра келсең – кереңмін.
 Жартасты жасын қарыған.
 Қақбас қыр, көне, көр енді!
 1971

Дереккөз: Сүлейменов О. Таңдамалы: өлеңдер мен поэмалар/ құраст. жЖәне алғы сөздің авторы С. Абдулло. – Алматы: Раритет, 2006.

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Осы өлеңге арқау болған Отырар трагедиясының оқиғалары туралы не білесіз?
2. Өлеңді қанша мағыналық бөлікке бөлуге болады және қандай негізде?
3. Неліктен мәтінде Пушкиннің бейнесі пайда болады және ол қандай рөл атқарады?
4. Ақын этос пен этнос арасында нені таңдайды? Толық жауап беріңіз. Олжас Сүлейменовтің қай тұжырымдамасы бұл таңдаудың сипаттау мен түсіндіру үшін қолайлы?



СУЭЦ КАНАЛЫ, 1869 ж.

1869 жылы француз компаниясы салған Суэц каналының ашылуына арналған мереке. Бастапқыда Египет оны бақылауда ұстады, бірақ қаржылық қиындықтармен бетпе-бет келіп, британдықтардың пайдасына акциялардан бас тартуға мәжбүр болды. Бақылауды беру батыс күштерінің «отарлық үстемдігін» одан әрі күшейтті.

ПРЕЗИДЕНТ НАСЕР. КАНАЛДЫ ПАЙДАЛАНУШЫЛАР ҚАУЫМДАСТЫҒЫН ҚҰРУ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫСТЫ СЫНАП-МІНЕУ

Біріккен Араб Республикасы Президентінің 1956 жылғы 15 қыркүйектегі сөзі

Гамаль Абдель Насер (1918-1970) Египетте дүниеге келген, сол жерде Корольдік әскери академиясын бітірген. Ол шетелдің килігуіне қарсы топтардың белсендісі болған. 1948 жылы Израильмен соғыс уақытында армияда қызмет еткеннен кейін ол қызметі британдықтардың империалистік мақсатын жоюға бағытталған «Еркін офицерлерге» қосылады. 1949 жылы әскери төңкеріс нәтижесінде британдықтар қолдаған Египет королі I Фарук тақтан түседі. Президент Нагибпен күштік айқастан кейін Насер 1956 жылы Президент сайлауында жалғыз үміткер болып, соңында Египеттің екінші Президенті атанды. Насердің саяси стратегиясын бейтарап панарабизмді және Египет ресурстары мен билігін ұлттандыруды қоса алғанда, араб социализмі деп санауға болады. Ол 72 жыл үстемдік құрған британдық империализмді жойып, Суэц каналы компаниясын ұлттандырды. Бұл ағылшын-француз және Израиль күштерінің басып кіруіне әкелді, алайда Біріккен Ұлттар ықпалымен басқыншылар шегінуге мәжбүр болды. Насер өз елін реформалаған әрі араб елінің абыройын қалпына келтірген батыр ма, әлде Египетті бейбітшілік пен өркендеуден гөрі, ауыр жеңілістер мен шығынға ұшыратқан нағыз ұлтшыл ма? Насердің Египет халқы мен оның ресурстарын және елдегі жат елдіктердің үстемдігін қалай елестеткенін ойланып көріңіз



Үстемдік пен империализмнің зұлым күштері басым халықаралық ала-сапыранда шындық үшін күрес жүріп жатқан адамзат тарихындағы осы шешуші күндерде Египет өз тәуелсіздігін сақтап қалу үшін тайсалмай қарсы тұруда. Басқаларға үстемдік етіп, олардан асып түскісі келетін көптеген ұлттардың империалистік жоспарына қарсы сіздердің елдеріңіз өз қадір-қасиетін сақтап қалу үшін беріктік пен адалдық танытуда.

Египет осы күндері және осындай жағдайларда әлемге аз ұлттар өз тәуелсіздігін сақтауды ұйғарса, бұл олардың қолынан келетінін және бұл ұлттар өз құқықтарын қорғауға және қадір-қасиетін сақтауға бел байлағанда өз мақсаттарына жетуде олар шүбәсіз жетістікке жететінін көрсетуді шешті.

Мен әрбір Египет арабының, барлық еркін елдердің және бостандыққа сенетін әрі оны қорғауға дайын барлық адамның атынан сөйлеймін. Атлант жарғысында осы елдер жариялаған қағидаттар атынан сөйлеймін. Бұл елдердің көпшілігі бүгінде осы қағидаттарды бұзып отыр, сондықтан да мойнымызға оларды қайта бекітіп, белгілеу жауапкершілігі жүктелді.

Біз аз ұлттарға көмек көрсетуге ұмтылатын және қаламақыларын алдын ала сұратып, бізбен ынтымақтасуға уәде берген елдермен барлық ықтимал тәсілдермен ынтымақтастық орнатуға тырыстық. Біз бұл қаламақыларды төлеуден бас тарттық та, олар бізбен шайқаса бастады.

Олар биік бөгеттің құрылысы үшін ақы төлейтінін айтты, бірақ кейін ұсынысынан бас тартты, осылайша, Египет экономикасына сенімсіздік ту-

дырды. Біз егемендік алуға құқығымызды ресми түрде мәлімдей аламыз ба? Египет егемендігінің тұтас болып қалуын талап етеді және ақша үшін егемендігінің бір ұшығын да беруден бас тартады.

Египет Суэц каналын ұлттандырды. Египет De Lesseps концессиясын берген кезде Египет үкіметі мен компания арасындағы концессияда Суэц каналының компаниясы египеттік компания болғандықтан соның билігіне бағынады деп ескертілген. Египет бұл компанияны ұлттандырып, жүріп-тұру еркіндігі сақталатынын жариялады.

Бірақ империалистер бізге ашуланды. Британия мен Франция Египет Суэц каналын ол өзіне тиесілі болғандай басып алды деп мәлімдеді. Британияның сыртқы істер хатшысы екі жыл бұрын Суэц каналы Египеттің ажырамас бөлігі екендігі жазылған келісімге қол қойғанын ұмытып кетті.

Египет келіссөздерге дайын екенін жариялады. Бірақ келіссөздер басталған соң қоқан-лоқы мен қорқыту басталды...

Қауымдар палатасында Эден каналды пайдаланатын елдер арасында ешқандай алалау болмауы керек деп мәлімдеді. Біз өз тарапымыздан каналды пайдаланатындарға қатысты қандай да бір алалау жоқ екенін растап, куәландырамыз. Ол сондай-ақ Египетке жеңіске жетуге жол бермеу керек, өйткені мұндай жеңіс араб ұлтшылдығының жеңісін білдіреді және олардың Израильге қолдау көрсету саясатына қайшы келеді деп мәлімдеді.

Бүгінгі таңда олар Египет каналын тонау және Египеттің алуға барлық құқығы бар каналды пайдаланғаны үшін жарналардан Египетті айыру басты мақсаты болатын жаңа қауымдастық туралы айтып жүр. Эденнің қауымдар палатасында жасаған және Франция мен Америка Құрама Штаттары қолдаған ұсыныстары 1888 конвенциясын бұзатыны анық, өйткені каналда кеме жүруін ұйымдастыратын екі мекеменің болуы мүмкін емес.

Абдель Насердің жетістігі араб ұлтшылдығына қарсы Британия ұстанымын әлсірететінін мәлімдей отырып, Эден өзінің нағыз мақсаты осындай Абдель Насердің өзі емес, араб ұлтшылдығын жеңу және оның себептерін жою екенін мойындады. Эден өз сөзінен өз сауалдарына жауап табады. Бір ай бұрын ол өзінің мақсаты Абдель Насер болғанын дауыстап жариялады. Бүгінгі таңда египеттіктер өздерінің тәуелсіздік алуға құқығы бар екенін жете түсінеді және араб ұлтшылдығы өзінің жаңа тағдырына толығымен дайын...

Кімде-кім Египетке шабуыл жасаса, Египеттен тірі шықпайды. Біз кәдімгі соғыста, жаппай соғыста, партизан соғысында шайқасамыз. Египетке шабуыл жасайтындар көп ұзамай өзіне үлкен нәубет төндіріп алғанын түсінеді. Египетке шабуыл жасайтындар бүкіл араб әлеміне шабуыл жасайды. Өз мәлімдемелерінде олар «барлығы қырық сегіз сағатта аяқталады» деп сендіреді. Олар шынтуайтында біздің қаншалықты күшті екенімізді білмейді.

Біз халықаралық құқыққа сенеміз. Бірақ біз ешқашан бағынбаймыз. Біз өзінің қаруының қуатымен қоқан-лоқы көрсететін ұлы күштерге кішкентай ғана елдің қалай қарсы тұра алатынын бүкіл әлемге көрсетеміз. Египеттің күші мардымсыз болса да, ол өз күшіне және пікіріне деген сенім бар кезде ұлы болып қала бермек. Әрбір египеттіктің менің пікіріммен келісетініне және қазір айтып тұрғанымның бәріне сенетініне көзім жетеді.

Біз бостандығымыз бен тәуелсіздігімізді қасық қанымыз қалғанша қорғаймыз. Бұл – египеттіктердің барлығының шынайы сезімі. Бүкіл араб халқы басқыншылық пен үстемдікке қарсы күресімізде біз үшін қарсы тұрады. Еркін адамдар – шынымен еркін адамдар да біз үшін күресіп, тирандардың күш көрсетуіне және зұлымдыққа қарсы күресте бізді қолдайды...

АХАЖ аудармасы – ОАУ, Душанбе, 2004.

Дереккөз: Суэц каналының мәселелері, 1956 жылғы 26 шілде – 22 қыркүйек // – АҚШ мемлекеті департаментінің баспасы, # 6392 (Вашингтон: Г.П.О., 1956). 345-351 б. Интернет анықтамалығы, 1998 жыл. URL: [<http://www.fordham.edu/halsall/mod/1956Naser-suez1.html>], соңғы қаралым 2004 жылғы 31 мамырда.

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Бұл сөйлеген сөз қандай мәнмәтінде жазылған? Бұл Солтүстік Африка/Орталық Шығыс тарихының қай кезеңінде сөйленген сөз?
2. Насердің сөйлеген сөз сарынын қалай сипаттар едіңіз?
3. Насердің Британия мен Францияға қатынасы қандай?
4. Қалай ойлайсыз, Египет Суэц каналын ұлттандыруға құқылы ма? Неліктен иә немесе неліктен жоқ?
5. Насер Батыс күштеріне қарсы күресте басқа араб ұлттарының қолдауына қалай ие болмақшы?

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Насер мен Саидті салыстырыңыз. Олардың үстемдік пен ұлықтылықты түсінуіндегі ұқсастық пен айырмашылық неде?
2. Насер Киплинг өлеңін қалай қабылдар еді? Қалай ойлайсыз, неліктен олардың империализм туралы түсінігі өзара ұқсас /немесе айырмашылығы бар?



АЗАТТЫҚ СТАТУЯСЫ

ИВАН КЛИМА. АМЕРИКА ТУРАЛЫ НЕ ОЙЛАЙМЫЗ

Иван Климань (1931 ж. туған) романдары мен қысқа әңгімелерінен көрініс табатын оның шыққан тегі назар аудартады, бұл қазіргі әлемде жеке тұлғаны дәріптеуге қатысты көптеген сұрақтар туғызады. Ол Прагада дүниеге келген. Әкесі еврей болса да, протестант ретінде тәрбиеленген. Соғыс уақытында үш жыл нацистік лагерьде болғанда, мұның оған көмегі тимеді. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Прагада әдебиетті меңгеріп, беделді «Әдебиет жаңалықтары» зияткерлік газеті директорының орынбасары болды. Ол аз уақыт ішінде қарымды жазушыға әрі драматургке айналады, бірақ еңбектері радикалдық деп саналып, коммунистік режим оны диссидент деп жариялайды, жұмысынан айырылып, Чехословакияда оның шығармаларына тыйым салынды. Әйтсе де бұл оның «үнін өшірмеді» және кеңес билігі диссиденттерді қыспаққа алса да, Прага көктемі кезінде оны бәрі білуіне кедергі болмады. 1969 жылы Клима Анн Арбордағы (АҚШ) Мичиган университетіне шақырылды, бірақ көп ұзамай ол Прагаға оралды, содан бері сол жерде тұрады. 1990 жылы оның еңбектеріне салынған тыйым алынып, бүгінде оның кітаптары Чехословакияда ашық түрде жарық көруде, бұған дейін оның алдыңғы кітаптары тек шетелде жарияланған болатын: «Жазғы роман», «Махаббат пен қоқыс», «Соттағы судья», «Менің алтын қолөнерім», «Қараңғылықты күту, жарықты күту», «Соңғы жақындық» романдары, сондай-ақ «Прага рухы» публицистикалық еңбегі. Төменде оның *Granta* басылымына қосқан үлесі – «Америка туралы не ойлаймыз» еңбегінен үзінді келтірілген, мұнда ол америкалық бостандық молшылықтан гөрі маңызды дейді.



Мен Екінші дүниежүзілік соғыс есінде қалған, азайып келе жатқан адамдар тобына жатамын. Маған бұл тағдыр тәлкегі сияқты, бізді концлагерьге апарған күні (ол кезде мен он жаста едім) нацистік Германия Америка Құрама Штаттарымен соғыс бастады. Оғаш көрінсе де, біз тап болған жағдайдан торыққан айналамдағы адамдар бірін-бірі құшақтай бастады. Олар Американың бұл қақтығысқа қатысуы шешуші сәтке айналды, соғыс жақында аяқталады, Гитлердің жеңіске шамасы жетпейді деп сенді. Күрес біз ойлағандай тез аяқтала қоймады, бірақ соғыстың соңғы жылында менің лагерім орналасқан қаланың үстінен ұшып өтетін бекініс эскадрондары жадымда жақсы сақтаулы. Мен барақтың ауласында қорқыныш пен қуаныш аралас асқақ сезіммен оларды бақылап тұратынмын, өйткені олардың тыныш ұшып өтуі немістердің көп ұзамай жеңілетіндігінің анық нышаны іспетті еді.

Батыс Богемиядағы отандастарымнан айырмашылығым, мен америкалықтарды азат етушілер ретінде қабылдамадым. Прага сияқты **Терезин лагерін де** Қызыл Армия азат етті, босатылғаннан кейін Прагаға оралдым. Мен білмейтін басқа әлемге тиесілі сияқты көрінетін, жалықтыратын күнделікті мюзиклдер маған ұнамаса да, соғыс туралы америкалық фильмдер көруді ұнататынмын. Кейін соғыс туралы фильмдер мен мюзиклдер өмірге деген америкалық көзқарастың екі қырын білдіретінін түсіндім.

Соғыстан кейін көп ұзамай Чехословакияда барлық америкалық фильмдер, олармен бірге соғыс туралы фильмдер мен мюзиклдер жоғалып

Батыс Богемия –
Батыс Чехияның бөлігі

Терезин лагері –
Терезин қаласындағы
нацистік концлагерь

Стейнбек, Джон

(1902-1968) – американдық жазушы

Хемингуэй, Эрнест

(1899-1961) – американдық романист, Нобель сыйлығының лауреаты

Дос Пассос, Джон Родерико

(1896-1970) – американдық жазушы

Фолкнер, Уильям

(1897-1962) – американдық жазушы, Нобель сыйлығының лауреаты

Торнтон, Уайлдер

(1897-1975) – американдық драматург, эссеист

Хеллер, Джозеф

(1923-1999) – американдық жазушы - романист

Мейлер, Норман

(1923-2007) – американдық жазушы, журналист

Рот, Йозеф

(1894-1939) – австриялық жазушы, журналист

Президент Никсон –АҚШ президенті
1969-1974 жж**Вьетнам соғысы**

(1955-1975) – АҚШ пен Вьетнам арасындағы соғыс

кетті, бұл коммунизм дәуірінің басталған тұсы болды. Олармен бірге коммунист Ховард Фастың кітаптарын қоспағанда, барлық қазіргі америкалық жазушылардың кітаптары жоғалды. Алайда Прагадағы ботаникалық бақтың жанында мен әлі де жеке иелікте қалған өзгеше бір кеңсе және кітап-түптеу дүкенін кездестірдім. Осы дүкеннің иесімен жиі сөйлесетін едім, бір күні ол маған бірдеңе көрсеткісі келетінін жұмбақтап айтты. Дүкенінің түкпірінен ол екі роман әкелді: олардың біреуін – **Стейнбек**, екіншісін **Хемингуэй** жазған. Ол кездері мұндай кітаптар контрабанда сияқты еді. Мен оған бұл екі қазынаның ақысын төлеп, оларды өзіммен бірге алып кеттім. Бұл кітаптарды сүйіп қалдым. Кейінірек, цензура әлсіреген кезде **Дос Пассос, Фолкнер, Уайлдер, Хеллер, Мэйлер, Рот** және басқалардың шығармаларын оқуға мүмкіндігім болды. Олар менің бүкіл алдағы өміріме әсер етті. Көптеген адамдар үшін америкалық мәдениет голливудтық фильмдер мен шексіз телесериалдар түрінде көрінетінін білемін. Мен үшін басқалармен қатар, америкалық мәдениет дегеніміз – өткен ғасырда ең маңыздылардың бірі болғаны шүбәсіз америка әдебиеті.

Мен АҚШ-қа алғаш рет 1968 жылы «Қамал» спектаклінің тұсаукесеріне қатысу үшін келдім. Басқа ғаламшардың және басқа мәдениеттің қаласы сияқты көрінген Нью-Йоркке қалай таңғалғаным есімде. (Сондықтан бұл қаланы жақсы көре алмадым: маған цемент пен асфальттың үлкен шоғырында адамдар, әсіресе балалар не есінен адасқандай, не кемтарлықтан азап шегіп жүргендей көрінді). Бір жылдан кейін маған Анн-Арбордағы Мичиган университетіне шақырылған профессор лауазымын қабылдау ұсынылды. Ол уақытта басып алушы кеңес армиясы Чехословакияда жақсы орналасып үлгерген еді. Тазарту басталды, қатаң цензура қайтадан енгізілді де, мәдениет көлеңкеде қалды. Мен шекара жабылғанға дейін бір күн бұрын елден кеттім. Сол кезде еркіндік елі ретінде АҚШ-ты еске алдым. (Күн сайын кабинетіме барар жолда өтіп жүрген көпірде біреу үлкен қызыл орақ пен балға суретін салыпты, бұл коммунистік нышандар жерінен біршама уақытқа шығып кете алғандар үшін оғаш көрінді). Сондай-ақ **Президент Никсон Вьетнам соғысын** шебер қорғаған теледидар бағдарламасынан кейін экранда комментатор пайда болып, Никсонды соншалықты сынға алғанын, оған әрең сенгенімді ешқашан ұмытпаймын. Мұның бәрі америкалық демократия мен бостандықтың бір бөлігі еді, оған әлі күнге дейін қайран қаламын.

Маған америкалықтардың қатынастары жасанды, тұрпайы, өйткені олар жай әлеуметтік нормалар деп көп айтып жатады. Менің ойымша, олай емес. Америкалықтар бейбіт өмір сүреді, бірақ жазатайым жағдай мен апат кезінде олар әрекет ете бастайды. Бұл жерде тек лаңкестік шабуылдар туралы айтып отырған жоқпын. Бірде қар жауып тұрған кезде мен жолдан жыраға түсіп кеттім де, көлігім омбы қарда қалды. Шамамен 20 градус аяз болып, көшеде жүрген кез келген адам қатып қалатындай сүйектен өтетін жел соғып тұрды. Бірақ соған қарамастан, бірнеше секундтан кейін жүк көлігі жақындап келіп, жүргізушісі машинада ешкім зардап шекпегеніне көз жеткізу үшін машинаға жүгіріп келіп, бізге оның көмегі қажет пе екенін сұрады. Ол жолсеріктеріміздің біреуіне тұруға көмектесіп, машинамызды сүйретіп шығарды. Бірнеше минуттан кейін қасымыздан өтіп бара жатқан келесі көліктің жүргізушісі бізді омбы қардан шынжырмен алып шығаруға

тырысты. Біздің елімізде көлік жүргізушілері мұндай жағдайда осыншалық алаңдаушылық танытып, өздерін құрбан етуге барады деп ойламаймын.

Біз Америкадан алты айдан кейін, Чехословакияның жаңа сталиндік дәуірі қызып тұрған шақта оралдық. Америка бәріміз үшін бостандықтың көрінісіне айналды: ол жақтан бізге цензурадан өтпеген жаңалықтар жетіп жатты, олардың журналистері біздің елде болып жатқан оқиғаларға қызығушылық танытты, ал олардың қызығушылығы мен біздің елдегі жағдай туралы репортаждары бізге коммунистік режимнің өзіне қарсы шыққандардың бәрін құртуға деген ұмтылысын тежеуге көмектесті. Оқта-текте біз тіпті америка елшісі резиденциясының бос аумағына барып тұрдық. Маған еркін өмір сүруге болатын, режимге деген көзқарасы үшін адамдарды түрмеге қамамайтын, кітаптар тәркіленбейтін, жазушыларға тыйым салынбаған және тоталитарлық (немесе қандай да бір басқа) идеологияны қабылдамағаны үшін ғана профессорлар университеттен шығарылмайтын тұтас бір құрлықтың бар екенін білу жігер берді.

Өз алдына америкалық арманның пайда болғанына бір ғасырға жуықтады. Кейбіреулер үшін ол – шексіз байлық, ал енді біреулер үшін – бостандық. Мен үлкен дүкендерге, екі-үш адам және бірнеше асыл тұқымды иттер мен мысықтар тұратын оннан көп бөлмесі бар орасан зор жекежайларға қызығушы емеспін. Ешқашан бірнеше машинаны немесе реактивті немесе қандай да бір басқа ерекше қозғалтқышы бар жеке ұшақты қалаған емеспін. Ысырапшылдықтан жиренемін, бірақ Американың байлығы мен үшінші әлемнің кедейлігі арасында тікелей қарым-қатынас бар деген пікірде емеспін. Ірі **монополиялардың** (америкалық, сол сияқты еуропалық) саясатын дәріптемей, көптеген ұрпақтардың қажырлы еңбегінің арқасында жинақталған Американың байлығы шын мәнінде еркін тұрғындардың шығармашылық қызметінің нәтижесі екеніне сенімдімін. Үшінші әлем елдеріндегі жағдайлар, сондай-ақ олардың барлық тұрғындары бастан кешіретін рухты түсіретін бостандықтың болмауы негізгі көздері саналатын **үшінші әлемнің** кедейлігі үшін америкалықтарды айыптаудың қажеті жоқ.

Соңғы он жыл ішіндегі АҚШ-қа сапарларым кезінде ол жақта бостандық әлі де жалғасын тауып жатқанын аңғардым, ал халқы одан да ауқатты бола түскен. Мұндай ауқаттылық қазіргі әлемде арандатушылық тудыратыны анық. Егер америкалықтар мен біз, еуропалықтар, өзімізді сәл шектесек, әлдеқайда жақсы болар еді.

Бостандықты әр түрлі көзқарас тұрғысынан қарастырады. Кейбіреулер үшін ол рух бостандығы мен биліктен тәуелсіздікті білдірсе, біреулер үшін ол бұзақылықты, сондай-ақ рухани және моральдық азғындықты білдіреді. Шынында да, бостандық оғаш салдарға әкеледі. Олардың бірі – қазіргі уақытта негізгі әлеуметтік құндылыққа тез айналып бар жатқан жүгенсіз ойын-сауықтың соңына түсу: мысалы, хоккейшілерге, баскетболшыларға,

Монополия –

бір компанияның нарықты бақылауы

Үшінші әлем –

негізінен оңтүстік жарты шарда орналасқан дамымаған елдер

танымал әншілерге және экран мен кино жұлдыздарына төленетін есепсіз ақша мөлшеріне назар аударыңыз. Ең негізгі ырықсыз сезімдерді еркіне жіберетін, олар туралы ақпарат баспасөз, кино және теледидар арналарынан шығатын зорлық-зомбылық, сұмдық және азғындық жағдайларының үдеуі, меніңше, бостандықтың ғана емес, моральдық құлдыраудың көрінісі, ол ақыр аяғында азаматтардың бостандығына қауіп төндіреді. Осы тұрғыдан Форманның белгілі «**Ларри Флинт**» фильміндегі үндеумен келіспеймін.

Алайда ештеңеге қарамастан, жанкешті адамдардың Нью-Йорк немесе әлемдегі кез келген басқа жер тұрғындарына қарсы шабуылын Америкада шынайы көрініс табатын азамат бостандығына, сондықтан менің де бостандығыма шабуыл деп санаймын. Бұл шабуылдарды қандай да бір түрде өзгеше қабылдау демократияны, азаматтық құқықты, нәсілдік және гендерлік теңдікті, өз нанымына және кез келген сенімнің жолына түсуге (немесе оның болмауына) сәйкес өмір сүру бостандығын қабылдамайтын реакциялық тоталитарлық күштермен келісушілікті білдіреді.

АХАЖ аудармасы – ОАУ, Душанбе, 2004.

Дереккөз: Клима, Иван. Америка туралы не ойлаймыз? / чех тілінен ағылшын тіліне Геральд Тернер аударған // Интернет – Гранта 77. URL: [http:// www.granta.com/extracts/1644], соңғы қаралым 2004 жылғы 31 мамырда.

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Климаның жеке тәжірибесі оның Америка туралы көзқарасына қаншалықты әсер етті? Көзқарасы объективті ме, әлде субъективті ме?
2. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін коммунистік режим Чехословакияға қандай өзгерістер әкелді?
3. Клима Америка туралы: оның әдебиеті, қалалары, адамдары және әлеуметтік қатынастары туралы не ойлайды? Америка Климаны несімен қызықтырады? Оны одан не жирендіреді?
4. Климаның Американы үшінші әлемнің кедейлігі үшін айыптауға болмайды деген пікірімен келісесіз бе?
5. Клима бостандықтың қандай түрлерін талқылайды? Неліктен Климада америкалық қоғам туралы екіжақты түсінік туындады?

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Ибн Мұңқыздың «Әсиет кітабы» және Климаның «Америка туралы не ойлаймыз» еңбектеріндегі «басқалар» түсінігін салыстырыңыз.
2. Бүгінде көбі Американы онда мораль жоқ деп сынға алады. Американы бұлайша түсіну Саид «Ориентализмдегі» ойдан шығарылған «басқалар» аясында қалай қарастырылуы мүмкін? (Саид мақаласындағы ойдан шығарылған оқиға идеясын қараңыз.
3. Клима еркін Египет мемлекеті идеясын қолдар ма еді? Неліктен иә немесе неліктен жоқ?

МУРАД КАЛАМ. ОЛ ЖАҚТА

Мурад Калам 1973 жылы Сиэтлде (Вашингтон, АҚШ) дүниеге келген, 2002 жылы О. Генри сыйлығының иегері және 2001 жылы жазбаша шығармашылығы үшін Фулбрайт стипендиаты болды, ал қазір ол – ұлттық қоғамдық радионың комментаторы. 2002 жылы Гарвард заң мектебінің түлегі, әйелімен бірге Вашингтонда тұрады, онда адвокат болып жұмыс істейді. Калам африкалық америкалықтар өмірінің ұмыт болған тұстарын зерттейді. Ол көрнекі бөлшектерді жеткізуде ерекше дәлдік, өзі түсірген диалогтарда алғырлық танытып, оқырманды қызықтыратын драмалық оқиғаларды бейнелеуде айрықша қабілетін көрсетті. Қазіргі уақытта ол Вашингтонда оқиғасы Каирде болып жатқан екінші повесін жазу үстінде. Төменде Калам өзінің Египеттегі өмір тәжірибесі туралы және өзі байқаған шынайы өмір оның түсінігіндегі өмірден қалай ерекшеленетіні туралы баяндайтын үзінді келтірілген*.



Ирак соғысына дейінгі алты айда мен **Каирде** тұрдым.

Салыстырмалы түрде жақында ғана исламға бет түзедім. Мен баптист болып тәрбиелендім, бірақ есейе келе атеист болдым. Алайда колледжде Құранның аудармасын кездестіргенімде, онда бағышталған ойдың күшіне, сондай-ақ әдеби күшіне қайран қалғаным соншалық, алкоголь ішуді, темекі шегуді тоқтатып, атымды өзгерттім.

Мұсылман ретінде Америкада адамдардың өзіме надан ретінде әрі күдіктене қарауына үйреніп кеттім, ал қазір Иракпен пайымсыз, бірақ шарасыз соғыстың болашағы туралы ой мені қатты мазалайды. Әрине, мен шамадан тыс аңғал болдым: мен үшін Орталық Шығыс исламның барлық басқа элементтері сияқты бетіне перде тұтқан әйел, Қағба және жұмақтың пәк қыздары бейнесін бойына сіңірген әлдебір Шығыстың экзотикалық эфирі сыңайлы еді. Мен Египетке Америкадан айырмашылығы, араб мұсылман әлемінде жемқорлық та, екіжүзділік те жоқ және бұл әлем ондағы жан түршігерлік өмір сүру жағдайларына жауапты емес деген сеніммен бет алдым. Адамдар мені мұсылман көршілері сияқты Египетте де қатал диктатура болған деп сендіруге тырысып бақса да, ол жерде өзім өмір сүре бастағанға дейін менің оған сенгім келмеді. Барлық қалағаным басқаша ойлайтын, Отанынан жер аударған романшы болу және исламға бет бұрған адам ретінде мұсылман елінде танымал болып, рахат табу еді.

Бір апта бойы қатыгез милиция елінде өмір сүрмейтініме сенімді болып, бақытты күй кешуде болдым. Нілдің бойымен жабайы, ызылдаған «**пежо**» таксиін жалдаған кезде, жүргізушім балағат сөздер айтып, әр бұрышта ілінген, «Мүбарек: Иә! Иә!» деген танту ұран жазылған Египет Президентін сайлау туралы плакаттарға қатты күлді. Бәрін бадырайған көзіммен көргеніме қарамастан, ол кезде мен көкжиектен Каирдің түтіні көлегейлеген мұнаралардың күмбездерін байқамадым.

Мен кездестіргендердің бәрі: аула тазалаушы, профессор, дәрігер, бала, шай құюшы және **дарбазашы** – Каирдегі бүкіл жұпыны көрініске қарамастан көңілді болып көрінді. Осы кішігірім дәлелдердің өзі кең та-

Каир –
Египеттің астанасы

Пежо –
Француз көлігінің маркасы

раған деспотизмі үшін Орталық Шығысты сынға алатын америкалық ғалымдардікі мүлдем дұрыс емес: мұсылман әлемі демократияны өзінің тынышын алмауы үшін ғана қаламады деген қорытындыға келуім үшін жеткілікті болды.


Келесі аптада мені Франциядағы адам құқықтарын зерттеген озық ойлы отыз жастағы египеттік судьяға таныстырды. Салтанатты египеттік мейрамханада ол маған былай деп сыбырлады: «Египеттіктердің қуанышын олар қалаған нәрсе деп қабылдамаңыз. Бақытты болып жүру – мәдениетіміздің бір бөлігі. Мұнда адам құқықтарын бұзушылық пен зорлық-зомбылық өте көп орын алады. Егер менің айтқанымды естімегені жөн адам бізді естіп қалса, ол дереу үкіметке менің үстімнен шағым жасайды».

Менің көңіл күйім өзгере бастады. Интернетте мен үкіметті сынағаны үшін Каирдің шаңды түрмесіне тоғытылған Египеттің әйгілі демократияны жақтаушысы доктор Саад Эддин Ибрахимнің ісін қадағалай бастадым. Әр бұрыштан қара берет киген, иығында тозығы жеткен ілулі Калашников автоматы бар, қабағы түюлі египеттік сарбаздар тобын байқай бастадым.

Каирдің орталығындағы көшеде, мен тұрған пәтердің тұсында, жолдың арғы жағындағы «Рише» кафесінде күн сайын барлық жаңа египеттік достарыммен **шиша** шегіп, кофе ішетінмін. Бұл кафе Каир университетінде оқып жүргенде Саддам Хусейн жиі баратын орын ретінде белгілі болған. Менің египеттік достарым соғыс келесі жылдың басында басталатынын айтқанымда маған сенгісі келмеді. Олар мені тіпті бұл неғайбыл болса да, не Франция, не БҰҰ соғыстың алдын алады деп сендіруге тырысты. Алайда негізгі бөлігі экскурсия жетекшілері ретінде жұмыс істеген және америкалық рәп айтушыларға еліктейтін көше безбелеріне ұқсаған достарымды ешқандай айқын (менің түсінігім бойынша) проблема: не жақында болатын соғыс, не Египет фунтының құлдырауы, не лық толы көшелер, басқаша көзқарасты басудан басқа, үкіметтің барлық жағынан жалпы қауқарсыздығы толғандырмайтын сияқты көрінді. Соғыс бастала ма, жоқ па – мұны тек Алла біледі. Милиция қатыгезденіп, министрлер қарапайым адамдардың ақшасын қымқырып, кім болса да, дәрігер, адвокат, **дарбазашы**, имам, бюрократ – әрбір адам сіз теріс айналған бетте сізді тонай салуы мүмкін еді. Әрине, Каирде ештеңе көңіл қалағандай жұмыс істемеді. Бірақ олар не істей алар еді?

Қашан болса да, олармен демократия туралы сөз бастағанымда олар әрдайым әңгімені жыныстық қатынас тақырыбына аударып, барлық америкалық қыздар жолдастарым ұнатып көретін, субтитрлі импортталатын атыс-шабыс жанрындағы фильмдерде көрсетілгендей шынымен де нимфалар ма деп сұрайтын. Сөзшең жолдастарыммен біраз болса да маңызды тақырыпта – Президент туралы, үкімет туралы, жолдастарымның пікірінше, бәріне, соның ішінде Египет экономикасының апатты жағдайына кінәлі еврейлерден басқа, өзге бір нәрселер туралы сөйлесу мүмкін емес еді. Кейде өзіме егер палестиналықтар бұлардың елін басып алса және бұған еврейлерді кінәлау мүмкін емес болса, байғұс жолдастарым бір-бірімен не жайында сөйлесер еді деген сұрақ қоятынмын.

Мен Сауд Арабиясына қажылық жасауға бардым. Өзіме Меккеге билет брондамақшы болғанымда, Египет авиакомпаниясында жұмыс істейтін, орамалмен бүркенген египеттік әйел мені «бронь үшін» жоқ салықты төлеуге мәжбүр етті, оның алдау әрекеті бесін намазына жығылғаннан кейін небәрі бірнеше минут өткен соң болды. Маған оның онда бұл орамалды неге тартып жүргені қызық болды.



Египеттегі көше базары

Шиша –
кальенның бір түрі

Меккеде де артта, Египетте қалғандай көрінген дәл осындай былық, үстемдік және селқостық араласқан жағдайға тап болдым. Египеттегідей, тіпті қажылықтың құтты орнының қақ ортасында ештеңе жұмыс істемеді, өйткені біз ислам мемлекетіне емес, нағыз ислам мұраттарын ұстанған-сыған тағы бір арсыз араб **клептократиясына** барыппыз.

Сауд Арабиясының тұрғындары тіпті қажылық қауіпсіздігін де ұйымдастыра алмады. Қажылық рәсімдерін орындаған әр күн сайын мен әлемнің түкпір-түкпірінен келген мұсылмандар тобының: түріктер мен пәкістандықтар, малайзиялықтар, арабтар және Нигерия тұрғындарының бір бөлігі болдым. Біз белгілі бір бағытсыз, бір рәсімнен екіншісіне асығыс үстінде, құлаған әйелдердің, ақсақ адамдардың және қариялардың өміріне қауіп төндіре отырып, ретсіз алға жылжып отырдық. Бір күні мен қажылыққа барған адамдарға толы көшеде болып, тіпті бір қадам да алға баса алмай, дүрліге жүгіруде тапталып қалмау үшін машинаның жүксалғышына секіріп шығуыма тура келді.

Түнде мен түнгі уақытқа орналасқан қажылыққа барғандарды аралап жүріп, олардың арасында лас көшелерде ұйықтауға ғана қуанғандардың кір-қожалақ жүздерінен жиіркендім. Таңертең көшелер қайтадан лық толып, үйден шығуына тек кейде рұқсат етілгендіктен ғана бір аяғынан екінші аяғына әрең ауысып жылжып бара жатқан, орамалмен бүркенген әйелдер баяу ырғалып, алдымда жүріп отырды. Тас лақтыру рәсімі өтіп жатқан жерде мен қажылыққа барғандар тобында құлап жатқан кішкентай қыздарды көрдім; түріктер арабтарды, африкалықтар үндістерді итеріп жатты, сондықтан күн сайын қажылыққа барғандардың біразы өлердей тапталып отырды. Келесі күні мен осы оқиғалар туралы мақалаларды «Сауд уақыты» газетінен («дүрбелең туындаған кезде он төрт қажылыққа келген адам тапталып қалды») оқыдым, онда қажылыққа жауапты, бірақ ешқашан болған жағдай үшін жауапкершілікті мойнына алмаған биліктің сөзін келтірген. Қажылыққа келушілер санын азайту немесе өлім жағдайын болдырмау мақсатында сансыз тобырды бақылау жөнінде ешбір уәде болған жоқ.

Мутаван – **yahhabшылық исламның** қатаң сақталуын қадағалайтын қаһарлы сауд діни милициясы көшелерді торуылдап, намазын жіберіп алған әркімді ұрып немесе тұтқындап жатты. Жергілікті тұрғындар шынайы діндарлығынан намазға жығыла ма, әлде ұрып-соғудан қорыққандықтан жығыла ма – мұны айту қиын еді.

Бір күні таңертең намаз оқып болғаннан кейін Ұлы мешітте менің сандалымды аяқкіім сөресінен ұрлап кетті.

Каирге ақпан айында оралдым. Ол уақытта барлық жайсыз жағдайларды ұмытқысы келген египеттіктердің өзі соғыстың шарасыз болатынын түсінген еді. Египеттік экскурсия жетекшіміз бізге бомбалау кеше түнде



Тас лақтыру рәсімі

басталғанын айтты, сондықтан енді адам толы пойыздарда біздің ағылшын тілінде сөйлеспейміз керек және Каирдегі пәтерлерімізден кетуіміз керек деді. Мен пәтерімнің есігін бекітіп алып, Америка елшілігінен жаңалық күттім. Келесі жұмада балконнан төменде наразылық білдіруші екі жүз елу-дей египеттікті – әндетіп, терезе сындырып, сарбаздарға тас лақтырып, ту ұстап жүрген ерлер мен жас жігіттерді бақылап отырдым. Үлкен танк мен тұрған көше бойында жиналғандарға су оқ-дәрі атып өте шықты, ал сарбаздар наразылық білдірушілерді шоқпардың көмегімен артқа шегіндіріп тастады.

Бір аптадан соң араб әлемі туралы барлық елес-қиялымды Каирдегі пәтерімде қалдырып, үйіме ұшып кеттім. Қайтадан Америкада болатын сәтті асыға күттім. Ұзақ ұшып бара жатқанда енді ешқашан дінім бойынша жолдастарым – араб әлеміндегі мұсылмандар үшін демократиядан басқа ештеңені қабылдамаймын және қазір ислам жасырып жатқан зорлық-зомбылық үшін кешірім сұрамаймын деп өзіме уәде бердім.

Алайда Египетте болған кезімде өзім куә болған барлық екіжүзділік пен қайғы-қасіретке қарамастан, кедейлер мен тақуа адамдардың шындықты айтушылығын да, көптеген мұсылмандар мен **копттардың** терең сенімін де ұмытуға болмайды. Мен исламды Гиза аулындағы шейхпен бірге меңгердім; **Рамазан** түндерінде бейтаныс адамдарды тамақтандырып жатқан дүкен иелерін көрдім; жергілікті қайыршылар бір күн де жібермей қатырма қағаз үстінде дұға етумен болды. Шынайы руханияттың осындай көрінісі арқасында ғана мен сенімімді жоғалтқан жоқпын.

Қазірдің өзінде египеттік жолдастарымның жүзіндегі үрейді есіме түсіремін. Кезінде Еуропаны дүрліктірген фашизм қазір Орталық Шығысты қамтуы және қазіргі уақытта мұсылман әлеміндегі бостандық, қазіргі заман, теңдік сияқты шынайы ислам құндылықтарына деген бар үміт Шығыста емес, Батыста болуы мүмкін бе?

АХАЖ аудармасы – ОАУ, Душанбе, 2004.

Дереккөз: Калам, Мурад. Ол жақта // Интернет – «Гранта» 84. URL: [http://www.granta.com/extracts/2103], соңғы қаралым 2004 жылғы 28 мамырда.

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Каламның шығу тегі қандай? Оның Орталық Шығысты зерттеуге деген қызығушылығы неден туды?
2. Оның Египетке деген алғашқы көзқарасы қандай болды? Оның көзқарасы неліктен өзгере бастады? Оның Орталық Шығыстағы шынайы өмірді қабылдауындағы өзгерістерге негіз болған не деп ойлайсыз?
3. Сіздің ойыңызша, оның араб әлемін қабылдауы дәл ме, әлде қиялдағы қабылдау ма? Ол өзі үшін Орталық Шығыс «Шығыстың экзотикалық эфирі» болғанын айтқанда нені айтқысы келді?
4. Калам неліктен Египет Америкадан жақсы болады деп күткен? Калам Египеттегі мұсылман жолдастарынан несімен ерекшеленді? Неліктен ол соншалықты Америкаға оралғысы келді?

Уаххабистік ислам – исламдағы Құранды қатаң сақтауды талап ететін реформистік қозғалыс. Абдул Ваххаб негізін қалаған (1703 – 1792) және Арабияға тараған

Копт – христиандар, Египеттің байырғы тұрғындары

Рамазан – мұсылмандар үшін міндетті ораза айы

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

113

1. «Ориентализмнен» үзіндіде Эдвард Саид Еуропа мәдениетінің Шығыс мәдениетінен артықшылығын талқылайды. Калам өз әңгімесінің соңында қойған сұрақ Саидтің дәлеліне сәйкес келе ме?
2. Қалай ойлайсыз, Египеттегі өмір тәжірибесінің арқасында Калам нағыз Шығысты көре алды ма, әлде ол Шығыс туралы жаңа қате түсінікке ие болды ма?
3. Каламның Шығысты сипаттауын Лео Африканустың сипаттамасымен қалай салыстырар едіңіз?

ТАЛДАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Егер сіз отарланған аумақтың тұрғыны болсаңыз, Киплинг пен Горчаковтың еңбегіне қалай жауап берер едіңіз?
2. «Тимбукту сипаттамасы» «Ориентализм» түсіндірмесімен, әсіресе Мотыль мен Горчаковтың Орталық Азияны бейнелеуімен қалай байланысады?
3. Ибн Мұңқыздың әңгімелерінде сипатталған Крест жорықтары кезіндегі франктар мен мұсылмандар арасындағы қатынастарды талқылап, Мотыль фильміндегі Сухов пен Саид арасындағы қатынаспен салыстырыңыз.
4. Адамдар өздеріне жұмбақ әрі экзотикалық болып көрінетін елдерге барғанда әдетте не болады? Саидтің сынын және «Шөл даланың жарқыраған күні» фильмінен және Лео Африканус, Мұңқыз, Клима, Калам шығармаларынан алынған мысалдарды қарастырыңыз.
5. «Басқалар» ұғымы ұлтшылдық туралы қазіргі заманғы даулармен қалай байланысты? Киплинг, Горчаков, Насер мысалдарын және өз еліңіздегі мысалдарды қарастырыңыз.
6. Баласағын мен Сүлейменовтің идеялары осы тараудың басқа авторларының тек Батыс – Шығыс құрылымындағы интерпретациялар контекстінде ғана емес, Орталық құрылымдағы Шығыстың ішіндегі әртүрлі интерпретация контекстінде, сонымен қатар перифериялық дискурс аясында қарастырылатын идеяларымен идеяларымен қаншалықты сәйкес келеді?



ҚҰРАН.


Пергаментте медальондармен және каллиграфиялық жазумен безендірілген
 Құран беттері, 17 ғ.
 (Бриджмен өнер кітапханасы, Лондон)

КІРІСПЕ

Үшінші тарау оқырманға әр мәтінді кейде бір-біріне қайшы келетін сан түрлі тәсілдермен түсіндіруге болады деген идея тастайды. Тоби Лестердің еңбегінде – осы тарауда келтірілген алғашқы мәтінде Құранның ортодоксалдық және еркін түсіндірмелері мен исламның алғашқы тарихы арасындағы қайшылық жөніндегі қазіргі заманғы әр түрлі пікірлер талқыланады. Кейінгі бірнеше мәтінде Киелі кітаптың түсіндірмесі және христиан дәстүріндегі Папа беделі туралы ұқсас дауларды талқылау жалғасады. Кейінірек діни мәтіндер әлеуметтік және саяси мәселелер қарастырылатын еңбектермен алмастырылады. Оларды оқу барысында түсіндірудің күші діндегі, саясаттағы және қоғамдағы басым көзқарасты қалай қалыптастыра алатынына, оны қабылдауға немесе қарсы шығуға итермелей алатынына назар аударыңыз.

Осы бөліммен жұмыс істеген уақытта бұл мәтіндерді сіз қалай түсіндіре алатыныңызды және сіздің түсіндірмеңіз басқалардың түсіндірмелерінен несімен ерекшеленетінін қарастырыңыз. Бұдан басқа, осы мәтіндер арасындағы өзара байланысқа назар аударыңыз. Діндер мен осы діндерді ұстанатын адамдар қасиетті жазбаларды түсіндіруде қандай әдістер қолданатыны, сондай-ақ олардың өздерінің дәстүрлі нанымдары мен ғұрыптарын зерттейтіні немесе зерттемейтіні арасында қандай ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар? Саяси билік қалыптасқан тәртіпке күмән тудыруына адамдарды қалай ынталандыруға немесе керісінше оларға қалай кедергі келтіруге тырысады? Кей жағдайларда мәтіндердің өзара байланысын анықтау өте оңай болса, тағы бір жағдайларда мұндай өзара байланысты анықтау үшін барынша жете талдау жүргізуіңізге тура келеді.

Үшінші тарау сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытуға арналған. Сыни тұрғыдан ойлау бәріне жағымсыз көзқарасыңызды көрсету үшін ғана жаппай бәрін сынауыңыз керек дегенді білдірмейді. Сыни тұрғыдан ойлау сізді автордың алғышарттарын, қате түсініктерін және белгілі бір ұстанымды қабылдауының ықтимал себептерін назарға алу арқылы автордың келтірген дәйегінің құндылығына күмән келтіруге итермелейді. Сіз автордың айтқандарының бәрін ойланбастан қабылдай бермейсіз, оның келтірген дәйектерінің бұлтартпайтын дәлелдермен расталғанына көз жеткізу үшін осы дәйектерді зерттейсіз. Сонда ғана жазушымен келісетініңізді немесе көзқарастарыңыз сәйкес келмейтінін анықтай аласыз.

**ҚАҒБА.**

Меккедегі әл-Харам мешітінің ауласындағы кубок тәрізді мұсылмандардың киелі жері

МҰХАММЕД АРКУН: ҚАЗІРГІ ИСЛАМ: ДӘСТҮРГЕ БЕТ БҰРУ

Мұхаммед Аркун (1928–2010) – алжирлік ғалым әрі ойшыл. Ол заманауи интеллектуалдық ислам реформасына үлес қосқан исламтану саласындағы ең ықпалды зайырлы ғалымдардың бірі болып есептеледі. 30 жылдан астам қызметінде ол ислам модернизмін, зайырлылық пен гуманизмді қорғап, мамандығына байланысты түсінбестік пен шиеленістерді сынады. Академик кітаптарының көбін негізінен француз тілінде, кейде ағылшын және араб тілдерінде жазды. Бұл эссенің бірінші нұсқасы француз тілінде «Aspects de la foi de l'Islam» журналында жарияланды (Брюссель: Facultés Universitaires, Saint Louis, 1985). Ағылшын тіліндегі аудармасы алғаш рет осы басылымда жарық көрді, өйткені бұл зерттеу автордың ғылыми айналымға енгізген және осы семинарда талқыланған «алшақтық» концепциясын ашып көрсетеді.



Адамдарға тура дін (яғни, тура жолды нұсқау) келгенде иман келтіруге және Раббыларынан рақым тілеуіне ештеңе кедергі келтірмеді, бірақ олар бұрынғылардың әдет-ғұрпын (сүннетін) сақтаудан бас тартқысы келмеді, тіпті ол үшін жазаланса да (Құран 18:55)¹.

Саған дейін келген пайғамбарларымыздан жеткен әдет бойынша; біздің әдет-ғұрпымызды өзгерте алмайсың» (Құран 17:77).

Исламның оны ұстанушы елдердің дәстүріне қайшы келетіні туралы айту 1950 жылдардан бері мұсылман қауымдары тап болған күрделі тарихи жағдайларды ескере отырып қарастырсақ, оңай емес. Дәстүрді (Кітапта) жазылған ұлы дінмен көрсоқырлықпен сәйкестендірмей-ақ және редуccionизмсіз тәпсірлеу қиындықтарын былай қойғанда, біз негізінен төрт бәсекелес дискурс формасымен мысалға келтірілген төрт ықтимал тәсілге тап боламыз:

1. Қазіргі исламдық дискурс – өзінің саяси күші мен маңызды әлеуметтік-психологиялық ауқымына байланысты басқа көзқарастардың бәрін басып тастауға тырысады. Бұл дискурс Дәстүрдің мифологиялық өлшемімен терең тамырлас болып, Дәстүрдің діни мазмұнын байқамай төмендетумен қатар жүреді.
2. Дәстүрді түпнұсқа мәтіндерде қалыптасу және бекітілу кезеңімен байланыстыра отырып түсіндіретін классикалық исламдық дискурс.
3. Исламның қалыптасу және нығаю кезеңіне тарихи-филологиялық көзқарасты білдіретін шығыстанушы дискурс. Бұл көзқарас 19 ға-

¹ Ағылшын тілінен 18:55 аятының орысша аудармасы Б.Я. Шидфар (М., 2012) аудармасы негізінде жасалған.

сырдан бастау алады, негізінен позитивистік бағытта және историзм принципіне сүйенеді.

4. Адам мен қоғам туралы ғылымдардың дискурсы алдыңғы үш кезеңді қайта қарауға бағытталған, оның шеңберінде бұрын ойға келмеген немесе «дұрыс ойластырылмаған» деп басып тасталған нақты мәселелер көтеріліп, исламдағы дәстүр мәселесінің *нақты* сыни қайта жандану мүмкіндігін туғызады.

Он төрт ғасыр бойы ислам дәстүрінде жинақталған және бейнеленген, сондай-ақ ойластырылмаған, тұжырымдалмаған нәрселермен күресу үшін біз Ислам және дәстүр ұғымдарын зерттеуді бастаймыз. Бұдан ары Исламдағы дәстүр мен жалпы дәстүрдің жай-күйін сипаттаймыз. Қорытындай келе өз тұжырымдарымызға сүйене отырып, біз Ислам дәстүрі түсінігін жалпы қайта қарастыруға тырысамыз.

I. ИСЛАМ ЖӘНЕ ДӘСТҮР КОНЦЕПЦИЯЛАРЫ

Құранның өзінде-ақ дәстүр туралы көптеген пікірталас бастау алған. Құранда келтірілген сөздердің бәрі де «әкелер» мен «ата-бабалар» рұқсат еткен сенімдер мен дәстүрлі әдет-ғұрыптарды жоққа шығаратын «заманауилықпен» (модерндік көзқараспен) берілген (*аба'* термині Құран мәтінінде алпыс үш рет қолданылады, ал *ал-аввалун* – «алғашқылар, бұрынғылар», отыз сегіз рет келтіріледі). Алдыңғы араб дәстүрі әдетте тұтастай надандық, тәртіпсіздік, әділетсіздік, қателік, пұтқа табынушылық және қанаушылық, бір сөзбен айтқанда, «*жахилияның* түнегі» ретінде бейнеленген. Дәстүр – бас әріппен беріледі, өйткені ол құдайлық, адамның күш-жігерімен өзгермейтін және Мәңгілік ақиқаттың көрінісі – Мекке мен Мәдинадағы жиырма жылдық күрестен кейін, дұшпандық әлеуметтік-мәдени өріске енуге ұмтылып, шынайы ислам дәстүріне айналмақ болып отыр.

«Дәстүр» ұғымының бастауын Исламның тууынан бастап қарастырып, кейінірек «Д» әрпімен белгілеу керек пе, өйткені бұл Қоғамда қабылданған Дәстүрдің жалғыз «ортодоксалдық» көрінісі ме? Әлде исламды «исламдық» деген атпен белгілі дәстүрдің қалыптасуына әкелген, бірақ әрқашан басқалармен бәсекелестікте немесе бірінен соң бірі «инновациялар» немесе «модернизациялар» арқылы өзгертілген әлеуметтік-тарихи процестердің бірі ретінде қарастырған дұрыс па?

Бірінші көзқарас «исламшылдық» деп аталатын қозғалыстардың қазіргі исламдық дискурсына, бірақ жалпы мағынасында барлық реформаторлық дискурсқа (ислах) сәйкес келеді. Бұл көзқарасқа сай ислам пайғамбарлық дәстүрмен (хадис) түсіндірілгендей Құранда толығымен қамтылған. Бұл дәстүрдің алдымен ауызша жеткізу нысанына айналғаны, содан кейін хижраның алғашқы үш ғасырында жазылғаны, сондықтан оның сыни көзқарасты қажет ететін күрделі әлеуметтік-тарихи процестің нәтижесі екендігі Ислам = Шынайы дәстүр абсолютті теңдеуіне еш әсері жоқ деп қарастырылады. Осы көзқарасқа сай қауым (үммет) Дәстүр ретінде қалыптастырып, мойындаған сенімдердің, әдет-ғұрыптардың, институттардың, этикалық-құқықтық нормалар мен мәтіндердің жиынтығы исламды Алланың белгілеп, өсиет еткенін көрсету үшін ғана қызмет етеді. Осылайша,

Дәстүр – тарихтағы «Ақиқат дінінің» (дин әл-хаққ) көрінісі; бұл – Қоғам өмір сүретін кеңістік пен уақыттың қасиеттілігі мен танылмайтындығының (тан-зих) күші. Сондықтан да халифа, сұлтан және өмір шын мәнінде зайырлы тұлғалар болғанымен, түрлі дәрежеде киелі тұлғаларға айналады. Мұндай көзқарас Қауымның әрбір мүшесінің нәліктен өткен замандардағы, қазіргі және болашақтағы оның барлық мүшелерінің тікелей замандасы ретінде қаралатынын түсіндіреді.

Бұл көзқарас Дәстүрдің рухани сипатының (этосының) мәртебесін арттырады, ол қауымдастық сезімін тудырады, мүміндердің үмітін арттырып, барлық салдарымен бірге тарихилық қағидатының ықпалдастығын жоққа шығара отырып, нақты тарихи әрекеттерге эсхатологиялық (дүниенің ақыры немесе о дүние туралы) және онтологиялық (қазіргі болмыс туралы) толық сипат береді. Сонымен, бұл көзқарас «ғылыми» ұстанымға түбегейлі қарама-қайшы, «ғылыми» ұстаным керісінше, тарихи-сыни әдіс қағидаттарына сәйкес тексерілетін «фактілерді» (аты-жөні, оқиғалар, күндер мәтіндер, жазбаша дәлелдемелер және т.б.) ғана ескереді.

Екінші көзқарас – ислам және дәстүр тұжырымдамаларындағы ұғымдар тарихта толассыз өзгерістерге ұшырайтындықтан, олардың анықтамасын ашық, аяқталмаған күйде қалдыру. Бұл жерде Исламның рухани этосын, яғни Дәстүр мен оның тарихилығын талдауда да, нақты тәжірибесінде де ықпалдастық бар. Бұл мәселе – исламдық ой-пікір үшін жаңа құбылыс; шынында, ол беделділер тізбегі мен хадис мәтіндерін мақсатты түрде сынаудан асып түседі және оны ең көрнекті дәстүршілер (мухаддитхун, сөзбе-сөз ‘хадис білгірлері’) қолданады. Азды-көпті әлеуметтік прогресс кезінде дін қоғамда түрге, мазмұнға және сабақтастыққа қалай ие болады? Бұл сұрақ дінді оның көрінісі болып табылатын дәстүр тұрғысынан қарастыра бастағанда-ақ туындайды. Осы тұрғыдан алғанда, исламның соңы болмайды; ол әрбір жаңа әлеуметтік-мәдени контексте және әрбір жаңа тарихи кезеңде қайта айқындалуға тиіс. Бұл ретте ол мынадай тұрақты құрамдас бөліктерден тұрады:

1. Құран корпусы (*мусхаф*);
2. құқық мәселелеріне арналған *хадистер* мен заң мәтіндері;
3. бес канондық міндетті ережелер және олардың салт түрінде орындалуы;
4. барлық мүміндерге ортақ және Дәстүрге тән рухани этос.

Бұл элементтерді тұрақтандыруға уақыт қажет: Дәстүрдің әлеуметтік-тарихи қалыптасу процесі деп осыны атаймыз. Біз сондай-ақ, шын мәнінде, Құран мен пайғамбарлық дәстүрлердің мағынасының тұрақтануы мүмкін емес екенін көреміз, өйткені бұл жерде өміршең дәстүр жайында айтылып отыр. Өміршең дәстүр деп мүміндер басшылыққа алатын және сол арқылы өмір сүретін мәтіндерді айтып отырмын; бұл мәтіндер тарих-

Трансценденттік –
сезімдік тәжірибеден тыс

ты тудырып, тарихта шексіз қайталанып отырады. Дәстүрдің атқаратын қызметтерінің бірі – қасиетті мәтіндердің кейбір оқылымдарына қатысты пікірлестікті қамтамасыз ету үшін қажетті референттерді (оқиғалар мен құбылыстар түрінде) ұсыну, бұл мүмкіндер айтып бағатын ислам бірлігінің жоғарыда аталған² төрт қажетті құрамдас бөлігі негізінде тарихта³ біртіндеп жүзеге асатынын білдіреді.

Діни тұрғыдан бұл көзқарасқа белгілі аятты қарсы қойып салыстыруға болады: «Бүгін мен сендер үшін діндеріңді аяқтап бітірдім, сендер үшін рақымдылығымды аяқтадым және сендер үшін дін ретінде исламды қанағат тұттым» (Құран 5: 3).

Бүкіл Құранның оқылуы сияқты бұл аяттың оқылуы Аянның бүкіл кезеңін және пайғамбарлық әрекетті түсіндіруде тарихилықтың біз үшін атқаратын рөліне байланысты⁴.

Бұл жерде тарихилықты дәстүрлі тәпсіршілер «асбаб ан-нузул» деп белгілеген Аянның анық кездейсоқ жағдайларымен шатастырмау керектігін атап өтеміз. Егер хронологиялық тұрғыдан Аян мәні бойынша Пайғамбардың қайтыс болуымен аяқталса, оның тәпсірленуі, түсіндірілуі, рәсімдік және адамгершілік-құқықтық нормалар арқылы жеткізілуі күні бүгінге дейін жалғасуда; дәл осы жеке «меннің» өзімен жұмыс істеуі арқасында және тарихтың қысымымен Қауым исламды тірі Дәстүр ретінде қалыптастырады.

Дәстүр ұғымын толығырақ қарастырайық. Хижраның алғашқы екі ғасырындағы Пайғамбарлық дәстүр (*сүннет ән-нәбіл*) ұғымын жергілікті әдет-ғұрыптарға немесе тіпті іс жүзінде Пайғамбардың сахабаларынан (*сахаба*) және ізбасарларынан (*таби'ун*) бастау алатын басқа дәстүрлерге қарсы қойып салыстыруға бағытталған дәлелдер, талқылаулар және жазбаша мәтіндер көбінесе жүйесіз қолдану салдарынан ретсіз терминологияның пайда болуына және таралуына ықпал етті. Атап айтқанда, *сүннет*, *хабар*, *асар*, *сама'*, *нәкл*, *риуая(т)*, *хадис* сияқты терминдерді⁵ еске түсірген жөн.

Бұл терминдердің барлығы араб тілінде күнделікті тұрмыста исламнан бұрын да стандартты мағынаға ие болған; олар Құран және Мәдина тәжірибесі арқылы жасалған жаңа семантикалық контекстке енгізіліп, бір мезгілде қалыптасып келе жатқан діни және мәдени нақты бір дәстүрді білдіретін болды.

Сүннет термині Құранда пайғамбарлар Аян жеткізген кезеңде адасып өмір сүрген халықтарға қатысты «әдет-ғұрып бойынша әрекеттерді» білдіру үшін Аллаға қатысты қолданылады. Көңірек мағынасында *сүннет* әдет-ғұрып нормаларын басшылыққа алатын адамдар тобының мінез-құлқын білдіреді; сондықтан да Мұхаммед енгізген *сүннет* жергілікті әдет-ғұрыптарды реттеуге қатысты тек біртіндеп және қиындықпен мойындалды. Қолданыстағы құжаттарда *сунна ән-нәбіл* сөзі тек шамамен 80/700 жылы

Экзегет –

пайғамбарлықтардың, заңдардың, әдет-ғұрыптардың, кейінірек Киелі кітап мәтіндерінің аудармашысы

² Мен қажет құрауыштар мен *усулды* бөліп көрсетемін: біріншісі исламның тұрақты өзегін құрап, кез келген зерттеуге немесе сыни талдауға ашық болып қала береді; олар ортодоксалды немесе догматикалық талқылау нысаны болмауы керек; екіншісі, керісінше, дін ілімі (*усул ад-дин*) және құқық әдіснамасы мен эпистемологиясы (*усул әл-фиқһ*) сияқты екі пәнде ұзақ уақыт бойы зерттеліп келеді. *Усул* (сөзбе-сөз тамырлар, негіздер) әр мектеп өзіндік анықтамалары мен оларды қолдану тәсілдерін ұсынады деген мағынадағы субъективті бірліктер.

³ Мынаны қараңыз: M. Arkoun, L'Islam dans l'histoire // *Maghreb: Machrek*, 102 (1983), 5-22.

⁴ Мынаны қараңыз: M. Arkoun, L'Islam dans l'histoire // *Maghreb: Machrek*, 102 (1983), 5-22.

⁵ Осы терминдердің барлығы туралы мына жерден қараңыз: *Encyclopédie de l'Islam*, 2nd ed. (Paris: Maisonneuve et Larose, 1960–1973); *хабар* туралы: L. Souami, «Introduction à la théorie du *khbar* chez Jahiz: définition et constitution», *Studia Islamica*, 53 (1961), 27-50.

атақты халифа Омар ибн Абд әл-Әзиз (101/720 жылы қ.б.) кезінде алғаш рет қолданылған. Келесі қадамды әш-Шафиғи (204/820 жылы қ.б.) жасайды, ол сүннетті анық хадистер жиынтығы, Құраннан кейінгі діни құқықтың (шариғат) екінші «объективті» қайнар көзі (асл) деп жариялады.

Сонымен, реттелетін рәсімдерге сәйкес берілетін (нәкіл, риуаят) дәстүрлер мәтіндерінің жиынтығы ұғымы шешуші мәнге ие болады; оның шарықтау шегі – сүнниттер арасындағы Бұхари (256/870 жылы қ.б.) мен Мүслимнің (261/875 жылы қ.б.), сондай-ақ шииттер арасындағы Кулайни (әл-Кулайни) (329/940 жылы қ.б.) мен Ибн Бабуя (381/991 жылы қ.б.) жинақтарының⁶ негізгі, тең нұсқалы (ас-сахих) деп аталатын мәтіндерін әзірлеу. Хабар және асар – ақпаратты немесе тіпті оның ізін, оған тұспалды білдіретін кез келген мәлімдемені білдіретін жалпы терминдер.

Кез келген мәлімет немесе оның құрауышы, баяндау немесе жаңалықтар хабар немесе асар дегенді білдіруі мүмкін; сондықтан да бұл екі термин тарих және әдебиет (адаб) сияқты дереккөздерден алынған шын ақпаратқа да, сондай-ақ діни дәстүрлерге де, атап айтқанда, Құран мен хадистерге қатысты дәстүрлерге бірдей қолдануға келеді.

Мұның бәрі Құран, сира (Мұхаммедтің өмірбаяны) және хадистер туралы мәліметтер поэзия, саяси тарих, сондай-ақ әскери жорықтардың (мағазил) экономикалық фактілері мен дәлелдері сияқты зайырлы мақсаттарының маңыздылығы діни мақсаттардан кем емес мәдени жағдайда жиналғанын көрсетеді. Екі мемлекет те, алдымен Умайялар, содан кейін Аббасидтер мемлекеті «ислам» билігінің заңдылығы мен бірлігін нығайту үшін қажеттілігі бірдей «ортодоксалдылықты» және мәдени дәстүрді қалыптастыру, шыңдау үшін қажетті осы ахбарға (хабардың көпше түрі) деген қажеттілікті сезінді.

Ислам дәстүрінің қалыптасуы мен нығаюының бұл ресми аспектісі исламдық ой-пікірде әр түрлі ескерілетін үш нәтижені түсіну үшін қажет: Дәстүрдің сүнниттік және шииттік болып жікке бөлінуі; Исламдық емес деп саналатын барлық жергілікті дәстүрлерді усул әл-фиқһ ғылымының жоқ дегенде теориялық түрде басып-жаншуы; Дәстүрдің діни жоспарының әлсіздігі мен үзілмелілігі.

Бұл үш пікірге кейінірек ораламыз. Алдымен, Исламдағы дәстүр ұғымымен байланысты екі маңызды терминді тағы бір рет еске түсірейік: жаңа ереже (бидғат) және еліктеу (тақлид). Бұл екінші ұғым сүнниттер арасындағы Мәлік ибн Әнас (179/795 жылы қ.б.), Әбу Ханифа (150/767 жылы қ.б.), әш-Шафиғи мен Ибн Ханбал (241/855 жылы қ.б.); шииттер арасындағы Жағфар әс-Садық (148/765 жылы қ.б.) мен Ибн Бабуиа, сон-

⁶ *Encyclopédie de l'Islam*, 2nd ed. (Paris: Maisonneuve et Larose, 1960–1973), s.v. *hadith* еңбегінен мәтіндердің классикалық басылымдарының барлығына сілтеме табуға болады. Ең соңғы сыни есеп G.H.A. Juynboll, *Muslim Tradition* (Cambridge: Cambridge University Press, 1983) кітабында келтірілген.

дай-ақ хариджиттер арасындағы Ибн Ибад пен Жабир ибн Зайд әл-Азди (103/712 жылы қ.б.) сияқты дінтану-заң мектептерінің негізін қалаушы ғалымдар әзірлеген нормалар мен ілімдердің схоластикалық түрде қайталануын білдіреді.

Дәстүр Құранда, *хадистерде* және құқықтардың канондық жинағында *corpus juris* деген анықтамаға ие болған өсиеттер мен тыйымдар (*ауамир* және *науах*) жиынтығымен неғұрлым сәйкестендірілсе, «дәстүрлендірілуі мүмкін», яғни *усул әл-фиқһ* әдіснамасының көмегімен Дәстүр жүйесіне біріктірілуі мүмкін «жаңа ережелер» үшін кедергі соғұрлым жоғары болады. Қосымша айта кетер жайт, *сүннет/бидғат* арасында және сәйкесінше *тақлид/ижтиһад* арасында, яғни Дәстүрдің беделіне бағынушылық пен «жақсы жаңа ережені» (*бидғат хасана*) танудағы және насихаттаудағы қисынды күш-жігердің арасында азды-көпті (бүгін барынша күшейе түскен) шиеленіс әрдайым дерлік болған. Бұл қарым-қатынас пен тарихи сын әлсіз мәдени контексте қасиетті жазулар дәстүрі бүкіл Ақиқат адамның мінез-құлық қағидалары мен сеніміне негізделген негіз қалаушы кезеңді дәріптейтін және аңыз түрінде көрсететін күшке айналады дегенді білдіреді: III/IX – VIII/XI ғасырлар аралығында исламда дәл осылай болды. Ұзақ уақыт бойы тиісті мән берілмей келген ойлау үрдісі мен ізденісті бүгінде қалай жандандыруға болатынын қарастырайық.

II . ДӘСТҮР ЖӘНЕ ИСЛАМДАҒЫ ДӘСТҮРЛЕР

Алла Тағала бүкіл адамзатқа Дін етіп тағайындаған бір ғана ислам бар, дәл сол сияқты осы исламды шынайы түрде көрсететін және мәңгілік ететін бір ғана Дәстүр болуы мүмкін. Сүнниттер исламы, шииттер исламы, хариджиттер исламы болсын, ортодоксалдық ағымдардың сөзсіз талабы осындай. Өз кезегінде христиандық пен иудаизм де екі негізгі тірек – Мемлекет пен Жазбаның қолдауына ие болмаған бәсекелес дәстүрлерді дүбәра етіп немесе жоя отырып, қасиетті жазулар дәстүрі ұлық деген пікірді таңды. Сонымен қатар тарихи түрде бекітілген мұндай Дәстүр сонда да тарихтан тыс сипатқа ие болуы мүмкін, өйткені Аяннан бастау алып, Аянның трансценденттілігін білдіреді.

Тарихи шындық бұл теологиялық пікірді растамайды. 11/632 жылы Пайғамбар қайтыс болғаннан кейін дәстүрдің бірнеше балама нұсқасы болуы мүмкін еді: Құран тұрғысынан, Медина тәжірибесі және Арабия мен көршілес елдердің әлеуметтік-мәдени жағдайлары. Осы үш балама жолдың барлығы бірінші ғасырда ғана пайда болған. Қанды күрес пен қызу пікірталастар нәтижесінде уақыт өте келе үш ұлы ортодоксия пайда болды: сүнниттік, шииттік және хариджиттік, бұлардың әрқайсысы басқалардан азды-көпті ерекшеленді. Бұл ретте ересииографиялық әдебиет хижраның алғашқы бес ғасырында пайда болған көптеген топтар, қауымдар және секталар (*миләл, нихал, фирак*) болғанын дәлелдеді. Екі ұлы ортодоксия – сүнниттік және шииттік ортодоксиялар, біріншісі селжүктер тұсында, екіншісі сефевидтер тұсында салтанат құрған уақытта да бұрыннан келе жатқан жергілікті дәстүрлер діни бауырластық түрінде аман қалды.

Әрбір ортодоксия өз заманындағы қозғалыстардың Шынайы Дәстүрдің қалыптасуына қатысқанын мойындаудан бас тартуы әбден түсінікті.

Дәстүрлі түрде діни ретінде қабылданатын, шын мәнінде таза пікірталас тудыратын, сүннизмнің «дінбұзарларға» қарсы шайқасы өтетін шеңбер өте жиі келтірілетін *хадисте* анықталған.

Мысалы, Ибн Араби былай деп жазады: «Біздің тәлім-тәрбиенің бастауы – Ибн Омар жеткізген дәстүр: Алла елшісі: «Израил ұрпақтары жетпіс бір сектаға бөлінген. Біреуінен басқасының бәрі тозаққа түседі. Мәриям ұлы Исадан туғандар саны жетпіс екі сектаны құрайды, біреуінен басқасының бәрі тозаққа түседі. Менің үмметім жетпіс үш сектаға бөлінеді, олардың біреуінен басқасының бәрі тозаққа түседі». Олар одан: «Уа, Алланың елшісі, бұл (құтқарылған секта) қандай?» – деп сұрады. Ол: «Ислам, яғни мен сияқты және сендер сияқты мұсылмандар қауымы (*үммет*)», – деп жауап берді⁷.

Бұл үзіндінің негізінде жатқан жорамалдар, шын мәнінде, әлі күнге дейін мұсылман діни сенімінің үш ортодоксалды бағытын басқарады. Сондықтан оларды ортақ постулаттар бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленетін көріністер жүйелеріне әкеліп соқтырғанын көрсету арқылы түсіндірген дұрыс болар еді, бұл үш дәстүрді сыни тұрғыдан қайта қарастыру арқылы исламдық сананы бірыңғайластыруды ақылға сыймайтындай етеді⁸.

ОРТОДОКСИЯНЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ПОСТУЛАТТАРЫ

Бұл постулаттарға мынадай ережелер кіреді:

1. Адамдар арасындағы жікке бөлінушілікті түзетуге келмейді. Алланың Аянын үш рет қатарынан алған бір топ қана оны түсініп, қатаң түрде оған адал болып қала алады.
2. Ақиқат біреу, Алланың Аяны мен оны қабылдайтын топ та жалғыз. Сонымен, бір ғана шынайы Дін және сол Дінді білдіретін бір нағыз Дәстүр болуы мүмкін.
3. Пайғамбардың сахабалары («мен сияқты және сендер сияқты») – рухани қауымның сол рухани қауымды сақтап, қабылданған Дәстүрді қатаң түрде құрметпен ұстанатын алғашқы ұрпағы. Нәтижесінде кейінгі ұрпақтар барлығына уәде етілген Құтқаруға қатысты қатаң түрде «заманауи» болады.

⁷ Ibn 'Arabi, *La Profession de foi*, R. Deladrière trans., vol.1 (Paris: Editions Orientales, 1978), 87. Бұл хадиске әдетте *бидғатпен* күрес мәселесінде жиі келтірілетіндердің барлығын қосу керек, мынаны қараңыз: M. Taïbi, «Les Bid'a», *Studia Islamica*, 52 (1960), 43-78.

⁸ Мынаны қараңыз: M. Arkoun, *Pour un remembrement de la conscience islamique // Pour une critique de la raison islamique* (Paris: Maisonneuve et Larose, 1984).

Осы жағдайларда «заманауи» болу деген мынаны білдіреді:

1. Алланың хабарын және оның Дәстүрде іске асырылуын барлық қабылдаушы және жеткізуші әрекет етушілер келіспеушіліксіз жүріп-тұратын біртекті және өзгермейтін семантикалық өріс бар.
2. Түсіндіру, тәпсірлеу, Дәстүрлер арқылы берілген және барабар түсіндірілген «объективті» мәтіндер семантикалық тұрғыдан бір мағыналы.
3. Дәстүрдің «объективті» мәтіндерге негізделген, сан алуан әлеуметтік-тарихи контекстерде, бұл контекстер өз кезегінде Дәстүрге әсер етпейтіндей шексіз жаңаруы. Дәстүр әрбір мүмкінді қалыптастырады және ол арқылы мәңгілік Құтқарылуға міндетті түрде көшу орны ретінде берілген тарихи тұтастықты анықтайды.
4. Дәстүрдің әрбір ережесі Алланың белгілеген немесе Пайғамбардың уағыздаушы болған өмірінде көрсеткен мінез-құлық үлгісіне қатысты (өкенің маңыздылығы осыдан келіп туындайды). Уақыт пен орынға қарамастан, әрбір мүмкіннің жеке сөзі мен мінез-құлық арасында тікелей сәйкестік болатыны сияқты айтылған сөз бен күтілетін (мінсіз болуға ұмтылатын) мінез-құлық арасында толық сәйкестік бар.
5. Бастапқы Аянды жеткізетін әңгімелердің шынайылығына және олардың өміршең Дәстүрде өзектілігіне күмән жоқ; сахабалар – Христос шәкірттері де сол сияқты – Аянды сақтауға келгенде оларды қателіктер мен ауытқулардан қорғайтын ерекше харизмаға ие болды.

Ив Конгардың барынша ортодоксиялық туындысында⁹ көрсетілгендей, бұл постулаттардың тек мұсылмандарға ғана тән еместігі; олар Кітаптағы (*ахл ал-китаб*) барлық халықтар арасында бірдей кездеседі. Онда діни және психологиялық жікке бөлу бар екенін қалай түсіндіруге болады? Бұл сұрақ бізді кез келген дәстүрдің құрамдас бөліктеріне және оларды біріктіру процесіне қайтарады.

Сунниттер *сүннет ан-нәбиге* жүгінеді, ал шииттер *сүннет әл-байт* немесе Мұхаммед әулетінің мүшелері арқылы жеткізілетін Дәстүр туралы айтады. Бұлардың алғашқылары өздері ортодоксалдық, әділ деп таныған алғашқы үш халифа жеткізген *хадистерді* тақуалықпен жинаса, соңғылары ерекше харизмаға ие деп саналатын төртінші халифа Әли мен оның ұрпақтары жеткізген *хадистерді* ұстанады. Бұлардың екеуі де әділ деп танылған халифалар сабақтастығы, Әли мен оның ұлы Хусейнді өлтіру, Умайя халифтерінің хариджиттер мен алидтерді, ал Аббасид халифтерінің Умайя халифтерін т.б. қудалауы сияқты дүнияуи оқиғалардың мифтік және қиялдағы тұрақтануы ұрпақтан-ұрпаққа ауысып жүзеге асырылатын нақты саяси және әлеуметтік-мәдени жағдайларды ескермейді. Дүнияуи оқиғаларды діни оқу олардың саяси және әлеуметтік күшін жойып, Дәстүрді байытатын аңыз түрінде көрсетілген құрылымдардың тірегіне айналдырады. Керісінше, XIX ғасырдан бастап тарихилықты жақтаушылардың шығыстанушылық оқуы нақты бір уақыт пен кеңістікте тиісті түрде шектелген фак-

⁹ Y. Congar, *La tradition et les traditions*, I «Essai historique»; II «Essai théologique» (Paris: Fayard, 1963).

тілерді ғана сақтау үшін таңбалар мен мифтерді аңыздар немесе танымал әсірелеушілікке алып келді.

Дегенмен, осыған байланысты Дәстүрдің қалыптасуындағы сүнниттік және шииттік үрдістердің арасында айтарлықтай айырмашылық бар екенін байқай аламыз. Негізінде, сүнниттер әрдайым билік жағында болды; олар бұл саяси орын алған фактіні (*fait accompli*) оның Мәдина халифатындағыдай (қауыммен) кеңесудің (*шура*) нәтижесінде болғанына, не Умайялар мен Аббасидтер жағдайындағыдай күштің қысымымен болғанына қарамастан қабылдады. Билігі жүріп тұрған халифалар мен олардың әкімшілігінің шешімдері халифа Османның тұсында ресми Құран жинағын (*мусхаф*), сондай-ақ діни, заң және тарихнамалық анықтамаларымен ұжымдық жад құру арқылы сүнниттік деп аталатын дәстүрді толықтыруға айтарлықтай үлес қосты. Міне, сондықтан да бүгінде Құранның діни мазмұнын зайырлы мазмұнынан ажырату өте қиын: исламда 11/632 жылдан кейін пайда болған биліктің барлық түрлері заңдылыққа ие болу үшін құзыреттің осы шатасуын пайдаланды. (Бұл үрдіс Ирандағыдай әскери ерекше топтан немесе діни ортадан туған қазіргі үстемдік құрушы саяси билік құрылымдарына қатысты одан да айқынырақ бола түсті).

Әлидің қысқа ғана билік өткен кезеңін (36/656-41/661) қоспағанда, шииттер оппозицияда болып, Мағрибте фатимидтердің (297/909) және Бағдатта буйидтердің (334/945) билікке ие болуына дейін жиі қудалауға ұшырады. Оларда біртұтас және бөлінбейтін, діни және зайырлы тарих туралы трагедиялық көзқарасты дамытуға уақыт болды. Мұхаммед көзі тірісінде Әлиге және оның ұрпақтарына харизма сияқты ерекше қасиетті анық сыйлап, олардың бүкіл өмір сүрген уақытында жер бетіндегі тарихтың соңына дейін оған жіберілген аяттың тұтастығын қорғауды тапсырған. Бұл мәтіндер мен хадистерді жеткізудегі тұтастық ықпалдастық қағидатын ұстануды (*мусхаф* және хадистерді көшіріп жазу туралы дауларды салыстырыңыз), құқықты әзірлеуде олардың мазмұнын тәпсірлеуді және әділ Тәлімгердің (имамның) құқықтық қағидаттарды мүлтіксіз қолдануын білдірді¹⁰.

Сүнниттік және шииттік дәстүрлердің жікке бөлінуін ¹¹таза тарихи терминдермен де, тек діни терминдермен де дұрыс сипаттауға келмейтінін көріп отырмыз. Тек семиотикалық талдау, мәдени антропология және тіл философиясы ғана түптеп келгенде тарихты қарастыру кезінде

¹⁰ Мұхаммедтің Әлиді тағайындағаны туралы мәтінді шииттер *Ғадир хумм хадисі* ретінде үзбей келтіріп, түсіндірген. Мынаны қараңыз: *Encyclopédie de l'Islam*, 2nd ed. (Paris: Maisonneuve et Larose, 1960–1973).

¹¹ Әрине, төменде анықтамасы берілетін тұтас Дәстүр тұрғысынан алғанда, хариджиттер ағымын назардан тыс қалдыруға болмайды. Умайялардың қудалауы хариджиттерге шииттерден гөрі көбірек зиянын тигізіп, хижраның бірінші ғасырында болған ой ағымдары мен күштерді білуге кері әсерін тигізді. Ең шешуші күрестің нағыз куәгерлері болған хариджиттерді Умайялар Мағрибте, одан кейін Фатимидтер империяның қиыр шетіне ығыстырды. Әлі күнге дейін бар шағын қауымдастықтардың (мысалы, Алжирдегі мозабиттік берберлер) мәліметтері әлі күнге дейін сүнниттік және шииттік бағыттар қабылдамаған білімнің астарлы түрде қабылданатынын және қоры бар екенін көрсетеді. Мынаны қараңыз: *Encyclopédie de l'Islam*, 2nd ed. (Paris: Maisonneuve et Larose, 1960–1973), s.v. *Ibadiyya*

негізінен тарихилық тұрғысынан (мұны ориентализм өкілдері ұсынған) немесе соқырсенімдік дінтану тұрғысынан (жекелеген дәстүрлерді қорғайтын мүміндер ұсынған) немесе пиетизммен байланысты феноменология тұрғысынан (Анри Корбен мен оның кейбір ізбасарларының еңбектерінде ұсынылған) қарастырылған оппозицияны түсіну мақсатына жете алады. Біз әр түрлі көзқарастарды біріктіру үшін де, дәстүрдің мұра болып жеткен түсіндірмелерінің шегінен шығу үшін де қажет семиотикалық талдаудың әдіснамалық және эпистемологиялық басымдығына қайта ораламыз.

Бұл жерде ресми билікпен байланысты сүнниттік дәстүр мен осы ұстанымға қарсы шығуға, бұл фактіні (*fait accompli*) жоққа шығаруға тырысатын шииттік дәстүр арасындағы таза оппозиция жайында айтылып отыр деген әлдебір қарадүрсін түсініктен алдын ала бас тартуды ұсынамын. Мұнда бес ғасыр бойы дәстүр, онымен байланысты проблемалар туралы айтыс-тартыстарды байытқан барлық ой ағымдарына толық шолу жасау мүмкін емес. Өздерін нағыз *хадистерді* жинауға және оларды тура мағынасында түсіндіруге арнаған дәстүрді ұстанушылар (атап айтқанда, ханбалит ағымында) *мен* құқықтық жіктеу мәселелерінде ақыл-ой жеке пікірін (*ра'й*) білдіре алады деген пікірге орын берген *ахл ар-ра'й* (*хукм*, ханафит ағымында) арасында өте ерте пайда болған тағы бір маңызды жікке бөлінуді еске саламыз. Шииттерге келсек, Фатимидтер мемлекеті, одан кейін Ирандағы Сефевидтер мемлекеті сүнниттік ортадағыдай Дәстүр мен құқықты ресми түрде қолданды.

Демек, біз жағдайлардағы айырмашылықтар мен дүниетаным ауқымындағы алшақтықтардан басқа, аңыз түрінде көрсетілген және тарихнамалық (немесе бізді қызықтырып отырған нақты кезеңдегі тек тарихи) сананың, мифологиялық дискурс және логоцентристік дискурс; таңба мен белгі, тіпті мәдени сигнал; қиял мен сабақтас ақыл-ой, метафоралық және тура мағына арасындағы табиғаты бойынша антропологиялық жікке бөлінуді мұқият зерттеуге негіз бар деп тұжырымдауға құқылымыз.

Жаңа айтылғандардың бәрі Дәстүрдің классикалық түрлерінің қалыптасу және тұрақтану кезеңіне қатысты. *Тақлид* ретінде белгілі бір мектептің (*а'имма муджтахидун*) негізін қалаған тәлімгерлер белгілеген нормаларға, құндылықтарға және сенімдерге ұзақ уақыт ішінде бұған не болды? Біз Мемлекет, Жазбалар және ортодоксалды Дәстүр арасындағы ресми мәдениет қолдайтын бұрын айтылған ынтымақтастықты байқаймыз. Оның үстіне Селжүктер, Фатимидтер, Сефевидтер және алғашқы Османдықтар жағдайындағы сияқты ұлы держава билікті басып алған сайын ортодоксалды Дәстүр жергілікті дәстүрлерден басым болып, жаңа ережелерді төжей бастайды. Ғұламалар дінді оқытудың белгіленген нормаларды сақтауын және оның дұрыстығын қадағалайды, ал сот өкімшілігі *шариғатты* тәжірибе жүзінде қолданады. Екінші жағынан, орталық билік әлсіреген кезде (XVIII ғасырдан бастап Османдықтар мен олардың серіктері, сондай-ақ Марокко мен Иран жағдайында), аймақтардағы әдетте онша исламданбаған дәрменсіз мемлекеттің орнын Солтүстік Африкадағы марабуттар жағдайындағыдай марабуттар (Солтүстік-Шығыс Африкадағы мұсылман сектасының атауы) және ұқсас бауырластықтар (мұнда мұра рухани шежіре бойынша беріледі)

алады. Содан кейін біз әулеттің қасиетті негізін қалаушы түсіндіріп, бейімдеген ислам Дәстүрінің қалдықтары кездесетін өте ескі жергілікті дәстүрлердің қайта жаңғыруына куә болып отырмыз¹². Отарлау феномені ұлттық азаттықтың соңғы кезеңіне дейін қауіпсіздік жүйесі мен бірегейлік баспанасы қызметін атқарған жергілікті дәстүрлердің алуантүрлілігін басып, бұл жағдайды ушықтырады.

Бүгінгі таңда исламдық ағымдардың бағдары болып табылатын ислам халифаттың алтын дәуіріне сәйкес келген, ықпалдастыққа қабілетсіз динамикалық және ашық Дәстүрмен емес, жікке бөлінген, схоластикалық, статикалық және қайталанатын дәстүрмен сипатталатынын түсіну маңызды. Мағрибтағы ислам қатаң түрде маликиттік, ал саударабиялық ислам ханбалит дәстүрін, ал түрік исламы ханафит дәстүрін ұстанады. Бұл жағдай бүкіл жиынтығымен төменде айқындалатын ислам Дәстүрінің тарихи және діни қайта құрылуына түсіндірме болады. Дәстүрді ұлттандыру және оны мемлекеттің иемденуі кезінде белгілі бір екі жақты әрекеттердің орын алатынын әу бастан-ақ атап өтейік. Заңдылыққа ұмтылған жаңа мемлекеттер өз билігін нығайту және ұлттық бірлікті құру үшін исламдық мұраға сүйенеді; бұл *үмбеттің* рухани өлшемдеріне сай емес, XIX ғасырдағы Еуропадағы позитивистік ұлтшылдық рухында орын алады. Дәстүрдің зайырлылығы деген осы, алайда бұл құбылыс өз атымен аталмайды, тиісті анықтамасы да жоқ. Екінші жағынан, экономикалық тәжірибе, саяси немесе құқықтық институттар, білім беру жүйесі және ресми идеология (мысалы, социализм) дәстүрлі лексика арқылы «исламдық» түрге ие бола отырып, барған сайын дәстүршіл сипатқа ие болады¹³.

Бұл – Дәстүрдің соңғы тарихи көрінісі. Сырттан бақылаушы «исламның қайта жанданғанын» айтады, ал негізінен үзік сызық ретінде қабылданатын өткеннен алынған шашыраңқы элементтер, сондай-ақ аңыз түрінде көрсетілген элементтер немесе батыстық даму үлгісінде жазып белгіленген элементтер толтырылған идеологиялық паллиативтік операциялар маңызды болады. Мұсылман қоғамдары Батыста төрт ғасырға жуық уақытқа созылған институционалдық, өнеркәсіптік, аграрлық және мәдени революциялар дәуірінде өмір сүруде, бірақ мұсылман қоғамдарында өте шектеулі, қысқа мерзімде іске асырылады. Осы дағдарыс пен құрылымдық сілкініс жағдайында Дәстүр тұрақтылықты, қауіпсіздікті және заңдылықты қамтамасыз етудің таптырмас функциясын орындайды; бірақ бүкіл қоғам үшін өмірлік маңызы бар бұл үлес Дәстүрді кез келген сыни талдау мен объективті бағалаудан тиімді қорғайды. Бізге бүгінде III–IV ғасырлардан бастау

¹² Мынаны қараңыз: J. Berque, *Ulémas, fondateurs, insurgés du Maghreb XVIIe siècle* (Paris: Sinbad, 1982); *Islam in Tribal Societies: from the Atlas to the Indus*. Akbar S. Ahmed and David. M. Hart, eds. (London, 1984).

¹³ Мынаны қараңыз: A. Laroui, *La crise des intellectuels arabes; traditionalisme ou historicisme?* (Paris: Maspero, 1974).

алатын жазбалардың¹⁴ – мусхаф мәтіндерінің, ұлы хадистер жинақтары мен ислам құқығы жинақтарының, сондай-ақ усул ад-динмен, усул ал-фикхпен және тәпсірлеумен байланысты мәтіндердің мағынасы бұрынғыдан да түсінікті.

III. ИСЛАМ ДӘСТҮРІН БІРТҰТАСТЫҚТА ҚАЙТА ОЙ ЕЛЕГІНЕН ӨТКІЗУ

Қазіргі таңда исламдық дәстүрді қайта ой елегінен өткізу интеллектуалдық тұрғыдан өзекті және қажет, бірақ бұл саяси және мәдени тұрғыда тұрақсыз әрекет, сондай-ақ психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан жеке болып табылады. Біз классикалық сыни дәстүрге қарағанда, идеологиялық функцияларды, семантикалық айла-шарғыларды, мәдени үзілістерді және зияткерлік сәйкессіздіктерді толығымен әшкерелеуіміз керек, олардың барлығы бірге ғасырлар бойы Аянда түсірілген Құдайдың еркінің шынайы көрінісі ретінде қабылдауға әкеледі. Исламдық дәстүрді қайта қарастыру – өткендегі және қазіргі кездегі ресми тыйымдарды, исламның алғашқы кезеңдерінде рұқсат етілген, бірақ классикалық мәтіндерге негізделген ресми ортодоксияның жеңісімен зерттеуге тыйым салынған әлеуметтік цензураны жою.

Бірақ Дәстүрге қалайша жақсы жағынан қайта мағына беруімізге болады, яғни сындарлы сын арқылы оған соңғы отыз жыл ішінде түбегейлі өзгерген әлеуметтік-тарихи контексте жаңа қызметтер орындауға қалай мүмкіндік бере аламыз?¹⁵ Әрине, Дәстүрдің тағдыры туралы көп уайымдаудың қажеті жоқ: ол әрдайым ең түбегейлі сын мен ең қатыгез революцияны бастан кешеді, өйткені ол бірлік пен сабақтастықтың тірегі бола отырып, ғасырлар бойы ұжымдық сана мен жадты қалыптастырды. Сондықтан да редуccionистік теориялар мен қағидаларды бұзатын талдаудың шеңберінен шығуға үнемі күш салуға кедергі келтірмеген жөн.

Біз діни анықтаманы негізге ала алмаймыз, өйткені исламдық ой-пікір, жоғарыда көргеніміздей, көп ұзамай-ақ сенімнің тереңдетілуіне бағытталған ойдың ерекше қадамын қолдау қажеттігіне бейімделген пікірталасқа басымдық берді. Дәстүрдің діни аспектісін дамыту үшін барлық жағдайды жасау қажет. Сондықтан адам және қоғам туралы ғылымдар ашқан заманауи ойлау әдістеріне сүйену керек.

Алдымызда ең алдымен Жазбаларды (Құран мен хадистерді) оқу мәселесі тұрғандықтан, біз нені көрсетеміз, неліктен семиотиканы зерттеудің негізі ету керек дегеннен бастаймыз, содан кейін тарихи және әлеуметтанушылық деректерге, бірақ дәстүр мен қазіргі заман антропологиясын тереңірек зерттеу тұрғысынан жүгінеміз. Сонда осылайша қайта біріктірілген деректер негізінде дінтанушылық көзқарастың жаңа деңгейі мәселесін көтеріп, зерттеу жүргізуге толық негіз болады.

Мұндай бағытпен бірден және соңына дейін жүріп өту мүмкін емес екені айтпаса да түсінікті; әңгіме ең бірінші әрекеттенгенде-ақ исламдық ой-пікірдің келесі анықтамада ұсынылған мағыналық тереңдігін сақтайтын

¹⁴ Редактор жазбасы.

¹⁵ Бүгінгі әлеуметтік өмірге тән қасиеттер: демографиялық қысым, секуляризация, рационализация, пайда мен өндіріс экономикасын кедейлік этикасымен және әлемді менсінбеушілікпен алмастыру, тұтынудың батыстық үлгісі және т.б.

дәстүрді қайта ашу немесе табу үшін дәстүрді жаңғыртудан да, дәстүрді шектеуден де арылуға тиіс екенін анықтау туралы болып отыр:

«Дәстүр логикалық түрге ие болуы мүмкін идеяларға қарағанда көп нәрсені қамтиды: ол бір мезгілде сезімдерді, ойларды, сенімдерді, ұмтылыстар мен әрекеттерді қамтитын өмірді нақтылы түрде көрсетеді. Жеке және ұжымдық күш-жігер оны тауыспастан, одан шексіз алып отыруы мүмкін. Демек, ол ортақ патриоттық немесе діни мұрат бірлігінде сезінетін, ойлайтын және өз еркін білдіретін жандардың рухани байланысын білдіреді және сол арқылы ол ілгерілеу талабы болып табылады, өйткені ол *өмір сүрген жылдардың жасырын тәжірибесін айқын білімге* айналдыра отырып, шындықтың (ешқашан толық ақшаға алмастырылмайтын) алтын құймасынан бірте-бірте алып отыруға мүмкіндік береді; өйткені дәстүр – бірліктің, сабақтастық пен жемістіліктің қайнар көзі, сонымен бірге дәстүр бір мезгілде бастапқы, болжамды және соңғы бола алады, ол кез келген құрылымдық жинақтаудан бұрын болады және кез келген рефлексивтік талдаудан өтеді¹⁶.

1. СЕМИОТИКАЛЫҚ ТӘСІЛДІҢ БАСЫМДЫҒЫ

Қазіргі уақытта семиотикалық талдау көптеген ұрпақтар бойы жеке және ұжымдық сезім мен қиялды қалыптастырған мәтіндерді оқуға келгенде интеллектуалдық өзіндік тәртіптің, сапалы қасиеттің міндетті түрде байқалуын талап ететіні белгілі. Әу бастан қарым-қатынасқа кедергі болатын діни немесе тарихи пайымдаулардың ешқайсысын қайталамай-ақ, «қасиетті» мәтіндерге қатысты әдіснамалық ара қашықтықты белгілеуді үйренеміз (мұндай ара қашықтықты көрсету тәсілдерінің бірі – тырнақша). Құран мен *хадистерге* сыни тұрғыдан қарайтын шығыстық тарихи дәстүр дәл осыны ешқашан қабылдамаған, ол әлі күнге дейін семиотикалық және антропологиялық көзқарастарды ескермейді, бұған Г.Х.А. Юнболлдың соңғы еңбегі дәлел¹⁷.

Дәстүрдің бастауы және сарқылмас қайнар көзі болып табылатын мәтіндер корпусы қоғамға түскен сәттен бастап өзіне толық және түбегейлі тұйықталған ерекше мәдени объект болып табылады. Бұл мәтіндер толық және түпнұсқа болып табылатын және мынадай ретпен түрін өзгертпей, ашылған Ақиқаттың куәгерлері, сенімді беделділер (*иснад*) тізбектеп жеткізетін жалғыз жинақ ретінде дәріптелген:

¹⁶ Y. Congar, *La tradition et les traditions*, II «Essai théologique» (Paris: Fayard, 1963). Мен бұл мәтінді екі себеппен келтіріп отырмын: біріншіден, мен Конгардың қазір ислам кешіп отырған дағдарысқа өте ұқсас модернистік дағдарыс жағдайында позитивистік сынға жолыққанда оның сөздік қоры мен дәстүрге көзқарасының орынды екендігі туралы түсіндірмелерімен келісемін; екіншіден, менің мақсатым – исламды мысалға ала отырып, осы уақытқа дейін сирек немесе ешқашан қарастырылмаған ойлаудың екі деңгейіне жақындау: бұл – Дәстүр концепциясын үш дін аяны үшін (*ахл әл-китаб*) толық көлемде әзірлеу және дәстүр мен қазіргі заман антропологиясына жол ашуға жәрдемдесу.

¹⁷ G.H.A. Juynboll, *Muslim Tradition* (Cambridge: Cambridge University Press, 1983).

Құдай

1. Мұхаммед – сахабалар – ізбасарлар – білім бастамашылары – лайықты алушылар (суннит жолы)
2. Мұхаммед – имамдар – алушылар – діни беделді тұлға (дін ілімі және құқық мәселелерінде) (*маржа' ат-тақлид* сөзбе-сөз 'еліктеуге үлгі') (шиит жолы)

130

Бұл мәдени объект мүміндердің кітап оқуға қатыстылығының, олардың араласуының арқасында тарихтың жанды, белсенді *субъектісіне* айналды. Таңдау, кері контексттеу, қайта контекстеу, ретроспективті және проспективті түрде проекциялау, сөзбе-сөз немесе эзотерикалық түсіндіру, семантикалық немесе мифтік әсердің күшеюі барысында мүміндердің бұл мәтіндерді оқуы бір мезгілде біртұтас кеңістік– уақытпен тілдік, тарихи және әлеуметтік-мәдени байланысына қарай бастапқы объектіден алшақтай отырып, қайталама мәдени объектілерді шексіз құра береді. Бұл операциялардың бүкіл жиынтығы шынайы дәстүрді құрайды. Осы әрекеттің арқасында күнделікті өмірдің эмпирикалық тиімділігі адам болмысының когнитивтік аспектілерінен басым болады. М. Блонделдің пікірін басқа сөзбен айтсақ, *жасырын өмірлік тәжірибе айқын білімге* қол жеткізу үшін ерекше күш салуды қажет етпейді. Сонымен, тұжырымдалмаған, ойға сыймайтын нәрсе жанды дәстүрде жинақталады.

Барлық құрамдас бөліктерін және оны анықтайтын факторларды қоса алғанда, оның генезисіндегі бастапқы объектіге қалай оралуға болады? Бұл қайнар көзге оралу – Дәстүрдің арқауы, бірақ ол мифтік негіз қалаушы дәуірге, дәстүрлі оқулар мен мінез-құлық үлгілері арқылы өзгерген кеңістік-уақытқа оралуды білдіреді. Семиотика бір мезгілде оқу объектісінің де, Дәстүр арқылы жасалған барлық қайталама объектілердің де шегінен тыс шығатын жалпы сынға ұмтылады. Мәтіндерде қолданылған *белгілер* нені білдіреді, олардың мағынасы қандай? Басқа емес, *дәл осы мағынаны* жеткізу үшін қандай тілдік механизмдер пайдаланылады, *дәл осы* нақты мағына кім үшін және қандай жағдайда пайда болады?

Бұл сұрақтар мұндай пікірлердің Алланың аяны түрінде пайда болу сипатына да, олардың киелі мағынасына да, мүміндер үшін рухани маңыздылығына да күмән тудырмайды. Керісінше, олар танымдық, ұғымдық мәртебесі қандай да бір мағынасы бар барлық нәрсеге тұтас қамтитын, жаһандық көзқарас аясында белгіленуге тиіс модальділігі тұрғысынан (айтылған сөздің шындыққа қатынасының көрінісі ретінде) мағынаның анықтамасымен және атқаратын қызметімен байланысты.

Сонымен қатар біз оқитын мәтіндерде *білім мен сенімнің*¹⁸ арасындағы айырмашылық маңызды саналмаған. Бұған қарама-қайшы олар кемел, толық және абсолютті ақиқат білімге қол жеткізу үшін ең алдымен сену – жүрегін ашу керек (Інжілдегі және Құрандағы мағынасында) деп үйретеді. «Алла Адам атаға барлық есімді үйретті». Жиналған, жатталған, меңгерілген осы атаулар арқылы адам «Ақиқат дініне» енеді. Бұл анықтама – кейінгі діни құрылымдардың іргетасы, қазіргі тіл білімі бізді қайта қарауға мәжбүр ететін ойлау мен тіл арасындағы байланысты анықтайды. Жақында жүр-

¹⁸ Мынаны қараңыз: A.J. Greimas, *Du sens II: Le savoir et le croire* (Paris: Seuil, 1983), 115-133.

гізілген семиотикалық зерттеулердің осыған байланысты өзгеруін біз өзінен өзі белгілі құбылыс ретінде қабылдаймыз: объектілермен – тілдің сөздік бірліктерінің объективті референттерімен байланысты «шынайы» білім емес, дұрысы, қабылдау мен түсініктердің – тілдік белгілер арқылы сілтеме жасалатын ойша бейнелердің бірдей аясымен байланысты бас кейіпкер әңгімелесушілер арасында орнайтын перспективалардың өзара байланысы коммуникацияның негізі болады. Дәстүр топ мүшелері (Мұхаммедтің айналасында Меккеде, содан кейін Мәдинада топтастырылған *әл-мүминун* ретінде белгілі мүміндердің бастапқы ұйытқысы) қалыптасу (қауымның) туралы әңгімелер негізінде қабылдау мен түсініктердің ортақ құрылымына қол жеткізген сәтте қайшылықсыз болады. Семиотика тілімен айтқанда, бүкіл Дәстүр әрбір дәстүр сияқты топтың немесе қауымдастықтың маңызды тәжірибесімен үнемі байытылатын, негізге алынатын әңгіме ретінде қызмет етеді¹⁹.

Ақиқаттың бірегейлігі және одан туындайтын мағынаның бірмәнділігі Құранда көрсетілген қалпында аристотелизмнің логикалық қағидаттарына құрылған діни жүйелердегідей ауқымды емес. Соңғыларында олар динамикалық құрғақ қиял ретінде Абсолютті, Біртұтастықты, Бірлікті, Әділдік пен мәңгілік өмірді аңсауға саяды (Платонның ойында туған ағымды да қараңыз). Мұнда оларды діни сенім жүйесі мен сенбеушіліктің қатаң жүйесі басқарады. Үнемі көбейіп келе жатқан адамдар санына қатысты Дәстүр екінші үлгіге сай қызмет атқаруға бейім, ортодоксия үшін тәпсіршілер мен әр түрлі мектептер ұсынатын мағыналардың көптігін де, Жазбаның жаңа оқылымдарында әлі жүзеге асырылмаған әлеуетті мағыналарды да жоққа шығарады. Қазіргі заманғы метафораның, символдың және мифтің Құранның оқылымын тәпсіршілдік дәстүр өсиет еткендердің бәрінен мүлде өзгеше қалай мақұлдағанын көрсеткенмін²⁰.

2. ТАРИХИ-ӘЛЕУМЕТТАНУШЫЛЫҚ КӨЗҚАРАС

Көріп отырғанымыздай, Дәстүр ой мен тілдің арақатынасын меңзейтіні сияқты, ол тарихтың бағыт-бағдарын оның көрінісіне бейімделген шеңберде және жазбаларда көрсетеді. Пайғамбар мен сахабалардың іс-әрекеттерін айғақтайтын Құран ережелері мен хадистердегі нақылдарды жеткізу, қауымның діни жадына енгізу үшін маңызды деректер мен оқиғаларды іріктеп алу тарихты белгілі бір түрде пайдалануды көздейтін әрекеттерді құрайды. Жіберілгеннің барлығының шынайылығын растау үшін хронологиялық және өмірбаяндық есептер мен толық күнделікті жазбалар жүргізіледі.

¹⁹ Мынаны қараңыз: P. Ricoeur, *Temps et récit* (Paris: Seuil, 1983).

²⁰ Мынаны қараңыз: M. Arkoun, *Lectures du Coran* (Paris: Maisonneuve et Larose, 1982), сондай-ақ: M. Arkoun, *Pour une critique de la raison islamique* (Paris: Maisonneuve et Larose, 1984).

Дәстүр белгіленгеннен кейін оқымысты дін мамандары мен әр түрлі мектептер арасындағы пікірталастарда негізінен «тарихи» дәлелдер келтіріледі.

Жеткізілген дәстүрлердің тарихи расталуының осылай үнемі қамын жасау бүгінде шығыстанушылардың сынына жауап ретінде мұсылмандар жиі айтатын ерекше мақтаныш пен сенімділіктің мәніне айналды. Куәгерлер және сөзсіз сенімге лайық (*сика*, сөзбе-сөз 'шынайы, сенімді') беделді оқымысты дін мамандары жасаған мәтіндердің шынайылығын жоққа шығарудың қажеті жоқ. Бұл мәтіндерге күмән келтіретін шығыстанушылар не теріс ниетті, не оларға исламдағы тарихи ғылымның маңыздылығы туралы қате ақпарат берілген.

Қазіргі авторлар – тіпті Таха Хусейн сияқты сыни діни және/немесе мәдени Дәстүрдің қайта жаңғыруына көбірек мүдделі мұсылмандар да пікірталасты әлеуметтік-мәдени терминдерді және хижраның алғашқы екі ғасырындағы білімнің алдыңғы контекстін зерттеуге бағыттай алмады. Бұл ретте ол кезде әңгімені ауызша жеткізу түрінің жазбаша түрінен басымы болғанын ескеру жеткіліксіз. *Әлеуметтік қиялдағы дүниенің* қалыптасуы мен қызмет атқаруында ғажайып, мифологиялық, символдық және метафоралық сияқты өлшемдер кейіннен қағаздың ойлап табылуына, араб жазуы қолданылған аумақтардың кеңеюіне және оны жетілдіруге, сондай-ақ грек логоцентризмнің таралуына байланысты дамыған ұтымды категориялар мен сабақтас рәсімдерден қалай басым болғанын көрсету қажет. Араб-ислам әлемінің бүкіл мәдени тарихы ауызша және жазбаша, *мифос* пен *логостың*, ғажайып пен эмпирикалық, қасиетті мен пендешілік арасындағы бәсекелестіктің осындай қос болашағы тұрғысынан қайта қаралуға тиіс. Дәстүрде тарихи тұрғыдан бұл бәсекелестіктің іздері, мәтіні де, оның мағынасы да бар. Бүгінде түр мен мағынаны қайта бағалауды соншалықты қажет ететін де – осы және бұл мүміндердің *жасырын өмірлік тәжірибесіндегі* барлық анықтаушы ұғымдар, деректер (қасиетті, ғажайып, мифологиялық, ауызша, жазбаша, ойдан шығарылған, ұтымды және иррационалды) адам және қоғам туралы ғылымдардағы жаңа жетістіктердің арқасында *айқын білімге* қарай ауысу барысында тұрған қазіргі уақытта ерекше өзекті.

Осы ғылымдар саласындағы жаңа маңызды зерттеулерден шабыт алған кейбір христиан ойшылдары доктриналық билікте рұқсат етілетін шекте Жазба, Аян және Дәстүр арасындағы қарым-қатынастарды қайта қарауға бел бууда. Сонымен, Станислас Бретон Кітапты жазбаша сөз әлеміне сыйдыру үшін «Жазба кеңістігі» теориясын алға тартуға тырысқанда ол «шынайы тәжірибенің толықтығынан мәңгі қорғалған Исаның бұдан былай біз үшін тек жазбаша мәтінде және оны мәңгілік есте қалдыратын Шіркеуде ғана бар екенін мойындауға дейін барады»²¹.

Бұл ұстаным жаңашылдығымен ерекшеленеді және бізге жалпы көзқарасты, мен *Кітап қоғамдары*²² деп атағым келетін жалпы тұжырымдаманы жасауға мүмкіндік береді. «*Кітап қоғамы*» ұғымы дін іліміне соқырсенімдік көзқарастың пайда болуынан мейлінше азайтылған немесе өзгерген Дәстүрдің мынадай екі өлшеміне:

²¹ S. Breton, *Écriture et Révélation* (Paris: Cerf, 1979), 155.

²² Бұл туралы мына еңбекте не айтылғанын қараңыз: M. Arkoun, *Autorité et pouvoir en Islam* // *Pour une critique de la raison islamique* (Paris: Maisonneuve et Larose, 1984).

- Кітап әлеуметтік шынайы өмірге енгізілетін барлық мәдени үрдістер мен іс-әрекеттің тәжірибелік түрлерінің тарихилығына;

- Өртүрлі этникалық-мәдени топтардың Дәстүрді қабылдаудың әлеуметтенуіне ерекше назар аударуға мүмкіндік береді.

Қабылдау тұжырымдамасы тарихилық тұжырымдамасын толықтырады; мен оны бұл жерде «Констанц мектебінің» көшбасшыларының бірі Ханс Р. Яусстың еңбегінде «Қабылдау эстетикасына» (*Pour une esthétique de la réception*)²³ берген анықтамасына сүйене отырып, теориялық тұрғыдан бірінші рет қолданамын. Яусстың негізгі айтар ойы – әдеби шығарма, сондай-ақ жалпы өнер туындысы бар және тек бірін бірі алмастыратын аудиториялардың бірнеше деңгейінде белсенді қатысқан кезде ғана уақыт ішінде қайта жаңғыртылады. Бұл әсіресе діни мәтіндер болып табылатын әдеби және көркем шығармалар үшін дұрыс. Осы тұрғыдан алғанда, Кітап қоғамдарының дәстүрі «бүкіл тарихта Аян рухы әсер еткен барлық адамдар бізге қалдырған дәлелдердің жинақталған жинағы»²⁴ ғана емес. Бұл – одан өз ерекшелігін құрастырып, оның тууына, қайта жаңғыртылуына ықпал ететіндердің барлығының ұжымдық туындысы.

Филологтар осы ұжымдық туындыға қолданатын тарихи аспектідегі сыни талдау алғашқы қажетті қадам болып табылады, бірақ шешуші қадам емес. Фактілердің дәл хронологиясын және мәтіндердің жасалу уақытын белгілей отырып, туындылар мен дәлелдемелердің шынайы анықталуын және тұжырымдамалар мен ұғымдардың шынайы шығу тегін анықтай отырып, филологтар әрекет етушілердің, Дәстүрді қабылдайтын адамдардың өзінің санасында мұндай қалпында болмайтын ғылыми объектіні құрастырып шығарады. Шынайы және жалған оқиғалар, нақты тарихи деректер және ойдан шығарылған бейнелер мен түсініктер, сондай-ақ нақты және мифтік кеңістік пен уақыт араласып, біртұтас етіп біріктірілгенде, Дәстүрде қауымның этикалық және рухани этосы, осы ұжымдық субъектінің идеологиялық ұмтылыстары пайда болады. Ғылыми объектіні бір жағынан, Дәстүрдің нақты тәжірибелік мазмұнымен, екінші жағынан, ұжымдық субъектінің психологиялық әрекетімен және психикалық конфигурациясымен ұштастыру үшін филологиялық сынды антропологиялық талдаумен толықтыру қажет.

Сонымен, жаңадан, өсиет ету тұрғысынан емес, дәлме-дәл түсіндіру тұрғысынан тек Жазба, Аян және Дәстүр арасындағы қарым-қатынас қана қайта айқындалмауға тиіс. Сонымен қатар әрдайым «аян рухы әсер еткен куәгерлер» ретінде танылған діни беделді тұлғалардың болмысы мен атқа-

атрибуция –

қолжазба мәтінінің түпнұсқамен шынайылығын не жалғандығын және оның авторын анықтау

²³ Paris: Gallimard, 1978.

²⁴ Y. Congar, *La tradition et les traditions*, II «Essai théologique» (Paris: Fayard, 1963), 163. Ибн Таймиййа және сунниттік дәстүр *сахабаларды* қалай көрсететінін салыстырыңыз. Мына кітапты қараңыз: *La Pensée arabe*, 2nd ed. (Paris: PUF 1979), 20.

ратын қызметтеріне де жаңаша көзқараспен қараған жөн. Бұл ретте бұл виртуалды рухтың қозғалысына түбегейлі күмән тудырмастан, Дәстүрге әрдайым әлеуметтік әрекет етушілер және оны қабылдау мен жаңғыртудың нақты жағдайларына тән әсердің күшеюі, бұрмаланған түсінік (еліктеу), мағынаның және мәтіннің түрліше бұрмалануы, ауытқулар, ойдан шығару, әдейі адастыру және идеологияландыру сияқты факторлардың жиынтығы жанама болады.

1930 жылдардан бері маңыздылығы арта түскен исламдық қозғалыстар біздің теориялық ережелерімізді анық көрсетеді. Олардың барлығы, шын мәнінде, ең толық, ең шынайы және ең тиімді ислам дәстүрі: Пайғамбар мен оның сахабалары негізін қалаған кезеңдегі Дәстүр (ислам) болуға ұмтылады. Шын мәнінде, бұл қозғалыстардың дискурсы исламның мединелік кезеңімен толық тарихи үзілісін көрсетеді. Бұл дискурста саяси қуғын-сүргінге ұшыраған, экономикалық және мәдени жағынан аз қамтылған, арман-ұмтылыстары орындалмаған (ер мен әйел арасындағы (тең емес) қарым-қатынас, балалардың жағдайы және патриархалдық құрылымдар сияқты және т.б. факторларға байланысты) және сондықтан да аңыз түрінде көрсетілген Құтылуға және Құтқарылуға деген үміт ұялататын кез келген қозғалысты ұстануға дайын халықтарға арналған мессианистік үндеудің барлық қыры көрсетілген. Бұл «Мұсылман бауырларына» қарсы шыққан Насер идеологиясының неге бір мезгілде бұл қозғалыстың таралуына ықпал еткен мәдени-психологиялық жағдайларға қолайлы болғанын түсіндіреді. Зайырлылыққа бағытталуына қарамастан, Насердің курсы барлық исламдық қозғалыстарға ортақ іргелі тақырыптарға негізделді: өткеннің арман-мұраттарына ұмтылу, Алтын ғасыр, арабтардың бірлігі, арабтардың лайықты мінез-құлық кодексі, антиимпериализм, антисионизм және әлеуметтік әділеттілік. Социалистік Алжирде және II Хасан монархиясы кезеңінде осындай тақырыптағы мәселелерді кездестіреміз. Иран-Ирак соғысы өзін зайырлы Баас партиясының ұлы өкілі ретінде көрсететін Саддам Хусейнді де исламшылдыққа, яғни дәстүршілдердің тілі мен мінез-құлық үлгісін таңдауға мәжбүр етті. Ал ислам қайшылықтар мен өзгерістер идеологиясына айналған сайын адам Аян рухы немесе тіпті этикалық жағы, адам болмысы туралы белгілі бір идеяның негізін құрайтын *этос* ретінде Дәстүрден соншалықты алыстайды.

Дәстүрдің мұндай эволюциясына қазіргі заманды қалай үйлестіруге болады? Ең көп таралған дәстүрлі мінез-құлық түрлеріне бәрінен де жақсы сәйкес келетін қандай да бір түр мен мазмұн бар ма?

Ең алдымен, бүгінде, бір жағынан, қашанда толықтай оң әрі прогресс жағында болатын қазіргі заманның, екінші жағынан, көне, заманы өткен, бұғаулаушы және салдары жағымсыз дәстүрдің қарсы қойылуы туралы айтылмайтынын атап өтейік. Керісінше, Дәстүрді әлдебір абсолютті, трансцендентті, қасиетті және айқын нәрсе ретінде көрсететін Дәстүр теологиясын қабылдауға болмайды. Қазіргі қоғамды зерттеуден жетекші рөлге таласатын үш күш анықталады, атап айтқанда:

1. барлық қоғамдарда бар және Алланың аяны түріндегі діндердің Киелі жазбалар дәстүрінен бұрынғы жалпы және көне мағынадағы Дәстүр;
2. біз осы уақытқа дейін айтып жүрген Киелі жазбалар дәстүрі;
3. толық аяқталуға жеткізбей, бұрынғы феномендерден ажырауға бейім қазіргі заман.

Шындығында, бұл үш күш әлеуметтік-мәдени алғышарттар мен тарихи жағдайларға сәйкес басқаларына залал келтіре отырып, кейбіреулерін баса айтып, ерекшелеп, кез келген қоғамның диалектикасын тудырады.

Үш монотеистік діннің аясында пайда болған Киелі жазбалар дәстүрі жалпы заманауи болып көрінеді, өйткені ол алдыңғы дәстүрлерді надандық түнегін және тәртіпсіздікті (*джахилийя*)²⁵ көрсететін дәстүрлер ретінде шетке ысырды. Ұжымдық субъект үшін маңызды оқиғалар, әдеби туындылар және басқа да шығармалар, құндылықтар, табыстар, сынақтар уақыт өте жинақталуына қарай қазіргі заман дәстүрге айналады. 1950 жылдардан бері тез, үлкен әрі жаппай өзгерістер болғаны сонша, дәстүр әлсіреп, алыстап барады. Индустриялы және индустриялыдан кейінгі қоғамдардан айырмашылығы, артта қалған немесе дәстүрлі деп аталатын қоғамдарда интеллектуалдық салаға қарағанда, материалдық салада жаңашылдық басым және салдары да айқын. Мен қазіргі заманның (жаңа дәуір) осы екі аспектісінің арасындағы айырмашылықтар туралы мәселеге қайта оралмаймын²⁶; Батыстағы және исламдағы өндірістің тарихи жағдайларына және қазіргі заманды басып-жаншуға тоқталу тиімдірек болады.

Ең көрнекті тарихшылар бұл маңызды мәселені барынша келісімпаздықпен сипаттауды жалғастыруда. Бұл жерде осы жолды белсенді түрде ұстанатын авторлардың барлығын қарастырып, олардың көзқарасының ақылға қонымсыздығын көрсете алмаймын²⁷. Оқырмандар мына байқалғандарды назарға ала отырып, өздері бұл туралы қандай да бір түсінік қалыптастыра алады.

Батыста жаңа дәуірдің материалдық аспектілері мен бұл кезеңнің интеллектуалдық немесе танымдық аспектілері әр түрлі мағынаға ие болғанын, атап айтқанда, олардың бір-біріне қатысты тарихи келешегі ерекшеленгенін атап өтуге болады. Бұған Қайта өркендеу және Реформация сияқты

²⁵ Христиан дінінде *mademus* термині алғаш рет 480–500 жылдар шамасында римдік антикалық дәуірден христиандыққа өтуді белгілеу үшін қолданылған. Батыстағы жаңа дәуір туралы сапалы тарихи есепті қараңыз: H.R. Jauss, *Pour une esthétique de la réception* (Paris: Gallimard, 1978), 158-209, сондай-ақ мына еңбектегі исламға қатысты осы мәселе жөніндегі түсіндірмелерімді қараңыз: M. Arkoun, *L'Islam, hier-demain*, 2nd ed. (Paris: Buchet Chastel, 1982), 120-137.

²⁶ Мынаны қараңыз: M. Arkoun, *L'Islam, hier-demain*, 2nd ed. (Paris: Buchet Chastel, 1982).

²⁷ Батысқа қатысты, атап айтқанда, мына еңбектерге жүгінуге болады: F. Braudel, *Civilisation matérielle, économie et capitalisme XVIe-XVIIIe siècle*, vol. 3 (Paris: A. Colin, 1979); исламға қатысты мыналарды қараңыз: B. Lewis, *Comment l'Islam a découvert l'Europe* (Paris: La Découverte, 1984); сондай-ақ: A. Hourani, *Europe and the Middle East* (London, 1980).

Қоғамның эндогендік дамуы –

сыртқы өсерлерден емес, ішкі факторлардан туындаған даму

тарихи жағдайлар; XVII–XVIII ғасырлардағы еуропалық «Ар-ұждан дағдарысы» («*Crise de la Conscience*»); Ұлы француз революциясы; XIX–XX ғасырлардағы өнеркәсіп революциясы мен капитализм; антропология мен әлеуметтану аясындағы жоғары технологиялар мен жаңа ғылыми бағыттардың заманауи белсенді дамуы себепші болды. Бұл ретте осы кезеңдердің барлығында ұқсас **эндогенді даму** үрдісі арқылы бүкіл қоғамның өзара байланысы мен ықпалдастығы болды. Мәселен, бір жағынан дворяндар мен дінбасылардың, екінші жағынан XVIII ғасырдағы көпестер буржуазиясының, сондай-ақ XIX ғасырдан бастап және кейінірек капиталистік буржуазия мен пролетариаттың қарсы тұруы пікірталастар мен бүгінде қазіргі Батыстың екі қырын айқындайтын тарихи құрылымдардың институттары мен үлгілерін тудырды: социалистік және коммунистік (әр түрлі социалистік және коммунистік үлгілер), сондай-ақ либералдық партиялар. Шешуші делдалдық рөл атқару үшін еш жерде қоғамның барынша біртекті ықпалды тобының мүддесін қорғамастан, ғалымдар, ойшылдар және суреткерлер қоғамдастығы даму үлгілерінің дағдарысы жағдайында ақыл-ойдың когнитивті жобасы ретінде қазіргі интеллектуалдық құрауыштың басымдығын нығайтуға, оған ұлттық-қауымдық аядағы немесе тіпті адамзаттың жалпы тарихын бейнелеуге ұмтылатын жеке топты білдіретін басқа идеологиялық құрылымдардан әлеуметтік артықшылығын күшейтуге тырысады²⁸.

Дүниежүзілік ғалымдар қауымдастығының дамуымен байланысты қазіргі заманның, жаңа дәуірдің бұл жаңа ұмтылысы барлық жерде, әрбір ұлттық жағдайда орасан зор тарихи және әлеуметтік-мәдени әлеуетке ие. Алайда қазіргі әлемді жікке бөлетін және, атап айтқанда, исламды теріс қабылдауға ықпал ететін идеологиялық жіктерге қарамастан, тіпті барынша аз қате түсініктегі ғалымдар да бұл дінге Батыста қалыптасқан желілік пікірталас тудыратын және тіпті теологиялық көзқарастың тұтқыны болып қалып отыр. Мұндай желілік пайымдау «мұсылмандық Шығыстан» бөлек өмір сүрген грек-рим көне дәуірінен бастау алып, күні бүгінге дейін үзіліссіз байқалуда; сонымен қатар VII–XII ғасырлардағы ислам тарихтың қатардағы бөлігі ретінде сипатталады. Мұндай пікірталас тудыратын көзқарас бойынша ислам бұрынғыша ең алдымен Батысқа империялық жол ашу үшін барынша азайту немесе айналып өту қажет кедергі ретінде қабылданауда. Теологиялық көзқарас христиандық Аян теологиясына және Жерорта теңізінде ислам пайда болған сәттен бастап бүкіл Кітап қауымдастықтары тарихында үстемдік еткен, бірін-бірі жоққа шығаратын ескі жүйелерді қайта тірілтетін Израиль мемлекетінің дәлеліне негізделген.

Сан алуан ұжымдық қиялдарды, ескірген мәдени үлгілерді және эпистемологиялық тосқауылдарды мәңгі есте қалдыратын және күшейтетін осы көзқарастармен бетпе-бет келіп, қазіргі заман мен грек-семиттік кеңістік деп атаған нәрсені ұғынуды когнитивтік тұрғыдан қайта құруға тырысады.

Мен бұл кеңістіктің шын мәнінде Үнді мұхитынан Атлант мұхитына дейін созылып жатқанын және исламды артқа тастап, романтикалық, арманшыл, бәдеуилік, төзуге келмейтін немесе жалған рухани «Шығысқа»²⁹ айналдыруға болмайтынын атап өттім. Керісінше, ол қазіргі Батыстың мәдени тұжырымдамасының пайда болуына ықпал ететін тарихи фак-

²⁸ Мәнінше, семиотика – қазіргі уақытта ол жеткізетін білім арқылы дискурстың ұлттық, идеологиялық және дәстүрлі жақтарымен барынша тиімді ұштасатын пән.

²⁹ M. Rodinson, *La fascination de l'Islam* (Paris: Maspero, 1980).

торлардың бірі ретінде қайта ықпалдастырылуға тиіс. Ислам өркениеттің екі түрімен байланысты, оларды Ибн Халдун толығымен бөліп көрсеткен: отырықшы Йемен, Месопотамия, Иран, Палестина, Египет және Жерорта теңізі өркениеттерінде көрініс тапқан қалалық түр және бүкіл тарих бойы біріншімен толық ықпалдасуға қарсылық танытып келе жатқан, Құранда қатаң айыпталған көшпелі түр. Батыс Сахара мәселесі және Алжир Сахарасының қиыр оңтүстігіндегі **туарегтердің** жағдайы бүгінде әлі де сақталып келе жатқан экология мәселелеріне негізделген оппозицияны көрсетеді.

«Батыстық» исламның қалалық ислам екені анық және христиан діні сияқты онда мемлекет, Жазба (Кітап), ортодоксия, ғалымдық және оның грекше ойлау терең сіңген мәдениеті арасындағы функционалдық ынтымақтастық дамыған. Ортағасырлық христиан діні Батыс қандай да бір араб ойшылының қандай да бір шығармасының шашыраңқы элементтерін жинап қана қойған жоқ. «Христиандық» ақыл-ой туралы айтқанда, «исламдық» ақыл-ой үшін мен өзірлеген сол тарихи және сыни келешекпен бірдей мағынада және дәл солай айтуға болады.

Грек-семиттік кеңістіктің *қазіргі* Батысқа және Дәстүрді, дәстүршілдікті және мінез-құлықтың көне түрлерін сақтағыш Шығысқа бөлінуі Қайта өркендеу және Реформация дәуірінен басталады. Петрарка тұсында-ақ дәстүр мен қазіргі заман арақатынасы өзгерген: христиандық көзқарасқа (*джахилийға* исламдық көзқарасты қараңыз) қарамастан, дәл осы *Римнің* құлауы тағылыққа көшуді білдіреді; исламға қымбат болғаны сияқты, христиандыққа да қымбат қараңғылық пен жарық метафорасын ашылған Ақиқат нұрға, ал пұтқа табынушылық қараңғылыққа тең деген мағынада (*зулумат ал-джахилийа/нур ал-ислам*) Қайта өркендеу дәуірінің гуманистері мен ғалымдары оған қарама-қарсымен алмастырады. Лютер өз тарапынан ғұлама теологтардың (исламдағы *фуқаһа* және ғұламалар) доктриналық беделіне шектеулер қойып, тіпті Қасиетті Жазбаны зерттеу еркіндігін енгізеді; бұл көзқарасты Спиноза жақтап, тереңдете түсті (Ибн Рушд ислам діні аясында дәл солай етуге тырысты, бірақ схоласт-ортодокстар оның еңбегін жойды). Осыдан кейін «*қазіргі заманғы*» Батыста болмыс ұғымын шектейтін және оның символдық құндылығын жойған бірқатар оқиғалар орын алды: Декарт кеңейтілген субстанцияны ойлау субстанциясынан, сондай-ақ субъекіден субстанцияны ажыратып көрсетеді, материалдық ғаламды механикалық түрде түсіндіруге болатын біртекті үздіксіздікке айналдырады. Әдіс ретінде мынадай тәсіл қолданылады: ойлау дегеніміз – жіктеу, бөлу, сипаттау, алып тастау. Гегель диалектиканы енгізу арқылы бұл желілік механизмді оңайлатады, бірақ содан кейін Фрейдтің жеке тұлға психикасының құрылымдаушы күшін түпсаналыны басуға түйістіретіні сияқты, Маркс та саяси экономияны бүкіл тарихтың кілті етеді. Ницше өз

Туарегтер –

Мали, Нигерия, Буркина Фасо, Алжир және Ливиядағы берберлер тобының халқы

тарапынан грек-христиан этикасының бастауларына орала отырып, құндылықтарды бұзады.

Оқырмандар менің қазіргі заманның (жаңа дәуір) интеллектуалдық тарихы деп атаған кезеңнің³⁰ кейбір маңызды оқиғалары мен басты әрекет етуші тұлғаларына осыншалықты қысқаша шолу жасағаным үшін кешірсін. Менің мақсатым – ең алдымен, мен көрсеткендей ислам дәстүрі XVI ғасырдан бастап Батыстағы қоғамның дамуынан және одан да маңыздысы, бұл дамуда адам тағдырымен байланыстылығынан қатаң түрде алшақ күйінде қалғанын баса айту. Сондай-ақ тарихтан бұл ауытқудың, ақыл-ой мен санаға әсер ететін ауытқудың себеп-салдарын тану мен ұғынудан алшақ исламдық ой-пікір XIX ғасырдан бастап тек отаршыл империалистік Батыспен қақпайласа отырып, өз дәстүрін қорғаумен және негіздеумен болғанын, сондай-ақ өз тарихын аңыз түрінде көрсетумен айналысқанын атап өткім келеді.

Алайда мен табанды түрде қазіргі Батыс, оның үстем таптары мәлімдегендей, адамның барлық өлшемдері ескерілетін тарихи білім мен іс-әрекет үлгісін жасады демеймін. Бірақ қазіргі заманда өлшемдер, амбиция және көкжиектер өзгеруде, сонымен бір мезгілде тек Кітап қауымдастықтары дәстүрлерінің бүкіл жиынтығы ғана қайта ықпалдастырылмай, сонымен қатар бір орталықпен шектелмейтін мәдени антропология әдістерімен әлемде бар барлық мәдени көрініс түрлері бар тарихи тұтастық та зерттелуі және жинақталуы мүмкін ақыл жетерлік (анық түсінікті) және тарихи әрекеттің жаңа кеңістігін ашады. Дәл осы тұрғыдан алғанда, Ислам дәстүрін жан-жақты зерделеу және қайта қарау жобасы толығымен мұсылман қауымы үшін де, ғаламды, ғаламшарымызды және адамның өмір сүру жағдайларын зерттеумен айналысатын заманауи ой үшін де айтарлықтай маңызға ие болады. Дәстүрдің жиынтығы жоғарыда келтірілген *хадисте* белгіленген ересиографиялық ойлаудың шегінен шығуды білдіреді. Бұл ретте дәстүрлі діни дискурстың барлық әдеттегі тұжырымдамалары схоластикалық дәстүрлерге де, шет аймақтық, этникалық орталыққа тән, біртекті немесе позитивістік жаңа дәуірге де қатысты сыни қызметін жоғалтпай, жарылып, жаңа өлшемдерге ие болады. Мұндай тұжырымдар ішінде саясатпен және зайырлы әлеммен байланысты дінді және діни өлшемді (*дин, давла, дүние*), сондай-ақ Аянды, Кітапты, қасиетті, рухани, трансцендентті Жазбаны атауға болады, сонымен қатар классикалық метафизика, этика, құқық, психология және саяси экономия салаларының бүкіл терминологиясын көрсетуге болады. Ортодоксиялық дәстүр, содан кейін жаңа дәуірдің унитаризмге (жаһандануға) бағытталған заманауи ағымдары қандай жергілікті дәстүрлерді сынық, қалдық күйіне келтірген?³¹ Қазіргі заман ортодоксиялық дәстүрді қайта мән беруге қабілетті, интеллектуалды болмаған жағдайда, оның өзі қалайша әдетте ескірген, ақылға қонымсыз және көне ретінде қазіргі заман қоғамының ығыстырылған материалдық бағдарла-

³⁰ Жаңа дәуірдің ұлы ізашарларының оң үлесін жүзеге асыруға әкелген барлық зерттеулер мен ой жетістіктерін тағы да атап өту қажет. Мысалы, Декарттың Ф. Алькиені шабыттандырарлық оқуы.

³¹ Біртұтас жаңа дәуір деп XIII-XIV ғасырлардан бастап одан ары қарай батыстық ой субъектіні өз денесінен бөлуге жол беретін және *классикалық метафизикада* жинақталған ережелер мен тұжырымдар жиынтығын бекітетін түсіндірмелі, сол сияқты тарихи белсенді үлгіні жүктейтін тарихи-мәдени үрдісті айтып отырмын: трансцендентті онтология; прометейлік Прогресс пен Эволюция, содан кейін Даму кезеңі; өнімділіктің нақты кеңістігі, зайырлы Ақыл-ой арқылы заңдастыру, «ұлы адамдар» пайда болуы мүмкін қиял-ғажайып құрылымдар негізінде топтарға қысымшылықпен айла-шарғы жасау; мемлекет; ұлт; демократия; жалпыға бірдей сайлау құқығы; зайырлы ету және билікті бөлісу; теңдік; бостандық; бауырластық; Үлкен секіріс және т.б.

нуы болмақ? Ортодоксиялық дәстүрдің өзі ислам жүйесінде пайда болған, бірақ «серік қосушылар», дұрыс жолдан ауытқыған (жолдан таяушылар) деп танылған, құқылы дін үйретуші орган емес, бәсекелес кәсіби топтардың немесе этникалық-мәдени топтардың, не дүниетанымы өзгеше топтардың негізгі тұлғалары осылай деп таныған мектептерді, шығармаларды және ойшылдарды жою арқылы қандай зиян келтірді?

Бұл сұрақтарға кез келген доктриналық пайымдауды шетке ысырып, алдымен тарихи тұрғыдан жауап беру керек ³². Қазіргі мұсылман қоғамдары тарихшылардың сыни пікірін қабылдай алмайтындығы тарихшылар өздерінің ғылыми пәнін дүдәмал *хадистерді* қадағалайтын шығыстанушы филологтар сияқты дерексіз қағидаттар негізінде құрды дегенді білдірмейді.

Дәстүрдің осы жерде мен көрсеткен мағынасында тұтас жиынтығын зерттеу, оған күмән келтіру жабық конфессиялық қауымдастықтар өз дәстүрлері деп санайтын нәрселерді *бұзатын зұлымдық көздеріне тікелей қарсы тұру дегенді білдіреді*. Мен Ливанда, Нигерияда немесе басқа жерлерде өріс алған қайғылы жағдайлар тек діни себептерге байланысты деп отырған жоқпын; бірақ діни қиялдың әсіресе «қасиетті» күрес жүргізу үшін тез жұмылдырылатыны ақиқат. Тарих және мәдени антропологияның атқаратын қызметтері діни қиялды құбылтушылар бұрмалаған шындықты әшкерелеу болып табылады ³³.

Жаңа ғана біз сипаттаған Дәстүр ұғымын толығымен Кітапқа негізделген өздері мұраға алған діни дәстүрлер аясында дін ілімін өзірлейтін жекелеген дәстүрлі қауымдардың дін мамандары бірыңғай жүйе ретінде қабылдауы мүмкін бе еді?

Қазіргі заманғы тарихтың және осы тарихтың жемісі мен оның сын-қартерлеріне жауап болып табылатын адам мен қоғам туралы ғылымдар енгізген когнитивтік стратегиялардың бірлескен қысымынан туындаған жаңа контексте дін ілімінің ұстанымдары қалай өзгереді?

3. ТЕОЛОГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАС

«Өмір салты мен ғаламды өзгерту жолдары» («Des manières d'habiter et de transformer le monde») – Францияда ³⁴ жақында жарық көрген «Құдай сөзі тәжірибесіне арнау» – «*Initiation à la pratique de la théologie*» кітабының бірінші бөлімінің атауы әдемі. Бұл бөлімнің атауы да кітаптың қалған бөлі-

³² Мына кітапта бірнеше эсседе дәл осыны жасауға тырыстым: M. Arkoun, *Pour une critique de la raison islamique* (Paris: Maisonneuve et Larose, 1984).

³³ Мен манипуляцияны идеологиялық және семиотикалық деп бөлемін: біріншісі тактикалық, стратегиялық, арсыз; ол ұлттық деңгейде билікке қол жеткізу немесе оны сақтап қалу үшін халықаралық өмірдегі барлық үстемдік ету стратегияларын және саяси айла-тәсілдерді бақылайды; екіншісі әрбір сөйлемге тән, ол әрбір сөйлеуші тілінде орындайтын таңдау операцияларын білдіреді.

³⁴ Б. Лоре мен Ф. Рефуле редакциясымен ұсынылған жұмысты қараңыз: *Initiation à la pratique de la théologie*, B. Lauret et F. Refoulé (Paris: Cerf, 1982-1983), vol. 5.

гі сияқты қазіргі модерн дәуірдегідей Батыста байқалатын және Исламда әлі де жоқ эволюция туралы куәлік етеді; осының бәрін ескергеннің өзінде бұл эволюция шектеулі, өйткені тарату түрлері, өмір салты және әлемді өзгерту әдістері туралы ойлаудың ауқымы қатаң түрде «институттық органдар – Шіркеудің (каноникалық мәтін, дәстүр, діни қызмет) сенім туралы тұжырымдарына тәуелді болып қалады және университет (оқу орталықтары, әртүрлі мамандықтар және т.б.)³⁵ белгілі бір роль ойнайды. Егер біз ислам діні өкілдерінің біріне, сондай-ақ иудаизм өкілінің біріне сөз беретін болсақ (бірден сұрақ туындайды:) Оны қалай таңдау керек? Қандай критерийлер бойынша? Ортадоксалдық критерий қолдану немесе Дәстүрге толығымен эпистемологиялық қатысын қарастырамыз ба, сонда олар «христиандықтың өзіндік түсіндірмесін береді, (бірақ сонымен бірге) бірақ барлық назарын өздерінің сенімдерінің бірегей мағынасын жариялауға бағыттамайды ғой?»³⁶, біз олар келтіретін дәлелдемелер тек ортодоксалдық ағымдардың ережелерін салыстыру бойынша жүретінін анықтап көрсетеміз, теологиялық айырмашылықтарды теологиялық дәстүр топостары (*topoi*) ретінде біріктіру әрекеттері де; (бір уақытта біз салыстырудың не екенін білеміз) үш жазба дәстүрге³⁷ ортақ *апорияларды*, қайшылықтарды анықтаудан бастау керек. Дәл осы соңғы тапсырма өте маңызды, өйткені ол жеткілікті түрде дамыған теологиялық салада жаңа болжамды және қазіргі уақытта ойға алуға да болмайтын, жеткілікті тұжырымдалмаған нәрселерді ашуға мүмкіндік береді.

Христиандық пен исламға ортақ апорияның нақты мысалын қарастырайықшы, ол бір жағынан Исаның қайта тірілуінің тарихилығы, екінші жағынан Құранның ақиқат шынайылығы. Батыста 19 ғасырдан бері дамып келе жатқан тарихи контексте христиандық теологтар зерттеуге тарихи-сыни көзқарас негізінде қайта тірілу фактісін жоққа шығаруға жауап қайтара алмады. Бернард Лореттің соңғы дәлелдерді өте түсінікті түрде растауы³⁸ университеттің беделді тұлғаларына жүгінудің шектеулерін және сенім туралы хабардың кең таралғанын көрсетеді. Автор алдымен қайта тірілу фактісінің «тарихи дәлелділігінің» бір бөлігін сақтап қалуға тырысты; содан кейін ол қайта тірілу *идеясының* функциялары мен мағыналарын қарастыруға кіріседі, ол қайта тірілу *идеясын* дәлелденбейтін тарихи факт ретінде қабылдауға мүмкіндік беретінін ашық мойындамайды. Бұл терең тану мен зерттеу кез келген ғылыми зерттеушіден ғана талап етілмейді; әсіресе иманға шақырудың тылсым күшін тым оңай пайдаланатын дінтанушыға қажет-ақ. Психология мамандары мен психоаналитиктер сенім ең бақыланбайтын және түсініксіз импульстарды, тілек импульстарын, есте сақтаудың ең күрделі шоғырларын, қиялдың ең фантастикалық бейнелерін, жүректің ең күшті импульстарын және ақыл-ойдың ең қатаң талаптарын жасыра алатынын айтады. Оы алуан түрлі қабілеттерді меңгеру әрбір мәдениет мойындаған және қолданатын рухани тәртіптің формаларына байланысты болады. Теологтар өздерінің пайымдауларында жаратушы күш бар деп болжайды және барлық сенушілерге құдай кітабында ашылған Құдайдың әрекеті әділ әрі дұрыс жүректің таза және мәңгілік

³⁵ *Initiation à la pratique de la théologie*, B. Lauret et F. Refoulé (Paris: Cerf, 1982-1983), vol. 1, 12.

³⁶ Сол жерде.

³⁷ М.Тайбидің исламға қосқан үлесі тек сипаттамалық бағытта болды.

³⁸ *Initiation à la pratique de la théologie*, B. Lauret et F. Refoulé (Paris: Cerf, 1982-1983), vol. 2, 378-407.

келісімі ретінде ашылады дейді. Теологтар еңсеруге тиісті кедергілердің барлығынан хабардар бола отырып, осы идеалды сенімді педагогика арқылы жүзеге асыруға ұмтылады деп елестетуге болады; десе де, дәл солар абсолюттілікке апарады деп мәлімдеген адам рухына таңған шектелулері мен қателіктерін кешіруге болмайды.

Бірақ мен бұл туралы исламның қайта тірілуге қатысты артықшылығын көрсету үшін емес, христиандық пен исламның дәстүрлі талаптарынан туындаған мәселелерді ескере отырып жеңуге болатын жаңа ой (және талқылау) саласын алға шығару үшін айтып отырмын. Қайта тірілу және Құранның ақиқаттығы туралы проблемалардан гөрі ертеректен бері шешімін таппай кел жатқан мәселелерді қарастырып, бірге дұрыс шешкен жөн. Мен Мекке мен Мәдинадағы қарсыластардың әркім өз дұрыстығын анықтау үшін бір-бірінен қандай дәлел талап еткені туралы айттым, дәл осылай елшілер заманынан бері шәкірттер бос қабір мен қайта тірілу туралы дауласып келеді³⁹. Екі жағдайда да біз алдымен «тану, білу» психологиясының мәселесімен бетпе-бет келеміз: табиғат құбылыстары туралы эмпирикалық білім мен табиғаттан тыс немесе құдайлық деп аталатын құбылыстарды психикалық бейнелеу арасындағы шекараны қалай бөлуге болады? Мұхаммедтің заманындағы сияқты, Исаның заманында да сезім тәжірибесіне негізделген ұтымды түрдегі «түсінікті қабылдау» қалыптасқан болатын, бірақ «жүрек» ғажайып әрі мифологиялық білімге ашық болып қала берген; *Тарихшыға* ең алдымен ұсынылған білім түрлерінің алдында сананың осы екі конфигурациясының арасындағы кедергілер мен алшақтықтарды бағалаған дұрыс болады. Үш діндегі теологиялық ой-пікірлердің таным психологиясы туралы мәселені шынымен бүгінгі күндегідей радикалды түрде ашық қоюға болатын болса⁴⁰, онда оның Аян кітабында жүргізілгені *тарихи шындық*. Осылайша, біз дәстүрге және оның қалыптасуының тарихи шарттарына қайта ораламыз. Құранның құдайдан шығуының бүкіл теориясы («*иджаз*») екі жағдайда да (қайта тірілу мен Құран) көтерілген күрделі ақыл мәселесінің апологетикалық және дидактикалық «шешімдерге» жасырын түрленуін куәландырады. Қазіргі исламдық ойдың Христиандық ойдан айырмашылығы – ол кез келген мәселені өзінің тарихи тұрғысынан қарастырудан бас тартады.

Менің ойымша, бұл сыни ескертулер мен әртүрлі дәстүрлерді қамтитын теологиялық көзқарасқа шақырулар христиан билігін де, мұсылман ғұламаларын да әрекетке шақырмайды (менің сыным Раввиндерге де қатысты екені анық). Мен «қайтаруға болмайтын шынайылықты» ашық қорғайтын

³⁹ Қараңыз М. Arkoun , Le problème de l'authenticité divine du Coran // *Lectures du Coran* (Париж: Maisonneuve et Larose, 1982).

⁴⁰ Исламға қатысты бұл мәселені мутазилистер мектебі жеткілікті түрде мұқият зерттеген. Бұл туралы мына жерден қараңыз: Marie Bernard, Le problème de la connaissance d'après le Mughni du cadi 'Abd al-Gabbar (Algiers, 1982).

догматикалық дәстүрлер арасында бейсаналық, жасырын келісімнің бар екеніне көз жеткізуге көп рет тырыстым. Бұл салада анағұрлым «байыпты» және ғылыми тұрғыдан тиімдірек міндеттермен айналысатын ғалымдар қауымынан көмек күтудің қажеті жоқ. Бұл діни ойдың ғасырлар бойы не ынталы министрлердің монополиясы, не басқа мақсаттағы полемиктердің нысанасы болғаннан кейін *олар тәуелсіз ойшылдарды іздейді дегенді білдіреді.*

Мен дін ілімін адам мен қоғамды зерттеуден алып тастамайтыным анық деп үміттенемін; бірақ дін ілімі кез келген танымдық операцияға ортақ ережелерге бағынуы керек. Бұл үшін, *жаңа* негіздер бойынша, ол қайта шешу мәселесін көтеруі керек. Және бұл әрбір дәстүр өзі туралы білдіретін дискурстардың қатар өмір сүруіне *төзімділік* мәселесі ғана емес; кез келген дәстүрдің пайда болуы мен қызмет етуінің ең алдымен тарихи, психологиялық және антропологиялық шарттарын, содан кейін үш монотеистік дәстүрді түсіндіруі қажет.

Осы кезде ғана Кітап қауымдастығындағы Жазба, Аян және Дәстүр арасындағы байланысты дін ілімі тұрғысынан қарастыруға болады.

ПАХЧ-ОАУ аудармасы, Душанбе, 2022.

Дереккөз: M. Arkoun, aspects d ' Islam (Brussels: Facultes Universitaires, Saint Louis, 1985)

ТАЛҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Бүгінгі таңда дәстүрдің діни ислам дискурсындағы орны қандай?
2. Тірі діни дәстүр мен идеологияның айырмашылығы неде?
3. Исламдағы діни дәстүрді зерттеу үшін ғылыми әдістер енгізуге бола ма?
4. Қазіргі зерттеушілер Исламдағы діни дәстүрді зерттеу барысында қандай қиындықтарға тап болып отыр?
5. Исламның діни дәстүрін құруға М. Аркунның көзқарасы бойынша діни өмірмен, мәдениетпен және тәжірибемен айналысатын адамдар қаншалықты нақты қатысады?
6. М. Аркунның пікірінше, дәстүрдің қазіргі исламмен соқтығысы неден болады?
7. Тарихтағы және бүгінгі күндегі исламның діни дәстүріндегі зайырлылықтың ролі қандай?

ҚАЙТАЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. М. Аркунның пікірінше, исламның діни дәстүрінің табиғатын тиімді түрде қандай ғылыми әдістер аша алады?
2. Аркун өз жұмысында қойған сұрақтар мен идеялар қазіргі уақытта ерекше өзекті болып отырған деколониялық гуманитарлық дискурс контекстінде қаншалықты өзекті болып табылады?

СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОҚУ



АХАЖ ресурстық орталығы
Душанбе, Тәжікстан

Мәтінге сыни көзқарасы жоқ оқырман кітапты оқып, одан белгілі бір оқиғаның фактілерін есте сақтай алады, сонымен қатар бұл оқиғаның жалпы қабылданған түсіндірмесін біле алады. Сыни тұрғыдан қарайтын оқырман сол жұмысты оқи алады, бірақ берілген фактілер мен идеяларды алдын-ала талдаусыз немесе оларды қолдау үшін жаңа дәлелдер іздемей қабылдамайды.

Исламның үлкен дәстүрімен берілген шынайы діни дереккөздер мен ғылыми зерттеулерге негізделген фактілер арасындағы айырмашылық.

Мұхаммед Аркунның «Қазіргі ислам: дәстүрге бет бұру» атты жұмысында пікірталас алаңын құруға мүмкіндік береді, ол гуманитарлық білімде қолданылатын сыни тәсілдердің ерекшеліктерін түсіну үшін маңызды, тәсілдер, оларды жұмыста түсіндіру үшін аса маңызды.

Мәтінге сыни көзқарасы жоқ оқырмандар үшін-Мұхаммед Аркунның жұмысы негізінен Исламның үлкен дәстүрін зерттеу және оны түсіндіру үшін қазіргі контекстен және білім мен әдістеменің ғылыми арсеналынан қасиетті мәтіндерді талдауға қатысты әртүрлі теориялық тәсілдерді ұсынады.

Мәтінге сыни көзқарасы бар оқырмандар үшін-Аркун діни көзқарастарды зерттеудің әртүрлі теориялық тәсілдерін ұсынады, бұл – ғылыми дискурсқа әрдайым кіре бермейтін Ислам дәстүрі. Мұхаммед Аркун тек діни түпнұсқаларды түсінуге және түсіндіруге әсер ететін төрт негізгі тәсілді ұсынып қана қоймайды, қазіргі зерттеулерде мұсылмандық интеллектуалды дискурсты елемей, шекте тебетін әмбебап сипаттағы мәселелер мен сұрақтарды ашады. Студенттер фактілер мен идеяларды бірыңғай және дұрыс түсіндірудің жоқтығын, бірақ оларды түсіндіру үшін мүмкін және қолайлы жолдардың бар екенін сезінуі керек. Олар (студенттер) кейбіреулерімен келіседі, ал кейбіреулерімен келіспейді.

Оқырман мәтінге сыни көзқарассыз тек Аркунның жұмысында көрсетілген мәселелерді түсіну және сипаттауға қанағаттанады. Сыни оқы-

рман көп нәрсеге ұмтылады. Сонымен, Аркунның не туралы ойлайтынын түсініп, оқырман мәтіннің қандай мақсатқа қол жеткізгісі келетініне назар аударады

Ең алдымен, ол сұрақ қояды: автор мысалдар, дәлелдер келтіре ме? Ол не туралы дауласады? Аркун оқырмандардың мақұлдауын іздей ме? Бұл жағдайда негізінен Аркун кімге жүгінеді? Өз көзқарасын білдіру үшін салыстырулар жасай ма? Және, ақырында, осындай терең талдауға негізделген, мәтінге сыни көзқараспен қарайтын оқырман барлық мәтіннен білдіретіні туралы жалпы қорытындыға келеді.

Төменде әр түрлі оқу және пайымдау тәсілдері көрсетілген талдау кезеңдері мен әдістері келтірілген:

- * Таңдалған мәтін не туралы айтады — қайталап айту -әңгіме немесе талдау? Мәтін не нәрсеге қол жеткізеді – сипаттама – мәтіндегі ашық пікірталастарды талқылау.
- * Мәтіннен білдіреді: мәтінді түсіндіру, талдау немесе мағынасы?

Сұрақ: Мұхаммед Аркунның «Қазіргі ислам: дәстүрге бет бұру» шығармасы қайталап айтып беру, талдау, сипаттау немесе түсіндіру ме?

СЫНИ ОҚУДЫҢ МАҚСАТЫ

Мәтінді сыни тұрғыдан оқу студенттердің алдына белгілі бір қойылған мақсаттардың болуын білдіреді:

- * автордың мақсаттарын анықтау;
- * оның үні мен дәлелдейтін элементтерін түсіну;
- * автордың алдын ала сендіріп отырған пікірін анықтау;
- * мүмкін авторға сұрақ қойю;
- * оқыған нәрсеге көзқарасыңызды дәлелді түрде анықтау;
- * оқырман үшін ең маңызды мәтіндегі абзацқа түсініктеме беру

Сұрақ: Мұхаммед Аркунның «Қазіргі ислам: дәстүрге бет бұру» атты еңбегіндегі сендіріп отырған ойлары сізге байқала ма?

СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ

Сыни тұрғыдан ойлау – бұл «біз қабылдағымыз келетін, қабылдамайтын немесе уақытша тоқтатқымыз келетін-келмейтінін мұқият, әдейі анықтау осы тұжырым туралы үкім; біздің сенімділік деңгейіміз, біз бұл тұжырымды қабылдаймыз немесе қабылдамаймыз» (Мур мен Паркердің «сыни ойлауынан»).

СЫНИ ОҚУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ:

Аркунның «Қазіргі ислам: дәстүрге бет бұру» шығармасын оқығаннан кейін өзіңізге келесі сұрақтарды қойыңыз:

1. Бұл жұмыста қарастырылған негізгі тақырып қандай?
2. Аркун өз жұмысында қандай қорытындыға келді?

3. Арқуның сенімі мен ғылыми сенімінің себептері қандай? (Сапасыз пікірлерден сақ болыңыз: өкініш, қорқыныш, қате статистиканы пайдалану және т. б.)

4. Арқун фактілерді немесе пікірлерді қолданды ма?

- Фактілерді растауға болады.
- Пікірлер әрқашан расталмауы мүмкін.
- Олар әрқашан лайықты дәлелдерге негізделмейді.

5. Арқун бейтарап немесе эмоционалды сөздерді қолданды ма?

(Мәтінге сыни көзқарасы бар оқырмандар пайымдаулардың айқындығын тексеру үшін қолданылатын тіл ғана еместігін ескереді).

СЫНИ ОҚЫРМАННЫҢ СИПАТТАМАЛАРЫ:

1. Олар өздеріне адал
2. Олар манипуляциядан бас тартады
3. Олар шатасуды жеңеді
4. Олар сұрақтар қояды
5. Олар өз пікірлерін дәлелдерге негіздейді
6. Олар талқылау объектілері арасындағы байланысты іздейді
7. Олар интеллектуалды түрде еркін

Дереккөз: Джо Ландсбергердің «Сыни ойлау» кітабына бейімделген зерттеу

Нұсқаулықтар мен стратегиялар, Сент-Пол, Миннесота: Сент-Томас университеті (ST), сәуір 2003.



ЛЮТЕР ВОРМСТА: «МЕН ОСЫНДАМЫН...»
СУРЕТШІ-АНТОН ФОН ВЕРНЕР (1843-1915)

МАРТИН ЛЮТЕР. ЛАТЫН ЖҰМЫСТАРЫНА КІРІСПЕ

Мартин Лютер (1483-1546) Германиядағы Виттенберг университетінің теология профессоры болды. 1517 жылы индульгенция сатуға қарсы халық наразылығын ұйымдастырды. Индульгенция дегеніміз шын мәнінде Рим-католик шіркеуінің басшысы – Рим Папасының пенделердің күнәларын кешіріп, күнәкарларды шіркеу жазасынан босатуы. Лютер заманында индульгенциялар сертификаттар түрінде базарларда сатылды. Сертификат үшін төленген ақша барлық күнәлардан тазартады деп есептелді. 1517 жылы Лютер алғаш рет өзінің «95 тезисінде» шіркеуге реформа қажеттігін айтқан еді. Лютер тезистерін өзі уағыз жүргізген шіркеудің қабырғаларына іліп қойды. Бұл тезистер Лютердің Киелі кітапты және әртүрлі діни бұйрықтарды түсіндіруі туралы даудағы дәлелдері болды. Лютер ешқашан Рим Папасын ашық сынамаसा да, католиктік шіркеуден түбегейлі бөлінуді қолдамаса да, оның бұл әрекеттері Батыс христиан әлемінде «Протестанттық реформация» деп аталатын күшті қозғалыстың дамуына әкелді. Бұл қозғалыс үш негізгі қағидаға негізделді: Киелі кітап сөзінің бұрмаланбауы, адамдардың сенім арқылы құтқарылуы және шіркеудің қатысуынсыз адам мен Құдай арасындағы тікелей байланыс. Латын тілінде кіріспе ретінде жазылған Лютер шығармаларында оқырмандарға арнап сол кездегі тарихи өзгерістерге шолу жасайды. Лютер шіркеудің әділетсіз әрекеттерін айыптайды, сонымен қатар жалпы христиандық сенім туралы өзінің жеке түсінігінің дамуы туралы ой толғайды.



Құрметті оқырман!

Мен кітаптарымды басып шығарғысы келетіндердің бәріне қарсы болдым, бұл еңбектерімді түнгі оқу мен зерттеулерімнің шимай-шатпағы деп атағаным жөн болар. Біріншіден, менің жаңа туындыларымның астында ежелгі авторлардың шығармалары қалып қалмаса және бұл жағдай оқырманның көне шығармаларды оқуына кедергі жасамаса дедім. Екіншіден, қазіргі уақытта, Құдайға шүкір, көптеген жүйелі түрде ұйымдастырылған кітаптар бар, оның ішінде **Филипп** жазған «Лочи қауымдастығы» сияқты кітап та бар, бұдан теолог немесе **епископ** жеткілікті мәлімет ала алады, ізгілік ілімі деп сенімді түрде оқи алады. Үшіншіден, ең бастысы, Киелі кітаптың өзі қазір барлық дерлік тілге аударылған. Ал менің өмірімдегі тұрақсыз оқиғалар менің жұмысымды ретсіз күйге әкелді, оны қазірге дейін реттей алмай отырмын.

Осы себепті жазған еңбектерімнің барлығын мәңгілікке жерледім, бұл жағдай жақсы кітаптардың санын арттырады. Алайда, басқа адамдар өздерінің батылдығымен және табанды дәлелдерімен кітаптарымды басып шығаруға келісуге мәжбүр етті. Егер шығармаларымды көзім тіріде шығаруға рұқсат етпесем, мен өлген соң шығарамыз деп қадап айтты, онда олар оқиғаның реті мен оның астарында жатқан себептерді білмей қалар еді. Сонымен қатар біздің ең даңқты ханзада Иоан Фредериктің тілегі мен өсиетін ескеру керек болды, ол баспагерлерге осы басылымды басып шығаруды ғана емес, сонымен бірге бұл тапсырманы қысқа мерзімде орындауды бұйырды, дәлірек айтсақ мәжбүрледі.

Филипп –

неміс гуманисті, теологы,
Лютердің ізін жалғаушы

Епископ –

шіркеудегі қасиетті
басшылықтың ең жоғары
дәрежесі

Мен сондай-ақ оқырманды Құтқарушымыз Иса Мәсіхтің атынан осы шығармаларға парасаттылықпен немесе «жанашырлықпен» қарауды өтінемін. Оқырмандарымның көбі білетін шығар, мен бір кездері Папаны өте қатты қолдайтын монахтардың бірі болғанмын. Мен Рим Папасының доктриналарына берілгенім сонша, Рим Папасына мойынсұну деңгейін сәл де болса төмендетуді жақтағандарды өлтіруге немесе өлтіруге қатысуға дайын болдым. Мен сондай **саул** болдым, әлі де сондай болып қала беремін. Ал Папаны қорғауда Эк пен одан басқалар сияқты салқын болдым, олар, менің ойымша, Рим Папасын қорғауы керек болған соң емес, құлқынның қамы үшін қорғады. Осы күнге дейін маған олар **эпикуршылар** сияқты Рим Папасын мазақ ететін сияқты. Қиямет күнінен қатты қорқып, жүрегімді құтқарып қалғым келгендіктен, жағдайды барынша байыппен қабылдадым.

Осылайша, мен өзімнің алғашқы еңбектерімде асқан ізетпен және барлық құмарлықпен Рим Папасына маңызды нәрселердің көбін тапсырғанымды көресіз, кейіннен осы істерімді үлкен күпірлік пен жексұрындық деп есептей бастадым. Сондықтан, құрметті оқырманым, бұл қателікті немесе менің жалақорларым айтқандай, бұл қайшылықты уақыт пен менің тәжірибеммен байланыстырып оқуға тырысыңыз. Бастапқыда мен жалғыз болдым, оның үстіне, мұндай мәселелермен айналысу үшін тым ақылсыз әрі білімсіз де болдым. Иә, бұған Құдайдың өзі куә, бұл дүрбелеңге қатысым келгендіктен емес, кездейсоқ жағдаймен келдім. 1517 жылы индульгенция болмашы ақшаға сатылған кезде (айтқым келеді: сыйақы ретінде) мен діни қызметкер, өздері айтқандай, теологияның жас докторы едім. Мен адамдарға индульгенция сатушылардың саудасына қызықпау керегін айта бастадым. Мен оларға бұдан бөлек жақсырақ істер де бар екенін айтып, бұл мәселелерде Рим Папасы мені қолдайтынына сенімді болдым. Мен оның шыншылдығына қатты сендім, өйткені ол өзінің жарлықтарында адамдардың күнәларын кешіретін дін қызметкерлерінің көбейіп кеткенін айыптайтын еді.

Көп ұзамай мен екі хат жаздым, біреуі **Майнц архиепископы** Альбертке, ол индульгенцияны сатудан түскен табыстың жартысын алып отырған (екінші жартысын Рим Папасы алып отырған екен, ол кезде бұл туралы білмедім), екіншісін **Бранденбург** епископы Джеромге жолдадым. Мен олардан діни қызметкерлердің ұятсыз әрекеттерін тоқтатуды өтіндім, бірақ олар менің сөзімді тіпті елемеді де. Сондықтан мен индульгенцияны айыптайтын ережелер тізімін және сонымен бірге неміс тіліндегі уағыз жарияладым. Біраз уақыттан кейін мен «Түсініктемелер» деп аталатын еңбегімді жарияладым, онда мен Рим Папасына құрмет көрсетіп, күнәлардың кешірілуін айыптауға болмайды, бірақ күнәлардың кешіру жұмыстары басқаша, яғни жақсырақ болуы керек екенін айттым.

Аспанды құлаттым да, жерді отқа орадым. Рим папасы мені айыптап, Римге кел деп бұйырды, тек өзім жалғыз қалдым, барлығы маған қарсы болды.

[Ары қарай Лютер шіркеумен күресі күшейе түскен 1518-1519 жылдардағы оқиғаларды талқылайды. Келесі бөлім бөріміз де Папаға мойынсұнуымыз керек деген Лютердің неміс ақсүйектеріне берген жауабынан тұрады].



Индульгенция сату

Саул –
ертедегі христиан елшісі
және миссионері Әулие
Павел

Эпикур –
өмірдің мәнін рахаттан
көретін адам

Архиепископ –
аға епископ

Майнц –
Германиядағы қала

Белгілі бір стандарттарға сәйкес түзетілетін және ұзақ өмір сүретін әдеттермен қателіксіз күресу қаншалықты қиын екенін өз тәжірибемнен көруге болады. «Әдеттен арылу қиын», «Әдет – екінші бейнең» деген афоризмдер қаншалықты рас екенін білемін. **Августин:** «Әдетке қарсы тұрмасаң, ол қажеттілікке айналады» деп қаншалықты дұрыс айтқанына да көз жеткіздім. Мен жеті жыл бойы барлығын дерлік жатқа білу үшін Киелі Жазбаларды мұқият зерттеп, сабақ бердім. Сол кезде мен Иса Мәсіх пен оған деген сенім туралы барлық негізгі білімді бойыма сіңірдім, бұл білім бізді ақтайтын және құтқаратын істерге емес, Мәсіхке сену туралы ғой. Сонымен, ақырғы уақытта мен Рим Папасы құдайдың берген құқығы бойынша шіркеудің басшысы болған жоқ деген ұсынысты көпшілік алдында қорғай бастадым. Бірақ мен дұрыс қорытындыға, Папаны шайтан жіберген болуы мүмкін деген ойға әлі келе алмадым, өйткені Құдайдан емес нәрсенің бәрі шайтаннан екені белгілі ғой.

Алдында айтқанымдай, мен Қасиетті Шіркеудің үлгісі мен атағын аса құрметтеп, өзімнің үйреншікті ой-пікірлеріме берілгендігім сонша, Рим Папасының шіркеуге үстемдігін басты құқығының бірі ретінде қабылдадым. Алайда бұл құқықты құдайдың күштері қолдамаса, ол өтірік және шайтаннан шыққан болып есептеледі. Біз ата-анамызға, азаматтық билікке олардың айтқаны үшін емес, Құдайдың қалауы үшін бағынамыз емес пе? Сондықтан мен Папа билігіне соншалықты қатты жабысып қалғандарға, әсіресе Жазбаларды немесе басқа да қасиетті шығармаларды оқымағандарды жек көріп, айыптамаймын. Өйткені мен өзім Киелі Жазбаларды көп жыл бойы мұқият оқып келсем де, әлі күнге дейін Папа билігінен шыға алмай отырмын...

[Лютер шіркеуге қоятын басқа да сын пікірін талқылап, бұлардың өзінің сеніміне қалай әсер еткенін айтып кіріспе сөзін аяқтайды..]

Сол 1519 жылы мен діни жырларды қайтадан аудару бастадым. Тәжірибенің арқасында мен өзімді сенімдірек сездім, өйткені университетте Әулие Павел жазған «Римдіктерге жолдау», «**Галаттарға** жолдау», «Еврейлерге жолдау» сияқтылармен (Жаңа өсиетті қараңыз) жұмыс істедім. Менде Әулие Павелдің римдіктерге жазған хатында не туралы айтып жатқанын түсінуге деген қатты құштарлық болды, бірақ менің алдымда бір кедергі болды. Бұл бірінші бөлімдегі бір сөз болды: «Онда Құдайдың әділдігі ашылды». Мен бұл сөзді жек көрдім. «Құдайдың әділдігі» – бұны мен ұстаздарымнан үйренген әдет бойынша философиялық тұрғыдан «Құдайдың әділдігіне» сілтеме ретінде түсіндім, яғни Құдай әділетті, сондықтан күнәкарлар мен әділетсіздерді жазалайды.



БИБЛИЯНЫҢ МҰҚАБАСЫ.

Библияның XVI ғ. Германияда толық мәтінінің бірінші басылымы

Августин
(354-430) – христиан теологы және философы

Галаттар – кельт тайпалары

Бірақ мен кінәсіз монах бола тұра, өзімді Құдайдың алдында ауыр күнәкар сезіндім. Құдайдың маған ырзалығына сенімді емес едім. Мен күнәкарларды жазалайтын әділ Құдайды жек көріп қана қоймай, тіпті жек көрдім. Үндемей жүрсем де, Құдайға ашуландым. «Алғашқы күнәнің кесірінен мәңгіліктен айырылған бейшара күнәһарлар Он өсиетте келтірілген барлық пәле-жала бізге аз ба? Нәліктен Құдай Інжілде бақытсыздықты бірінен соң бірін төгіп алып, ары қарай әділдігімен және қаһарымен қорқытады? Сондықтан мен ашуландым, ар-ұжданым мені қинады. Әулие Павел жазған Римдіктерге арналған 1-жазбадағы үзіндіге қайта оралып, оның не айтқысы келгенін білгім келді.

Мен бұл сөз туралы күн-түн ойладым, ақыры Құдайдың рақымымен: «Құдайдың әділдігі оның бойында ашылды» деген жолдарға назар аудардым. Онда «Әділ адам сенімімен өмір сүреді» деп жазылған. Осы жолда Құдайдың әділдігі сондай әділ адам Құдайдың сыйымен, яғни сеніммен өмір сүретінін түсіндім. Мен бұл жолдың мағынасы Құдайдың әділдігі Інжілде ашылғанын түсіндім, бірақ бұл әділет әлсіз, бірақ кешірімді Құдай оны біздің сенімімізді ақтау үшін қолданады. Өзі айтып тұрғандай – «Әділ адам сеніммен өмір сүреді». Кенет қайта дүниеге келіп, ашық есіктен жұмаққа кіргендей болдым. Дәл осы сәтте мен Қасиетті Жазбаны жаңа қырынан көрдім. Қасиетті Жазбаны ойша қайта ақтарып, онда осындай мағынадағы басқа жерлерді таптым, яғни Құдайдың жаратқаны біз екенбіз. Құдайдың құдіреті бізді құдіретті ететінінде болып тұр. Құдайдың даналығы бізді дана етеді. Құдайдың құдіреті – Құдайдың құтқаруы, Құдайдың ұлылығында.

Мен өзім үшін ең төтті сөзді, яғни «Құдайдың әділдігін» қалай жек көрсем, дәл сондай ыстық махаббатпен асқақтаттым. Әулие Павелдің сөзі мен үшін жұмаққа қақпа болды. Осыдан кейін мен Августиннің «Рух пен хат туралы» кітабын оқып, одан үміт еткен нәрсемді таптым. Мен оның «Құдайдың әділдігі» туралы ойы менікі сияқты екенін білдім. Біз үшін Құдайдың әділдігі оның бізді ақтап алған кездегі бізге берген сыйы екен. Августин өз ойын толық жеткізбей, Құдайдың бізге беретін әділдігін мұқият түсіндірмегенімен, оның бәрімізге Құдайдың беретін әділдігі туралы айтқанына ризамын.

Осы ойлармен қаруланған мен тағы да қасиетті діни жырларды түсініп зерттеуге назар аудардым. Бұл жұмыс ауқымды түсініктемеге айналуы мүмкін еді, бірақ келесі жылы император **Карл Бесінші** шақырған кеңеске шақырылдым, осылайша мен бастаған жұмысымды аяғына дейін жеткізе алмай, тұрып қалдым.

Құрметті оқырман, мұның барлығын сізге айтып отырған себебім, егер сіз менің жұмысымды оқитын болсаңыз, онда менің де Августиннің өзі туралы жазғандай, ұзақ жазу-сызу мен сабақ беру әрі оқып-зерттеу кезінде алға жылжып келе жатқандардың бірі екенімді ескеруіңіз керек.

Мен кенеттен кемеліне жете қалатындардың (шын мәнінде бұл адамдар өздері ешкім де емес), жұмыс істемейтін, азғыру жолына түспейтін, тәжірибесі жоқ, бірақ Қасиетті жазбаларға бір рет қарап-ақ рухтанатындардың қатарынан емеспін.

Карл V
(1500 -1558) – Испания
Короли

Анабаптистер –
сәбилердің
шоқындыру рәсімінен
өтуін жарамсыз деп
санайтын радикалды
протестанттық
қозғалыстың өкілдері

Индульгенцияларды сату 1520-1521 жылдарға дейін жүргізілді. Бұдан кейін тағы бір шығарманың кіріспесінде егер тірі болсам, құпия рәсімдер мен **анабаптистердің** былықтары туралы да жазармын.

Құдайдың атымен саған «Қош бол, құрметті оқырман» деймін. Шайтанға қарсы күш бер деп дұға етіңіз, өйткені ол күшті әрі қаһарлы. Ал қазір ол ерекше жауыз әрі қатыгез болып кетті, өйткені ол өзінің аз ғана уақыты қалғанын және оның Папасының патшалығына қауіп төніп тұрғанын біледі. Құдай тағала бізге берген нығметіне өзі қуат берсін, бізге салып бастаған ісі өрге жүзсін. Әумин.

АХАЖ аудармасы – ОАУ, Душанбе 2004.

Дереккөз: Лютер, Мартин. Латын жұмыстарына кіріспе // Сэйнт Анселм Колледж. Гуманитарлық сабақтардағы оқу: екінші жылдағы оқуға арналған бағдарлама. – Актон, Массачусетс: Копи Кастам Пабблишинг Груп, 1997. 44-51 б.

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Лютердің Рим Папасын құдай заңы бойынша шіркеу басшысы емес деп санауына не түрткі болды? Бұл Папаға билік беретін құдай заңы емес, тек жай адамдардың заңы болса, неге біз оны тыңдауымыз керек? Рим Папасы Құдай заңы бойынша шіркеудің басшысы болуы керек пе?
2. Неліктен Лютер Құдаймен қарым-қатынасын қиындатып алды? Лютерді Құдаймен келісімге келтіруге не себеп болды?
3. Лютердің ойынша, нағыз сенушіні не әділетті ете алады? Лютер әділ адамның өмірін қалай түсіндіреді? Лютер: «Әділ адам сеніммен өмір сүреді» дейді. Ал әділ адамға Құдайдың сөздерін тыңдау және оларды орындау үшін шіркеу мен Папа қажет пе?
4. Лютер «Құдайдың әділдігін» қалай түсіндіреді? Лютердің Киелі кітапты түсіндіруі индульгенцияларды қолдаушылардың Киелі кітапты түсіндіруінен қалай ерекшеленді?
5. Неліктен Лютер халық арасында атағы танылған соң да өз жұмысын жариялаудан бас тартады? Ол өз іс-әрекетіне қатысты сынды қалай қабылдайды?
6. Лютер адамның әдеттері туралы не дейді? Лютердің пікірінше, әдет не үшін қауіпті?

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Қасиетті діни жазбалардың жаңа әрі ортодаксалды түсіндірмелерін талап ететін ғалымдар арасындағы пікірталаста Лютер қандай орын алады деп ойлайсыз?

152

ХАЛЫҚ



МИХАИЛ БАКУНИН. БОСТАНДЫҚ, МАРКСИЗМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІЛІК

Михаил Бакунин (1814-1876) белгілі саяси жазушы және анархизмнің негізгі насихаттаушысы болған. 1849 жылы саяси белсенділігі үшін тұқындалған ол Германия, Австрия және Ресей түрмелерінде көп жылын өткізген. Бастапқыда ол өлім жазасына кесіледі, бірақ кейіннен үкім қайта қаралып, өмір бойына қамауға алынады. Ол 1861 жылы түрмеден қашып, Еуропадан пана іздейді. Бакунин өзінің Карл Маркспен дауы нәтижесінде танымал болған. Бакунин пролетариаттың социализм құру үшін мемлекетті қолдануы диктатураға әкеледі деген пікір айтқан. Төмендегі үзіндіде Бакунин зиялылар билігі бұқара халықты қанаушылыққа алып келеді дейді. Анархистің түсінігінше, мемлекет өзі-ақ міндеттеушілік. Оқи отырып, Бакуниннің мемлекет рөлін түсіндіруі Маркстың түсіндіруінен қалай ерекшеленетіні туралы ойланыңыз.



II ТАРАУ. МЕМЛЕКЕТТІЛІК ЖӘНЕ МАРКСИЗМ

Адамның жеке рухани дүниесі үшін бұйыру әдетінен қауіпті ештеңе жоқ. Ең жақсы, ең оқымысты, риясыз, қайырымды, адал адамның мұндай жағдайларда бұзылары сөзсіз. Билікке тән екі сезім әрдайым сөзсіз мынадай рухани бүлінуге әкеледі: *бұқара халықты жек көру және өз еңбегін әсірелеу.*

Бұқара халық өзін-өзі басқаруға қабілетсіздігін түсініп, мені көсем етіп сайлады. Сол арқылы олар өз *олқылығын* және менің *артықшылығымды* ашық мойындады. Бұл адамдар тобырының ішінен бірнеше адамды ғана өзіме тең деп санаймын және осы көпшіліктің ішінен қоғамдық істерді жалғыз мен басқара аламын. Халық маған мұқтаж, ол менің қызметімсіз амалдай алмайды, ал мен өзіме разымын, демек, халық маған өз пайдасы үшін бағынуы керек және оны қамқорлықпен басқара отырып, мен оны бақытты етемін.

Тәкаппарлықтан ақылдан азып, естен тануға болады, солай емес пе?! Сонымен, билік пен бұйыру әдеті тіпті ең оқымысты әрі ізгі адамдар үшін де зияткерлік және сонымен бір мезгілде моральдық азғындаудың қайнар көзіне айналады.

Бірақ **Маркстың** халықтық мемлекетінде, бізге айтылғандай, үстем тап мүлдем болмайды. Барлығы тек заңды және саяси ғана емес, сонымен бірге экономикалық жағынан да тең болады. Қалай болғанда да, осындай уәде беріліп отыр, бірақ олардың бұл іске кірісу мәнерін және ұстанғысы келетін жолды назарға ала отырып, мұндай уәденің орындалатынына күмәнім басым. Енді үстем тап болмайды, есесіне үкімет болады, оның үстіне, ескерсеңіз, қазіргі барлық үкіметтер сияқты бұқара халықты жай әкімшілік және саяси басқарумен қанағаттанбайтын, сондай-ақ өндірісті және байлықты бірдей бөлуді, жер өңдеуді, зауыттар ашу мен дамытуды, сауданы ұйымдастыру мен басқаруды, ақыр аяғында, өндірісте капиталды

Маркс, Карл
(1818-1883) -неміс философы, әлеуметтанушы, экономист. Қазіргі социализм мен коммунизмнің бас теоретигі



КАРЛ МАРКС

Энгельс, Фридрих
(1820-1895) – неміс
элеуметтанушысы және
философы, қазіргі
коммунизмнің негізін
қалаушылардың бірі

Бисмарк, Отто фон
(1815-1898) – «темір
канцлер» деген атпен
танымал Германия
империясының негізін
қалаушы

жалғыз бір банкирдің, яғни мемлекеттің пайдалануын өз қолына шоғырландырып, халықты экономикалық тұрғыдан басқаратын барынша күрделі үкімет болады. Мұның бәрі үлкен білімді және осы үкіметте көптеген «миға толы басты»^{*1} қажет етеді. Бұл *ғылыми интеллигенцияның* билігі, барлық билік түрлерінің ішінде ақсүйектер билігі, ең озбыр, менмен және жеккөрінішті билік болмақ. Жаңа тап, қазіргі және алдамшы ғалымдар мен зерттеушілердің жаңа иерархиясы пайда болып, әлем білім үшін билеуші азшылыққа және білімсіз көпшілікке бөлінеді. Сонда бұл білімсіз бұқара халықтың күйі қандай болмақ!

Мұндай режим бұқараның айтарлықтай наразылығын тудырмауы мүмкін емес және оларды бақылауда ұстау үшін Маркстың ағартушы және азат етуші үкіметіне сондай қуатты қарулы күштер қажет. Мұның барлығы, **Энгельстің** айтуынша, қатыгез көтерілісі бәрін, тіпті миға толы бастар басқаратын үкіметті де құртып, бұзуы мүмкін осы миллиондаған сауатсыздар арасында тәртіп сақтау үшін қажет.

Марксистік бағдарламадағы демократиялық және социалистік сөздер мен уәделердің артында басқару түрі қандай болса да, барлық мемлекеттердің шын мәнінде озбыр және адамгершілікке жатпайтын табиғаты тұрғанын және сайып келгенде, Маркс тынбай дәріптейтін халықтық мемлекет, сол сияқты ақылмен де, күшпен де **Бисмарк** қолдайтын ақсүйектік-монархиялық мемлекет ішкі қатынастарда да, халықаралық қатынастарда да өз мақсаттары бойынша толығымен бірдей екенін анық көре аласыз. Халықаралық қатынастарда әскери күштерді күшейту басып алумен бірдей; ал ішкі істерде қарулы күштерді бұлай пайдалану – қауіп төнген барлық саяси державалардың бұлжымас сенім, үміт, көнгіштік пен бойсұнушылықтан шаршап, көтеріліске шыққан бұқараға [халыққа] қарсы соңғы дәйегі.

Маркстың коммунистік идеясы оның барлық еңбектерінен көрінеді; бұл сондай-ақ Лондонда орналасқан Халықаралық жұмысшылар қауымдастығының Бас кеңесінің 1869 жылы Базельдегі Конгресте алға тартқан ұсыныстарында, сондай-ақ ол 1870 жылы қыркүйекте Конгреске ұсынбақшы болған жоспарда да кездеседі, бірақ бұл Конгресс Франция-Германия соғысының кесірінен болмай қалды. Лондондағы Бас кеңестің мүшесі және Германияның жауапты хатшысы ретінде Маркстың Кеңесте ықпалы үлкен екені белгілі және заңды ықпалға ие екенін мойындау керек, сондықтан Конгресте Кеңес алға тартқан ұсыныстардың бірнешеуі негізінен жүйеден және Маркстың қатысуымен шыққанына сенімді болуға негіз бар. Сол сияқты Бас кеңестің мүшесі, ағылшын азаматы Лукрафт Базельдегі Конгресте елдегі бүкіл жер мемлекет меншігіне өтуі керек және мемлекеттік шенеуніктер жерді өңдеуге басшылық етіп, басқаруы керек деген идеяны алға тартты. «Бұл, – деп толықтырды ол, – демократиялық және социалистік мемлекетте ғана мүмкін болмақ, онда халық мемлекеттің ұлттық жерді лайықты түрде басқаруын мұқият қадағалап отыруы керек».

Мұндай мемлекетке табыну, жалпы алғанда, неміс социализмінің негізгі сипаттамасы болып табылады. Германиядағы ең үлкен социалистік үгітші өрі практикалық әлеуметтік қозғалыстың нағыз негізін қалаушы Лас-саль бұл туралы ойлануға көп уақытын арнаған. Ол мемлекеттің күшінен басқа жұмысшыларды құтқарудың ешбір басқа түрін көрмеді, онда, оның

¹ Гаага – Сорж конференциясындағы неміс-америкалық делегаттың Марксқа сатиралық тұспалы.

пікірінше, жұмысшылар жаппай дауыс беру арқылы өздерін өздері басқаруы керек.

155

АХАЖ аудармасы – ОАУ, Душанбе, 2004.


Дереккөз: Бакунин, Михаил. Мемлекеттілік және марксизм // Марксизм, бостандық және мемлекеттілік / Аударған: К. Дж. Кенафик. – Лондон: Фридом Пресс, 1950. Бакунин мұрағаты. URL: [http://www.marxists.org], соңғы қаралым 2004 жылғы 26 мамырда.

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Неліктен Бакунин бізге «бұйыру әдеті» жайында ескертеді?
2. Ол марксистік мемлекетте үстем тап болмайтынына сене ме?
3. «Басы миға толы» адамдардан тұратын үкіметтің қауіптілігі қандай?
4. Бакуниннің айтуы бойынша, білімсіз бұқара халық марксистік мемлекеттегі зиялы азшылықтың зорлық-зомбылығына қалай ұшырайды?

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Бакуниннің айтуынша, Маркс түсіндірген мемлекетте билікке кім ие және неге?
2. «Латын туындыларына» кіріспеді Лютер индульгенция сатып алушынайы діни түсіндірмеге қарсы екендігін айтып, адамдарды одан бас тартқызуға тырысады. Бакунин де өз еңбегінде адамдарды марксистік идеологиядан бас тартқызуға тырысады деп ойлайсыз ба? Лютер мен Бакуниннің еңбектеріндегі пайымдаулардың рөлі қандай?



СИСТИН КАПЕЛЛАСЫНДАҒЫ ИНТЕРЬЕР.

Жан Огюст Доминик Ингрес (1780-1867), француз суретшісі

ВАТИКАН ШІРКЕУІ. ПАПАНЫҢ КҮНӘҺАР БОЛМАЙТЫНЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ

I Ватикан жиыны (XX Ғаламдық жиын) 1869 жылы 8 желтоқсанда басталып, 1870 жылы 20 қазанда аяқталды. Зайырлы және қарапайым діни адамдарға жататын дінтанушылар мен дін қызметшілері осы жиынға қатысу үшін Еуропаның әр түрлі елдерінен Римге шақырылады. Жиынның шешімі католик әлемінің негізгі бөлігін қуантқанына қарамастан, ол Англияда, Германияда және Францияда келіспеушілік тудырды. Әсіресе Папаның күнәһар болмайтыны туралы мәселе, яғни Папаның қателіктері үшін босатылатыны немесе қорғалатыны туралы мәселе қайшылық туғызды. 1870 жылы жарияланған келесі мәтінде Папаның күнәһар болмайтындығы сипатталған. Діни жазбаларды түсіндіру үшін шіркеу басшысы ие болатын билікті қарастырайық.

Қасиетті жазбалардағы дәлелдерді негізге ала отырып және алдымыздағы екі ізашар Рим Папасы мен **жалпы кеңестің** қарапайым әрі айқын нұсқауларына сүйене отырып, Флоренциядағы **Ғаламдық жиын** анықтамасын жаңартамыз, оның ізгілігіне дінге сенетін әрбір христиан сенуі керек, қасиетті Папа тағының және Папаның өзінің бүкіл әлемде үстемдікке ие екендігіне, Рим Папасының барлық елшілердің ханзадасы – құдай жарылқаған **Петрдың** ізбасары, Мәсіхтің шынайы үлгісі, бүкіл шіркеудің басшысы, барлық христиандардың әкесі мен ұстазы екеніне және оған толық билікті бас елшілік актілерінде және қасиетті **канондарда** көрсетілгендей біздің әміршіміз Мәсіхтің атынан Дүниежүзілік шіркеуді басқару, тамақтандыру және басшылық ету үшін құдай жарылқаған Петр бергеніне сенгендей сенуі керек...

Сонымен, Раббымыздың тағайындауы бойынша, **Рим шіркеуі** барлық басқа шіркеулерге қарағанда «әдеттегі» билік күші бойынша үстемдікке ие екенін және Рим Папасының заңды құзыретінің нағыз епископтық күші тоқтаусыз екенін жариялаймыз және мәлімдейміз. **Иерархиялық** бағыну және шынайы бойұсыну парызы ғұрпы мен қадір-қасиеті қандай екеніне қарамастан, пастор немесе дінге сенушілер, жеке адамдар немесе адамдар тобы болсын, барлығын осы күшке бағындырады. Олар тек сенім мен моральға қатысты мәселелерде ғана емес, сонымен бірге бүкіл әлемдегі тәртіп пен шіркеуді басқару мәселелеріне байланысты жағдайларда да Мәсіх шіркеуі қатысу ғұрпының тұтастығын және Рим Папасымен бір сенімді сақтау арқылы бір пастор басшылық ететін бірыңғай топ бола алатындай бағынуы керек. Бұл – сенімі мен құтқарылу амалын жоғалтпаса, ешкім жалтара алмайтын католик ақиқатының ілімі...

Оған қоса, дүниежүзілік шіркеуді басқаруда Рим Папасына тиесілі бұл күштен оның бүкіл шіркеудің пасторларымен және олардың өзі құтқару түрінде оқыта алатын топтарымен еркін қарым-қатынас жасауға құқығы бар екені белгілі. Сондықтан біз осы басқарушы адам мен пасторлар және

Жалпы Кеңе –
жоғары Шіркеу кеңесі

Экуменикалық Шіркеу кеңесі –
шіркеу мәртебелі және теологиялық сарапшылардың заңды түрде жиналған ассамблеялары

Петр –
Інжілде бірінші болып белгіленген он екі елшінің ішіндегі ең танымалы

Канон –
шіркеу кеңесінің заңдары

Рим шіркеуі –
Рим Папасы, Рим епископы басқаратын христиан шіркеуі

Иерархиялық –
лауазымдық дәреже деңгейіне сәйкес ұйымдастырылған



**ДЖОН ПОЛ II ПАПАСЫ
ВАТИКАНДА**

олардың топтары арасындағы қарым-қатынасты заңды түрде тоқтата тұруға болады деп санайтындардың, сондай-ақ Папа тағы немесе оның шіркеуді басқаруға уәкілетті адамдары не істесе де, бұл әрекетті зайырлы билік растағанға дейін оның күші де, заңды құқығы да болмайтынын дәлелдеу мақсатында бұл қарым-қатынасты зайырлы биліктің қалауына айналдыратындардың да пікірлерін мінейміз және қабылдамаймыз.

Рим Папасының елшілік үстемдігінің шексіз құқығы шіркеуден жоғары болғандықтан, оның дінге сенушілердің жоғарғы судьясы екенін, шіркеу қабылдаған шешім оның қарауына берілуі мүмкін екенін және оған қарағанда артық билігі жоқ ешкім де тақ шешімінен бас тарта немесе заңды түрде қайта қарай алмайды деп мәлімдейміз және қаулы етеміз. Міне, Папаның билігінен гөрі артықшылыққа ие Ғаламдық жиналыстағы Рим Папасының шешімдерін қайта қарау заңды деушілер, міне, осы тұста дұрыс бағыттан ауытқыған.

Егер де енді әлдебіреу Рим Папасының кабинеті тексеру және мақұлдау үшін бар екенін және оның тек сенім мен мораль мәселелерінде ғана емес, сонымен бірге бүкіл әлемдегі тәртіп пен шіркеуді басқару мәселелерінде де заңды құзыретінің күші Дүниежүзілік шіркеудікінен жоғары емес деп мәлімдеуге немесе Папа тек негізгі, бірақ толық емес жоғарғы билікке ие екенін, оған тиесілі билік бірегей емес және әрбір жеке әрі бірге алғанда барлық шіркеуге, әрбір және барлық пастор мен дінге сенушілерге қатысты жылдам деп жариялауға батылы жетсе, діннен қуылсын.

Сондықтан христиандық сеніммен бір мезгілде пайда болған дәстүрді дұрыс ұстана отырып, біздің Құтқарушымыз Құдай үшін, католик дінінің өрлеуі және христиандарды құтқару үшін, қасиетті Кеңестің рұқсатымен Рим Папасы өзінің тағынан сөйлеген кезде, атап айтқанда, ол өзінің пастор және барлық христиандардың ұстазы орнынан кеткен кезде (оған құдай жарылқаған Петрдың қасиетті көмегімен Дүниежүзілік шіркеу ұстанатын сенім мен моральға қатысты доктринаны жариялау үшін оның елшілік билігінің қасиеттілігіне орай рұқсат етілген), оның сенім мен мораль доктринасын айқындайтын Құтқарушы өз шіркеуіне бергендей жаңылыспайтындығы туралы тамаша жеткізілген догманы жариялаймыз. Сондықтан Рим Папасының мұндай анықтамасын өзгертуге бұл анықтаманың табиғатының да, шіркеудің тыйымдарының да күші жетпейді.

Бірақ егер кімде-кім (Рабымыз бұған жол бермесін) осы анықтаманың зға қайшы келсе, діннен қуылсын.

АХАЖ аудармасы – ОАУ, Душанбе 2004.

Дереккөз: Ватикан кеңесі. Папаның күнәһар болмайтыны туралы қаулы, 1870 // Қазіргі Еуропа тарихынан оқулар / Аударған және редакциялаған: Джемс Харви Робинсон мен Чарльз А. Берд. – Бостон: Джин және Компани, 1909. 2-том. 180-182 бб.

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

159

1. Неліктен Рим Папасы «бүкіл әлемде үстемдікке ие»?
2. Папаның іліміне бойұсынбау салдары қандай?
3. Рим Папасының билігі үкімет билігінен асып түсе ме? Олардың күштерінің арасындағы айырмашылық неде? Папаның беделін кім белгілейді және ол заңды ма?
4. Папа билігіндегі христиан дәстүрі мен мәдениетін түсіндіру қандай рөл атқарады?
5. Мәтінге сәйкес Рим Папасының беделін жоққа шығаратын кез келген адам діннен қуылуы керек. Осы пікірмен келісесіз бе? Сіз бұрын зерттелген мәтіндер негізінде өз дәлеліңізді құрастыра аласыз.

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Бакунин Ватикан Кеңесінің «Рим Папасы – діндарлар үстінен жоғары төреші» деп жариялаған қаулысына қалай қарар еді?
2. Лютердің жеке адам, шіркеу және сенім туралы философиялық сұрақтарына Ватикан Кеңесі қалай жауап бере алады? Сіздің көзқарасыңыз бойынша, Лютер Ватикан кеңесімен келісер ме еді? Неліктен деп ойлайсыз?
3. Ватикан кеңесі Лютердің жеке тұлға, шіркеу және сенім туралы философиялық сұрақтарына қалай жауап бере алады? Сіздің көзқарасыңыз бойынша, Лютер Ватикан шіркеуімен келісер ме еді, неліктен?



ЛЕНИН КӨСЕМ РЕТІНДЕ.

Өмірінің көп бөлігін жер аударуда өткізген Ленин Ұлы Октябрь социалистік революциясы үшін өмірлік маңызды тұлға бола алды.

Бұл фотосурет оның мамыр айындағы демонстрацияда көпшілік алдында сөз сөйлеп тұрғанын көрсетеді.
1 мамыр, 1919 жыл

ВЛАДИМИР ИЛЬИЧ ЛЕНИН. НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

В.И. Ленин (1870-1924) Ресейдегі 1917 жылғы большевиктер қозғалысының және социалистік революцияның көшбасшысы болған. РСДЖП (б) төрағасы ретінде ол Ресей социалистік мемлекетінің алғашқы дамуына үлкен ықпал еткен. Маркстың еңбектері социалистік қоғам құруға тікелей қатысты болмай, көбінесе капитализмді сынға алумен байланысты болғандықтан, Ленин бұқара халықты социализмнен коммунизмге дейінгі жолда алып жүру жайлы өз түсінігін келтірді. Оның марксизм-ленинизм ретінде белгілі тұжырымдамасында пролетариаттан таңдалған адамдар тобы пролетариатқа бағыт көрсетіп отыратын билеуші партия құра алады делінген. Алайда таптық қоғамды марксше түсінуден айырмашылығы, лениндік авангардтық партия қоғамды билеуші және бағынышты деп бөлуді ұсынды. Кеңес Одағы кезінде кейінгі үкіметтер оның идеяларын Коммунистік партияның өктем режимін бекіту үшін қолданды, өйткені оның мақсаты адамдарды алдын ала белгілі болашаққа жетелеу болды. Төмендегі үзіндіде Ленин Ресей социал-демократиялық жұмысшы партиясы (большевиктер) жұмыс істеген жағдайларды қарастырады, сөз бостандығын шектеу себептерін және партияда революционерлердің тек шағын тобы болуы керек деген негіздемені сипаттайды. Оқып шыққаннан кейін сыннан бас тарту Ленинге өз билігін нығайтуға және саяси билік құруға қалай мүмкіндік бергенін қарастырыңыз.



«Сын бостандығы» – бұл қазіргі кезде барлық елдердің социалистері мен демократтары арасындағы дауларда жиі қолданылатын ең сәнді ұран. Бір қарағанда, дауласушы тараптардың бірінің салтанатты түрде сын бостандығына сілтеме жасауынан таңырқарлық нәрсені елестету қиын. Шынымен, алдыңғы қатарлы партиялардың ортасынан ғылым мен ғылыми зерттеу еркіндігін қамтамасыз ететін көптеген Еуропа елдерінің осы конституциялық заңына қарсы дауыстар естілді ме? «Бұл жерде бір нәрсе дұрыс емес!» — барлық қиылыстарда қайталанатын сәнді ұранды естіген, бірақ дауласушылар арасындағы келіспеушіліктің мәнін әлі жете түсінбеген кез келген бөгде адам өзіне осылай айтуы керек болады. «Бұл ұран, әлбетте, лақап ат сияқты қолдану арқылы заңдастырылатын және жалпы есімдер сияқты болып кететін шартты сөздердің бірі. [...]

Бостандық – ұлы сөз, бірақ өнеркәсіп бостандығын желеу етіп ең қарақшылық соғыстар жүргізілген, еңбек бостандығын желеу етіп еңбекшілер тоналған. «Сын бостандығы» деген сөздің қазіргі қолданысында дәл осындай ішкі жалғандық бар. Өздерінің ғылымды алға жылжытқанына шынымен сенімді адамдар ескілерімен қатар жаңа көзқарастардың бостандығын емес, ескілерін жаңаларымен ауыстыруды талап етер еді. Ал қазіргі «сын бостандығы жасасын!» деген айқайлар бос бөшке туралы аңыз әңгімені еске түсіреді.

Біз қолымызды мықтап ұстап, жарқабақ әрі қиын жолмен тығыз топ құрып жүріп келеміз. Жан-жағымызды жаулар қоршаған және әрдайым дерлік солардың жаққан отының астымен жүруімізге тура келеді. Біз еркін қабылданған шешім бойынша, жаулармен күресу үшін және мекен-

РСДРП –

Ресей социал-демократиялық жұмысшы партиясы (большевиктер), Коммунистік партияның атауы 1917-1918 жж.

деушілері әуел бастан біздің ерекше топқа бөлініп, ымыраласу жолын емес, күрес жолын таңдағанымызды айыптаған көрші батпаққа сүрінбеу үшін біріктік. Енді, міне, кейбіріміз «осы батпаққа барайық» деп айқайлауға көшіп, өздерін ұялта бастағанда «қандай мешеу адамсыңдар, сендерді жақсы жолға шақыруға бостандығымызды жоққа шығаруға қалай ұялмайсыңдар» деп қарсылық білдіруде. Иә, мырзалар, сіздер шақыруға ғана емес, сонымен қатар қайда болса да, тіпті батпаққа баруға құқылысыздар; біз тіпті сіздердің нақты орындарыңыз дәл сол батпақ деп білеміз және *сіздердің* сол жаққа көшулеріңізге қолымыздан келгенше көмек көрсетуге дайынбыз. Тек біздің қолымызды жіберіңіздер, бізді ұстамаңыздар және «бостандық» деген ұлы сөзді ластамаңыздар, өйткені біз де өзіміз қалаған жерге баруға, тек батпақпен емес, сонымен қатар батпаққа бұрылатындармен де күресуге құқылымыз! [...]

Біз жұмысшылардың әлеуметтік-демократиялық санасы болуы да мүмкін емес еді дедік. Ол тек сырттан келуі мүмкін. Барлық елдердің тарихы жұмысшылар табы өз күшімен тек **трeд-юнионистік** сананы ғана қалыптастыра алатынын көрсетеді, яғни одақтарға бірігу, иелерімен күрес жүргізу, үкіметтің жұмысшыларға қажетті қандай да бір заңдар шығаруына қол жеткізу және т.б. қажеттігіне деген сенімді қалыптастыра алады. Социализм ілімі ауқатты таптардың білімді өкілдері, зиялы қауым әзірлеген философиялық, тарихи, экономикалық теориялардан туындады. Қазіргі ғылыми социализмнің негізін қалаушылар Маркс пен Энгельс өздерінің әлеуметтік жағдайы бойынша өздері де **буржуазиялық** зиялы қауымға жатқан. Дәл осылай Ресейде де әлеуметтік демократия теориялық ілімі жұмысшылар қозғалысының бейберекет өсуіне қарамастан туындады, революциялық-социалистік зиялы қауым ойының дамуының табиғи әрі шарасыз нәтижесі ретінде пайда болды. [...]

Буржуазиялық –
орта тапқа жатады

Көптеген революционерлердің дайын еместігі табиғи құбылыс бола отырып, ешқандай ерекше қорқыныш тудыруы мүмкін емес еді. Міндеттер қою дұрыс болғандықтан, осы міндеттерді орындауға бірнеше рет күш жұмсалғандықтан, уақытша сәтсіздіктер тек жартылай жеңісті ғана білдірді. Революциялық тәжірибе мен ұйымдастырушылық ептілік – олжа әкелетін заттар. Өз бойында қажетті қасиеттерді дамытуға ынта болса болар еді! Кемшіліктерді ұғынса болар еді, бұл революциялық істе түзетулердің жартысынан көбіне тең!

Бірақ мұндай ұғыну көмескілене бастаған кезде (бұл жоғарыда аталған топтардың қайраткерлерінде өте айқын болды), кемшілікті ізгілікке айналдыруға дайын, тіпті *бейберекеттік алдында* өзінің *жағымпаздығы мен табынуын теориялық тұрғыдан* негіздеуге тырысқан адамдар, тіпті социал-демократиялық органдар пайда болған кезде жартылай жеңіс нағыз бақытсыздыққа айналды. [...]

Дербес, жұмысшылар табының қозғалысы барысында олардың өзі қалыптастыратын идеология пайда болуы мүмкін емес болғандықтан, мәселе тек *мынада*: буржуазиялық немесе социалистік идеология. Мұнда орташа деген ұғым жоқ (өйткені адамзат ешқандай «үшінші» идеологияны қалыптастырған жоқ және тұтастай алғанда, таптық қайшылықтардан мезі болған қоғамда ешқашан таптан тыс немесе таптан жоғары идеология болуы мүмкін емес). Сондықтан социалистік идеологияны *кез келген түрде*

кеміту, одан кез келген түрде шеттеу буржуазиялық идеологияның күшеюін білдіреді. Бейберекеттік туралы талқылап жатады. Бірақ жұмысшылар қозғалысының бейберекет дамуы оның буржуазиялық идеологияға бағынуына әкеледі...

Мен жарғыны болжалды талдауымды жалғастыра берер едім, бірақ айтылғандар да жеткілікті деп ойлаймын. Негізгі аудандарда сенімді адамдары бар және қатаң астыртын әрекеттің барлық қағидалары бойынша революционерлерді ұйымдастырумен байланысты ең сенімді, тәжірибелі және шыныққан жұмысшылардың шағын, тығыз ұйымдасқан шоғыры көпшіліктің барынша қолдауымен және ешқандай дайындаусыз кәсіби ұйымның мойнындағы *барлық* қызметтерді орындай алады, оның үстіне дәл әлеуметтік демократияға жақсы болатындай орындай алады. Осылай ғана еш жандармға қарамастан, *әлеуметтік-демократиялық* кәсіби қозғалыстың *нығаюы* мен дамуына қол жеткізуге болады.

Маған ұйым *lose* деңгейінде екендігі соншалық, ол тіпті тіркелмеген де, оның тіпті ешқандай белгілі және тіркелген мүшелері де жоқ, оны ұйым деп те атауға болмайды деп жатады. Бәлкім, солай шығар. Мен атау қуалап жүрмеймін. Бірақ қажеттінің барлығын осы «мүшелері жоқ ұйым» жасайды, біздің болашақ **тред-юниондардың** социализммен тығыз байланысын басынан бастап қамтамасыз етеді. Ал шексіз билік жағдайындағы сайлау, есеп, жаппай дауыс беру және т.б. бар үлкен жұмысшылар ұйымын қалайтындар – дауасыз қиялшыл адамдар.

Бұдан алар ғибрат қарапайым: егер біз мықты революционерлер ұйымын берік орнатудан бастасақ, онда жалпы қозғалыстың тұрақтылығын қамтамасыз етіп, әлеуметтік-демократиялық және іс жүзінде тред-юнионистік мақсаттарды жүзеге асыра аламыз. Егер де бұқара халыққа барынша «қолжетімді» іспетті (іс жүзінде жандармдарға барынша қолжетімді және революционерлерді полицияға барынша қолжетімді ететін) үлкен жұмысшылар ұйымынан бастасақ, онда біз ешбір мақсатты жүзеге асыра алмаймыз...

Дереккөз: Ленин, Владимир. Не істеу керек? Біздің қозғалысымыздың көкейкесті мәселелері // М.: Саяси әдебиет баспасы, 1976. 6-9, 28- 30, 36-37, 108-109 бб.

lose –

жоғалту, жоғалту (франц.)

Тред –

юнионизм-капиталистік елдердің жұмыс және кәсіподақ қозғалысындағы оның мақсаттарын жұмыс күшін сатудың неғұрлым тиімді шарттарын белгілеу және буржуазиялық мемлекет шеңберінде реформалар жүргізу үшін күреспен шектейтін ағым

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Ленин неліктен социалистік идеологияны сынға алу мүмкін емес деп санайды?
2. Лениннің айтуынша, «сын бостандығы» социалистік идеологияға неліктен қауіп төндіреді?
3. Жұмысшыларға әлеуметтік-демократиялық сананы кім әкеледі? Ол сырттан таңылуы керек пе?
4. Социалистік идеологияға кім көндіруі керек және неге?
5. Сіздің ойыңызша, Ленин неліктен «тұрақтылық» үшін «бостандықты» құрбан етуге дайын?

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Сіздің ойыңызша, Ватикан жиналысы мен Лениннің абсолютті идеологиялық [Ватикан жиналысы жағдайында діни] бедел туралы қабылданбаған және жағымсыз түсіндірмеден бас тартуы ұқсай ма?
2. Бакуинин мен Лениннің «адамдар мемлекеті» туралы түсіндірмелері бір-бірінен несімен ерекшеленеді?
3. Билік қоғамда белгілі бір саяси қағидаларды орнатуға қалай көмектеседі?
4. Сіздің ойыңызша, Бакуинин Лениннің «бұқара халықты ұйымдастыру бойынша барлық функцияларды орындау мақсатында... ең сенімді және тәжірибелі жұмысшылардан тұратын шағын, санаулы, орнықты топты жинау» туралы идеясына қалай жауап берер еді?

АБДУЛЛА БУБИ. ИДЖТИҢАДТЫҢ ЗАМАНЫ ӨТТІ МЕ?

Абдулла Буби (1871-1922) Татарстаннан келген белгілі оқытушы және реформистік дінтанушы болған. Жәдиттер ортасында ағайынды Бубилер ретінде танымал болған Абдулла мен оның ағасы туған ауылында исламдық реформистік мектептің негізін салған. Ауылдың шалғайлығына қарамастан, бұл мектеп бүкіл Ресей империясындағы мұсылмандар арасында діни білімге деген өзіндік көзқарасы үшін танымал болған. Ислам бойынша қарапайым сабақтардан басқа, мектеп сан түрлі зайырлы пәндерді, соның ішінде шет тілдерін де ұсынды. Оқытумен қатар, Буби Мұсылмандар конгресінде өзінің либералды исламдық көзқарастарын дамытты. Ол демократиялық құқықтар мен әйелдердің дауыс беру құқығын жақтады. Ағайынды Бубилерді үкіметке қарсы әрекет жасады деп айыптап, 1911 жылы мектепті жауып тастайды. Ресей үкіметі ағайындылар Осман түркішілдер партиясымен тығыз қарым-қатынаста болғандықтан, олардың қызметі заңсыз және шииттер мен сүнниттер арасындағы тарихи қақтығысты тоқтатқысы келгендіктен, исламшылдық идеяларын алға тартты деп сөндірді. Абдулла Буби тек білім алып қана қоймай, бірнеше діни еңбек жазған. Ұсынылған үзіндіде реформистік идеялардан басқа, Буби ислам түсіндіруге ашық болуы керек және адамдар өткен ғасырларда өмір сүрген ғалымдардың пікірлерімен шектелмеуі керек дейді. Буби Құранда сөз бостандығы қарастырылған дейді.



БИДҒАТ ҮШІН АЙЫПТАУ.

Исмаил-бей Гаспринский муллаларға шабуыл жасап, оны бидғат жасады және шаригатқа қайшы келетін жаңа әдістерді ұстанды деп айыптады

Адамның ойы күн сайын дамиды, тіпті ең білімсіз әрі ақымақ адамдар ғана бұл прогрестің нәтижесін көре алмауы мүмкін. Бүгінгі таңда «Құранды тек бұрын өмір сүргендер, қайтыс болғандар, енді ешқашан ақыретке дейін қайта туылмайтындар ғана түсінеді» деу аңғырттық болар еді. Мұндай пікірге мән беруге қымбат уақытымызды жұмсау да ақымақтық болмақ. Бірақ қашан бәрі біз қалағандай болады? Мен шындықтың түрлі сағым елес боп жоғалмауын, мұндай қате түсінік ғылым атын жамылып және бізге оларды теріске шығару үшін дәлел іздеудің қажеті болмауын қалар едім.

Негізін ақыл мен ойлау құрайтын және әрбір шешімінде ақыл мен ойға жүгінетін ислам өзінің әрбір ұсынысында **ижтиһадтан** айырылып, **таклидтің** езгісіне тасталады деп кім ойлаған? Мұның бәрі тек қиялдың жемісі деп ойлау әрине жақсы еді. Сонда мұсылмандар мұндай проблемаларды білмес еді. Балалардың ересектерге таңырқап, тіпті ересектер жаман әрекет жасаса да, мысалы, ішімдік ішсе де, оларға барлық жағынан еліктеуге тырысатыны белгілі.

Осылайша нағыз мұсылмандық жолын түсінбестен, оның тарихы мен болмысына терең үңілместен қазіргі мұсылмандардың кейбірі ата-баларының ізімен соқыр сеніммен ереді, тіпті олардың әрекеттерін де көзсіз қайталайды. Өкінішке орай, мәселе мұнда ғана емес. Таклидті қолдану таралғаны соншалық, ол исламның құрылымын бұзды, соның салдарынан ислам өзінің шынайы жолынан ауытқып кетті. Езгіден ислам нұры сөнуге шақ қалды. Таклид ислам заңдарымен айналысатын қазіргі ғалымдарды Құранда тіпті айтылмаған тақырыпта, яғни етеккір туралы жүздеген парақ жазуға мәжбүр етті, ал мұсылмандардың Қа-

Ижтиһад –

Құранда немесе Сүннетте нақты нұсқау жоқ кез-келген мәселе бойынша пікір білдіруге немесе құқықтық қорытынды шығаруға деген құлшыныс

Таклид –

фиқһ мәселелеріндегі бөделді ұстану

Әл-Шафи

(767-820) – фикһ (Ислам құқықтануы) туралы ілімде төңкеріс жасады; шафиит сунниттік құқық мектебінің негізін қалаушы

Әбу Ханифа

(699-767) – фикһ (Ислам құқықтануы) және ханафи мазхабының негізін қалаушы

Әбу Юсуф

(738-798) – ислам заңгері, Әбу Ханифаның шәкірті

Мұхаммед ибн әл-Хасан аш-Шайбани

(749-805) – заңгер, Әбу Ханифаның шәкірті

умма –

мұсылман қауымы

мазхаб –

теологиялық-құқықтық мектеп

хадистер –

Мұхаммед пайғамбардың сөздері мен іс-әрекеттері туралы аңыз

сиетті кітабының көп бөлігі арналған мораль мәселесіне ешбір назар аударылмады. Олар діни заңдарға жаттығудың орнына осы уақыттың ең болмағанда оннан бір бөлігін Құрандағы моральдық құндылықтарды қарастыруға арнағаны дұрыс еді. Егер олар осы кеңесті тыңдаса, онда, бәлкім, мұсылмандар қазір білместік жағдайында болмас еді және бейнет тартпас еді. Егер қазіргі мұсылмандар ата-бабалары сияқты өз пайымдары негізінде қорытынды шығарса, онда, бәлкім, дінге сенбеуші деп айыптау да болмас еді, ғадауат сөздер де айтылмас еді. Тек ібіліс қана Құдайдың аяушылығына қарсы шықты. Өз бауырласыңызды оның пікірі сіздікінен өзгеше болғаны немесе өткен мұсылмандардың ой-толғамдарын сынағаны үшін неліктен күпірлік жасады деп айыптайсыз? Неге оған «Сен жұмаққа жіберілмейсің» дейсіз? Мұхаммед Пайғамбардың (570-632) сахабалары мен төрт мұсылман ортодоксалдық мектебін құрушылар арасында да көптеген мәселелер бойынша келіспеушіліктер туындаған ғой. Алайда олар ешқашан бірін-бірі дінге сенбеуші және адасушы деп айыптамаған және оларды жау санамаған. Осылайша, **әл-Шафи** мен **Әбу Ханифа** арасында **Әбу Жүсіп** пен **Мұхаммедтің** арасындағыға қарағанда келіспеушілік аз болған.

Пікірдің бірдей болмауы ой мен сөзге ерік бергендіктен, бұл **үммеге** тиімді болды. Мұсылмандар бұрынғылардың сөздеріне көзсіз еліктей бастаған уақыт келді. Құдай яһудилер мен христиандарға [осындай құбылыс үшін] «Құдайдан басқа, олар өздерінің раввиндері мен монахтарына Құдаймен бірдей ғибадат етеді» (Құран, 9-сүре, 31-тармақ) деп наразылығын білдіргеніне қарамастан, әр топ бір имамның басшылық етуін бірбеткейлікпен сақтады. Өз идеяларын уағыздай отырып, топтар өз ізбасарларының қатарын толықтыруды ғана ойлап, бір-бірімен жауласа бастады, бір-біріне жала жауып, қаралай бастады. Өзімшілдік даулармен және келіспеушіліктермен қатар артты. Бірде-бір топ шындыққа жетуге тырыспады. Оның орнына әр топ бірінші болуға және тек өзінікі дұрыс екенін дәлелдеуге тырысты. Бұл даулар мұсылман қоғамына пайда әкелмегенімен қоймай, оны едәуір әлсіретті. Құдайдың мына сөздері дәл соларға қатысты айтылған сияқты: «Адамдар, білім қонғанға дейін Кітаптардың бір-бірінен еш айырмашылығы болмайды» (3-сүре, 19-тармақ).

Барлық жерде [Құранда] Құдай адамдарды ойлануға шақырады, яғни ислам тәуелсіз ойлауға негізделген. Таклид пен ислам – өзара қарама-қайшы ұғымдар. Егер тәуелсіз ойлау қағидаты дамып, нығайтылса, адамдар шындықты өтіріктен ажырата алар еді және таклидтің алдын алуға болар еді. Алайда бұлай болмады. Құран кітап адамдарын (яһудилер мен христиандарды) олардың [қасиетті] кітабындағы өзгерістер үшін, діни ойшылдардың сөздерін шексіз көшіргені үшін және дұрыс пен бұрыс туралы түсініктерді араластырғаны үшін сынға алды. Сол сияқты біздің өткен діни данышпандарымыз өздерінен бұрын өмір сүрген ойшылдардың сөздерін көзсіз көшіре берді. Олар былай деді: «Біз **мәзһабтардың** негізін қалаушылардың өсиеттерін орындауымыз керек. Олардың сөздері Құран мен **хадистердегі** пікірлерден басым болуы керек». Екінші жағынан, сол кездегі діни ақсақалдардың сөздері төрт мәзһабты құрушылардың сөздеріне қайшы келгенде, олар ақ-

сақалдардың сөздерін тыңдап, «Құран, хадис және мәзһабтың негізін қалаушылардың сөздерімен салыстырғанда, бұл діни ақсақалдардың сөздері көбірек ағартушылық ақпарат береді, сондықтан олардың сөздеріндегі қарама-қайшылық болып көрінетін тұстар – тек жете түсінбеушіліктің салдары» деген пікірде болды. Сонымен, әр топтың ізбасарлары төрт мәзһабтың негізін қалаушыларға тек олардың діни тәлімгерлері рұқсат еткен жағдайларда ғана құлақ түрді, сондықтан олар таклидтің сөзсіз қате деп қабылданғанына қарамастан, таклид жолын таңдады. Осылайша, ислам «көзге көрінбейтін шеңберде қалдырылды», ал Құранда: «Құдай өмірлеріңді қиындатқысы келмейді» [2-сүре, 6-тармақ], «Құдай сендерге қиыншылық емес, амандық тілейді» [2-сүре, 185-тармақ] делінген. Таклид арқылы олар шешімдері Құдай кітабынан да, Пайғамбардың сөздерінен де табылмайтын көптеген мәселелерді шешуге болатын ижтиһадтың кең жолын жауып тастады. Олар ойлануға тырыспайтындықтан және өздерінің надандығынан ақылға қонымды пайымдарға қарсы болғандықтан, олармен диалог құру мүмкін емес. Мұндай адамдардан аулақ болған дұрыс. Осындай діни ақсақалдардың кінәсінен мұсылмандар кезіккен проблемалар әлдеқайда көп. Олардың тек озбыр билеушілер мен сұлтандарға ғана пайдасы тиді.

Рақымсыздар мен озбырлар әрдайым надандықтың пайдасын көреді, оны өз мүддесіне пайдалануға тырысады. Оған қоса, олар ілім-білімге күдікпен қарайды. Білімге таклид сияқты ештеңе де пәрменді түрде қарсы тұра алмайды. Адамдарды басу мен қанаудың алғашқы қадамы – ой бостандығы мен ижтиһадты жою. Сондықтан қазіргі ғалымдардың аузын аштырмай, қанаушылар «ижтиһадтың заманы өтті» деген пәтуаға сенеді.

АХАЖ аудармасы – ОАУ, Душанбе 2004.

Дереккөз: Буби, Абдулла. Заман-и иджтиһад мункаризы, дагилмы. (Ижтиһадтың заманы өтті ме?) – Қазан, Татарстан, Ресей: Миллат Киитибханасы, 1909. 2-13 бб. / Татар тілінен аударған және алғысөзін жазған: Ахмет Кандере. В. Курцман, Чарльз (ред.) // Модернистік ислам 1840-1940: Жинақ. – Оксфорд: Оксфорд Университи Пресс, 2002. 232-237 бб.

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Бубидің айтуынша, өткен замандарда өмір сүргендердің Құранды түсінуі шектеулі ме? Жауабыңызды түсіндіріңіз.
2. Иджтиһад пен таклид арасындағы айырмашылықты қалай түсінесіз?
3. Исламда пайымдаудың маңызы қандай?
4. Таклид надандық пен ырымшылдықтың таралуына қалай ықпал етеді?
5. Буби осы бөлімде сіз еңбегін оқыған қай жазушыны есіңізге түсіреді? Олардың негізгі көзқарастарын салыстырыңыз.

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Бубидің дәлелдері Лестердің «Ислам дегеніміз не?» деген еңбегінде ұсынылған Лестер, Әбу Саид және Аркун дәлелдерімен қалай үйлеседі?
2. Буби ой еркіндігі туралы не айтады? Ленин біз пайымдай алуымыз үшін еркін болуымыз керек деген Бубидің келтірген дәлеліне қалай қарар еді?
3. Сіздің ойыңызша, Бакунин мен Бубидің түсіндіру бостандығы туралы дәлелдерінде ұқсастық бар ма?
4. Буби келтірген байыпты діни түсіндірме мысалы Лютердің «Латын туындыларына кіріспесіндегі» сенім туралы пайымына несімен ұқсайды?
5. Қалай ойлайсыз, Буби «Рим Папасы – биліктің даусыз әрі мінсіз беделі» деген Ватикан жиынының пікірімен келісер ме еді? Келіспесе, неге?

ӘЗІМ НАНДЖИ: ҚҰДАЙДЫҢ ЗАҢЫ / ҚҰДАЙДЫҢ ЕРКІ: БАТЫС ДӘСТҮРІНДЕГІ ЭТИКА НЕГІЗДЕРІ: МҰСЫЛМАНДЫҚ КӨЗҚАРАС

Ислам зерттеушісі, профессор Әзім Нанджи – Стэнфорд университетіндегі Аббаси исламтану бағдарламасының аға директоры. Ол әртүрлі америкалық және канадалық университеттерде бірқатар академиялық және әкімшілік қызметтерді атқарды. 1998 жылға дейін Флорида университетінде профессор және дін кафедрасының меңгерушісі болды. 1998 жылдан 2008 жылға дейін Лондондағы (Англия) Исмаилиттік зерттеулер институтының директоры қызметін атқарды. Рокфеллер қорының, Канада кеңесінің және гуманитарлық ғылымдар ұлттық қорының марапаттарының иегері.

Бұдан бұрынғы заманауи кезеңдегі батыстық дәстүрдің этикалық тамыры туралы жалпы болжам олардың ең алдымен библия (қиелі кітап) нормаларына қайтып оралатынына, сонымен қатар классикалық антикалық дәуірдің моральдық-этикалық дәстүрлеріне сүйенетініне негізделген. Алайда, бұл көзқарас жағдайында исламның маңызды рөлі мен байланысы назардан тыс қалды, ол өзінің қалыптасуы кезінде антикалық дәуірдің интеллектуалдық және мәдени ресурстарымен өзара әрекеттесіп, араб мәтіндерінің латын тіліне аудармалары арқылы грек философиясын ортағасырлық Еуропаға жеткізу үшін көпір болды. Дәстүрлердің тұтас кешені болып табылатын ислам өркениеті оның сақталуын және одан әрі дамуын қамтамасыз етті, бұл философиялық-этикалық ой мұрасын кеңейте отырып, мұсылмандық түсінігі мен Құранды түсіндірудің көркеюіне алып келді.

Латын тілінен және белгілі бір дәрежеде араб тілінен еврей тіліндегі аудармалар көптеген тақырып түрлерін қамтыды; бұлардың негізінде Христиан және еврей ойшылдары **Фома Аквинскийден Маймонидке** дейін грек философтарының өте маңызды еңбектерін ашты. Осылайша, қатаң батыстық дәстүр ұғымы діни және мәдени шегаралардан асып түсетін білімдерді зерттеу және алу процесінің осы космополиттік перспективасы тұрғысынан қайта қарауды қажет ететіні белгілі болады.

АЯН ЖӘНЕ ПАЙҒАМБАРЛЫҚ

Мұсылмандар өздерін барлық жаратылыс иесінің жаратушысы және сақтаушысы Бір Құдайдан келетін хабар түскен діни дәстүрлер отбасының соңғысы деп санайды:

Шығыс та, батыс та Аллаға тиесілі. Қайда бұрылсаңдар да Алланың жүзі сонда. Ақиқатында, Алла – кең, тура жол көрсетуші! (Құран 2:115. Аударған И.Ю. Крачковский)



Фома Аквинский

(1225-1274)- итальяндық философ және теолог, католик шіркеуі Әулие ретінде канонизацияланған. Табиғи болмыс пен адам санасының салыстырмалы тәуелсіздігін мойындады

Маймонид, Мұса

(1138-1204) – көрнекті еврей философы теолог талмудист, раввин, дәрігер және өз дәуірінің жан-жақты ғалымы

Мұсылмандар Мұхаммед пайғамбарға иләһи уахи арқылы түсірілген аян Құранда (сөзбе-сөз аудармасы «оқу, тәрбиелеу») жазылған деп санайды. Мұсылмандық аян (уаһи) тұжырымдамасы бұрынғы түскен аяндарды (уахилерді) қамтиды:

Саған Нұхқа және одан кейінгі пайғамбарларға уахи еткеніміздей, саған да уахи еттік, Ибраһимге, Исмаилға, Ысқаққа, Жақұпқа және ұрпақтарына, Исаға, Айюбқа, Жүніске және Харунға уахи еттік және Сүлейменге және Дәуітке Забурді бердік. Әрі саған бұрын хабарлаған елшілерді де, айтпаған елшілерді де (жібердік). (Құран 4:163-164. Аударған И.Ю. Крачковский)

Осылайша, Мұхаммед Пайғамбарды өз қауымын реформалауға ұмтылып, трансценденттік тәжірибелерден шабыттанған пайғамбарлардың бірі ретінде қарастыруға болады.

Мұхаммед Пайғамбардың басынан өткерген және оны меккелік әріптестеріне жеткізуге шабыттандырған тәжірибе, Құран бойынша, қоғамның күнделікті шындығынан алшақ деп түсінбеу керек. Бұл «уаһи/аян» бірден маңызды болды, өйткені ол сол кездегі қоғамды моральдық өзгерту қажеттілігі туралы айтты.

Мұсылмандар Мұхаммед пайғамбарға иләһи уахи арқылы түсірілген уахи Құранда бар деп есептейді. Құран сөзбе-сөз мағынасында «дауыстап оқу, тәрбиелеу» дегенді білдіреді және пайғамбар оны ізбасарларына оқып отырып жеткізген. Мұхаммед пайғамбарға аян жиырма екі жыл бойы күшті, таңғажайып тәжірибе түрінде түсірілді. Аян қабылдау процесі көруден де, естуден де тұрды. Аян «Киелі Рух» (Құран 16:102) арқылы жеткізілді, аян жеткізуші Жәбірейіл періште болды. Құдайдың белгілері Мұхаммед пайғамбарға хабарды ашқан «тақтың билеушісі билікке ие» (Құран 81:20) деп сипатталған адам арқылы символдық түрде жеткізіледі. Дәл осылайша Құрандағы уахи түсінігі «төмен түсу» (*танзил*) ұғымын береді, бұл әмбебап процесс, осылайша барлық бұрынғы аян осы дүниеге түсірілді және ақырында олардың ізбасарлары нақты түрде жазып алады. Мәтіннің немесе кітаптың формалары кітап түрінде болды. Олардың барлығында, соның ішінде Құранда «*әл-Умм әл-Кітаб*» (Кітаптың анасы) деп аталатын негізгі дереккөз бар (Құран 43:1-5).

Бұдан шығатыны, барлық аяндар шабыттану арқылы адамзатқа қолжетімді болатын трансценденттік бір бастау көзден шығады. Мұхаммед Пайғамбардың уахи/аян тәжірибесі Құдайдың билігін, материалдық емес әлемнің ақиқаттығын және адамның өз іс-әрекеті үшін жауапкершілігі идеясын атап көрсете отырып, трансцендентальды әлемді адам әрекеттерімен байланыстырады. Осылайша, сенім саласы (*дін*) мен адам қызметінің саласы (*дүние*) деп түсінуге болатын динамикалық өзара әрекеттесу бар, бұл өмірдің рухани және материалдық аспектілері арасындағы жалпы қарым-қатынасты жалпыға бірдей мұсылмандық түсінігін көрсетеді. Араб тілінде жеткізілген Құран Мұхаммед Пайғамбардың өмірінің соңғы жиырма үш жылында белгілі бір уақыт аралығында орын алған осы уахи процесі жүрді. Ол бұл аяндарды жаттап алған шәкірттеріне жеткізген, ал оның

бақылауындағы дін ғалымдары аяндарды жазып алған. Кейбір адамдар дауыстап оқу қабілетімен де, мәтінді есте сақтау қабілетімен де танымал болды.

632 жылы Мұхаммед Пайғамбар қайтыс болған кезде Құран ауызша да, және жазбаша да таралған болатын. Ол қайтыс болғаннан кейін қасиетті жазбаның мазмұны мен бұрмалану қаупіне қатысты қайшылықтарды болдырмас үшін толық жазбаша корпусы құрастырылды. Мұсылмандар Құран мәтінінің өзгеріссіз сақталып, жүйеленіп, Мұхаммед Пайғамбардың нұсқауларына негізделген және оған түсірілген толық хабарды қамтитын жазбаша мәтін ретінде реттелгені осының арқасында деп санайды.

Мұсылман ғалымдары Мұхаммед Пайғамбардың өмірі мен аян түскен уақыттың да екі тарихи кезеңін айтады: Мекке мен Мәдина. Мәдинада Пайғамбардың басшылығымен жамағат ұйымшылдық пен тәртіпке, сондай-ақ өздерінің қауымдық өмірінде құдай әмірлерін толық орындау мүмкіндігіне ие болды. Бұл кезеңде отбасылық өмірге, шаруашылық қызметке, басқа діни қауымдармен қарым-қатынасқа, сондай-ақ мұсылман қауымын жоюды көздеген Мекке жағына қарсылық пен қақтығыстарға қатысты аян/уахилар түсірілді. Кейінгі ғұламалар бұл өсиеттерді нақты аяндардың түсуіне негіз болған шарттар (*асбаб ан-нузул*) деп атай бастады. Дәл осылайша аянның ерте кезеңіндегі этикалық және рухани шабыт өсіп келе жатқан, өзін-өзі талап ететін қауымдастық алдында тұрған нақты жағдайларда жүзеге асырылды.

АДАМЗАТ ПЕН АДАМГЕРШІЛІК ТАҢДАУ

Құдайдың еркі Құранда ашылғанына және *сүннет* деп аталатын Пайғамбардың тәжірибесімен толықтырылғанына қарамастан, мұсылмандар уахиді түсінуде және адам өміріндегі таңдаудың рөлі туралы ойлауда өздерінің ақыл-парасатын қолдануға шақырылады.

Құранда адамның жаратылу процесі Адам атаның саздан жаратылғаны, илаһи рух арқылы жандандырылғаны және оған «ат қою» қабілеті берілгені туралы айтылған (Құран 2:31). Бұл материалдық, рухани және интеллектуалдық аспектілерді біріктіретін көп қабатты және көп өлшемді жасампаздықты болжайды. Адам Құдайдың нұсқауымен адамдардың моральдық-этикалық құндылықтарға сай абыройлы өмір сүруіне жағдай туғызатын, жер бетіндегі дүниенің аманаты рөліне ие болған *халифа (халиф) немесе әкім ретінде айтылады*. Құранда (95:4) бұл кең мағынада адамның жаратылыстағы орны ерекше, тіпті артықшылығы бар және бұл жағдай жаратылу тарихында көрсетілгендей, жасаған таңдауы үшін белгілі бір жауапкершілікті талап етеді.

Есеп беру концепциясы да ақырет өміріне сену мен қиямет күніне байланысты құрылған. Сондықтан бұрынғы кезеңдегі мұсылман ғұламалары өздерінің ақыл-ойлары мен пайымдауларымен исламның қағидалары мен құндылықтарын түсінуге деген көзқарастарды дамытуға күш салды. Бұл әдістер мен олардың қолданылуы әртүрлі болды, бірақ сенімдер мен тәжірибелерді күшейтіп, оларды аян мен ақылдың синтезіне айналдырды.

Ислам бүкіл әлемге тараған сайын, мұсылмандар бастапқы уахи тәжірибесінің шабыттандыратын құндылықтары ретінде көрген нәрселерін әртүрлі аймақтарда енгізуге тырысты. Бұл құқық, теология, Құранды тәпсірлеу сияқты пәндердің ресмиленуіне әкелді, ал мұсылмандар басқа да интеллектуалдық дәстүрлер мен сол кездегі өзекті мәселелерге бет бұрды. Мұсылмандық этикалық жазбалар адам мінез-құлқын соншалықты қыспай, бірақ күрделі көзқарас шеңберінде үйлестіруге тырысты. Осылайша, олардың «мұсылман» болу (яғни, Құдайдың қалауымен әрекет ету) не екенін түсінуі өмірдің материалдық және рухани өлшемдері бойынша күнделікті тұрмыс-тіршілік пен сенім және иманның арасындағы тепе-теңдікке жетуге ұмтылуды қамтыды.

Бұл үздіксіз процестің эволюциясы тарихи-географиялық контекстің өзгеруіне және әлемнің әртүрлі аймақтарында мұсылман қауымдарының пайда болуына байланысты өзіндік ерекшеліктерге ие болды. Мұның бәрі уақыт өте келе дамыған жүйелердің айқын әртүрлілігі мен плюрализмін түсіндіреді. Ортағасырлық кезеңде және жаңа кезеңге дейінгі кезеңде әртүрлі аймақтарда дамыған мұсылман өркениеттері философияда, ғылымда және өнерде елеулі жетістіктерге қол жеткізді, сонымен қатар сауда мен сауданы кең көлемде дамытты. Бұл іс-шаралар мұсылмандардың кең ауқымды қоғамдық процестерге үздіксіз қатысуының маңызды аспектісі бола алды.

Құрандағы жаратылыс туралы тәпсірде айтылғандай адам баласына ақ пен қараны айыру қабілеті берілген. Сонымен қатар, Алла тағала адам баласының тура жолды танып, соған сай әрекет етуінің «өлшемдері» анық болуы үшін елшілері арқылы тура жолды нұсқаған.

Құранның «Ажырату» (Фурқан: 25-сүре) деп аталатын тарауларының бірінде барша адамзатқа бағытталған аян ақиқат пен жалғанды айырудың бастапқы нүктесіне айналады. Кейінірек сол тарауда өткен библиялық (Киелі кітаптағы) пайғамбарлардың мысалдары келтіріліп, олардың Құдай сөзін өздерінің қауымдастықтарына жеткізудегі делдал рөлі сипатталды. Иудаизм мен христиандықтағы сияқты, исламның бастауы адамның күш-жігері арқылы моральдық тәртіпті орнатудың негізі ретінде Құдайдың еркі идеясына негізделген.

Бұл термин Құранның басқа жерінде кездеседі, ол сондай-ақ адамзатқа ақиқат пен жалғанды, дұрыс пен бұрысты ажыратуға мүмкіндік беретін ашылған ахлақ ұғымын білдіреді. Моральдық кодексті Құдайдың еркіне негіздеу адамдарға аянның өзектілігін сақтайтын ұтымды, саналы сананы құру арқылы жауап беруге мүмкіндік береді. Дәл осы қарым-қатынаста адамның іс-әрекеті мен шешімдерінің жиынтығын қамтитын тиімді критерийлер әзірлеу мен оны ұтымды қолданғанда адамның белсенді әрекетінің ең кең негізі қамтамасыз етіледі. Бұл Құрандағы Адам атаның жаратылуы мен қуылуы туралы тақырыпта баяндалған.

Құдайдан алған «атын, есімін», яғни тіл және тіл арқылы сипаттауға болатын білім беру қабілетінің арқасында оған тағзым етуге шақырылған періштелердің ішінде бірінші Адам аталды. Осылайша бірегей тіршілік иелері ретінде қарастырылатын періштелерге қол жетімсіз қабілет кодификацияланады. Дегенмен, бұл шығармашылық белгіленген шектен шықпау міндеттемесін тудырады. Демек, Құрандағы шайтан тәртіп бұзудың, шектен шығудың мысалы болып табылады, өйткені ол Құдайдың Адам атаға құрмет көрсету және оның алдында иілу туралы бұйрығына мойынсұнбай, сол арқылы өзінің болмысын жоққа шығарып, азғындық танытады.

Уақыт өте Адам да Құдайдың шектеген талабы аясынан шығып, өзінің құрметті мәртебесін жоғалтады, бірақ бастапқы күнә туралы ілімді білдіретін ешқандай коннотациясыз болады. Ол өзінің өмірінің жаңа орнына айналатын, белгілі бір әрекеттерді орындау арқылы таңдау жасауға мүмкіндік беретін жер әлемінде өзінің бейқамдығын жеңіп, күресіп, өз мәртебесін кейінірек қалпына келтіруге мәжбүр болады. Соңында ол өзінің бұрынғы мәртебесіне ие болады, бұл оның қателіктерін түсіну арқылы дұрыс жолға оралу мүмкіндігін көрсетеді. Сонымен, Адам оқиғасы адам санасына тән оң мен терістің, жақсылық пен жамандықтың толық мүмкіндіктерін және тарихта құдайлық уахидың үнемі болуына адам баласының реакциясының кең етек жайған эпикалық баяндылығын көрсетеді. Сонымен қатар, ол тепе-теңдікте әрекет етуге және «ажырта білудің» ақиқат принципіне бағынуға мүмкіндік беретін үйлесімділікті табу үшін адамзаттың үздіксіз күресін көрсетеді.

АЯН, САНА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

Мұсылман ойлары мен тәжірибесінде құқық орталық маңызды әрі салмақты пән болды. Мұсылман ғалымдары көп жағдайда мұсылман өркениеттерінің ең үлкен жетістіктерінің бірі болып саналатын жан-жақты құқықтық мәдениетті құру үшін Құран өсиеттері мен этикалық нормалардың тілі мен құқықтық өлшеміне сүйенді.

Исламдағы құқықтың тарихи дамуы туралы түсінік алу өте маңызды, бұл екі жалған әрі шындықтан алыстау болатын болжамды жоққа шығаруға көмектеседі. Бұлар: – біріншісі, ислам құқығының VII ғасырдағы тұрақты және өзгермейтін жүйесі болса, екіншісі, бұл заңның өте шектеуші, көзқарасы бойынша ортағасырлық және қазіргі қоғамның қажеттіліктеріне қайшы келетіндігі.

Ислам құқығына қатысты қолданылатын термин *шариғат*. Бұл ұғымның астарында Құдайдың ниеті адамдардың құдай белгілеген **жолмен** жүруі және сол жолдың өткен заманда басқа адамдарға ашылғаны туралы түсінік жатыр. Құранда былай деп ашық айтылған:

Әрбіріңе бір жол, өмір сүру салтын бердік... Егер Алла қаласа, сендерді бір үммет қылар еді. Алайда, Құдайдың мақсаты – сендерді әрбіріңе берген нәрселерімен сынау; Ендеше, жақсылықта бір-біріңнен артық болуға тырысыңдар және бәрің Аллаға қайтатындарыңды біліңдер, сонда Ол сендерге бір-бірлеріңмен келіспегендерің туралы [ақиқатты] айтады (Құран 5:48)¹.

Мұсылмандық құқық мектептері үмбет кеңейіп, қалыптасқан сенім мен құқық жүйесі бар басқа халықтар мен мәдениеттермен қақтығысқан кезде туындаған сұрақтарға жауап ретінде дамыды. Уақыт өте келе осы талдаудың нәтижелерін талдау және қолдану әдістемесі өзірленді, оның негізінде көп сұраққа жауап алуға болады. Бұл әдістеме *фиқһ (заңтану)* деген атпен белгілі; оның негізін қалаушы қағидалары *усул әл-фиқһ деп аталады*, ал ол өзірлеген құқықтар жиынтығы *шариғат (шари‘а) деп аталады*. Дегенмен, белгілі бір мағынада *шариғат* сот тәжірибесінің барлық жиынтығын түсіну дегеннен де көп нәрсені қамтиды; *Шариғат* – этикалық өсиеттерге сай өмір жолында бағыт-бағдар беретін нормалар жиынтығы.

Ислам империясының географиялық жағынан әртүрлі орталықтарының төңірегінде секталық айырмашылықтар негізінде әртүрлі құқық мектептері (*фиқһ*) пайда болды, бірақ олардың жүйесінде көптеген ортақ белгілер де бар. Бұл мектептер адамның іс-әрекетін сипаттау, оларды құқықтық және этикалық тұрғыдан жіктеу процедураларын жасауға тырысты. Заңды түрде анықталған бұл категориялар трансформация процесінде толығымен жойылмаған дәстүрлі қалыптасқан әдет-ғұрып құқығын ассимиляциялады. Дегенмен, қазіргі мұсылмандар арасында, бұрынғы ғалымдар сияқты, әлемнің әртүрлі елдеріндегі қазіргі өмір жағдайлары тұрғысынан осы категориялардың кейбірін қалай түсіндіруге қатысты айтарлықтай айырмашылықтар бар.

Мұсылман ғалымдары *шариғатты* дамыта отырып, оны Құранға, Мұхаммед пайғамбардың өмірі мен іс-әрекеттерінен мысалдар келтіре отырып негіздеуге тырысты, бірақ қоғамның қарапайым мүшелері заң ережелерін егжей-тегжейлі анықтауға және моральдық пайымдау және рационалды әдістер негізінде өзірлеуге мәжбүр болды.

Оның үстіне, исламның қалыптасуының алғашқы ғасырларындағы мұсылман аумақтарының қарқынды өсуі осындай өсудің негізін құрайтын ортақ құқықтық мәдениетке түрткі болды. Жеткізу тәсіліндегі айырмашылықтар әртүрлі қарқындылық дәрежесімен әртүрлі аспектілерде құқықтық жүйелерді дамыту әдістемесіне сүйенген мұсылмандар арасында плюралистік құқықтық дәстүрдің қалыптасуына ықпал етті.

Сүнниттік төрт негізгі мектеп [заң ғылымы] өздерінің негізін қалаушы ғалымдары – *ханбалиттер, маликиттер, шахиттер және ханафилер атымен аталған*. Олардың өкілдері сүннит әлемінің әртүрлі бөліктерінде кездеседі және олар кейбір аздаған айырмашылықтары бойынша ерекшеленсе де, олардың ортақ негізі бір болып қала береді. Шиизмнің құқықтық мектебі *жа‘фари* деп аталады, имамдар Жа‘фар ас-Садық (қайтыс болған жылы 765) және Мұхаммед әл-Бакир (қайтыс болған жылы

¹ Құран үзіндісін аудармашы М.Н. Османов аудармасына сүйеніп аударған (Құран. Аударған М.Н. Османов М., 2003).

743) жүргізген жүйелеуге негізделген, – мектеп имамның болмысына үлкен мән береді. имамның және оның құқықты дамытудағы жетекшілігінің теологиялық және құқықтық мәселелерді шешу процесін және қолданылатын дәлелдеу принциптерін, дәлелдерін және әдістерін (*ижтихад*, тура мағынасында «тырысу, еңбекқорлық») құрамдас бөлігі ретінде қарастырады («Имам» термині бастапқыда «үлгі», «баскөз» дегенді білдірген. Құран 2:118, 17:73, 36:11, 15:79, 25:74 қараңыз). Шиизмде имам – өзінің немере ағасы Имам Әлидің әйелі болған қызы Фатима арқылы Пайғамбарға өзінің тегін тарататын діни жетекші. Бұл имамға рухани билік берілген, ал имамдық мәртебе мұрагерлік және илаһи тағдырға негізделіп берілетін болған.

Мұсылмандық тәжірибесі көрсеткендей, құқықтың мақсаттарының бірі қоғамда қолдануға болатын формальды жүйелерді құру болды, бірақ сонымен бірге әртүрлі дәстүрлерді ұстанатын әртүрлі қауымдардың бірге өмір сүруі арқылы жүзеге асырылатын плюрализмді тану. Бұл плюрализм адамзаттың көптеген мәдениеттерінің шығу тегі мен өмір сүру жағдайларының әртүрлілігін көрсетеді және олардың барлығы аянға негізделген жалпыадамзаттық құндылықтарды қамтығанымен, даму барысында олар осы құндылықтарды нақты жағдайлар мен тарихи жағдайларға байланысты бейімдеген әртүрлі қоғамдарға айналды. Дегенмен, бұл кейбір ғалымдардың кейде заңның қалай жүзеге асырылуы керектігі туралы қатаңырақ көзқарастар қабылдауға тырысуына кедергі келтірмейді. Индонезия және Африканың бірқатар мұсылман халқы тұратын елдер сияқты елдер өз қоғамдарының әлеуметтік-мәдени өміріне өздерінің мұсылман қауымдарына тән әдет-ғұрыптар мен ислам құқығының дәстүрлерін енгізді, ал енді олар бұл батыстық құқықтық дәстүрлердің күрделі азаматтық заңдары. Жалпы, мұсылман әлемінде көптеген құқықтық кодекстер бар және олардың әрқайсысында іс жүзінде әртүрлі жүйелер қатар өмір сүреді, өйткені құқықтық кодекстер қазіргі өмірге бейімделуін әлі де жалғастырып келеді.

ҚҰҚЫҚ ПЕН ӨЗГЕРМЕЛІ ЖАҒДАЙЛАР

Мұсылман тәжірибесіндегі қауымдастықтың даму процесі адамдар мәдени тұрғыдан дәлелденген және барлық мүдделі тараптардың ізгі ниеті мен қолдауына негізделген институттарды құра алатын жағдайда ғана өзгерістер мүмкін болатынын көрсетеді. Сонымен қатар, кедейлік пен артта қалушылық бар жерде тұтас қауымдастықтар көбіне жағдайды өзгерте аламын деген сенімін жоғалтады. Өйткені Құранда «Адамдар өздерін өзгертпейінше, Алла тағала олардың бойындағыны өзгертпейді» (Құран 13:11. Аударған И.Ю. Крачковский) делінген.

Әрине, сенім жеке өзі үміт көзі болғанымен, әлеуметтік әрекетпен толықтырылуы керек, оларда бейнеленген, онда түпкілікті пайда әкелетіндерге мүдделі тарап болуға және өзгерістерді тек қоғамның таза экономикалық өміріне әсер ету ретінде, сонымен қатар құбылыс ретінде ғана қабылдауға мүмкіндік беріледі. Тұлғалық сезім мен діни құндылықтарды тереңдету және нығайту да маңызды болады.

Осы себепті кедейшілік мәселелерін қарастыратын Құран мәтінінде әлеуметтік, құқықтық және экономикалық салдары бар мәселелер де қозғалады. Қоғамдастық пен оның жетекшілері осы құндылықтардың сақтаушылары ретінде, мемлекет пен қоғамның негізгі сегменттерінің ең кедей әлеуметтік топтардың қажеттіліктерін сақтаушы ретінде әрекет етуіне жауапты адамдар ретінде қарастырылуы керек. Кейбір мұсылман ойшылдары мен көсемдері шақырған басшылардың немесе мемлекет тарапынан жасалған бұл жанашырлық пен қамқорлықты олар өз қоғамдарында әділ және пайдалы тәртіп орнатудың кілті деп санайды.

Дегенмен, біздің заманымызда кедейшілік мәселелерін шешудің өзектілігі жағдайында мұсылмандар жер шарының ең кедей аймақтарын дамытып, жақсы орта құруға үлес қосуы үшін қоғамның басқа топтарының өкілдерімен бірлесіп жұмыс істеуі қажет. Бұл қазіргі уақытта адамзаттың әмбебап тілді дамытуының және мұндай іс-әрекеттердің моральдық-этикалық көзқарасқа негізделуі және күш-жігердің барлық мүдделі адамдарға таралуы керек екенін түсінуінің арқасында мүмкін болды. Осыған байланысты мұсылмандар көбіне Құранның «әл-Балад» (Құран 90) тарауына сүйенеді, бұл «қала», «қауымдастық», «ауыл», «жер» дегенді және одан да кеңірек «Жер» дегенді білдіруі мүмкін.

Бұл аяттар Пайғамбарға арналып, бала мен ата-ананы (немесе мұрагер мен қамқоршыны) байланыстыратын байланыс сияқты онымен байланыстырылған осы кеңістікте азат адам болу құқығын куәландырады. Аян мәтінінде адамдардың күресу үшін жаратылғаны, бірақ Құдай оларға ұсынатын таңдау жасауға құдірет берілгені айтылады. Осы күш-жігердің ішінен кейінгі аяттарда ең қиыны келесі амалдарды қамтитын жол екендігі айтылады: «Ол бір құлды азат етсін немесе туыстарынан бір жетімге немесе қиямет күні кедейленген кедейге тамақ берсін!» (Құран, 90:13(-16). Аударған И.Ю. Крачковский). Бұл жолды таңдағандар «*Оң жақ өміршілері*» деп аталады, олар бұл жоғары атаққа лайық, өйткені олардың іс-әрекетінде «мейірім мен қамқорлық» сияқты қасиеттер бар.

Алғашқы мұсылман философтарының бірі әл-Фарабидің (970 ж. қайтыс болды) этикалық жазбаларының ішінде «Игі қала» атты еңбегі бар. Мұндай қалалардағы кемелдік, әл-Фарабидің пікірінше, азаматтардың ізгі қасиеттері, билеушінің мінезі мен адамгершілік арасындағы теңгерімді қатынасқа негізделеді және тек өмір сүру жағдайлары мен саяси тұрақтылықтан туындайтын кездейсоқ жағдайлар немесе кездейсоқ оқиғаларға негізделмеуі керек. Әл-Фарабидың пікірінше, адам бақытының мәселелері азаматтық, саяси, әлеуметтік және этикалық-діни аспектілерді қамтиды. Олардың барлығы кемелдіктің моральдық өлемінің бір бөлігі және ізгі қаланың өмір сүруінің шарттары осы салалардың әрқайсысында түпкі мақсат ретінде кемелдікке ұмтылған жағдайда ғана мүмкін болады.

«Дағдарыс», «дау-жанжал» және «аштық» сияқты сөздер тым үйреншікті болып бара жатқан әлемде ізгі қала идеалына *балад сүресімен жетіп*, біздің планетамыздағы шынайы осы өмірде, жету керек екенін еске салып қойған дұрыс және осы қоғам азаматтары ретінде біздің заманымыздың жаһандық қатерлерден туындаған қақтығыстар мен қайғы-қасірет жағдайларын жеңілдету үшін біз моральдық және этикалық серіктестіктің ортақ жолында жақсылыққа ұмтылу үшін қиын таңдау жасаймыз.

Дереккөз: Azim Nanji. Divine Law/Divine Command: The Ground of Ethics in the Western Tradition – Muslim Perspectives // Studies in Christian Ethics, Vol. 23, No. 1 Feb 2010

Баспа: SAGE Publications Ltd.

ТАЛҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Бұл еңбекте аян, сана және этика қалай байланыстырылады?
2. Құқық, ереже және этиканың арасындағы айырмашылық неде?
3. Батыстық және исламдық этика жүйесіндегі әмбебаптық пен адам таңдау идеясы қайдан шыққан?
4. Сіздің пікіріңізше, Адами мораль мен этика мәселесіне қатысты, ресми исламдық құқықтық мектептер мен плюралистік мұсылман мәдени дәстүрі арасындағы диалог қандай болуы керек?
5. Батыс пен мұсылман қауымының этикалық жүйесін не біріктіреді?
6. Әл-Фараби көзқарасындағы адамның этикалық принциптерінің негізінде не жатыр?

ТАЛДАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Лютер, Бобби, Аркун және Нанджи көзқарасы тұрғысынан қасиетті діни мәтіндерді оқу мен түсіндірудің басты мақсаты қандай?
2. Бір жағынан Ватикан кеңесі мен екінші жағынан Лютер, Буби, Аркун және Нанджи ұсынған дәлелдерді салыстырыңыз. Жауабыңызды «ақылға қонымды интерпретация» мен «әдеби интерпретация» арасындағы пікірталас түрінде тұжырымдаңыз.
3. Лютердің көптеген ізбасарлары оның ілімдеріне саяси және әлеуметтік қолданыс тапты. Сіздің ойыңызша, исламды жаңа түсіндіруге шақыруды ислам әлемінде осылай қолдануға бола ма?
4. Ленин мен Бакунин бағынуға немесе одан бас тартуға болатын билік туралы айтады. Билік қатынастары жүйесіндегі діни және зайырлы қатынастар қандай? Сіз сырттан таңылған көзқарастарды ғана емес, өз көзқарастарыңызды айтуға еркінсіз бе? Дәлелдер келтіріңіз.
5. Діни және әлеуметтік түсіндірулердің мағынасында қандай айырмашылықтар бар? Осы түсіндірмелердің қайсысы сіздің көзқарасыңыз бойынша жеке тұлғаға және қоғамға көбірек әсер етеді?
6. Осы бөлімнің негізгі тақырыбына оралайық. Сіздің ойыңызша, кім түсіндіру құқығына ие болуы керек? Түсіндірудің шекаралары қандай? Түсіндіру біржақты болуы мүмкін бе? Немесе ол әрқашан объективті ме? Түсіндіру тіпті объективті болуы мүмкін бе?

КІРІСПЕ

Бұл тарауда интерпретация тақырыбы кеңістікпен байланыстырылып қолданылады. Оқырман кеңістіктің қалай ұйымдастырылып, пайдаланылатынын қарастыруы керек болады. Сәулетшілердің адамның өмір сүруіне қолайлы кеңістіктерді қалай жасайтынын немесе жасай алмайтыны туралы ойланып көріңіз. Неліктен бір кеңістік әлеуметтік өзара әрекеттесуге ықпал етеді, ал екіншісі оған кедергі келтіреді? Сондай-ақ сәулет біздің өмір сүру салтымызға қалай әсер етеді және керісінше, біздің өміріміз сәулетке қалай әсер етеді?

Бұл тараудан әртүрлі сарай аулаларының фотосуреттері бар «Империя сарайларының аулалары» презентациясын көресіз. Слайдтарды қарап отырып сарай аулалары қалай көптеген мәдениет пен әртүрлі уақыттарда әртүрлі жерлерде пайда болатынын қарастырамыз.

Презентация жасаушылар сарай аулаларының салынып, ислам әлемі арқылы таралуы және бейімделуі исламның таралуының метафорасы болуы мүмкін деген пікір айтады.

Бұл тарау сонымен қатар оқырманды кеңістіктің тең бөлінбеуі, әсіресе, жағымды, таза, қауіпсіз, жайлы әрі ыңғайлы кеңістіктің теңдей бөлінбеуі туралы ойлауға шақырады. Бүгінгі күні мұндай теңсіздікпен қалай күресуге болады? Жеке меншік баспана тығырықтан шығудың жолы бола ала ма? Адамдардың қайда өмір сүретінін және қай адам қанша кеңістікке ие болатынын кім әрі қалай анықтай алады?

Сондай-ақ бұл тарау оқырманды қай кеңістіктің жалпы жұртшылық үшін ашық екені, қайсы жеке пайдалану үшін алдын ала бөлініп қойғаны туралы ойландырады. Жеке кеңістігіне шабуыл жасалғанда әдетте адамдар қалай әрекет етеді? Жеке кеңістік шекарасының қай жерде екенін кім қалай анықтай алады?



КАИРДАҒЫ ИБН ТУЛУН МЕШІТІНІҢ АУЛАСЫ, ЕГИПЕТ (868-884)

«ИМПЕРИЯ САРАЙЫНЫҢ АУЛАЛАРЫ» ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

Бүкіл мұсылман әлеміндегі сарай аулаларын көрсететін «Империя сарайларының аулалары» презентациясымен танысып шығып, талқылауға дайындалыңыз.


Презентацияны Массачусетс технология институтына (сәулет пен жоспарлау мектебі) негізделген Archnet жобасы дайындады. Ол сәулетшілерді, мұғалімдерді, студенттерді, ғалымдарды және профессорларды онлайн «қоғамдастыққа» біріктірді. Archnet жобасы өзінің www.archnet.org веб-сайтында ислам әлеміндегі сәулет өнеріне қатысты мақалалар, эсселер, сызбалар мен суреттер ұсынады. Кез келген адам осы ресурстарды пайдаланып, осы сайт арқылы Archnet қауымдастығына қосыла алады.



ТАБИҒАТ АУЛАНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ БІРІ РЕТІНДЕ



ДЕЛИДЕГІ КАЛИ МАСДЖИД АУЛАСЫ , ҮНДІСТАН (1370)



Стамбулдағы Көк мешіт деген атпен танымал Сұлтан Ахмет мешіті, Түркия. Сұлтан Ахмет салдырған (1603-1617). Оттоман сәулет өнерінің аса озық үлгілерінің бірі

ИДЕЯЛАРДЫҢ ДАМУЫ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

ИДЕЯЛАРЫҢЫЗДЫҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ:

1. Мақсат, оқырман аудиториясы және тақырыпты анықтау
2. Жалпы идеялар
 - а) ойша карта құрастыру
 - б) миға шабуыл
2. Ақпарат жинау
 - а) кітап
 - б) мақала
 - в) газеттер
3. Идеяны ұйымдастыру

ӨЗ ИДЕЯЛАРЫҢЫЗДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕЗЕҢІ:

Жазуға болатын тақырып көп, бірақ оны аясын тарылтып нақтылау керек. Мысалы, сіздің тақырыбыңыз «кеңістік интерпретациясы» болуы мүмкін. Мысалы сіз бен оқырманыңыз «бұл не нәрсе?» деп бірдей сұрақ қояды. Ал сіз анықтаңыз, не үшін бұл туралы жазу керек және оны неге біреу оқуы керек?

1. Өзіңізден сұраңыз: оқырманыңыз бұл тақырып туралы осыған дейін не біледі?
2. Кеңістік пен интерпретацияны қалай түсінетінің туралы сізге баяндау қажет пе?
3. Кеңістіктік талдаудың неліктен маңызды екенін және оның адамдардың өміріне қалай әсер ететінін көрсеткіңіз келе ме?

НАЗАР АУДАРУ КЕРЕК:

1. Тақырыпты тезис шығатындай тарылту.
2. Пән, тақырып, сұрақ, тезис:
 - а) 1-деңгей: кең пәндік аумақ,
 - б) 2-деңгей: пәндік саладағы зерттеу тақырыбы,
 - б) 3-деңгей: сізді толғандыратын негізгі мәселе,

г) 4-деңгей: сіздің тезісіңіз (сіздің негізгі пікіріңіз немесе осы сұраққа жауабыңыздың негізгі идеясы). Әдетте бұл пікірге келмес бұрын сізге көп нәрсені оқып, жазуға тура келеді.

ЖҰМЫС ТЕЗИСІН ҚҰРУ:

- тақырыпты сіздің оқырманға жеткізгіңіз келетін бір негізгі идеяға дейін қысқартады;
- сіздің ұстанымыңызды бір немесе бірнеше сөйлем арқылы анық хабарлап береді;
- жай фактіні емес, дәлелдерді келтіреді.

АХАЖ аудармасы – ОАУ, Душанбе, 2004.

Дереккөз: Хат жазу дағдылары бойынша семинар / Эвелина Димитрова-Галачи бейімдеген – Тичерс Колледж. Қыркүйек 2000.



Жер басып алу
(заңсыз резиденция), Делидегі қауымдастық, Үндістан. Корреаның суреті

ЧАРЛЬЗ КОРРЕА. ҮШІНШІ ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНДЕГІ ҚАЛА САЛУ ІСІ: СӘУЛЕТШІНІҢ РӨЛІ

Чарльз Корреа 1930 жылы Үндістанда дүниеге келген. АҚШ-тың Мичиган университетінде және Массачусетс технология институтында білім алды. 1958 жылы Корреа Үндістанға оралып, Бомбейде жеке сәулет практикасын ашты. Корреаның қала құрылысы бойынша жұмысы модернизмді шығыс мәдениетіне қолданғаны үшін жоғары бағаланды. Ғимарат пен кеңістікті инновациялық пайдаланумен ерекшеленетін Корреаның жерді пайдалануды жоспарлау және қоғамдық жобалар бойынша жұмысы практикалық және символдық маңызымен құнды болды. Төмендегі мәтінде Корреа қалалық кедейлерге арналған тұрғын үй жобалары бұрын неліктен ыңғайсыз салынғанын түсіндіреді, сонымен бірге жаңа балама идеялар ұсынады.



Сәулетші қанша тырысқанымен баспананың құнын қалалық кедейлердің қалтасы көтеретіндей аздап болса да қолжетімді деңгейге дейін төмендете алмайды. Себебі шын мәнінде бұл адамдардың қалтасы өздері тұрғызатын қарапайым бір қабатты үйлерді ғана көтере алады. Олар балшық пен бамбук сияқты жергілікті материалдарды, қаңылтыр банкалар мен пальма жапырақтарын пайдаланып, өздерінің тапқырлығы арқасында өмір сүре алады.

Бірақ баспана мәселесі шешілсе, неге көп адам әлі күнге дейін қалаларда далада ұйықтап жүр? Бұған екі түсініктеме бар. Біріншіден, қалалық сұраныс жақсы жерлерді басқа мақсатқа пайдалануды талап етті, осылайша өз бетімен салынған тұрғын үйлердің негізгі бөлігін қала шетіндегі алыс жерлерге көшірді. Қаланың негізгі көлік жолдары мен басқа да инфрақұрылымдарынан шалғай, қоғамдық көлік жоқ аудандарда тұратын кедейлердің жүріп-тұруы мен осындай жағдайда жұмыс істеуі қиын болды, көбіне жұмыс мүлдем болмайтын. Сондықтан көптеген қалаларда заңсыз қоныстанушылар олар үшін кез келген жақсы ниетпен жасалған жалпы қалалық инфрақұрылымнан алыс аудандарға және қызмет көрсету схемаларына көшіруге жасалған әрекеттерге қарсы тұрады. Ал мұндай аймақтарды жергілікті кәсіпкерлер оп-оңай арзан жұмыс күші шоғырланған геттоларға айналдырып отырды (бәлкім бұл олардың қаржы институттары арасында өсіп келе жатқан танымалдығын түсіндіруге көмектесетін шығар?). Әрине, осыдан кейін кедейлер қала орталығындағы жаяу жүргіншілер жолына қайта оралады. Баспана олардың өмір сүру тізімінде салыстырмалы түрде тамақ, киім, денсаулық және т.б. кейін тұр. Олар үшін қала орталықтарына қатынай алу баспанадан әлдеқайда маңызды.

Бұл бізді тұрғын үй панацея болып көрінетін нәрсенің орындалмауының екінші себебіне әкеледі. Үшінші әлем қалаларындағы баспананы жоспарлаушылар өздігінен салынған тұрғын үйлердің артықшылықтарын оңай мойындаса да, бір қабатты жер үйлер көбейгенде экономикалық пайда



Куала Лумпурдағы заңсыз қоныстану.
Малайзия. В.Лимнің суреті

да жоғалады деп есептейді. Сол сияқты Сингапур немесе Гонконг сияқты жалпы қалалық жерді пайдаланудағы саясатта аумақты бір қабатты ғимараттарға құртпау керектігін ескере отырып қалыптасады.

Бұл – кең таралған пікір, ол кең талдауды қажет етеді. Қалалық тұрғын үй жеке әрі оқшау мәселе емес; оның қоғам үшін жалпы құны ғимараттар салу құнынан әлдеқайда жоғары. Бұл жағдай орналасу орны, жұмыс орындарын бөлу, тұтынушы желілері, көлік артериялары және т.б. сияқты бірқатар басқа шешімдердің нәтижесі болады. Біз негізінен құрылыс шығындары (халық тығыздығына байланысты өзгереді) мен қалалық жердің мүмкін болатын құны арасындағы оңтайлы теңдікті іздеп отырмыз.

Осы мәселеде екі жаққа да қолайлы шешімге келу үшін біз тұрғын үй мен оның шынайы мәнін анықтап алуымыз керек. Тұрғын үй жай ғана ғимарат емес, одан әлдеқайда маңызды. Бөлме адамдардың өмір сүруіне қажет кеңістіктің бүкіл жүйесінің бір элементі ғана. Үнді қалалық елді мекенінде осындай төрт маңызды кеңістік элементі бар. Иерархиялық реттілікте бұлар: отбасына тек жеке пайдалану үшін қажет кеңістік (мысалы, тамақ дайындау, ұйықтау, жеке заттарын сақтау орны және т.б.); тығыз қарым-қатынасқа ықпал ететін кеңістік (мысалы, балалар ойнайтын немесе көршімен әңгіме-дүкен құратын); көршілер үшін кездесу орны (мысалы, қалалық немесе ауыл құдығы), осындай жағдайда адам өз қауымдастығының бір бөлігі болады; және, ең соңында, бүкіл қала пайдаланатын негізгі қалалық аймақ болады. Басқа қауымдастықтарда элементтердің саны және олардың өзара тәуелділігі әртүрлі болуы мүмкін, бірақ барлық жерде – шағын қала мен үлкен мегаполистерде де осындай құрылым болатыны анық. Бұл ұқсастық әр қоғамның климатына, табыс деңгейіне және мәдени ортасына байланысты өзгеріп отырады. Біз бұл жүйелердің екі маңызды сипаттамасын бөліп көрсете аламыз. Біріншіден, бұл элементтердің кейбірі жабық кеңістіктен және/немесе ашық кеңістіктен тұрады. Бұл дамушы елдер үшін маңызды, себебі олардың барлығы дерлік тропикалық климатта орналасқан, сондықтан адам қызметінің маңызды бөлігі ашық ауада өтеді. Мысалы, тамақ жасау, ұйықтау, ойын-сауық, балалар ойындары, т.б. бөлмеде кеңістікті пайдалануды қажет етпейді, бұл әрекет ашық ауада да орын алады. Енді ойлап көріңізші, ерекше мәдени ортада қала өмірінің осы негізгі функцияларының шамамен жетпіс бес пайызы ашық ауада болуы мүмкін. Қолайсыз климаттық жағдайларды (муссондар және т.б.) ескергенде, осы тұжырым кем дегенде жетпіс пайыз дұрыс деп санаймыз.

Бұл ішкі аумақтың жартысынан астамы (яғни 0,75 x 0,70) ауланы пайдалану коэффициентін береді. Алжирдегі касбадан Токиодағы қағаз үйлерге дейінгі Ұлттық тұрғын үйлер – ғимарат салу құны мен ашық аспан астында үй салудың бағасы арасындағы ымыраға келу нәтижесі десек те болады. Бұл жерде әрбір қоғам және ондағы әрбір үй арасында баланс бар.

Өмір сүру кеңістігінің иерархиясындағы екінші маңызды нәрсе – барлық элемент өзара тәуелді; бір жерде бос орын көбірек болса, екіншісінде бос орын аздау болуы мүмкін. Мысалы, шағын тұрғын үйлерде керісінше үлкен ашық көршілес қоғамдық кеңістік болуы мүмкін немесе керісінше. Кейде бірақ өте қатты алшақтықты көруге болады; Мысалы, Делиде әрбір отбасы үшін шамамен жетпіс бес шаршы метр ашық қоғамдық кеңістік бар. Егер Исфахандағы немесе Бенарестегідей, осы қоғамдық кеңістіктің

бір бөлігі әрбір үйге арналған шағын аула (әрқайсы шамамен он метрден) болып бөлінсе, бұл жүйе жақсырақ болар еді,

Иерархияны көру және осы ымыраға келудің табиғатын түсіну – бұл тұрғын үймен қамтамасыз етудегі алғашқы қадам. Ал мұндай бағалаудан бас тарту дұрыс емес мақсат пен міндеттерге әкеледі. Сондықтан бүгінгі күні тұрғын үй мәселесін шешу кеңістіктегі басқа өмірлік қажеттіліктерге қатты назар аудармай, шектеулі аумақта мүмкіндігінше көп пәтер санын орналастыру болып отыр. Бірақ нәтижесінде қоршаған орта практикалық тұрғыдан жарамсыз болады; ғимараттар неғұрлым жоғары болса, соғұрлым функционалдық жағынан шектелген ашық кеңістіктер көбейеді. Бір қабатты үйлермен қоршалған аула ұйықтауға қолайлы; аула екі қабатты үйлермен қоршалған болса, онда тамақ пісіруге болады; бес қабатты үйлермен қоршалған ортадағы аула ойын алаңы ретінде қызмет ете алады; он қабатты ғимаратпен қоршалған аула болса, көліктерге арналған тұрақ ретінде ғана болады. Ашық кеңістіктің 1000 адамға шаққандағы белгілі бір мөлшерінің ескі индикаторы тым дәрекі, өйткені кеңістік сапалық жағынан да, сандық жағынан да әртүрлі болуы керек.

Үшінші әлем елдеріндегі сәулетшінің рөлін қорытындылай келе, кейде қалаларға баспана үшін келмейтінін түсінеміз; олар мұнда жұмыс істеуге келеді. Сондықтан «Үйді қалай салу керек?» және «қайда салу керек?» деген сұрақ қоюымыз керек. Алаңдар мен қызмет көрсету сызбалары жауаптың бір бөлігі ғана, бірақ олар мәселені шеше алмайды. Мұндай учаскелердің қалыпты болуы олардың қалалық инфрақұрылымның негізгі құрамдас компоненттеріне қосылуын қажет етеді. Сұраныс ауқымы біздің қалаларымызды айтарлықтай қайта құрылымдау қажеттілігін талап етеді. Осындай қайта құрылымдауды жеделдетуге көмектесу – үшінші әлем елдері сәулетшілерінің басты міндеті. Микродеңгейде сәулетші қаланың жоспарын анықтауға қатысуы керек, бұрын мұны қала басшылары жасайтын; сәулетші өзінің адамдар жағында екенін үнемі есте ұстауы керек. Егер сәулетші осы тапсырмаларды сәтті шеше алатын болса, ары қарай үй салу мәселесі де оңтайлы шешіледі.

АХАЖ аудармасы – ОАУ, Душанбе, 2004.

Дереккөз: Корреа, Чарльз. Үшінші әлем елдеріндегі қала салу ісі: сәулетшінің ролі // Құрылыс процесі мен физикалық форма. – АКАА, 1980. 45-49 бб.



Бомбейде су ағатын құбырға заңсыз қоныстану, В.Лимнің суреті

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Неліктен кедейлер қала шетіндегі үйлерден гөрі қалалардағы жаяу жүргіншілер жолында тұруды таңдайды? Қалалық тұрғын үй алаңы қалай бөлінеді? Қалалық тұрғын үй құрылысы қала үшін неге қымбат?
2. Корреаның айтуынша, тұрғын үйді қалай ұйымдастыру керек? Тұрғын үйді ұйымдастырудың екі маңызды фактісі қандай? Климат, мәдениет және табыс үй шаруашылығында кеңістікті пайдалануға әсер ете ме?
3. Қоғамдық пен жеке кеңістікті бөлуде тепе-теңдікті қалай табуға болады? Тұрғын үймен қамтамасыз ету кезінде қандай маңызды аспектілерді ескеру қажет?

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Корреаның түсінігіндегі ауланың қызметі қандай? «Империя сарайларының аулалары презентациясындағы» ауланың функционалдық сипаттамасы Корреаның ауланы кеңістік элементі ретіндегі көзқарасынан қалай ерекшеленеді?
2. Корреа түсінігіндегі ауланың маңызы қандай? Неліктен ол бірнеше ғасыр бұрын «Империя сарайларының аулалары» презентациясында көрсетілгендей маңызды болды?
3. Корреа үйлермен қоршалған ауланың тамақ жасауға, ұйықтауға немесе балалар ойынына қолайлы екенін қалай түсіндіреді? «Империяның аулалары презентациясынан» бір ауланы таңдап алып, оның қандай мақсатқа жақсы қызмет ететінін түсіндіре аласыз ба?

ДЖОН Ф.Ч. ТЕРНЕР БАСПАНАМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ: БАСҚА БАҒЫТТАҒЫ ДАМУЫ

Джон Ф.Чарлвуд Тернер 1927 жылы дүниеге келген, бүкіл әлемде тұрғын үй саясатына айтарлықтай әсер еткен баспана мәселелеріне арналған еңбектерімен танымал болды. Тернер 1954 жылы Лондондағы сәулет қауымдастығын бітірді. Ол Ұлыбританияда, Перуде (1957–1965), Америка Құрама Штаттарында және дамушы елдерде өзін-өзі басқаратын үйлер мен тұрмыстық ғимараттардың теориясы, практикасы және құралдары бойынша жұмыс істеді. 1983 жылға дейін Тернер Массачусетс технология институтында (1965–1973), Гарвард университетінде және Лондон университеттік колледжінде сабақ берді. Келесі үзінді Джон Тернердің 1979 жылы тұрғын үй мен физикалық формасы бойынша семинарда жасаған баяндамасынан алынды, бұл еңбегі үшін сәулет саласындағы Ага Хан сыйлығын алды. Джон Тернер тұрғын үй өте кең ұғым және оны жай тұтыну өнімі ретінде қарастыру жеке тұлға үшін де, жалпы қоғам үшін де көптеген жаңа мәселелерге әкелетінін айтады. Сондай-ақ халық пен жергілікті қауымдастықтардың рөлін қарастырып, қазіргі күнгі тұрғын үй мәселелері бойынша негізгі шешімдер ұсынады.

БАСПАНА – БҰЛ ТІРШІЛІК

Баспана бұл тек сату-сатып алу нысаны ғана емес. Бұл әртүрлі нақты немесе күтілетін нәтижелерді алу үшін көп нәрсені жасайтын көптеген адамдар мен ұйымдардың өзара әрекеттесуінен шығатын күрделі процесс. «Баспана» сөзі жай ғана тұрғын үй нарығына қатысты қолданылғанда, түсінік өте тарылады; жасалған іс-әрекеттер тиімсіз немесе тіпті **кері нәтиже** беруі мүмкін. Тек пайда табуға мүдделі мемлекеттік немесе жеке өндірушілердің **шектеулі** көзқарасы мен ісі осы уақытқа дейін экономикалық немесе әлеуметтік тиімді тұрғын үй саясатына әкелмеді; олар тұрғын үй тауарлары мен қызметтерін өндіру тәсілдеріне жеткілікті деңгейде немесе мүлдем назар аудармады десе де болады. Ешбір жалға алушыны тұрғын үй салуға кеткен құрылыс материалдарының саны мен сапасы қызықтырмайды. Керісінше, тұрғын үйдің орналасқан жері, жалдау мерзімінің ұзақтығы және онда тұрудың тікелей және жанама шығындары қызықтырады.

Тұрғын үй мәселелерін, әдетте, сарапшылардың көбі сандық дефициттер мен физикалық стандарттар ретінде қарастырады; ал орналасуы енді ғана маңызды фактор ретінде танылып отыр. Мұндай мәселелердің ең көп тараған шешімдері өндірісті оңтайлы ұйымдастыруды таңдай отырып, өндіріске көбірек ақша құю немесе сол бюджетпен одан көбірек алу болды (соңғы уақытқа дейін таралған озық өнеркәсіптік жүйелер сияқты заманауи технологияларды пайдалану дамыған елдерде немесе аз қамтылған отбасыларды жеке тұрғын үй салу үшін жалдау сияқты басқарушылық инновациялар болып есептелді).

кері нәтиже –

күтілетін, қалағанға тікелей қарама-қарсы кез келген әрекеттің нәтижелері

шектеулі ісі –

тек шектеулі көзқарасты қарастырады



Тұрғын үй мәселесін дұрыс түсінбей, бұрмалағанда, оны жай ғана өнім және тауар ретінде қабылдағанда, оны өндіру мен күтіп ұстаудың жолдары мен тәсілдері өзінен өзі жүзеге асатындай, көбіне еленбей қалады.

Тұрғын үй саясатының тікелей мақсаты жеке тұрғын үй, жартылай жеке, жартылай мемлекеттік және мемлекеттік сектор, коммерциялық, мемлекеттік және коммерциялық емес, коммуналдық және үй шаруашылықтары кеңістігінің жиынтығы ретінде айқындалатын тұрғын үйлер мен олардың аймақтарын жетілдіру болып саналады. Тұрғын үйдің барлық құрамдас компоненттері, сондай-ақ басқа құрылымдар мен секторлардың барлығы, инфрақұрылым мен барлық инженерлік коммуникациялар – жер, жұмыс күшін және техниканы қажет етеді (негізінен құрылыс материалдары мен құралдары, су, электр энергиясы). Бұл элементтер тұрғын үйді салу мен тұрғызып шығуға қажет құралдар болып есептеледі. Бұл элементтердің немесе негізгі ресурстардың болуы үш негізгі факторға байланысты: шешімдерді жүзеге асыру тәсілдері және бақылау құралдары (яғни, кім шешеді және кім жүзеге асырады); механизмдер мен әрекеттерді реттейтін ресми және бейресми ережелерді қабылдау тәсілдері және тауарлар немесе қызметтер мен ресурстар айырбастала ма, қолма-қол ақшаға немесе несиеге сатыла ма, **субсидиялана ма** немесе басқаша реттеле ме?

Тұрғын үй тауарлары мен қызметтерінің материалдық саны немесе сапасы қолжетімді ресурстардың болуы мен пайдаланылуына, сондай-ақ осы ресурстардың болуын да, пайдалануын да реттейтін әлеуметтік институттарға байланысты. Сондықтан тұрғын үй құрылысында мыналарға басымдықтар беріледі: институционалдық өзгерістер немесе тұрғын үймен қамтамасыз ету құралдарын өзгерту; тұрғын үй құрылысының ресурстарын немесе құралдарын таңдау мен пайдаланудағы өзгерістер; дайын формаларға енгізілетін өзгерістер, тұрғын үй процесінің тікелей нәтижелері. Дегенмен, бұл өзгерістердің жеңілдігі олардың тиімділігіне кері пропорционалды болады. Ғимарат дизайнын өзгерту, топтастыру, ландшафтқа және онымен байланысты құрылымдарға салыстырмалы түрде оңай енгізілетін өзгерістер айтарлықтай тиімді болмайды. Алайда кейбір формалар басқаларға қарағанда ресурстық әрі институционалдық өзгерістерге көбірек бейімделеді, осылайша жобада өзгерту жүргізу жеңіл өтуі мүмкін.

Жерді мақсатты түрде пайдаланудағы, жұмыстарды ұйымдастыру мен басқарудағы, құрылыс материалдары мен жабдықтарын қолданудағы өзгерістер тек физикалық түрдегі өзгерістерге қарағанда қоғамға үлкен әлеуетті әсер етеді, бірақ оларды іске асыру қиынырақ болады; бұл өзгерістер әдетте ұйымдасқан және күшті қызығушылығы бар топтарға әсер етеді. Тікелей не ойын ережелерін немесе балл жүйесін өзгерту арқылы билік құрылымын өзгерту ең қиын іс екенін бәріміз білеміз. Бұл, әсіресе, нарық функцияларын мемлекет біріктірген кезде немесе мемлекетте жеке капиталистік **монополиялар** үстемдік еткенде байқалады. Өз кезегінде ұзақ мерзімді стратегияның бір бөлігіне айналуы үшін басымдықтар нақты анықталғанымен, кез келген саладағы іс-шаралар тактикалық түрде өзгерістерге мүмкіндіктер ашу үшін пайдаланылуы мүмкін.

субсидиялау –

бір нәрсеге жұмсалатын шығындарды жабу үшін адамға немесе ұйымға ақша беру

монополия –

бір нәрсені толық бақылау, жеке иелену немесе пайдалану

ТҰРҒЫН ҮЙ МӘСЕЛелЕРІ, ОЛАРДЫҢ ШЕШІМІ НЕ БЕРЕДІ?

Тұрғын үймен қамтамасыз ету жолдары мен құралдарының маңыздылығы және түпкі өнімі – оған қатысы барлардың барлығына, ең алдымен тұтынушылар үшін не маңызды екеніне байланысты. Тұрғын үйдің өзі немесе оның белгілі бір жерде орналасуы адамдар үшін негативті әрі еңсені басатындай немесе позитивті әрі қолайлы болады деп айту қиын.

Мысалы, адамдардың көбі ескі үйлерін сүріп тастаған соң қолайлы әрі «жақсы» баспанаға ие болғанымен, бәрібір де қатты зардап шекті. Отба-

сылар мен қалыптасқан ортаның ыдырауы, жергілікті жұмыссыздық пен жол ұзақтығы, жолақы құнының қымбаттығы, көбіне тұрғын үй бағасының көтерілуі және күнкөріс құралдарының болмауы, тұрғын үйдің алыс болуы немесе үйді жалға алу кезінде белгіленген мерзімге кепілдіктің болмауы, өздерінің таныс ортасынан айырылғаннан кейін адамдарда болатын сенімсіздік пен бағдарсыздық – осының бәрі заманауи тұрғын үй саясатының салдары.

Турасын айтқанда, тұрғын үйдің адамдармен байланысынан басқасы не үшін керек екені маңызды емес. Әр адамның жағдайы әртүрлі болып, уақыт өте өзгертіндіктен, «тұрғын үй мәселелері» өлшемі ретінде тек физикалық аспектілерді пайдалану жағдайды нашарлатады. Қолайсыз тұрғын үй саясатының нәтижесінде пайда болатын жеке және қоғамдық күйзелістер көп жағдайда тұрғын үй кеңістігінің немесе қызметтерінің жетіспеушілігінің және біртіндеп қысқаруының не таңдаудың болмауының тікелей салдары болып саналады. Мәселені оңтайлы шешуге үлкен қадам – тұрғын үй мен коммуналдық қызметтерді немесе екеуін де қажет деңгейде қамтамасыз ету. Әдеттегі стандарт тұрғын үй саясаты пайда болған мәселелерді шешкеннен гөрі үлкен материалдық және адам шығыны мәселелерін тудырды. Енді бұл жағдай ресми түрде мойындалған соң, «тұрғын үй сандарының ойыны» өзін ақтамайтынын дәлелдеді. Үкіметтер мен саяси күштер бұл қажеттіліктерді қалай қанағаттандыру керегін әлі түсінген жоқ.

Адамдар үш себеп бойынша жағдайлары келмейтін тұрғын үй тенденцияларының, құралдардың немесе мақсаттардың тікелей нәтижесінен зардап шегеді: көбіне олар тұрған жерінен қуылу қаупіне ұшырайды, ал оларға ұсынылған балама нұсқалардан таңдау қиынырақ болады, яғни тұрғын үй бағдарламасы жалдау шартын құруы керек; өйткені олар тұратын тұрғын үйлер тұрақты емес, тұратын уақытқа кепілдік берілмейді, бұл жағдайда бағдарлама оларда бар нәрсені жақсартуы керек. Басқаша айтсақ, олардың қолданыстағы тұрғын үй жағдайлары нашар немесе тіпті жоқ болғандықтан және оларға қажет қолжетімді нұсқалардың, атап айтқанда, жаңа үйлер мен жаңа аудандардың жоқтығы да тұрмысты қиындатады. Сол себепті де жаңа үйлер мен аудандар салу мақсаты тұр. Кез келген тұрғын үй жағдайы жоғарыда аталған «негізгі тұрғын үй бағдарламаларының» бірінің сипаттамасына жатады немесе үшеуінің қоспасы болуы мүмкін. Тұрғын үй саясатының қазіргі процестері осы бағытта дамып келеді. Қазір тұрғын үй тапшылығы туралы, тұрғын үй кешендерін сақтау мен дамыту, сонымен қатар олар салынған елді мекендерді әлеуметтік-экономикалық қолдау туралы жиі естімейміз немесе оқымаймыз. Салыстырмалы түрде тұрақты немесе баяу өсетін қала халқы бар елдерде қолда бар тұрғын үй қорын сақтауға және тиімді пайдалануға көбірек көңіл бөлініп отыр

ТҰРҒЫН ҮЙ МӘСЕЛЕСІ – ҮКІМЕТТІҢ ОРТАЛЫҚ ОРГАНДАРЫ ҮШІН ТЫМ КҮРДЕЛІ МӘСЕЛЕ

Кез келген ірі ұйым үшін тұрғын үй бағдарламасын шешу әрі бақылау тым қиынға соғады. Ұйым неғұрлым үлкен болса немесе үлкен ұйымды қажет ететін технология неғұрлым күрделі болса, оның өндіретін тауарлары мен қызметтері тұтынушыдан неғұрлым алыс болса, соғұрлым сол тауарлар мен қызметтерді стандарттау талаптары жоғары болады. Орталықтандырылған өкімшіліктер – коммерциялық корпорациялар, мемлекеттік органдар немесе олардың **гибридтері** – қазіргі заманғы тұрғын үйлердің ортақ провайдерлеріне айналып отыр. Архитектурасы көп жағдайда бірдей болып келетін заманауи тұрғын үй құрылысының біркелкілігі осы тенденцияның белгісі/**симптоматикасы** болып отыр. Орталықтандыру адамдардың, үй шаруашылықтарының және қауымдастықтардың шексіз алуан түрін бір қалыпқа салады, осылайша олардың табиғатын өрескел бұрмалайды және олардың жеке және мәдени ерекшеліктерінің бұзылуына ықпал етеді.

Қоғам деңгейлерінің барлығында салыстырмалы түрде осы кезге дейін автономияға деген қажеттілік туындап, корпоративтік-қалалық индустриализмге деген энтузиазм жоғары болған кезде, барлық салаларда, соның ішінде тұрғын үй өндірісіне деген жаппай қажеттілік ортақ құбылыс болды. Индустриалды ғылым мен техникаға деген сенім соншалық жоғары болды, «тұрғын үй мәселесі» тұрғын үй құрылысы өнеркәсібінің «артта қалғанынан» деп есептелді; зауыттық өндіріс, орталықтандырылған жоспарлау мен дұрыс бөлу арқылы қабылданған мықты үнемдеуге қол жеткізгеннен кейін, барлығы лайықты баспанаға орналастырылуы мүмкін деп болжалды. Бірақ қазір мұндай техникалық қарапайым және географиялық бекітілген ансамбльдерді (мысалы, үйлер мен көшелер) пайдалану мен басқару кезінде техникалық тұрғыда өте күрделі жылжымалы машиналарды (мысалы, автомобильдер) қарапайым мақсаттары бар машиналар ретінде қарастыруға болмайтыны белгілі болды. Көпшіліктің қатысуымен тұрғын үй салудың жаппай тұрғын үйге қарағанда әлдеқайда экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан тиімді екендігі және тұрғын үйді жобалау, салу және басқарудың экономикалық ауқымы шағын және жергілікті болуы керек екені барған сайын айқын болып, анықталып отыр.

Кейіннен тұрғын үй құрылысы үшін ең маңызды ресурстар – жер, құрылыс жұмыстары және қолда бар материалдар – жергілікті мәселе екені және өте өзгермелі екені белгілі болды. Оларды жеке адамдар

гибрид –

әр түрлі формаларды кесіп өту, екі немесе одан да көп заттарды араластыру нәтижесінде алынған өнім

симптоматикалық –

бір нәрсенің сыртқы белгісі, симптомы

мен олармен таныс шағын жергілікті ұйымдар дұрыс пайдалана алады және жеке әрі жергілікті қажеттіліктерге сәйкес реттей алады. Орта-лықтан басқарылатын тұрғын үй құрылысы материалдық және адам ресурстарын ысырап етеді, сондықтан өте қымбат және экономикалық инфляцияға алып келеді. Ірі ұйымдар жергілікті ресурстардың аз ғана бөлігін пайдаланады және оларға стандартты процедуралар мен спецификацияларды қолданады. Сол себепті де олар импорттық материалдарды жергілікті материалдармен ауыстыруы керек, сонымен қатар олар біліктілігі төмен және сағатына жалданып істейтін кездейсоқ жалданған жұмыс күшінен бас тартып, еркін жұмыстағылар мен шағын отбасылық бизнестің пайдасын түсінуі керек. Капиталды көп қажет ететін өндіріс құрал-жабдықтарына қажеттілік пен жергілікті ресурстарды пайдаланбау тұрғын үй құны мен бағасын басқа тауарлар мен қызметтерге қарағанда тезірек шарықтатады. Қазіргі күнде жаппай тұрғын үй құрылысының заманауи тәжірибесі сәтсіз аяқталғаны және бұл идеядан тезірек бас тарту керек екені анық. Тұрғын үй құрылысын дамыту жергілікті бақылау мен өзін-өзі басқару жүйесін қайта қалпына келтіруі керек, ол бір кездері әлемнің көп бөлігінде (нарық үстемдігі мен үкіметтік реттеулер енгізген бұрмалауларға қарамастан) таралған болатын.

Тұрғын үй саясатын қайта құрудың бірінші шарты – адамдардың қажеттіліктері мен негізгі басымдықтарын анықтау және оларды орындау құқықтарын үнемі насихаттау. Алыста отырған басқарушылар мен кәсіби мамандар адамдардың қажеттіліктері мен басымдықтарын дәл анықтап бере алмайды, жергілікті халықтың алуан түрлі қажеттілігін қолда бар жергілікті ресурстар арқылы қалай жақсы қанағаттандыруға болатынын білмейді. Адамдар ресурстарға құқықтарын және оларды өз қалауы бойынша пайдалану еркіндігін растауы керек, әйтпесе тұрғын үй құрылысы үй шаруашылықтары мен жалпы қоғам үшін ауыртпалық болып қала береді. Индустриясы бай әрі дамыған елдерде, сондай-ақ табысы төмен халқы бар тез урбанизацияланатын елдерде барған сайын кең таралған әлеуметтік белсенділік ресурстарға қол жеткізуге деген сұранысты кеңейтуі керек. Жергілікті бастамаларды орталықтандыруды күшейту және дайын, алдын ала дайындалған тұрғын үй «тауарларымен» қамтамасыз ету талаптары бұрмаланатын болса, қоғамда тұрғын үй мәселесін шешу үшін жасалып жатқан барлық іс-әрекет сәтсіздікке ұшырайды.

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ ӘДЕТТЕ ЖЕРГІЛІКТІ ҚЫЗМЕТ БОЛЫП ЕСЕПТЕЛЕДІ

Тұрғын үйлер мен инфрақұрылымды жобалау, салу, жақсарту және басқару мемлекет немесе жалпы нарықтың емес, жергілікті қауымдастықтардың міндеті. «Серіктестік» секторы әдетте қоғамда бар мемлекеттік немесе жеке секторлардан ерекшеленеді; ол негізінен коммерциялық та емес, ресми үкіметтік те емес болып саналады.



Қазіргі уақытта көптеген факторлар қоғам мен оның экономикасын тек пайдаға негізделген коммерциялық және билікке негізделген үкімет әрекеті тұрғысынан түсіндіруге болмайтынын көрсетеді. Үшінші әлем елдерінде адамдардың күш-жігерінің басым бөлігі тамаққа, киімге, баспанаға және махаббатқа деген өздерінің негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыруға жұмсалады. Ал бұл кезде коммерция мен саясаттың элементтері тауарларды өндіру мен таратуды немесе қызметтерді басқаруды жүзеге асырады. Бұл кезде шағын, жергілікті және жеке ауқымда жүзеге асырылатын іс-әрекеттер капиталистік емес және үкіметтік емес болады.

Жалпы халық пен нарық және мемлекеттік секторлар арасындағы өрескел, бірақ әлі де пайдалы айырмашылықтар «қоғамдық» немесе мемлекеттің «жекелерге» қарсы немесе тұрғын үйдің нарықтық ұсынысына қарсы нәтижесіз дау-дамайды ұстап тұр.

Үшінші сектор (жеке коммерциялық емес ұйымдарды біріктіретін экономика секторы; оған ерікті және жергілікті ұйымдар, қайырымдылық қорлары, әлеуметтік кәсіпорындар, кооперативтер және т.б. кіреді) нарық қорғаушылары мен мемлекет арасындағы сөзсіз қақтығыс толық шешілгенге дейін танылуы керек. Қоғамдық ұйымдар тұрғын үй секторының басым секторы ретінде танылған кезде, баламалардың анағұрлым бай және бейімделгіш әртүрлілігі әртүрлі саяси, экономикалық және мәдени контекстерге сәйкес келуі мүмкін. Басты әлеуметтік мақсат капиталистік қанауды шектеу және бақылау ма, әлде бюрократиялық орталықтандыру ма, тұрғын үй саясатын теңдестіру осындай өзгерістерге арналған кез келген стратегияның негізгі бөлігі болуы мүмкін және болуы керек те. Әлбетте, мәселе тұрғын үй кез келген бір сектордың өнімі болуы керек пе, айналып келгенде, бұл мүмкін емес екенін барлық практика растап отыр. Мұндағы шешуді талап ететін нақты мәселе – тұтастай алғанда тұрғын үй процесіндегі қызметтердің әртүрлі деңгейлері мен билік арасындағы шекара.

Бұл мәселені нақты түсіну үшін тұрғын үйдегі кем дегенде үш негізгі «қызмет деңгейін» және үш негізгі «билік деңгейін» ажырату маңызды. Қызметтің үш деңгейін тұрғын үй құрылысының барлық құрамдас компоненттерін жинақтау, құрастырылатын құрамдас компоненттерді жеткізу және құрамдас компоненттер, демек, құрастырылатын элементтерге қол жеткізуді қамтамасыз ету ретінде сипаттауға болады. Бұл соңғы элемент өндірістің жұмыс істеуі үшін қажетті негізгі ресурстар мен ұйымдарды қамтиды. Жинақтау дегеніміз – ғимараттарды және оған жақын аумақтарды жобалау, салу және күтіп ұстау болып табылатынын түсінеміз. Негізгі ереже бойынша, бұл тұрғын үй блоктары алдын ала жиналатын жағдайларды есептемегенде жергілікті әрекет болып саналады; бұл жағдайда олар құрамдас компоненттерге айналып, кез келген басқа материалдар сияқты учаскелерге жеткізіледі. Тұрғын үй схемаларын біріктіру немесе бұрыннан бар ауданды жақсартуды басқару үкіметтің кез келген деңгейі жүзеге асыра алады. Мысалы, тікелей халықтың өзі, аймақтық деңгейден халықаралық деңгейге дейінгі коммерциялық ұйымдар немесе кез келген деңгейдегі мемлекеттік органдар жасай алады.

Бұл жұмыс осы қызмет деңгейінде жергілікті қоғамдастықтарды жауапкершілікке шақырады және орталықтан реттелетін тұрғын үй жобалары мен бағдарламаларын кезең-кезеңімен жүзеге асыруды талап етеді. Бірақ бұл құрамдас компоненттерді мемлекеттік сектор жеткізе алады немесе жеткізуі керек дегенді білдірмейді. Су немесе дренаж жүйелері сияқты көптеген құрамдас компоненттер ауқымы бойынша муниципалды немесе орталықтандырылған астаналық болып табылады және жоспарлау, іске асыру және басқару үшін үкімет тарапынан тиісті өкілеттік деңгейлерді талап етеді. Осы және басқа да көптеген компоненттерді орталық үкімет немесе тіпті халықаралық агенттіктер мен трансұлттық корпорациялар жақсырақ қамтамасыз етеді. Жергілікті түрде қамтамасыз етілмейтін инфрақұрылымды және басқа компонент-

терді әдетте аралық масштабтағы ұйымдар немесе муниципалды үкімет жүргізеді.

Негізгі элементтермен немесе ресурстармен қамтамасыз ету және оларға қолжетімділікті анықтайтын ұйымдарды пайдалану көбіне орталық үкімет пен мемлекеттік органдарға байланысты жүзеге асырылады. Жергілікті деңгейдегі немесе жаһандық деңгейдегі тапшы ресурстарды тек орталық билік органдары дұрыс басқарып, әділ түрде бөле алады. Басқа жолдармен олардың қол жетімділігіне немесе жақындығына әсер ететін пайдалануды реттейтін ережелер туралы да дәл осылай айтуға болады, ал тапшы ресурстарды бағалауды тек орталық үкімет әділ әрі тиімді түрде бақылай алады.

Орталықтан басқарылатын тұрғын үй шаруашылығы барлық жағдайда, мысалы, материалдық жағынан да, еңбек ресурстары жағынан да қымбатқа түседі. Ресурстардың тапшылығы жергілікті немесе көбіне монополияланған жағдайда сөзсіз түрде ресурстарды теңдей бөлмеу және теріс пайдалану болады. Нарықтың, мемлекет пен қоғамдық ұйымдардың бір-бірін маңызды толықтыруын қызмет пен билік деңгейлерінің шекаралары дұрыс анықталғанда ғана түсінуге болады. Азаматтық қоғам секторы негізінен үйлер мен маңайдағы аумақтарды жобалауға, салуға және күтіп ұстауға жауапты болуы керек, ал орталық үкімет, мемлекеттік сектор «жер құқығы» және жетіспейтін жергілікті немесе аймақтық ресурстардың бөлінуі үшін жауапты болуы керек. Аралық мемлекеттік және коммерциялық ұйымдардың рөлдері мен жауапкершілігі өте өзгермелі және жергілікті жағдайларға тікелей тәуелді болады.

Табыс деңгейі жоғары, урбанизацияланған әрі өнеркәсібі дамыған елдерде және орталықтандырылған бюрократиялық бақылауы бар елдерде қоғамдық ұйымдастыру секторы өте әлсіз болады. Тұрғын үй саясатында немесе қызметтің кез келген басқа саласында жеке және жергілікті құқықтар мен бостандықтарды нығайту міндеті жергілікті қоғамдық ұйымдарсыз жүзеге асырылмайды. Үшінші әлем елдеріндегі табысы төмен шаруашылық бірлестіктерінің көбі, әсіресе, осы жергілікті қауымдастықтар федерацияға біріккен кезде, қарапайым адамдар жергілікті деңгейде ұйымдастырылған ұжымдық іс-әрекеттер арқылы өз өмірінің сапасын бақылаудың айтарлықтай деңгейіне қол жеткізе алатын болып отыр. Көп жағдайда жаппай басып алу әрекеттерін жүзеге асыратын **скваттерлердің** іс-әрекеті көпшіліктің мүддесіне оң әсер ететін маңызды саяси өзгерістерге ықпал етті. Ауқатты әрі институционалданған халық саны көбейгенде, азаматтық қоғам ұйымдарының қы-

скваттер –

жер басып алушы,
руқсатсыз немесе жалдау
ақысы жоқ ғимаратта
немесе жерде тұратын
адам

зметі орталықтан жоспарланған және бұрыннан бар аудандар мен қауымдастықтарды сақтауға және дамытуға бағытталған үлкен саясатты өзгертуге ықпал етеді.

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫНА ОРТАЛЫҚТАН ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛУІ КЕРЕК, БІРАҚ ТОЛЫҚТАЙ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛМЕУІ КЕРЕК

198

Қарапайым адамдарды қолдайтын, жергілікті және әлеуметтік даму-дың қозғаушы құралы ретінде әрекет ететін тұрғын үй жүйелері тұрғын үй элементтерін, құрамдас компоненттерін және жинақтарын сатып алу туралы келіссөздер жүргізуге уәкілетті автономды органдардың желілері ретінде ұйымдастырылған. Барлық шешім қабылдайтын тұлғалар – үй иесі, құрылыс салушы, материалды жеткізуші, жер немесе жылжымайтын мүлік иесі, әртүрлі мемлекеттік органдар немесе аралық кәсіпқойлар – ерекше, бірақ бір-бірін толықтыратын жауапкершіліктер мен рөлдерге ие. Автономды жүйеде түпкілікті нәтижелер қандай да бір шешімді немесе әрекетті бақылайтын адамдар арасындағы келіссөздердің жемісі болып шығады. Иерархиялық жүйелерде, керісінше, маңызды шешімдердің барлығына қабылдау құзіреті бар агенттік немесе шағын **кликлар** (топтар) үстемдік етеді; басқа қатысушылар осылайша өздеріне есептелген және олар тарататын тауарлар мен қызметтерді тұтынушылар, қызметкерлер немесе пассив тұтынушылар мәртебесіне дейін төмендейді. **Гетерономия** – пирамиданың басында тұрғандардан басқаларының бәрі жоғарыдағылар қабылдаған шешімдерге тәуелді болатын жүйе, яғни автономияға қарама-қарсы түсінік.

клика –

бұл бірге уақыт өткізетін және бөгде адамдарға өз шеңберіне кіруге мүмкіндік бермейтін адамдардың шағын тобы

гетерономия –

басқалар белгілеген құқықтық нормаларды сақтау

гегемония –

бір әлеуметтік таптың басқалардан үстемдігі

автаркия –

жеткіліктілік жағдайы немесе сезімі; автономия

Автономия өзара тәуелділікті білдіреді. Автономды желінің түйіндері болатын агенттіктер бір-бірінен ғана емес, сонымен қатар өздеріне қажетті ресурстарға қол жеткізуге және оларды тиісті тәсілдермен пайдалану еркіндігіне де тәуелді болады. Жергілікті және аймақтық желілер орталық органдардың жергілікті тапшы ресурстарға қол жеткізуді бақылайтын және оларды пайдаланудағы жеке және жергілікті еркіндіктерді қорғайтын орталық желілеріне тәуелді. Жергілікті қоғамдық ұйымдар секторының немесе корпоративтік нарықтардың, орталық үкімет пен мемлекеттің тәуелділігі толық болуы мүмкін емес. Егер солай болса, автономияға қол жеткізілгеннің өзінде оның сақталуы екіталай. Жергілікті желілер өмір сүру үшін жеткілікті негізгі ресурстарға қол жеткізсе және территориялық ауқымы кең болса, жергілікті қауымдастықтар өз-өзіне сенімді бола алады. Бұл оларды қатал нарыққа немесе мемлекеттік жүйелерге тиімді қарсы тұрып, сол арқылы басқарудың жалғыз жолы. Толыққанды әрі барлық жағынан мәселені шешуге қауқарлы жергілікті ұйым болмаған жағдайда нарықтың немесе мемлекеттің гегемониясы және қауымдастықтың қысымы сөзсіз көрінеді.

Заманауи қоғамда мемлекет те, нарық та өте маңызды, сондықтан қоғамдық белсенділікке балама жауаптар нақты тұжырымдалуы керек. Гетерономды және монополистік жүйелер байлықты бір орталыққа жинап, билікті жүзеге асырудағы орталықтандыруға тәуелді. Бірақ олар

тұрғын үйді басқаруға және өз мүдделерін қорғау құралы ретінде пайдалануға болатын тауар ретінде қарастырады. **Автаркия** кең таралған сұраныс қысымын төмендету арқылы шоғырлану процесін жеңілдетеді. Дегенмен, орталықтан жеткізілетін тауарлар мен қызметтер түріндегі азаматтық артықшылықтар туралы қандай қате талаптар осы капиталистік және статистикалық тенденцияларды күшейтуге көбірек әсер етеді.

Автаркия мен автономия арасындағы шекара кең және терең, қарапайым адамдардың өздері қол жеткізе алмайтын және өзін-өзі қамтамасыз ете алмайтын құрамдас компоненттер мен элементтерге деген қажеттіліктері бірнеше ондаған жыл бойы кейбір елдерде оң пікір туғызды. Таза ауыз суға, жақсы қоғамдық көлікке, электр қуатына және мектептерге деген қажеттіліктер, мысалы, табысы аз халық көп тұратын көптеген елде мемлекеттік органдар тарапынан қанағаттандырылды, себебі бұл қызметтердің жан басына шаққандағы құны сондай қымбат емес еді.

Тиісті мемлекеттік қамтамасыз ету жинақталған бөлшектер, толық емес пакеттер түрінде болуы керек. Ең тиімді және өнімді сұраныс – бұл пайдаланылмаған, толық пайдаланылмаған немесе дұрыс пайдаланылмаған ресурстарды пайдалануға немесе түзетуге мүмкіндік беретін қосымша тауарларға сұраныс. Адамдарға жер болған кезде оларға қосымша материалдар, құрал-саймандар мен дағдылар, ең бастысы, су қажет және оны өз бетінше экономикалық жолмен шешу мүмкіндігі жоқ. Ал құбырды суға қосу қысқа мерзімде үлкен құрылысты бастауға себеп болуы мүмкін. Тұрғын үй қажеттіліктерін ресми шешу – халыққа ең төменгі әдеттегі стандарт үйлер ұсыну түрінде болады және тек нарық пен мемлекеттің тұрғын үймен қамтамасыз ету ресурстары мен мүмкіндіктері бар деген болжамға негізделеді.

Дайындық бірнеше жылға созылуы мүмкін. Орта таптағы шенеуніктер белгілейтін ең төменгі стандарттар әдетте өте жоғары бағада болады және үстеме шығындармен, орталықтан басқарылатын және коммерциялық негіздегі мердігерлік құрылыспен бірге есептегенде, тұрғын үй бағасы өлеуетті бенефициарлардың басым көпшілігі көтере алатын бағадан әлдеқайда жоғары болады. Осылайша, табысы төмен және бюджеті өте аз елдердегі үкіметтер тұрғын үй субсидияларын ұсынғанда, салынған дайын тұрғын үй көлемі күрт азаяды. Ал қалған аз ғана бөлігі қайтадан ресми немесе бейресми түрде халықтың ауқатты бөлігіне қайта бөлінеді; осыған сәйкес бастапқы қауымдастықтардың ресурстары негізінен ысырап болып, үкімет қайталанатын ауыр

шығындарға ұшырап, қарызға батады, бұлардың бәрін жақын арада өтей қою екіталай.

Бұл шығындарды болдырмауға болады. Ол үшін тұрғын үй құрылысы мен оны бөлуге қажет құрамдас компоненттер оны пайдаланушыларға максималды практикалық пайда әкелуі үшін осы компоненттерді өз ресурстарына бейімдеуге мүмкіндік беретін, осылайша жергілікті іске асыру еркіндігін арттыратын жолдармен қамтамасыз етілуі қажет. Тағы бір анық әрі ақиқат нәрсе мынау – әдеттегі тұрғын үй схемалары немесе жобалар мен түпкілікті бағдарламалар кезең-кезеңімен жойылып, ашық қызмет көрсету жүйелерімен ауыстырылуы керек.

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚЫЗМЕТІНІҢ АСПЕКТИЛЕРІ: ФОРМАЛАРЫ, РЕСУРСТАР ЖӘНЕ ҰЙЫМДАР

Кез келген ұзақ мерзімді өзгерістер стратегиясы – қысқа мерзімді тактикалық әрекеттердің жиынтығы. Бұл қорытынды бөлім жеке әрекет ауқымының диапазонын анықтайды, олардың әрқайсысы өзгерістің басқақы нүктесі болады. Түрлі комбинациялар мен орын ауыстыру саны тым көп, ал ештеңе істеуге келмейтін немесе әлі еш шара қабылданбаған жағдайлар, егер бар болса, тым аз. Біз осы үш қызмет аспектісінің маңызды айырмашылықтарын және азды-көпті тәуелсіз түрленгіштігін талдап тексердік: тұрғын үй тауарлары мен қызметтерді қабылдайтын формалар; оларды өндіретін тәсілдер немесе ресурстар, құралдар және осы құралдарды басқаратын жолдар немесе ұйымдар. Бұл жалпы аспектілердің әрқайсысы осы бағдарламаны жоспарлау мен жүзеге асыру үшін белгілі бір әрекет ауқымына бөлінуі керек.

Тұрғын үй және жақын жатқан аумақтар жобасы – ең аз әсер етуші қызмет аспектісі, өйткені нысандар едәуір дәрежеде жолдар мен оларды өндіру құралдарының салдары мен көрінісі. Жобаның өзгеруі техниканы, тіпті басқаруды өзгерте алғанымен, олар әдетте өзіндік жобалармен немесе бағдарламалармен шектеледі. Стиль мен форманың өзгеруі тереңірек мағынада одан да ауыр салдарға әкелуі мүмкін, кейде анық әкеледі де, бірақ олар жанама сипатта болады. Ресурстарды немесе ұйымдарды бөлуге тікелей ықпалдар көбіне саяси тұрғыдан пайдасыз; жоба әдеттегідей саяси тұрғыдан бейтарап болғандықтан, бұл – көбінесе нарықтық немесе мемлекеттік күштер құрылымдық өзгерту әрекеттерін тоқтата алатын бірден-бір қызмет саласы.

Тұрғын үй құрылысы архитектурасындағы негізгі мәселе – құрылыстың үш негізгі шарты – шекаралар, желілер және аумақтар арасындағы қатынастар. Шекаралар – пайдалану, болу мерзімі және басқару немесе қызмет көрсету үшін жауапкершілік арасындағы институционалдық шектер. Шекаралар, әдетте, қабырғалар немесе материалдық бетті өзгерту сияқты физикалық кедергілермен таңбаланады және солармен сәйкес келеді (көше мен саябақтың арасындағы сияқты). Шекаралардың өздігінен физикалық қасиеттері болмауына қарамастан, олар өзгеріс үшін ең қиын форма элементі және ең ұзақ өмір сүру мүмкіндігіне ие.

Желілер – аудандарды қосатын және қызмет көрсететін инфрақұрылымдар, ал көлемдер шекаралармен және құрылыстармен айқындалады. Қоғамдық жолдар мен өткелдер, жолдар мен көшелер желісі міндетті түрде белгілі бір шекаралармен сәйкес келеді. Жартылай қолжетімділік және коммуналдық желілердің шекаралармен сәйкес келуі шарт емес, себебі әртүрлі коммуналдық шаруашылықтарда қабаттасатын, бірақ әртүрлі таратқыш желілер болуы мүмкін.

Көлем – инфрақұрылыммен, **ландшафтық архитектурамен**, көгалдандырумен және кейде ашық кеңістіктерді қиып өтетін, тіпті белгіленбеген болуы ықтимал шекаралармен қамтамасыз етілмеген үшөлшемді кеңістік. Архитектуралық форма мәселесі осы үш элементтің бөлінетін және тәуелсіз өзгертін дәрежесіне қатысты. Олар учаскелер шегінде едәуір дәрежеде жеке ғимараттардан құралған тығыздығы төмен құрылыстың даму жағдайындағы сияқты айтарлықтай тәуелсіз болуы немесе биік монолитті алып ғимараттар жағдайындағы сияқты біртұтас болуы мүмкін.

Тәуелсіз өзгергіштік, яғни, шекалардың, желілердің және көлем бөлектігінің дәрежесі неғұрлым жоғары болса, физикалық орта өзгерістерге соғұрлым сезімтал болады. Бірақ шамадан тыс шашырату, шамадан тыс шоғырлану сияқтылар көршілер арасындағы қатынасты әлсіретеді немесе бұзады. Ең нашар жағдайлар шекаралар мен желілер санатына жататын монолитті құрылымдарда байқалады; олардың басым бөлігі ғимараттардың өзінен бөлінбейтіндіктен, осы құраушылардың кез келгенін өзгерту басқаларын өзгертпей еш мүмкін болмайды. Тарих көрсеткендей, қоныстандырудың ең қолайлы түрі – «аз қабатты/жоғары тығыздық» формуласы. Дамудың барлық мүмкін түрлерін шоғырландырған ерекше формалардың алуан түрлілігі және көп жағдайда көнелігі олардың қаншалықты бейімделетінін көрсетеді. Қазіргі заманғы монолитті формалар да, олар шабыттандырған шашыраңқы қала маңындағы формалар да дәстүрлі формаларды алмастырады, дегенмен бұл үрдіс кейбір елдерде толығымен өзгеруде. Қазіргі заманғы формалар климаттық және мәдени айырмашылықтарға қарамастан, бүкіл әлемде өте ұқсас. Олар жоғары дәрежеде жергілікті ерекшеліктерге сезімтал емес, бейтарап және монолитті форма әсіресе өте тиімсіз, сондықтан қолданылмайды. Ол құрылыс және қызмет көрсету тұрғысынан өзінің қысқа мерзімділігін және жоғары шығындылығын дәлелдеді.

Соңғы зерттеулер мен бағалаулар көрсеткендей, дұрыс жобаланған шоғырланған формалар, сөзсіз, ең үнемді таңдау, оның үстіне олар тұрғындардың өздерінің жауапты және бірлескен басқаруы мен қызмет

көрсетуін ескеріп, тіпті ынталандыратындықтан, достық ортаны қамтамасыз етеді.

Жоғарыда айтылғандай, негізгі ресурстарға жер, жасалған жұмыс және техника жатады. Кейбір үкіметтер келісілген қағидаларды қолдану үшін белсенді қадамдар жасаса да, жер қазір жалпыға ортақ проблема. Бұдан былай айқын нәрсені көрсетудің қажеті жоқ: бұл жерді нарыққа елеулі шығындарсыз және әділетсіздіксіз тауар ретінде немесе ол жылжымайтын мүлік болғандықтан және ұсыныс сұранысқа сәйкес өспейтіндіктен ғана ұсыну мүмкін емес. Жеке және мемлекеттік меншіктің қарама-қайшылығы әлі де басты мәселе болып отыр. XX ғасырдың тәжірибесі мемлекеттік меншіктің үлкен артықшылығын растаса да, мемлекеттік немесе тіпті муниципалды монополиялау жерді азаматтар мен жергілікті кәсіпорындар үшін бағаны еркін нарық бағасына шығару арқылы қолжетімсіз етуі мүмкін. Алайда, шұғыл зерттеуді қажет ететін мәселе – жергілікті қоғамдастықтың меншігі (қорғаншылық), бірлескен жер банктері, мемлекеттік және жеке (немесе жартылай жеке) балама нұсқалар.

Жұмыстар және оларды ұйымдастыру саласындағы бірінші көзқарас – қолданылатын көлемдердің жарамдылығы немесе өндірісі, пайда әкелу немесе әкелмеу не тәуелсіз қолданылатын тауарлар өндірісі. Демек, ұйымдастырушылық өзгерістер де, техникалық ілгерілеу де тәжірибе индексі. Жұмыстың ең пайдалы, шығармашылық және жанға жайлы түрлері – бұл жұмысшының жоғары жауапкершілік деңгейі мен өз шеберлігін шыңдау үшін шектері бар түрлері. Олар сонымен қатар тапқырлық немесе аздан көп нәрсе алу тұрғысынан түсінілгенде, үнемдеудің жалпы шарттары бола алады. Ұйым неғұрлым үлкен немесе құралдар неғұрлым күрделі болған сайын, бұл салада немесе жұмыс орнында, сызу тақтасында не жұмыс үстелінде жоғары жауапкершілік деңгейін немесе дағдыларды сақтау соғұрлым қиын болады.

Ірі корпорациялар тіпті әдеттегі тиімділік пен өнімділіктің өзі орталықсыздандыруды және жеке әрі аз топтық автономияны көбейтуді қажет ететінін анықтады. Өндірістік желілерді автоматтандыруға үлкен инвестициялар және өнеркәсіптік дамыған және жай ғана өнеркәсіптік елдердегі «микрочиптік революцияны» күту ескіше механикаландырылған, жеке мәнсіз еңбекке деген наразылықтың артқанын көрсетеді. Бұл өте күрделі технологиялардың кедей және өнеркәсіптік дамушы елдер үшін маңыздылығы, атап айтқанда, үшінші әлем елдерінің басым бөлігі әлі кездестірімеген және олардан аулақ бола алатын проблемаларды шешудің жолдары мен құралдарына байланысты.

Жұмыс жеке жауапкершілікті және дағдыларды дамыту мен жетілдіру мүмкіндігін барынша арттыру үшін әкімшілік түрде ұйымдастырылуы керек. Технологиялық тұрғыдан алғанда, жұмыс жеке адамдар немесе шағын командалар жасай алатын материалдардың, құралдардың және энергия нысандарының функциясы болуы керек. Бұл желілік құрылымдар мен құрылыс материалдары мен құралдарын өндірушілер мен жеткізушілердің аралық технологиясын арттыруды талап етеді, оларды аз мөлшерде және жұмсалатын энергияның төмен деңгейімен пайдалануға болады.

Сондай-ақ, олар жерге және оны әлеуметтік өміршең және орталықтандырылған банк пен қаржы жүйесіне тәуелділікті азайтатын тәсілдермен пайдалану еркіндігіне жеке және жергілікті қолжетімділікті арттыратын институттарды талап етеді.

Қазіргі уақытта қолданылатын құрылыс технологияларының өсіп келе жатқан пропорцияларының инфляциялық, орталықтандыратын және тәуелділік тудыратын әсерлеріне қарсы тұру үшін: мол немесе оңай қалпына келтірілетін; аз энергия (немесе температура) шығындайтын және экологиялық таза; тозуға төзімді, техникалық қызмет көрсетуді аз немесе мүлдем қажет етпейтін және қайта өңделетін; жергілікті ресурс болғандықтан, тасымалдау шығындары азаятын, жергілікті, аймақтық немесе ұлттық автономияны және ұлттық-мәдени ерекшеліктер мен әртүрлілікті арттыратын; білікті жұмысшылар мен шағын ұйымдар басқара алатын қарапайым немесе жеңіл құралдар мен жабдықтарды қажет ететін материалдарды пайдалануды арттыру маңызды. Көп жағдайда ең жоғары басымдық органикалық отынға деген сұранысты төмендететін шағын жергілікті өндірісті жылдам арттыруға негізделеді. Тасымалдауды қысқарту жанармайға деген қажеттілікті азайтып қана қоймай, тиеу мен түсіруден, ұрлаудан, жинаудан және артық немесе жеткіліксіз тапсырыстан туындайтын шығындарды да азайтады. Мысалы, цемент те, күйдірілген саздан жасалған бұйымдар да нарықтық жүйе мен бюрократиялық централизм таңып қойған үлкен орталықтандырылған зауыттарға қарағанда кішігірім жергілікті зауыттарда әлдеқайда үнемді өндірілуі мүмкін. Шағын жергілікті зауыттар материалдардың, әсіресе цемент пен болаттың төмен, бірақ шағын және орта өлшемді ғимараттарды салу үшін қажеттіліктерді толығымен қанағаттандыратын барлық қасиетке ие сұрыптарды шығара алады.

Ойын тәрізді барлық қызмет түрі үш негізгі қағидаға тәуелді: адамдар таңдаған тарап және шешім қабылдауға қажетті олардың өкілеттіктері; олар әрекет етуде жүгінетін ережелер және түрлі әрекеттерге беретін ұпайлары. Бірінші қағида – билік құрылымы – қоғамдық ұйымдар, нарық және мемлекеттік секторлар тұрғысынан жоғарыда көрсетілді. Басты мәселе: кім шешеді? Бұл – өз қоғамдастықтарындағы адамдар, олардың тұрғын үймен қамтамасыз ету жеке және әлеуметтік даму үшін қанағаттанарлық өрі тиімді құрал болуы керек пе, жоқ па, соны шешуге күші болуы керек. Жоғарыда айтылғандай, ол үшін өздігінен генерациялау да, аралық құрылымдарды мемлекеттік қолдау да қажет болады. Бұл, өз кезегінде, кішігірім жергілікті ұйымдар қолдана алатын және өз тәсілдерімен жинай алатын жиналатын бөліктер түрінде үлкен орталықтан басқарылатын ұй-

ымдар қамтамасыз етуі керек тауарлар мен қызметтерді қамтамасыз етуді талап етеді.

«Ойын ережелері» әртүрлі секторлар мен билік деңгейлері әрекет ете алатын шектерді белгілейді: олар халық пен жергілікті ұйымдар ұстанатын сызықтарды жүргізе алмайды. Тыйым салатын заң – босатады, нұсқау беретін заң – басады. Қазіргі заманғы тұрғын үй, құрылыс және технологиялық ережелер мен нұсқаулықтардың көпшілігін техникалық шарттар құрайды; шынында да, көптеген заңдар категориялық бағдарламалардың егжей-тегжейлі сипаттамасы, онда кім нені алу керек, қандай қызметтер мен тауарлар пакетін, тіпті қашан, қайда және қалай алу керек екені айтылған. Заң, жоспарлау және жобалау барған сайын араласып, шатасып кетті; тек орталықтандырылған өндірісте, бөлуде және басқаруда мүлтік құқықтар берілген адамдар ғана пайда көрді. Басқа дамудың маңызды аспектісі және тұрғын үй құрылысында ерекше айқын аспект – бұл құқықтық қағидаттар мен практиканың өзгеруі.

Құрылыс стандарттары саласында кейбір жетістіктерге қол жеткізілді. Құрылыс элементтерінің функционалды шектерін және жабық кеңістіктердің физикалық сапасын талап ететін жұмыстардың сапа стандарттары формаларды алдын ала анықтайтын техникалық шарттар стандарттарын алмастыра бастады. «Үдемелі даму» тіркесі қазір жалпы қолданыста, бұл ғимараттар мен тұрғын үй жағдайлары, егер олар үнемді және жергілікті қоғамдастықтардың өсуіне және өзгеруіне сезімтал болса, ұзақ уақыт дамуы керек екенін көрсетеді. Өзірге мүлік пен инвестицияларды иелену мерзімі мен мүлікті иелену уақытымен және мерзімімен инвестиция деңгейі арасындағы қатынасты анықтауда аз жұмыс жасалды (мысалы, уақытша, аяқталмаған немесе табиғи түрде бұзылған ғимараттарды пайдалануды реттеу). Бұл салалардағы тәжірибені бағалау және дамыту өте қажет.

Жоғарыда айтылғандай, ақша да, қаржы да, айырбастың басқа түрлері де сөздің тікелей мағынасында ресурс бола алмайды. Айырбас – бұл сандық көрсеткіштер жүйесі, оның негізінде шешімдер қабылданады, оны толығымен қоғам, сәйкесінше ұйым жасайды. Ақшаны ресурс деп атау әдеті қауіпті; ол ақшасы жоқтардың құқығы жоқ деген ұғымды енгізу немесе күшейту арқылы оны иеленушілердің мүдделерін одан әрі қорғай алады. Ойлаудың бұл түрі сонымен бірге максималды монетаризация қажет және болғаны дұрыс деген жалпы болжаммен толықтырылады, нарықтық тәртіпсіздікті және жас пен гендерлік топтар арасындағы, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық кластар арасындағы бөліністерді нығайту ретінде құндылықтарды пайдалануды арттырады. Қазіргі уақытта «Сыйға тарту экономикасына», «бейресми секторға», шаруашылық экономикаға және жыныстардың рөліне деген қызығушылықтың артуы монетаризация, сондай-ақ **институцияландыру**, кәсібилендіру және индустрияландыру мәселелеріне байланысты.

Табыс деңгейі жеткіліксіз тұлғалар үшін ақша мен кредитке қолжетімділіктің артуы маңызды. Орталықтандырылған банк және кредит жүйесінің баламалары қажет әрі жер проблемасымен тығыз байланысты

болып келеді. Егер жер қоғамдастықтардың қолында болса және ұжымдық мүліктік кепіл ретінде пайдаланылса, жергілікті ресурстарды пайдалану барынша көбейтілуі мүмкін. Нарықтық экономика жағдайында ақша ресурстарын ұсыну деңгейінің артуы бағаның өсуіне бейім. Орталықтандырылған жоспарланған экономика жағдайында ақшаны бөлу емес, ақшаны пайдалану жолдары мәселеге айналады. «Социалистік» деп аталатын елдерде мемлекет монополиялаған ресурстарға жеке және жергілікті қолжетімділікті арттыру үшін өсіп келе жатқан сұраныс бар және бұл кредитке қажеттіліктің артуына әкеледі.

Ақшалай және ақшалай емес кредиттік айырбас жүйелері арасында, нарықтық экономика мен сыйға тарту экономикасы арасында немесе ресми және бейресми секторлар арасында тиісті теңгерімге немесе тепе-теңдікке қол жеткізу үкіметтің салық салу саясатына, баға белгілеуді бақылауға және кірістер мен субсидияларды бақылау құралдарына байланысты. Бұл жеке және жергілікті бастаманы жазалау, нақты экономикаға кедергі жасау және ысырапшылдықты ынталандыру үшін әрдайым болмаса да өте жиі құрамдастырылады. Бұл ерекшеліктер тұрғын үй құрылысында жиі кездеседі. Көп жағдайда, тіпті барлығында десе де болады, тұрғын үй басына шаққанда абсолютті шығындар кірістерге кері пропорционал. Бұл әділетсіздікке тікелей ықпал монетарлық емес айырбас арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Тек салық салу, субсидиялар және мүмкін болған жағдайда бағаны реттеу арқылы және мұның бәрі қолма-қол ақшасыз айырбастау аймағын арттыратын тәсілдер қолданылуы керек.

Тәжірибе алмаспай және идеяларды талқыламай, осы тақырыптағы кез келген мақала уақыт пен қағазды ысырап етеді. Әр тақырып бойынша жарияланған әдебиеттердің саны көп, бірақ ол қаланың орталық қиылыстарындағы газет дүңгіршектерінде тым көп немесе шеткері аймақтарда жоқ. Адамдар мен шағын ұйымдардың бір-біріне үстемеленген желілері арасында таратылатын ақпараттық бюллетеньдердің соңғы өсуі пайдалы ақпараттың негізгі көзіне айналады. Негізінен ақпарат алмасуға мүдделі және дамудың басқа түрімен айналысатындар пайдаланатын желілер жеке және жергілікті бақылауды арттырады; күрделі және қолжетімсіз жабдықты қолдана отырып, орталықтандырылған ақпараттық жүйелер «сарапшы» азшылықтардың және олардың корпоративті жұмыс берушілерінің өкілеттіктерін күшейтеді әрі жеке және жергілікті тәуелділікті арттырады.

Бір маңызды міндет – екі жақты алмасу кедергісін жеңу және зерттеу. Бір жағында өздері қажет ететін нәрсеге қолжетімділігі өте аз не-

месе мүлде қолы жетпейтін адамдар бар; екінші жағында олар негізінен пайдасыз ақпаратқа толы және бағытынан адасқан не арам ниетті тұлғалардың талаптарына уақытты ысырап етеді. Арнайы желілер мен семинарлар сияқты іс-шараларға осы мақала арқылы үлес қоса отырып, біз Басқа Дамуды жүзеге асыру үшін білімді кеңінен және жылдам бөлісе аламыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл жұмыс экономика, этика және тұрғын үй эстетикасы немесе кез келген басқа маңызды қызмет арасында ешқандай қайшылық болмайтынына негізделі отырып жазылған. Алдыңғы талқылау негізделген талдау мен түсіндіру экономика мен тұрғын үй өндірісіне қызмет көрсету, ең алдымен, тікелей мүдделі адамдардың тапқырлығына және ең алдымен тұтынушыларға байланысты екенін көрсетеді. Тұрғын үй нарығының тауарлары мен қызметтері бастапқыда жергілікті бақылауда болмаса да, оларға қызмет көрсету басқалардан бұрын тұрғындардың алаңдаушылығына байланысты болатыны анық. Үнемді өндіріс, техникалық қызмет көрсету немесе жаңарту – мұның бәрі зияткерлік бейімділікке және тұтынушылардың бірдей құбылатын және өзгеретін қажеттіліктері мен басымдықтарына сәйкес келетін, әдетте алынған тауарлар мен қызметтерге ақы төлеуге тура келетін өте өзгермелі жергілікті материалдық және адами ресурстарды пайдалануға байланысты. Бұдан шығатын қорытынды:

Тұрғындар басты шешімдер қабылдап, тұрғын үйді жобалауға, салуға немесе басқаруға өз үлестерін қосуға ерікті болған кезде, жүргізілген процесс те, қоршаған орта да жеке және әлеуметтік әл-ауқатты ынталандырады.

Егер адамдарда тұрғын үй процесінде басты шешімдер қабылдауға ешқандай жауапкершілік пен бақылау болмаса, тұрғын үй жағдайлары олардың өзін-өзі көрсетуіне кедергі болып, экономикада ауыртпалық әкелуі мүмкін. (Тернер және Фитчер. Құрылыс бостандығы, 1972.)

Бұл тұжырым көбінесе әркім өз үйін өзі салуы керек деген мағынада қате түсінілетіндіктен, «бақылау» сөзіне баса назар аударған жөн. Өз проблемаларын өз бетінше шешпеу де автономияны немесе өз күшіне сенуді және өзара байланысты өзін-өзі тану сияқты автаркиямен немесе тәуелсіз толыққандылықпен тең бола алмайды.

Этика жеке және жергілікті мәселелер үшін жеке және жергілікті жауапкершілікті талап етеді. Өйткені онсыз іс құрдымға кетеді, қажетсіз шығындар пайда болады, бұл кедейлік пен қайғы-қасіреттің артуына әкеледі. Сондай-ақ шешім қабылдауды және жауапкершілік алуды үйренбеген адам кемелдікке жете алмайды немесе қалыптасқан тұлға бола алмайды деп болжанады. Жеке бақылау кез келген басқа қажеттілік сияқты маңызды қажеттілік, сондықтан онсыз басқа негізгі қажеттіліктер қанағаттандырылмайды. Сонымен қатар, бұл маңызды жеке және жергілікті бақылау кез келген нақты немесе шынайы мағынада мәдениеттің қайнар көзі. Адамдар

мен табиғатқа қатысты қандай да бір жолмен жасалған заттардың дұрыстығы мен үйлесімі құралдарды иеліктен шығармай иеленуге және оларды пайдалану еркіндігіне байланысты. Қалалық өнеркәсіптік орталар мен олардың бірнеше ластаушы факторының жиіркеніштілігі иеліктен шығарылған жолдар мен құралдардың немесе өндіріс әдістері мен құралдарының тікелей және сөзсіз салдары.

Керісінше, дәстүрлі тұрғын үй мен жергілікті құрылыстың керемет формалары – «сәулетшілермен» – мамандандырылған құрылысшылары немесе сәулетшілері бар үлкен құрылыстармен бірге жергілікті халық қабылдаған және жергілікті кәсіпорындар жүзеге асыратын шешімдердің жиі кездесетін салдары. Дәстүрлі құрылыс қазіргі заманғы өндіріс жүйелері қалтасы көтере алатындар үшін жойған тәртіптің өнімі болды: ең жақсы құрылыс орындарының үйлесімі көбінесе құрылыс алаңында қолжетімді материалдар мен ұзақ уақыт бойына қалыптасқан дәстүрлерді пайдалануды қатаң шектеуге байланысты.

Табысы төмен құрылыс салушылар, тез урбанизацияланған жерлерде, өздері ұмтылатын немесе іс жүзінде өздері тиесілі коммерцияланған қоғамның ерекшеліктерін қайталап жатқанда, бұл сәулет өнерінің жаңа жергілікті стилінің бастауы деп айтуға болады, дегенмен мұнда өрескел түрде шынайы мәдениеттің дәнектері бар. Таңқаларлық тұрғын үй схемаларының кейбірі Эдинбургтегі Бат, Ньютаун және Лондондағы Бедфор жер иелігіндегі сияқты ірі алыпсатарлық авантюраларды мақұлдайтын корпоративті ұйымдардың өнімдері екендігі рас. Алайда, осы және ұқсас нұсқалардың көпшілігі, бәрі десе де болады, тиісті қоғамдары бар жоғары табысты секторлар үшін салынған. Сондай-ақ, мұндай жағдайлар дәстүрлі үлгілердің немесе типтердің жетілдірілген модельдері деп айтуға болады. Осы мақалада көрсетілген мәдени дамудың толық көрінісі – жоғарыдан төменге көшіру және сүзгілеу емес, төменнен жоғары қарай тазартуға негізделген қалыпты әрі маңызды процесс. Бұдан шығатын қорытынды: бұл дәнектер мұқият қорғалуы және бағытталуы керек; өсімдік өскеннен кейін өзіне-өзі қамқор бола алады.

Дереккөз: Turner, John F. C. «Housing: Its Part in Another Development» («Тұрғын үймен қамтамасыз ету: оның басқа көріністері компоненті»), Housing: Process and Physical Form. Ed. Linda Safran. Philadelphia: The Aga Khan Award for Architecture, 1980, pp. 9-19.

Тұрғын үймен қамтамасыз ету: процесс және физикалық бейнеленуі. Ред. Лин- да Сафран. Филадельфия: Ага Хан сәулет сыйлығы, 1980, 9-19-б.

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Тернер «тұрғын үй» терминін қалай түсінеді?
2. Тұрғын үйді тек тұтыну тауары ретінде қарастырудың қауіптілігі неде?
3. Тұрғын үй қалай немесе не арқылы қалыпты жағдайда салынады және сақталады?
4. Неліктен Джон Тернер қолданыстағы қызмет түрлерінің, құралдардың және тұрғын үй құрылысының түпкілікті нәтижелерінің өртүрлілігін қолдайды? Қазіргі тұрғын үй саясатының проблемасы қандай?
5. Жаппай тұрғын үй құрылысы тұрғын үй проблемаларын жоюға алып келе ме, жоқ па?
6. Көпшілікпен салынған құрылыс пен жаппай құрылыс арасындағы айырмашылық қандай?
7. Қандай тұрғын үй мәселелері қазіргі әлемдегі үкімет пен саясаткерлер қабылдаған өзгерістер мен шешімдердің салдарына жатады?
8. Неліктен қазіргі заманғы тұрғын үй схемаларының кейбірі адамдардың өмір салты мен қажеттіліктеріне сәйкес келмейді?
9. Неліктен жаппай тұрғын үй саясаты бүкіл әлемдегі қоғамның өртүрлі салаларында жарамсыз? Джон Тернер оны ауыстыруға қандай балама ұсынады?
10. Табысы төмен елдерде тұрғын үй қорының тапшылығының артында не тұр?
11. Джон Тернер әсіресе адамдардың жеткізуші ретіндегі жауапкершілігін және тұрғын үй салу процесінде ресурстарды ерекше атап өтеді. Бұл үкіметі тым бюрократияланған және жүйелері монополияланудың жоғары деңгейіне ие қоғамдарда шынымен мүмкін бе?
12. Неліктен қазіргі заманғы монолитті қоныс аудару формалары дәстүрлі «құрылыс тығыздығы жоғары төмен қабатты үйлерге», орташа өлшемді ғимараттар формасына ауыстырылуы керек? Джон Тернер өз тұжырымдарында неге сүйенеді?

ШОЛУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Джон Ф.С. Тернер тұрғын үй санын көбейту арқылы үкімет адамдардың кейбір негізгі, бірақ маңызды қажеттіліктерін қанағаттандыра алмады деп мәлімдейді. Тәжікстан қалаларында, әсіресе Душанбеде құрылыста жаңа тұрғын үй қорлары игеріліп –жатқанын ескере отырып, тұрғын үйдің бұл түрлері жергілікті халықтың тұрғын үй мәселесін шеше ме? Олар тұрғын үй құны мен құрылыс шығындары жағынан барлық адамға қолжетімді ме?
2. Джон Ф.С. Тернер мен Чарльз Корреаның тұрғын үй мәселесіне қатысты көзқарастары бір жерден шыға ма? Осы мәтіннен мысалдар келтіріңіз.
3. Джон Тернер Чарльз Корреаның тұрғын үйді жақсартуда сәулетшінің рөлі өте маңызды деген пікірімен келісер ме еді? Жауабыңызды негіздеңіз.

ТАЛДАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Қарапайым адамдар өздерінің қоғамдастықтарындағы сәулет пен тұрғын үй саясатын қаншалықты өзгерте алады немесе ықпал ете алады?
2. Сіздің еліңізде қандай тұрғын үй проблемалары бар? Сіздің қоғамдағы тұрғын үй проблемаларының Джон Тернердің осы жұмысында аталған проблемаларымен ұқсастығы бар ма? Сіздің ойыңызша, бұл проблемаларды қалай шешуге болады?



МАРСЕЛЬДЕГІ ЛЕ КОРБЮЗЬЕ ЖОБАСЫ БОЙЫНША САЛЫНҒАН
«БІРТҰТАС ТҰРҒЫН ҮЙ» КЕШЕНІ

ЛЕ КОРБЮЗЬЕ. ЖАҢА АРХИТЕКТУРАҒА

Чарльз Эдвард Жанере (1887-1965), Ле Корбюзье деген атпен де белгілі, Швейцарияда дүниеге келген. Оның «Жаңа архитектураға» атты мақалалар жинағы ХХ ғасырдың сәулет өнеріндегі ең маңызды жұмысы болып саналады. Ле Корбюзье Ле Корбусье сәулет рөлін қайта анықтап, оны индустриалды және әлеуметтік теңдік кезеңіне шебер бейімдеді. Ол архитектуралық құрылымдардан өрнектерді алып тастап, геометриялық тұрғыдан жеңілдету керек деп санады. 1927 жылы Женевадағы Бірінші **Ұлттар лигасының** орталығы өзінің жаңашыл дизайнын дисквалификациялауға жауап ретінде (өйткені ол стандартты сиямен жазылмаған), Ле Корбюзьенің **авангардтық** жұмысын қорғау үшін Заманауи сәулет өнерінің халықаралық Конгресі құрылды. Келесі үзіндіде Ле Корбюзье жаппай өндірілген үйлердің сәулет пен қоғамға айтарлықтай әсері туралы ынта-жігерімен бөліседі. Бүгінгі күні оның осындай жаңашылдықтарға деген құлшынысына көпшілік ортақтасар ма еді, ойланып көріңіз.



ҮЙЛЕРДІҢ ЖАППАЙ ӨНДІРІСІ

Ұлы дәуір басталды.

Жаңа рух бар.

Индустрия бізді алға қойған мақсатына ұмтылған ағын тәрізді жығып, осы жаңа, рухпен рухтанған дәуірге бейімделген жаңа құралдармен қамтамасыз етті.

Экономика заңдары біздің істеріміз бен ойларымызды басқарады.

Тұрғын үй мәселесі – дәуір мәселесі. Қоғамдағы тепе-теңдік бүгінде соған тәуелді. Қайта құру кезеңіндегі сәулетшінің бірінші міндеті – құндылықтарды қайта бағалау, ғимарат компоненттерін қайта бағалау.

Жаппай өндіріс талдау мен экспериментке негізделген.

Үлкен ауқымды индустрия құрылыспен айналысып, жаппай өндіріске жиынтықтаушы ғимарат элементтерін жіберуі керек.

Біз жаппай өндіріс рухын.

Жаппай өндіріс үйлерін салу рухын.

Жаппай өндірілген үйлердегі өмір рухын.

Жаппай өндірілген үйлерді түсіну рухын қалыптастыруымыз керек.

Егер біз үйге қатысты ескірген тұжырымдамаларды жүрегіміз бен санамыздан алып тастап, мәселені объективті және сыни тұрғыдан қарастыратын болсақ, біз тұрмысымызға сәйкес келетін жұмыс құралдары қандай әдемі болса, дәл сондай жаппай өндірілетін сау (соның ішінде моральдық тұрғыдан) әрі әдемі үйге, «Машина-үйге» келеміз.

Сондай-ақ, қатал әрі таза функционалды элементтерге суретшінің сезімталдығы қосуы мүмкін кез келген қозғалыста әдемі үйлерге келеміз.

Ұлттар Лигасы

(1920-1946) Біріккен
Ұлттар Ұйымының
алдындағы ұйым

Авангардтық –

жаңа, заманауи және
ерекше идеялар (өнерде,
музыкада және әдебиетте)

СӘУЛЕТ НЕМЕСЕ РЕВОЛЮЦИЯ

Индустрияның әрбір саласында жаңа проблемалар пайда болып, оларды шешудің жаңа құралдары ойлап табылды. Бұл фактіні өткенмен қарама-қарсы қойсаңыз, революцияға тап боласыз.

Құрылыста жаппай өндіріс басталды. Экономикалық қажеттілікке байланысты жаппай және егжей-тегжейлі жаппай өндіріс блоктары құрылды және белгілі бір нәтижелерге қол жеткізілді. Бұл фактіні өткенмен қарама-қарсы қойсаңыз, қолданылған әдісте де, үлкен ауқымда да революцияға тап боласыз.

Сәулет тарихы ғасырлар бойы құрылым мен ою-өрнектің өзгеруі түрінде баяу ашылады; бірақ соңғы елу жыл ішінде болат пен бетон жаңа жеңістер әкелді. Бұл ескі ережелер қабылданбаған құрылыс пен сәулет үшін одан да үлкен мүмкіндіктердің көрсеткіші болды. Егер біз өткенге қарсы шықсақ, онда біз үшін «стильдердің» енді жоқ екенін, біздің заманға сай стиль пайда болғанын, яғни Революция болғанын білеміз.

Біздің санамыз бұл оқиғаларды саналы түрде немесе бейсаналы түрде қабылдады және олардың саналы немесе бейсаналы түрде жаңа қажеттіліктері пайда болды

Қоғамның механизмі мүлдем істен шығып, жетілдіру, тарихи маңыздылық пен апат арасындағы тепе-теңдікті сақтайды

Әр адамның бастапқы инстинкті – баспаналы болу. Қазіргі уақытта әртүрлі кластағы жұмысшылардың да, қолөнершілердің де, зиялылардың да өз қажеттіліктеріне бейімделген баспаналары жоқ.

Құрылыс мәселесі бүгінгі алаңдаушылықтың түп негізінде жатыр: сәулет немесе революция.

АХАЖ аудармасы – ОАУ, Душанбе, 2004.

Дереккөз: Ле Корбюзье. Жаңа архитектураға. // Модернизмнен бастап пост-модернизмге дейін: Антропология / Лоуренс Кахунның редак. – Оксфорд: Блэк Пабблишинг Лтд., 2003. 132-134-б.



Ле Корбюзьенің керемет туындыларының бірі – Савойе вилласы

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

213

1. Ле Корбюзье айтқан жаңа рух дегеніміз не? Сәулет жаңа шындықты қалай қабылдауы керек?
2. «Жаппай өндіріс үйлері» терминін қалай түсінесіз? Жаппай өндіріс сәулет саласындағы революцияға қалай әкеледі?
3. Ле Корбюзьенің пікірінше, сәулет адамдарды жаңа қоғамдық өмір салтына бейімделуге қалай мәжбүрлейді?

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Чарльз Корреа мен Ле Корбюзье тұрғын үй құрылысын ұйымдастыруға қатысты бір пікірді ұстана ма? Жауабыңызды түсіндіріңіз.
2. Ле Корбюзьенің жаппай тұрғын үй өндірісі туралы идеясы «Империя аулалары» таныстырылымында ұсынылған тұрғын үй формаларына қайшы келе ме?



МИЛТОН КЕЙНС ОРТАЛЫҒЫ



МИЛТОН КЕЙНС

БИЛЛ БРАЙСОН. КІШКЕНТАЙ АРАЛДАН АЛЫНҒАН ЖАЗБАЛАР

Билл Брайсон 1951 жылы Де-Мойнеде дүниеге келген (Айова, АҚШ). Ол жиырма жыл бойы Англияда тұрды. Онда «Таймс» пен «Индепендент» үшін жұмыс істеп, көптеген британдық және америкалық басылымдар үшін еңбектер жазды. Қазір жұбайымен және төрт баласымен бірге Ганноверде (Нью-Хэмпшир, АҚШ) тұрады. Брайсон 2004 жылы «Барлығы туралы қысқа әңгімелер» атты танымал ғылыми кітап номинациясында Авентис жүлдесін алды. Ол өзінің саяхат жайлы кітаптарында өзі барған жерлерді өте қарапайым, күлкілі ері шынайы түрде сипаттай отырып, сізді сол жерге шұғыл баруға немесе мүлде айналып өтуге итермелейді. Брайсон келесі мәтінде Англияның Милтон Кейнс қаласындағы заманауи тұрғын үйлердің дамуы туралы әсерлерімен бөліседі.

Мен Милтон Кейнсті бірден жек көріп кеткен жоқпын. Менің ойымша, бұл дәл мен елестеткендей жақсы қала. Станциядан жарық шағылыстыратын әйнектен жасалған ғимараттармен үш жағынан қоршалған үлкен ашық алаңға алғашқы қадамыңды жасағаннан-ақ басқа ағылшын қалаларында сезіне қоймайтын кеңістікті сезінесің. Бұл қала кішкентай төбенің баурайында, жаяу жүргіншілер туннельдерінен жоғары жарты мильде, автотұрақтар мен жаңа қалалардың мүлде өспейтін боп көрінген біртүрлі ағаштары орналасқан үлкен ашық кеңістіктің үстінде тұрды. Келесі жолы шөп пен асфальттың үлкен кеңістігін кесіп өткенімде, оны мыс түсті әйнектері бар кірпіш кеңсе ғимараттары жауып тастайтынын анық сездім.

Мен жаңа қалаларды жасаушылардың не ойлағанын елестету үшін оларды аралауға көп уақытымды арнасам да, Милтон Кейнсте ешқашан болған емеспін. Милтон Кейнс осыған дейін көрген жаңа қалаларымның қай-қайсысынан да асып түсті. Жер асты өткелдері жылтыратылған гранитпен безендірілген, **Базинг-Сток** пен **Бракнелдің** басты белгісі болып табылатын **граффити** мен әдеттегі шалшық сулары жоқ көрінді.

Қалада стильдер біртүрлі үйлестірілген. Негізгі даңғылдың ортасындағы шөппен жабылмаған қараңғы жолақтар оған жеңіл француздық реңк береді. Қала шетіндегі жарық өндірістік саябақтар немісше жасалғандай. Қаланың бір сызық бойымен келген сызбасы мен нөмірленген көшелері америкалық стильде. Реңсіз үйлер халықаралық әуежайлардың терминалдарын еске түсірді. Қысқасы, қала ағылшын қаласына мүлде ұқсамады.

Ең оғаш көрінгені – айналада не дүкен, не тірі жан көрінбеді. Мен қала орталығында бір гүлзармен сәл жүрдім де, оларды біріктіріп тұрған қараңғы көше арқылы екіншісімен кері қайттым. Әр автокөлік тұрағы толып, үңірейген кеңсе терезелерінен тіршілік нышандары байқалды, бірақ жолда қозғалыс болған жоқ, шексіз гүлзардың бойынан бір-екі жолаушыдан артық кездеспеді. Мен онда үлкен сауда орталығы болуы керек екенін білдім, өйткені бұл туралы Марк Лоусонның «Нөмірлер қызметі шайқасынан» оқыған болатынымын. Бірақ оны қанша тапқым келсе де, таба алмадым, не



граффити –
қабырғалардағы суреттер
немесе жазулар

Базингсток және Бракнелл –
Англияның оңтүстігіндегі
қалалар

сұрайтын адам таппадым. Мені бұл ғимараттардың қай-қайсысы да сауда орталығына ұқсап тұрғаны қынжылтты. Ең ұқсайтынын іздеуді жалғастыра бердім және ғимараттың сақтандыру компаниясының бас кеңсесі немесе сол тәрізді ғимарат екенін білу үшін ғана тексеруге бардым.

Ақыр аяғында сары кірпішті жинақы үйлерден, мүлде өспейтін ағаштармен көмкерілген бұралаң көшелер мен жаяу жүргіншілер жолынан тұратын шексіз Бовисвильді еске түсіретін тұрғын үй орамдарына беттедім. Алайда ол жерде де ешкім көрінбеді.

Биік төбеде төрттен үш мильге созылған көк төбелерді байқадым, бұл сауда орталығы болуы мүмкін деп ойладым да, оған қарай бет алдым. Бір қарағанда өте жағымды болып көрінген жаяу жүргіншілер жолы жалықтыра бастады. Олар батып жатқан ағаш кесіктерінде адасып жатты, әдемі безендірілгенімен, сені бір жаққа апаруға асықпайтындай сезім сыйлады. Соған қарағанда, жолдарды жаттығу жолы ретінде ойлаған адамдар салса керек. Олар айналма, мақсатсыз бағытты ұстанған, ал ол бағыт қағазда тартымды көрінгенімен, үй мен дүкен арасында ұзақ жол жүруге мәжбүр болған адамдардың мүмкіндігінше төте жолмен жүргісі келетінін ескермесе керек. Мен қайда екенімді түсіну үшін үйінділердің үстіне жиі көтеріле бердім және жеткім келген жерге мүлде жақындамағанымды аңғардым. Ал одан да сорақысы, көзге көрінетін бағдардан ажырап қалғандықтан, жартылай жерасты әлемінде адасып қалғандай болдым.

Ақыры осындай серуендерімнің бірінде көлік көп жүретін жолдың жанында екенімді түсіндім.

АХАЖ аудармасы – ОАУ, Душанбе, 2004.

Дереккөз: Брайсон, Билл. Кішкентай аралдан алынған жазбалар // Блэк Сван, 1998. 176-177-б.

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Автордың Милтон Кейнс туралы алғашқы әсері қандай? Ол басқа ағылшын қаласына ұқсады ма? Бұрынғы қала сәулеті туралы не айтуға болады?
2. Милтон Кейнсте авторды бәрінен де таң қалдырғаны не нәрсе? Авторға Милтон Кейнс орталығында байқаған нәрселері нәліктен маза бермеді?
3. Нәліктен көшелерде жаяу жүргіншілер болмады? Бұл авторға қалай әсер етті? Егер сіз қаланың тірі жан жоқ көшелерінде жүрсеңіз, қандай сезімде болар едіңіз?
4. Автор түршіктіретін қала дизайнының себебін неден көреді? Сәулетшілер Милтон Кейнсте қоғамдық кеңістікті жоспарлаған кезде нені ескермеген?

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

217

1. Ле Корбюзье «Жаңа архитектураға» үзіндісінде, «соңғы елу жылда болат пен бетон жаңа жеңістерге әкелгенін... сәулет өнерінің ескі ережелері жоққа шығарылғанын... біз үшін «стильдер» енді жоқ екенін, біздің заманымызға сай стиль пайда болғанын» айтады. Милтон Кейнсте қолданылған стильдер комбинациясы жоғарыда келтірілген дәлелді қолдай ма әлде кеміте ме?
2. Корреа мен Билл Брайсон сәулетшінің халықты ыңғайлы әрі тиімді қоғамдық кеңістікпен қамтамасыз етудегі рөлі жайында көзқарастары үйлесе ме?

**ТАДЖ МАХАЛ.**

Үндістандағы Таж Махал әлемдегі аса керемет ғимараттардың бірі болып есептеледі.

**ХАГИЯ СОФИЯ.**

Нейрон бомбасы адамзаттың керемет туындысы Хагия Софияны құтқарған болар ма еді (орталық холл екінші қабат галереясымен бірге). Византия сәулет өнерінің тамаша үлгісі

АЗИЗ НЕСИН. НЕЙТРОН БОМБАСЫ ӨРКЕНИЕТТІ ҚҰТҚАРАДЫ

Азиз Несин (1915-1995) – көркем әдебиет саласындағы еңбектерінде сатиралық кітаптары мен журналға арналған әзіл-оспақ мақалалары бар танымал түрік жазушысы. Өз заманының көптеген түрік жазушылары сияқты, Несин де сотталып, түрмеге қамалды, бірақ соған қарамастан, еңбектерін жариялаудың жолын тауып, жазушылық мансабын сәтті дамытты. 1972 жылы Несин мұқтаж балаларды қолдау және олардың білім алуына көмек көрсету үшін институт ашты. Оның қоры өте белсенді және бүгінде оны ұлы басқарады. Төменде берілген әңгімеде Несин нейтрон бомбасының дәстүрлі қарудан тәуір екенін мысқылмен келтіреді. Өйткені ол тек адамдарды өлтіреді, ал дәстүрлі қару оған қоса өркениеттің әйгілі туындыларын жояды деп есептейді.



Біз Бірінші дүниежүзілік соғыстан және одан кейін болған Екінші дүниежүзілік соғыстан үлкен сабақ алдық. Екі соғыстың нәтижесінде де өркениеттің ұлы туындылары болған тарихи ескерткіштер – өркениетімізді дәріптейтін керемет ғимараттар, храмдар, көпірлер, мұражайлар, техникалық ілгерілеуіміздің өнімі әрі құрушысы саналатын зауыттар, барлық мектеп және университет ғимараттары, өркениеттің тарихи құжаттары сақталған кітапханалар және ұлы қалалардың барлығы қирап, жер бетінен жойылды. Қирағанның бәрі өркениеттің негізін құрады.

Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстар кезінде жойылған осы өркениет ескерткіштерін қайта құру, қалпына келтіру және қайта тұрғызу қиынға соқты әрі қымбат болды. Бұл мәселелерді шешуге үлкен күш жұмсалып, зерттеулер жасалды. Жауларды өлтіретін, бірақ тасқа, бетонға, топыраққа, темірге және цементке зиян тигізбейтін қару жасау керек болды. Шындығында, бетонның, темірдің немесе тастың жаулары жоқ.

Тастардың, цементтің, темір мен ағаштың немесе өркениет ескерткіштерінің біз қирататындай не жазығы бар? Жүргізілген барлық зерттеудің нәтижесінде адамдар нейтрон бомбасын жасауда табысқа жетті. Нейтрон бомбасы – бұл біздің өркениетімізді сақтайтын және қорғайтын әрі заманымыздың кереметі саналатын қару. Өркениет ескерткіштерінің-ғимараттардың барлық саңылауынан кіріп, олардағы барлық тіршілік иелерін жойып жіберген нейтрон бомбасы тіпті бұл ғимараттардың әгіне, есік-терезелердегі бояуға, едендегі кілемдерге, перделердегі жиіктерге, алтынмен апталған айнаның жиіктемесіне, тұсқағаз немесе жиһаздағы лакқа зақым келтірмейтінін, тіпті терезені шытынатпайтынын елестетіп көріңізші. Бұдан асқан өркениетті қаруды елестете аласыз ба? Мұндай соғыстан кейін біз, тірі қалғандар, қираудан аман қалған бос қалаларға, жиһаздарымен бірге бос қалған пәтерлерге, елсіз порттардағы кемелерге, иесіз музейлер мен мектептерге және университеттер мен кітапханаларға ие боп қаламыз. Өркениеттің бұл жәдігерлеріне ие болған адамдарға кішігірім тазалау жұмыстары ғана қалады: қажет емес адам қалдықтарын, адам мәйіттерін және

мәйіттерден қалған сүйектер мен күлді жинап, тазалап, өркениет туындыларымен безендірілген әдемі әлемімізді тазарту қажет болады.

Заманымыздың кереметтерінің ең күштісі, адамдарды өлтіре отырып, өркениетті құтқаратын нейтрон бомбасына кім қарсы тұра алады? Адамдарды өлтірмейтін және ғимараттарды қиратпайтын бомбаның қандай пайдасы бар? Кейбіреулер бомбаны жәндіктерді өлтіруге арналған бүріккішпен салыстырады. Нейтрон бомбасы шыбындарға арналған бүріккіш емес!

Дереккөз: ХАЖ аудармасы – ОАУ, Душанбе, 2004. // Несин, Азиз. Қырық жылдағы түрік тарихы/ / Льюис Миллер таңдаған және аударған. Бірінші басылым. – Үш құрлықтың баспасөзі, 1991. 169-172-б.

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Несиннің сөзін шын қабылдауға бола ма? Әлде бұл мысқыл ма? Жоқ әлде дәрәкілік пе? Өркениет дегеніміз не және оны кім қалыптастырады?
2. Ғимараттар адамдарға қарағанда өркениеттің маңызды тасымалдаушылары ма? Несиннің «нейтрон бомбасы барлық қарудың ішіндегі ең өркениетті қару» деген пікірімен келісесіз бе? Несин кәдімгі қарумен салыстырғанда нейтрон бомбасын қолдануды шынында да растай ма?
3. «...Өркениет туындыларымен безендірілген әлемді тазарту үшін» дегенді оқығанда қандай сезімде боласыз?

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. «Империя сарайларында» ұсынылған Ислам сәулетінің әдемі жәдігерлерін сақтап қалу үшін адамдарға нейтрон бомбасы қажет болмаса керек. Бұл факт Несиннің дәлелдерінің маңыздылығын төмендете ме?

МАРТА КОЛБУРН. АУҒАН КӨШПЕНДІЛЕРІНІҢ ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРІ¹

Марта Колбурн (1971 жылы туған) – АҚШ-та халықаралық гуманитарлық ұйым ретінде құрылған Қайырымдылық Корпусында білім беру жөніндегі кеңесші, оның мақсаты – қайғы-қасіретті, кедейлік пен көңілсіздікті жеңілдету, адамдарға қауіпсіз, тиімді және әділ қауымдастық құруға көмектесу. Келесі мәтін киіз үйдің сәулеттік пішінін сипаттап, артықшылықтарын талқылайды. Оқырман бұл архитектуралық құрылым дәстүрлі Орта Азиялық қауымдастықтардың өмір салтын қалай бейнелейтінін және бұл құрылым қазіргі қоғамның жағдайына сәтті бейімделе ала ма, жоқ па, ойлануы керек.

1979 жылғы Ауғанстандағы халық санағы 16 миллионнан астам халықтың 2,5 миллионға жуығы көшпелілер екенін көрсетті, яғни Ауғанстанның ербір алтыншы тұрғыны көшпелі өмір салтын ұстанады деген сөз. Шопандар дәстүрлі түрде Орталық Азияның қазіргі мемлекеттерінің аумағы арқылы өтеді. Қатаң климат және табындарға жайылымдық жерлер мен судың жетіспеуі көшпелі өмір салтын Орталық Азиядағы көптеген адамдар үшін маңызды етеді. **Гиндукуш**, **Нуристан** және **Бадахшан** аудандарының таулық адамдары жаздыгүні малдарын бағу үшін биік тауларда тұрады да, қыста төмен түседі. Бұл аймақтағы көшпелділердің тұрғын үйлері саздан, қамыстан, мақта жіптерінен, киізден және жүннен жасалған өртүрлі жылжымалы және уақытша үйлерден тұрады.

Киіз үй – ерга (дари тілінде), немесе оои (түркі тілінде) – Ауғанстанның солтүстігінде жартылай көшпелі бақташылар мен жартылай отырықшы фермерлер арасында кең таралған тұрғын үйлердің бірі. Бұл жылжымалы, дөңгелек, күмбез тәрізді киіз құрылғы, оны негізінен көптеген түркі халықтары, соның ішінде түрікмендер, өзбектер мен қырғыздар, сонымен қатар көрші дари тілдес арабтар мен парсы тілдес халықтар қолданады. Киіз үйді Моңғол даласы мен Орталық Азия тауларынан Ресейдің оңтүстік даласына дейінгі көшпелділер пайдаланды, киіз үй аймағының оңтүстік шекарасы Түркиядан Иранның Солтүстігіне және Ауғанстанның Солтүстігіне дейін созылды.

Инженерлер керемет әмбебап киіз үй дизайнының берік, жер сілкінісіне төзімді екенін, қатты жел мен суықтан тамаша қорғайтынын мойындады. Киіз үй сонымен қатар жабық кеңістіктің қабырға периметріне қатынасының ең жоғары коэффициентін береді. «Геодезиялық күмбезді» ойлап табушы әйгілі өнертапқыш Бакминстер Фуллер өзі димаксион деп атаған заманауи, киіз үйге ұқсас металл құрылғының жаппай өндірісін армандады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін арзан баспана ретінде қызмет етер

Гиндукуш –
Солтүстік Ауғанстан

Нуристан –
Шығыс Ауғанстан

Бадахшан –
Шығыс Тәжікстан

¹ Миналардың әсері туралы Журналдан бейімделген, 6.1 нөмір, 2002 сәуір, URL: [http://maic.jmu.edu/journal/6.1/features/colburn/colburn.htm], Соңғы қаралым 2004 жылғы 3 маусым. STAN

еді. Қазіргі уақытта АҚШ-та туризм және тұрақты тұрғын үй үшін заманауи киіз үйлер шығаратын ондаған компания бар.

Киіз үйдің қаңқасы тормен бірдей қашықтықта байланған және компрессиялық сақинаның көмегімен жоғарыдан бекітілген ұзын жүн кергіден жасалған төбесі бар торлы ағаш қабырғадан тұрады. Қаңқаның үстіне киіз жабылып, жүннен жасалған баулармен бекітіледі. Оған шамамен 130-167 кг жүн жұмсалады. Төбенің ортасындағы компрессиялық сақина ауа кіру, жарық түсу және түтін шығу үшін ашық тұрады. Киіз үйдің іші көбінесе қолөнер бұйымдарымен, кілемдермен, ызбаны орнында ұстап тұруға арналған қолдан тоқылған баулармен безендіріледі. Асүй керек-жарақтары, радио және қазіргі заманның басқа да элементтерінен тұратын функционалдық бөлшектермен толтырылады. Ішкі кеңістігі оны паналайтын отбасының әлеуметтік нормалары мен ұстанатын салтына сәйкес ұйымдастырылады.

Киіз – бірегей материал, көбінесе басқа да дәстүрлі сәндік бұйымдар үшін қолданылады. Бұл материал ғасырлар бойы бір тәсілмен жасалды: жүн шыбықпен сабалып, қапқа арналған матаның үстіне екі қатар етіп қалыңдап салынады. Содан кейін орамға оралып, жанып тұрған тезекпен ысытылған суға салынады. Содан соң жіптері бір-бірімен ұйыса байланысу үшін киіз орамын алға-артқа домалатады.

АХАЖ аудармасы – ОАУ, Душанбе, 2004.

Дереккөз: Колбурн, Марта. Ауған көшпенділерінің тұрғын үйлері // Мерси Кор. URL: [www.mercycorps.org], Соңғы қаралым 2 маусым, 2004 жыл.

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Ауған көшпенділерінің өмір салты олардың тұрғын үйлері мен қоныстарының орналасқан жерін анықтауға қалай көмектесті? Киіз үйдің географиялық жағынан кең таралуы неліктен деп ойлайсыз?
2. Неліктен киіз үй Орталық Азиядан тыс жерлерде де ыңғайлы тұрғын үй құрылымы ретінде танылды? Оның ерекшелігі неде?
3. Киіз үйдің ішкі безендірілуі адамдардың өміріне қажет барлық заттармен қамтамасыз етуде кәдімгі қала пәтерінен несімен ерекшеленеді немесе ерекшеленбейді? Киіз үйде тұрсаңыз, өзіңізді қалай сезінер едіңіз?

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Корреа айтқан тұрғын үй мен кеңістік элементтерінің функцияларын еске түсіріңіз. Киіз үйді тұрғын үй құрылысы үшін мінсіз, үйлесімді нұсқа деп санауға бола ма? Киіз үй әсіресе қалаларда кең таралған арзан баспанаға айнала ала ма? Жауабыңызды түсіндіріңіз.



КИІЗ ҮЙЛЕР

Киіз үйлер Орталық Азия көшпелі халықтарының тасымалдауға ыңғайлы үйдің түрі болып табылады.



ҚЫРҒЫЗ КИІЗ ҮЙІ

ДЖЕЙСОН Ф. МАКЛЕННАН ӨНІМДІЛІК ЖӘНЕ ӘЛ-АУҚАТ

Джейсон Ф. Макленнан – Вашингтон штатының Сиэттл қаласында орналасқан жасыл құрылыс қозғалысының жетекшісі және «Каскад» аймақтық жасыл құрылыс кеңесінің директоры. Джейсон Онтариода (Канада) туып-өскен, Орегонада (Канзас штаты) және Глазгода (Шотландия) білім алған, қазір Брейнбридж аралында тұрады.

Ол сәулетші ретінде білім алып, соңғы онжылдықтардағы жасыл құрылыс қозғалысындағы өзгерткіш күшке айналған BNIM Architects-тің жетекшісі болды. «Тұрақты жобалау философиясы», «Экологиялық инженер және зугенрухе» және басқа да кітаптардың авторы. «Тұрақты жобалау философиясы» қазіргі уақытта оқулық ретінде 60-тан астам университеттер мен колледждерде қолданылады және Еуропада да, Солтүстік Америкада да кең таралған. Бұл мәтін – осы кітаптың тарауы, онда Макленнан ғимарат пен адамның әл-ауқаты мен өнімділігі арасындағы байланысты талқылайды. Бұл мәтінде автор адам денсаулығына әсер ететін жасанды ортаның әртүрлі факторларын және тұрақты жобалау мен жасыл құрылысты енгізу арқылы адамның қоршаған ортасын жақсарту жолдарын зерттейді.

ӨНІМДІЛІККЕ КІРІСПЕ

Энергия үнемдейтін жобаларды енгізудің алғашқы жылдарында адам денсаулығының проблемалары қазіргі кездегідей басым болған жоқ. Адам денсаулығы мен жасанды орта арасындағы байланыс жеткілікті зерттелмеді, материалдарды таңдау және энергияны үнемдеу рөлі әлі анықталған жоқ. Шын мәнінде, кейбір жобалаушылар игі ниетпен анықтағандай, энергияны үнемдеу үшін ғимараттың қоршау құрылысын қысу кейде үй-жайдағы ауа сапасына айтарлықтай проблемалар туғызды. Себебі адамдар көмірқышқыл газының жоғары деңгейіне тап болып, материалдардан бөлінген ластағыш заттардың ортасында қалды. Ғимараттарымыздың өнімділік бен әл-ауқатымызға тигізетін психологиялық әсері түсініксіздеу болды. Үйлер мен кеңселердің қоршаған ортасы ішкі бөлігі, күндізгі жарық пен сыртқы кеңістік арасындағы үлкен айырмашылықты көрсетті. Осы айырмашылықтармен қатар, адамдар жылжымалы терезелерден және ауаны жылыту мен желдетуді басқару қабілетінен бас тартқандықтан, жайлы жағдайларды жеке бақылауды жоғалтып алды.

Бүгінгі таңда көптеген америкалықтардың күнделікті жұмысы бір сарынды. Яғни, үстел басында, кубта, күндізгі жарықсыз, сәулеттік ерекшелігі жоқ немесе жылу жайлылығы мен желдетуді жеке бақылаусыз бірнеше сағатын өткізуге мәжбүр. Бұл кеңселердің көпшілігі үлкен, толығымен шыны қораптарда орналасқан. Олар жұмыс үшін текше санын барынша көбейтуге арналған әрі оларды бөлек қабатқа орналастыруға болады. Бұл жұмыс ортасының тағы бір ерекшелігі – біркелкі жарықтандыру және жылу жағдайлары, сыртқы әлеммен минималды байланыс және көбінесе улы

тазарту әдістері, зиянды газ шығаратын материалдар және желдетудің нашарлығынан туындаған ішкі ауаның нашар сапасы. Сондай-ақ, орындалатын жұмыс түрі мен оны қолдайтын жұмыс ортасы арасында, атап айтқанда, адамдардың бірегейлігі мен жұмыс процесінің ерекшелігін жоққа шығаратын ұжымдық ойшабытқа сәйкес келетін бөлменің бірдей көлемі арасында аздап айырмашылық бар. Біз жұмыста өткізетін уақыт мөлшерін қарастыру кезінде келесі сұрақтар туындайды: бұл орта біздің денсаулығымызға, әл-ауқатымызға, тіпті өнімділігіміз бен табыстылығымызға қалай әсер етеді? Егер бұл біздің өмір сүру ортамыз болса, ол қандай адамдарды және қандай жұмысты қолдайды?

Адамның денсаулығы мен еңбек өнімділігіне біз өмір сүретін ғимараттар қатты әсер етеді. Біздің физикалық денсаулығымыз бен әл-ауқатымыз уақытымызды өткізетін қоршаған ортаның сапасымен тығыз байланысты. Бүгінгі таңда америкалықтардың көбі өмірінің тоқсан пайызын жабық үй-жайда өткізеді. Егер бұл ішкі орта зиянды болса, онда ол адамның денсаулығы мен өнімділігіне теріс әсер ететіні таңғаларлық жағдай емес. Біздің көпшілігіміз қолайсыз жұмыс жағдайларына тап болып көрдік және бұл жағдайлар жұмысымыздың сапасына, жылдамдығына және көп жағдайда оны орындау үшін жұмыста қалуға дайын болуымызға қалай әсер ететінін түсіндік. Кейде ауру ғимараттар синдромы пайда болатын ғимараттарда иммундық жүйесі үй-жайдың ішіндегі зиянды ауаның қайталанатын шабуылдарына төтеп бере алмайтын адамдарды үйлеріне ұзақ уақытқа жіберу үшін бір теріс орта жеткілікті. Көп ғимараттарда мұндай әсер аса ауыр болмағанымен, тұтастай алғанда елеулі деуге болады. Айналамызға алаңдаған кезде жұмысымыз қаншалықты нәтижелі? Қатты тоңғанда жұмысымыз қаншалықты нәтижелі? Қатты ыстық болғанда ше? Компьютеріміздің экраны тым жарық болғанда ше? Бір күн ішінде адамдар үшін ыңғайлы және қауіпсіз орта құру жолында және компаниялардың табыстылығы жолында жүздеген экологиялық кедергілер бар.

Көпшілігіміз қалған уақытымызды өткізетін әдеттегі америкалық үй көбінесе адамның өмір сүруі үшін ареал ретінде аса жақсы емес. Мұндай үйлер шаң, кір және аллергияларға тұзақ ретінде, кейде көгерудің төтенше өсу орындары ретінде жобаланған. Кейде оларда гараж, автомобильдің пайдаланылған заттары және үйдің өзі сәтсіз үйлестіріліп, адамдарды көміртегі тотығының ықтимал қауіпті әсеріне ұшыратады. Америкалық өкпе аурулары қауымдастығының пікірінше, тіпті индустриалды қалаларда қарапайым үйлерде ауа сапасы сырттағы ауаға қарағанда нашар. Бізге пана болатын үйлеріміздің ауруға шалдықтыруы табиғи заңдылықтан тыс.

Соңғы жылдары тұрақты жобалау қозғалысының ең сенімді артықшылықтарының бірі – жасыл ғимараттардың тұрғындары қарапайым ғимараттарда тұратындарға қарағанда қоршаған ортаға байланысты мәселелердің аздығы туралы дәйекті түрде хабарлайды. Америка Құрама Штаттарында, Канадада және Еуропада жүргізілген көптеген зерттеулер адамдар қарапайым ғимараттардан жасыл ғимараттарға көшкен сайын денсаулығына байланысты жұмысқа келмеу азайып, тем-

пература жайлылығына қатысты мәселелерге аз шағымданатынын көрсетті. Бұл нәтиже кейбір адамдарды таң қалдыра қоймауы мүмкін, алайда көптеген бейхабар адамдарды, әсіресе жасыл ғимараттардың әсіре жақтаушыларын қайран қалдырды. Қоршаған ортаға қолайлы ғимараттар салуға құмар көпшілік мұның адамдарға да оң әсер ететіндігін көрді.

Энергия тұтынуды немесе қоршаған ортаға әсерді төмендететін көптеген нысандар әл-ауқатымызды жақсартуға да көмектеседі. Мысалы, үй-жайдың ішіндегі ауаның сапасына қатысты проблемалар кейде қабырғалардың дұрыс салынбауына байланысты пайда болатын көгерудің нәтижесінде болады. Су кету мен конденсация салдарынан қабырғалар ылғалданады. Бұл дымқыл қабырғалар көбінесе оқшаулау қабілетін жоғалтады, өйткені оқшаулағыш материалдардың көпшілігі дымқыл болған кезде бұзылады. Ұзақ уақыт өткеннен кейін қабырға энергиясын үнемдеуге жіті назар аударудың ғимараттағы ауа сапасын қамтамасыз етуде екі



есе пайдасы болуы мүмкін және керісінше. Өзімізді қоршаған ортадан бөлекпіз деп ойлау өте оңай, оның үстіне біз салауатты ортаның барлық ағзаға, соның ішінде бізге де пайдалы екенін ұмытып кетеміз. Адамдар үшін ең жақсы жұмыс орындарын жасау бизнесте қай тұрғыдан болмасын өте маңызды.

Экологиялық жағдай мен өнімділік арасындағы байланысты зерттеудің ең алғашқы және маңыздыларының бірін Амстердам маңында ИНГ (қазір НМБ) Банкінде Тон Альбертс жүргізді. 1978 жылы банктің кеңеюмен байланысты, сондай-ақ банктің жаңа имиджін қалыптастыруға көмектесу үшін жаңа ғимаратқа көшуге бекінді. Альбертс – тұрақтылықты, сондай-ақ «антропоцентризм» деп аталатын философияны жақтаушы, өнеркәсіпке тән түзу емес, бүгілген және дөңгелек формаларды қолдануды құптайды. Ол банкке ғимараттың дәстүрлі емес формасын қарастыруды ұсынды. Rocky Mountain Институтының жаңашыл есебі Greening The Building and the Bottom Line-де айтылғандай, банк «өнерді, табиғи материалдарды, күн



атриум –

бұл ғимаратта бірнеше қабатқа созылатын, мысалы, сауда орталықтарында немесе қонақ үйлерде орналасқан, көбінесе өйнекпен жабылған орталық зал

сәулесін, өсімдіктерді, энергия үнемдеуді, төмен шу мен суды органикалық түрде біріктіретін» ғимарат салғысы келді. Жоба бірқатар атриумның айналасында салынған ғимарат қабатының төбелік жоспарын ұсынды. Бұл атриумдар күндізгі жарықты ішке кіргізіп, ғимарат интерьерінің сәнін келтіруге арналды. Ғимараттың барлық жұмысшысында сыртқа шығып тұратын атриумдар мен терезелер арқылы табиғи күндізгі жарыққа қолжетімділік болды.

Ғимараттың экологиялық сипаттамасы әсерлі болды. Жаңа ғимарат ескі банк ғимаратының тұтынуынан он пайыздан аз энергияны және онымен бірге салынған көрші ғимараттар тұтынатын энергияның бестен бір бөлігін ғана жұмсады. Ғимараттың тиімділігін арттыру мен стандартты құрылысты жақсарту үшін қосымша шығындар тек жеті жүз мың долларды құрады, ал жыл сайынғы энергияны үнемдеу (Еуропадағы энергия бағасының жоғары болуына байланысты) жылына екі жарым миллион доллардан астамға бағаланды, бұл үш айдың ішінде керемет өтелім болды. Алайда, ең әсерлі тұсы – бұл ғимараттың адамдардың денсаулығы мен еңбек өнімділігіне әсері еді. Себепсіз келмеу азайып, ескі банк ғимаратына қарағанда он бес пайызға төмендеді, бұл таза пайдаға қатты әсер етті. Бүгінгі таңда ғимараттың танымал болғаны соншалық, тіпті оған саяхат жасауға бір жылдық кезек тұр. Бұл баға жетпес маркетинг.

Тоқсаныншы жылдардың соңынан бастап көптеген басқа зерттеулер, соның ішінде Америка Құрама Штаттарындағы бірқатар зерттеу жасыл құрылыс пен өнімділіктің ұлғаюының арасында айтарлықтай байланыс барын анықтады. Ринода негізгі пошта бөлімшесіндегі жарықтандыру мен акустиканы қарапайым жақсарту еңбек жағдайларын жақсартқаны соншалық (энергияны тұтынуды азайту), бұл пошта бөлімшесі АҚШ-тың Батыс аймағындағы барлық сұрыптау станциясының ішіндегі ең өнімдісі болды,

өйткені бөлімшеде бір адамға шаққанда сұрыпталған пошта саны 6 пайызға өсті.

300 000 \$ жұмсалған қайта құру жыл сайын экономикалық өнімділіктің 400 000 \$ – 500 000 \$ дейін өсуіне себеп болды! «Боингте» жарықтандыруды жақсарту Қоршаған ортаны қорғау агенттігінің «Жасыл жарық» ерікті бағдарламасы аясында инвестициялар дәстүрлі түрде 53 пайызға қайтарылды, бұл энергия тұтыну тиімділігінің жақсаруы салдарынан тек екі жылда салым өтелді дегенді білдіреді. Бірақ одан да маңыздысы, зауыттардағы қауіпсіздік деңгейі біршама артты, өйткені жұмысшылар өздері жасаған жұмысты жақсырақ көре алды. Компания өкілдерінің айтуынша, жұмыстағы ақауларды анықтау мүмкіндігі жиырма пайызға жақсарды. Экологиялық сипаттамалардың қарапайым жақсаруы бүкіл ел бойынша әуе жолы жолаушыларына оң нәтиже берді.

Бүкіл ел бойынша бірнеше мектеп сабаққа қатысу, оқу бағалары және тіпті қарапайым мектептерден табиғи жарықты жалпы жарықтың негізгі көзі ретінде пайдаланатын мектептерге ауысқан қатысушылардың тіс ауруларын тіркеудегі бірқатар өзгерістерді қадағалады. Солтүстік Каролина мектебінің оқушылары табиғи жарық қолданылатын жаңа мектепке ауыстырғанда сабаққа қатысудың едәуір өсуімен және тіс ауруларын тіркеудің төмендеуімен қатар өздерінің оқу үлгерімін айтарлықтай көтерді. Біздің оқу қабілетіміз қоршаған орта жағдайларына, өз жұмысымызды көру қабілетімізге, есту алаңдаушылығының азаюына және назарымыз бен ден-



саулығымызды сақтау үшін таза ауаға қолжетімділігімізге байланысты болады. Тісіміздің саулығы Е дәруменін сіңдіру қабілетімізге де байланысты. Мұндай қабілетке тек күндізгі жарықта болатын **ультракүлгін сәуленің** қатысуымен ғана жетуге болады. Табиғатпен байланысты болумен қатар тістердің саулығы бар уақытын жабық үй-жайда өткізетін балаларда нашарлайды.

Осыған ұқсас зерттеулер Калифорния мен Канада мектептерінде дәл осындай нәтиже берді. Шынында да, бүкіл ел бойынша әртүрлі ғимараттардағы өнімділікті зерттеу оның бес пайыздан он бес пайызға дейін өскенін анықтаған бірдей нәтиже көрсетті, бұл анағұрлым жақсы көрсеткіш. Джо-зеф Ромм айтқандай:

«Энергияны тұтынуды жартысына дейін төмендететін модернизация жыл сайынғы энергия шығындарынан бір шаршы фут үшін бір долларды үнемдей алады, сонымен қатар егер ол өнімділікті кем дегенде бес пайызға арттырса, жыл сайын жаңа пайданың бір шаршы футына он доллардан астам пайда әкелуі мүмкін!»

Өнімділік мәселелері көп ұзамай көптеген жасыл стратегияларды қабылдаудың негізгі қозғаушы күші бола алады. Бірлі-жарым адамдар тек экологиялық себептерге байланысты өзгеріс жасағысы келсе де, көпшілік денсаулыққа және ақшаға қызығушылық танытады, бұл тұрғындардың өнімділігі мен әл-ауқатына байланысты екі негізгі аспект.

Өз қызметкерлері үшін ұсынатын орта мен өз компанияларының экономикалық әл-ауқаты арасындағы байланысты байқай бастаған компаниялар саны артып келеді. Бірақ егер өнімділік пен экономика арасындағы байланыс соншалықты күшті болса, неге ол тезірек танымал бола алмады? Себебі, көптеген адамдар өнімділікті зерттеу адамның мінез-құлқының өзгеруіне байланысты үлкен қателіктер жіберетін өте «жалқау ғылым» (қоғамдық ғылым) деп санайды. Мұндай сын белгілі бір дәрежеде орынды. Адамның өнімділігі көптеген факторларға байланысты және жасанды ортаны жақсарту мен өнімділікті арттырудың арақатынасын өлшеу қиын.

Өнімділікке көптеген факторлар әсер етуі мүмкін, мысалы: адамдардың көңіл-күйі, олардың жеке қарым-қатынасы, жұмыстағы қарым-қатынасы және түскі асқа не жегені. Шындығында өнімділік жұмыс ортасына қаншалықты байланысты? Бұл мәселені қиындата отырып, қандай нақты жақсартулар ең тиімді және қайсысы тиімсіз екенін анықтау одан да қиын деп айта аламыз. Күндізгі жарық ауа сапасымен салыстырғанда қаншалықты маңызды? Температура жайлылығы шынында да жарықтылықты басқарудан маңызды ма? Ауа сапасын жақсарту процесін қашан тоқтатқан дұрыс? Жарықтандыруды ше? Бұл сұрақтың бәріне тиісті түрде жауап берілуі керек. Бірақ оларға нақты жауап таба алуымыз екіталай, одан гөрі өзара байланыс дәрежесі жоғары жауап жолдарын қарастыруымыз керек.

Өнімділік туралы зерттеудің тағы бір мәселесі – оларды жүргізудің келісілген негізі жоқ, яғни өнеркәсіптік стандарттар ретінде қабылданған белгіленген ережелер жоқ. Осылайша, қолданыстағы өнімділікті зертте-

улер арасында да зерттеу сапасы айтарлықтай ерекшеленеді. Дегенмен, өнімділікті өлшеу қиын болса да, біз күш сала беруіміз керек, өйткені көріп отырғанымыздай, олардың пайдасы зор болуы мүмкін. Ал ең маңыздысы, өнімділіктің физикалық ортамызбен қаншалықты байланысты екенін әлі таппағанымыз жауап нөлге тең дегенді білдірмейді.

Өнімділікті зерттеу екі санатқа бөлінеді: **эмпирикалық** жолмен қадағалауға болатын заттарды зерттеу және субъективті ақпаратқа негізделген зерттеулер. Эмпирикалық зерттеулер, сөзсіз, беделдірек екені таңғаларлық жайт емес. Бұл зерттеу түрі әдетте көптеген ұйымдарда қолжетімді деректерді қарастырады, мысалы: жұмысқа келмеу және науқастану бойынша болмау немесе шағымдар саны. Өндірістік кәсіпорындарда жақсарту жүргізілгенге дейін және одан кейін күніне бір адамға шаққанда өңделетін өнімдердің санын байқауға болады. Кейде бірнеше жетілдірілген ғимараттар арасында өнімділікті арттыру қиын болса да, жалпы нәтижелер айқын. Субъективті өнімділік зерттеулері жаңа құрылым салынғанға дейін және одан кейін немесе модификация немесе қайта құру басталғанға дейін және одан кейін адамдардың жұмыс ортасы туралы қандай пікір айтатынын анықтау үшін мақсатты топтар мен сауалнамаларға негізделген. Бұл зерттеулер қызметкерлердің қанағаттанушылығын көрсетеді, өнімділікті жақсартуды негіздейді және сипаттайды. Бұл зерттеулердің нәтижелері аса маңызды емес, бірақ егер олар сенімді болса, онда олар эмпирикалық зерттеулерге қарағанда әлдеқайда салмақты.

«Жұмсақ ғылым» деп аталатын нәрсені қатты күйге келтіруге тырысқан адам – Джуди Геерваген. Геерваген – өнімділік, әл-ауқат және жасыл сәулет арасындағы байланысты зерттеуге маманданған экологиялық психолог. Ол Sun Microsystems, «Боинг» және GSA сияқты корпоративті және институционалды клиенттер үшін көптеген зерттеулер жүргізді және оның нәтижелері де осы байланысты растайды. Ол мінез-құлықты тәуелсіз зерттеу, мақсатты топтар, сауалнамалар мен сұхбаттар арқылы мінез-құлықпен жұмысқа қандай факторлар көбірек әсер ететінін дәл анықтауға тырысады. Геерваген «ғимараттар адамның әл-ауқатына және ұйымдастырушылық тиімділігіне зор ықпал етеді» деп санайды. Ол сондай-ақ «біз ғимараттарды жылжымайтын мүлік шығындары ретінде қабылдауды қызметкерлер үшін пайда ретінде қабылдауға ауыстыруымыз керек. Денсаулыққа, әл-ауқатқа, ұйымға шынайы берілгендікке айтарлықтай ықпал ететін пайда ретінде» деп атап өтті.

эмпирикалық –
тәжірибеге негізделген
немесе теорияға емес,
тәжірибе мен бақылауға
қатысты

БИОФИЛИЯ – ЖАҢА ҰҒЫМ

«Біз жел мен судың дыбысында кез келген ток-шоуға, өздігінен үйрену құралына немесе саясаткердің сөзіне қарағанда даналық көп екенін: түнгі аспанда немесе таңертеңгі тұманда қымбат безендірілген кафедралды соборға немесе харизмаға толы уағызға қарағанда рухани азық көп екенін; сондай-ақ бақтарды өсіруде көптеген мансаптарға қарағанда көбірек өмірлік мақсаттың бар екенін, ал сыныптардағы бірнеше айлық сабақтардан алатын білімнен гөрі батпақтарды, тоғандарды немесе алқаптарды зерттеуде көбірек білім бар екенін ұмытып кетеміз».

ФИЛИПП САТТОН ЧАРД. «THE HEALING EARTH»

1984 жылы Пулитцеров сыйлығының екі мәрте лауреаты Е.О. Уилсон «биофилия» терминін адамдардың «өмір мен өмірлік үдерістерге зейін қоюға» деген туа біткен бейімділігін білдіру үшін ойлап тапты. Біздің жасанды ортаға деген наразылығымыз бен жағымсыз реакцияларымыз – бұл туа біткен бейімділікті жоққа шығаруымыздың салдары екенін түсіне бастаған дизайнерлер тобы өсіп келеді. Бізге биологиялық тіршілік иелері екенімізді еске салу үшін биологтың қатысуы қажет болды. Үнемі жансыз ортада болу біздің әл-ауқатымыз бен моралімізге әсер етеді. Бізде тек біркелкілікті қолдайтын индустриалды экономика бар және бұл біркелкілік жасанды орта құрылымына терең енген. Біз көп уақытымызды тек бетон, болат және қаптама тастың ортасында өткіземіз. Филип Чард жазғандай, «біздің балаларымыздың көпшілігі көпіршік сияқты өмір сүріп, технология мен материализмнің тұтқыны болып өседі». Көп адамдар өздерін тұзаққа түскендей сезініп, бейжай ортада жабырқау күйге түседі. Бұл биофилия әсері деп атауға болатын симптом.

Технологияны қолдану өскен сайын, біз физикалық ареалдарды құру қажеттілігін сездік, олар осындай өсумен қатар өзгеретін сыңайлы.

Дегенмен, адамның ғимараттарға және баспанаға деген негізгі қажеттіліктері бірнеше мың жыл ішінде аз ғана өзгерді немесе түбегейлі деңгейде өзгерген жоқ, бізде әлі де қауіпсіздік пен жайлылыққа деген маңызды қажеттіліктер бар; тек біздің осы қажеттіліктердің астарында нені түсінетінімізге байланысты анықтамаларымыз пен стандарттарымыз өзгерді. Технология бізді қажетімізден алшақтатпай, оны қанағаттандыруға көмектесуі керек. Бұл философия өмір және оған тән ерекшеліктер барлық тіршілік иелері сияқты адамды баурап алады және ол, егер жеткілікті мөлшерде болмаса, оны мүмкіндігінше өз үйінде немесе кеңсесінде жасауға бар күшін салады деген феноменге негізделген. Адамдар өз орындарын өсімдіктермен және жылыжайлармен, субұрқақтардағы ағынды сумен толтырады, біздің көпшілігіміз бұл жерлерді мүмкіндігінше саналы түрде іздейміз. Цемент джунгли шын джунглиді алмастыра алмайды. «Технология тез дами алады және ол дамыған кезде экономика өзгерудің секірістеріне ұшырауы мүмкін, бірақ қоғамымыздың табиғатын адамның туа біткен қажеттіліктеріне көз жұмып, соңғы технологиялық және экономикалық инновацияларға негіздеуге тырысу біздің ессіздігіміз болар еді».

биофилия –

бұл табиғи әлемге деген туа біткен махаббат, оны барлық адамдар біркелкі сезінеді

Бұл дизайнерлер кәсібіне деген өкінішті ескерту, себебі олардың көпшілігінде өмір мен табиғи энергияға толы жерлерді құруға деген интеллектуалдық жеккөрушілік бар. Бұл кәсіп әлі де модернистік доктринаның азабында болғандықтан, әр қадамда табиғаттың болжанбайтын рухын жою және машинаның дәлдігі мен қуатын қамту қажеттілігін сезінетін тәрізді. Әрі бұл жобалаушылар заманауи дизайнның полемикасы мен жаргонынан бейхабар әуесқой оның эстетикалық талғамына ашық түрде ортақтаспаған кезде таң қалады. Шынында да, бір қызығы, көбінесе сыйлықтарды көпшілік арасында аса танымал емес сәулет жобалары жеңіп алады. Бұл көпшілік өзіне пайдалы нәрсені білмейді және түсіне алмайды немесе сәулет қоғамдастығы адамдар қалайтын немесе қажет ететін нәрселерден қол үзіп қалған және бұл туралы білуге немесе алаңдауға тым тәккапар деп болжайды. Мұндағы шындық, көптеген басқа нәрселердегі сияқты, ортасында болуы мүмкін. Мұның классикалық мысалы – алпысыншы жылдары модернизмнің жарқын мысалы ретінде дизайн бойынша көптеген марапаттарға ие болған Сент-Луистегі тұрғын үй құрылысы Пруитт Игое. Бұл ғимарат тұруға өте нашар, экономикалық жағдайы төмен болып шықты да, салынғаннан жиырма жыл өткен соң қиратылды.

ортогоналды –
тік бұрышта орналасқан,
перпендикуляр

Дизайнмен айналыспайтын адамдардан ғимараттарда не ұнайтыны туралы сұрағанда, олар әдетте пішіндер, жылы материалдар, көбірек жарық пен су сұрайды және бетон мен болаттан жасалған **ортогоналды** декарттық формалардан бас тартады. Дизайн қауымдастығының әдеттегі реакциясы – жаратпаушылық, яғни «олар қайсысы жақсы екенін білмейді», – дейді дизайнер. Бұл белгілі бір дәрежеде дұрыс (адамдардың көпшілігі дизайн мамандары жасай алатын әдемі жерлерді нақты қисындастыра немесе жасай алмайды), сонымен бірге бұл барлық қатынастарда дұрыс емес. Кәсіпқой емес адам белгілі бір орындар мен кеңістіктердің нәліктен оң екенін әрдайым нақты тұжырымдай алмаса да, өмірде және өмірлік процестерде белгілі бір дәрежеде туа біткен қажеттілікпен, саналы түрде, көбірек байланыста болады. Барлық артықшылығына қарамастан, білім кейде бізді өзіміздің қажеттіліктерімізден ажыратуы мүмкін.

Шынында да ұлы сәулет өнері, заманауи немесе дәстүрлі болсын, көптеген адамдарды баурайды, бірақ бұл сәулетшінің қоғам қалағанын дәл жобалағандықтан емес. Оның орнына сәулетші ғимараттың жалпы дизайнында осы қажеттіліктерді үйлестіре отырып, адамдардың негізгі эмоционалды қажеттіліктерін қанағаттандырудың жолын тапты – тұрақты дизайнның алты қағидатына сәйкес келетін мақсатты ұстанды. Жақсы дизайнер биофилия идеясын ұстанады және өмір мен өмірлік процестерді дизайнға енгізудің жолын табады. Бәріміз де белгілі бір дәрежеде

негізгі қажеттіліктеріміз – баспана, жылу және сұлулық қажеттілігі, бәлкім, таңдану мен қайран қалу қажеттілігі айналамыздағы ғимараттармен қанағаттандырылатынын сезінуіміз керек. Дизайнер осы қажеттіліктер мен сезімдерді елемеген кезде сәулет сәтсіздікке ұшырайды. Биофилия әсері өмірлік циклді құрметтеу принципімен тығыз байланысты, өйткені бұл бізге адам болып қалуға көмектесетін байланыс. Табиғаттан алыстаған кезде бізде жанама психологиялық әсер пайда болады. Биофилия идеясы барлық сәулет құрылымдары органикалық және өсіп кеткен **папоротниктер** мен **филодендрондар** болуы керек дегенді білдірмейді. Шындығында, бізде тепе-теңдікті, жабайы табиғаттан бөліну дәрежесін қажет ететін нәрсе бар, бұл бізге адам болу үшін біршама алыстауға мүмкіндік береді.

Биофилия тұрғысынан жобалау тепе-теңдікті білдіреді. Табиғат шөлдегідей қатал және жойқын болған кезде, адамдарға тыныш, салқын және аскетикалық баспана қажет. Адамдар тек бетонмен және кірпішпен қоршалған тығыз қалалық ортада өмір сүретін кезде, дизайнерлер өз жобаларына өмірді енгізу үшін қолдан келгеннің бәрін жасауы керек. Бруталистік әкімшілік ғимаратта қатты бетоннан жасыл баспана ұсынатын бақтар болуы керек. Басқа дизайнерлерге қарағанда, бруталистік ғимараттардың дизайнері (әдетте бетонды кеңінен қолданумен және ою-өрнектің болмауымен ерекшеленеді) табысты болу үшін биофилия ұғымын түсінуі керек. Дизайнер өмірді ғимараттың құрылымы арқылы емес, басқа жолдармен жеткізуі керек: қарқынды контраст сезімі, күндізгі жарықтың ғимараттың интерьеріндегі рөлі немесе ғимараттың орналасқан жеріне қалай сәйкес келетіні және сыртқы жағынан қалай көрінетіні арқылы. Керісінше, орман лагерінде табиғи орта жоқ жерлер адам іс-әрекетінің бар екенін, яғни біздің жабдықтар мен машиналарды көрсететін жерлер болуы керек. Яғни, бізге біркелкіліктен емес, жабайы ортаның көптігінен пана болатын жерлер.

Әр адам үшін бұл тепе-теңдік әртүрлі анықталады. Осы тараудың негізгі сабағы адамдар мен олардың қажеттіліктері әртүрлі болатынына және жасанды орта табиғи орта сияқты біздің сау әрі қабілетті болуымыз және өзімізді жайлы сезінуіміз үшін әртүрлі сезімдерімізді ескеруі керектігіне негізделген.

БОЛАШАҚТЫҢ СӘУЛЕТІ – ТІРІ АРЕАЛ

Келесі бірнеше ұрпақ үшін біз адамдардың әртүрлі қажеттіліктеріне қарай қоршаған ортаны құру жолдарын түсінуді жалғастырамыз. Біз табиғаттан жұмыстағы және үйдегі ортамыздың денсаулығымызға, әл-ауқатымызға, тіпті өнімділігіміз бен табыстылығымызға тигізетін әсері туралы көмек пен түсінік аламыз. Болашақтың тірі ареалы ыңғайлылық пен дизайн мәселесін бір сарынды шешудің аяқталғанын білдіріп, икемділік пен бейімделушілікті көрсетеді, тіпті адамдарға өз ортасын уақыттың өзгермелі талаптарына бейімдеуге көмектесетін виртуалды ортаны қамтуы мүмкін.

папоротник –

көлеңкелі, ылғалды жерлерде өсетін үлкен, қатты тарамдалған жапырақтары бар споралы өсімдік

филодендрон –

тропикалық Америкада туған, қауырсынды, үлкен жапырақтары бар сәндік ағаш өсімдік

Сәулетшілер, құрылысшылар және болашақ құрылыс салушылары физикалық және психологиялық факторларды тең ұстана отырып, жұмыс ареалын жаңғырту ісіне жауапты болады. Табиғаттан алынған мысалдарға сүйене отырып, біздің болашақ табиғи ортамыз қоршаған ортаға теріс әсер етпейді және басқа организмдер үшін **ЭКОТОН** ретінде, кем дегенде, метафоралық түрде айтқанда, әртүрлі идеяларды культивациялау орны ретінде қызмет етеді.

Болашақтың ғимараттары адамдарға сыртқы ортамен байланыс орнатуға көбірек мүмкіндік береді. Сондай-ақ, ертеңгі жұмыс орындары адамдар үшін үшбұрыш түрінде жасалмайды. Олар сау және әдемі интерьерлерге негізделген жұмыс түріне бейімделеді. Сапалы күндізгі жарық пен таза ауаға қолжетімділік те болашақтың жұмыс орнының белгісі болады. Болашақтың жұмыс орны өзі қолдайтын адамдарға едәуір инвестицияларды барынша арттыру үшін жасалады. Сапалы жұмыс ортасына капитал сала алмаймын деп ойлаған көптеген компаниялар мұны істеу керек екенін түсінеді. Алдыңғы қатарлы компаниялар жұмыс күшінің әл-ауқатын жақсарту және жаңашылдық пен сапа атмосферасын орнату үшін ғимараттар мен жүйелерге алдын ала көбірек ақша жұмсауға дайын болады. Нәтижесінде, бұл ғимараттардың құрылысы неғұрлым берік материалдарды пайдаланады және олар энергияны және ресурстарды тұтынуды едәуір төмендететін қоршаған ортаға зиянсыз, пайдалы болады. Сонымен қатар, болашақ ғимараттарда пайдаланушының жайлылығы мен бақылауын жақсарту арқылы энергияны тұтынуды төмендететін технологиялар басым болады.

ЭКОТОН –

екі немесе одан да көп әртүрлі экологиялық түрлер арасындағы ауысу аймағы

Дереккөз: McLennan, Jason F., «Productivity and Well-Being», The Philosophy of Sustainable Design: The Future of Architecture. Bainbridge Is, WA: Ecotone Publishing, 2004 pp.151-171.

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Физикалық орта адамның денсаулығы мен өнімділігіне қалай әсер етеді?
2. Тұрақты жобалау үшін қозғалысының қандай пайдасы бар?
3. Макленнанның айтуынша, адамдарға пайдалы орындар жасаудың қандай өлшемдері бар?
4. НМБ Банкінің жаңа ғимаратына қандай ерекшеліктер енгізілді және бұл қызметкерлердің жұмысына қалай әсер етті?
5. Сіздің ойыңызша, өнімділікке қатысты сипатталған екі зерттеудің қайсысы жасыл ғимараттардың адамның жағдайына әсерін бақылау үшін сенімді?
6. Адамның баспанаға, қауіпсіздікке және жайлылыққа деген қажеттілігі уақыт өте келе қаншалықты өзгерді?
7. Біздің туа біткен қажеттіліктеріміз бен біз тұратын ғимараттардың арасында қандай байланыс бар?
8. Биофилия дегеніміз не және бұл идеяның адамның әл-ауқаты мен жағдайын жақсарту үшін ғимараттар салуда қандай маңызы бар?
9. Сіздің ойыңызша, сәулетшілер қарапайым ғимараттар мен жасыл ғимарат арасындағы тепе-теңдікті таба ала ма?
10. Макленнанның өмір сүру ортасы да, жұмыс орны да бола алатын болашақ ғимараттар туралы көзқарасы қандай?

ШОЛУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Ле Корбюзье мен Макленнанның адамның баспана мен сәулет ісінің болашағына қатысты дәлелдері сәйкес келе ме?
2. Корреа үшінші әлем елдеріндегі сәулетшінің функциясы тек қалай салу керектігін ғана емес, қайда салу керектігін де білуден тұрады дейді. Сіздің ойыңызша, Макленнанның сәулеттің өнімділігі мен әл-ауқаты туралы дәлелдері Корреа идеясымен қалай тоғысады?
3. Макленнан: «Адамдар тек бетонмен және кірпішпен қоршалған тығыз қалалық ортада өмір сүретін кезде, дизайнерлер өз жобаларына өмірді енгізу үшін қолдан келгеннің бәрін жасауы керек» дейді. Бұл Мильтон Кейнстің Билл Брайсон сипаттаған сәулетіне сәйкес келе ме әлде қарама-қайшы ма?

БЕСІНШІ ТАРАУ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТІ ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАУ

235

КІРІСПЕ

Бұл тарауда біз осы жолы тікелей қоғамдық кеңістікке сүйене отырып, кеңістікті түсіндіру тақырыбын жалғастырамыз. Қоғамдық кеңістік бізге қоғамның өзі туралы көп нәрсені айтады. Қоғамдық кеңістіктің атмосфера-сы мен қоршаған ортасы оны көретін және пайдаланатын адамдарға зор ықпал етеді. Кейде мұндай ықпал тым жағымды, кейде тым жағымсыз.

Мысалы, тіршілікке толы базар немесе үлкен, әдемі салынған көпір не ауыл пейзажының табиғи сұлулығы – мұның бәрі шабыт, жайлылық пен ағартушылықтың қайнар көзі бола алады. Керісінше, қала орталығының қираған алаңы, лас, қараусыз қалған кафе, мұқият бақыланатын пәтерлер, мұның бәрі оқшаулауға, депрессияға және моральдық тоқырауға әкелуі мүмкін. Студенттер кейбір қоғамдық орындар өмір сүру сапасын қандай себептермен жақсартатынын, ал басқалары нашарлататындығын қарастыруы керек.

Бұл тарау қоғамдық кеңістіктің үкіметтің халыққа деген көзқарасын қалай көрсететініне көп көңіл бөледі. Студенттер қараулы саябақ пен қаңырап бос тұрған саябақ үкіметтің өз халқына қалай қамқорлық жасайтынын көрсете алатынын және қоғамдық орындарға деген көзқарас халықтың өз үкіметіне деген көңіл-күйін қалай көрсететінін қарастыруы керек. Билік өз азаматтарын қоғамдық кеңістік арқылы басқаруға қалай ұмтылуы мүмкін екендігі туралы ойланып көріңіз. Неліктен үкіметтер ұлттық батырларға биік ескерткіштер тұрғызады? Бұл адамның қоғамға қосқан үлесін түсіндіруге қалай әсер етеді?

Өз пікіріңізбен бөлісуге дайын болыңыз және оны көпшілікке, әсіресе сізбен келіспейтіндерге нақты жеткізуді үйреніңіз. Бұл үшін бесінші тарауда дәйектеу жоспарын жасау арқылы сыни дағдыларды дамытатын жаттығу бар.



ВЕНГЕР ПАРЛАМЕНТИ.

Жаңа готикалық стильдегі Венгр сәулет ескерткіші (айтарлықтай қалпына келтірілгеннен кейін)

СЛАВЕНКА ДРАКУЛИЧ. ШЫҒЫС ЕУРОПА ҚАБЫРҒАЛАРЫНДАҒЫ БОЯУДЫҢ САПАСЫ ТУРАЛЫ

Славенка Дракулич Хорватияда (бұрынғы Югославия) 1949 жылы дүниеге келген. Дракулич – Хорватиядағы құрметті журналист және мәдениет комментаторы. Дракулич Шығыс Еуропадағы алғашқы әйелдер ұйымының атқарушы комиссиясының негізін қалаушы болды. Ол – жазушыларға арналған Фулбрайт стипендиаты, IV халықаралық пәнаралық әйелдер конгресі және Мисс Магазин консультациялық кеңесінің мүшесі. Дракулич журналистика бойынша үш кітап («Біз коммунизмнен қалай аман қалып, тіпті күлгеніміз жайлы», «Жаңбырлы экспресс», «Европа» кафесі) және төрт роман («Қорқыныш голограммасы», «Мәрмәр тәрізді тері», «Ер адам талғамы», «Мен мұнда болмағандай») жазды. Оның кітаптары әлемнің он бес тіліне аударылған, әңгімелері мен эсселері ірі еуропалық және америкалық газеттер мен журналдарда басылады. Тәуелсіз журналист және жазушы ретінде қазір Стокгольмде (Швеция) тұрады. Төмендегі қысқаша эсседе Дракулич орталық және Шығыс Еуропадағы социализмнің кейінгі жылдарындағы қалалардың жаңару себептерін зерттейді. Дракулич адамның қоғамдық кеңістікке қатынасы осы кеңістікті қабылдауға қалай тәуелді екендігі туралы жазады.



1987 жылдың жазында Америка Құрама Штаттарына аттанған екі се-местрлік сапарымнан **Загребке** қайта оралдым да, өзімнің туған қаламды танымадым. Ол мүлдем басқаша көрінді: Республика алаңындағы бес және алты қабатты үйлер сары, ашық көк, қоңыр және қызғылт түстермен қайта боялып, жылтырап, көпіршітілген кілегеймен безендірілген тәтті нандарға ұқсап тұрды. Қасбеттерден **art deco** мүсіндерін, кішкентай мұнараларды, безендірулерді, балкондарды ұстап тұрған су перілерін, төбенің астындағы биік гүлдестелерді, алтын жапырақтарды, жүзім мен гипстен жасалған кішкентай томпақ херувимдерді бірінші рет байқадым. Содан кейін бір кездері соборға қарама-қарсы ескерту жазуы ілулі тұрғаны есіме түсті: «Сақтаныңыз, тас құлайды!» (**готикалық** мұнаралардан құлаған кесектер) мен қала үшін бірдеңе жасау керек деп ойлады. Әйтсе де, таң қалдым.

Мен ес білгелі жиырма-отыз жыл немесе одан да көп уақыт ішінде, шын мәнінде, ешкім ештеңе істеуге талпынған емес. Ендеше неліктен қала әкелері қалаға дәл қазір жөндеу қажет деп шешті?

Білуімше, менің елімде логикалық түсініктемелердің жұмыс істеуі шарт емес. Бұл шешім қала лас болғандықтан және бояуды қажет еткендіктен қабылданған жоқ және оны әрбір азамат, соның ішінде қала әкелері де көрер еді. Мұны баяғыда-ақ жасау керек еді – онда тұрған не бар? Бұл тұрғындар талап еткендіктен жасалған жоқ, оның үстіне, олардың нені қалайтынында я қаламайтынында кімнің не шаруасы бар, одан да өз істерімен айналыссын. Бұл қарапайым майлау немесе дәлірек айтсақ, «қалпына келтіру» жұмысы, осы мемлекеттегі барлық нәрсе сияқты, «биік мақсатқа» ие болды.

Загреб –
Хорватияның астанасы

art deco –
батыл геометриялық
сызықтармен, түрлі-түсті
әшекейлермен, сән-
салтанатпен сипатталатын
1930 жылдары танымал
сәндік стиль

готикалық –
XII-XVI ғасырларда Батыс
Еуропада кең таралған
сәулет және өнер стилі

Көп ұзамай мен бар мәселе сол жазда Загреб қабылдаған Универсиадада, Студенттік олимпиада ойындарында екенін білдім. Осындай елеусіз себепке қарамастан, Хорватия Социалистік Республикасының Үкіметі қала әкелерімен бірге Загребтің «әлемге» қалдыратын әсеріне алаңдады. Әлем мұндай лас, провинциялық қалаға келмей қалуы да мүмкін болса керек, сондықтан жыртықтарды жамау басталды.

Алайда мені қатты алаңдатып тұрған бір нәрсе болды және бұл қаладағы маңызды өзгерістердің «биік мақсаты» емес еді, өйткені «ынталандырудың» мұндай түріне менің де басқалар сияқты етім үйренген. Мен үшін ең жаманы – бұл «биік мақсат» тудыратын ақыл-ойдың күйі, Загребті бүкіл әлемге соншалықты қарама-қайшы қойған ойлау түрі еді. Біз, азаматтар, бұл өзгерістің негізінде жәбірлейтін, тіпті қорлайтын әлдене барын сездік: ол қате себептен туындап, жалған энтузиазммен жүрді. Егер қаланың баруға тұрарлықтай керемет екеніне әлемді сендіру керек болса, онда, бәлкім, ол қалада тұрмаған жөн болар. Бұл әлем – күйеу жігіт, ал Загреб – аздап көрілеу және тым жұпыны болғандықтан, оны жамаулы жаңа киімінің астында сәтсіз тығуға тырысқан қалыңдық сияқты еді. «Әлем» мен біздің арамыздағы айырмашылық жанға батты. Бұл айырмашылықты қаланың әкелері ойлап таппағанын білемін – оны жасаған өзіміз.

Біз мұны жиі жасаймыз, бәлкім, шын мәнінде біздің өзіміз жайлы түсінігіміз осы болар. Бірақ біз оны жағымсыз кішкентай құпия ретінде іште сақтауға дағдыланғанбыз және өзгелер, әсіресе шетелдіктер де солай ойлағанын қаламас едік. Құпияны ашып, оның қалай жүзеге асатынын, ашық танылғанын көру белгілі бір дәрежеде масқаралық болар еді. Егер олар әлем болса, біз ше? Бізді бөліп тұрған не? Бұл көрінбейтін шекара қай жерде? Бізде, біздің өзімізді төмен бағалауымызда, тарихымыз бен келешегімізде, біз өмір сүретін жүйеде ме? Біз әлемге төменнен жоғары қарай қарауға мәжбүр болатындай, әлем бізге үнемі асқақтап қарайды деген сезіммен өмір сүретіндей өзімізді өзгеше сезінуімізге бізді не мәжбүрлейді? Әлде біз бен олардың арасындағы бұл шекара көрініп, сезіле ме? Біз оған Италиядан немесе Австриядан елге кірген кезде, бөгде бір нәрсеге бойлайтын тәжірибеміз бола тұра – бұлыңғыр, нашар жарықтандырылған жолдар, мейрамханалардағы лас дәретханалар, қонақүй бөлмелеріндегі біртүрлі, майлы иіс, үйлердің тозған қасбеттері, кіреберістерде, аулаларда, асүйлерде, тіпті жуынатын бөлмелерде қабырғаға біртіндеп жайылған зеңді көргенде талай куә болдық емес пе. Біз әлі де онымен бірге өмір сүрсек те, мұның бәрі ұмытылып кеткендей. Мұның бізге қатысы болмағандай, біз тек өтпелі кезеңде болған тәріздіміз. Немесе уақыт пен табиғатқа, бояу бағасына және оның сапасына қарсы күрес әлі алдымызда тұрғандай.

Түрлі-түсті бояу әлі де маңызды болар. Бүгін, үш жылдан аз уақыт өткен соң, барлық қайта боялған қасбеттер, әдемі безендірілген, біз сонша мақтан тұтқан ашық түсті «тәтті нандар», ескі суреттердегідей лас сары, қоңыр, лас сұр түс болып қайта ескірген. Олардың бәрі шаң, дүкен терезелеріне, шамдарға, есік тұтқаларына, машиналарға, неон белгілеріне, орындықтарға, тіпті ағаштарға жабысып қалғандай көрінетін жұқа қызыл қоңыр пленкамен қапталғандай. Бұл фильм уақыттың ізі, оның жеке қолтаңбасы іспетті. Біз оның күші мен оның бізге тигізетін таңғажайып әсерін сезінеміз – оны мойындаймыз. Егер мен мұны, қасбеттердің тез күңгірттеніп кететін



**ЗАГРЕБТЕГІ
РЕСПУБЛИКА АЛАҢЫ**

құбылысын тек Югославияда көрген болсам, онда мен мұны тұқым қуалайтын ауру деп ойлайтын едім немесе оны психологиялық эффектiге жатқызар едім: елге кірген кезде, бірден пессимистік күйге түсесіз, бәрін сәл күңгірт реңктерде көресіз. Бірақ мен мұны Прагада да Ескі Мжест, Париж, Капров, Широка, Длоуханың кішкентай көшелерімен жүріп бара жатып, «жаңартылған» күйінде көрдім. Боялмаған қасбеттер жаңадан боялғандардың жанында одан да лас болып көрінді. Ал баяу, бірақ көзге түсетіндей боялғандары қызыл-қоңыр түсті ауадан, адамдардың демінен сіңірді.

Мен мұны Будапешттен көрдім. Түн ортасында барған болатынмын. Вокзалдан Ракоци көшесімен, содан кейін Жозеф Корут даңғылымен «Немзети» қонақүйіне бардым. Даңғыл, қаланың сауда орталығы, бос қана емес, толығымен қараңғыда болды. Әлде мен әдетте Батыстан Шығыс-Еуропа қаласына кіргенде болатын «жарық соққысын» бастан өткергендіктен, маған солай көрінген болар. Мұның қайшылығы сол, бір сәтте қалада электр қуаты сөнгендей немесе әуе шабуылының қаупі бар сияқты болып көрінеді. Будапештегі шамдар әлсіз сарғыш жарықты беріп тұрды әрі олардың әрбір екіншісі мүлдем жұмыс істемеді. Дүкен сөрелері мүлдем жарық түсірмеді, неон маңдайшалардың көпшілігі өшіп тұрды, сол кезде бір-екіуін қоспағанда бірде-бір көлік өткен жоқ – елестер қаласы.

Америкалық әріптесім шабыттанған сәтінде Прагаға ұқсас сипаттама берген еді: «Қаланың шашыраңқы шамдары жылы-қызыл сары, ал олардың жарығы жұлдыздар мен Ай сәулесімен жарықтандырылған бұлттардың дөңгелек билері аспанда анық және айқын болуы үшін айтарлықтай әлсіз». Бірақ ол өзін аспанға қарауға мәжбүрлеген романтикалық «шашыраңқы шамдарды» көрген жерде мен ондай ештеңе көрмедім. Прагамен (немесе Будапештпен) өмір сүру тәртібі бірдей елде тұрып, мен қымбат электр энергиясын үнемдеуді, тым тез жанып кететін нашар шамдарды, ауыстыруға бірнеше жылдар кеткен шағылған шамдарды көрдім. Бұл қалаға әсіресе егер сіз америкалық болсаңыз, романтикалық көрініс беруі мүмкін екенін мойындаймын, бірақ әдейі емес екені анық. Романтикалық коммунистік режим туралы өмірінде біреу естіп пе еді? Келесі күні таңертең Будапешт кафеден өзгеше көрінді, Воросмарти алаңындағы 130 жастағы «Гербо» кафесі. Менің әріптесімнің тілімен айтқанда, күн шуақты, «ашық және айқын» болып тұрды, бірақ мен алаң, Сарай төбешігіндегі немесе Белавароштағы әдемі ғимараттар Дунайдың үстіндегі алты көпірдің бәрі, қаланың өзі Загреб, Прага немесе Батыс Берлин сияқты қызыл-қоңыр пленкамен жабылып тұрғандай сезімнен арыла алмадым. Олар күңгірттеніп, шеттеріне құлап, жоғалып кеткендей болды. Қасбеттердің бүтін кесектері, қабырғалардың, баспалдақтардың бөліктері құлап жатты. Мен мұрны жоқ алыптардың мүсіндерін, қанаттары жоқ періштелерді, балқонды ұстап тұрған кеудесі жоқ әйел мүсіндерін, аяғы сынған жылқыларды көрдім, мұ-



Загребегі готикалық кафедралды соборды қайта қалпына келтіру кезінде



Загребегі готикалық кафедралды соборды қайта қалпына келтіру

ның бәрі бұрыннан ұмытылған уақыттың қиялдағы аң көрмесіндей болды... Қала баяу ыдырауда және ештеңе, тіпті жаңа үкімет те бұл қалпына келтірілмейтін процесті тоқтата алмайды. Батыстық неміс ақыны Ганс Магнус Енценсбергер «Еуропа, Еуропа» атты эссесінде «кең таралған эрозия – бұл Дунайдағы ірі қалалардың құпиясы, терроры және сүйкімділігі. Тоқтаусыз, тосын, жоғары күш – **энтропия**. Қылқаламды құтыға түсірген суретші оның жұмысы бекер екенін біледі және бәрін ұстап, сақтайтын бір ғана уақытқа үміттенуге болады, тіпті егер ол оларды өшірсе де. Тарих – бұл эрозия процесі. Біздің социализм деп атайтынымыз – бұл тек оның вице-патшасы» деп жазады.

Мен Будапеште бұл ішкі энергияның, Шығыс Еуропаның әр қаласы жейтін энергияның қайдан бастау алатынын, оның готикасын немесе **барокконы**, не ғасырдың аяғындағы **декадансты**, оның жайлы қабығын, ностальгиялық сұлулығын, тозуды және қызыл-қоңыр түсті ортақ бөлгіш ететіндігін анықтадым. Социализмдегі бояудың сапасы төмен деп айту дұрыс, бірақ мұнымен жетпейді. Бұл битуминозды көмірді пайдалану мен ауаның ластануы, бензиннің нашар болуы және көліктің нашар болуы немесе ақшаның жетіспеуі деп айту да дұрыс. Бірақ мұнымен де шектелмейді. Бұл себептің бәрі (бәлкім, көптеген басқалары да) жартылай қирауды түсіндіруге жеткіліксіз. Менің ойымша, мұның себебі – бізде. Қалалар ондаған жылдар бойғы немқұрайлықты, бұған біз емес, басқалар – үкімет, партия, «жоғарыдағылар» жауапты деген сенімімізді өлтірді. Егер біз өз өміріміз үшін жауап бере алмасақ, қалайша біз бола аламыз?

Мен бірінші қабатта тұрамын, ал менің бөлмемнің терезелері қала орталығындағы үлкен қозғалысы бар көшеге қарайды. Мен бұл деңгейде өмір сүрудің артықшылығы бар деп санаймын, өйткені басқаша көре алмайтын нәрселерді көремін. Мен балаларға, иттерге, мас адамдарға қараймын. Тереземе қарама-қарсы жерде саясатты талқылап жатқан ашулы адамдарды көремін (сондықтан кішкентай республикадағы алғашқы еркін сайлауда қай партияның жеңіске жететінін білдім) және үй шаруасындағы әйелдердің бір-біріне бұрыштағы гастронормнан не сатып алуға (немесе сатып алмауға) болатынын айтып жатқанын естимін. Күн сайын таңертең тұрып үлгермей жатып жаңа ақпарат аламын. Сонымен қатар, қоқысты жиі көремін; адамдардың газеттерді, пластик пакеттерді, темекі қораптарын, бөтелкелерді, қолшатырларды, ескі аяқ киімдерді, тіпті ескі тоңазытқыштарды бейберекет, ұқыпсыз, ойланбастан лақтырып жатқанын мұқият бақылап тұра аламын. Олар дүрліккен «біреу» жинайды деген болжаммен бүкіл тротуарды, гүлзарлар мен көшелерді үлкен қоқыс жәшігі сияқты қолданып, оларды лақтырады, тебеді.

Барлық қоғамдық орындар ұлттың ұжымдық түпсаналыларынан хабарламалары бар хабарландыру тақтасына ұқсайды. Онда сіз әрекетсіздікті, ашуды, немқұрайлылықты, қорқынышты, қос стандартты, наразылықты, нашар экономиканы, «элеуметтік» бұрмаланған анықтаманы, бүкіл идеологияны – жинақталған және сыртқа шашыраған эмоциялар мен қатынастардың тұтас жиынтығын таба аласыз. Біз қоғамдық орындар ешкімге тиесілі емес сияқты кейіп танытамыз. Немесе одан да жаманы, олар жауға тиесілі және біздің қасиетті міндетіміз – оның аумағында осы жауға қарсы тұру, тіпті оны титықтату. Қоғамдық кеңістік біздің пәтерден тыс жерде

энтропия –
белгісіздік өлшемі

барокко –
XVII-XVIII ғасырлардағы
еуропалық сәулет және
өнер стилі.

декаденция –
(Франц. *decadence*
құлдырауы), 19 ғ. II
жартысы – 20 ғ. басында
тараған декаденттік көңіл-
күй, өнер мен сәулет
өнерінде көрініс тапқан
күнделікті өмірден бас
тарту

басталады. Бірақ мәселе біздің миымызда қоғамдық нәрсе мемлекеттікпен теңестіріледі, яғни жауға теңестіріледі. Егер сіз жүйені бұза алмасаңыз, онда сіз телефон дүңгіршегін, билет автоматын, тұрақ есептегішін немесе саябақтағы гүлдерді бұза аласыз.

Бұл үнсіз соғыста біздің қалаларымыз жеңіліс табады. Ғимараттардағы кіреберістер тек кіреберіс ретінде ғана емес, сонымен қатар дәретхана және терең ішкі сезімдеріңізді білдіретін орын ретінде қызмет етеді. Бұл сезімдер (егер сіз иіске назар аудармасаңыз) – жек көру және жою. Кіреберістердің қабырғаларында әрдайым сызылған хабарламалар болмауы мүмкін, өйткені бұл қаланың «ең жақсы» бөлігі (бірақ бұл жерде құлыпталған есіктер ұзақ уақыт сақталмайды), бірақ одан да күрделі көңілсіздік белгілері бар: сынған әйнектер, бұралған шамдар, қоқыс бұрыштары, бөлшектелген қоршаулар, жұмыс істемейтін лифтілер, жұлынған есік қоңыраулары. Кейбір адамдар саябақтарды демалыс және рақат үшін пайдаланады. Басқалары оларды қажеттіліктеріне бейімдейді. Атап айтқанда, өздерінің ашу-ызаларын білдіру үшін: олар орындықтарды сындырады, темір қоршауларды құлатады, ағаштарды сындырады, қоқыс жәшіктерінен абстрактілі фигуралар жасайды немесе саябақты дәретхана ретінде пайдаланады. Бұл олардың жері емес және әлемде тек қарым-қатынасты өзгертуге залалды өтеу үшін ақша жетпейді. Мен Лондондағы Гайд-Паркке алғаш келгенде, мені бәрінен де шешеннің бұрышы емес – мен бұл туралы бұрын оқып алғанмын – шөпте отырған, күн сәулесіне қыздырынып, тамақтанып немесе тіпті ұйықтап жатқан адамдар таң қалдырды. Біздің саябақтарда мен мұны ешқашан көрген емеспін. Шөп оны пайдалану үшін емес, оған қарап, ләззат алу үшін қажет

– Бәлкім, дәл қазір, Шығыс Еуропадағы саяси өзгерістерден кейін, біздің қалаларымызға қайтадан иелік етуге, оларды қайта иемденуге, оларға біз тіркелген немесе біз жай ғана өтетін жерлер ретінде қарамауға мүмкіндік бар шығар. Бірақ мұны істеу үшін біз алдымен қоғамдық орындардың, тек қасбеттер ғана емес, сонымен қатар шамдар, жаяусоқпақтар, қоқыстар, дәретханалар, саябақтар және кіреберістерге кіретін жерлердің маңыздылығын түсініп алуымыз керек. Біз қоғамдық орындардың бір рет пайдаланып, жұмарлап, лақтыра салатын майлық емес екенін түсінуіміз керек. Олар ескі сәндегі, шеттері тігілген жұқа бәтес қол орамалына ұқсайды, оны қайтадан қолданар алдында жуып, үтіктеу керек...

Джордж Конрад бұл жерде пойыздар мен фильмдер баяу жүретінін жазды, өйткені уақыттың өзі баяу жүреді. Менің ойымша, ол басқаша жүреді. Иллюзия қабаттары – сұлулық иллюзиясы, күш иллюзиясы, маңыздылық иллюзиясы, тіпті мағына иллюзиясы шыққанда, уақыт өмірге деген көзқарасымызды мүлдем өзгертеді. Австрия-Венгрия империясы төрт жүз жыл ішінде біртіндеп байлық пен күш белгілерін күшейтті. Ол баяу ыдырап,



БУДАПЕШТЕГІ ӘУЛИЕ ИШТВАН ШІРКЕУІ

Конрад, Джордж
(1933-2019) – венгр
жазушысы және эссеисті

солып қалды. Содан кейін жарты ғасырға жуық уақыт ішінде коммунистер өткенді жойып, оны өз нышандарымызбен алмастыруға тырысты – олар одан да тез сөнді. Қазір жаңа үкіметтер көшелер мен алаңдардың атауларын қайта өзгертуде, ескі ескерткіштерді қиратып, оларды жаңаларымен сәтті алмастыруда, тарих пен естеліктерді өздерінің кішкентай ойын алаңы ретінде қарастыруда. Бірақ қалалар да, адамдар да мұны ұмытпай көрсетеді. Орталық Еуропа жанының ностальгиясы мен үмітсіздігі, оның қайғысы мен **цинизмі** – керек десеңіз, ішкі қызыл-қоңыр жабын – бәрі сол жерден бастау алады. Сондықтан, менің ойымша, біз өзгеше, едәуір өзгешеміз. Біздің қалаларда «жаңарту» жаңартпайды, ол тек өтіп жатқан уақытты, ілгерілеудің жоқ екенін, тарихтың шексіз қайталанатынын көрсетеді.

Үйлер адамдардың бет-әлпеті сияқты, маған ең ұнайтыны да сол. Олардың әдемілігі тек бетінде ғана емес. Сондықтан да қалалар біздегі ішкі «Мен» бейнесіне айналады. Олардың шынайы өсемдігі адамдық параметрінде, олар сізді емес, сіз оларды басқара алатыныңызды сезінуіңізде. Олардың орталығы, бағдарлау нүктесі, негізгі алаңы, негізгі көшелері мен ғимараттары бар. Ал адамдарға центрация керек, бұл оларға қауіпсіздік сезімін сыйлайды. Ескі қаласы жоқ қала – інжу-маржаны жоқ жарғақ сияқты. Сондықтан менің ойымша, Варшавадағы Ескі қаланы немесе Будапешттегі сарайды соғыстан кейінгі қайта құрудың нақты мәні бар – онсыз еуропалық қала өзегін жоғалтар еді. «Әлемге» келетін болсақ, егер мұндай бөлу сыртта да, іште де бар деп болжасақ, онда ол осында келсін. Мүмкін, бұл тарихтың **метафизикалық** категория екенін көре алатын жалғыз орын шығар.

цинизм –

адамгершілік пен адамгершіліктің жалпы қабылданған нормаларына деген менсінбейтін көзқарас

метафизика –

заттар мен идеялардың табиғаты туралы ілім

АХАЖ аудармасы – ОАУ, Душанбе, 2004.

Дереккөз: Дракулич, Славенка. Шығыс Еуропа қабырғаларындағы бояудың сапасы туралы. // Коммунизмнен қалай аман қалып, тіпті күлгеніміз жайлы. – Нью-Йорк: Харпер Перенниал, 1993. 159-168-б.


ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Дракуличтің пікірінше, Загребті бояу мен жаңартудың несі қорлық болды? Жаңарту Шығыс Еуропаның Батысқа қатысты ерекшеліктерін қалай күшейтті? Дракулич Шығыс Еуропаның астаналары шаңды, лас-сұр, қара реңктерде көрінетініне қатысты не ойлайды?
2. Американдық әріптес Дракуличтің әлемнің әртүрлі қабылдануы туралы жазбалары бізге не дейді? Дракуличтің айтуынша, еуропалық қалалардың «жартылай қирап тұрғаны» үшін кім жауапты?
3. Дракуличтің айтуынша, біз жеке және қоғамдық кеңістікті қалай түсінеміз? Неліктен Дракуличтің пікірінше, адамдар саябақтағы телефон дүңгіршегін немесе орындықты бұзғысы келеді? Мұндай көзқарас кеңес қалаларының қоғамдық орындарына қаншалықты зиян тигізді?
4. Дракулич осы эсседе қоғамдық орындардың қабылдануы мен мәні туралы қандай хабар жеткізгісі келеді?
5. Дракулич үшін уақыт пен тарихты түсіну мен қабылдауда қалалардың жаңаруы қандай орын алады?

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

243

1. Дракулич пен Несин (төртінші тарау) ғимараттар мен тарихи орындардың сақталуына алаңдайды. Олар адамның тарихи орындарға деген көзқарасын сақтау немесе өзгерту үшін қандай кеңес береді?
2. Дракулич Ле Корбюзьенің (төртінші тарау) бұрынғы, яғни жаппай салынған үйлердің орнына жаңа құралдар жасауға қатысты дәлеліне қалай жауап берер еді?
3. Загребті қалалық биліктің бояуы мен жаңартуының себебін түсіндіре отырып, Дракулич «біздің», шығыс еуропалықтардың және «олардың», Батыстағылардың арасында айырмашылық бар екенін сезеді. Бұл айырмашылық екінші және үшінші тараулардағы мәдениет тұрғысынан «басқаларды» түсіндіру бойынша пікірталаспен қалай байланысады?



СІЗДІҢ ИДЕЯЛАРЫҢЫЗДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

ИДЕЯЛАРДЫ ДАМУ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРУ

СІЗДІҢ ДӘЛЕЛІҢІЗДІҢ ЖОСПАРЫ

Жоспар – бұл эссенің қаңқасы және құрылымы, оның айналасында бөліктер мен түсініктемелер ұйымдастырылған. Сізге барлық сөйлемді параграфтарда жазудың қажеті жоқ, тек негізгі идеяларды жазасыз.

ЖОСПАР ЖАСАҒАНДА НАЗАРДА ҰСТАҢЫЗ:

1. Жоспар дегеніміз не?

- логикалық жалпы сипаттама
- сызба түріндегі түйіндеме
- ұйымдастыру моделі
- жұмысыңыздың көрнекі және тұжырымдамалық жоспары

2. жоспардың мақсаты:

- идеяларыңызды ұйымдастыруға көмектеседі
- материалыңызды логикалық түрде бейнелендіреді
- жұмысыңыздағы идеялар арасындағы қатынасты көрсетеді
- жұмысыңызға жүйелі шолу жасайды
- шекаралар мен топтарды анықтайды

3. Түрлері:

- жоспардың алғашқы жобасы
- формальды жоспар

ЖОСПАР ЖАЗУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ:

1. Жоспарыңызды беттің жоғарғы жағына тақырыпты жазудан бастаңыз.
2. Әрі қарай, I, II және III рим цифрларымен жазыңыз.
3. Рим нөмірлерінің жанында тақырып бойынша негізгі идеяларды немесе қарастырығыңыз келетін негізгі сұрақтарды жазыңыз.
 - а) егер сендіргіңіз келсе, ең жақсы дәлелдеріңізді жазыңыз.
 - б) егер процесті түсіндіргіңіз келсе, қолданатын қадамдарды сипаттаңыз.
4. Сіз оларды санаттар бойынша құрастыруыңыз керек.
5. Әр рим цифрының астына А, В, С үлкен әріптерін бір-бірінің астына жазыңыз.
6. Әр рим цифрының және үлкен әріптің қасына негізгі идеяңызды қолдайтын фактіні немесе ақпаратты жазыңыз.
7. Егер қосылуы керек қандай да бір ерекше ақпарат болса, әрбір бас әріптің астына тақырыпшалар қажет болуы мүмкін (i, ii, iii; a, b, c).

АХАЖ аудармасы – ОАУ, Душанбе, 2004.

Дереккөз: Ливингстон Кэти: Өз идеяларыңызды ұйымдастырыңыз // Эссе жазудың негізгі анықтамалығы. URL: [http://members.tripod.com/], Соңғы қаралым 28 сәуір 2004 жыл.

ЖОСПАРДЫҢ ҮЛГІСІ:

Славенка Дракулич «Шығыс Еуропа қабырғаларындағы бояудың сапасы туралы»

246

Тезистік сұрақ:

Неліктен Шығыс Еуропадағы қалалардың қабырғалары боялған?

I. Қала кенеттен басқаша көрінеді:

- A) қала басшылары оны «жаңарту» деп атайды
- B) «биік мақсат»
- C) халықтың талабы емес
- D) реакция
 - 1.«біз» бен «олар» арасындағы айырмашылық
 - 2.әділетсіз бөлініс
 - 3.маңызды бүкпе мәтін

II. Түрлі түсті бояу ерекше маңызды

- A) біздің қалаларымызды бояу
 - 1. Загреб
 - 2. Прага
 - 3. Будапешт
- B) Неліктен Шығыс Еуропа қалалары біртіндеп құлдырауда?
- C) энтропия: кездейсоқ, жоғары күш

III. Біздің қоғамдық орындарымызға кім жауапты?

- A) ластану, нашар отынды пайдалану, саналы түсіну
- B) немқұрайлылықтың онжылдығы
- C) социалистік идеология
- D) маңайдағы бақылаулар

IV. Қоғамдық орындар

- A) адамдар көшеге қоқыс тастайды
- B) қоғамдық орындар хабарландыру тақтасы ретінде
 - 1. ұлттың ұжымдық санасы
 - 2. дүниетаным
 - 3. қоғамдық орындар ешкімге тиесілі емес
 - 4. қоғамдық орындарды қирату
- C) жүйемен соғыс жүргізу
 - 1. жек көру және жою
 - 2. қарым-қатынастың қажетті өзгеруі
 - 3. Лондондағы Гайд-Парк

V. Біз қалаларымызды қалай құтқаруымыз керек?

- A) саяси өзгерістер қарым-қатынас өзгерістеріне әкеледі
- B) қоғамдық орындардың маңыздылығы
- C) қалалар естеліктер мен тарихты бейнелейді
- D) қалалар – біздің ішкі «Меннің» көрінісі
- E) ескі қалаларды қайта құру
- F) боялған қабырғаларымызды әлемнен жасырып, әдемі ескі қалаларды көрсету.

АНРИ ЛЕФЕВР. КЕҢІСТІК ӨНДІРІСІ

Анри Лефевр (1905-1991) француз зиялы марксистерінің ішіндегі ең өнімді жазған жазушылардың бірі болып саналады. Лефевр Парижде философияны оқыды. Ол қала мен ауыл өмірінің социологы болды, мемлекет, халықаралық капиталдың дамуы және әлеуметтік кеңістік теориясын зерттеді. Өз өмірінде ол француздардың тұрмысын жаңғыртудың, экономиканы индустрияландырудың және қалалардың субурбанизациялануының куәсі болды.

«Кеңістік өндірісі» 1974 жылы француз тілінде жарық көрді. Лефевр үшін басым кеңістік – адамдардың ерекше мақсат үшін салған нәрсесі; иемдену кеңістігі – адамдар өздерінің әртүрлі мақсаттары үшін пайдаланатын кеңістігі. Төменде оның жұмысынан келтірілген үзіндіні оқып жатқанда, оқырман кеңістікті қалай бақылауға және пайдалануға болатыны, табиғи немесе тіпті жасанды кеңістікті адамдар тобы қалай қолдана алатыны немесе тіпті оған қалай бағынатыны туралы ойлануы тиіс.

Маркстің ілімі бойынша, иемдену тұжырымдамасы меншік тұжырымдамасына мейлінше қарама-қайшы, бірақ әбден айқындалған емес, керісінше. Біріншіден, онымен адам табиғаты туралы антропологиялық және философиялық ұғымдардың арасында нақты айырмашылық жоқ (яғни, адам үшін не «дұрыс» саналатыны туралы); Маркс ерекше адам табиғатын ізуден мүлдем бас тартқан жоқ, бірақ ол оны әзіл, ойын, өлімді сезіну немесе «тіршілік ету мерзімі» арқылы жасауға болады деген сияқты қандай да бір идеядан бас тартты; мұның негізі, дұрысында, (қоғамдық) еңбекте және біртұтас тілде жатыр. Маркс сонымен бірге басымдық пен иемденудің арасына айырмашылық белгісін қоймады. Осылайша, ол үшін еңбек пен технология материалдық табиғатқа үстемдік ету арқылы оны (қоғамдық) адамның қажеттіліктеріне сәйкес бірден өзгертеді. Сондықтан табиғат жаудан, немқұрайлы материядан бірден «тауарға» айналды.

Шындығында, кеңістікті сыни тұрғыдан зерттеу арқылы ғана иемдену тұжырымдамасын түсіндіруге болады. Топтың қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін қанағаттандыру үшін өзгерген табиғи кеңістікті осы топ иемденді деп айтуға болады. Иемдену мағынасындағы меншік, ең жақсы дегенде, қажетті алғышарт, ал көбінесе иемдену бойынша **эпифеномен** қызметі болып табылады, оның ең жоғары көрінісі – өнер туындысы. Иемденген кеңістік өнер туындысын еске түсіреді, бірақ бұл қандай да бір мағынада өнер туындысын көшіріп алу деп айтуға болмайды. Көбінесе мұндай кеңістік ғимарат-ескерткіш немесе ғимарат болып табылады, бірақ әрдайым бұлай бола бермейді: учаске, алаң немесе көшені сенімді түрде иемденген кеңістік деп атауға болады. Иелік ететін кеңістіктің көптеген мысалдары бар, бірақ оны қаншалықты, қалай, кім және кім үшін именденгенін шешу оңай емес. Шаруалардың үйлері мен ауылдарға қарап, мүдіріп, кейде аздап шатасып жатсаң да, оларды кім салғанынан және кімнің тұрғанынан

Эпифеномен –
ілеспе жанама құбылыс

хабар беріп тұрады. **Иглу** – шығыс үлгісімен салынған сабан үй, **Норман** немесе провансаль үйлері сияқты жапон үйлері де сондай әсерлі¹.

1. Үйдің кеңістігі топқа (отбасы үшін, көбінесе өте үлкен отбасы үшін) немесе коммунаға арналуы (оны қиратуға ұмтылатын касталарға немесе сыныптарға бөлінсе де) мүмкін. Жеке кеңістік өте жақсы, бірақ әрқашан қоғамдық кеңістікпен байланысты. Дұрысында, коммунаның сыртқы кеңістігі басым болады, ал отбасылық өмірдің ішкі кеңістігі иемдену сипатында болады². 2. Бұл жағдай кеңістікті пайдаланудың мысалы болып табылады, ол осы жерде және қазір болып жатса да, белгілі бір мағынада өнер туындыларына жақын. Мұндай типтегі үйлердің бізді таң қалдырудан жалықтырмайтын әсемдігі мен әдемілігі осыдан келіп шығады. Айта кету керек, тұрақты топ, мейлі отбасы, мейлі ауыл немесе қала болсын, иелік етпейді; уақыт осы үдеріске қатысады, ал иемденуді шынында, уақыт пен өмір ырғағынсыз түсінуге болмайды.

Басым кеңістік немесе берілген кеңістік негізінен қосылуы мүмкін – және шындығында, олар қосылуы тиіс. Бірақ тарих, шын мәнінде, жинақтау тарихы, сонымен бірге бөліну және екіжақты антагонизм тарихы болып табылады. Оның үстіне, бұл сайыстың жеңімпазы басымдық болды. Бір кездері басымдықсыз иемдену болған, оның куәсі – бұрын айтылған лашық үй, иглу немесе шаруаның үйі. Басымдық армия, соғыс, мемлекет және саяси күш рөлімен тең дәрежеде өсті. Осылайша, үстемдік пен иемденудің арасындағы **ДИХОТОМИЯ** ұтымдылық немесе маңыздылық деңгейімен шектелмейді, өйткені ол қарама-қайшылықты немесе қақтығыстарға бейімділікті тудырады және тараптардың бірі (үстемдік) жойқын жеңіске жеткенге дейін, ал екіншісі (иемдену) оған толықтай бағынғанша әсерін сақтайды. Бұл иемдену жоғалады дегенді білдірмейді, өйткені бұлай болуы мүмкін емес: теория мен тәжірибе оның маңызды екенін көрсетіп, оны қалпына келтіруді талап етеді.

АХАЖ аудармасы – ОАУ, Душанбе, 2004. /

Дереккөз: Лефевр Анри. Кеңістік өндірісі / Француз тілінен аударған – Дональд Николсон-Смит. – Оксфорд. Блэквэлл Пабблишинг, 1991. 165-166-б.

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. «Иемдену» нені білдіреді? «Басымдық» нені білдіреді? Сіз бұған мысалдар келтіре аласыз ба?
2. Лефевр неліктен иемденуді түсіндіру үшін кеңістікті зерттеу керек деп санайды? Лефеврдің көзқарасы бойынша неге берілген кеңістік – бұл өнер туындысы? Мысалдар келтіріңіз.
3. Иемденген кеңістік меншікке қалай айналады? Басым және иеленген, қоғамдық және жеке кеңістіктіктер арасындағы сызықты қайда сызуға тиіспіз?

¹ Қараңыз. Раппопорт. Үйдің түрі мен мәдениет. Холл Раппопорттың әлеуметтік-мәдени факторлар мен «тұлғалардың» маңызын көтеретіні туралы

² Қараңыз. Башлар. Кеңістік поэзиясы.

иглу –

канадалық эскимостардың қысқы үйі

нормандықтар –

нормандиялықтарға, скандинавиялық және Франк тектес адамдарға қатысты

дихотомия –

екі қарама-қарсы бөлікке бөлу

4. Неліктен Лефевр басым және иемденген кеңістік арасында тұрақты күрес бар екенін дәлелдейді? Егер біз белгілі және басым кеңістік жағдайында жеке және қоғамдық кеңістік туралы ойласақ, олардың қайсысы қайсысынан кейін келеді? Мысалға дәлел келтіріңіз.

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Дракулич Шығыс еуропалықтар өздеріне дұрыс қарау және күту үшін өз қалаларын «қайта жекешелендіру» немесе «қайтадан иелікке алу» керек дейді. Сіздің ойыңызша, Славенка Дракуличтің «иелену» түсінігі Лефеврдің «кеңістікті иемдену» түсінігімен сәйкес келе ме?
2. Лефеврдің айтуынша, коммунаның сыртқы кеңістігі басым. Қоғамдық кеңістік социалистік елдерде басым болды ма?
3. Сіз киіз үйді басымдықсыз берілген иеленген кеңістік деп түсінуге болады деп санайсыз ба? Жауабыңызды негіздеңіз.



СТАНЦА ДЕЛЛА СЕНЬЯТУРА. Рафаэль. Афина мектебі, 1509, фреска. (Ватикандағы Папа сарайы)

АРИСТОТЕЛЬ. САЯСАТ

Аристотель (б.д.д. 384 – 322 жж.) – ең танымал ежелгі грек философтарының бірі; танымалдығы сонша, оны көбінесе жай ғана Философ деп атайды. Ол Платонның шәкірті болған және Платон философиясын қабылдаудан басқа Аристотель бүкіл білімді жүйелеу әдісін тұжырымдады. Аристотель табиғатты бақылауға үлкен мән берді және ақылдың (сананың) маңыздылығын атап көрсетті. Бәрінен бұрын, оның пайымдауының бастапқы нүктесі адам үшін ең жақсысы – оның полисте (қалада) тұру екендігі болды. Оның «Саясат» еңбегінен алынған төмендегі үзіндіде Аристотель қоғамның жеке адамнан ең жақсы қасиеттері және заттарды түсіну жөнінен асып түсетіні туралы айтады. Оқу кезінде қалалардың жеке адамдардың қоғамдағы кездесетін кеңістігі болып табылатынын және кеңістіктің осы түрінің функциялары қандай екені туралы ойланаңыз.



Қалған мәселелер туралы әңгіме басқа жерде болады. Жоғарғы билік тым болмағанда ат төбеліндей санаулы азшылықтан гөрі көпшіліктің қолында болғаны дұрыс па деген жағдай, сірә, мәселені қанағаттанарлық шешу деп санауға болатын сияқты және мұнда бір жағынан, ақталу, тіпті шындық та жатқан сияқты. Өзімен-өзі жүретін адамдардың әдетте қолынан іс келмеуі мүмкін, бірақ біріккен кезде бөлек жүрген кездегіден өздерін әлдеқайда жақсы көрсете алады. Бұл әр адамның әкелген тамағын жеке ішкеннен гөрі сол тамақты ортаға қойып ішсе әлдеқайда дәмдірек болатыны сияқты. Көпшілік көптеген адамдардың басын біріктіретіндіктен, олардың әрқайсысын жеке-жеке алғанда, әрқайсысында ізгілік пен парасаттылықтың белгісі бар; ал бұл адамдар біріккен кезде, көпшіліктен қолы да, аяғы да, қабылдауы да көп, мінезі мен түсінігі де алуан түрлі бір адам құралады. Міне, сондықтан да көпшілік музыкалық және поэтикалық шығармаларды жақсы талдайды: біреулері бір жағын, басқалары екінші жағын, ал барлығы жиналғанда тұтастай талдайды. Іскер адамдар көпшіліктің арасынан ерекшеленіп тұрады, бұл әдемі адамның көріксіз адамнан, суретші салған суреттердің табиғаттың суреттерінен ерекшеленетіні сияқты: ол әр жерге шашыраңқы орналасқан нәрсенің бір жерге бірігуімен ерекшеленеді және біріктірілген нәрсе оның құрамдас бөліктеріне бөлініп, бір адамның көзі, екіншісінің денесінің басқа бөлігі суретте көрсетілгеннен гөрі әдемі көрінеді.

Алайда, кез келген халық үшін және кез келген топқа көпшілік пен аздаған іскер адамдар арасында бірдей қарым-қатынас орнатуға бола ма, жоқ па белгісіз. Зевстің атымен ант етемін, кейбіреулер үшін бұл мүмкін емес (бұл ой жануарларға да қатысты болуы мүмкін; шындығында, кейбір халықтардың жануарлардан қай жері артық?). Алайда, әлдебір көпшіліктің мәліметтеріне қатысты айтылғанды ақиқат деп тануға ештеңе кедергі болмайды.

Міне, бұрын көрсетілген қиындықтарды да, сондай-ақ онымен байланысты басқа қиындықтарды да осындай жолмен шешуге болар еді: азат

азаматтардың басым бөлігі не нәрсеге билік етуге тиіс, яғни байлыққа ие болмаса, онда ешбір ізгілігімен ерекшеленбей ме? Ондайларды жоғары лауазымдарға тағайындау қауіпсіз емес: әділетті және парасатты болмаса, олар әділетсіз немесе қате әрекет етуі мүмкін. Екінші жағынан, оларды биліктен аластату да қауіпті: мемлекетте көптеген адамдар саяси құқықтарынан айырылған, кедейлер көп болған жағдайда, мұндай мемлекет дұшпандық көзқарастағы адамдарға толы болады. Бір ғана жол: оларды кеңесші билік пен сот билігіне қатыстыру ғана қалады. Сондықтан, Солонда, кейбір басқа заң шығарушылар да оларға лауазымды тұлғаларды сайлауға және олардың қызметі туралы есепті қабылдауға қатысу құқығын береді, бірақ олардың лауазымдарды иеленуіне жол бермейді; біртұтас болып біріккен кезде олар барынша парасатты болып, мықты адамдармен араласу арқылы мемлекетке пайда келтіреді, бұл тазартылған аз мөлшердегі өнімге қарағанда, тазартылмаған тамақ өнімдерінің тазартылған өнімдермен араласып, кез келген тағамды пайдалы ететіні сияқты. Жеке-дара адам істі талқылауға келгенде қауқарсыз, кемелдіктен алыс болады.

Дереккөз: Саясат. Афина саясаты / Алғысөзін жазған Е.И. Темнова. – М.: Мысль, 1997. 111 – б.. Үшінші кітап, VI, 4-5.

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Сіз Аристотельдің жақсы қасиеттер мен мәселені түсінуде адамдардың бірігуі жеке индивидуумнан артық деген пікірімен келісіз бе?
2. Азаматтардың кездесетін орны ретінде қалалар қандай құндылыққа ие? Неліктен жеке тұлғалардың өртүрлілігі бүкіл қала үшін пайдалы?
3. Жеке тұлғалардың кездесулерінің оң немесе теріс салдары бар басқа жерлерді атай аласыз ба?

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Аристотельдің жеке тұлғаға қарама-қарсы ұжымдық философиясын Дракуличтің қоғамдық кеңістігіне қатысты қалай қолдануға болады?
2. Жалғыз адам мен адамдар тобы заттарды, атап айтқанда, кеңістікті бағалауда қалай ерекшеленеді? Бұл Дракуличтің кеңес әлемінде кеңістікті пайдалану туралы түсінігіне қалай қатысты болады?
3. Лефевр үшін «Шаруаның үйлері мен ауылдарға қарап, мүдіріп, кейде аздап шатасып жатсаң да, оларды кім салғанынан және кімнің тұрғанынан хабар беріп тұрады». Аристотельдің пікірінше, қалалар қандай өңгімелер айта алады?

ХАЛИЛ ИНАЛЬЧИК. ОТТОМАН ИМПЕРИЯСЫ: КЛАССИКАЛЫҚ ҒАСЫР

Халил Инальчик Стамбулда (Түркия) дүниеге келген. Ол 1952 жылдан 1972 жылға дейін Анкара университетінде Оттоман империясының тарихынан сабақ берді. Инальчик Чикаго университетінің оқытушылар құрамына қосылып, 1986 жылы зейнетке шыққанға дейін жұмыс істеді. Оттоман империясының көрнекті тарихнамашысы ретінде ол Оттоман қоғамының жіктелуімен және оның тарихымен айналысады. Төмендегі мәтінде Инальчик екі діни орденнің мемлекетке қарсы тұрған жаңа ізбасарларды тарту үшін қала кеңістігін қалай қолданғанын талқылайды.

Осылайша, Оттоман империясындағы діни ордендерді екі негізгі топқа бөлуге болады. Бірінші топ тариқат бекіткен ордендерден тұрады, оны вакуфтардың табысы қамтамасыз етеді, бұл ордендердің нақты ұйымдастырылған және өзгермейтін әдет-ғұрыптары мен рәсімдері бар, оларды сұлтандар немесе ұлы ерлері енгізген. Бұл ордендердің ішіндегі ең танылғандары **накшбанди**, **мавлави**, **халвати** және олардың әр түрлі тармақтары болды. Олар әдетте қалаларда орналасқан және қоғамның жоғары топтарынан келген адамдарды өзіне тартты. Әр орденнің өзіндік стандарттары, бас киімдері және сөз мәнері мен рәсімдері болды.

Әркім өз сенімдерінің қалауына сәйкес әйгілі сопыны, әулиені немесе Пайғамбардың серігін өзінің арашашысы деп таныды және өзінің генеологиялық шежіресін құрды. **Малами** немесе **маламати** деп аталатын орден екінші топты құрды. Халықтың көзінде олар даңқ пен құрметті емес, айыптау мен сөгіс іздеушілер болды, олардың аты да осыдан келіп шыққан. Олар мақтаншылықтың барлық түрлерінен, бүкіл сыртқы ұйымдастырудан және символдардан аулақ болды, ал олардың тағзым ету формалары эзотерикалық және құпия болды. Олар мемлекетпен байланыс орнатпады және белгілі бір дәрежеде билікке қарсы болды. Мемлекеттен де, қарапайым адамдардан да сыйлық немесе садақа алмай, өз еңбегінің өнімдерімен өмір сүруге дағдыланған. Бұл топта **календерлер**, **хайдарлар**, **абдалдар** немесе **бабаилар** және **хамзавилер** ретінде белгілі қаңғыбас **дәруіштер** болды, олар қала гильдиясы мүшелерінің арасына құпия түрде еніп, өмір сүрген маламилер болды. Бұл саяси жүйеге қарсы тұрған белгілі бір әлеуметтік топтар қабылдаған тариқаттар болды. Шын мәнінде, ислам әлеміндегі шииттер мен діни **эзотерикалық** қозғалыстар әрқашан **тариқаттарға** бөлектенушілік және әскери сипат беріп, әртүрлі діни және саяси қозғалыстарды қолдады. Шиизмнің өзі Пайғамбардың немере ағасы мен күйеу баласы Әлиді және оның ислам қауымдастықтарының басшылары ретінде ұрпақтарын

вакуф (вакф) –

діни және қайырымдылық мақсаттарға берілген жер

накшбанди –

Бахауддин Накшбанди (1318-1389) құрған дәруіштер ордені

мавлави –

Джалаледдин Руми (1207-1273) жасаған би дәруіштерінің ордені

дәруіш –

мұсылман саяхатшы қайыршы монах

күнтізбелер, хайдари, абдали –

кезбе дәруіштер

бабаи –

дәруіштер, Баба Исхактың ізбасарлары

хамзави –

Босниядан келген дәруіш Хамза Бали сектасының ізбасарлары

малами немесе маламати –

діннің көрнекті түрін елемейтін дәруіштер ордені. Араб тіліндегі «малам, маламат» айыптау, айыптау сөзінен алынған

тариқат –

сопылық ордендер ұстанатын рухани биіктік пен мистикалық таным әдісі

эзотерикалық –

құпия, жасырын, тек діндарларға арналған



БИЛЕУШІ ДӘРУІШТЕР

Қызылбастар –

Анадолыдағы шиит секталарының мүшелері

Байрамдар –

қажы байрам негізін қалаған дәруіштер ордені

хуруфи –

Фазлаллах Астарабади негізін қалаған эзотерикалық діни қозғалыс

Бекташтар –

Қажы Бекташ негізін қалаған дәруіштер ордені

Құтб –

мистикалық діни орденнің жетекшісі

пәтуа –

шейхул – исламның құқықтық сұраққа толық жауабы

шейх-ул-ислам –

с араб. «Ислам ақсақалы», мұсылман теологтары мен заңгерлерінің құрметті атағы

монизм –

барлық құбылыстарды бір біріктіруші қағидатпен түсіндіретін философиялық көзқарас

мойындайтын әскери-саяси қозғалыс ретінде пайда болды. Кейінірек ол көптеген әлеуметтік және діни қозғалыстарды қамтыды, олардың әрқайсысы билеуші сунниттік таптың қарсыласы болды. Көптеген ислам елдерінде, әсіресе Оттоман империясында бұл қолданыстағы жүйеге, абсолютизацияланған мемлекеттің күшіне және сунниттік исламға қарсы наразылықтар бой көтерді. Әли мен оның ұрпақтарына қатысты тылсым қасиеттер мистика теорияларына сәйкес түсіндірілді және көптеген адамдар Әлиді шабыттандырған Құдайдың нұры Құранның эзотерикалық мағынасын түсіндіре алатын оның ұрпақтарына берілді деп сенді. Бұл сенімдер белгілі бір дәрежеде Оттоман империясы тариқаттарының ортақ игілігі болды, **қызылбашы** қозғалыстарында экстремалды дәрежеге ие болды. XVI ғасырда осындай нанымдарды бөліскен Ирандағы Сефевидтер әулетінің көтерілуімен бұл қозғалыс Оттоман империясының басты мәселесіне айналды. Бірақ алдымен біз XV ғасырда Оттоман империясында құрылған **байрами, хуруфи** және **бекташи**, тариқаттар ордендерін қарастырамыз.

Маламилер әрдайым мемлекеттік бақылаудан тыс, өз мүшелерін гильдиялардан тартатын ислам қалаларындағы секталар сияқты болды. Мемлекет оларға әрқашан күдікпен қарады. XVI ғасырда малами қызылбашылар сияқты, ауылдарда Сафавидтерге үйір бола бастаған кезде, үкімет оларды аяусыз қудалады. 1529 жылы **Құтб** малами Исмаил Машуки **шейх – ул-исламның пәтуасына** сәйкес Атмейданидегі он екі оқушысымен бірге тұтқындалып, өлім жазасына кесілді. Ол қайтыс болғаннан кейін, кейбіреулер оны әулие ретінде құрметтей бастады және мұны айыптайтын және өлімді құптайтын жаңа пәтуа шығару керек болды. 1561 жылы шейх-ул-ислам Эбусуудтың пәтуасы басқа маламиді, Босниядан келген Хамза Балиді айыптап, оны дінбұзар және атеист деп жариялап, өлтірді. Ол ешқашан **монизмге** деген сенімін ашық, көпшілік алдында жариялаудан қорықпады және өз Отанында, Сарайбоснияда ол айналасына бірнеше мың ізбасар жинаған. Оның өлімі халықтың санасына терең әсер етіп, кейін олар оның жақтастары мен қарсыластарына бөлінді. Хамза сол кезден бастап «хамзави» деп аталатын маламистердің қасиетті қорғаушысы болды. XVII ғасырда Боснияда тұратын хамзавилер аяусыз қудаланды. Солай бола тұрса да, маламиизм империяның Стамбул мен Эдирне сияқты ұлы қалаларының тұрғындары арасында, кейіннен тіпті билеуші таптың арасында тарала бастады.

АХАЖ аудармасы – ОАУ, Душанбе, 2004.

Дереккөз: Инальчик, Халил: Классикалық ғасыр 1300-1600. – Лондон: Феникс, 1998. 190-193-б.

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Нәліктен малами немесе маламети дәруіштердің құпия ордендері болды? Олардың мақсаты қанай? Дәруіштер өз бауырластарын қалай қолдады?
2. Инальчиктің пікірінше, исламдағы шиит қозғалысы дәруіш ордені сияқты құпия діни секталарға қалай қарады?
3. Қалалар дәруіштердің ордендерінің таралуын қалай көтермелеп отырды?

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Дәруіш бұйрықтары Аристотельдің ізгілік пен даналықты жинап, оны бөлісу қажеттілігі туралы идеясын көрсете ме?
2. Аристотель де, Инальчик те бір жерге жиналған көптеген адамдардың әсерін талқылайды. Үкімет бұл жерді бақылауы керек пе? Бақыласа, қалай?
3. Инальчик үшін қалалар адамдардың жиналып, ақпаратпен бөлісетін орны болды. Адамдар ақпарат алмасатын басқа жерлерді атай аласыз ба?



Жорық кезіндегі дәруіштер қауымы мүшелері



Стамбулдағы 16-17 ғғ. маңызды істерді талқылау мен демалыс орны ретінде танымал кофехана

ОРХАН ПАМУК. МЕНИҢ АТЫМ ҚЫЗЫЛ

Орхан Памук 1952 жылы Ыстамбұлда туған. Ыстамбұл техникалық университетінде сәулет бағдарламасы бойынша үш жылдық дәрістерге қатысқан ол кейін Ыстамбұл университетінің журналистика факультетін бітірді. Памук – алты романның авторы, олардың төртеуі ағылшын тіліне аударылған. «Менің атым Қызыл» – 1998 жылы Түркияда жарияланған роман және 160 000-нан астам данасы сатылды. Роман 1590 жылы өткен оқиғаны баяндайды. Бұл тарауда бас кейіпкердің діни қызметкердің дәруіштер мен кофеендердің бауырластығына қарсы наразылығы туралы ойлары берілген. Оқырманға бұл кеңістіктерді діни қызметкердің көзқарасы тұрғысынан зерттеу ұсынылады.

Мен итпін

Көрдіңіздер ме, менің тістерім ұзын әрі қисық, олар аузыма әрең сыйып тұр. Олар менің түрімді сұсты етіп көрсететінін білемін, бірақ бұл маған ұнайды. Бір жолы қасапшы менің тістеріме қарап:

– Қараңдар, бұл ит емес, шошқа ғой! – деді!

Мен оның аяғына шап бергенімде – майлы еттің астында сүйек жатқанын сездім. Ит үшін шындап ашу-ызаға булыққанда жексұрын жауыңның денесіне тісіңді батырғаннан артық ләззат жоқ. Мұндай сәт туғанда және қабуға лайықты құрбаның еш күдіктенбестен алдымнан өткенде, менің көздерім ләззаттан қарауытады, тістерім сыздап, жұтқыншағымнан айбарлы ырыл шығады.

Мен итпін; менің ақылымдай ақылдарың жоқ бола тұра, сендер, адамдар, ит сөйлей алмайды деп ойлайсыңдар. Солай бола тұра, сіздер өлгендердің сөйлей алатынына сенесіздер және өздеріңіз мағынасын түсінбейтін ертегілерді ақиқат деп қабылдайсыздар. Ит тек тыңдай алатындармен ғана сөйлесетінін біліңіздер.

Баяғыда, есте жоқ ескі замандарда, әлдебір астананың үлкен мешіттерінің бірінде ол провинциялық қаладан шыққан жаңа уағызшы Баязид мешіті деп аталды делік. Бәлкім ол атын жасырмаған да шығар: мысалы, ол атын Хұсрет – қожа деген шығар. Бұл уағызшы өтірікші әрі ақымақ болды. Ол ақылмен емес, тілімен күшті болды, мені Құдай кешірсін! Әр жұма сайын уағызшы мешітке жиналғандарды жылап, естерінен танатындай жағдайға түсірді. Көпшіліктің жылағаны оны бұдан да қатты шабыттандырды. Сірә, оның кейпіне деген сүйіспеншіліктен көкөніс сатушылары, сұлтан гвардиясы, аспаздар, қарапайым қала тұрғындары, тіпті көптеген уағызшылар осы адамның құлына айналды. Жалпы, ол мүлдем итке ұқсамайтын, ол шынайы адамның ұлы болды. Оған тобырдың өзіне табынатыны ұнайтын; ол сенушілерді жылату, тіпті қорқыту оңай әрі жанға жағымды екенін, тіпті, ақша да табуға болатынын түсінді. Ол мешітте дауысын қатты шығарып айқайлады:

– Ұлы Пайғамбар заманындағы исламды ұмытып, өтірікке сенеміз. Біз басқа адамдардың кітаптарын сүйіп оқып, оларды мұсылмандікі дедік. Қымбатшылық, оба, жеңіліс – бәрі осыдан! Мұхаммед Пайғамбардың заманында өлгендерге арнап дұғалар оқылды ма? Қырық күндігін атап, қайтыс болғандардың жаны тыныштық табу үшін тәттілер таратты ма? Олар Құранды түрлі әуенмен, түрлі дауысқа салып оқыды ма? Мұнараға көтеріліп, әйел рөлін ойнап тұрғандай, дауыстарын құбылтып, араб тілімен мақтанды ма? Мұсылмандар зираттарға өлілерден көмек сұрауға барады, кесенелердегі тастарға пұтқа табынушылар ретінде ғибадат етеді, шүберектер байлап, тілек тілейді, ант береді. Мұхаммед пайғамбардың заманында мұны үйрететін секталар болды ма? Сектанттардың тәлімгері Ибн әл-Араби перғауын сеніммен өлді деп ант бергенде күнәһар болды. Мөвлевилер, халветиелер, календарлер ислам ордендерінің мүшелері ер балалармен бірге жиналып, Құранды музыкалық аспаптардың сүйемелдеуімен билеп оқығаны белгілі. Иә, олар опасыз! Олардың ғибадатханаларын қиратып, олар тұрған жерді жеті аршын қазып, теңізге тастау керек, сонда ғана сол жерлерде намаз оқуға болады.

Хұсрет-қожа түкірігі шашырап, өршелене түсті:

– Мұсылмандар, кофе ішу – күнә. Ұлы Пайғамбар кофе ақыл-ойды ұйықтатады, асқазанды бұзады, омыртқадағы жарық пен бедеулікті тудырады, – дейді.

Сондықтан мұсылмандар кофе ішпеді: олар кофе шайтанның арбауы екенін түсінді. Ал Хұсрет-қожа жалғастыра түсті:

– Кофеханалар – бұл байлардың сән-салтанатына үйреніп, жын-ойнақты ұнататындардың орны, олар онда ұятсыздықпен айналысады. Кофеханаларды монастырлардан да бұрын жабу керек. Кедей-кепшіктің кофе ішуге ақшасы бар ма? Адамдар кофе ішіп ақиқатты түсінуден қалады және сөйлейтін иттерге сене бастайды, менсінбейтін ит мені және біздің дінімізді қорлайды.

Дереккөз: Памук, Орхан: Менің атым Қызыл / Түрік тілінен аударған В.Феонова. – СПб: Амфора. ТИД Амфора, 2006. 16-18-б.

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Неліктен Хұсрет-қожа барлық дәруіштер пұтқа табынушылар және олардың ордені жойылуы керек дейді?
2. Неліктен Хұсрет-қожа кофеханаларды «ұятсыз іс-әрекеттерді» орындау үшін қызмет ететін орындар деп санайды? Неліктен оларға да тыйым салу керек?

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Дәруіш бұйрығы туралы үзінді Хұсрет қожаның дәруіш орденін пұтқа табынушылар ретінде неге айыптағанын жақсы түсінуге көмектесті ме? Неліктен иә немесе неліктен жоқ?
2. Дәруіштер ордені Лефевр қолданатын «иемденген кеңістік» мағынасын бере ме? Жауабыңызды түсіндіріңіз.

АЛЕКСИС ДЕ ТОКВИЛЬ. АМЕРИКАДАҒЫ ДЕМОКРАТИЯ

Алексис де Токвиль 1805 жылы 29 шілдеде Парижде дүниеге келген. Ол Парижде құқықты оқыды және Версальда соттың орынбасары болып жұмыс істеді. Де Токвиль 1831 жылы небәрі 25 жасында Америкаға саяхаттады. Ол біраз уақыт Ішкі істер министрі қызметін атқарды. Кейін ол америка халқы мен оның саяси институттары жайлы «Америкадағы демократия» атты екі томдық шығарма жазды. «Америкадағы демократия» зерттеуі өткенде қандай маңызды болса, бүгін де дәл сондай маңызын жоғалтпаған мәселелерге қатысты. Тарихшылар бұл кітапты Құрама Штаттары туралы ең толық та терең жазылған кітаптардың бірі деп есептейді. Оқу кезінде Токвиллдің кеңістіктің Американың дамуына тигізген әсерін қалай түсіндіретініне назар аударыңыз.

XVII тарау. Құрама Штаттарындағы демократиялық республиканы қолдайтын негізгі себептер

Америка Құрама Штаттарында демократиялық республика бар және бұл кітаптың негізгі мақсаты осы республиканың болу себептерін түсіндіру болды. Осы себептердің кейбіреулері назардан кездейсоқ тыс қалды немесе мен тек өз тақырыбыммен шектелген кезде ғана ескерту жасалды. Менің мүлдем басқаларды талқылайтындай жағдайым болмады және менің егжей-тегжейлі тоқтағандарым қаз-қалпында түсірілген. Сондықтан болашақ туралы сөйлесуге кіріспес бұрын мен қазіргіні түсіндіретін себептерді біріктіруім керек деп ойлаймын. Бұл **ретроспективті** тарауда мен қысқаша айтамын, оқырманға өзі бұрыннан білетін нәрсесін еске түсіруге тырысамын және мен әлі назар аудармаған фактілердің ең жарқын мысалдарын ғана таңдаймын. Америка Құрама Штаттарында демократиялық республиканы қолдауға ықпал ететін барлық себептер үш негізгі факторға байланысты:

I. Ерекше және кездейсоқ жағдай және бұл **көріпкелдік** американдықтарды алға тартты.

II. Заңдар.

III. Халықтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері.

Америка Құрама Штаттарында демократиялық республиканы қолдауға ықпал ететін кездейсоқ немесе алдын-ала анықталған себептер.

Америка Құрама Штаттарында көршілер жоқ, метрополиялар жоқ, американдықтардың өз қалауы бойынша туылуына мүмкіндігі болды; Америка – адам тұрмайтын ел, бұл жағдай Америкадағы демократиялық республиканы қолдауға айтарлықтай ықпал етеді. Америкадағы шөлді жерлерге адамдар орналаса бастады – англо-американдықтар Жаңа әлемнің қаңыраған бос жерлерін алуға тырысады – материалдық өркендеу американдықтардың саяси пікірлеріне әсер етеді.



ПЕНН, ҮНДІСТЕРМЕН СӨЙЛЕСУ ҮСТІНДЕ.

Жергілікті үндістер мен Пенсильвания штатының негізін қалаушы Вильям Пен арасындағы жақсы қарым-қатынасты бейнелейтін сурет.

ретроспектива –
өткенге көзқарас

көріпкелдік –
бұл жердегі өмірді
басқаратын күш

Адамның еркіне тәуелсіз мыңдаған жағдайлар Америка Құрама Штаттарындағы демократиялық республиканы қолдауға ықпал етеді. Олардың кейбіреулері белгілі, басқаларын оңай көрсетуге болады; бірақ мен ең негізгілерімен шектелемін...

Құрама Штаттарда демократиялық республиканың құрылуы мен сақталуына ықпал еткен басты жағдай – америкалықтар қоныстанған аумақтың табиғаты. Ата-бабалары оларға теңдік пен бостандыққа деген сүйіспеншілікті екті; бірақ Құдайдың өзі оларды шексіз құрлыққа орналастыру арқылы тең және еркін болудың жолын берді.

Жалпы өркендеу барлық үкіметтердің, әсіресе көпшіліктің еркіне тәуелді демократиялық үкіметтердің тұрақтылығы үшін қолайлы, әсіресе қоғамның басқаларға қарағанда мұқтаж бөлігіне байланысты. Адамдар басқарған кезде олардың сыйақысы сәйкес болуы керек немесе олар мемлекеттің астан-кестеңін шығарады; ал кедейлік оларды патшаларды менмендікке әкелетін барлық теріс қылықтарға итермелейді. Жалпы өркендеуге ықпал ететін заңдарға тәуелсіз материалдық себептер Америкада тарихтың кез келген сәтінде әлемдегі кез келген елге қарағанда көбірек. Америка Құрама Штаттарында тек заңнама ғана емес, табиғаттың өзі де адамның ұмтылысын қолдайды.

Адамзат тарихының қай бөлігінде әлі де Солтүстік Америкада біздің көз алдымызда өтетін нәрсені таба аласыз? Атақты антикалық қоғамдар дұшпандық ниеттегі халықтардың ортасында құрылды, олар алдымен сол орындарда гүлденуі үшін жаулап алуы керек еді. Тіпті замандастары Оңтүстік Американың кейбір бөліктерінде үлкен аудандарды төменгі өркениет халықтары мекендейтінін анықтады, олар аумақтарды басып алып, жерді өңдеп жатыр. Жаңа мемлекеттерді құру үшін олар үлкен халықты құрту немесе жаулап алуы керек болды және олар өркениетті өз жетістіктері үшін ұялуға мәжбүрледі. Солтүстік Американы тек көшпелі тайпалар мекендеді, олар Жердің табиғи байлығынан пайда іздемеді; бұл үлкен аумақ әлі күнге дейін өзінің тұрғындарын күтіп тұрған шөлді жер болды.

Америкада бәрі – тұрғындардың әлеуметтік жағдайлары да, заңдары да таңқаларлық; бірақ осы институттар құрылған жер басқаларға қарағанда таңқаларлық. Адамға Жаратушы жерді сыйға тартқан кезде, ол сарқылмас болды; бірақ адамдар әлсіз әрі надан болды, олар жердегі байлықтан пайда табуды білгенде, оның бетін жауып тастады, ал кейіннен демалыс мен бостандық үшін баспанаға қылышпен қол жеткізуге мәжбүр болды. Сол кезде Солтүстік Америка ашылды, Құдай оны сақтап қойып, енді ғана су тасқынынан алып шыққандай болды.

Континент бұрынғысынша, алғашқы қауымдық кездегідей, бастауын ешқашан сарқылмайтын бұлақтан алған өзендерден, жасыл және ылғалды елсіз жерлер мен кең алқаптардан, соқа түспеген жерден тұрады. Енді ол бұрынғыдай жабайы, надан және оқшауланған адамға емес, табиғаттың ең маңызды құпияларын білетін, ұшталған елу ғасырлық тәжірибесі бар туыстарымен бірге осы қалыпта беріледі. Осы уақытта он үш миллион өркениетті еуропалықтар өздеріне әлі ресурстары таныс емес әрі өлшемдері белгісіз құнарлы жазықтарға бейбіт жолмен қоныстанып жатыр. Үш-төрт

мың сарбаз олардың алдынан жергілікті аборигендердің кезбе ағынын қуып келеді; одан кейін орман арқылы өтіп, жыртқыш аңдарды қорқытып, өзендердің ағынын зерттеп, шөл далада өркениеттің салтанатты шеруін дайындаған пионерлер келеді.

Көбінесе осы жұмыс барысында мен Американың материалдық өркендеуінің осы елдің институттарына жағымды әсерін атап өттім. Бұл себепті менен бұрын қозғағандар көп болды және бұл тек еуропалықтарға жақсы таныс, ақылға қонымды. Сондықтан мен енді жиі көтеріліп және жақсы түсіндірілген тақырыпты тереңірек зерттемеймін, тек бірнеше фактіні атап өтемін. Америкалықтар өздерінің ата-бабаларының жерінде өсіп, көбейіп жатса да, әдетте Американың шөлді аймақтарын жыл сайын Жаңа Әлемнің жағасына шығатын еуропалық эмигранттар мекендейді деген қате пікір бар. Еуропалық қоныстанушы әдетте АҚШ-қа достарсыз және қаражатсыз келеді; тамақтану үшін ол жалданып жұмыс істеуге мәжбүр болады және мұхитқа жақын орналасқан еңбекқор халықтың қоныстану жолағынан асып кете қоюы сирек. Шөлді жерді капиталсыз немесе несиесіз зерттеу мүмкін емес; дене орманның қалыңдығы қауіп төндірмес бұрын жаңа климаттың қаталдығына үйренуі керек. Америкалықтардың өздері күн сайын шет аудандардың үлкен аумақтарын иемдену үшін туған жерлерінен кетеді. Осылайша, еуропалық өз коттеджін трансатлантикалық жағалаулар үшін тастап кетеді, ал сол жағалауда туылған америкалық өз кезегінде Орталық Американың жабайы кеңістігіне кіреді. Бұл қос эмиграция үздіксіз; ол Еуропаның орталығынан басталып, Атлант мұхитын кесіп өтіп, **жаңа әлемнің** елсіз жерлеріне жалғасады. Миллиондаған адамдар бір көкжиекке қарай бірге жүреді; олардың тілі, діні, әдет-ғұрыптары әртүрлі, бірақ мақсаты бір. Оларға Батыстың бір жеріндегі байлық уәде етілді және олар оны табу үшін батысқа қарай бет алды.

Жаңа Әлем –
Американың атауы

АХАЖ аудармасы – ОАУ, Душанбе, 2004.

Дереккөз: Токвиль, Алексис. Америкадағы демократия/ Генри Ривтің аудармасы, қайта қаралды, түзетілді, 1839. Электронды басылым ASGRP – да орналастырылып, белгіленді, Вирджиния университетіндегі Америка оқу бағдарламалары, 1 маусым, 1997.

Url: [http://xroads.virginia.edu/~HYPER/DETOC/1_ch17.htm], соңғы қаралым 28 мамыр 2004 жыл.

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. де Токвиль америкалықтарда жерді дұрыс пайдалануға және гүлденген демократиялық республиканы құруға көмектесетін құндылықтар мен дәстүрлердің ерекше жиынтығы бар деп санай ма? Америкалықтарды ерекше ететін қандай жағдай? Жауабыңызды түсіндіріңіз.
2. де Токвильдің пікірінше, табиғат пен аумақ америкалықтарға жаңа мемлекеттің бағытын анықтауға қалай көмектесті?
3. Сіз де Токвильдің жергілікті тұрғындар жердің табиғи байлығынан пайда көрмеді дегенімен келісесіз бе? Де Токвиль айтқандай, Америка «өз тұрғындарын күтетін шөлді жер» болды ма? Жауабыңызды негіздеңіз.

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. «Шығыс Еуропа қабырғаларындағы бояудың сапасы туралы» эссесінде Дракулич социализмдегі қоғамдық кеңістік мемлекетке теңелді, бұл жауға теңелгенмен бірдей дейді. Құрама Штаттарда табиғи қоршаған орта мысалында қоғамдық орындарға деген көзқарас қалай ерекшеленеді?
2. Лефеврдің айтуынша, топтың қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін қанағаттандыру үшін өзгертілген «табиғи кеңістік» осы топқа берілген». Бұл дәлел де Токвиль талқылайтын америкалық демократияның пайда болу себептерін түсіндіруге жарамды ма?
3. Сіз үшінші тарауда танысқан де Токвильдің еуропалықтарды түсінуі Клим, Калам және басқалардың мәтіндеріндегі «басқаларды» қабылдаудан қалай ерекшеленеді?
4. Сіздің ойыңызша, де Токвильдің еуропалық қоныстанушылар келгенге дейінгі Солтүстік Америка құрылығында өмір сүрген халықтарды қабылдауының ориентализм туралы пікірталасқа қатысы бар ма?

ФИЛИПП МАНСЕЛ. КОНСТАНТИНОПОЛЬ

Филипп Мансел – билеуші аулалар мен әулеттердің тарихшысы. Луи XVIII мен принц де Линьнің өмірбаяндарының, сондай-ақ «1789-1830 жылдардағы Францияның билеушілері» мен «Ұлы сұлтандар: Оттоман әлемінің соңғы жылдары» кітаптарының авторы. Ол Корольдік тарихи қоғамының (Ұлыбритания) мүшесі және «Билеуші сарайлардың тарихшысы» билеуші сарайларды зерттеу қоғамының ақпараттық бюллетенінің редакторы болып табылады. «Константинополь» кітабы бүгінде Ыстамбұл ретінде белгілі қаланың тарихы мен онда билеген Оттомандар әулеті туралы баяндайды. Манселдің пікірінше, әулеттік отбасы мен қала арасындағы өзара іс-қимыл Ыстамбұл тарихының кез келген аспектісі сияқты маңызды.

Қала орталығы 1845 жылы **Алтын мүйіз** арқылы салынған Галата айлағындағы бірін-бірі итерісіп тұрған шулы тобыр – көшедегі сатушылар мен зембілшілердің тобын Константинополь жағындағы керемет және тыныш Валиде Сұлтан мешітімен байланыстырып тұрған бір шақырымдық көпір болды. «Әлем дегеніміз – көпір» деген Оттоман мақалын өзгертіп, «Көпір – бұл әлем» деп айтуға болады. Байланыс құралдарының дамуы XIX ғасырда Константинопольге бұрынғыдан да көп ұлт өкілдерін тартты және олардың барлығы Галата көпірінен өтті. Жапон саяхатшылары үшін бұл «он мың ұлттың көпірі» болды.

Гректер кең етектегі ақ белдемше мен әдіптелген күрте киген күрдтер мен күләпаралы мантия мен **хеффие** киген арабтардың жанында жүрді. Алмандар тапаншадан қызғылт сары белбеулері делдиіп шығып тұрған ақ шалбарларын киіп лимонадты немесе **бозаны** Қара теңіз жағалауынан шыққан тар қара костюм мен үшкір басты аяқ киімдер киген грузин мұсылмандарына сатты. Қоңыр күртешелердегі хамалдар ауыр жүкпен шайқалып өтіп жатты (кейде бір зембілші фортепианоны немесе бүкіл бір арбаны арқасына салып көтере алады). Зағип қайыршылар жандарынан соңғы сәнмен киінген еуропалықтар өткен сайын немесе ливрейлер соңынан жүгірген елшінің вагоны өтіп бара жатқан сайын «Алла! Алла!» деп металл шыныаяқтарын сілкілеп, айқайлайды. 1847 жылы соңдарына ақ қызметшілерін ерткен оттоманның атты қара офицерлерінің түрлері саяхаттап жүрген америкалықтарды абыржытты.

Қауырсын мен сарай тұрғысынан дәстүрлі Оттоман киімдері сирек киілетін киімдер болды, олар тек сәнді балдарға немесе ескі **янычар** формасы ретінде киілді, ол Атмейдан мұражайына қойылды (кейбір үлгілерді қазіргі кезде Ыстамбұл әскери мұражайынан көруге болады). Оттоман билігі Батыс стиліндегі киім-кешектерді немесе көбінесе стамбулинді – 1839 жылы қабылданған викториялық діни қызметкерлердің киімдеріне ұқсас кесілген рясаны киді. Алайда, провинциялық немесе ескі түріктер әлі күнге дейін муслин гүлімен безендірілген мантия мен шалбар киген. Қалпақ киген еуропалық ханымдардан айырмашылығы Оттоман әйелдері

Алтын Мүйіз –
Ыстамбұлдың ескі және
жаңа бөлігін бөлетін
Шығанақ

хеффие –
Араб еркектерінің дәстүрлі
бас киімі

Боза –
тарядан жасалған жеңіл
алкогольдік сусын

янычар –
Осман империясындағы
элиталық әскерлер

ашық ферасалар — жасыл алма түстес, қызыл, ашық көк киімдер киді, көп ұзамай еуропалық талғам әсерінің артуына байланысты біршама тыныш түстермен: алтын, қола немесе таңқурай түстерімен алмастырылды. Еуропаның экономикалық әсері сол, түсіне қарамастан, 1850 жылдан кейін олардың барлығы дерлік шетелде шығарылды.

Көпір империялардың көтерілуі мен құлдырауын және сағат пен жыл мезгілдерінің алмасуын бейнеледі. Ф. Марион Кроуфорд былай деп жазды: «Бүкіл әлемде Сан-Францискодан Пекинге дейін жарқын, жанды, әртекті, таңқаларлық және сүйкімді ештеңе жоқ. Түстен кейін ол толы болды, түн ортасында ол бос болды. 1854-1856 жылдары Оттоман империясы, Франция және Ұлыбритания Ресейге қарсы соғысқан Қырым соғысы кезінде көпір ағылшын және француз әскерлеріне толы болды (қаланың көшедегі сатушылары «Джони!» және «**Ди Донк!**» деп атаған)». Олардың арбаларында келе жатып мұсылман әйелдерге қараған суық көзқарастары көптеген қызметші әтекттерді «**көпір!**» деп міңгірлетіп және қамшы салдыруға мәжбүр етеді.

Құзетшілердікіндей биік, қой терісінен тігілген бас киім және бөлі тар қара туника киген черкестер Константинополь көшелерінде Ресей әскерлерінің Кавказға қарай жылжығанын көрсететін немесе олардың өз қыздары мен әпкелерін ең жақсы базарларда сатқысы келетін тілегін көрсететін. Пароходты ойлап табу қала арқылы өтетін қажылардың санын көбейтті. Қажылық кезінде Меккеге барар жолда парсылар мен бұхаралықтар қалаға жарқын безендірілген мыжылған мантиямен келді. Олардың Орта Азиядағы мұсылмандардың орыс шабуылына қарсылығы туралы өңгімелері қаланың кофеханасын қыздырды. XVIII ғасырда негізі қаланған **Үскідар** төбесіндегі өзбек дәруіштерінің ағаш **теккесі** қажылар үшін пана ретінде де, Константинопольдегі Бұхара елшілігі ретінде де қызмет етті. Жыл сайын Пасханың алдында орыс діндарлары Иерусалимге барар жолда қала арқылы өтетін; кейінірек, сол ғасырда, Николай II-нің бұйрығымен Галатада оларға арнап шам тәрізді күмбезі бар 5 қабатты қонақ үй салынды. Галата көпіріндегі қозғалыстың үлкендігі соншалықты, 1863 және 1878 жылдары көпірдің астына бірқатар дүкендер мен мейрамханалар салынып, 1912 жылы тағы бір рет кеңейтілді. Көпірдегі көпшілік Абдулмесидтің билігінің ашық рухын білдірді. Ол шарапты, әйелдерді және реформаларды жақсы көрді.

Көпірдегі көпшілік **Абдулмесид** билігінің ашық рухын бейнеледі. Ол шарапты, әйелдерді және реформаларды жақсы көрді. 1847 жылы қаланың құл базары жабылды, сондықтан сол кезден бастап түнде **Мармара** жағалауына жеткізілген құлдар **Тофейн** мен **Сүлейманидің** айналасындағы жеке үйлерде сатылды. 1851 жылы британдық аудармашы Фредерик Писанидің назарына ұсынылған сұлтанның Құлдық туралы үкімі Оттоман көзқарастарындағы айқын өзгерістерді көрсетеді: «бұл ұятсыз және жабайы кәсіп... ақылды адамдар үшін өздеріне ұқсастарды сатып алу және сату. Басқа жерлерге қарағанда Түркияда құлдарға жақсы қарағанмен, бәрібір кейде дәрекі де болады. Біз Құдайдың алдында осы кедей пақырлармен тең емеспіз бе?» Алайда құлдық империяның соңына дейін заңды болып қала берді. Сұлтан гарем үшін күндерді сатып алуды тоқтатқан жоқ, бірақ оларға ерекше еркіндік берді: қаладағы ең нәзік паранжалар осы әй-

ди донк –

dis donc франц. «айт», «Ей, сен»

Көпір Ц

түріктердегі мұсылман еместерді менсінбейтін атау

текке –

дәруіштердің үйі

Үскідар –

Константинополь ауданы

Абдулмесид

(1823-1861) – Османлы Сұлтан

Мөрмәр теңізі –

Атлант мұхитының Жерорта теңізі, Еуропа мен Кіші Азия арасында

Тофейн –

Константинополь ауданы

Сүлеймани –

Константинополь ауданы, Көк мешіттің жанында

елдердікі болды және олар бозбалалармен өздерінің арбаларынан немесе сарай терезелерінен «ауызба-ауыз» сөйлесе алды. Сұлтанның сүйіктісі Сафиназ Ханум жасырын сүйіктісін Йылдыздың император бағында, Қираған сарайының жоғарысындағы төбеде жасырды. Сұлтан бұл туралы білген кезде бақталасын өлтірген жоқ, Бурсаға жер аударды.

АХАЖ аудармасы – ОАУ, Душанбе, 2004.

Дереккөз: Мансел, Филипп. Константинополь: Әлем армандаған қала. 1453-1924 жж. – Хармондсуорс: Пингвин Букс, 1997. 262-264-б.

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Сіз «Әлем дегеніміз – көпір» мақалын және Манселдің «Көпір – бұл әлем» деген сөзін қалай түсінесіз? Константинопольдегі Галата көпірі азаматтар үшін кездесу орны ретінде қалай қызмет етті?
2. Көпір «империялардың көтерілуі мен құлауын» және Константинополь тарихын қалай көрсетті? Сіздің ойыңызша, неліктен күндіз көпір әрқашан адамдарға толы болды?
3. XIX ғасырдың ортасында Константинопольге келушілер мен қоныстанушылардың әртүрлілігін Мансел қаншалықты жарқын бейнелей алды?

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Инальчиктің кітабындағы діни қызметкер Хұсрет-қожа Галата көпірін кофеханалар сияқты күнаһар орын ретінде тыйым салынуы керек деп айыптайды деп ойлайсыз ба?
2. Дракулич пен Мансел еңбектеріндегі қоғамдық орындардың сипаттамалары бізге әртүрлі мәдениеттегі адамдар тарихтың әртүрлі кезеңдерінде қалай өмір сүргені туралы қалай айтады?



ТОФЭЙНАДАҒЫ ЖОЛАУШЫЛАРДЫ ТҮСІРУ ОРНЫ



Джордж Оруэллдің «1984» атты әйгілі романының плакаты

ДЖОРДЖ ОРУЭЛЛ. 1984

Джордж Оруэлл (1903-1950; шын аты – Эрик Блэр) Бенгалда (Үндістан) туған. Ол университеттің стипендиаты болған жоқ, білімін жалғастыруға мүмкіндігі болмай, Бирмаға барып, 1922 жылдан 1927 жылға дейін Үндістан империялық полициясының әкімшілігінде қызмет етті, бір жағынан Британ империализмін қабылдаудың барған сайын өсе түсуі себепті отставкаға кетті. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Оруэлл жергілікті қорғаныс отрядында қызмет етіп, сонымен бірге журналист болып та жұмыс істеді. Соғыстың соңына қарай ол Ресейдегі большевиктер төңкерісіне арнап «Мал қора» деген атпен сатиралық шығарма жазды. Оның әлем мойындаған тағы бір жетістігі – «Бір мың тоғыз жүз сексен төртінші» (1949) атты еңбегі, Оруэлл «басқалардың өздері ұмтылуға тиіс қоғамның түрі туралы идеяларын өзгерту үшін» жазған антиутопиясы (утопияға қарсы) болды. Төменде келтірілген үзінді осы романның басты кейіпкерінің әлемін сипаттайды. Оқу кезінде кеңістікті жеке және қоғамдық деп бөлуіне назар аударыңыз.



Сәуірдің салқын, ашық күні еді, сағат он үшті соқты. Долы желден қорғанып, тұмсығын кеудесіне тыққан Уинстон Смит «Жеңіс» тұрғын үйінің әйнек есігінен сып етіп кіруін кіргенімен, соңынан қиыршық құм аралас күйінды ілестіре кірді.

Вестибюльден қайнаған қырыққабат пен ескі кілемшелер иісі шығады. Кіреберіске қарсы қабырғаға түрлі-түсті, бірақ бөлме үшін тым үлкен плакат ілінген. Плакатта ені бір метрден асатын алып адамның беті бейнеленген: қалың қара мұрты бар қырық бестердегі адамның беті сүйкімсіз, бірақ ер адам үшін жарап тұр. Уинстон баспалдаққа қарай бет алды. Жеделсатыға барудың қажеті де жоқ еді. Ол тіпті бұдан жақсы кезде де көп жұмыс істемеген, ал енді күндізгі уақытта электрді мүлдем өшіріп тастаған. Үнемдеу режимінің салдары – Өшпенділік аптасына дайындалған еді. Уинстон жеті шеруді жеңіп шығуы тиіс еді; ол қырыққа келген, тобықтың үстіндегі тамырлары білеуленіп кеткен, ол баяу көтеріліп, демалу үшін бірнеше рет тоқтады. Әр алаңдағы қабырғадан сол адам қарап тұрды. Портрет қайда болсаңыз да, көзін сізден аудармайтындай етіп салынған. «АҒАҢ САҒАН ҚАРАП ТҰР» деген жазу бар.

Пәтерде қою дауыс шойын өндірісі туралы бірдеңе айтып жатты, сандарды оқыды. Дауыс оң қабырғаға бекітілген айғыз-айғыз айнаға ұқсас ұзын металл пластинадан шықты. Уинстон тұтқаны бұрып еді, дауыс әлсіреді, бірақ сөзі бұрынғыша анық шықты. Бұл құрылғыны (ол телекран деп аталды) бәсеңдетуге болады, бірақ оны толығымен өшіруге болмайды. Уинстон терезеге қарай ығысты; аласа бойлы, дәрменсіз адам, партия мүшесінің фирмалық көк комбинезонын киген кезде көзге одан да қораш көрінді. Оның шашы ақшыл, ал албыраған беті сапасыз сабыннан, өтпес ұстара мен жаңа ғана аяқталған қыстың суығынан қабыршақтанып тұр. Жабық терезенің сыртындағы әлем суықпен алысып жатыр. Жел шаң мен қағаз

қиындыларын дөңгелете айналдырды; күннің көзі шығып, аспан көкпеңбек болып тұрса да, қаладағы жаппай желімделген плакаттардан басқасында өң-түс жоқ секілді көрінді. Әр бұрыштан қара мұртты қарап тұрды. Үйдің қарсысында да – сол. Жазу «АҒАҢ САҒАН ҚАРАП ТҰР» дейді. Қара көздер Уинстонның көзіне қарап тұрғандай. Жаяусоқпақтың төменгі жағында бір бұрышы жыртылған плакат АНГСОЦ деген жалғыз сөзді біресе жауып, біресе ашып, желпілдеп тұр. Алыстан шатырлардың арасынан тікұшақ тайғанақтап, өлген шыбын секілді бір сәтке ілініп барып, қисайып, аулаққа кетті. Бұл – адамдардың терезелерінен сығалаған полиция патрулі. Бірақ патрульдер есепке алынбады. Есепке алынған – полицияның ойы ғана.

Уинстонның артында телекраннан шыққан дауыс әлі де шойын балқыту және тоғызыншы үш жылдық жоспарды асыра орындау туралы мылжындап тұрды. Телекран қабылдау және тарату үшін жұмыс істеді. Ол тым баяу емес, сыбырмен айтылған әр сөзді қалт жібермей тыңдап отырды; Уинстон бұлыңғыр пластинаның ар жағында отырса да көзден таса болмады: ол естіліп қана емес, көрініп те отырды. Әрине, осы сәтте сенің сыртыңнан бақылап отыр ма, жоқ па, оны ешкім де білмейтін. Сенің кабеліңе ой полициясының қаншалықты жиі және қандай кесте бойынша қосылатынын болжап қана білуге болады. Әр адамды тәулік бойы бақылағаны анық. Қалай болғанда да, кез келген уақытта қосыла алатын еді. Жарық өшкенше әр сөзіңді тыңдайтынын, әр қимылыңды бақылайтынын түйсігіңмен сезе тұра, сол әдетпен өмір сүруіңе тура келді – солай өмір сүрдің.

Уинстон телекранға арқасын беріп тұрды. Адамның арқасы да сыр беріп қоятынын білсе де, солай қауіпсіздеу. Оның терезесінен бір шақырым жерде лас қаланың үстінен шындық министрлігінің ақ ғимараты — оның қызмет ететін орны шошайып көрінді. Міне, ол, міне, Лондон, 1-ші ұшу-қону жолағының бас қаласы, Океания мемлекетінің халық саны жағынан үшінші провинциясы деп көмескі жеккөрушілікпен ойлады Уинстон. Лондон әрқашан сондай болды ма деп есіне түсіргісі келіп, балалық шағын еске алды. XIX ғасырдағы бөренелерден тіреу салған, терезелері картонмен жамалған, шатырлары құрақ-құрақ, қоршаулары қисайған шағын бау-бақшасы бар ескірген үйлердің бұл тізбегі әрдайым алысқа қол созып тұратын ба еді? Бомба түскен алаңқайдағы үйірілген алебастрдың шаңы мен төбе-төбе боп үйілген сынықтарға жабысып шырмалған күреңот; тауық қораға ұқсайтын тақтаймен қапталған жұпыны лашықтардағы тұтас бір отбасыны бомба тып-типыл еткен қаңыраған тақыр жерлер? Бірақ пайдасы болмады, есіне түсіре алмады; балалық шақтан фоны жоқ және көбінесе түсініксіз көріністерден басқа есінде ештеңе қалмапты.

Шындық министрлігі – жаңа тілде¹ сөйлейді, шындық министрлігі – айналасындағылардың бәрінен айтарлықтай ерекшеленеді. Жарқыраған ақ бетоннан тұрғызылған бұл алып пирамида тектес ғимарат кертпеш-кертпеш болып үш жүз метрлік биіктікке көтерілген. Уинстон өзінің терезесінен ақ қасбетте өдемі қаріптермен жазылған партияның үш ұранын оқи алады.

¹ Жаңа тіл – Океанияның ресми тілі.

СОҒЫС — БҰЛ БЕЙБІТШІЛІК

ЕРКІНДІК — ҚҰЛДЫҚ

БІЛІМСІЗДІК — КҮШ.

Дереккөз: Оруэлл, Джордж. 1984 ж. / Ағылш. тілінен ауд. В. Голышева, алғысөзін жазған А. Зверева; түсініктемелер – В. Чаликованікі. – М: Прогресс, 1989. 22-24-б.

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Уинстон қайда тұрады? Ол жалғыз ба?
2. Мұртты жүз нені бейнелейді? Ол неге барлық жерде: баспалдақ алаңдарында, пәтерде, көшелерде, плакаттарда тұр?
3. Телекранның қызметі қандай? Өз үйінде телекранның тұрғаны Уинстонға қалай әсер етеді?
4. «Шындық министрлігі», «Ой полицейі», «Ағаң саған қарап тұр» дегенді қалай түсінесіз?
5. «Полиция шындығы» неге сенің кабеліңе қосылғысы келеді? Уинстон үйінде оңаша қалғанда рахаттана ала ма?

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Дракулич өзінің кітабында Шығыс Еуропадағы социализм кезінде «қоғамдық кеңістік біздің пәтерімізден тыс жерде басталады» дейді. Уинстон әлемінде ол қайдан басталады?
2. Лефевр терминдерін қолдану арқылы мемлекет Уинстонның пәтерінде үстемдік ете бастағаны туралы не айтасыз? Өз пікіріңізді дәлелдеңіз.

ТАЛДАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Жеке және қоғамдық кеңістіктің арасындағы шекара қайда? Біздің жеке және қоғамдық кеңістік туралы түсінігіміз бен көзқарасымыз қалай ажыратылуға тиіс? Жалпы олардың арасында айырмашылық болуы керек пе? Жауабыңызды түсіндіріңіз.
2. Токвильдің америка халқының күші туралы дәлелінің маңызын Лефевр қалай кемітіп көрсете алар еді? Бұған иеленген кеңістікке қарама-қарсы, оккупацияланған көзқарас тұрғысынан қараңыз.
3. Сіздің пікіріңізше, Дракулич Оруэлдің «1984» романында сипатталған қоғамдық кеңістікке қалай қарар еді?
4. Дракулич қоғамдық орындар туралы «ұжымдық түпсаналық ұлттың хабарламалары ілінген хабарландыру тақтасы» туралы айтады. Сіз Константинопольдегі Манселл сипаттаған көпір Славенка Дракуличтің қоғамдық кеңістік туралы түсінігіне сәйкес келеді деп ойлайсыз ба? Қоғамдық кеңістікті түсінудегі Манселл мен Дракуличтің ұстанымдары қай жағынан ұқсас және несімен ерекшеленеді?

АЛТЫНШЫ ТАРАУ

ТАРИХ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ

(ТАРИХТЫ ТҮСІНДІРУ)

КІРІСПЕ

Алтыншы тарауда біз тарихты түсіндіру тақырыбына назар аударамыз. Оқырман адамзат тарихында ілгерілеушілік бар ма деген түбегейлі мәселені қарастыруы керек. Қоғамды құру тарихы барысында адамдар уақыт өте келе байып, бейбітсүйгіш бола алды ма немесе, керісінше, біз үнемі құлдырау жағдайында тұрмыз ба? Үшінші балама мүмкіндікті ескере отырып, біз осы екі шектің арасында самғау мен құлдырау шеңберімен жүреміз бе?

Кейбіреулер ғылым мен технологиядағы жетістік ілгерілеушілікті білдіреді дейді, ал енді біреулері «дамыған» қоғамдар ең қорқынышты қылмыстарды жасады деген оймен келіседі. Өркениеттің дамуы біздің ілгерілеуімізге қалай ықпал етті немесе оны баяулатты ма? Оқырман «прогрессивті» қоғам үшін белгіленген өлшемдер туралы ойлануға және адамзат тарихындағы негізгі оқиғалар прогрессивті интерпретацияға қатысты ма, жоқ па, соны қарастыруға тиіс.

Тарихты зерттеу күн, атау және орын сияқты фактілерді жай ғана жаттап алудан гөрі көп нәрсені білдіреді. Біз бұл фактілерді қателіктерімізден сабақ алып, өзіміз үшін жарқын болашақ құруды бақылай аламыз деген үмітпен, тарихтағы оқиғалардың маңыздылығын түсіндіру құралы ретінде қолданғанымыз дұрыс. Неғұрлым кемел қоғам құруға талпынуда оқырман осы дамуда үлкен рөл атқаратын білім, өнер, ғылым, ақыл мен дінді ескеруге тиіс.


Сіздің идеяларыңыз бен өз ұстанымыңызды нақты және сенімді түрде жеткізуіңізге көмектесу үшін VI тараудың «Сыни дағдыларды дамыту» бөлімінде дәлелдерге негізделген эссе жазу және тезистік тұжырым жасауды дамытуға арналған жаттығулар бар. Сондай-ақ, ол сіз аулақ болуға тырысатын плагиат туралы бөлімді де қамтиды.



ТАЗАЛЫҚ АҒАЙЫНДЫЛАРЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ.
XII ғасырдағы араб қолжазбасы

АЗИЗ ЭСМАИЛ. НЕЛІКТЕН ТАРИХ?

Доктор Азиз Исмаил – қазіргі уақытта Ұлыбританияда тұратын әйгілі философ және ойшыл. Бастапқыда философия, әдебиет және дін саласында оқыған доктор Исмаил Американың әртүрлі университеттерінде, сондай-ақ Кенияның Найроби университетінде дәріс оқыды және зерттеулер жүргізді. Ол Чикаго университетінің әлеуметтік ойлай комитетімен, сондай-ақ Гарвард университетінің әлемдік діндерді зерттеу орталығымен және жоғары білім беру мектебімен байланысты болды. Көптеген мақалалар мен еңбектердің авторы, соның ішінде «Діни тәжірибе поэтикасы: исламдық контекст» және «Сандал ағашының хош иісі: Үнді-исмаилиттік діни лирика» бар.



КІРІСПЕ

Біздің университеттерде оқытылатын барлық ғылымдардың ішінде тарих ең аз зерттелгені болып қала береді. Күн өткен сайын тарих оқулықтарының ағыны – том-том кітаптар мен арзан басылымдар – нарықты басып жатқанын көруге болады. Дегенмен, зиялылар арасында да, қарапайым адамдар арасында да бұл тақырыпты тереңірек түсіну қиындық тудырады. Бұл тіпті қатты таң қалдырады, өйткені тарих өте көне кәсіп. Дегенмен, оның өте көнелігі оны бағаламауға және түсінбеуге әкеліп отыр. Бұл сәйкессіздік пен бұл диспропорция әртүрлі түрде көрінеді. Кейбір адамдар кәсіби тарихшыларға немқұрайлы қарайды, оларға бәрібір. Басқалары олардың алдында «фантастикалық есте сақтау қабілеті бар» адамдар ретінде бас иеді. Бұл мақалада мен тарихтың табиғатын және оның қолданылуын талқылауды ұсынамын. Осылайша мен екі маңызды сұраққа жауап беруге тырысамын. Тарих деген не? Сондай-ақ, тарихты зерттеу кез келген уақытта белгілі бір адамдар тобына қандай пайда әкелуі мүмкін? Ең алдымен ислам тарихынан мысалдар келтіріледі. Соңында мен қазіргі уақытта біздің қоғамдағы тарих ғылымының орны неге ерекше деп есептейтінім туралы жалпы пікірімді айтайын.

ТАРИХТЫҢ АСПЕКТІЛЕРІ

Біріншіден, бұл тарихтың табиғаты. Тарих деген не? Бұл сұраққа беретін жауабымыз иллюстрациялық мысал ретінде қызмет етеді, сонымен қатар біздің тарихқа қаншалықты мән беретінімізбен анықталады. Ал бұл, өз кезегінде, біздің өмірімізді басқаратын барлық жалпы философиялық көзқарастарды көрсетеді. «Тарих дегеніміз не?» деген сұраққа қазір көпшіліктің жауабы мынадай: тарих – «өткен туралы фактілерді» зерттеу. Және көпшілігі бұл жауапты сенімді түрде қолдайды. Енді мен үшін, сондай-ақ кішкене ойланатын адамдар үшін бұл анықтама, бұл дефиниция

жеткіліксіз, орынсыз болар еді. Тіпті жаңылыстыратын да бірден айта кетейін. Бұл жерде екі қате түсінік бар. Олар сәйкесінше «фактілер» және «өткен шақ» деген екі терминмен байланысты. Бұл екі ұғым да адамдарды одан ары шатастырады, мен бұлардың әрқайсына жеке-жеке тоқталамын.

ИСЛАМНЫҢ БАСТАУЫ: МЫСАЛ

Алдымен «факт» ұғымы туралы ойланып көрейікші. Мен айтып отырған адам үшін (тарих туралы түсінігі сыналатын) тарихи «фактілер» – бұнда, мысалы, белгілі бір адамның жасы қаншада немесе Түгенше деген адам Пәленше деген елдің президенті деген сияқты құрғақ фактілер келтіріледі, бұндағы өткенге сілтеме жасайтын жалғыз ерекшелік – оқиғаның қазір емес бұрын өткендігінде болып тұр. Тарих туралы осылай ойлайтын адамдар тарихи фактілерге бір ағылшын тарихшысы айтқандай, «балық сатушының үстеліндегі балыққа» қараған сияқты қарайды. Мұнда олардың барлығы көзге көрінетіндей, ұқыпты орналастырылған, оларды санауға болады, олардың қандай екені анық көрінеді, тек таңдау ғана қалады. Қазіргі уақытта тарихи фактілер көбінесе анағұрлым күрделірек, анық емес және көп жағдайда әлдеқайда белгісіз болып көрінеді. Оның үстіне тарихи кітаптарды көп оқыған сайын (әртүрлі) тарихшылардың мүлдем бірдей фактілер келтірмейтінін түсінесің. Бұл міндетті түрде бір тарихшының екіншісіне қарағанда көбірек немесе аз фактілерді білетіндігінен емес – кейде солай болуы мүмкін, бұл әртүрлі тарихшылардың әртүрлі фактілерге әртүрлі мағына беруінен болады. Өйткені, тарихшы көптеген фактілермен жиі кездеседі. Таңдау жасағанда, қысқаша сипаттаймын деп немесе басқа себептермен ол қолда бар кейбір фактілерді жоққа шығаруға немесе өткізіп жіберуге мәжбүр болады. Сонымен бірге оның интерпретациясының біржақтылығы фактілерді іріктеу процесіне сөзсіз әсер етеді. Мұның өте қызықты мысалын Ислам пайғамбарының қиссасынан табуға болады.

Пайғамбарымыз өз миссиясының бірінші жартысында Меккеде уағыз айтқаны белгілі. Неге жаңа ислам діні бұрынғы тайпалық пұттарға және астральды құдайларға табынушылықты ығыстырды немесе басып тастады? Бұл исламның қалай пайда болып, қалай дамып келе жатқанын түсінуге ұмтылған кез келген тарихшыда туындайтын сұрақ. Сондықтан кейбір тарихшылар ескі діни сенімдер көшпелі тайпалардың рухани қажеттіліктерін қанағаттандырмайды деп есептейді. Оларға жаңа шабыт пен жаңа мораль беретін жаңа дін өте қажет болды, ал Ислам діні оларға дәл осындай жаңа мән мен мақсаттарды ұсынды. Басқа тарихшылардың пайымдауынша, исламның өркендеуіне араб дәстүріне деген мақтаныш сезімі күшейіп, исламға дейінгі поэзияда бұл туралы жырлануы да әсер етті. Ал бұл мақтаныш сезімі араб халқының сырттан келген басқыншыларға жауабы ретінде туындады.

Қазіргі исламды зертетуші ғалым **Монтгомери Уотт** бұл жағдайдың тағы бір қырын атап көрсетеді. Ол исламға дейінгі Меккеде керуен саудасының нәтижесінде саудагерлердің жаңа әлеуметтік табы қалыптаса бастағанын, оның орталығы осы қала болғанын атап көрсетті. Бұл шөл дала көшпелілерінен анық бөлінген мүлдем жаңа әлеуметтік топ болды. Дегенмен, сауда индивидуализмнің өсуіне ықпал етеді, ал Уотт меккелік көпестер өзара көмек пен топтық ынтымақтастықтың дәстүрлі тайпалық этикасынан мүлде айырмашылығы барған сайын оқшау өмір салтын дамытты деп болжайды. Көріп отырғаныңыздай, мұндай әртүрлі түсіндірулер әртүрлі фактілерді ерекшелеп, оларға баса назар аударуға әкелуі мүмкін. Жаңа діннің салтанат құруы бұрынғы құлшылық түрлерінің атрофиясына байланысты деп есептеген тарихшы үшін исламға дейінгі наным-сенімдердің дәлелдеріне, атап айтқанда, арабтар арасындағы наным-сенім және осыларға қанағаттанбаудың кез келген тұстарына тоқталған жөн болар еді. Исламның негізгі құрамдас бөлігі ретінде араб санасының өсуіне мән беруге бейім тағы бір тарихшы исламға дейінгі поэзияда пайда болған табиғи түрде мақтаныш сезімін атап өтеді. Сондай-ақ Арабияны римдіктер, парсылар және **Аксум патшалығының** әскерлері бірнеше рет басып алғанына назар аударады. Оның үстіне, ол арабтар арасында ислам діні болғанға дейін көп уақыт бұрын тәуелсіздікке ұмтылған Набатей және Пальмир патшалықтары сияқты тәуелсіз араб иеліктері туралы ойдың тууына әсер етті. Екінші жағынан, Монтгомери Уоттты Мұхаммед Пайғамбардың уағызының алғашқы бөлігінде саудадағы адалдық, сөзге берік болу, жолдастық пен бауырмалдық сияқты қоғамдық адамгершілікке бірнеше рет сілтеме жасауы ерекше таң қалдырғанын көреміз. Құрандағы меккелік аяттарда осы құндылықтарға бірнеше рет сілтемелер бар екендігі – Монтгомери Уотттың Меккедегі коммерциялық индивидуализмнің көтерілуінің маңызды факторы болды деген тезисін нығайтуға қызмет ететін тарихи факт сияқты болып тұрады. Сонымен, әртүрлі тарихшылар бірдей фактілерді емес, әртүрлі фактілерді іріктеп алып, бөлектейді, бұл олардың дәлелдерді іріктеу қабілеттерінің ерекше болатындығынан емес, олардың түсіндірулері әртүрлі болғандықтан болып тұр.

ИСЛАМНЫҢ ЖАУЛАП АЛУЫ: ТАҒЫ БІР МЫСАЛ

Интерпретация тарихқа қатысты жазбалардың барлығына қажет және онсыз болмайтын бөлігі болып саналады. Тарихтың фактілер және оған қоса интерпретациядан тұратынын әркім түсінгені жөн (және біз байқағандай фактілер бір немесе басқа интерпретацияны қолдау үшін екшеп

Аксум патшалығы –

қазіргі Эфиопия, Эритрея, Судан, Йемен және Сауд Арабиясының оңтүстігінде I ғасырдан X ғасырға дейін өмір сүрген ежелгі Эфиопия мемлекеті

Уотт, Монтгомери –

(1909-2006)- британдық исламтанушы, шығыстанушы тарихшы, арабист, Ислам тарихы, философиясы және мәдениеті туралы көптеген еңбектердің авторы

алынады). Интерпретацияның рөлін көрсететін белгілі мысал келтірейік. Исламтану саласында тарихшыларды үнемі таң қалдыратын ерекше бір құбылыс – алғашқы жаулап алулардың жылдамдығы мен ауқымы. Мұхаммед Пайғамбар қайтыс болғаннан кейін он жыл ішінде, осы уақытқа дейін тонаушы бәдәуилер ретінде ғана танылған арабтар бұрын Византия мен Парсы билігіндегі кең аумақтарды басып алды. Олар Палестинаны, Сирияны және Мысырды тез бағындырып, қуатты Парсы (Сасанидтер) империясынан Ирак провинцияларын, кейінірек Хорасанды жаулап алды. Осылайша олар екі құдіретті империяны тізе бүктірді. Осындай кенеттен және керемет жаулап алу соғысына не себеп болды? Бұрыннан басқаларға бағынышты болып келген аумақтың бұлайша төтенше кеңеюіне не себеп болды? Оқиғалардың осындай үлкен ауқымда дамуына не ықпал етті?

Бұл сұраққа тарихшылар әртүрлі жауап береді. Бір түсіндіру іс жүзінде тек діни элементке негізделген. Осылайша, жаулап алушылардың бірден-бір ең көрнекті белгісі діни ынта, діни мотивация болды деген пікір айтады. Құран мұсылмандықты қабылдағандарды сенімдерін таратуға күш салуға шақырды, ал арабтар бұл бұйрыққа мойынсұнып, оны орындауға кірісті. Басқа тарихшылар жаулап алу бедуиндердің әдеттегі үйреншікті өмір салтының жалғасы болғанын айтады. Олар бәдәуилердің олжа іздеп, көршілеріне жиі шабуыл жасайтынын атап өтеді. Және де бұл ғалымдар исламдық соғыс дәл сол мақсатта, бірақ кең ауқымда және жаңа сенім жолында деп бүркемеленіп жасалған жорықтар екенін айтады. Бірқатар тарихшылар Арабиядағы жаулап алу қарсаңындағы экономикалық және әлеуметтік толқуларды ерекше атап көрсету керек дейді, бұл олардың пікірінше, мұсылмандардың өздері мекен еткен түбектен бұрын ірі мемлекеттер болған жерлерге кетуіне әкелді. Басқа да, біршама инклюзивті (кеңейтілген) түсініктемелер болды. Осылайша, тарихшылар арабтар жаулап алған жерлерге иелік еткен екі ұлы державаның да, атап айтқанда Батыстағы Рим (Византия) империясының да, Шығыстағы Парсы (Сасанидтер) империясының да соғыс салдарынан әлсіреп-қалжырағанына назар аударды. Ұзақ соғыстар; шамадан тыс салық салу және діни қудалау халықты оларға қарсы қойды; ал жаңа сенімінің күш-қуатымен шабыттанған арабтар онсыз да жеңіліске ұшыраған бұл екі елге соңғы, өлімші соққы берді. Осылайша, біз өмірлік маңызды салдары бар оқиғаны айтарлықтай басқаша түсінеміз. Барлық тарих негізінен адамдардың іс-әрекетін түсіндіруге арналған жаттығу болып табылады. Дегенмен, интерпретация дегеніміз тек субъективті көзқарастан әлдеқайда жоғары тұрады. Кәсіби тарихшы өз пайымдауларын вакуумда құрып, импульсивті түрде негіздемейді. Бұл пайымдау әрқашан дәлелді кезең-кезеңмен құруды қамтиды. Тарихшы сот ісін қараған судья сияқты, үкім шығару үшін өз қарамағындағы дәлелдерді ретке келтіруі керек, бұл міндет одан интеллектуалдық қатаңдық пен интуитивтік нәзіктікті талап етеді. Тарихтағы сенім мен дәлелдік критерийі тарихшының фактілерге қаншалықты сілтеме жасай алатындығымен, сондай-ақ оларды өз тезисі үшін қалай пайдалана алатын-

дығымен анықталады. Бірақ мұнда да шектеулер бар, өйткені бірнеше интерпретация болуы мүмкін және тарихи зерттеулер мен шешімдер процесі ешқашан аяқталмайды.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНЫҢ ӘСЕРІ

Бұл бізді мен бастапқыда қателік ретінде анықтаған тікелей екінші болжамға әкеледі, оны яғни тарихты зерттеуде тек өткеннің өзектілігі бар, тек сол ғана маңызды әрі өзекті. Интерпретация тарихтың маңызды аспектісі болса, оған тарихшының өзі өмір сүріп жатқан кезеңдегі қалыптасқан жағдайлар сөзсіз әсер ететіні анық. Тарихшы өз заманының туындысынан басқа ештеңе емес; оның пайымдауларына кез келген басқа адам сияқты өз заманының әлеуметтік жағдайлары, интеллектуалдық болжамдары мен моральдық ұмтылыстары әсер етеді. Біз үшін ненің маңызды және ненің маңызды емес екендігі туралы алдын ала пікірлер, болжамдар, жеке адам мен қоғам мәні арасындағы байланыс – және осыған ұқсас көптеген идеялар, бәрі де тарихшы жұмысының шарты болады. Тағы да, егер тарихшы өз жұмысында адал және сонымен қатар интеллектуалдық жағынан қатаң болса, ол өз жұмысында кез келген артық бұрмалауды жоюға мүмкіндігінше тырысады. Дегенмен, біздің бүгінгі қабылдауымыз өткеннің мұрасымен шартталғандықтан, өткенді қабылдау бүгінгі күндегі тәжірибемізбен қалыптасады. Ислам тарихына қайта жүгінсек, біздің заманымыздың XIV ғасырында өмір сүрген исламның ең ірі тарихшысы Ибн Халдунның идеяларын кейбір аспектілерде қарастырған өте қызық. Өркениет, оның пайымдауынша, топтық бірігуден туындайды, бірақ өркениет осылайша қалыптасқаннан кейін ол сөзсіз құлдырай бастайды. Ол осылайша тарихтың циклдік концепциясын ұстанды. Бір қызығы, Ибн Халдун кезінде біртұтас ислам империясы ыдырап жатқан еді. IX ғасырдан бастап империяның әр жерінде тәуелсіз құрылымдар пайда бола бастады, осылайша Бағдаттағы орталық билікті әлсіретіп жіберді. XIII ғасырдағы моңғол шапқыншылығы мұсылмандардың жадында үлкен із қалдырды. Ибн Халдунның өзі қызмет еткен мәмлүк сұлтаны Фарадждың түріктерден жеңілгеніне куә болды. Сондықтан, Ибн Халдунның циклдік тарих теориясымен сол кездегі мұсылмандар тым жақсы таныс болса керек, сондықтан да оның еңбектерінде құлдырау мен жеңіліс тәжірибелері көбірек қозғалды деп болжауға болады.

Қазіргі кезеңдегі еуропалық тарихқа үңілсек, сол кезеңдегі жұмыстар да тарихшыға уақыттың дәл осындай ауыр әсерін айқын көрсетеді. Соңғы уақытқа дейін Англия ағылшын тарихшыларының назарында болды. Жал-

пы, ағылшын тарихшыларының басым бөлігінің қызығушылығы тек Еуропаға ғана тарады. Әлемнің қалған бөлігі, әсіресе Азия мен Африка, ондағы оқиғалар Еуропадағы оқиғаларды көрсететін немесе байланыстыратын дәрежеде ғана қарастырылды. Империализм дәуірінің табиғи нәтижесі осындай болды. Өйткені, отаршылдық экспансия кезеңінде Еуропа дүниежүзілік үстемдікке ие болу жолында өзін толықтыру әдетіне ерекше назар аударды, демек, қалған дүниенің өзіндік жеке тарихы жоқ деген жалпы болжам пайда болды. Нәтижесінде ағылшын тарихшылары бұл елдерді Еуропаның қосымшалары ретінде қарастырды. Алайда, империя ыдыраған кезде Азия мен Африканың өзіне, яғни Еуропа сияқты егемендік пен тәуелсіздікке ие болған осы елдерді мекендеген халықтардың тарихына қызығушылық арта бастады. Соның салдарынан біз қазір дүниежүзілік тарих экспозициясында шыншыл болса, империя тұсында қалыптасқан дүниетанымға түбегейлі сай келмейтін тарихшылар қатарын да тауып жатырмыз. Сондай-ақ еуропалық емес халықтардың тарихына деген қызығушылық артып келе жатқаны да байқалады.

БОЛАШАҚ БЕЙНЕСІ

Осы тілге тиек еткендеріміз тарих жазудың сол дәуірдің қалыптасқан жағдайларымен қаншалықты тығыз байланысты екенін көрсететін екі мысал ғана еді. Демек, тарихи шығарманың кез келген үзіндісі тарихшының өзі сипаттаған нысанның қалыптасуының қай уақытта болғаны сияқты, тарихшының уақытын да көрсетеді. Бірақ бұл бәрі емес. Адамдардың көбінде болашаққа жоспарланған және жүзеге асырамын деп үміттенетін армандары болады. Ал болашақты көру адам қиялының маңызды қасиеті, ал тарихшылардың, басқа адамдардан кем емес, болашақтың қандай болуы керектігі туралы өзіндік ойы бар. Олардың не «болуы керек» және не «болуы мүмкін» туралы идеялары олардың не болып жатқанын түсінгенін анықтап береді. Осылайша, бүгінгі күннің тәжірибесі болашаққа деген үмітке тікелей әсер етеді. Ибн Халдунның «топтық ынтымақтастық өркениеттің дамуына серпін берді» деген ойы, оның ұйымшылдығымен, ынтымағымен ерекшеленетін тайпаны билеген жаулаушы Әмір Темірмен кездесуінен туындаған болуы мүмкін. Өткен шақ, бүгінгі күн және болашақ уақыттың өтпелі категориялары, және ешбір адам кәсібі мұны тарих жазуындай анық көрсете алмайды.

ТАРИХТЫҢ ПАЙДАСЫ

Енді біз осы мақаланың басында көтерілген екінші сұраққа, яғни тарихты зерттеудің құндылығына қайта оралуымыз керек. Тарихты зерттеудің қоғамға немесе ұлтқа қандай пайдасы бар? Бұл басқа шаруасы жоқ адамдарға арналған интеллектуалдық жаттығу ма? Яғни, бұл интеллектуалдық сый ма, ғалымға, оқырманға бір пайдасы бар ма?

Жоғарыда мен тарихты зерделеу қатаң интеллектуалдық тәртіпті қажет ететінін ашып көрсетуге тырыстым. Мұның өзі осы сабақтың артықшылығының бірі десек те болады. Басқа гуманитарлық ғылымдар сияқты тарих қиялды дамытады, дәл ғылымдар сияқты интеллектіні шыңдайды. Дәлірек айтсақ, тарих кең мағынада қазіргі және болашақтағы іс-әрекетке бағдар ретінде де қызмет етеді. Өткен адамдардың қоршаған орта ресурстарын және олардың рухани энергиясын қалай пайдаланғанын, қиындықтарға қалай қарсы тұрғанын анықтаймыз және өркениетті құруды зерттей отырып, біз қазіргі проблемаларымызды шешуге, сондай-ақ болашаққа деген көзқарасымызды жүзеге асыру бойынша пайдалы кеңестер ала аламыз.

Жалпы біздің түсінігімізде тарихтың өмірлік, функционалдық маңызы қазіргіні ешқашан өткеннен бөлек түсінуге болмайтынын көрсетуден туындайды. Бұл фактіні жеке адамның мысалында да көрсеткен оңай. Адамды өткенінен бөлек елестету қиын. Адам өмірінің кез келген сәтінде оның көзқарастары, құндылық принциптері мен пікірлері оның өмір бойы жинаған тәжірибесі мен сыртқы әсерлердің ұзақ тізбегінен тұрады. Біз бәріміз өмір бойы «қалыптасу» процесінде боламыз және осы процестегі өміріміздің әрбір кезеңі келесі кезеңге әсер етеді. Осылайша, әрбір жеке адамның өз өткені бар, былайша айтқанда, оған «инкапсуляцияланған» өмірі бар. Бұл адамдар тобына да қатысты. Ал қауым немесе ұлт – оны алғаш құрған және қалыптастырған күштердің туындысы болады. Біз байланыстыратын діндердің, институттардың және ұлттардың қалай пайда болғанын түсінуге көмектесу – тарихтың ұлы мақсаттарының бірі.

ҚАЗІРГІ УАҚЫТ ШЕҢБЕРІНЕН ШЫҒУ

Уақыт шегіндегі адам санасының шекарасын кеңейту, тарихты сезіндірте алу, оның тарихтан хабардарлығы адамның тікелей қазіргі уақыт шеңберінен шығу мүмкіндігін арттырады. Алыстағы шаң басып ізі басылған өткен тарихты сезіну, қазіргі сәттегі, дәл осы уақыттағы өтпелі уақыт болмысынан жоғары көтеріліп, осылардың бәрінен жоғары тұру – бұл өте әсерлі тәжірибе. Дәстүрді жанды қабылдау, тарихтың үздіксіз қозғалыста екені адамды елітіп, қызықтырады. Кез келген адам басқа адамдар сияқты әр уақытта күресіп, мағынасы мен мақсатын жүзеге асыруға ұмтылады – адам өз санасында шектен шығу керек болған кезде қазіргі сәттегі шектелген шектеулерден шыға алады. Тарих алдыңғы, бұрынғы өткен ұрпақтармен қауымдастық сезімін оятады, ал өткен адамдар тарих арқылы тіріледі. Ол сондай-ақ адамға осы уақытқа шамадан тыс тәуелділіктен арылуға көмектесетін қазіргі уақытқа шамадан тыс әуестенудің емі ретінде қызмет етеді.

ТАРИХ ПЕН ТҰЛҒА

Исмаилизмде имамның сонау ерте заманнан келе жатқан дәстүрді бейнелеуі дәл осы жағдайда, яғни ұрпақтар арасындағы сабақтастыққа жағдай жасайды. Имам өткенді өз бойына сіңіру арқылы, былайша айтқанда, бейнеленген тарих ретінде әрекет етеді. Белгілі бір мағынада тарих бойынша тек «үйренген» емес; ол өзінің зияткерлік және адамгершілік қиялын дамыту арқылы да «тәжірибеден өтеді».

Ақырында, тарих адамның өз болмысын сезінуін сақтауда және нығайтуда ерекше рөл атқарады. Адамда оңай танылатын даралық болуы үшін ол – осы даралық, оның тұлғасы – «тұрақтылығы» болуы керек. Тұлға өзгеруі мүмкін, бірақ ол тұрақты болып қалатын белгілі бір шектерде өзгеруі керек. Демек, есте сақтау адам тұлғасының құрамдас бөлігі болып саналады. Өткенмен кенет үзіліс жасаған адам тығырыққа тіреліп, сәтсіздікке ұшырайды. Сол сияқты қоғам әдетте өзінің өмір сүруінің тұрақтылығының, үздіксіз қозғалысының қажетті негізі ретінде өзінің өткенін өзінде сақтайды. Өзгерістер мен түзетулер тек тұрақтылыққа, сабақтастыққа қатысты маңызды болады. Осы себепті сабақтастық сезімі маңызды, ал тарих сол сезімнің саналы түрдегі артикуляциясы болып табылады. Уақыт өте келе тұрақтылық элементі өтпелі кезеңдерде ерекше маңызға ие болады. Жылдам немесе түбегейлі өзгерістер кезінде өткенге жүгіну өмірлік маңызды рухани қажеттілік болып, қоғам мүшелеріне тірек болады. Бұл өзгерістен зардап шеккен адамдарға өзгерістер толқыны кезінде оларға қандай да бір тұрақтылық бере алатын өзіндік сезім береді. Шығыс Африкадағы исмаилит қауымдары елеулі өзгерістер кезеңін бастан өткеріп жатыр. Отаршылдықтың ыдырауы және тәуелсіздік таңы исмаилиттер сияқты кейбір этникалық және діни топтар үшін түбегейлі бейімделу қажеттілігін тудырды. Егер бұл сынақты еңсеру керек болса және біз әдетте «интеграция» деп атайтын нәрсеге қол жеткізу керек болса, онда бізге өз жеке тұлғамызды танып-білу маңызды болады. Бір қарағанда, бұл қарама-қайшылық сияқты көрінуі мүмкін. Біз «интеграциялану» үшін бұрынғы өзіміз болуды тоқтатуымыз керек пе? Менің жауабым – бұл мүмкін емес. Шығармашылық белсенділік мүдделі тараптардың өздерінің жеке басын толық түсінуін талап етеді. (Мысалы,) бірін-бірі жақсы көретін немесе бір-бірімен қандай да бір жолмен ынтымақтасатын адамдар бар, бірақ олардың әрқайсысы өзінің жеке даралығын сақтай отыра бірге болады.

Белгілі бір қауымдастықтың немесе топтың басқа қауымдастықпен немесе ұлтпен шығармашылық ынтымақтастық құруы үшін олардың жеке тұлғалық қажеттіліктерінің де толық жүзеге асырылуы маңызды. Адамзат өзінің тарихи өткенін игеру арқылы өмірлік маңызды өзін-өзі бағалау, өзін-өзі тану, болашақта түзету және өзгерту үшін қажет энергияны табады. Ал исмаилиттер үшін мұндай азаттық пен жасампаз тәжірибенің қажеттілігі бүгінде бұрынғыдан да маңызды болып отыр. Бұл өмірлік қажеттілікті қанағаттандыруда тарих баға жетпес рөл атқарады.

Дереккөз: Исмаил, Азиз. «Неге тарих?» *Африка исмаилиттері* (1970): 20–27.

281

ТАЛҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Фактілер тарихи тәжірибемізді сипаттау мен интерпретация жасаудың объективтілігін қаншалықты көрсетеді?
2. Азиз Исмаил тарихты «өткен шақ туралы фактілер» деп анықтау бізге тарихтың не екенін дұрыс түсіндіре алмайтынын дәлелдеуге тырысады. Ол қосымша ретінде тарих анықтамасына не ұсынады және сіз онымен келісесіз бе?
3. Мақалада исламның таралу жылдамдығы қалай түсіндіріледі және неліктен автор мұны тарихтың не екенін түсінудің бір жолы деп есептейді?
4. Мақала авторының көзқарасы бойынша тарихи оқиғаларды түсіндіруге қандай факторлар әсер етеді?
5. Тарихшылар тарихи фактілерді іріктеп алып, оларды интерпретациялауда өз дәуірінің әлеуметтік жағдайларынан қаншалықты еркін бола алады?
6. Тарихшылардың «болашақ қандай болуы керек» деген ойлары оның тарихи фактілерге интерпретация жасауына қаншалықты әсер етеді?
7. Көрнекті ислам тарихшысы Ибн Халдунның циклдік концепциясының пайда болуы оның бір кездегі ұлы ислам өркениетінің құлдырауы мен жеңілісіне қатысты тәжірибесін есте сақтауына қаншалықты қатысты болды?
8. Тұлғалық болмыстың қалыптасуына не көбірек әсер етеді: тарих па әлде қазіргі заман ма?



ӨРКЕНИЕТТІҢ АЙҚЫН КӨРІНІСТЕРІ.

Питер Боэль, фламанд суретшісі(1626 -1674). Натюрморт «Қарбаластың қарбаласы». Өнер музейі. Лилль

ЖАН-ЖАК РУССО. ҒЫЛЫМ МЕН ӨНЕР ТУРАЛЫ ПАЙЫМДАУ

Жан-Жак Руссо (1712-1778) Женевада (Швейцария) туған. Ата-анасынан ерте айырылып, жастық шағы бақытсыз өтті, өзі бүлікші болды. Сыни тұрғыда ойлауы мен сезімталдықтан айырылған болмысы жас философтың отбасымен және қоғаммен арадағы қиындықтарының туындауына алып келді. Өмір сүру үшін басымен жұмыс істеу керек екеніне сенімді болған ол 16 жасында үйден кетіп қалады. Оның ең танымал еңбектерінің бірі – оның саяси теориясын қамтитын «Қоғамдық келісім туралы» (1762) еңбегі мен тәрбие туралы жазылған «Эмиль» (1762) атты трактаты. Билік Руссоның шығармаларына тыйым салуға тырысқанына қарамастан, оның идеяларының Француз төңкерісі кезінде және одан кейін дә әсері зор болды. Алайда, Руссо алғаш рет өзінің «Ғылым мен өнер туралы пайымдау» (1750) шығармасы арқылы танылды. Руссо өнер мен ғылымға деген ұмтылыс жалқаулық пен қуыс кеуде болып қалудан құтқарады, ал кейінгі саяси теңсіздік оқшауланып, жат болуға итермелейді дейді. Руссо үшін ізгілік пен еркіндік асыл надандық болып саналады. Руссо, тәуелсіз тұлға және еркін ойшыл, дәстүрлі ойшылдармен жиі дауласып, өз заманының билігімен келісімге келе алмаған.



АЛҒЫСӨЗ

Міне, бағзы замандардан бері қарастырылып келген ең мықты және ең керемет сұрақтардың бірі. Бұл пайымдаудың мәні академиялық бағдарламалар әрдайым еркін бола бермейтін әдебиеттің барлық түрлеріне сыналай енген метафизиканың нәзік қырлары емес: жоқ, әңгіме адамзаттың бақытымен байланысты болатын ақиқаттардың бірі туралы.

Осы жерде қорғауға батылым жететін көзқарастарым үшін мені кешірмеуі мүмкін екенін алдын ала болжап тұрмын. Жұрттың бәрі таңданып, тәнті болатын нәрсеге ашықтан-ашық шабуыл жасау арқылы мен көпшіліктен жазғырудан басқа ештеңе күте алмаймын; егер белгілі ақыл-ой иелерінің бірнешеуі мені қолдап-құрметтесе, бұл менің көпшіліктің мақұлдауына арқа сүйеймін дегенімді білдірмейді. Мен ендігі бір шешімге келдім; сөз тапқыштар мен сәнді нәрсеге жабысқыш көрсеқызарларға ұнау үшін ештеңе жасамаймын. Өз ғасырының, елінің, қоғамының пікіріне құл секілді бағынатын адамдар қашан да табылады. Бүгінгі күні еркін ойлаушы әрі философ деген атқа ие болғандар католик лигасы кезінде фанатқа айналма еді. Өз ғасырынан асып өмір сүргісі келетіндердің мұндай оқырмандар үшін ешқашан жазбағаны дұрыс.

Тағы бір, соңғы ескерту. Өзіме көрсетілген құрметке аса малданбай-ақ мен конкурсқа жібергеннен кейін бұл пайымымды оны белгілі бір дәрежеде басқа шығармаға айналғандай етіп өзгертіп, кеңіттім. Енді мен оны сыйлыққа ұсынылған кезіндегідей етіп қалпына келтіруге өзімді міндетті санаймын, сондықтан оған тек кейбір ескертпелерді қосып, оңай тануға болатын және Академия мақұлдамауы мүмкін екі толықтыруды қалдырдым. Өділдік тұрғысынан, құрмет тұту және ризашылық сезімнен мен осы ескертуді жасауға өзімді міндеттімін деп санаймын.

ПАЙЫМДАУ

Біз, адал адамдар, сыртқы бет-бейнеге алданамыз¹

Ғылым мен өнердің қайта өрлеуі адамгершілік қасиеттердің жақсаруына ықпал етті ме әлде олардың бұзылуына әсерін тигізді ме? Міне, зерттеуді қажет ететін мәселе. Оны қарастырған кезде мен қандай ұстанымда болғаным дұрыс? Мархабатты тақсырлар, әрине, адал адамға, мәселені жетік білмейтін, солай бола тұрса да өзін сыйлайтын адамға лайық ұстанымда.

Алдына баруға дайындалып жатқан сотсымағымның менің айтуға ниеттенген пікіріммен келісуі қиын екенін сеземін. Еуропа ең бір оқымысты қоғамының бірінің алдында ғылымды жазғыруға, атақты Академиядағы жалғандықты мадақтауға, ғылымға деген жеккөрушілікті шынайы ғалымдарға деген құрметпен алмастыруға қалайша батылым барады? Мен бұл қарама-қайшылықты алдын ала көре білдім, бірақ одан қорыққан жоқпын өйткені мен өзіме: «Мен ғылымды кемсітіп жатқаным жоқ, білімділікті артық санаған ғалымдарға қарағанда адалдықты жоғары қоятын рақымды адамдардың алдында ізгілікті қорғаймын» дедім. Мен неден сақтануым керек? Мені тыңдап отырған жиналыстың танымынан ба? Келісемін, бірақ бұл шешеннің сезімдеріне емес, бар болғаны сөйлемді қалай құруға қатысты. Әділ билеушілер күмәнді даулар туындаған кезде ешқашан өздерін жазғырып сөйлеуден танған емес, шындығында, өз ісіне төреші болатын адал әрі білімді тараптың алдында қорғанғаннан артық ештеңе жоқ.

Мені қолдайтын бұл дәлелге мен үшін шешуші болып табылатын тағы бір дәлелді қосуға болады: оның аяғы немен бітсе де, мен өзімнің түсінігімдегі ақиқатты дәлелдей отырып, марапатсыз қала алмаймын немесе оны өз жүрегімнің түкпірінен табатыным сөзсіз.

Бірінші бөлім

Жоқтан бар жасайтын, қиындық атаулыдан өз күшімен шыға алатын, табиғат өзін тұмшалап тастаған түнекті ақыл-ойының сәулесімен сөйілтетін, өз биігіне жетіп, кемеліне келген, рухы көкке ұмтылған, күн сәулесінен де жылдам жүйрік ойымен ғаламды шарлайтын адам дегеніміз – табиғаттың ең ғажап әрі ұлы жаратылысы емес пе, егер осылай айтуға болса. Адамды зерттеп, оның болмысын, міндеттері мен өмірге келгендегі мақсатын тану үшін өзіңе-өзің үңілуден артық ғажап әрі қиын не бар? Бұл ғажайыптардың бәрі де алдыңғы өткен буындарда қайталанып отырды.

Бірнеше ғасыр бұрын Еуропа қайтадан алғашқы қауымдық тағылықтың құрсауына түсті. Дүниенің бұл бөлігінің халқы қазіргі кезде керемет оқымысты болғанымен, ол кезде надандықтан да сорақы жағдайда болды.

Надандықтан да гөрі жиренішті әлдебір жалған ғылым-білім деген атақты иеленіп алып, соңғысының өз атын қайтарып алуы үшін алдына алынбас қамал қойды. Адамдарға парасатты ақыл-ойды қайтару үшін төңкеріс жасау қажет болды, ақырында ол келеді деп күтпеген жерден келді. Дым білмес мұсылман, жазудың қас жауы оны біздің жерімізде қайта

¹ Гораций, Поэзия өнері, 25-өлең

жаңғыртып, тірілті. **Константин** тақтан тайғаннан кейін Италияға баға жетпес асыл мұра – ежелгі грек мәдениетінің қалдықтары әкелінді, онымен өз кезегінде Франция байыған болатын. Жазу келген соң, оған іле-шала ғылым ере келді: жазу өнеріне ойлау өнері қосылды, бұл таңғаларлық болуы мүмкін, бірақ табиғи еді. Сол кезде **музаға** қызмет етудің басты артықшылығы көрінді, оның артықшылығы – өзара қолдауға лайық шығармаларды тудыру арқылы адамдар соның әсерінен бір-біріне ұнағысы келіп, бұрынғыға қарағанда ашық-жарқын, көпшіл болатындығында.

Тән секілді жанның да өз мұқтаждықтары бар. Тәннің мұқтаждықтары қоғамның негізі болып табылса, жанның қажеттіліктері оған әр береді. Үкімет пен заңдар қоғамдық қауіпсіздік пен отандастарымыздың, ғылымның игілігін қорғаған кезде әдебиет пен өнер соншалықты қатал емес, бірақ неғұрлым қуатты, күшті болуы мүмкін – адамдарды әшекейленген гүлдер тізбегімен шырмалған темір шынжырмен құрсаулайтын, азаттық үшін жаралған адамдардың бойындағы табиғи еркіндік сезімін тұншықтырады, оларды өздері мойынсынған құлдықты жақсы көруге мәжбүрлейді, сөйтіп, өркениетті халық деп аталатын тобырды дүниеге әкеледі. Қажеттілік тақты орнатты – ғылым мен өнер оны бекітті. Дүние жүзінің мықтылары, таланттарды жақсы көріңдер, дарын иелеріне қамқорлық жасаңдар! [1]

Өркениетті халықтар, оларды аялаңдар. Бақытты құлдар, сіздер өздеріңіз мақтан ететін талғампаз әрі нәзік талғамдарыңыз, барынша жақын әрі оңай қарым-қатынас жасауға ықпал ететін мінездеріңіздің жұмсақтығы мен әдепті өнегелеріңіз, бір сөзбен айтқанда, өздеріңіздің бойларыңызда жоқ ізгіліктердің барлық сыртқы белгілері үшін қарыздарсыздар!

Афины мен Рим өзінің әдемілігімен және жарқыраған әсемдігімен соншалықты даңқы шыққан дәуірінде жалғандығы аз болған сайын мұнша жағымды болып көрінетін сыпайылығымен ерекшеленді; сол арқылы біздің ғасырымыз бен халқымыз барлық басқа ғасырлар мен халықтарды басып озатыны сөзсіз. Терең ойлы, бірақ тақуашылдықтан азат мінез, табиғи және сонымен қатар ескерту мәнерлері жат төвтондық дәрекілік пен итальяндық мардымсумен пара-пар. Жақсы білім мен жетілген зайырлы өмірдің берген талғамының жемісі – осындай.

Егер біздің сыртқы келбетіміз қашан да ішкі жан-дүниеміздің айнасы болса, біздің сыпайылығымыз ізгілікке айналса, даналық сөздеріміз біз үшін айнымас қағидаға айналса, ең ақырында шынайы философия философ деген атақпен қабысып жатса, біздің арамызда өмір сүру қандай керемет болар еді! Бірақ мұндай қасиеттердің барлығының бір жерге тоғысуы қиын, сондықтан ізгілік ешқашан толық деңгейде салтанат құра алмайды.

Сәнді киім мен әшекейдің салтанаты адамның байлығын көрсетсе, әсемдік оның талғамының биік екенінен хабар береді, ал дені сау әрі мықты адам басқа белгілері бойынша танылады, оның дене күші сарай адамда-

Константин –
(272-237) – рим императоры

муза –
ежелгі грек
мифологиясынан шыққан,
поэзияға, музыкаға,
өнерге шабыт беретін
Құдай

рының алтынмен әдіптелген киімінің емес, диқанның көзге қораш киімінің астына жасырынады. Жанның мықтылығы мен күшін білдіретін ізгілік пен талғампаздық ештеңеден кем емес. Ізгілікті адам дегеніміз – күресті жақсы көретін жан, ол басым көпшілігі қандай да бір кемтарлықты жасыру үшін ойлап шығарылған, адамның шын болмысын көрсетпейтін түкке тұрғысыз әшекейлерді жек көреді. Өнер біздің мәнерімізді, мінез-құлқымызды жасандылыққа үйретіп, өзгертіп, қылымсып, бөлденіп сөйлеуге құштарлығымызды оятқанға дейін біздің мінезіміз дәрекілеу, бірақ табиғи болды, сондықтан жүріс-тұрыстың айырмашылығына қарап бір көргеннен-ақ мінез-құлқтың да айырмашылығын білуге болатын еді. Адамның табиғаты, шын мәнінде, қазіргіден жақсы болған жоқ, бірақ адамдар өзара түсіністікке оңай жол табуға болады деп сенді, ал енді өзіміз де сезіне бермейтін бұл артықшылық оларды көптеген жаман қылықтардан сақтап қалды. Ал сыпайылық пен нәзік талғам өнерді белгілі бір ережелерден шықпауға әкеп тіреген кезде біздің мінезімізде дәрекілік пен алдамшы сұрқай мәнер орнықты, сол себепті ақыл-ой иелерінің бәрі де бір қалыптан шыққан сияқты. Сыпайылық өмірі бітпейтін талаптарды қояды, әдептілік дегенін істетеді; адамдар өзінің ақыл-ойының дегеніне жүрмей, үнемі әдет-ғұрыптың шеңберінен шыға алмай, өздерінің шынайы бейнесін көрсете алмайды. Осы мәңгілік мәжбүрлікке мойынсұнып, қоғам деп аталатын табынды құрайтын бірдей жағдайдағы адамдар, егер одан да күшті қозғау болмаса, бірдей іс-әрекеттер жасайды. Сондықтан сіз қандай адаммен істес болатыныңызды ешқашан білмейсіз әрі бір-біріңізді жақын танып, сыналу үшін қандай да бір оқиғаны бастан өткізу қажет, яғни уақыт керек, бұл кезде бәрі кеш болуы да мүмкін, осындай кезде кімнің дос екенін білер едің. Мұндай сенімсіздікке қаншама жалғандықтар тізбегі еріп жүреді десеңізші! Шынайы достық та, шынайы құрмет те, шүбәсіз сенім де жоқ, Сыпайылықтың бірсыдырғы әрі опасыз жалған бетпердесінің, өмір сүріп жатқан ғасырымыздың біз міндетті болған мақтаулы әдептіліктің артында қаншама күдік, қауіп, сенімсіздік, салқындық, жымысқы ойлар, жек көрушілік, сатқындық жасырынып жатыр. Адамдар әншейінде Құдайды есіне ала бермейді, бірақ күйінген кезде оны қарғап-сілейтінін құлағымыз естіп жүр. Өздерінің жетістіктерімен мақтанбаса да, өзгелердің еңбектерін көзге ілмейді. Жауын жағадан алып, бетін жыртпайды, бірақ оны келістіріп қаралайды. Ұлттық жаулық тыйылады, бірақ Отанға деген сүйіспеншілік жоғалады. Жексұрын надандықтың орнына қауіпті **пирронизм** келеді. Кейбір тойымсыздық пен кесірлікті қорлықтың таңбасындай көрсе де, екінші біреулерін ізгілікті істей көреді, өздері де соған ұмтылады немесе сондай нәрсе өзінің бойында бар секілді түр жасайды. Заманымыздың данагөйлерінің ұстамдылығын мақтағысы келгендер мақтай берсін, алайда мен одан олардың көлгірсіген қарапайымдылығы секілді өзім ұната қоймайтын сыпайы қанағатсыздықты ғана көремін. [2]

пирронизм –

бәріне күмәнді көзқарас;
ежелгі грек философы
Пиррон құрған скептиктер
философиялық мектебі
Элида (360 -270)

Біздің жүре пайда болған мінез тазалығымыз мынадай: біз парасатты адамға айналдық, ол үшін әдебиетке, ғылым мен өнерге рақмет айтуымыз керек: осы игі іске олардың қосқаны аз болмады.

Бұған тек мынадай бір ойды ғана қосамын: егер қандай да бір шалғай елдің тұрғыны біздің ғылымымыздың жай-күйі, өнеріміздің кемелдігі, ойын-сауықтарымыздың сыпайылығы, мәнеріміздің әдептілігі, сөзіміздің жылылығы,

жасының да, кәрісінің де сыпайылығы мен ертеңнен қара кешке дейін бір-бірінің көңілінен шыққысы келгендей қамқорсып көрінетін жағдайлары, үнемі көрсетілетін тілектес көңіліне қарап еуропалық мінез-құлық туралы ұғым, түсінік қалыптастырғысы келсе, мұндай шетелдік біздің мінез-құлқымыз туралы шын мәнінде керекті пікір қалыптастырар еді.

Ешбір салдар жоқ жерден себеп іздеудің де қажеті жоқ, бұл жерде салдар тайға таңба басқандай – өнегенің нағыз азғындауы. Ғылым мен өнердің жетілуіне байланысты біздің жанымыз азғындады. Мүмкін маған бұл тек біздің дәуірімізге тән сорлылық деп айтар? Жоқ, мархабат, тақсырлар, біздің пайдасыз әуестігіміздің салдарынан жасалған зұлымдық мынау әлем секілді кәрі. Мұхиттағы судың келуі мен қайтуы мінез-құлық пен адалдықтың тағдыры – ғылым мен өнердің жетістіктеріне қарағанда түнгі жарықтың қозғалысына қатаң бағынады. Олардың аспан аясын қалай жарықтандырғанына қарай ізгілік жоғалады, бұл құбылыс барлық кездерде және барлық елдерде байқалады.

Әлемді жаулап алуға ұмтылған **Сезострис** шыққан өлкеге, ашық аспанның астында жайылып жатқан, климаты жанға жайлы атақты елге, әлемнің бірінші мектебі болған Египетке қараңыздаршы. Философия мен нәзік өнер алғаш осы елде пайда болған, оны кейін камбизм, кейіннен гректер, римдіктер, арабтар, ең ақыры түріктер жаулап алды.

Бір кездері батырлар жайлаған, Азияны екі рет жеңген, бірінші рет Трояның түбінде, екіншісінде өз елдерінде жеңген Грецияға қараңыздаршы. Жаңадан қалыптасып келе жатқан жазу өнері бұл елдің тұрғындарының жүрегін бүлдіре қойған жоқ; бірақ көп ұзамай оның артынан өнердің жетістіктері, мінез-құлықтың азғындауы, македониялық езгі және қашан да оқымысты, қашан да нәзік, қашан да құл болған, қазір енді тек өзінің билеушілерін ауыстыратын Грекия келді. Тіпті Демосфеннің ділмарлығы да астамшылық пен өнерге елтіген қоғамға жаңа күш беріп, шабыттандыра алмады.

Малшы мен атақты диқандар негізін қалаған Рим **Энний** мен **Теренцийдің** кезінде қайта өрлей бастады. Бірақ **Овидийдің, Катуллдың, Марциалдың** және атынан ат үркетін көптеген авторлардың кезінде қайырымдылықтың сарайы болған Рим қылмыстың, халықтардың арсыздығы мен тағылардың сайқымазақтығының аренасына айналды. Ақырында қаншама халықты құлға айналдырған әлемнің астанасы өзі де құлдықтың бұғауына түсіп, азаматтарының бірі нәзік талғамды шығарушы болып танылған күннің қарсаңында өзінің жаназасын шығарады.

Өзінің орналасқан жерінің арқасында дүние жүзінің метрополиясы болуға тиіс сияқты, ғылым мен өнердің баспанасы болған, Еуропаның қалған бөлігінен тағылықпен емес, дұрысы даналықпен құылған Шығыс империясының метрополиясы туралы не айтсам екен? Адамның беті шыдамайтын азғындық, пасық сатқындық, қатал зұлымдық – міне, Константинопольдің



ЛИОНЕЛЬ РОЙЕР. ВЕРСИНГЕТОРИКС ЦЕЗАРЬДЫҢ АЯҒЫНА ҚАРУ ТАСТАДЫ (1899).

Цезарьдың шабуылымен варварлардың қолға түсуі. Варварларды ғылым мен өнерге деген құштарлығы өлі елсіремеген жас Рим халқы жаулап алды

Сезострис –

Ежелгі Египеттің перғауыны

Камбиз –

Персиядағы Ахеменидтер әулетінің патшасы

Энниус –

(б. з. д. 239-169) – Ежелгі Рим ақыны

Терентий –

(ақыл. 159 б. з. д.) – Ежелгі Рим комедиографы

Овид –

(б. з. д. 43-18) – Ежелгі Рим ақыны

Катуллус Гайус Валерий –

(б. з. д. 87 – б. з. д. 54) – Ежелгі Рим ақыны

Марциал –

(б. з. д. 40-104) – Ежелгі Рим ақыны

тарихы неден өрілген, міне, біздің ғасырымызды даңққа бөлеген білімнің нағыз көзі!

Иә, көз алдымыздағы ақиқаттың, дәлелдің шындығын алыста қалған дәуірлерден іздеп қажеті не? Азияда ғалым болу құрмет саналатын және ол жоғары лауазымдарға бастайтын үлкен ел бар. Егер ғылым мінез-құлықты тазартса, егер олар адамдарға Отан үшін қан төгуді үйретсе, егер олар рухтың сергектігін көтерсе, Қытай халқы да дана, еркін әрі жеңімпаз болар еді. Бірақ егер оларға билігін жүргізіп тұрған бейбастық болмаса, күнделікті әрекетке айналып кеткен қылмыс болмаса, министрлердің білімділігі де, заңдардың жалған даналығы да, мынау алып империя тұрғындарының санының көптігі де оны топас әрі дәрекі татарлардың езгісінен қорғап қала алмас еді – сонда осы ғалымдардың барлығы не нәрсеге қызмет етті? Ғалымдардың төбесінен құйылған осынша құрмет қандай жеміс әкелді? Елді құлдар мен жауыздардың жайлауы ғалымдардың арқасы емес пе?

Бұл картиналарға пайдасыз бос ғылымға құмартушылықты жұқтырмай, ізгілікті адамдармен бірге өз бақытын құрып, басқа ұлттарға үлгі болған азғана халықтың мінез-құлқын қарсы қойып көрейік. Ежелгі парсылар осындай керемет халық болды, біздерден ғылымды үйренгені секілді, ізгілікті адамдар олардан да үйренді, олар – Азияны оңай бағындырып, теңдесі жоқ мекемелерімен аты шыққан халық, олардың тарихы философиялық романға бағаланды. Біздің заманымызға дейін тек мақтау куәліктері ғана жеткен **скифтер** де осындай болды. Білімді, бай және бетімен кеткен халықтың қылмысы мен пасықтығын зерттеуден шаршаған жазушы олардың қарапайымдылығын, кінәсіздігін, ізгілігін үстінен жүк түскендей сезіммен жазатын немістер де осындай болды. Кедейшілік пен білімсіздік жайлаған дәуірде Рим де осындай болды. Біздің заманымызға дейін тағдырдың тауқыметін жеңе алмаған батылдығы үшін және жаман өнегеге берілмеген адалдығы үшін соншалықты мақталған қарабайыр халық та осындай болып сақталды. [3]

Бұл халықтарды басқа істерден гөрі ақыл-ой жұмыстарын жақсы көруіне ақымақтық мәжбүрлеген жоқ. Олар басқа елдерде бас сандалып жүретін адамдардың өмірлері жоғарғы игілік, күнә мен ізгілік туралы дауласумен өтетінін, өздерін-өздері жер-көкке сыйғызбайтын нағыз мақтаншақтар, өздерінен басқа халықтарға тағы деген жалпы жеккөріністі атауды берді, бірақ мінез-құлқына үйренісіп, олардың ғылымға құштарлықтарын жек көруді үйренді. [4]

Мен Грекияда мықты заңдары болса да білімсіз адамдардың тұрғанын, білімсіздігі үшін мемлекеттің әйгілі болғанын, заңдары мықты болғандықтан өздерін адамдар емес, жарты құдайдай көргенін, өздерін жер бетіндегі басқа халықтан артық санағанын ұмыта аламын ба? О, **Спарта** — жеміссіз ғылымның мәңгі мазағы! Зұлымдық өнермен бірге Афиныға кіріп, жауыздар ұлы ақынның шығармаларын мұқият жинай бастаған кезде сен өз еліңнен өнер мен суретшілерді, ғылым мен ғалымдарды қуғындадың!

Бұдан кейін осы айырмашылықтар айқын көріне бастады. Афины сыйпайылық пен жақсы талғамның мекені, шешендер мен философтардың еліне айналды: құрылыстың әсемдігі сөздің әдемілігіне сәйкес келді, ең мықты шеберлердің қолынан шыққан мәрмәр мен кенепке салынған суреттер барлық жерден көрінетін. Барлық азғындаған дәуірлерде еліктеудің

Скифтер –

Дунайдан Қытайға дейінгі аумақты мекендеген көшпелі халықтар (б. з. д. VIII-IV ғасырлар)

Спарта (Лакедемонның басқа атауы) –

ежелгі Грециядағы қала, Лаконияның астанасы

үлгісіне айналған ғажайып туындылардың барлығы да Афиныдан шыққан. Лакедемония соншалықты керемет көрініс емес еді. Онда халық басқаша дейтін, адамдар қайырымды болып туылады, тіпті бұл елдің ауасының өзінде ізгілік тұнып тұрғандай. Олардан бізге жеткені – тек батырлық туралы аңыздар. Алайда мұндай ескерткіштердің Афинылықтардан бізге мұраға қалған мәрмәр мүсіндерден құндылығы төмен бе?

Кейбір данагөйлердің жалпы ағымға түсіп кетпегені және өздерін тіпті Музалар мекеніндегі жалғандықтан сақтай алғаны рас. Бірақ сол кездің ең көрнекті әрі ең бақытсыз данагөйлерінің ғалымдар мен суретшілерге қатысты шығарған үкімін тыңдаңыздар.

Мен ақындарды зерттедім, оларға таланттары өздерін де, жай қарапайым адамдарды да адастыратын, өздерін ақылды адамдардай көрсететін, іс жүзінде мүлдем ондай болмаса да, өздерін ақылды адам санайтын адамдарға қарағандай қараймын, – дейді ол.

Ақындардан суретшілерге көштім, – дейді **Сократ**. Мен өнерді бір адамдай-ақ білетін едім, суретшілердің ғажайып құпияға ие екенін де менен артық ешкім білмейді. Алайда мен олардың да ақындардан артық емес екенін байқадым, олардың екеуіне де бірдей соқыр сенім тән: олардың неғұрлым мықтылары өз майданында жарқылдап жүреді де, өздерін ең дана адамдармыз деп санайды. Мұндай өзін-өзі дәріптеушілік менің көз алдымда олардың білімінің құнын түсіріп тастады, сондықтан мен сәуегей секілді өзіме-өзім сұрақ қойып, кім болғым келетінін, өзім сияқты ма әлде солар сияқты ма, олардың білгенін білуім керек пе немесе өзімнің ештеңе білмейтінімді білуім керек пе деп сұрадым. Сөйтіп, өзіме де, Құдайға да «Өзіммен өзім қалғым келеді» дедім.

Сопылар да, ақындар да, шешендер де, суретшілер де, мен де, тіпті ешкім де ненің шынайы, ненің керемет екенін білмейді. Бірақ біздің арамызда айырмашылық бар, ол бұлардың ештеңе білмесе де, өздерін білімді санайтындығында, ал мен ештеңе білмесем де, бұған күмәнданбаймын. Осылайша, менен кейін сәуегей де мойындаған білімнің үстемдігі менің анық ештеңе білмейтіндігіме келіп тіреледі.».

Міне, құдайлардың анықтауы бойынша адам біткеннің ақылдысы, бүкіл Грецияның мойындауынша, афиналықтардың ішіндегі ең оқымыстысы Сократ надандықты қалай дәріптейтінін көрдіңіз бе?! Егер ол тіріліп келсе, біздің ғалымдарымыз бен суретшілеріміз оны пікірін өзгертуге мәжбүрлер еді деп ойлауға бола ма? Жоқ, мархабатты тақсырлар: бұл әділетті адам біздің желбуаз ғылымымызды жек көріп, жан-жағымыздағы қоқырсып жатқан буда-буда кітаптарды көбейтуге күш салуға мүлдем тырыспас еді, ол өзі бұрын жасағанындай, оқушыларына және біздің ұрпақтарымызға ғибрат етіп, өзінің ізгілікті өмірін үлгі етіп қалдырар еді. Міне, адамдарға білімді қалай беру керек!

Сократ –
(б. з. д. 470-399)-
Афиныдағы ежелгі грек
философы

Үлкен Катон –
(б. з. д. 234-149)- Ежелгі
Рим саясаткері, жазушы

**НАТЮРМОРТ.**

Питер Класс (1597-1661)

Эпикур –

(б. з. д. 341-270)- ежелгі грек философы

Зенон –

(б. з. д. 334-263)- ежелгі грек философы, Афиныдағы стоикалық мектептің негізін қалаушы

Аркесилай –

(б. з. д. 315-241)- ежелгі грек философы

Фабриций –

(313-б. з. д. 275 жылдан кейін)- Рим қолбасшысы

Карфаген –

біздің дәуірімізге дейінгі IX ғасырда құрылған Қазіргі Ливандағы қала-мемлекет.

Людовик XII –

(1462-1515) – Франция королі

Генрих IV –

(1553-1610) – 1589 жылдан бастап француз королі, Бурбон әулетінің біріншісі

Алдымен Афинада Сократ, кейіннен Римде **Үлкен Катон** отандастарын адамгершіліктен айнытып, рухтарын әлсіреткен қу әрі әккі гректерді ешкереледі. Бірақ ғылым, өнер және диалектика үстемдік алды: Рим фисософтар мен шешендерге толды, онда әскери тәртіпті елемеу, диқаншылықты жек көру етек алды, жалған ғылыммен әуестеніп, Отанды ұмыта бастады. Бостандық, адалдық, заңға бойұсынушылық секілді қасиетті сөздер **Эпикурдің, Зенонның, Аркесилайдың** есімдерімен ауысты. Сол кезден бастап біздің арамызда ғалымдар пайда болды, философтар сөйледі, ал ізгілікті адамдар жоғалды. Бұл кезге дейін римдіктер ізгілік ережелерін орындаумен қанағаттанып келді, ал оларды зерттеуге кіріскен кезде бәрі жоғалды.

О, ұлы **Фабриций!** Өмірге қайтып келсең, сорыңа қарай, өз қолыңмен құтқарған және дүниені жаулап алуымен емес, сенің атыңмен даңқы шыққан Римнің ұлылығын көрсең, не ойлар едің? «Құдайлар, — дер едің сен, — қанағат пен ізгілік мекен еткен сабанмен жабылған жұпыны лашықтар қандай күйге түскен? Римнің қарапайымдылығының орнын басқан мынау алапат даңғазалық қайдан келген? Қайдан келген жат тіл? Нәуетек мінез қайдан шыққан? Мынау тас мүсіндер, суреттер, ғимараттар нені білдіреді? Ақылынан алжасқандар! Не істегенсіңдер? Халықты билеушілер, сіздер өздеріңізді жеңген желөкпелердің құлына айналдыңдар! Сіздерді тілі майда ділмарлар басқарып отыр! Сіздер шынымен де сәулетшілерді, суретшілерді, фокусшыларды байыту үшін ғана Грекия мен Азияны қандарыңмен суардыңдар ма? **Карфагеннің** үйінділері флейташының олжасына айналды! Римдіктер! Бұл амфитеатрларды тезірек қиратыңдар, мәрмәр мүсіндерді сындырыңдар, картиналарды жағыңдар! Сендердің үстілеріңнен күн көрген құлдарды қуыңдар немесе олардың ғылымдары сендерді азғындатады. Пайдасыз таланттардың даңқын басқа халықтар шығарсын: Римге жарасатын бірден-бір талант – әлемді жаулап алу және онда ізгілік орнату. Киней біздің Сенатты патшалардың жиналысы деп қабылдаған кезде олардың даңғаза сән-салтанатын, кірпияз өсемдігін көрген жоқ, түкке тұрғысыз адамдардың есін алатын және олардың қызғанышмен үйреніп жатқан бос қызыл сөздерін естіген жоқ. Бірақ Киней соншалықты маңызды болатындай нені көрді? Ау, азаматтар! Ол сіздерге байлықтарыңыз да, өнерлеріңіз де бере алмайтын ешқашан болмаған керемет көріністі көре білді: Римді лайықты басқарып, дүние жүзіне билігін жүргізетін қайырымды екі жүз адамның бір жерге жиналғанын көрді».

Фабрицийдің көлеңкесін жайдан-жай шақырған жоқпын: мен осы ұлы адамды – **Людовик XII** немесе **Генрих IV**-іншінің аузына айтқым келгенінің бәрін сөзбе-сөз салып, сөйлетуге мәжбүрлей алар ма едім? Егер Сократ біздің кезімізде өмір сүрсе, цикутаны ішпеген болар еді, есесіне өлімнен жүз есе күшті жек көрушілік пен адамды қорлайтын әжуа-мысқылдың ащы уын ішер еді.

Міне, осылайша астамшылық, азғындық, құлдық қай кезде де бізді мәңгілік Ақыл душар еткен бақытты надандықтан шығуға деген тәкеппар ұмтылысымыз үшін бізді жазалап отырды. Барлық жолымызды жауып тұрған қалың перде бізге жол көрсетіп, біздің бос іздену үшін жаратылмағанымызды көрсетуге тиіс еді. Бірақ ең болмағанда біз пайдамызға жаратқан немесе шекемізге тимейінше елең қылмаған бір сабағымыз бар ма? Халықтар! Мынаны біліп қойыңдар, анасы баласының қолынан қауіп төндіретін қаруды жұлып алғаны секілді табиғат та сендерді ғылымнан

қорғағысы келді. Оның сіздерден жасырған құпияларының бәрі де зұлымдық болып табылады, ол сіздерді осы зұлымдықтан қорғайды, ал оны зерттеудің қиындығы – табиғаттың көптеген шарапаттарының бірі ғана. Адамдардың ниеті бұзылған, ал егер олар ғалым болып туылу бақытсыздығына ие болса, бұдан да жаман бұзылар еді.

Мұндай пайымдау адамзат үшін соншалықты қорлау болып табылады. Намысымыз қаншалықты қорлануы тиіс! Қалайша! Демек, адалдық – на-дандықпен бірге туған ба? Ғылым мен адамгершілік екі басқа дүние ме? Мұндай соқыр сенімдерден қандай қорытындылар шығаруға болар еді? Осы кереғар көрінетін ойларды бітістіру үшін көзімізді соқыр етіп байлап тастайтын және адамзаттың біліміне негізсіз беретін керемет атаулардың түкке тұрғысыз бейшаралығын барынша мұқият зерттеу жеткілікті.

Ғылым мен өнерді былайша қарастырсақ; оларды жетілдірсек не болатынын көрейік және тарихи тұжырымдарға сәйкес түптің түбінде біздің пайымдарымыз алып келетін барлық ережелердің дұрыстығын ойланбастан мойындаймыз.

Екінші бөлім

Египеттен Грецияға көшкен мынадай ежелгі аңыз бар, онда ғылымды құдайлардың бірі, яғни адамның жанына тыныштық бермейтін құдай ойлап тапты делінген [5]. Осы ғылымның ортасында туған мысырлықтардың ғылым туралы пікірі қандай болуға тиіс еді? Өйткені олар ғылымның қайнар көзін жақыннан көрді. Біз дүниежүзілік тарих жылнамаларын ақтарамыз ба, әлде күмәнді шежірелерді ысырып қойып, философиялық зерттеулерге жүгінеміз бе, бірақ әдеттегі түсініктерімізге жауап беретін адамзат білімінің пайда болу себептерін таба алмаймыз. Астрономияның негізінде ырымшылдық, шешендік, атаққұмарлық, жеккөрушілік, жарамсақтық, өтірік; геометрияда – пайдакүнемдік; физикада – ерігу әуестігі; барлық ғылымдарда, тіпті, моральда – паңдық жатыр. Демек, ғылым мен өнер өздерін ойлап тапқанымыз үшін біздің кемшіліктерімізге қарыздар; егер ғылым мен өнер біздің ізгілігімізден туындаса, онда оның артықшылықтарына күмәнданбас едік.

Олардың теріс жаралғаны мақсатынан айқын көрінеді. Егер олардың сән-салтанатынан нәр алып отырмасақ, бізге өнердің не қажеті болар еді? Егер адамға тән әділетсіздік болмаса, заң қажет болар ма еді? Егер қанаушылар болмаса, соғыс болмаса не қастандық жасаушылар болмаса, тарих неге айналар еді? Бір сөзбен айтқанда, кім тек адами міндеттермен және табиғаттың талаптарымен ғана санасып, бүкіл уақытын Отанына, ғаріптер мен достарына сарп етіп, өмірін бос өткізгісі келер дейсің? Біз, шынымен, шындық жасырылған құндықтың қасында шөлдеп өлу үшін жаратылғанбыз ба? Бұл ойдың өзі өзін философияны зерттеуге арнаған кез келген адамды әу бастан тоқтатуы керек еді.

Ғылыми зерттеулерде қаншама қиындықтар, қаншама жалған жолдар бар! Ақиқат көптеген адасулардан соң келеді, бұл адасулардың қауіптілігі осы ақиқаттардың пайдасынан жүз есе асып түседі. Пайдасының жоқтығы айқын; өтірік таусылмайды, ол шексіз, әралуан, ал ақиқат біреу. Оның үстіне оны шындап іздеп жүрген кім бар? Тіпті ең жақсы ниетпен іздеген болсаң да, оны қандай белгілері арқылы қателеспей тануға болады? Пікірлер құлақ тұнатындай әр түрлі болғандықтан, біз шындықтың өлшемі деп нені қабылдаймыз? [6]. Ең қиыны: егер бақытымызға орай, біз осындай өлшемді тапсақ, қайсымыз оны дұрыс пайдалана аламыз?

Егер біздің ғылымдарымыз алға қойған мақсатына жету үшін пайдасыз болса, онда олар жасайтын іс-әрекет одан да қауіпті. Бос сөзбен айналысатын олар өз кезегінде ғылымға қорек береді; олардың қоғамға келтіретін ең бірінші зияны — уақытты босқа шығындайтыны, оны орнына келтіру қиын. Моральдағы сияқты саясатта да жақсылық жасамау дегеніміз – жамандық жасаумен тең, сондықтан кез келген пайдасыз азаматты қоғам үшін зиянды деп санауға болады.

Сонымен, атақты философтар, біз сіздердің арқаларыңызда денелердің бос кеңістікте өзара тартылу заңдылықтарын, планеталарды айналған кезде олар бірдей уақыт аралығында қандай қашықтықта болатынын, қандай қисықтардың түйісу, жалтару және иілу нүктелері бар екенін, адамның Құдайды қалай танитынын, жан мен дене бір-бірінен бөлек болғанына қарамастан, бір мезгілде бірдей уақытты көрсететін қабырға мен мұнара сағаттары сияқты келісімге келетінін, жұлдыздардың қайсысында тіршілік болуы мүмкін екенін, қандай жәндіктер ерекше жолмен көбейетінін білеміз. Ал енді өздеріңізден соншама жоғары білім алған бізге, маған, жауап беріңіздерші, егер сіздер осының бәрін бізге үйретпеген болсаңыздар біз азайып кетер ме едік, бізді соншалықты жаман басқарар ма еді, жаулар бізден қорқар ма еді, қазіргідей өркендеуге қол жеткізе алар ма едік немесе кемшіліктеріміз көбірек болар ма еді? Өз іс-әрекетіңізді соншалықты маңызды деп санамаңыз: бірақ ең білімді ғалымдар мен ең мықты азаматтардың еңбектерінің өзі бізге пайдасы аз болса, онда мемлекетке өздері ештеңе бермей, оның бар шырынын соратын надан жазушылар мен қуыс кеуде ғалымдар туралы біз не ойлауымыз керек?

Мен «бос сенделетіндерге» не айтамын? О, егер Құдайдың қалауымен олар жай ғана ештеңе істемей-ақ қойса ғой! Онда мінез-құлық та дұрыс, қоғам да тыныш болар еді. Бірақ бұл кесірлі оғаштықпен қаруланған бос және түкке алғысыз мылжындар жан-жақтан жиналып, сенімді сөтінетіп, ізгілікті жояды. Олар Отан, дін сияқты сөздерді аяр күлкімен қарсы алып, философия саласындағы таланттарын адамдар үшін қасиетті нәрсенің бәрін жою және даттау үшін қолданады. Олар шынымен де ізгілікті немесе сенім догмаларын жек көріп қана қойған жоқ, олар қарама-қайшылық рухы тұрғысынан қоғамдық пікірге қарсы шығады. Тәубесіне келтіру үшін оларды атеистер санатына жатқызу жеткілікті. Өзгеше болуға деген құмарлық не істетпейді десеңші!

Ең үлкен зиян – уақытты ысырап ету, бірақ ғылым мен өнердің зияны одан да бетер – олардың өздері сияқты сән-салтанат, адамның бос ырду-дырдуға құмарлығы, қамсыздығы мен атаққұмарлығын тудырады. Астамшылықтың ғылым мен өнер жүрген жерде жүрмеуі – өте сирек

жағдай, ал соңғысы астамшылықсыз мүлдем жүре алмайды. Мен біздің философиямыз таңқаларлық жағдайларға толы бола тұра, ғасырлар бойғы тәжірибеге қарамастан, сән-салтанаттың мемлекетке сән беретінін растайтынын білемін; бірақ жақсы мінез-құлықтың астамшылыққа қарсы заңдардың қажеттілігін ұмытып, мемлекеттің беріктігіне ықпал ететіні мен сән-салтанаттың жақсы мінез-құлықпен үйлеспейтіні туралы осы бір ақиқатты жоққа шығаруға батылы бара ма, жоқ па? Егер сән-салтанат байлықтың нақты белгісі екенін, тіпті оны белгілі бір дәрежеде көбейтуге ықпал ететінін мойындасақ, онда біздің уақытқа лайықты осы парадокстен қандай қорытынды жасау керек? Онда адамдар өліп-тірілгеніне қарамастан баудың жолына түссе, ізгіліктің күйі не болмақ? Ежелгі саясаткерлер адамгершілік пен ізгілік туралы тура айтқан, ал біздің саясаткерлеріміз тек сауда мен ақша туралы айтады. Біреуі бұл елде адамның құны Алжирде адамның басына қанша төленсе, сонша тұратынын айтады, ал екіншісі осы есепке сүйене отырып, адамның құны түкке тұрмайтын елдерді табады, тіпті оның құны мүлдем жоқ елдерді табады. Олар адамдарды табын мал сияқты бағалайды. Олардың пікірінше, әр адам мемлекет үшін тұтынушы ретінде ғана белгілі бір құндылық болып табылады: осының негізінде бір сибарит кем дегенде отыз лакедемоняннан кем тұрмас еді. Екі мемлекеттің қайсысын бір топ шаруалар бағындырған, ал қайсысы бүкіл Азияға үрей туғызған — Спарта ма әлде Сибарис пе, шешіп көрсін.

Кир монархиясын отыз мыңдық әскермен жаулап алған патша парсы сатраптарының кез келгенінен кедей еді, ал ең кедей халық саналатын скифтер әлемдегі ең қуатты монархтарға қарсы тұрды. Бір-бірімен әлемді билеуге дауласқан екі әйгілі республиканың бірі өте бай болды, екіншісінде ештеңе болмады, бірақ нақ осы соңғысы жеңді. Рим империясы өз кезегінде әлемнің барлық байлығын жұтып, байлықтың не екенін де білмейтін адамдардың жемтігіне айналды. Франктер Галлияны, ал сакстер Англияны жаулап алды, бірақ олардың ешқайсысында да батылдық пен кедейліктен өзге ештеңе болмады. Тілектері бірнеше қойдың терісін алумен ғана шектелген таулық кедейлер тобы алдымен австриялықтарды жуасытып, ізінше еуропа билеушілерінің үрейін алып, сән-салтанаты мен сұсы басым **Бургунд үйін** қиратты. Ақырында, Үндістанның барлық қазынасына ие Карл V мұрагерінің құдіреті мен даналығы ат төбеліндей балықшыларға, майшабақ аулаушыларға бұйырды. Біздің саясаткерлер өздерінің есептерін кейінге қалдыру және осы мысалдар туралы ойлансын және олар ақшаға жақсы мінез-құлық пен азаматтардан басқаның бәрін сатып алуға болатынын біржолата түсінсін.

Шын мәнінде, сән-салтанат туралы мәселе неде? Мемлекет үшін не маңызды: жарқыраған, бірақ өткінші нәрсе ме немесе ізгілікті және ұзақ өмір сүру ме? Жарқыраған дегенде, мәселе қандай жарқыл туралы?

Бургунд үйі – бургундияның ортағасырлық француз саяси партиясы (Францияның батысындағы аймақ)

Сән-салтанатқа құмарлық ешқашан адалдықпен қатар жүрмейді және бос дарақылыққа бой алдырған ақыл-ой иелерінің ондай биіктерге көтерілуі мүлдем мүмкін емес: егер тіпті олардың күші жеткілікті болса да, батылдықты жетпес еді.

Кез келген суретші танымал болуды көксейді, ол үшін замандастарының мақтауынан артық сый жоқ. Егер ол осындай өркениетті халыққа тиесілі болып сорлап, сөнге айналған ғалымдар емес, жеңілтек жастар билік айтқан, ер адамдар табынушыларының соңынан жүгіреміз деп өздерінің шынайы талғамын, идеяларын құрбан еткен, ер адамдар әйел адамдарға төн ойдың әлсіздігін, жасқаншақтықты ғана мақұлдайтын осы заманда өмір сүретін болса, осындай көпірме мақтаудан айрылмас үшін ол не істемейді? [7], соның салдарынан драмалық поэзияның ұлы туындылары бағасын ала алмай, ешбір табысқа жете алмай, үйлесім, үндестік екінші орынға ысырылады. Мұндай суретші не істейді, мәртебелі тақсырлар? Ол өзінің талантын ғасыр деңгейіне дейін төмен түсіріп, көзі тірісінде тамсанатын ортақол дүниелер жасағаннан гөрі өлген соң біраз жылдардан кейін таң қалып тамашалайтындай жауһар туындылар жасауды артық көреді.

Айтыңызшы, әйгілі **Аруэ**, сіз біздің жалған нәзіктігіміз үшін қанша батыл әрі күшті сұлулықты және тек болмашы нәрсеге ғана жарамды сыпайылық рухына қаншалықты шындықты құрбан еттіңіз!

Сонымен, мінез-құлықтың жүгенсіздігі — сән-салтанаттың шарасыз салдары, ол міндетті түрде талғамның бұзылуына әкеп соғады. Егер өз талантымен ерекшеленетін адамдар арасында кездейсоқ уақыт тынысына бағынбау және бос әрекеттермен төменшіктемеу үшін табанды мінез көрсететін біреу табыла қалса, оған қиын болады: ол кедейлікте, ешкім есіне де алмай, ұмытылып өледі. Мен сәуегейлік жасап отырған жоқпын, тәжірибеге сүйеніп айтып отырмын. Карл, **Пьер**, ғибадатханаларымызды керемет әрі қасиетті туындылармен ұлықтауға арналған қылқаламыңыз қолыңыздан түсетін немесе екі орындық арбаның есіктерін нәпсіқұмар суреттермен безендіру арқылы өзіңізді қор ететін уақыт келеді. Ал сен, **Пракситель** қарсыласы, теңдессіз **Пигаль** және ежелгі заманда кескішімен құдайларды жасаған, оған қарап отырып біз пұтқа табынушылықты ақтап алуымыз мүмкін **Фидиа**, сен, не будуарларға арнап мүсіншелер дайындаумен айналысуды шешесің, не жұмыссыз қаласың.

Әдет-ғұрып туралы ойлана отырып, ежелгі әдет-ғұрыптардың қарапайымдылығын сүйсініп еске аласың. Табиғат өз қолымен безендірген бұл керемет жағалауға ұдайы көз тігеміз, екіншіке қарай, біз одан алыстамыз. Адамдар кінәсіз әрі мейірімді бола тұра, құдайлар өздерінің іс-әрекеттерінің куәсі болғанын, өздерімен бірге жұпыны лашықтарда бір шатырдың астында өмір сүргенін қалады, бірақ көп ұзамай жүректеріне зұлымдық еніп, олар осы ыңғайсыз куәгерлерден құтылғысы келіп, оларды зәулім ғибадатханаларға апарып тастады. Ақырында, адамдар өздері қоныстану үшін оларды ғибадатханалардан да қуып шығарды, қалай болғанда да, құдайлардың үйлері адамдардың үйлерінен ерекшеленбейтін болды. Бұл – мінез-құлықтың мейлінше азғындауы еді, оғаштықтар әбден тамырлана түсті, содан бері оларды дворяндардың сарайларының кіреберісіндегі мәрмәр бағаналардың тұғырына көтеріп, **коринфтік** капителияларға салып қойды.

Өмір сүруге жайлы жағдайлар көбейген сайын, өнер жетіледі және сән-салтанат таралады, шынайы батылдық күшін жоғалтады, әскери

Аруэ (Вольтер)

(1694-1778) – француз жазушысы және философы

Ван Лу, Карл

(1705-1765) – француз суретшісі, Руссоның замандасы

Пьер, Жан-Батист-Мари

(1714-1789) – француз суретшісі, Руссоның замандасы

Пигал, Жан-Батист

(1714-1785) – француз мүсіншісі

Пракситель

(б. з. д. 395-330) – ежелгі грек мүсіншісі

Фидиус

(б. з. д. 490 ж. 430 ж.) – ежелгі грек мүсіншісі және сәулетшісі

коринф –

ежелгі Грецияның үш классикалық архитектуралық ордерлерінің ішіндегі ең безендірілгені

готтар–

ежелгі германдық тайпалар одағы

айбын жоғалады, мұның бәрі тыныш кабинеттерден шыққан ғылым мен өнердің жемісі. **Готтар** Грецияны тонаған кезде, жеңімпаздардың бірі жауларға бұл ескі-құсқы нәрселер оларды әскери істерден жирендіріп, бос ырду-дырду әкелетінін және отырып жұмыс істейтін өмір салтына мәжбүрлейтінін, сондықтан оны тастап кетуге кеңес беріп, барлық кітапханалар өрттен аман қалды. Карл VIII қылышын суырмай-ақ **Тоскана** мен **Неаполитан корольдігіне** ие болды, оның маңайындағылардың барлығы бұл күтпеген жеңілдікті Италияның князьдері мен дворяндарының күшті әрі соғысқұмар болғаннан гөрі ұлылық пен білімге көбірек көңіл бөлгендігінен деп білді. Шынында да, бір ақылды адам осы екі мысалға сүйене отырып, тәжірибе бізге әскери және оған ұқсас салаларда ғылымдардың ілімі пайдалы емес, зиянды екенін үйретеді, өйткені ол адамдарды шыңдамайды, керісінше, жұмсартады және нәзік етеді дейді.

Римдіктер суреттерді, гравюраларды, зергерлік бұйымдарды танып, әдемі өнерді көтермелей бастаған кезден олардың әскери айбыны өше бастағанын мойындайды. Бұл әйгілі елдің басына басқа халықтарға мәңгілік үлгі болуды жазғандай; Медичиді көтермелеу және ғылымдардың қайта жандануы, оның алдында бірнеше ғасыр бұрын әскери даңқын мүмкін, мәңгілікке өлтірген секілді көрінген Италияға қайта күш берді.

Ежелгі Грецияның республикалары, өздерінің заңдарымен азаматтарына денені әлсіретіп, босаңсытып, тез арада өлтіретін тыныш және қозғалмайтын қолөнермен айналысуға тыйым салды.

Кез келген нәрседен айырылу ауыр тиетін және болмашы жұмыстан қорқатын адамдар шындығында, аштыққа, шөлге, шаршауға, қауіп пен өлімге қалай қарайды? Жауынгерлер өздері үйренбеген ауыр жұмыстарға шыдай ала ма? Олар тіпті атқа салт міне алмайтын қабілетсіз офицерлердің басшылығымен аянбай жылдам шерулер жасай ала ма? Маған өте жақсы дайындалған және тәртіпті қазіргі заманғы жауынгерлердің мадақталған ерліктерін қарсылық түрінде көрсетпесін. Ұрыс күндерінде олардың бағылдықтарын мадақтай отырып, әдетте, олардың шамадан тыс еңбекке қалай төзетіні, суыққа, ыстыққа және ауа-райына қалай төтеп беретіні туралы ештеңе айтпайды. Біздің әскерлеріміздің ең жақсысын әлсіретіп, құлату үшін әлсіз аяздың, ыстықтың немесе тіпті кейбір қолайлы жағдайдың болмауы жеткілікті. Ержүрек жауынгерлер! Ақиқатты шыдамдылықпен тыңдаңдар, оны сіздерге онсыз да өте сирек айтады. Мен сіздердің бағыл екендеріңізді білемін: **Ганнибал** сіздермен бірге Канн мен Тразименде жеңіске жете алар еді, ал **Цезарь Рубиконнан** өтіп, өз елін құлдыққа салар еді, бірақ біріншісі сіздермен **Альпині** ала алмас еді, ал екіншісі ата-бабаларыңды бағындыра алмас еді.

Соғыс нәтижесі әрдайым шайқастарда шешілмейді, ал әскери жетекшілер үшін шайқастарда жеңіске жетуден гөрі жоғары өнер бар. Бөтен

Тоскана –
Италияның орталық бөлігіндегі аймақ

Неаполь Корольдігі –
Оңтүстік Италиядағы мемлекет

Ганнибал
(б. з. д. 247-183)-
карфагендік қолбасшы,
Римнің бітіспес және қорқынышты жауы

Трасимено –
Италиядағы көл

Цезарь, Юлий
(б. з. д. 100-44)-Рим мемлекет қайраткері және қолбасшысы

Рубикон –
Адриатика теңізіне құятын шағын өзен. Біздің эрамызға дейінгі 49 жылы Цезарь заңды бұзып, Рубикон әскерімен бірге жүріп, азаматтық соғыс бастады. «Рубиконнан өту» дегеніміз-қайтымсыз қадам жасау

Альпі –
Еуропадағы тау жотасы

офицер батылдықпен отқа түседі, бірақ соған қарамастан өте нашар командир болып қала береді. Жауынгер үшін күш пен қуат қоры оны өлімнен қорғамайтын батылдықтан гөрі қажетірек шығар. Әскерлері неден қайтыс болса да мемлекет үшін бәрібір емес пе: безгектен бе, суықтан ба немесе жау қаруынан ба?

Егер ғылыммен айналысу әскери ерліктер үшін зиян болса, онда адамгершілікке одан да зиянды. Мағынасыз тәрбие жас кезімізден біздің санамызға әсер етіп, пайымымызды бұрмалайды. Мен барлық жерден жастарға көп шығынға ұшырата отырып, өз міндеттерінен басқа барлық нәрселерді үйрететін көптеген мекемелерді көремін. Сіздің балаларыңыз ана тілін білмей-ақ, еш жерде қолданылмайтын басқа тілдерде сөйлейді; өздері де ештеңе түсінбей, өлең жазады; ақиқатты адасудан ажыратпай, зұлымдық ниетпен адамдарды басын қатырып алдау өнерін игереді; алайда олар жомарттық, әділеттілік, қалыс қалу, адамгершілік, батылдық сияқты сөздердің мағынасын білмейтін болады; Отан деген қымбат есім құлақтарына жат естіледі, ал егер олар Жаратқан туралы айтатын болса, онда қастерлеп емес, ырымшылдықпен қорқып айтады [8]. «Мен шәкіртімнің доп ойнауға уақыт бөлгенін қалар едім, ең болмағанда, ол епті болар еді, – деді бір дана адам. Мен балаларға ең үлкен қауіп – пайдасыз істермен айналысу екенін және олардың бір нәрсемен айналысуы керектігін білемін: бірақ оларға не үйретуге болады? Орынды сұрақ! Әрине, оларды кейін ұмытып қалатын емес, есейгенде істейтін нәрсеге үйрету керек [9].

- Қалай ойлайсыз, біздің бақтарымыздағы көпшілік назарына ұсынылған мүсіндер нені бейнелейді және галереялардағы суреттер ең жақсы өнер туындылары ма? Отан қорғаушылар ма немесе оны өзінің ізгіліктерімен байытқан адамдар ма? Жоқ, бұл біздің балаларымыздың назарына ерте ұсынылған, олар оқуды үйренбестен бұрын көз алдында жаман әрекеттердің үлгілері қалу үшін ежелгі мифологиядан барынша ыждаһаттылықпен алынған жүрек пен ойдың барлық адасқан үлгілері.

Барлық осы теріс қылықтар таланттарды ұлықтау мен ізгілікті адамдарды кемсіту тудырған адамдар арасындағы сұмпаиы теңсіздіктен болмаса неден туындайды? Міне, біздің барлық ғалымдарымыздың сабақтарының ең айқын салдары және олардың ең қауіпті жемісі. Адам туралы тіпті сұрамайды — адам ба ол, оның таланты бар ма; кітап туралы — ол пайдалы ма, ол жақсы жазылған ба деп сұрамайды. Марапатты тапқырлыққа ысырап етеді, ал ізгілікті құрметсіз қалдырады. Керемет сөздер үшін мыңдаған марапаттар бар, ал жақсы істер үшін ешқандай. Бірақ маған айтыңызшы, осы Академияның сыйлығымен аяқталатын ең мықты талқылауға қатысты мадақты осы сыйлықты тағайындаған адамның еңбегімен салыстыруға бола ма?

Данышпан байлық қумайды, бірақ ол атақ-даңққа бей-жай қарамайды және оның әділетсіз бөлінгенін көргенде, жарыста мадақталуы мүмкін және оны қоғамға пайдалы ететін ізгілігі солып, жоқшылықта сөніп, ұмытылады. Міне, ерте ме, кеш пе, неліктен барлық жерде жағымды таланттарға — пайдалы таланттарға артықшылық беру керек, бұл ғылым мен өнердің қайта өрлеу дәуірінен бергі тәжірибемен бірнеше рет расталған. Бізде физиктер, геометрлер, химиктер, астрономдар, ақындар, музыканттар, суретшілер бар, бірақ бізде азаматтар жоқ, егер әлі де бар болса, шалғай ауылдарда сақталып қалған, олар кедейлікте өмір сүріп, жеккөрінішті боп

өледі. Міне, бізді нанмен, балаларымызды сүтпен асырайтындар қандай жағдайға жетті, ал біздің оларға деген сезіміміздің сиқы осындай!

Дегенмен, мен зұлымдық өзінің болуға тиіс шамасынан көп емес екенін мойындаймын. Улы өсімдіктерді жаратқан Жаратушы емдік шөптерді де жаратып, көптеген зиянды жәндіктермен бірге олардың өздері шағып, адам денесіне жаятын уына уға қарсы дәрі дәрі ойлап тапқан табиғат өзінің жердегі өкілдерін – патшаларды өзінің даналығына еліктеуге ұмтылу керектігіне сендірді. Құдайға еліктеп, одан үлгі ала отырып, даңқы ғасырлар бойы, тіпті ғылым мен өнерден де өшпейтін ұлы монарх, барлық зұлымдық атаулының көзі болып табылатын ғылым мен өнерден де өзіне сеніп тапсырылған адам білімінің қауіпті қазынашысы болу, сондай-ақ кіршіксіз таза ізгі қасиеттерді сақтай отырып керемет қоғам құру және оның мүшелерінен де соны талап ету арқылы пайда таба алады.

Мемлекеттің мұрагері бекіткен және Еуропаның барлық патшаларына үлгі болған бұл ақылды мекемелер академияға қабылдану құрметіне қол жеткізіп, өздерін күтіп, пайдалы шығармаларымен және мінсіз адамгершілігімен осы құрметке лайық болуға тырысатын жазушылар үшін ең болмағанда, тосқауыл болады. Әдеби еңбектерін сыйлықтармен марапаттай және азаматтардың жүректерінде ізгілікке деген сүйіспеншілікті оята алатын тақырыптарды таңдай отырып, мұндай мекемелер өз қабырғаларында осындай махаббаттың салтанат құрғанын дәлелдейді және адамзат арасына білім таратуды ғана емес, сонымен қатар оған қиындықтан шығатын нұсқаулар беретін қоғамдағы ғалымдарды халықтың сирек те болса көріп, рахаттануына мүмкіндік береді.

Менің ойыма қарсылық білдірмесін. Өйткені мен үшін ол менің ойымның дұрыстығының жаңа дәлелі болмақ. Осыншама сақтық олардың тек қажеттіліктен туындағанын көрсетеді: жоқ ауруға дәрі іздемейді. Енді бұл мекемелердің бұған көңілдері толмағандықтан, кәдімгі дәрінің қызметін атқаруының керегі не? Оның үстіне ғалымдардың пайдасы үшін құрылған қаншама мекеме ғылымның рөлін көтеріп, ғалымдарды ғылымды зерттеуге бағыттай алады. Қабылданған сақтық шараларына сүйенсек, бізде диқандар тым көп, ал философтар жеткіліксіз деп ойлауға болады. Мен егіншілікті философиямен салыстыруға әсте талаптанбаймын: бұл мүмкін емес, мен тек философия деген не деп сұраймын: Белгілі философтардың шығармаларында не айтылады? Бұл даналықтың достары қандай сабақ береді? Олар алаңдарда жұрттың алдында «Маған келіңдер! Мен ғана алдамаймын!» деп айқайлап жүретін көзбояушыларға ұқсамай ма? Олардың бірі тән жоқ, тек ол туралы ұғым бар десе, екіншілері материядан басқа субстанция, ғаламнан бөлек өзге құдай жоқ дейді. Мынауы ізгілік те, кемшілік те жоқ, біздің түсінігімізде мейірімділік пен зұлымдық құрғақ қиял десе, анаусы адамдар – қасқыр, олар ешбір селт етпестен бірін-бірі қылғы-

тып жұтып жібереді дейді. О, ұлы философтар! Осы пайдалы сабақтарыңызды неге өз достарыңыз бен балаларыңызға сақтап қоймасқа? Сіздер өте жақын арада сіңірген еңбектеріңізге лайық сыйға ие болар едіңіздер, ал біз, ең болмағанда, өз отбасымыздан сіздердің ізбасарларыңыз шығып қалуы мүмкін-ау деп қауіптенбес едік.

Міне, тірі кезінде замандастары мен әлдебіреудің құрметіне бөленген осындай керемет адамдарға өлмес мәңгілік дайындалып қойған! Міне, біздің олардан қабылдаған және кейінге, ұрпақтан-ұрпаққа беретін ақиқат шындығымыз! Адамның ақыл-ойының шатасуынан болған пұтқа табынушылық ұрпақтарға Евангелие үстемдігі дәуірінде кітап басып шығару арқылы тұрғызылған бет ұялатын ескерткіштермен салыстыруға болатындай ештеңе қалдырмады. **Левкипп** пен **Диогордың** арсыз жазбалары олармен бірге өлді, өйткені ол кезде есер ойларды мәңгілікке қалдыру әдісі әлі ойлап шығарылмаған еді; бірақ кітап шығару өнерінің [10] және біздің оны пайдаланғанымыздың арқасында **Гоббс** пен **Спинозаның** қауіпті сандырақтары мәңгіге сақталып қалды. Біздің надан әрі дәрекі ата-бабаларымыз жасай алмайтын әйгілі жазбалар біздің ұрпақтарымызға қазіргі замандағы мінез-құлықтың азғындауын бейнелейтін, алдағы ғасырларға прогрестің шынайы тарихын дәріптейтін және біздің ғылымымыз бен өнеріміздің артықшылықтарын көрсететін одан да қауіпті шығармалармен бірге көш-сін, әрине, егер олар осы шығармаларды оқыса, онда біз қазір талқылап жатқан сұраққа қатысты олардың ешқандай күмені қалмайды, егер олар бізден гөрі ессіз болмаса, онда қолдарын көкке жайып, жүректеріндегі запыранын: «Құдіреті күшті Құдай! Жанымыз бір өзіңнің қолыңда, бізді өкелеріміздің пасық өнерінен құтқарып, бақытты ете алатын және сіздің көз алдыңызда бәрінен қымбат болатын жалғыз игілік – білместігімізді, пектігіміз бен кедейлігімізді қайтара гөр!», – деп төгер еді.

Егер ғылым мен өнердің ілгерілеуі сіздің игілігіңізге ештеңе қоспай, тек мінез-құлқыңызды бұзса, егер мінез-құлқтың бұзылуы біздің талғамымызды жоғалтса, онда музалар ғибадатханасына кіруге бөгет болған, оған кіруге ентелеп, сол үшін жұмсаған күш-жігерін сынау үшін табиғаттың өзі жіберген барлық кедергілерді алып тастаған ортақол жазушылар тобыры туралы не айтуға болады? Ғылым ғибадатханасының есігін шімірікпей айқара ашып, ең қасиетті нәрсеге лайықсыз қара таңба басқан компиляторлар туралы не айтуға болады, мұндайда ғылымда керемет жетістікке жете алмайтындардың бәрі оны былғамай, мүлдем айналыспасын, өздерін қоғам үшін пайдалы қолөнерге арнағаны жөн.

Мүмкін, өмір бойы бейшара ақын немесе ортақол математик болып қалатын адамнан керемет өндіруші шығар ма еді? Оқуға жаралған адам мұғалімге зәру емес. **Бэкондар**, **Декарттар** мен **Ньютондар** – адамзаттың төлімгерлері, мұғалімдері де болмаған, оларды ұлылық шығарған шыңдарға кім апара алар еді? Қарапайым мұғалімдер өздерінің алысқа бара алмайтын қалыпты ойлау қабілеттерімен олардың ойлау көкжиегін тек тарылтқан болар еді. Тек басында тап болған кедергілер олардың күш-жігерін шыңдады, онсыз олар шексіз кеңістікті еңсерер еді. Егер біреуге ғылым мен өнерді зерттеуге мүмкіндік беру керек болса, онда тек өзінен бұрынғы адамдарының ізімен жүріп қана қоймай, оларды басып озуға күші жеткілікті екенін сезінетіндерге ғана беруге болады. Бұл аз ғана топ

Инжіл –

Иса Мәсіхтің өмірбаяны

Левкипп –

б. з. д. V ғасырдағы ежелгі грек философы

Диогор –

біздің эрамызға дейінгі V ғасырдағы ежелгі грек ақыны және софисті.

Гоббс, Томас

(1588-1679)- ағылшын философы

Спиноза, Барух

(1632-1677)- голланд философы

Бэкон, Фрэнсис

(1561-1626)- ағылшын философы

Декарт, Рене

(1596-1650) – француз философы, математигі және физигі

Ньютон, Исаак

(1643-1727)- ағылшын математигі және физигі

адамның ақыл-ойының абыройы үшін ескерткіштер тұрғызсын. Бірақ егер өздерінің данышпандарының бар нәрсеге қол жеткізуін қаласа, онда өздері үміт ететін барлық нәрсесіне қол жеткізе берсін: міне, оларға қажет жалғыз майдан. Рух оның айналысып жатқан мәселесіне қарай икемделіп, ұлы оқиғалар ұлы адамдарды тудырады. Шешендік князі Рим консулы болды және философтардың ішіндегі ең ұлысы дерлігі — Англияның канцлері болды, егер алғашқысы қандай да бір университетте кафедраны басқарса, екіншісі бар-жоғы болар-болмас академиялық зейнетақы алды, онда олардың қарапайым күй кешуі жазған еңбектеріне әсер етпес пе еді? Патшалар өздеріне кеңесші бола алатын адамдарды кеңестеріне шақырудан жиренбесін, одан да ақсүйектердің мақтанып шығарған «халықты ағартудан гөрі басқару қиын» деген ежелгі нанымдарынан бас тартсын. Адамдарды ізгі ниетпен әрекет етуге сендіру оларды күшпен мәжбүрлеуден гөрі оңай! Бірінші дәрежелі ғалымдар патша сарайларынан өздеріне құтхана таба берсін; олар сол жерде өздеріне лайықты марапатын ала берсін, атап айтқанда: өздері даналыққа үйреткен халықтың игілігіне өз ықпалымен қызмет ете берсін. Тек сонда ғана игілікті жарысқа түсуден қанаттанып, адамзат баласының игілігіне жұмыла жұмыс істеген ізгі ғалымның қолынан не келетінін көреді.

Ал әзірше билік бір жағынан, ал ағартушылық пен даналық екінші жағынан бірлесіп, одақтаспайынша, ғалымдар мемлекеттік істер туралы көп ойлана қоймайды, ал билеушілер жақсы істерді бұрынғыдан да сирете бастайды, ал екі ортада халық жеккөрінішті, бұзылған әрі бақытсыз болып қала бермек.

Біз – қарапайым адамдармыз, Жаратушы керемет талант бермеген әрі тағдыр да атақ-даңққа бөлемегендер, көлеңкеде қаламыз. Атақ-даңқтың соңынан қумаймыз, тіпті егер біз оған лайық болсақ та, қазіргі жағдайда ол біздің соған жұмсаған күш-жігерімізді ақтамас еді. Басқаның пікірінен бақыт іздеудің керегі қанша, егер оны өзімізден таба алсақ? Халыққа өз міндеттерін үйретуге қамқорлық жасауды басқаларға беріп, өз міндетімізді орындаумен шектелеміз. Бізден талап етілетіні – осы ғана.

О, ізгілікті, қулық-сұмдықтан ада жанның жоғары ғылымы! Сені тану үшін сонша еңбек пен күш жұмсау керек пе? Сенің ережелерің барлық жүректерде сызулы тұрған жоқ па? Сенің заңдарыңды зерделеу үшін өзіңе үңілу, құштарлықты тұншықтырып, өз ар-ұятыңның даусын тыңдау жеткіліксіз бе? Шынайы философияның мәні осында жатыр ғой. Осыған қанағат етеміз және әдебиетте өзінің атын мәңгіге қалдырған әйгілі адамдардың атағын қызғанбай, өзіміз бен олардың арасында бір кездері екі ұлы халықтың арасында байқалған керемет айырмашылықты анықтауға тырысамыз: біреуі жақсы сөйлей алды, екіншісі жақсы әрекет етті.

Ескертпелер:

1. Патшалар қашан да қол астындағыларының арасында өнер жеңіл-желпі көңіл көтеру ретінде таралуын және кейбір ынсапсыз, қанағатсыз іс-әрекеттерді, егер оның салдарынан шетелге ақша шықпайтын болса, ықыласпен қолдайды, өйткені бағыныштыларын осындай жолмен олардың ішкі дүниесін ұсақтыққа тәрбиелейді, бұл адамдарды құлдықта ұстауға ыңғайлы, әрбір жаңа қажеттіліктің сонымен қатар халықты бұғаулап, шынжырлайтын құрал болып табылатынын жақсы біледі: Александр ихтиофагтарды тәуелділікте ұстауды қалап, оларды балық аулаудан бас тартуға және басқа халықтар жейтін тамақты жеуге мәжбүрледі. Киім дегенді білмеген және тек аң аулаумен күн көрген америкалық жабайыларды жеңу мүмкін болмады: шындығында, ешқандай мұқтаждығы жоқ адамдарға қандай қысым жасауға болады? (Еск. Руссо.)

2. «Мен дауласу мен ойлауды жақсы көремін, – дейді **Монтень**, – бірақ тек бірнеше адамдармен және тек өзім үшін, өйткені бүкіл әлемнің мықты адамдарын алдандырып, ақыл-ойың мен шешендігіңді жұртқа жариялап көрсетуді адал адамға лайық емес өнер деп санаймын». (КТ. III, 8-т.). Бұл – бір адамнан басқа біздің барлық тапқырларымыздың өнері,. (Еск. Руссо.)

3. Менің сіздер соншалықты қиындықпен ауыздықтаған, тіпті кемшіліктерінің атын да білмейтін бақытты халық – Американың жабайылары туралы айтуға батылым жетпейді, халықты басқару үшін олардың қарапайым әрі табиғи құрылысын қашан болсын ойлап табу тек Платон заңдары емес, сонымен қатар философияның қолынан келеді, – дейді Монтень еш бүкпесіз. Ол бұған таң қалатын адамдар үшін көптеген мысалдар келтіреді. «Ойлап көріңіз, – дейді ол, – олар тіпті шалбар да кимейді» (Еск. Руссо.)

4. Олар ар-ұятының алдында айтсыншы: шешіміне тіпті құдайлар да дау айта алмаған сатылмайтын соттан оны мұқият жойған кезде, афиналықтардың өздері шешендік туралы қандай пікірде болды? Оны өз республикаларынан қуған кезде римдіктер медицина туралы не ойлады? Бейшара үндістерге жасаған барлық зұлымдықтарын түзетеміз деп үміттенгендей, қалған адамгершіліктерінің жұрнағымен өздерінің заң шығарушыларына Америкаға кіруге тыйым салғанда, испандықтар құқықтану туралы қандай түсінікте болуы керек еді? (Еск. Руссо.)

5. **Прометей** туралы аңыздың аллегориясын түсіну оңай, оны Кавказдағы құзға байлаған гректер оған өз құдайы Тотқа қараған мысырлықтардан мейірімді болған жоқ. Ежелгі аңыздардың бірінде Сатир, алғаш рет отты көргенде оны құшақтап, сүйемкші болыпты, бірақ Прометей «Сатир, саған сақалыңды жоқтауыңа тура келеді, өйткені оған жақындасаң, ол өртейді» деп айқайлайды. (Еск. Руссо.)

6. Адамдар аз білген сайын, өздерін көп білетіндей сезінеді. **Перипатетиктер** бір нәрседен күдіктенді ме? Декарт әлемді текшелер мен құйындардан тұрғызған жоқ па? Біздің заманымызда Еуропада электр энергиясының құпиясын түсіндіруге батылдық танытпайтын кем дегенде бір физик бар ма, бәлкім бұл терең құпия нағыз философтар үшін мәңгі үмітсіздіктің тақырыбы бола ала ма? (Еск. Руссо.)

7. Мен әйелдердің ықпал етуінің өзі жаман нәрсе деген ойдан аулақпын. Мен оған табиғат берген сый ретінде қараймын, бақытымызға орай, бүкіл

ихтиофагтар –

негізгі тамағы балық болатын адамдар

Монтень, Мишель (1533-1592) – француз философы

Прометей –

құдайлардан от ұрлап, оны адамдарға берген мифтік қаһарман

перипатетиктер –

Аристотельдің ізбасарлары

адамзат баласы, жақсы жағына бағыт ұстап, өздерінің ықпалымен қаншама зұлымдық жасаса, соншама жақсылық та жасай алар еді.

Адамдар өзінің екінші жартысына билігін жүргізетін осы әйел адамдардың тәрбиесі жақсы болса, қоғамға қандай пайда әкелетінін әлі толық білмейді. Әйелдер еркектерді қалай көргісі келсе, еркектер әрқашан сондай болады, егер олардан рухани ұлылық пен ізгілікті көргілерің келсе, әйелдерді рухани ұлылық пен ізгілікті түсінуге үйретіңдер. Бір кездері Платон жазған осы тақырыптағы талдауларды барынша егжей-тегжейлі дамытуға болар еді. Бірақ мұны осындай мұғалімнен кейін жазуға және осындай үлкен істі қорғауға лайықты адам ғана қолға ала алады. (Еск. Руссо.).

8. «Философиялық ойлар. (Еск. Руссо)

9. Спарталықтарды ең ұлы патшаларының куәландыруы бойынша осылай тәрбиеледі. «**Ликургтің** керемет мемлекеттік жүйесінде – өзінің жетілуі бойынша шынымен таңқаларлық нәрсе, өзінің негізгі міндеті ретінде балалардың тамақтануы ғана емес, тіпті музалардың үйі туралы да, білім туралы да айтылмайды, бұл барынша есте қаларлық, – дейді Монтень. Батыл және бостандықсүйгіш спарталық жастардың мұғалімдері біздің ғылымды үйрететін мұғалімдеріміздей емес, батылдыққа, парасаттылыққа және әділеттілікке үйрететін мұғалімдері болған сияқты». Сол автордың ежелгі парсылар туралы не жазғанын көрейік. «Платон, – дейді ол, – парсының тақ мұрагері туралы былай дейді: «Туыла салысымен оны бірден әйелдерге емес, ізгілігінің арқасында патшаның зор сеніміне ие болған әтектерге тапсырды. Олар баланы дені сау, мықты етіп тәрбиелеуге міндетті болды. Жетіге келгенде оған атқа салт мініп жүруді, аңға шығуды үйретті, он төрт жасында оны елдегі ең мықты төрт адамға: ең дана, ең әділ, ең ұстамды және ең батыл адамға тапсырды. Біріншісі оны дінге, екіншісі әрқашан шыншыл болуға, үшіншісі нәпсісін тежей білуге, төртіншісі ештеңеден қорықпауға үйретті». Бірде-біреуі оны ғалым болуға үйреткен жоқ, бәрі де оны ізгілікті адам етуге ұмтылды, – деп қосамын мен.

«**Астиаг**, – дейді **Ксенофонт**, – **Кирден** соңғы сабағы туралы сұрапты. «Біздің мектепте қысқа плащы бар бала оны өзінің қысқа бойлы досына беріп, оның ұзын плащын тартып алды» деп жауап беріпті ол. Менің тәлімгерім осы жағдайды шешіп беруімді сұрады, мен бұл жағдайды солай қалдырған дұрыс деп шештім, өйткені мұндай айырбастан екеуі де ұтады. Ол маған әдептілік тұрғысынан дұрыс шешпегенімді, ешкімнен ештеңені күштеп тартып алуға болмайтынын талап ететін әділеттілікті алдымен басшылыққа алуым керектігін көрсетті. **Кир тупто** етістігінің бірінші **аорисін** ұмытып кеткенде ауылдағы балаларды бір ізге салғандай, оны да дәл солай бір ізге салғанын айтты. Менің мұғаліміме, – деп қосады **Ксенофонт**, – менің мектебім ол мектептен кем түспейтініне мені сендірмес

Ликург

(б. з. д. 396-323) – Афины мемлекет қайраткері және шешен

Астиаг

(б. з. д. VI ғасыр) – Мидия патшасы

Ксенофонт

(б. з. д. 430-356) – ежелгі грек тарихшысы

Кир

(б. з. д. 530 жылы қайтыс болды) – парсы империясының негізін қалаушы және патшасы

аорист –

аяқталған әрекетті білдіретін етістік формасы

тупто –

грек сөзі – ұру; соққы

genre –
жанр

Ұлы Григорий
(540-604) – бай әдеби мұра
қалдырған Рим Папасы

бұрын in **genere** demonstrativo әдемі сөз сөйлеуіне тура келер еді». (1-кіт., 24-т.) (Еск. Руссо.)

10. Еуропадағы кітап басумен байланысты адам айтқысыз тәртіпсіздікті бақылай және оның күннен-күнге жетіп отырған жетістіктерінің болашағына қарап, билеушілердің осы бір жаман өнерді елге әкеліп енгізгеннен артық күш жұмсай отырып, мемлекеттерінен қуып шығуды ұмытпайтынын оңай байқауға болады. Сұлтан Ахмет, талғампаз адамдардың қатал талабынан бас тартып, Константинопольде баспахана құруға келісті, бірақ ол оны бұзып, құралдарды құдыққа лақтыруды бұйырды, сондықтан іске ерең қосылды. Александрия кітапханасын не істейміз деп сұрағанда, Халифа Омар былай депті дейді: «Егер бұл кітапта Құранға қарсы нәрселер болса, онда олар жақсы емес, оларды өртеу керек; егер олардың ішінен Құранда бар нәрселерді ғана тапсаңдар, оны да өртеу керек, себебі олар артық». Біздің ғалымдар бұл пайымдауды сандырақтың шыңы ретінде келтірді. Сондай-ақ, егер Омардың орнында **Ұлы Григорий** болса және әңгіме Құран туралы емес, Інжіл туралы болса да кітапхана өртелінер еді және бұл осы керемет дін қызметкерінің өмірдегі ең жақсы ісі болар ма еді. (Еск. Руссо.).

Дереккөз: Руссо, Жан-Жак: Ғылым мен өнер туралы пайымдау/ Құрастырушы және кіріспе мақаланың авторы И.Е. Верцман. Аударма: Д.А. Горбова, Н.И. Кареева және Е.М. Лысенко // Таңд. шығ. 3-томдық. 1 т. – М.: Художественная литература, 1961. 41-65-б.


ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Руссоның «Ғылым мен өнер туралы» еңбегіндегі «азамзат өркениетінің тарихи ағымы» ұғымы нені білдіреді?
2. Руссо неліктен ғылым мен өнердегі ілгерілеу мен өркениеттің құлдырауы арасында қашан да байланыс болған дейді? Түсіндіріңіз.
3. Руссоның айтуынша, адамдардың өнер мен ғылымдағы прогреспен бірге бұрынғыша ештеңеден хабарсыз бақытты күйде қала беруіне не мәжбүрледі?
4. Руссо бірінші бөлімде келтірген өркениеттер мен қоғамдардың, ежелгі және қазіргі заманғы өркениеттердің айырмашылықтарын сипаттап жазыңыз. Екінші бөлімдегі осы салыстырмалы тарих пен адамның мінез-құлқының сипаттамасының арасындағы байланыс қандай?
5. Руссоның пікірінше, қарапайымдылық, астамшылық, ізгілік және өркениет бір-бірімен қалай байланысты?
6. Руссоның пікірінше, астамшылық біздің моральдық қағидаларымыз бен игіліктеріміздің тоқырауына қалайша сәйкес келеді? Өнер мен ғылым бұлармен қалай байланысты?
7. Руссо шын мәнінде азамзат прогресін қабылдамай ма, әсіресе, «Ғылым мен өнер туралы пайымдау» атты еңбегінің соңында? Жауабыңызды түсіндіріңіз

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

303

1. «... пайымдаудың» бірінші бөлімінде Руссо: «Ғылым мен өнер қалай кемеліне келіп жетілсе, біздің жан-дүниеміз солай азғындады» дейді. Сіздің ойыңызша, бұл тұжырым Хоупвел ханымның ауылдың жақсы адамдары («Ауылдың жақсы адамдары») туралы түсінігіне сәйкес келе ме? Хоупвел ханымға ауылдың жақсы адамдары ғылыммен былғанбағаны үшін ұнады ма? Хоупвел ханымның қызының кітаптарының бірінен оқыған дәйексөзіне назар аударыңыз. Жауабыңызды түсіндіріңіз.
2. Бакунин (сіз бірінші тарауда танысқан) ғылыми зиялы қауымды барынша ақсүйек, қатал әрі тәкаппар деп санайды. Бұл Руссоның білім мен ғылым туралы ескертпелерін еске салмай ма?



СОКРАТТЫҢ ӨЛІМІ.
ЖАК ЛУИ ДАВИД (1748-1825)

ДӘЛЕЛДІ ЭССЕНІ (АРГУМЕНТТІ ЭССЕНІ) ҚАЛАЙ ЖАЗУҒА БОЛАДЫ?

Біз сипаттама (баяндау) эссе емес, дәлелді (аргументті) эссе жазамыз. Сипаттама эссе «не?» деген сұраққа жауап береді. Ол оқиғаны, орынды, ұйымды сипаттайды. Дәлелді эссе «қалай?» немесе «не үшін?» сұрақтарына жауап береді. **Не** болғанын сипаттап қана қоймай, оның **не үшін** болғанын түсіндіреді.

Дәлелді эссе бірнеше бөліктен тұрады

Кіріспе оқырманды жұмысыңызда қарастырылатын сұрақпен және оның тақырыпқа немесе курсқа қалай сәйкес келетіндігімен таныстыруға мүмкіндік береді. Кіріспеде оқырманға сұрағыңыз несімен қызықты екенін көрсетесіз. Кіріспе сіздің жұмысыңыз жауап беретін зерттеу сұрағын қамтиды. Жақсы зерттеу сұрағы – бұл сіз әлі жауабын білмейтін сұрақ. Жазу және зерттеу жұмыстары сізге осы сұрақтың жауабын айтады. Қарапайым сипаттамаға әкелетін сұрақтардан (не, қайда, қашан) аулақ болыңыз, түсіндіруге мүмкіндік беретін сұрақтарды (неге немесе қалай) іздеңіз.

Жауабы жоқ сұрақтардан да аулақ болған жөн. Бұған жалпы сұрақтар және белгілі бір сенім жүйесіне негізделген сұрақтар жатады. Сұрағыңызды мәселенің белгілі бір бөлігіне бағыттауға тырысыңыз және жауабыңызды растайтын дәлелдер таба аласыз ба, ойланыңыз.

Зерттеу сұрағыңызға қысқа жауап – **тезистік тұжырым**, дәлеліңіздің қысқа (бір абзацтан аспайтын) нұсқасы. Тезистік тұжырым жұмысыңыздың құрылымын сипаттап қана қоймай, зерттеу сұрағыңызға тікелей жауап береді. Тезистік тұжырым ережелер жиынтығынан тұрады: зерттеу сұрағыңызға ішінара «неге» немесе «қалай» деп жауап беретін қысқа тұжырымдар. Бұл тұжырымдар бір-бірімен байланысты болуы керек. Егер сіз бұл тұжырымдардың қалай байланысатынын айта алмасаңыз, оларды бір жұмыста қолданудың қажеті жоқ.

Сіздің жұмысыңыздың көп бөлігі тезистік тұжырымыңызды қолдайтын **дәлелдер (аргументтер)** болады. Сіз өзіңіздің тезистік тұжырымыңыздағы әр позицияға дәлел келтіруіңіз керек. Сізге және оқырманға қандай фактілер немесе дәлелдер бұл жағдайдың дұрыс екенін көрсетеді? Әр жағдайға бірден артық дәлел келтіруіңіз керек. Егер салмақты дәйегіңіз болса, онда сіз оған көптеген дәлелдерді оңай таба аласыз.

Сіздің барлық жағдайыңыз бен ілеспе дәлелдемелеріңіз бірге логикалық дәйекті дәлел құрау үшін бір-бірімен байланысты болуы керек. Бірінші жағдайыңыз екіншісімен қалай байланысқан? Екіншісі үшіншісімен ше? Біріншісі үшіншісімен ше? Сізге осы байланыстарды көрсету керек.

Сіз барлық дәлеліңіздің дереккөздерін көрсетуіңіз керек. Бұл фактілерді немесе дәйектерді қайдан таптыңыз? Егер дереккөздерді дұрыс көрсетпеген болсаңыз, сізді **плагиат** жасады деп айыптайды, яғни жұмысыңыз қанағаттанарлықсыз деп бағаланады.

Жақсы жұмыста **қарсы дәлелдер (контраргумент)** де қарастырылып, олар жоққа шығарылады. Бір нәрсенің әрқашан бірнеше түсініктемесі болады. Басқа да мүмкіндіктер қандай және неліктен сіздің түсініктемеңіз ең үздік? Сіз ұсынған дәлелдер дәйегіңіздің барлық қолжетімді фактілерге сәйкес келетінін қалай көрсететінін көрсетуіңіз керек. Онсыз дәлеліңіз даулы, өйткені ол сіздің сұрағыңызға басқа мүмкін жауаптарды ескермейді.

Талдау сіздің дәйегіңізден қандай қорытынды шығатынын түсіндіреді. Егер сіздің дәйегіңіз дұрыс болса (және сіз оны дәлелдеу және қарсы дәлелдерді жоққа шығару арқылы көрсете алсаңыз), бұл нені білдіруі мүмкін? Бұл біздің өмірімізге немесе әлем туралы түсінігімізге қалай әсер етуі мүмкін? Бұл қадам сізді жай ғана жақсы жұмыстан тамаша жұмысқа жетелейді.

Соңында сіз жұмысты мықты **қорытындымен** аяқтайсыз. Қорытынды жаңа ақпаратпен таныстырмайды, бірақ оқырманға сіздің өз жұмысыңызда не талқылағаныңызды және сіздің дәйегіңіз неге маңызды екенін еске салады. Бұл жерде **тезистік тұжырымыңызды қайталамаңыз, орнына өзіңіз қол жеткізген нәтижені баяндаудың жаңа жолын табыңыз.**

Аударма ПАХЧ – ОАУ, Душанбе, 2004.

Дереккөз: Чад Томсон//CeP

ТЕЗИС ДАЙЫНДАУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЖАТТЫҒУЛАР

Кіріспе: «Міне, бұрын-соңды қарастырылған ең ұлы және тамаша сұрақтардың бірі. Академиялық бағдарламалар әрдайым еркін бола бермейтін әдебиеттің барлық түріне енген метафизикалық емес егжей-тегжейлер осы пайымның мәні ретінде қызмет етеді; жоқ, біз адамзаттың бақыты болатын шындықтардың бірі туралы айтып отырмыз».

Зерттеу сұрағы: «Ғылым мен өнердің жандануы адамгершілік қасиеттерді жақсартуға ықпал етті ме, әлде олардың бүлінуіне ықпал етті ме?»

Тезистік тұжырым: «Мұның салдары айқын – адамгершілік қасиеттерінің шынайы бұзылуы. Ғылым мен өнер жақсарған сайын біздің жанымыз бұзылды. Мұхиттағы судың құйылуы мен ағуы адамгершілік қасиеттеріміз бен парасаттылық тағдырына — ғылым мен өнердің жетістіктеріне қарағанда түнгі шамның қозғалысына қатаң бағынбайды.»

Дәлел:

Жағдай:

1) Ғылым мен өнер дамыған сайын ізгіліктің жоғалуы байқалған өркениеттерді еске түсіріңіз.

Дәлел:

- а) Египет
- б) Грекия
- в) Рим
- г) Византия

Өзара байланыс:

а) Египетте философия мен әсем өнерлер дүниеге келді, көп ұзамай оны Камбиз жаулап алды;

б) Грекия, әрдайым зиялы, әрдайым нәзік, әрдайым тәуелді... сән-салтанатпен және өнермен босаңсыған қоғам;

в) Рим ... диқаншыларымен әйгілі... қаншама халықтарды құлдыққа алған бұл әлем астанасы өзі құлдыққа түседі ...

г) ғылым мен өнер панасы... Азғындық, сатқындық... – міне, Константинополь тарихының бастауы, міне, ғасырымызды әйгілі еткен нағыз ағартушылықтың көзі.

<p>2) Қазіргі Азия мен ежелгі Еуропаны еске түсіріп, өнер мен ғылымның ілгерілеуінің әсерін олар құрметтелетін жерлерде және бос ғылымдар еленбейтін жерлерде салыстырыңыз.</p>	<p>а) Қытай б) Персия в) Скифтер г) Германдықтар е) Америка жабайылары</p>	<p>а) білімпаздық қастерленеді... Бірақ оларға үстемдік ететін кесел болмаса... б) жеміссіз білімге тәуелділіктен арылмай, өз бақытын өзінің ізгіліктерімен құрды және басқа ұлттарға үлгі болды; в) керемет халық; г) қарапайымдылығы, пәктігі және ізгілігі мадақталғандар; д) кедейлік пен надандық уақытында батылдығымен танылды; е) тек аңшылықты кәсіп еткендер, жеңілмейтін.</p>
<p>3) Бірақ ғалымдардың ұлы суретшілерге қатысты үкімін тыңдаңыз</p>	<p>а) Сократ б) Аға Катон в) Фабриций</p>	<p>а) егер ол біздің заманымызда қайта тірілсе, онда ... бұл әділ адам біздің бос ғылымдарымызды жек көретін еді б) ізгілерді еліктірген ғаяр және қу гректерді әшкерелер еді; в) ол былай деп айқайлар еді: «Қарапайым лашықтар неге айналды..., ұстамдылық пен ізгілік қайда?»</p>

<p>4) ғылымдарымыз бен өнеріміз біздің кемістігімізден пайда болды және ғылымдарымыз әрекеті бойынша қауіпті</p>	<p>а) бостық б) сән-салтанат в) нағыз батылдықтың құлдырауы</p>	<p>а) ғылымдар... бостықтан пайда бола отырып, оны қоректендіреді; б) өнерді қоректендіретін сән-салтанат болмағанда, өнерді қайтер едік? в) мұның бәрі ғылым мен өнердің жемісі.</p>
<p>5) ғылыммен айналысу адамгершілік қасиеттерге зиян</p>	<p>а) балаларды оқыту және білім беру б) ерлік; Отан в) теңсіздік</p>	<p>а) балалар... шындықты әбестіктен ажырата алмайды; б) қазір балаларымыз үшін бұл сөздердің мәні жоқ; в) дарындыларды ұлықтау және ізгілерді қорлау нәтижесінде пайда болды.</p>
<p>Қарсы дәлелдер (контраргумент) «Ғылым ордасының есігін ашып, қасиетті жерге лайықсыз қара халықты енгізген компиляторлар туралы не айтуға болады...?»</p>		<p>Дәлелмен байланыс: «Оқу үшін жаралған жан оқытушыны қажет етпейді. Бекондар, Декарттар және Ньютондар, бұл адамзат баласының тәлімгерлерінде оқытушы болмаған...»</p>
<p>Талдау «егер әлдекімге ғылым мен өнерді зерттеуге мүмкіндік беру керек болса, онда тек өзінен алдыңғылардың ізімен жүріп қана қоймай, олардан асып түсуге жеткілікті күшті сезінетіндерге ғана беру керек. Бұл санаулылар адам ақылының даңқы үшін ескерткіштер орнатсын».</p>		

Қорытынды

«Патшалар өздерінің кеңесшілері бола алатын адамдарды өз кеңестеріне шақырудан аулақ болсын... бірінші дәрежелі ғалымдар патша сарайларынан жақсы пана таба алады; олар сол жерде тек лайықты марапатқа ие болсын, атап айтқанда: өздері даналықты үйреткен халықтың игілігіне қызмет етуге ықпал етсін. Игі бақталастықтан рухтанған және адам баласының игілігі үшін жұмыс істейтін ізгіліктің, ғылымның және биліктің не істей алатынын сонда ғана көре алады».

ПЛАГИАТ

ПЛАГИАТ – БҰЛ БАСҚА АДАМДАРДЫҢ СӨЗДЕРІН НЕМЕСЕ ИДЕЯЛАРЫН ӨЗІНІКІНДЕЙ ҰСЫНУ. ПЛАГИАТПЕН АЙНАЛЫСПАҢЫЗ!

Бөлмеңіздегі көршіңіз жазған жұмысты тапсырып, «Мен жаздым» деп айту – плагиаттың жарқын мысалы болар еді. «Курстық жұмыс фабрикасынан» курстық жұмысты сатып алу да дәл солай.

Мұндай плагиат үшін ең оңай жаза – бұл жұмысқа «нөл» деген баға қою болар еді. Тағы бір кең таралған жаза – курс аттестациясынан өткізбеу немесе оқу орнынан шығару болар еді. Көріп тұрғаныңыздай, плагиат – ғылым әлеміндегі ауыр айып.

ПЛАГИАТ БІРНЕШЕ СЕБЕПКЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЕРЕЖЕ БҰЗУШЫЛЫҚ БОЛЫП САНАЛАДЫ.

Біріншіден, бұл алдау. Егер сізден тақырып бойынша материалды түсінгеніңізді дәлелдеу үшін бірдеңе жазуды сұраса, онда біреудің жұмысын дәлел ретінде ұсыну – бұл алдау. Бұл сіздің орныңызға біреу емтихан тапсырғанмен бірдей.

Екіншіден, бұл курстастарыңызды ренжіту. Плагиатпен айналысу – бұл емтиханда көшірумен бірдей, яғни сіз ережеге сай ойнайтындарға опасыздық жасайсыз. Сіз олардың алдында әділетсіз артықшылық іздейсіз және өзіңіз қулықпен орындаған тапсырмаға уақыты мен күшін жұмсағандарды жақтырмайсыз.

Үшіншіден, егер сіз басқа адамдардың сөздері мен идеяларын олардың рұқсатынсыз қолдансаңыз, бұл ұрлық деп аталады. Зауытқа барып, ол жерден бір күнде өндірілген өнімді ұрлау қылмыс болар еді. Ғылыми әлемде сөздер, идеялар, картиналар, шығармалар, мүсіндер, өнертабыстар және басқа да жұмыстар – біз өндіретін нәрсе. Оларды ұрлап алып, менікі деу дұрыс емес.

ПЛАГИАТ – ҒЫЛЫМ ӘЛЕМІНДЕГІ «ҮЛКЕН ІС»

Плагиаттың көптеген түрлері бар, олардың кейбірі мен бастаған мысалдарға қарағанда қорқынышты емес. Алайда, сіз плагиаттың барлық түрін ұғынып, олардан аулақ болуыңыз керек. Біреудің сөзін немесе идеясын кез келген түрде өзінікіндей ұсыну плагиат болып саналады. Плагиаттың кейбір формалары сізге айқын көрінбеуі мүмкін, сондықтан мен оларды егжей-тегжейлі түсіндіргім келеді. Менің ойымша, плагиат көбінесе байқа-

усызда және білместіктен болады. Мен сізге ондай масқаралықтан аулақ болуға көмектескім келеді.

Сізге Теодор М. Портердің «Сандарға сену: ғылым мен қоғамдық өмірдегі объективтілікке ұмтылу» атты кітабына (Принстон, Нью Джерси: Принстон Университи Пресс, 1995) пікір жазу керек делік. Өз жұмысыңызды жазуға дайындық кезінде сіз Лиза Р. Стаффеннің «Қазіргі әлеуметтануда» (наурыз, 1996, 25-том, 2-нөмір, 154-156-бет) жарияланған кітабына жазылған пікірді көрдіңіз.

Стаффеннің пікірі былай басталады: «абсолютті объективтілік ұғымын объективтілік қолжетімсіз немесе қолжетімді болса да қажетсіз деген негізбен қабылдамау сәнге айналды».

Стаффеннің кіріспе бөлімі жақсы, белсенді проза. Сізге ұнады делік. Сіз мұны өз мұғаліміңізге де өте ұнайды деп ойлайсыз. Сіз өз жұмысыңызды осылай бастауды шешесіз. (Стаффеннің нақты сөздерін курсивпен белгіледім.) Осылайша өз жұмысыңызды бастауды шешесіз.

Плагиат: Абсолютті объективтілік ұғымын объективтілік қолжетімсіз деген негізбен қабылдамау сәнге айналғанын сеземін.

Бұл нағыз плагиат, сондықтан бұған жол берілмейді. Сөйлемнің соңына «сеземін» сөзін қоса салу, әрине, жақсы тәсіл, бірақ одан ештеңе өзгермейді. Шындығына келсек, сіз «абсолютті объективтілік ұғымы» туралы ауыр ойларға көп уақытыңызды жұмсаған жоқсыз, басқалар бұл идеяны қабылдамай қоя ма жоқ әлде шабытпен қабылдай ма деп тіпті де алаңдамадыңыз.

Плагиат: Абсолютті объективтілік идеясын объективтілік қолжетімді бола алмайды деген негізбен қабылдамау белең алғанын сеземін.

Жоғарыдағыдай, үзіндіні өңдеу де плагиатқа тең болады. Сіз кейбір сөздерді өзгертсеңіз де – «сәнге айналды» тіркесінің орнына «белең алды», «ұғымның» орнына «идея» және т.б. – айтылған идея, көптеген тіркестер сияқты, бұл фактіні ескертпестен басқа біреуден алынды.

«Сеземін» деп жазу жауапкершіліктен босатпайды. Өзіңіз басқаша көрсеткен жағдайларды қоспағанда, сіздің курстық жұмысыңызда жазғаныңыздың бәрі өз ойыңыз болуы керек. Өз ойыңыз болғанға не жетсін. Біз оны құптаймыз. Ой-пікірлеріңіз сыбысқа немесе болжалға емес, дәлелге және түсіндіруге негізделсе, тіптен қуанамыз. Профессорларыңыз өздері білетін идеяларды ойланбастан көшіріп алуға төбесі көкке жетіп қуанады деп ойлап қалмаңыз. (Кейде дәл солай көрінетінін білемін).

Плагиат: Қазіргі уақытта көп адамдар абсолютті объективтілік деген пән бар деген идеяны жоққа шығарады, өйткені олар оған қол жеткізуге болатынына сенбейді.

Жоғарыда аталған үзіндіде бастапқы көзден бірнеше сөз ғана қалса да, айтылған идея басқа жазушыдан алынып, өзінің жеке идеясы ретінде ұсынылды. Егер сіз Стаффеннің идеясын оның жұмысынан бірде-бір сөз қолданбай-ақ білдірудің жолын тапсаңыз да, ол бәрібір плагиат болар еді.

Егер сіз біреудің сөздерін және/немесе идеяларын қолданғыңыз келсе, ол туралы айтуыңыз керек. Басқа адамдардың сөздері мен идеяларын пай-

даланыңыз да, түрмеге аттаныңыз. Шындығында бәрі соншалықты жаман емес, бірақ академиктер көшіріп алуға келгенде қатал. Бір студент досының бір пәннен бір семестр бұрын жазған жұмысын тапсырғанда, маған ұнағанын мойындаймын. Ол жай ғана досының атын өшіріп, үстінен өз атын бастырып жазды – сіз тіпті парақтың артқы жағындағы шын атын оқи алар едіңіз. Оған бұл пәнді қайта өтуге тура келді.

Егер біз басқалардың сөздері мен идеяларын алсақ, біз оны істегенімізді мойындаймыз және оқырмандарымызға түпнұсқаны тауып, оқи алатындай толық библиографиялық анықтама береміз.

Сізге академиялық журналдардағы кейбір мақалаларды қарап шығу пайдалы болар еді. Академиктер басқа адамдардың сөздері мен идеяларын қолдануды қалыпты санайтыны түсінікті болар еді. Оларды тек дұрыс пайдалану маңызды. Оларды үнемі жалғасатын идеялар диалогында ерекше үлес қосу үшін ресурс ретінде пайдаланыңыз.

Сіз пілдің мүсінін жасағыңыз келуі мүмкін. Еш қиындығы жоқ. Гранит үйіндісін алып, піл сияқты көрінбейтіндердің бәрін алып тастаңыз. Бірақ гранит жасағандай кейіп танытпаңыз. (Ал егер шынымен гранит жасасаңыз, онда кешірім сұраймын.).

Жұмыстың соңында библиографиялық мәліметтерді бере отырып, Стаффеннің сөздерін курстық жұмысыңызға қалай дұрыс қосуға болатындығы туралы мысал берілген.

Дұрыс қолдану: Лиза Стаффен (1996:154) Портердің кітабына қатысты пікірін: «Абсолютті объективтілік ұғымын объективтілік қолжетімсіз немесе қолжетімді болса да қажетсіз деген негізбен қабылдамау сәнге айналды» деген болжамнан бастайды.

Бұл оқырманға ақпарат береді; бұл жұмысыңыздың соңында дұрыс библиографиялық сілтемемен бірге берілуі керек:

Библиография: Лиза Р.Стаффен. Таңдаулы эсселер//Қазіргі әлеуметтану, наурыз, 1996, 25-том, 2-нөмір, 154-156-б.

Стаффен үзіндісін қолданудың басқа қолайлы тәсілдері осы. Олардың әрқайсысы жұмыстың соңында библиографиялық сілтемемен бірге жүреді.

Дұрыс қолдану: Портердің кітабына пікір жазған Лиза Стаффен (1996:154) абсолютті объективтілік идеясының қазір «қолжетімсіз немесе қолжетімді болса да қажетсіз» деп толығымен қабылданбайтынын айтады.

Дұрыс қолдану: Лиза Стаффеннің (1996:154) айтуынша, «абсолютті объективтілік идеясын толығымен қабылдамау сәнге айналды...»

Негізінен басқалардың идеяларын өзіңнің курстық жұмысыңа қосуға әбден болады, қосу керек те. Бұл жақсы біліміңіз бар екенін көрсетуі, сондай-ақ оқытушыңызды курсқа қосымша әдебиеттерді оқығаныңызға сендіруі мүмкін (Олардың арасынан ең болмағанда біреуін оқыдыңыз дегенге сенгіміз келеді).

Дегенмен, дұрыс ескерту және материалға сілтеме жасау өте маңызды. Оқырмандарыңыздың тап нені алғаныңызды және бастапқы көздерді қайдан іздеу керектігін білуі маңызды.

Айтқандай, егер оқытушы сізден плагиат туралы мақала жазуды сұраса, сіз жаңа ғана мұнда оқығаныңызға сілтеме жасамай көшіріп бермеңіз.

©. **Автор. Соңғы өзгерістер 26 қазан 1998 жыл.**

АХАЖ аудармасы – ОАУ, Душанбе, 2004.

Дереккөз: Баби, Ёрл. Плагиат // Оқу материалдарының қайнар көзі. – Бакерсфильд, Калифорния: Калифорния мемлекеттік университеті. Әлеуметтік ғылымдар бойынша зерттеулер және нұсқаушылар Кеңесі, 1998. Соңғы қаралым 2004 жылғы 27 мамыр. URL: [<http://www.csubak.edu/ssric/Modules/Other/plagiarism.htm>]

БОЭЦИЙ. ФИЛОСОФИЯМЕН ЖҰБАНУ (ҮЗІНДІЛЕР)

Боэций Аниций Манлий Северин (480-524) Рим ғалымы, христиан философы және мемлекет қайраткері болды. Боэций грек тілін жақсы білді. Оның музыка және арифметика бойынша еңбектері таңқаларлық. Боэцийге тағылған опасыздық айыбы одан әрі сиқырмен немесе қасиетті нәрсені қорлаумен айналысты деген айыптаулармен күшейе түсті, мұны айыпталушының жоққа шығаруы өте қиынға соқты. Боэций түрмеде үкімнің орындалуын күтіп жатып, өзінің «Философиямен жұбану» атты үздік туындысын жазды. «Философиямен жұбану» оның құлдырауының басты дәлелін қамтиды, бірақ шын мәнінде оған қандай айып тағылғандығы туралы нақты түсінік берілмейді. Боэций бұл әйгілі шығармасында Құдайдың даналығы мен сүйіспеншілігіне деген ұмтылысты адам бақытының қайнар көзі ретінде сипаттайды.



ТАҒДЫР ЖӘНЕ КӨРЕГЕНДІК

– Келісемін, – дедім мен, – алайда бар нәрсенің себептерін ашып, [өлемнің құрылымын] түсіндіру сенің міндетің болғандықтан, мен білместіктің тұңғығында адаса келе, ойымды шатастырған нәрсені түсіндіріп беруіңді сұраймын. Ол бұған сәл жымыды да, былай деді:

– Сен айтып тұрған нәрсе үлкен қиындығымен ерекшеленеді және оған толық түсініктеме бере қою екіталай. Оның табиғаты сол, бір мәселе шешілген кезде, оның орнын басу үшін басқа көптеген мәселелер туындайды және оларды ақыл-ойдың тірі отымен жоюдан басқа жол жоқ. Ол үшін көрегендіктің қарапайымдылығы туралы, тағдыр жолы туралы, кездейсоқтық туралы, Құдайдың жазғаны туралы, ерік бостандығы туралы айту керек. Мұның қаншалықты қиын екенін өзің шеш. Біз уақыттың шектеуіне тап болсақ та, бір нәрсе жасауға тырысамыз».

Содан кейін ол өз сөзін басқа жағынан бастады. «Барлық нәрсенің пайда болуының, өзгеретін және қозғалатын барлық заттың дамуының өзгермейтін құдыретті ақыл-ойдан берілген өзіндік себептері, тәртібі, формалары болады. Өзінің қарапайымдылығы аясында қорытылған бұл ақыл-ой басқарылатын болмыстардың әртүрлілігінің бейнесін қамтиды. Бұл бейне ең құдыретті ақыл-ойда таза күйінде қарастырылғанда, көрегендік деп аталады. Ал егер ол Құдайға бағынатын заттармен ұштасса, онда тағдыр деп аталады. Олардың мағынасына үңілетін болсақ, бұл екі ұғымның қаншалықты ерекшеленетінін байқауға болады.

Көрегендік – барлық нәрсенің басында тұрған және барлық нәрсеге иелік ететін құдыретті ақыл-ой, тағдыр – өзгермелі заттарды байланыстырушы құрылым, оның көмегімен көрегендік олардың өмір сүруін ұйымдастырады. Көрегендік барлығын – жекені де, шексізді де бірдей қамтиды. Ал тағдыр жекеге орын мен пішін бере отырып, қозғалыс арқылы реттейді. Осылайша, құдыретті ақыл-ойға негізделген уақытша тәртіптің тармақта-

луы – алдын ала білетін көрегендік, ал бұл тәртіптің тікелей уақытында іске асуы тағдыр деп аталады.

Көрегендік пен тағдырдың айырмашылығы болғанымен, екеуі өзара байланысады. Тағдыр тәртібі көрегендіктің қарапайымдылығынан шығады. Шебердің ойында өзі жасайтын заттың пішіні тұратыны сияқты, ол оны бүтіндей ойша назарда ұстап, уақытында жүзеге асыруға кірісетіні сияқты, Құдай да өз көрегендігінде болуы керек нәрсеге талассыз және жалғыз өзі иелік етеді. Ал көрегендікпен тағайындалатын тағдыр уақыт пен орынға қатысты бағыт береді. Ол өз жібін құдыретті ақыл-ойға жақын рухтар арқылы не [әлемдік] жан арқылы, не аспан денелерінің қозғалысымен оған мойынсұнатын табиғат арқылы, не періштелердің күші немесе әртүрлі жындардың айла-амалдары арқылы, осылардың бірі немесе осылардың бәрін біріктіру арқылы тоқи ма, жоқ па, маңызды емес. Көрегендік орындалатыны алдын ала белгіленіп қойған барлық нәрсенің қарапайым әрі өзгермейтін бейнесі екені анық, ал тағдыр – Құдай пайда болуына иелік ететін нәрселердің үнемі өзгеріп отыратын өзара тоғысуы және уақытша тәртібі. Бұдан шығатыны: тағдырға бағынатынның бәрі де көрегендікке бағынады, оған тағдырдың өзі бағынады, алайда көрегендікке бағынатын кейбір нәрселер тағдырдың сызығынан жоғары тұрады.

Шынында да, жоғары тәңірлікпен жақын бола отырып, тағдыр тәртібінің өзгермелілігінен аулақ болатын осындай субстанциялар бар. Өйткені бір біліктің айналасында айналатын көптеген доңғалақтардың ішінен оған тікелей жақын жатқан доңғалақ сыртта айналатын доңғалақтарға қатысты білікке айналады.

Ең үлкен шеңберде айналатын сыртқы доңғалақ орталықтан неғұрлым алыс болса, соғұрлым үлкен кеңістікті қамтиды. Егер доңғалақтардың кез-келгені оське қосылып кірігіп кетсе, онда ол бөлінбейтін тұтастыққа ие болады және көптеген жерлер мен кеңістіктің кеңдігін өз ішіне алуды тоқтатады. Сонымен, өз бастауынан, яғни Құдайдың Ақыл-ойынан алыстаушылар тағдырдың үлкен қиындықтарына ұшырайды, өйткені тағдырға бағыну барлық нәрсенің осы бастаудан алыстай бастау дәрежесіне байланысты.

Қозғалыстан құтылу арқылы жоғары ақылдың өзгермейтіндігіне ең жақын келген нәрсе тағдыр басқа салған қажеттіктен де аулақ болады. Сонымен, тағдырдың өзгеру жолы көрегендіктің өзгермейтін қарапайымдылығына жатады, яғни ол пайымдау мен түсінуге қалай қатынаста болса, немесе жаңа пайда болған нәрсенің үнемі бар мәңгілікке қатынасы қалай болса, соған сай болады. Тағдырдың бағытын Аспан мен жұлдыздар арқылы өзгертеді, элементтерді сәйкестікпен орналастырады және өзгерістер тізбегін жасайды. Ол тұқымды ұрықтандыру арқылы ұқсастық бере және туу мен өлімді ауыстыра отырып, барлық нәрсенің болмысын жаңартады. Ол адамдардың іс-әрекеттері мен өмірінің барысын тұрақтылықтан, сонымен қатар өзгермейтін қажеттіктен бастау алатын себептердің мызғымас тізбегімен байланыстырады. Осылайша, әлем тамаша түрде басқарылады – Құдайдың санасындағы қарапайымдылық өзінен себептердің өзгермейтін тәртібін қалыптастырады, бұл тәртіп не реттілік өзгеруші әлемді өзінің өзгерместігінде басқарады және қоғалыстағы барлық құбылыстарды өзіне бағындырады. Егер сіз бұл тәртіпті түсіне алмайтын болсаңыз сіз-

ге бәрі ретсіз және тұрақсыз болып көрінеді, алайда дүниеде құбылыстарды жақсылыққа не реттілікке бағыттайтын тәртіп бар. Кейде зұлымдық себебінен немесе зұлымдардың өз ойларының себептерінен ештеңе де өзгермей қалып жатады, және олар, біз жоғарыда айтқандай, өз қателіктері мен адасулары арқылы өздері қалаған жақсылықтардан құр қалады, ал әлемдік орталықтағы ең жоғары игіліктен келетін реттілікті ешкім қолдан жасай алмайды.

Сіз «неге жақсылар бақытты ғана емес, сонымен қатар бақытсыз, ал зұлымдар адамдардың жеккөрушілігіне ғана емес, ал байлыққа да ие болады ғой, сонда бұл ретсіздік, сәйкессіздік қалай пайда болған», – деп сұрақ қоярсыз. Сонда адамдардың басқаларды жақсы не жаман, мейірімді не қатыгез деп санайтын пайымдаулары қаншалықты әділ, бұл шынымен осылай ма?

Әрине, адамдардың пікірлері бір-бірінен өте алшақ түсіп жатады, бірі марапатқа лайық санағандарды басқалары жазаға лайық деп қарастырады. Бірақ ой талқысына салайықшы, адамның ізгілікті не құлымдықты анық тануы мүмкін бе, ол адам жанының жағдайын оның денесінің бейнесіне қарағаны сияқты байқай, не түсіне ала ма? ... Жанның денсаулығы ізгілік болсағанда не болуы мүмкін, ал жанның ауруы күнаһарлыө емес пе? Сонда жақсыларды жарылқаушы, ал күнаһарларды жазалаушы, жеме-жемге келгенде адам жанын емдеуші кім болмақ?

Ол бізге жоғарыдан көрегендік биігінен қарап, әр істің бағасын береді, соған сәйкес әркім өз тиістісін алады. Сол жоғары көрегендікке ие болмыстан тағдыр тәртібінің кереметі бастама алады, Құдайлық даналық адамның өз ақылы арқылы ешқашан түсіне алмайтын тараптарын қамтып, оны түсіне және жарата алады.

Ескертпелер:

1. «Көрегендік» «болжалдан» гәрі кеңірек ұғым, ол сонымен бірге бағынуды білдіреді. Құдай бәрін біліп қана қоймай, бәрін себептік шарттылық тізбегі арқылы басқарады.

2. Кейінірек Боэций жағдайды кез келген нәтижеге берілген түсінік ретінде анықтайды, ол ойдағы басқа мақсаттары бар реттіліктен туындайды. Мысалы, біреу жер жыртып жүріп, қазына толы сандық тауып алады; жер жыртушы жерді өңдеп бастаған кезде қазына толы сандық табу оның ойында болмаған сәттен бастап, ол қазынаны тапқанын «Жағдайға» жатқызады. Біз білетін немесе ойлайтын себептердің «үстінде» орналасқан себептер бар, – деп дәлел келтіреді Боэций.

Дереккөз: Боэций. Философиямен жұбану және басқа да трактаттар / Г.Г. Майоровтың ред. – М.: Ғылым, 1990. 264-269-бет.

318

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Неліктен Боэцийдің пікірінше, Құдайдың даналығы адамның пікірі мен ақыл-ойынан жоғары? Тағдырдың қалыптасуында Құдайдың күшінің рөлі қандай?
2. Сіздің ойыңызша, адамның ілгерілеуі Құдайдың барлық нәрсенің ретін шешетіндігімен қалай үйлеседі? Сол кезде тарихта ілгерілеу бола ма? Егер тарих метафизикалық ұғым болса және Құдай адамның тағдырын алдын ала анықтаса, онда адамдар неге ұмтылуы керек?
3. Боэций Құдайдың бәрін алдын ала анықтап қойғанына қарамастан, адамның ұмтылысын қалай түсіндіреді? Жақсы мен жаманның қандай ара салмағы бар және бұған адамның ілгерілеуінің қандай қатысы болуы мүмкін?

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Руссо үшін моральдің жай-күйі өнер мен ғылымның дамуымен анықталады. Бұған Боэцийдің қоғам өмір сүретін ережелерді Құдайдың орнатуы туралы дәлелдері қалай қарайды?
2. Боэций сонымен бірге Құдай белгілеген тәртіп бәрін жақсы жаққа бағыттайтынын байқайды. Боэций мен Руссоның адамның ілгерілеуін түсінуде қандай пікір қайшылығы бар? Олардың ойынша, адамның ілгерілеуін анықтайтын не?
3. Руссо: «Біздің мораль өнер мен ғылымның ілгерілеуімен бұзылды» – дейді. Боэций адамгершілік пен ізгілікті құтқарудың қайнар көзін неден көреді?
4. Руссо «Ғылымдар мен өнер туралы пайымдауларда» сұрақ қояды: «Бірақ оның [көрегендіктің] біз пайдалана алатын ең болмағанда бір сабағы бар ма?». Боэций бұған жауап бере ме? Жауап берсе, қалай бере еді?

ОГЮСТ КОНТ. ПОЗИТИВИЗМГЕ ЖАЛПЫ ШОЛУ

Огюст Конт (1798-1857) Монпельеде (Франция) дүниеге келген. Оны француз энциклопедистерінің ізін жалғастырушы деп санауға болады; ол ғылымға үлкен құрметпен қарап, діннен бас тартты. Ол позитивизмнің, білімнің мақсаты оның бар екендігі туралы мәселені емес, сыналған құбылысты сипаттау деп тұжырымдайтын философиялық ой жүйесінің негізін қалаушы ретінде белгілі. Конт бақылау мен эксперимент әдістерін қолдануға тырысты, бұл оларды ғылымдарда, біз қазір әлеуметтану – адам туралы ғылым деп білетін салада қолданудың бастауы болды. Конттың пікірінше, қоғам қозғалысты бастапқы теологиялық фазадан бастайды, метафизикалық фаза арқылы қозғалады және соңында позитивистік фазаға келеді. Ол тұрақты әлеуметтік мәселелерді шешуге және адамзаттың ілгерілеуіне әлеуметтану ғылымы арқылы қол жеткізуге болатынына сенді.



Позитивизм негізінен философия мен басқару тәсілінен тұрады. Оларды бір-бірінен ажырату мүмкін емес; біріншісі – біздің интеллектуалды қабілеттеріміз бен қоғамдық ықыласымыздың бір-бірімен тығыз байланысатын бір күрделі жүйенің негізі болса, екіншісі – аяқталуы. Біріншіден, қоғам туралы ғылым, ғылымдардың ішіндегі ең маңыздысы болумен қатар, біздің әртүрлі көзқарастарымыздың бәрін, құбылыстарды біртұтас жүйеге айналдыра алатын жалғыз логикалық және ғылыми байланыспен қамтамасыз етеді. Бұл ғылым туралы, кез келген басқа ғылымға қарағанда оның шынайы сипатын оған сәйкес келетін өнерге деген нақты көзқарасының барлық ерекшеліктерінсіз түсінуге болмайды деп үлкен сенімділікпен айтуға болады. Біз бұдан кездейсоқ емес екені күмәнсіз сәйкестікті табамыз. Қоғам туралы теорияның пайда болуымен қатар, бұл теорияның кең қолданылу саласы ашылады, атап айтқанда: Батыс Еуропаның әлеуметтік Қайта өрлеу бағыты. Егер біз басқа көзқарасты қарастырып, қазіргі тарихтың ұлы дағдарысына, оның сипаттамалары оқиғалардың табиғи тізбегінде қандай түрде ашылатынын қарастыратын болсақ, күн сайын саяси институттарды көзқарастар мен өмірді алдын ала өзгертпестен жандандыруға күш салу қаншалықты үмітсіз екендігі айқындала түседі. Осылайша, адамның барлық түсініктерінің қанағаттанарлық синтезін қалыптастыру біздің барлық әлеуметтік қалауларымыздың ішіндегі ең қауырты болып саналады. Бұл Тәртіп пен Прогресс үшін бірдей қажет. Осы ұлы философиялық жұмысқа біртіндеп қол жеткізу кезінде бүкіл Батыста жаңа моральдық күш өздігінен пайда болады, ол өзінің әсерін арттыра отырып, қоғамды қайта құрудың белгілі бір негізін қалайды. Ол барлық өркениетті ұлттар үшін жалпы білім беру жүйесін ұсынады, осылайша қоғамдық және жеке өмірдің барлық салаларын тұрақты пікірмен және мінез-құлық принциптерімен қамтамасыз етеді. Осылайша, интеллектуалдық қозғалыс пен әлеуметтік дағдарыс үнемі бір-бірімен тығыз байланыста болады. Екеуі де адамзаттың алдыңғы қатарлы бөлігін шынайы рухани күшті – ортағасырлық католицизмнің асыл,

бірақ асығыс әрекетінен гөрі көбірек байланысты және прогрессивті күшті тануға дайындау үшін бірігеді...

Қайта өрлеу доктринасы өз жұмысын жақтаушыларсыз атқара алмайды; біз оларды қайдан табуға үміттенеміз? Үлкен құндылықтың жеке ерекшеліктерімен біз қоғамның кез келген жоғары табынан адалдықты күте алмаймыз. Олардың бәрі, белгілі бір дәрежеде, негізсіз метафизикалық теориялардың, сондай-ақ өзін-өзі ақсүйектік іздеудің ықпалында болады. Олар соқыр саяси үгіт-насихат пен ескі теологиялық және әскери жүйенің пайдасыз қалдықтарын иелену туралы дауларға берілген. Олардың әрекеті революциялық күйді шексіздікке дейін ұзартуға тырысады және ешқашан шынайы әлеуметтік жаңаруға қол жеткізе алмайды.

Біз оның интеллектуалды табиғаты немесе әлеуметтік мақсаттары туралы сөз етсек те, позитивизм басқа жақтан да қолдау іздеуі керек. Бұл тек біздің теріс білім беру жүйемізде ақыл-ойы бұзылмаған және жомарт ықылыстарын еркін дамытуға рұқсат етілген таптарда ғана қабылданады. Сондықтан әйелдер мен жұмысшы тап өкілдері арасында жаңа доктринаның шын жүректен жақтаушылары табылуы мүмкін. Шындығында, бұл, сайып келгенде, қоғамның барлық табына арналған. Бірақ ол осы мықты жақтаушылар жоғары таптарға күштеп назар аудармайынша, оларға ешқашан нақты ықпал етпейді. Рухани қайта құру жұмыстары аяқталған кезде оны сақтау соларға байланысты болады. Сондықтан оны бастау үшін олардың бірлескен күш-жігері қажет. Саяси басқаруға азғантай ықпалы бола отырып, олар басқалардан гөрі моральдық басқарудың қажеттілігін бағалайды, оның ерекше мақсаты оларды уақытша биліктің қысымшылық қызметінен қорғау болады.

Тек әйел жағынан ғана адам өмірін тұтастай, жеке немесе ұжымдық түрде түсінуге болады. Өмірдің барлық талаптарына шын мәнінде сәйкес келетін жүйені құрудың бірден-бір негізі – әлеуметтік сезімдерге қатысты ақыл-парасаттың оқшаулығы; жеке немесе әлеуметтік қатынастар тұрғысынан қарастырылған әйел болмысынан айқын көрінетін оқшаулық.

Позитивизмнің жеке және әлеуметтік тұрғыдан алға қойған үлкен мақсаты – жетілдіруге тырысу. Сондықтан мұнда ең бастысы – қиялдың қабілеті, өйткені өмірдің әр саласында, қай жерде қолданылса да, ол кемелдік сезімін оятады. Осы жұмыста менің түсіндірулерімнің шектеулі болғанына қарамастан, мен сізге позитивизм жаңа әрі кең салаларды және дәл сондай спонтанды әдіспен – жаңа көрініс құралдарын ашатынын көрсете аламын.

Осылайша, мен қайта өрлеу доктринасының шынайы сипатын егжей-тегжейлі сипаттаймын. Барлық негізгі аспектілер ескеріледі.

Оның философиялық негізінен бастап, мен оның саяси мақсатына, оның адамдарға тигізетін әсеріне, әйелдерге тигізетін әсеріне және, сайып келгенде, оның эстетикалық күшіне көшемін. Үлкен трактатқа кіріспе болып табылатын осы жұмысты аяқтай отырып, мен осы әртүрлі аспектілерді біріктіретін тұжырымдама туралы айтуым керек. Позитивистік «Махаббат, Тәртіп, Прогресс» ұранында айтылғандай, олар бізді Адамгершілік тұжырымдамасына жетелейді, бұл оларды білдіртпей еліктіріп, әрқайсысына жаңа күш береді. Осы тұжырымдаманы дұрыс түсіндіре отырып, біз позитивизмді толық және дәйекті тұтастық ретінде қарастырамыз. Бұл тақы-

рып, әрине, бізді әлеуметтік қайта өрлеудің болашақ ілгерілеуін жалпы талқылауға әкеледі, өйткені өткен тарих бізге қандай да бір болжамдар жасауға мүмкіндік береді. Бұл қозғалыс Франциядан бастау алады және алғашында батыс ұлттарының ұлы отбасымен шектеледі. Мен белгілі бір заңдарға сәйкес, оның кейіннен бүкіл ақ нәсілге және ақырында өзге екі ұлы адам нәсіліне ықпал ететінін көрсетемін.

АХАЖ аудармасы – ОАУ, Душанбе, 2004.

Дереккөз: Конт, Огюст. Позитивизмге жалпы шолу – Лондон: Рутледж және ұлдары, 1907. С.1-7. // Интернеттегі Тарихи хрестоматия 1998 г./ URL: [http://www.fordham.edu/halsall/mod/conte-positivism.html]. Соңғы қаралым 28 мамыр 2004 жыл.

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Конттың көзқарасы бойынша, әлеуметтік феноменді түсіндіре алатын жалғыз ғылым қандай? Нәліктен?
2. Конт жақтайтын позитивизмнің негізі қандай? Позитивизм бізді не нәрсеге жетелейді?
3. Прогресс пен қайта құрудың әлеуетті тасымалдаушылары кімдер? Позитивизм қалай дамуы керек?
4. Конттың ұстанымына сәйкес, біз позитивизмді немесе дамудың оң кезеңін таза ғылыми деп түсінеміз бе? Тек ғылымдардағы ілгерілеу адамның ілгерілеуіне әкеле ме? Неге олай ойлайсыз?

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Руссо мен Конттың көзқарасы бойынша өнер мен ғылымның ілгерілеуі біздің моральға қалай әсер етті?
2. Руссо «...пайымдауда» «мораль мен парасаттылықтың тағдыры ғылым мен өнердің жетістіктеріне [бағынады]» дейді. Конт мұнымен келісер ме еді? Иә болса, неге? Жоқ болса, неге?



ҚАЗІРГІ ГАЗЕТТІҢ КҮШІ МЕН ЫҚПАЛЫ.

Бұхарада өркендеу мен сауат ашудан қашып жатқан мұсылмандар. («Мулла Насреддин», №15, 1907)

ЧОЛПАН. ДӘРИГЕР МҰХАММЕД-ЯР

Чолпан деген бүркөншік атпен жазған Абдулхамид Сүлейман (1893-1938) қазіргі өзбек әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі болды. Ақын, драматург, жазушы және аудармашы Чолпан джадидизм қозғалысына – Орталық Азиядағы білім беру реформасы туралы ілімге маңызды үлес қосты. Ферғана алқабындағы Әндіжан бай саудагерінің ұлы Чолпан орыс мектебіне барды. 1917 жылғы Социалистік төңкерістен кейін Чолпан ұлтшылдыққа деген адалдығын көрсете отырып, өзінің ең үлкен шығармасын басып шығарды. Оны Кеңестер тұтқындап, 1938 жылы өлім жазасына кесіп, сталиндік террордың сансыз құрбандарының бірі етті. Оның кейбір өлеңдерінде Руссомен керемет параллелизм байқалады. «XX ғасыр» ("Жиырмасыншы ғасыр") өлеңінде ғасырды прогресс пен ғылымның, сондай-ақ мазасыздық пен әдепсіздіктің уақыты ретінде қарастырады. Бұл әңгіме 1914 жылы «Сада-уй Туркестан» («Түркістан дауысы») газетінің алты шығарылымында жарық көрді, бұл Орталық Азия модернизмінде маңызды рөл атқарды. Бұл әңгіме жас кезде жазылған жұмыс, өйткені Чолпан оны жасөспірім кезінде жазған. Әңгіме қазіргі Орталық Азия риторикасының көптеген негізгі тақырыптарын қамтиды: білімнің күші, ұжымдық күш-жігердің құндылығы, патриотизм, космополиттік қазіргі заманның сүйкімділігі және тәлім алуға деген ең күшті бейімділік. Оқыған кезде Чолпанның білім беру реформасына деген адалдығын және ілгерілеуге деген көзқарасын ескеріңіз.

Түркістанның қараңғы бір түкпірінде, бір қалада Ахмад қажы деген алпыс жастағы кедей шаштараз өмір сүрді. Оның әйелі тоғыз ай бойы аурумен күрескеннен кейін өкпе ауруынан қайтыс болады. Артында Мұхаммед-Яр есімді ұлы қалды. Ахмад қажы қалада қажы шаштараз ретінде танымал болады, өйткені он бес жасында әкесімен бірге **қажылық** жасайды. Әкесі қажылық кезінде қайтыс болып, Ахмад қажы үйіне оралмастан бұрын он жыл бойы жалғыз өзі Египет, Стамбул, Фарс, Марокко, Белуджистан, Бағдат, Иран және Ауғанстанға, сондай-ақ Ресейге сапар шегеді. Нәтижесінде, ол сапарларының соңында парсы, араб, орыс және ағылшын тілдерінде сөйлей алды. Бірақ саяхат барысында білімсіздігінен талай қиындықты бастан өткергендіктен, ұлы Мұхаммед-Яр жасына жеткенде, оның білімін белсенді түрде қолға алды.

Мұхаммед-Яр он жаста болғанда, қалаға Ресейден мұғалім, Уфадағы Ұлы семинарияның түлегі келді. Ол қалада бір-екі апта ғана болып, «газет оқып, жетпіс екі тіл білетін» шаштараз туралы естігенде, онымен кездесу үшін шаштаразға барды. Мұхаммед-Яр да сол жерде болатын. Ол әкесінің ымымен орнынан тұрып, оқытушыны үлкен құрметпен қарсы алды. Ахмад қажы мен оқытушы ұзақ сөйлесіп отырды. Ахмад қажы әңгіме барысында былай деді: «Менің жалғыз ұлым бар. Оған заманымыздың талаптарына сай білім бергім келеді. Егер дайын болсаңыз, оған жақсы ұлттық білім беріңіз, сонда мен оны мемлекеттік мектепке бере аламын». Оқытушы біраз ойланғаннан кейін келісті. Ахмад қажы дүкенін жауып, оқытушыны үйіне ертіп апарды. Жас Мұхаммед-Яр оқытушыдан үлкен ынтамен сабақ алды. Ол бос уақытын өзге білімсіз жастар сияқты шайханаларда да, сауық кеш-

Қажылық –
мұсылмандардың Меккеге
қажылығы

терінде де, бордельдерде де өткізбеді. Ол орыс офицерінің басшылығымен жаттығулар жасап, пайдалы кітаптар оқыды. Осы уақытта исламды, тарихты және географияны қарқынды зерттеді. Бір жылдан кейін Ахмад қажы сүйікті ұлын мемлекеттік мектепке жібергісі келді. Бірақ екіншке қарай ақшасы болмады. Бұл кедейлік қолды байлап, байғұс баланы мамандықсыз және білімсіз қалдырар еді.

Басқа амалы болмаған Ахмад қажы мен оқытушы осы қаланың барлық атақты адамдарының үйлеріне барып, көмек сұрады. Кейбір саудагерлер оларды мұғалімнің [қазіргі заманғы] көйлегін байқағаннан кейін үйлеріне кіргізбесе, басқалары қабылдап жатты; Мұхаммед-Ярдың сымбаттылығына қызығып, оған хатшы мен жеке көмекші қызметін ұсынғандар да болды. Алайда біздің Ахмад қажы ол адамдарға шын мәнінде не керек екенін білгендіктен, оларға сүйікті ұлын беруден бас тартты. Байғұс Ахмад қажы бай саудагерлердің көмегінен үміт үзіп, басқа жолдарды іздей бастады. Осы уақытта қалада үйлену тойлары көптеп өтіп жатқан еді; ойыншылар мен маскүнемдер бір-бірін пышақтап, адамның қаны төгіліп: «Надандық! Надандық!» деген айғайлар естілді. Студенттік көмек қоғамдары бірінен соң бірі жабылды.

Оқытушы қаладан кетуге жиналды. Сағат тоғызда Ахмад қажы вокзалға ұлымен бірге оқытушыны шығарып салуға келді; олар қайтар жолда ақша үшін төбелескен ойыншылардың қасынан өтті. Ахмад қажы оларды арашалап, кеңес беру үшін жақындады. Олардың бірі Ахмад қажыны буындырып, Мұхаммед-Ярды жарақаттады. Өлер алдында Ахмад қажы ұлына қарап, былай деді: «Балам! Мұраның орнына... мен... саған... есиет ретінде... қалдырамын... оқы... оқы... оқы...».

Мұхаммед-Яр әкесін өлтіргендерді тауып, кек алмақ болды. Алайда оның әкесінің шынайы өлтірушілері – адамдар емес, надандық еді; сондықтан ол әкесін тыныш қана жерлеп, надандықпен күресуге бел буды. Әкесі айтқандай, надандықпен күресте қару болатын зеңбірек емес, мылтық емес, тапанша емес, қанжар емес, садақ пен жебе де емес, тек «оқу! оқу! оқу!» еді.

Әкесінің жабайылықпен өлтірілгеніне және бір кездері білімнің арқасында аты шыққан отаны Түркістанның надандық өзенімен жүзіп бара жатқанына қынжылған Мұхаммед-Ярды туберкулез жықты. Ауру оның бетінде пайда бола бастады, бірақ оны толығымен жеңген жоқ. Осы уақытта қалада қатты өрт шығып, алты-жеті ауданды қиратып, мұсылмандарды көшеде аш қалдырды. Мұнда армян дүкені де болды, бірақ дүкен сақтандырылғандықтан, оның шығындары аз еді. Ал мұсылмандар ше? Мұсылмандар сақтандырудың не екенін білмеді. Білетіндер оған тыйым салынды деп ойлады, сондықтан алмады. Мұндай жағдайда қалай бей-жай қалуға болады? Бұл жағдайға куә болған Мұхаммед-Ярдың денсаулығы нашарлай бастады.

Жаңа қалада үгіт-насихат театрында «Маскүнемдік және оның қорқынышты салдары» атты ескерту фильмі көрсетілді. Мұхаммед-Яр өзін қаншалықты нашар сезінсе де, қалып кете алмады. Ол осы жиіркенішті маскүнемдіктің салдары туралы білу үшін кешті асыға күтті.

Ол кешкі намаздан кейін **үгіт-насихат** театрына жаяу бет алды, онда [көрсетілім кезінде] театр ауласынан оқ атылды. Фильмді тоқтатып, бәрі

аулаға қарай жүгірді. Олардың арасында әлсіз Мұхаммед-Яр да болды. Неткен көрініс! Қалалық театрдың ауласында мас картақұмарлар азғантай ақшаға бола дауласып қалды; олардың бірі мылтықты бас салып, екіншісін атты. Кінәлі адам ұсталып, жараланған адамды ауруханаға әкетті, бірақ ол жолда қайтыс болды. Әбден масқара болған қылмыскер театрдың ауласында өз-өзіне оқ атты.

Екі жас мұсылман өз надандықтарының кесірінен бұл дүниемен қош айтысты. Маскүнемдіктің қорқынышты салдары айқын еді.

Мұны көрген Мұхаммед-Яр есінен танып қалды. Полиция оны қалалық ауруханаға жеткізді. Мұхаммад-Ярдың әкесі де, анасы да, туыстары да жоқ еді... Оның жағдайын сұрайтын адам болмады. О, жалғыздық! О, жетімдік! О, осының бәрінің себебі: Надандық! Кет! Жоғал! Өл!!!

Ауруханада бір ай жатқан Мұхаммед-Ярдың жағдайы оңала бастады. Ауруханадан кетерде дәрігерлер оған Кавказға барып, денсаулығын түзетіп әрі оқып қайтуға кеңес берді.

Мұхаммед-Яр дәрігерлерге ақшасы жоқ екенін айтты. Дәрігерлер кеңесе келе, оған Кавказдың кез келген ауруханасында тегін емделуге рұқсат етілген қағаз жазып берді. Мұхаммед-Яр ауруханадан шығып, үйіне кетті. Үйінде ешкім болған жоқ: әкесі де, анасы да... Неткен қайғылы көрініс десеңші! Ол үйін орысқа алты айға 225 рубльге жалға беріп, кешкі сағат жетіде вокзалға пойыздың бар-жоғын білуге кетті. Бірақ жақын пойыз тек келесі күні таңғы сағат тоғызда жүрді. Өкінішке қарай, ол үйіне оралып, бір түнге өз үйінде өзі қонақ болуға мәжбүр болды.

Келесі күні таңертең ол вокзалда пойыз күтіп тұрды. Бір кезде айдаһар сияқты пысқырып, жан-жағына буын шашып, жиырмамыншы ғасыр өркениетінің аты пайда болды... Мұхаммед-Яр елінен кетпекші болды. Вокзалда біртүрлі жағдайлар орын алып, Мұхаммад-Ярдың жүрегі қатты соғып кетті.

Бір мұсылман сөмкелерін жоғалтты! Тағы біреуі баратын станциясының атын білмей, басқа станцияға билеттер алып қойған. Мұны көрген Мұхаммед-Яр аң-таң. Екінші ысқырықтан кейін ол көтеріліп, үшінші кластан орын іздеуге кетті. Бұл жерден жоғарыда айтылғандардан да өткен қайғылы көріністерді көруге болатын еді. Бір мұсылманның төбелесте мұрны бұзылса, екінші мұсылманды пойыз қызметкерлері алып кетіп, таяқтың астына алды. Мұхаммед-Яр қайран қалды. Ол вагоннан шығып, шетке тұрып алып, жан-жағына қарай бастады. Кавказдың провинциялық түкпірінен келген армян вокзалдан дүкен ашып, байып алған. Оның екі ұлы үкіметтік мектепте оқиды. Екінші жағынан, жергілікті мұсылмандар барлық кірістерін сүндеттеуге және жерлеуге жұмсады, барлығы да кедейлік пен қорлықтың күйін кешті. Оның жүрегі тағы ауырды; тағы мазасы қашты... Ол қалың ойға батты. Үшінші ысқырық естілді. Жиырмамыншы ғасырдың атсыз арбасы аттанатынын жариялап, шуылдап алға қозғалды. Осылайша Мұхаммед-Яр

Үгіт-насихат театры – репертуарында өзекті материалға негізделген драмалық, музыкалық және хореографиялық миниатюралары бар шағын ұжым

өзінің қасиетті Отанын тастап, басқа қоғамдармен танысу үшін басқа өңірлерге бет алды. Ол үшінші вагонға кіріп, мақсатсыз ары-бері жүрді. Бар уайымы Түркістан еді. Кенеттен біреу оған: «Мұхаммед-Яр!» – деп айғайлады.

Мұхаммед-Яр басын көтерді. Бұл оның физикалық дайындығына басшылық еткен орыс офицері Петр еді.

– Қайда жол тарттыңыз? – деп сұрады Мұхаммед-Яр офицерден.

– Мені басқа әскери базаға ауыстырды. Өзің қайда барасың? – деп сұрады ол. Мұхаммед-Яр сәл ойланды да, жауап берді:

– Жер аударылып барамын.

– Қайда?

– Оқуға, оқуға, оқуға.

– Өкеңнің жағдайы жақсы ма?

Бұл сұраққа келгенде Мұхаммед-Ярдың көзіне жас үйірілді.

– Ол қайтыс болды, – деп жауап берді.

Офицер мұны естігенде, көзіне өкініштің жасы толды. Мұхаммед-Яр офицерден уақытша дүрбі алып, дәлізге шықты. Пойыз айналадағы мұсылмандардың назарын аударып, әлі жүйткіп келеді. Мұхаммед-Яр дүрбі арқылы алыстағы тауларға көз жүгіртті. Оның көздері жасқа толып, артында қалып бара жатқан Отанына қарап сөйледі: «Уа, **Шыңғыс хан** мен **Әмір Темірдің** жасақтарын көрген қара таулар. Уа, менің жерімнің, Түркістанымның ежелгі дәуірлеріне куә болған қарт таулар! Сендер қазір жиырмамыншы ғасырдың өркениетіне куәсіңдер! Жиырмамыншы ғасырдың бұл «өркениет аты» он сағат ішінде үш күндік жолды еңсере алатынын көріп, неге менің отандастарым жан-жақта ауыздарын аңқайтып тұр? Олар өркениетке ену үшін неге еш әрекеттенбейді? Көшелерге сай келмейтін екі доңғалақты арбаларды тағы қанша сақтамақ?

Уа, отандастарым! Бұл надандықтың шегі бар ма? Осынша енжар болғандарың ба? Сендер де адам емессіңдер ме! Алдарыңда тұрған білімнің жемісін неге пайдаланбайсыңдар? Ұйқыларыңнан ояныңдар! Күресіңдер! Ілім, білім, дағды іздеңдер! Шын мәнінде уақыт келді!»

Кешкі жетіде офицер мен Мұхаммед-Яр қоштасып, Мұхаммед-Яр орнына барып, ұйқыға жатты.

Бірнеше күннен кейін Мұхаммед-Яр **Бакудың** үлкен вокзалында тұрды. Түйіншегімен және қолындағы басқа да ұсақ-түйектерімен пойыздан жылдам түсіп, қала орталығына қарай экипаж алды. Мұсылман миллионерлерімен, ауқатты саудагерлерімен, миллиондарға ие көптеген Түркі қауымдастықтарымен және қайырымдылық қорларымен танымал Баку Мұхаммед-Ярға әдемі болып көрінді. Ол әр мұсылман қаласында таратылатын негізгі қалалық он беттік «Кавказ» күнделікті газетінің кеңсесіне кірді. Ол редакторға өз жағдайын егжей-тегжейлі түсіндірді, ол оған: «Бір амалын табамын» – деп жауап берді.

Мұхаммед-Яр қаланы көру үшін кеңседен шықты. Сол түнді қалалық [мұсылман] миллионерлердің бірі шығыс сәулет стилінде салған «Каспий теңізі» қонақүйінде өткізді. Таңертең әйгілі кітап дүкенінен «Кавказ» газетін сатып алды. Оның жоғарғы жағынан келесі хабарландыруды көрді:

Шыңғыс хан

(1227 жылы қайтыс болған) – қолбасшы, Орталық Азиядағы билеуші

Әмір Темір

(1336-1405) – түркі-моңғол әскери қолбасшысы және жаулап алушысы

Баку –

Әзірбайжанның астанасы

Мұсылман қайырымдылық қоғамынан хабарландыру: Біз көрші Түркістаннан білім іздеп келген он төрт жасар өзімізбен діндес Мұхаммед-Ярды өз есебімізбен мемлекеттік мектепке жібергіміз келеді. Осыған орай, қайырымдылық қоғамында бүгін кешкі сағат 7:30-да отырыс өтеді. Қоғамның барлық құрметті мүшелері дәл осы уақытта жиналуы керек. Мұхаммед-Яр мырза да қатысуы керек. Құрметпен, директор.

Сол кеште сегіз жарымда, мүшелер арасындағы қысқа талқылаудан кейін, Қоғам Мұхаммед-Ярға оқу бітіргеннен кейін Бакуде және оның айналасында екі жыл жұмыс істейді деген шартпен стипендия беріледі деп шешті. Мұхаммед-Ярдың жолы болды. Бұдан былай ол бастан кешкен бар қиындығының жемісін көре алады. Ол Отаны мен халқына жан-тәнімен қызмет етуге дайын еді.

Туған жерінде отандастарынан қолдау таппаған Мұхаммед-Яр Баку жастарының көмегінің арқасында әке үмітін ақтады. Яғни, ол ең басты мақсатына айналған қалалық мектепке оқуға түсті. Енді ол Отанына және өзін қорлаған отандастарына қызмет етеді. Мұхаммед-Яр туған жері мен туған үйін еске алып, көз жасына ерік берді.

Бір күні кешкісін ол қалалық саябақтың сәкісінде газет оқып отырып: «Түркістандағы алғашқы театр қойылымы» деген тақырыпты көрді. Мақаланы оқып болғаннан кейін, орнында отыра алмай, қуаныштан секіре бастады. Осы кезде жас Баку журналистерінің ішіндегі достарының бірі келіп, оның секіргенін таңдана қарап тұрды. Ол оны жейдесінен ұстап, сәкіге отырғызды да: «Мұхаммед-Яр! Қуанышыңның себебі не?» деп сұрады.

Мұхаммед-Яр: «Т..Түр..кіс..танда алғашқы театр қ..қ..қойылымы» деп қана жауап берді. Баку журналисі біраз отырды да, орнынан тұрып, кетіп қалды. Мұхаммед-Яр сағатқа қараса, түн ортасы екен. Саябақта ешкім қалмағандықтан, Мұхаммед-Яр да тұрып, кете барды.

Емтихан уақыты жақындаған сайын Мұхаммед-Яр күндіз-түні жұмыс істеді. Емтихандар басталған кезде Мұхаммед-Яр сыныптастарының арасында бірінші болды. Ауыр жүктеме салдарынан Мұхаммед-Ярдың ауруы қайта меңдей бастады. Ол дәрігерінің ұсынысымен бір айға Боржоми суларына емделуге аттанды. Содан кейін сол қайырымдылық қоғамның көмегімен Баку **гимназиясына** оқуға түсті. Оған оқудың ұнағаны соншалық, тіпті демалыста да мектептен шықпады. Сағаттар, күндер мен жылдар өтіп жатты. Мұхаммед-Ярдың гимназияны тәмамдайтын уақыты келді. Оның бітіру емтихандары басталды. Мұхаммед-Яр тағы да бірінші болып, жетістіктері үшін алтын медаль алды. Мұхаммед-Яр тағы да қайырымдылық қоғамы мен Баку саудагерлерінің ықпалының арқасында Петроград университетінің медицина факультетіне оқуға түсті. Екінші курсында туған

Түркістанындағы **медресе** студенттерінің өміріне негізделген «Студенттер өмір үшін» романын жазды. Ол он екі тараудан тұрды – бұған дейін Түркістандағы халықтың өмірін сипаттайтын мұндай көлемдегі бірде-бір роман болған жоқ. Роман тіпті орыс тіліне аударылып, Петроградтағы орыс журналында жарияланды. Бұл романның жақсы жазылғаны соншалық, ешкім, тіпті қырық-елу жылын медреседе өткізгеннен кейін де, медресе студенттерінің өмірін, олардың оқудың орнына самаурынның айналасында бар уақыттарын қалай өткізетіндерін жақсы суреттей алмас еді. Университеттегі оқуын бітірерден бір жыл бұрын ол «Астана қонақтары» атты Мәскеу мен Петроградтағы Түркістан саудагерлері туралы пьеса жазды. Асқан шеберлікпен жазылған бұл пьеса тек тіл мен ғылымды білмегендіктен ғана астананың қонақүйлеріндегі білімсіз саудагерлердің қаншалықты зәбір көріп жүргендерін көрсетті. Мұхаммед-Ярдың өзі бұл кітапты орыс тіліне аударып, жариялады. Бірнеше достарымен бірге Мұхаммед-Яр бұл пьесаны Петроградта ақша табу мақсатында қойды. Басты рөлді өзі ойнап, көптеген мақтауға ие болды. Барлық шығындардан кейін орындаушыларға 3000 рубль тиді.

Ақыры емтихан уақыты келді. Мұхаммед-Яр тағы да бірінші болып, дәрігердің дипломын алды. Бірақ ол кезде де үйіне қайтпады. Бакуден келген филантроп-саудагерлердің көмегімен және театрда тапқан ақшасымен бұл түркістандық студент Швейцария университеттерінде практикалық тәжірибе алу үшін Швейцарияға кетті.

Оның мектептегі барлық достары кешкі пойызға шығарып салу үшін вокзалға жиналды. Кедей түркістандық бала өзінің құлшынысы мен күш-жігерінің арқасында орыс мектебін бітіріп, Еуропаның ең дамыған елдерінің біріне аттануға дайын болды.

Міне, оның еңбегінің жемісі, қажырлы еңбегінің жемісі, күш-жігерімен келген еңбегінің игілігі. Басқаларға үлгі... үлгі... үлгі болсын... Міне, қайырымдылық қоғамдарының құндылығы, ынтымақтастық өнімі, ұйымдастықтың жемісі...

Біздің Түркістанның ұлы Швейцарияның астанасына «өркениет атымен» келіп, университеттің медицина факультетіне аудитор болып жазылды. Кедей студент жеті жылын Швейцарияда өткізді, тағдырдың бар тауқыметін шыдамдылықпен және табандылықпен көтере білді. Ақыры Швейцариядан кетті. Италия, Түркия, Румыния және Болгария арқылы саяхаттап, Одессаға, содан кейін Бакуге жетті.

Барлық жас зиялылар вокзалда «рухани әкесі» Мұхаммед-Ярды қарсы алуға жиналып, оған елу-алпыс адамға арналған банкет ұйымдастырды. Ол үш жыл Бакуде ашылған мұсылман медициналық курстарында сабақ берді, содан кейін туған жері – Түркістанға баруға дайын болды. Бакудегі мұғалімімен қош айтысқан кезде, ол одан надандық теңізінде жүзіп бара жатқандай көрінетін Отанына көмектесу үшін кетуге рұқсат сұрады. Мұғалімі оған рұқсат берген кезде, Бакудің барлық жас зиялылары кешке оны шығарып салу үшін айлаққа жиналды. Ұстазы оған «Бакуден кәдесый» нақыштамасы бар алтын қол сағат сыйлады. Барлық қатысушылар одан сөз сөйлеуді сұрады. Мұхаммед-Яр палубада қысқа сөз сөйледі. Көрермен оған қатты қол соғып, гүл шоқтарын лақтырды. Ақыры гудок естіліп, пароход теңіз кеңістігін ойып өтіп, Түркістанға бет алды.

гимназия –

гуманитарлық бағыттағы пәндерді тереңдетіп оқытатын мектеп

медресе –

мұсылман жоғары діни мектебі

көкпар –

ат үстінде өлі ешкі үшін таласатын ойын түрі

Мұхаммад-Яр пароходтың палубасында былай деді:

«Уа, рухани бауырлар! Уа, рухани әкелер! Сіздердің қалаларыңызға Түркістан провинциясының түкпірінен кедей студент болып білім іздеп келдім. Сіздердің ынталы тұрғындарыңыздың күш-жігерімен білім алу жолында орыс университеттерінен Еуропа университеттеріне дейін жеттім. Шын мәнінде, мұның бәрі қайырымдылық қоғамдары мен баспа үйлері жұмысының нәтижесі. Мен де жеріме көмектесуге білек сыбана кірісемін, қараңғыда қалған бауырларымды оятуға тырысамын. Менің рухани үйім Бакуге шын жүректен алғыс айтамын, ал сіздерге, менің рухани ата-анам, бізді, надандық өзеніндегі айдаһар-балықтарды еске түсіретін түркістандықтарды оятуға көмектескендеріңіз үшін өте ризамын, сіздер бізге дұрыс жолды табуға көмектестіңіздер». Осы уақытта пароход баяу қозғала бастады. «Қош, сау болыңыздар, әкелер мен бауырлар!» – деп сөзін аяқтады.

Механикалық балық суды шашыратып, халықтың қызметшісін өз Отанына алып келді. Ол шалғай жерден түсіп, «өркениет атына» отырды. Нәзік желі бар теңіздер мен сулар қайда? Швейцарияда, Францияда және Италияда көрген Альпінің сұлулығы қайда? Альпі шыңдарында салынған, адамдары өздерінің ақшаларын той-думанға, **көкпарға**, билейтін ұлдарға немесе ақсүйектерге, молдаларға және басқа да мес қарындарға арналған қымбат тігілген киімдерге емес, сүйікті балаларының біліміне жұмсаған швейцариялық ауылдар қайда? Қазір олар артта қалды! Олардың орнына сабан мен саздан жасалған аласа үйлер және оларда тұратын жетімнің күйін көшкен мұсылмандар болды. Өзбектер, қазақтар, түрікмендер және басқа да мұсылмандар тапқан ақшаларын билейтін ұлдарға, улоққа, ішімдікке немесе мұғалімдерге, ақсүйектер мен байларға арналған қымбат киімдер мен баршындарға жұмсап, жер иелерінің құлдарына айналды.

Ах! Ах! Ах! Прогресс пен өркениетті көрген және бәрін білген Мұхаммед-Яр өзінің туған еліндегі, өзінің туған халқының арасындағы төмен деңгейді көргенде қатты таң қалды. Кейде көз жасын сығып та алды. Бұдан бөлек, пойызда елірген мұсылмандар шулап, билеттерін жоғалтқаны үшін кондуктордан таяқ жеді. Мұхаммед-Яр бұдан әрі төзе алмады. Ол дәлізге шығып, көз жасымен алыстағы керемет тауларға – ата-бабаларының кезінде үлкен бекіністер болған тарихи тауларға – тау шыңдарына, өзендерге, ормандарға, құмдарға қарады. Әдемі пейзаждар; алыс биік, жасыл таулар Швейцариядағы таулардан кем емес еді. Өзін өңдеген кез келген адамды жарылқаған өзен суы мен құнарлы жер Американың жерінен кем болмады. Білімсіз саудагерлердің, надан «ғалымдардың», жалған ақсүйектер мен ысырапшылдықтың кесірінен бұл ештеңеге ұқсамады. Тіпті қытайлықтардың өзі мұнша жалқау емес еді!

Егер адамдар ұлттық мектептер мен колледждерді ашып, балаларын еуропалық университеттерге жіберіп, дәрігерлерді, заңгерлерді, журналистерді, білімді саудагерлер мен инженерлерді алса және олардың әрқайсысы өз міндеттерін орындаса және біздің адамдар үшін тек жақсыны табуға тырысса, өздеріне жақсы болатынын түсінсе қандай тамаша болар еді. Оның ойы осы болды. Бірақ олай болуы мүмкін екеніне сене алмады. Біз ары қарай жүрген сайын төменге құлап бара жатқандаймыз. Жо-жоқ! Егер Мұхаммед-Яр сияқты бір-екі зияткер әр қалада пайда бола бастаса, бұл жеткілікті болар еді. Мұхаммед-Яр өз қаласына жеткенше ой үстінде болды.

Оның қаласы жақындады. Мұхаммед-Яр кеткен уақыттан бері оның қаласында да бес-он зияткер пайда болды. Олар оны күтіп алды. Олар экипажға отырып, Ескі қалаға кетті. Қаланың Ресей жағында әртүрлі өзгерістер орын алған: жаңа қонақүйлер, үйлер, саябақтар, дүкендер, театрлар, мектептер; көшелер төселіп, гүлзарлар кеңейтілген, электр шамдары Швейцарияны еске түсірді! Алайда мұсылмандар тұратын қаланың бөлігі өзгеріссіз қалған. Тіптен өкінішті... Мұхаммед-Яр әкесінің үйінің жанынан түсті. Оны бір кездері алты айға 225 рубльге жалға алған орыс еуропалық мәнерде қайта салып алған екен. Мұхаммед-Яр оны көргенде, өзін орыс тілінде таныстырды.

Орыс былай деді:

– «Мен оны сізден алты айға жалға алдым. Алты айдан кейін де, бір жылдан кейін де ешкім келген жоқ. Үшінші жылы осыны салып алдым. Бұған бес не он мың рублім кетті. Бірақ үш жыл бұрын үй толығымен өзін ақтады. Соңғы үш жылда мен үш мыңнан тоғыз мың рубль таптым. Көп ұзамай мен бұл үй-жайды босатып, сізге бес мың рубль қайтарамын. Қалғанын кешіре салыңыз».

Мұхаммед-Яр:

– Егер басқа баратын жеріңіз болмаса, осында қала беріңіз. Маған екі бөлме жеткілікті.

– Менің тағы бір сүйкімді үйім бар. Мен сонда барамын. Мен сізге тоғыз мың рубль берер едім, бірақ төрт мыңы жөндеуге кетті».

Мұхаммед-Яр қуана-қуана келісті. Келесі күні таңертең орыс үйді босатып, Мұхаммед-Ярға бес мың рубль берді. Мұхаммед-Яр кең үйде бақытты өмір сүрді. Ол бірінші қабатты дүкендерге жалға беріп, Үкіметтің рұқсатымен жоғарғы қабатта науқастарды емдейтін жеке клиника ашты: байларды ақылы түрде, кедейлерді тегін қабылдады. Тек өзінің медициналық тәжірибесінде ол күніне елу-алпыс рубль тапты.

Ол ауылдан шағын жер учаскесін сатып алды. Құдай берген күш-жігері мен сәттілігінің арқасында Мұхаммед-Яр мұнай тапты. Содан кейін миллионерлер Мұхаммед-Ярмен жұмыс істеу үшін оның алдына келді. Бір жағынан, ол өз ісін бастады, ал екінші жағынан, қалаға бірнеше зиялыларды жинап, қайырымдылық қоғамын ашты, оған көп мөлшерде қайырымдылық жасап тұрды. Қалада оқу залы ашылды. Сол жылы Мұхаммед-Яр «Родина» атты иллюстрациялық журнал мен «Жаңалықтар» деп аталатын күнделікті газет шығара бастады. Ол кәсіптік-техникалық училище туралы мәселені көтерген кезде көптеген қарсыластар табылды, сондықтан оның орнына Мұхаммед-Яр мұғалімдерге жазғы курстар ашты, онда оларға

оқыту принциптері туралы дәрістер оқылды. Осылайша, басқа қалаларға үлгі болған шағын қаладағы оқу үйлерінің саны өсті. Түркі-татар баспасөзі Мұхаммед-Ярды «Дәрігер Мұхаммед-Яр – халықтың қызметшісі» деп атай бастады.

АХАЖ аудармасы, Душанбе, 2004.

Дереккөз: Чолпан, Абдулхамид Сулейман. Дәрігер Мұхаммед-Яр // Қазіргі ислам. 1840 -1940: Хрестоматия / Чарльз Курцманның редак. - Оксфорд: Оксфорд Университи Пресс, 2002. 264-269-б.

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Чолпан надандықты қалай түсінеді? Бұл сөз мәтінде неліктен жиі кездеседі?
2. Чолпанның ойдан шығарылған кейіпкері Мұхаммед-Яр үшін өркениет нені білдіреді? Неліктен Мұхаммед-Яр Түркістан азаматтарын надан деп санайды? Олар «Надандық теңізінен» шығу үшін нені үлгі етуі керек?
3. Мұхаммед-Яр өркениет пен прогресті өзіне қалай сіңірді? Мұхаммед-Ярдың отандастарына білім беру еуропалық және әлемдік өркениет прогресіне қол жеткізуге қалай көмектесе алады?
4. Сіз бірінші тарауда оқыған қай автор Чолпанды есіңізге түсіреді? Неліктен?

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Чолпан да, Руссо да надандықты сынады. Олардың пікірінше, адамдарды надандыққа жетелейтін не және одан арылуға не көмектеседі? Руссо: «...пайымдауда» «тәрбие... ақылымыздың сәнін келтіріп, пайымымызды бұрмалайды» дейді. Чолпан бұл тұжырыммен келісе ме? Өз жауабыңызды дәлелдеңіз.



УИЛЬЯМ БЛЕЙК. УРИЗЕННИҢ АЛҒАШҚЫ КІТАБЫ. ЛОС ҚАТТЫ ҚОРҚУДА.

Баспа, 1794. Ақыл-ойды бейнелеу. Автордың түсіндіруіндегі «Уризен» – адамзатты құлдыққа түсірген ақылдың бейнесі

ТОМАС ЭЛИОТ. ҚУЫС КЕУДЕ ЖАНДАР

Томас Стернз Элиот (1888-1965) американдық-британдық ақын және сыншы, Сэйнт Льюисте (Миссури штаты, АҚШ) дүниеге келген – XX ғасырдың ең көрнекті әдеби қайраткерлерінің бірі. Т.С. Элиот 1948 жылы әдебиет саласында Нобель сыйлығын алды. Ол Гарвардта, Сорбоннада және Оксфордта оқыды. 1914 жылы Лондонда орнығып, 1927 жылы британ құзырындағы азамат болды. Мұғалім және банк клеркі болып жұмыс істегеннен кейін баспалық мансабын бастады. Ол «Эгоист» редакторының көмекшісі (1917-1919) және өзінің тоқсан сайын шығатын «Критерион» журналының редакторы (1922-39) болды. 1925 жылы оны Фабер баспа үйі мен Фабер жұмысқа алды, ол уақыт өте келе директорлардың бірі болды. «Қуыс кеуде жандар» – оның болашаққа деген көзқарасын сипаттайтын поэма.



I

Бәріміз қуыс кеуде жандармыз,
Адам емес, жүрген бір тұлыппыз.
Бірге бас иіп –
Бастағы қоқысқа,
Бірге күбірлеп

Сезімсіз, мәнсіз
Құрғақ шөптей қаудырлап
Егеуқұйрықтай сусылдап
Пішіні жоқ көлеңке
Күші де жоқ
Қимылсыз ымдап жүреміз
Жаныңа келіп үңілсе
Басқа патшалықтың шетінен
Көрінеміз оларға
Адам емес, қуыс кеуде
Жүрген бір пенде (болып).

II

Түсімде көзден қорқам
Бірақ ол жоқ қой ол жақта
Сонда да батылым бармай
Тайсалып алаңдай
Тірекке түскен шуаққа қарап
Бұтақ боп қозғалып
Ән болып тербелем

Айғай құм ән салған
Маңғаз үн қосып желге
Жұлдызың сөніп таң ата
Ана дүниеге жол тартып
Кетесің жан ұшыра
Иә, мен білемін
Қарға боп қаңқылдап
Атжалман боп жер қазып
Адақтап даланы, ел кезем
Кезіккеннің бәрін,
Қорқытып ұсқыным
Келемін сонда да өзіңе асыға
Жақындай алмай бірақ
Көңілімді өзім аулап
Бұл біздің соңғы кездесу емес бірақ
Себебі екеуіміз
Тұңғыыққа бірге аттанамыз.

III

Бұл ел өлі ел
Кактустар елі ғой
Аққан жұлдыздар
Өлі тайпаларға қарайды
Таңырқап, таңдана.
Бірақ таң ата
Тарқайды бөрі жан-жаққа
Бұл патшалықта бөрі басқаша
Құшуға арналған еріндер
Күбірлеп дұға оқиды.



ЭДВАРД МУНК. АЙҚАЙ.

Мунк өзінің әйгілі картинасында XIX ғасырдың басында суретшілер мен зиялы қауым өкілдері бастан кешкен қорқыныш пен азапты білдірді

IV
Бұл жерде көз жоқ
Көз жоқ деймін мұнда
Аққан жұлдыздар алқабында
Қуыс бос алқапта
Жоғалтқан әлемімізде
Соңғы кездесу жасап
Бірге аттанамыз
Мәңгілік еліне

Асау өзен жағасында
Қорқып-үркіп бәрінен
Соқырмыз өйткені
Кеудеміз көр соқыр
Бірақ та бір үміт
Барша бос кеудеде
Жанып тұр шырақ боп.

V
Кактусты айналып би билеп
Кактусқа біз табынамыз

Таң ата күн шықпай
Күйкі тіршіліктің жырын жырлап
Тағы да ән саламыз.

Ниет пен іс арасында
Айырмашылық көп орасан
Себебі көлеңке бар арада
Өмір мен өлім әртүрлі

Бәріне де түседі
көлеңке
Өмір ол жол ұзақ
Табыну мен құмарту арасы
Мүмкіндік пен шындық
Болмыс пен бітім
Бәрі де алдамшы
Көлеңке түседі
Патшалық жеріне де
Өмірдің өзі көлеңке
Өтеді ол осылай
Көмейде тұрған өксік боп.

Дереккөз: Элиот Т.С. Қуыс кеуде жандар// Өнім бермейтін жер. Таңдаулы өлеңдер мен поэмалар. /Ағыл. тіл. ауд. Андрей Сергеев. Алғысөзін жазған Я.Засурский. Редакторы В.Муравьев. – М.: Прогрес, 1971. 67-70-б.

ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Қуыс кеуде дегеніміз кім? «Бұл біздің соңғы кездесу емес бірақ, себебі екеуіміз тұңғыыққа бірге аттанамыз» деген жолдардың мағынасы қандай?
2. Элиоттың түсінігінде өмір қалай аяқталады?
3. Элиот басқа өлемді немесе біздің әлемімізді өз көзқарасы тұрғысынан көрсете ме?
4. Өлім патшалығы дегеніміз не? Тозақ па? «Пішіні жоқ көлеңке, күші де жоқ...» дегеніміз не?
5. Элиоттың «Қуыс кеуде жандар» өлеңінен адамның ілгерілеуін көре алдыңыз ба?

ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. «Өмірдің өзі көлеңке, өтеді ол осылай /Көмейде тұрған өксік боп». Элиоттың өксігі Руссо сипаттаған қазіргі әлемнің бұзылуымен қалай байланысады? Элиоттың өлеңі мен оның сөздерін Руссоның «өнердің... ілгерілеуі сіздің шынайы әл-ауқатыңызға ештеңе қоспауы» деген дәлелімен салыстырыңыз.
2. «Философиямен жұбануда» әңгімеші Бозэцийден сұрайды: «Адамдардың өздері мейірбан немесе пасық деп тапқан әлдекім-

дердің шын мәнінде сондай екені туралы пікірлері соншалықты әділ ме? Бұл Элиоттың «Өмірдің өзі көлеңке, өтеді ол осылай /Көмейде тұрған өксік боп» және «Бірге күңкілдеп / Сезімсіз, мәнсіз / Құрғақ шөптей қаудырлап» деген жолдарымен қалай үйлеседі?

3. Элиот тарих естеліктерін теріс мағынада түсіндіреді: «Басқа патшалықтың шетінен көрінеміз оларға/Адам емес, қуыс кеуде /жүрген бір пенде (болып)». Мұны Конттың «Махаббат, Тәртіп, Прогресс» позитивистік ұранымен салыстырыңыз.

ТАЛДАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Білім мен ілім адамның ілгерілеуін Руссо байқаған құлдыраудан құтқара ала ма? Руссоның мұны теріске шығаруына қалай жауап берер едіңіз?
2. Адамзат тарихы жақсы дамып келеді деп ойлайсыз ба әлде нашар ма? Неліктен?
3. Руссоны түсінудегі адамның ілгерілеуінің қайнар көзі не:
 - өркениет
 - ақыл
 - ғылым
 - дін?
 Жауабыңызды түсіндіріңіз.
4. Руссо адамның білімі туралы не ойлайды? Бұл бізді жақсы нәрсеге жетелей ме?
5. Огюст Конт қай тұста Руссомен түбегейлі келіспес еді?
6. Чолпан мен Боэций Руссоның адамның ілгерілуін жоққа шығаруына қалай жауап берер еді?
7. Руссо мен Элиоттың адамның ілгерілеуіне қатысты көзқарастары несімен ұқсайды?
8. Азиз Эсмаил тарих пен оның біздің өміріміздегі орны туралы не ойлайды?

БІРІНШІ ТАРАУ

<http://collections.hermitage.ru/entity/OBJECT/922891>
http://www.artic.edu/aic/collections/modern/73pc_wood.html
 Amin Maalouf. Balthasar's Odessey. Harvill Press, 2002
 Francis Robinson (ed.). Islamic World. Cambridge Illustrated History. Cambridge University Press, 1996, p. 205
 National Gallery of Art, Washington. Harry N. Abrams, Inc. Publishers, 1984, p. 301
 Virginia Woolf. URL: <http://ourworld.compuserve.com/homepages/malcolmi/vwframe.htm>
<https://www.amazon.com/Ester-Ruzya-Grandmothers-Survived-Hitlers/dp/0385336055?asin=0385336055&revisionId=&format=4&depth=1>
 World Book Multimedia Encyclopedia, CD-RO M. Disk I. IBM, Deluxe Edition, 1997
<https://proza.ru/2011/07/17/1448>

ЕКІНШІ ТАРАУ

Friedrich, Caspar David. Der Wanderer ber dem Nebelmeer, ca.1818. http://en.wikipedia.org/wiki/Image:Caspar_David_Fried
 Кадр из фильма «Белое солнце пустыни».
 Кадр из фильма «Белое солнце пустыни».
 Francis Robinson (ed.). Islamic World. Cambridge Illustrated History. Cambridge University Press, 1996, p. 205
<http://archaeology.org/0407/abstracts/timbuktu.html>
 World Book Multimedia Encyclopedia, CD-RO M. Disk I. IBM, Deluxe Edition, 1997
 Gloria K. Fiero. Medieval Europe and the World. Beyond The Humanistic Tradition. Vol. 2. Third Edition. Calmann & King Ltd., 1998, p. 51
<http://www.boondocksnet.com/ai/kipling/index.html>
https://ic.pics.livejournal.com/clara1302/86695697/1751/1751_original.jpg
https://en.wikipedia.org/wiki/Suez_Canal
<https://www.nps.gov/stli/index.htm>
 World Book Multimedia Encyclopedia, CD-RO M. Disk I. IBM, Deluxe Edition, 1997

ҮШІНШІ ТАРАУ

Bridgeman Art Library, London
 Toby Lester. «What is the Qur'an?» The Atlantic Monthly. January 1999, p. 45
 John Esposito (ed.). The Oxford History of Islam. Oxford University Press, 1999, p. 119
 John Bowker. World Religions, Dorling Kindersley, 1997
<https://en.wikipedia.org/wiki/Kaaba>
https://en.wikipedia.org/wiki/Diet_of_Worms
 Michael Holford Houghton Mifflin Company. McKay, A History of World Societies, Sixth Edition
 Gloria K. Fiero. Medieval Europe and the World. Beyond The Humanistic Tradition. Vol. 2. Third Edition.
 "The masses". URL: <http://www.katardat.org/Stalin/visual/pictures/photos1926.html>
 World Book Multimedia Encyclopedia. CD-RO M. Disk 1. IBM, Deluxe Edition, 1997
 John Walker (ed.). National Gallery of Art, Washington DC, 1984, p. 422, image 601
https://en.wikipedia.org/wiki/Vladimir_Lenin

 Bertrand Russell. Wisdom of the West. Crescent Books, 1959, p. 270
 World Book Multimedia Encyclopedia. CD-RO M. Disk 1. IBM, Deluxe Edition, 1997

ТӨРТИНШИ ТАРАУ

ArchNet.org. URL: <http://archnet.org>
 ArchNet.org. URL: <http://archnet.org>
 ArchNet.org. URL: <http://archnet.org>
[https://en.wikipedia.org/wiki/Blue_Mosque,_Istanbul#/media/File:Istanbul_\(34223582516\)_\(cropped\).jpg](https://en.wikipedia.org/wiki/Blue_Mosque,_Istanbul#/media/File:Istanbul_(34223582516)_(cropped).jpg)
 Photo: C. Correa. The Aga Khan Award for Architecture. Housing Process and Physical Form, Photo by W. Lim. 1980, p. 45
 Charles Correa. URL: <http://www.toto.co.jp/GALLERMA/hist/en/biogra/correa.htm>
 The Aga Khan Award for Architecture. Housing Process and Physical Form, Photo by W. Lim. 1980, p. 46
 The Aga Khan Award for Architecture. Housing Process and Physical Form, Photo by W. Lim. 1980, p. 47
https://upload.wikimedia.org/wikipedia/commons/e/e4/54._Briey._Cit%C3%A9_Radieuse_%28102%29.jpg
https://en.wikipedia.org/wiki/Villa_Savoye#/media/File:VillaSavoye.jpg
https://en.wikipedia.org/wiki/Central_Milton_Keynes_shopping_centre
 Milton Keynes. URL: <http://www.mkweb.co.uk/futurecmk/home.asp>
https://en.wikipedia.org/wiki/Taj_Mahal
<https://www.pravoslavieto.com/poklonnichestvo/istanbul/images/hagia/interieur1.JPG>
 База данных иллюстраций ПАХЧ
 Дизайн кыргызской юрты. Фрунзе: Издательство Кыргызстан, 1986

БЕСИНШИ ТАРАУ

Slavenka Drakuli. How we Survived Communism and even Laughed. Harper Perennial, cover page. 1993
www.pbase.com/ralf/zagreb
www.pbase.com/ralf/zagreb
www.pbase.com/ralf/zagreb
 URL: <http://www.globalgeografia.com/album/ungheria/budapest.jpg>
 Istoriya Mirovogo Iskusstva, «History of World Art», BMM, 1998, p. 234
 Dancing Dervishes. URL : <http://www.zweitausendeins.de/index.htm?/displayV2.cfm?dsplnr=2661&language=1>
 Halil Inalcik. The Ottoman Empire: the Classical Age 1300-1600. Phoenix Paperback, 1973, pp. 132-133
 Islam: Eyewitness Books. New York: DK Publishing, 2002, p. 37
 World Book Multimedia Encyclopaedia. CD-RO M. Disk 1. IBM, Deluxe Edition, 1997
 Philip Mansel. Constantinople: City of the World's Desire, 1453-1924, Penguin Books, 1995, pp. 256-257
 Big Brother is Watching You. URL: <http://www.fantasticpromotionsinc.com/bigbrother.htm>
 George Orwell. URL: http://www.george-orwell.org/l_pictures.html

АЛТЫНШЫ ТАРАУ

[https://en.wikipedia.org/wiki/Brethren_of_Purity#/media/](https://en.wikipedia.org/wiki/Brethren_of_Purity#/media/File:Double-leaf_frontispiece_from_%22The_Epistles_of_the_Brethren_of_Purity%22.jpg)
 File:Double-leaf_frontispiece_from_%22The_Epistles_of_the_Brethren_of_Purity%22.jpg
 URL: <http://gallery.euroweb.hu/tml/b/boel>
 URL: www.tesorillo.com/.../julio_cesar.htm
 URL: http://www.artrenewal.org/images/artists/c/Claesz_Pieter/large/Vanitas_Still_Life_WGA.jpg
 URL: <http://humanities.edu.ru/db/msg/22774>
 Wikimedia Commons URL : http://commons.wikimedia.org/wiki/Image:David_-_The_Death_of_Socrates.jpg
 Roy Porter. The Greatest Benefit to Mankind. Fontana Press, 1997, plates
 Daniel Brower and Edward Lazzarini (ed.). Russia's Orient Imperial Borderlands and Peoples, 1700-1917, Indiana University Press, 1997, p. 192
 Архив Блэйка www.blakearchive.org.uk
 Blake: Urizen. URL: http://www.artchive.com/artchive/B/blake/blake_urizen_9.jpg.html
 Wikimedia Commons. URL: http://en.wikipedia.org/wiki/Image:The_Scream.jpg

АДАМТАНУҒА КІРІСПЕ

Қазақ тіліне аударған Хайруллаева Венера Хибадуллаевна
Редактор Отарбекова Жамиля Керимбаевна

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ УНИВЕРСИТЕТІ
Ага Ханның «Адамтану» жобасы
734013, Тәжікстан Республикасы,
Душанбе қаласы, Нисор Мұхаммед көшесі, 61/2
Тел.(++992-372) 44 601 44 33; 44 601 44 55
Эл. пошта: akhp.dushanbe@ucentralasia.org